Асылбек Жұманұлы 1894 жылы 22 қаңтарда Омбы қаласында, Батыс Сібір генерал-губернаторы кеңсесі тілмашының отбасында дүниеге келген. Екі жыл шіркеудің приход мектебінде, одан кейін гимназияда оқып, 1911 жылы он жеті жасында Омбының классикалық ерлер гимназиясын толық курсын бітіріп, бірден Томск Мемлекеттік университетінің медицина факультетінеоқуға түседі. Ол кезде қазақ жастарының осындай оқу орнында оқуы өте сирек еді. Асылбек Сейітов өзінің алғырлығының арқасында Том мемлекеттік жоғары оқу орнын үздік аяқтап, дәрігер мамандығын алып шығады. Біраз уақыт Омбыда уездік дәрігер болып жұмыс істеп, көп ұзамай Павлодар облысының Баянауыл станциясына жіберіледі [2]. Ол студент кезден-ақ«Қазақ» газетіне мақала жазып, Ресейде оқитын қазақ жастарына көмек көрсету үшін қоғамдық қор құру туралы бастама көтереді. Орынборда орналасқан басылым зиялы қауымның арасында тез қолдау тауып, ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына түрткі болды. «Қазақ» газеті және осы газеттің басқа да авторларымен қарым-қатынасы Асылбек Сейітовті «Алаш» партиясының қатарына алып келеді. Оның партиядағы қызметі 1917 жылы 21 – 26 шілдеде Орынборда өткен Бүкілқазақтық съезге қатысуы болды [3]. Ақмола облысы атынан Асылбек Сейітов қатысып, съезге сайланған кандидаттар тізімі «Қазақ» газетіне жарияланды. Осы съезге делегат болып барған білікті де білімді Асылбек Сейітовті Алаш зиялылары жоғары бағалап, съездің хатшысы етіп тағайындайды. «Қазақ» газетінің 1917 жылы №238 санында шыққан нөмірінде: «Съез әр облыстан сайланатын депутаттарды һәм олардың кандидаттарын лайықтады. Ақмола облысынан: А.Тұрлыбаев, А.Сейітов, Е.Итбаев, С.Жанайдаров, Ж.Тілеулин және т.б.» қырғыз (қазақ) қоғам қайраткерлерінің есімдері көрсетілген [4].

Асылбек Сейітов Қазақстанның денсаулық сақтау саласында кәсіби және білікті ұйымдастырушысы ретінде елеулі із қалдырды. Ауыл участкесінде, уездік-қалалық балалар ауруханасында жұмыс істеуді бастап Семей губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, республикалық деңгейдегі денсаулық сақтау жұмыстары қызметтерін атқарған. Оның бастамасымен туберкулезбен ауыратындарға арнап «Ауыл», «Березовка» шипажайлары ашылған. Ол бала және әйелдердің өлімінің алдын алу мақсатында ғылыми мақалалар жазған. 1921 жылы бірінші дәрігерлер съезінің делегаты болған. 1937 жылы қарашасында А.Сейітовке

Алматы қаласында емхана ашу тапсырылған. Көпке созбай өзіне жүктелген тапсырманы орындап, Алматы қаласы №5 емхананы ашып, оған көптің қалауымен өзі бас дәрігер болып бекітіледі. Емхананы небәрі 5 күн ғана басқарған Асылбек Сейітов 1937 жылы 1 желтоқсанда ұсталып, ату жазасына кесіледі [5].

А.Сейітовті тергеу құжаттарымен танысу барысында оның тергелу кезінде өзін лайық ұстағаны байқалады. Ол бұрынғы алашордашы болған өз ағайындарын ғана емес, сонымен қатар Әлихан Бөкейханов сынды Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерін де қорғап қалғысы келген. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтың жазықсыздан-жазықсыз ату жазасына кесілуінен сол кездегі саясаттың «Алашорда үкіметіне қатысы барлардың да көзін жою» мақсатын ұстанғандарын байқау қиын емес. Асылбек Сейітовті білетін замандастары оны ең алдымен кәсіби дәрігер ретінде бағалайды. Оның қолынан емделіп шыққан адамдар оны «дертті сылып тастайды» деп шексіз ризашылықтарын білдірген.

Асылбек Сейітовті ату жазасына кескен «үштіктің» шешімі бойынша оған «Алашорда» партиясының белсенді мүшесі, Кеңес аппаратын басып алу және орыстарды Қазақстаннан аластату жоспарларын талқылау жиындарына қатысушы, 1927 жылы Кеңес билігінің салықтық шараларын орындамаған, 1930-1933 жылы ауылда дәрігер болып, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді, халық жауы Бөкейханов және т.б. байланыста болып, Қазақстандағы контрреволюциялық мәселелерді талқылады» деген айыптар тағылған [6]. Ұлттық рухы күшті, саясат желінің қалай қарай соғып тұрғанын жақсы білген Асылбек Жұманұлының Алашорда белсенділерінің бірі болуы да тегін емес еді. Тарихтан белгілі жайт, сол замандағы ұлт зиялыларының көксегені қазақ халқының еркін, азат, дербес мемлекеттік жүйесі бар ел ретінде тарих сахнасына көтерілуі болатын. Алайда жемісті басталған іс-жоспарлар орта жолдан шорт үзіліп, дәлірек айтқанда, алашордашылардың мүдделеріне кереғар жағдай туғызған саясаттың салқыны тиді, олардың күштері жеңіліс тапты. Асылбек Сейітовтің негізгі мамандығы дәрігер болып, науқастарды емдеумен айналысса да қазақ еліне деген шексіз патриоттық сезімі, өз заманындағы оқымыстылардың бірі ретіндегі ұлт алдындағы парызын терең сезінуі оны дәрігерлік қызметінен де жоғары мақсаттарға шақырды. Сөйтіп, Асылбек Сейітов Алашорда партиясының ұйымдастыру жұмыстарына, ішкі-тысқы мәселелеріне барынша біліктілікпен араласты. Әрине, ол кезде Асылбек Сейітов және сол қатардан табылған өзге де азаматтардың атқарып жатқан шаралары НКВД қызметкерлерінің назарынан тыс қалмағаны белгілі.

Жалпы Сейітовтер отбасында бес ағайындыболған.Үлкені, араларындағы жалғыз қыз Жамал, одан кейін Мұсылманбек, Сұлтанбек, Асылбек, Омарбекжәне Мұратбек (Бұлардың ішінде Мұратбек пен Мұсылманбекте репрессия құрбандары). Барлығы Омбы қаласында дүниегекелген. Жаскезінде Омбыға оқуға келген әкесі Жұман сол кездегі «қазақтарды шоқындыру» саясаты бойынша шіркеулік білім алғаннан кейін аудармашылар мектебіне түсіп, оны аяқтап, кейінқаланың генерал-губернаторы қеңсесіне қызметке тұрады. Қадиша деген қызбен көңіл жарастырып шаңырақ көтереді. Екеуіи алтыбаланы өмірге әкелгенімен, балаларының қызығын көрудітағдыр Жұманға жазбайды. Ол ертерек дүние салады. Өмірдің барлық ауыртпалығы Қадишаның нәзік иығына түседі.

Омбының генерал-губернаторы Жұман қайтыс болғаннан кейін оның отбасына үлкен үйін босатып қамқорлық жасайды. Қадиша осы үйдің бір бөлігін оқуға келген ауыл балаларына арнап пансионға айналдырады. Сол үйге Сәдуақас Шорманов ауылдың балаларын оқуға әкеліп жүріп, Қадишаның ұлы Асылбекпен танысып, жастардың көңіл қалауымен қызы Нәфияны Асылбекке ұзатады [7].

Асылбектің жары, әйелдер гимназиясында оқып, білім алған Нәфия Шормановтар әулетінің ұрпағы. Жастайынан көрікті, өте сұлу болып өседі. Әкесі – Сәдуақас Шорманов аға сұлтан Мұса Шормановтың үлкен ұлы. Ал Мұса Шорманов қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың

нағашысы. Демек, Нәфияның текті жердің, атақты әулеттің қызы болғаны осыдан-ақ белгілі.

Асылбек Сейітовтің екінші қызы Клара бүгінде жетпістің бесеуіне келген кейуана. Үлкені Роза осыдан көп жылдар бұрын дүние салған. Ардақты ұстаз болып, еліміздің білім саласына еңбек сіңірген тұлға. Сіңілісі Клараны өз қамқорлығына алып өсірген.

Клара Асылбекқызы әке есімін ардақтау жолында ғұмыр кешіп келеді. Әкесі туралы көптеген мақалалар жазып, олар Алаш қайраткерлері туралы бірталай еңбектерде көрініс тапқан. Клара апамыздың қолға алып, бастама көтеруімен бүгінде әкесі Асылбек Сейітовке Алматы, Семей қалаларынан көше аттары берілді. Алматыдағы өзі негізін қалаған №5 емханаға мемориалдық тақта орнатылды [8]. Клара Асылбекқызының ендігі арманы аталған емханаға әкесінің атын бергізу.

Қорытынды

Қазақ елінің ардақты ұлдарының бірі Асылбек Сейітов 1957 жылы «қылмысы жоқ» деп ақталса да, оның есімі 60 жыл бойы тарих бетінен сызылған болатын. Еліміз Тәуелсіздік алып, Алаш қайраткерлерінің мұралары қайта түгенделе бастаған тұста, ұлтына адал да қалтқысыз қызмет еткен Асылбек Сейітовтің есімі де ел тарихында мәңгілікке сақталары сөзсіз.

Алаштың арысы Асылбек Жұманұлы Сейітовтің өмірі мен қызметіне байланысты құжаттарды талдау кеңестік большевиктік солақай ұрдажық саясаттың құрбанына айналған тұлғаның халқы үшін сіңірген еңбегіне баға беруге, оның есімін ұлықтауға, келер ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеуге жол ашады.

Әдебиеттер

1. «Алаш партиясының қайраткерлері», Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін мұражайы, – Шымкент, 2007 – 17 б.

2. Сейфуллин С. «Тар жол, тайғақ кешу». Тарихи-мемуарлық роман; – Астана: Аударма, 2011 – 480 б.

3. «Асылбек Сеитов: патриот, общественный деятель, ученый» Сборник статей и архивных материалов, посвященный деятельности выдающегося алашского деятеля Асылбека Жумановича Сеитова, – Астана, 2013 – 20 – 54 – 153 – 154 б.

4. Кабульдинов З.Е. Сеитов Асылбек – достойный сын и патриот земли казахской // Алаш мұраты: тарихы мен тағылымы Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана, 2009 – 3 – 8 б.

5. АҚОМА. 357-қ., 1-т., 4-іс.

6. АҚПДАМА. 20-қ., 46-44-іс.

7. З. Ақышев. «Қазақ әдебиеті» газеті 1990 ж. №10.

8. «Жоқтау» - (Воспоминания детей репрессированных казахстанцев), - Алматы, 1998 – 56 б.

References

1.«Alash partıasynyń qaıratkerleri», OńtÚstik Qazaqstan oblystyq sayası qýǵyn-sÚrgin murajaıy,- Shymkent, 2007- 17 b.

2.Seıfýllın S. «Tar jol, taıǵaq keshý». Tarıh-memýarlyq roman; - Astana; Aýdarma, 2011- 480 b.

3. «Asylbek Seıtov: patrıot, obshestvennyıdeyatel, ýchennyı» Sbornık statеı ı arhıvnyh materıalov, posvyashennyı deyatelnostıalashskogo deyatelya Asylbeka Jýmanovıcha Seıtova, - Astana, 2013 – 20 – 54 – 153 – 154 b.

4. Kabdýldınov Z.E Seıtov Asylbek- dostoınyı syn I patrıot zemlı kazahskoı // Alash muraty: tarıhy men taǵylymy Halyqaralyq ǵylymı-teorıyalyq konferensıa materıaldary.- Astana,2009 – 3 – 8 b.

5. AQOMA. 357-q., 1-t., 4-is.

6. AQPDAMA. 20-q., 46-44-is.

7. Z.Aqyshev. «Qazaq ádebıeti»gazeti 1990 j. №10.

8. «Joqtaý» - (Vospomınanıya deteı repressırovannyh kazahstansev),- Almaty, 1998 – 56 b.

ӘОЖ 930.1 (4)

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА САЙЛАНҒАН ҚАЗАҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР (1906-1907)

Жанұзақ Р.Ж.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 2-курс магистранты

Аңдатпа. Мақала Ресей империясының Мемлекеттік Думасына сайланған қазақ депутаттарының қызметіне арналған. Бірінші және Екінші Мемлекеттік Думаға мүше болған қазақ депутаттарының қызметіндегі негізгі мәселелер қарастырылады. Сонымен қатар, Думадағы қазақ өкілдерінің түркі-мұсылман халықтарынан сайланған басқа да депутаттармен қарым-қатынасы, Мұсылман фракциясымен байланысы көрсетіледі.
Түйін сөздер: түркі-мұсылман халықтары, қазақ депутаттары, Мұсылман фракциясы, Мемлекеттік Дума

ОСНОВНЫЕ ВОПРОСЫ В РАБОТЕ ДЕПУТАТОВ-КАЗАХОВ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДУМЫ (1906-1907)

Жанұзақ Р.Ж.

магистрант 2-курса, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. г. Алматы, Казахстан.

Аннотация. Статья посвящена деятельности депутатов-казахов Государственной думы Российской империи. Рассмотрена основная деятельность депутатов-казахов Первой и Второй Государственнной думы. Кроме этого, отражены взаимоотношения казахских депутатов с другими представителями тюрко-мусульманских народов в думе.
Ключевые слова: Государственная дума, Мусульманская фракция, тюрко-мусульманские народы.

MAJOR ISSUES IN THE WORK OF KAZAKH DEPUTIES OF THE STATE DUMA (1906-1907)

Zhanuzak R.Zh.

Master Student Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article is dedicated to the activities of Kazakh deputies of the State Duma of the Russian Empire. The main activities of the Kazakh deputies of the First and Second State Dumas are considered. In addition, the relations of Kazakh deputies with other representatives of the Turkic-Muslim peoples in the Duma are shown.
Keywords: State Duma, Muslim faction, Turkic-Muslim peoples.

Кіріспе

Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы XX ғасырдың алғашқы ширегінде жаңа сипат алады. Бұл кезеңде өзінің шекараларында жүзден астам халықтарды біріктірген Ресей империясында күрделі жағдай қалыптасқан болатын. Империяны терең экономикалық, саяси және ұлтаралық қатынастар дағдарысынан шығару үшін Мемлекеттік дума құрылады.

Императордың 1905 жылғы манифесті негізінде құрылған Мемлекеттік Думаға империядағы мұсылман халықтары да сайлану құқығына ие болды. Осы кезден бастап Шығыс Еуропа мен Орталық Азияны мекен еткен миллиондаған түркі-мұсылман халықтарының азаттық жолындағы ұмтылыстары жаңа серпін алып, мұсылман халықтары Ресейдің саяси өміріне жаңа деңгейде араласа бастайды.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында РФ Санкт-Петербург қаласындағы Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатындағы құжаттар және Ресей Ұлттық кітапханасының қорындағы сирек басылымдар, тақырыпқа қатысты құжаттар жинағы, монографиялық еңбектер мен мақалалар пайдаланылды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми және жеке тарихи әдістер пайдаланылды. Соның ішінде, анализ, синтез, логикалық әдістер, тарихи-жүйелі, салыстырмалы әдістер қолданылды.

Талқылау

Мемлекеттік Думаның тарихы отандық және шетелдік тарихнамада кеңінен қарастырылған. Ресейлік ғалымдар, соның ішінде татар және башқұрт зерттеушілері аталған тақырыпқа қатысты іргелі еңбектер жазып, Мемлекеттік Дума тарихының көптеген мәселелерін зерттеді. Олардың арасынан Л.А. Ямаеваны, Д.М. Усмановаы және т.б. атап өтуге болады.

Мемлекеттік Дума және оның Қазақстанмен байланысы мәселелерін зерттеуге қазақстандық ғалымдар өз үлесін қосты. Мәселен, С.Н. Малтусынов «Аграрный вопрос в Казахстане и Государственная Дума России 1906-1917 гг.», Ө. Озғанбай «Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан» еңбектерін жазып, Думаның Қазақстанның XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси өміріндегі орны мен рөлін көрсете білді.

Нәтижесі

1906 жылдың 27 сәуірінде ашылған Мемлекеттік думаның бірінші шақырылымына түркі-мұсылман халықтарынан 22 депутат қатысты. Думада партиялық фракциялар, ұлттық-аймақтық топтар және т.б. түрдегі депуттардың бірлестіктері пайда болды. Соның ішінде этнотерриториялық, этноконфессиялық негізде Мұсылман фракциясы құрылады. Қазақ депутаттары екі Думада да негізінен осы Мұсылман фракциясына мүшелікке өтіп, түркі-мұсылман халықтарынан сайланған басқа да көрнекті қайраткерлермен бірге қажырлы қызмет жасайды [1, 157-б.]

Бірінші Мемлекеттік Думаға депутаттарды сайлау жұмыстары 1906 жылдың ақпан-наурыз айларында жүргізілгенімен, қазақ даласындағы сайлау кешіктіріліп өткізілді. Оның үстіне Дала облыстары мен Түркістан өлкесіндегі тұрғындар үшін Жалпы сайлау заңдарынан бөлек Ерекше ережелер шығарылып, аталған аймақтағы халықтың сайлауға түсу мүмкіндіктері шектеле бастады. Соның әсерінен, жергілікті мыңдаған тұрғындары бар әр облыстан тек бір-бір депутаттан сайланады. Қазақ халқының арасында депутаттыққа сайлау жұмыстарыныңөткізілуін Ә. Бөкейханов өз естелігінде сынға алған болатын. Ол барлық қазақ даласындағы сайлаулардың ең соңғы уақытқа қалдырылып, тіпті Жетісу облысындағы сайлаудың Бірінші Мемлекеттік Думаның таратылу күніне дейін жүргізіліп үлгерілмегендігін атап өтеді [2,36-39-бб.].Сонымен

қатар,Дала облыстарындағы сайлау мамыр-маусым айларында, яғни, Петербургтағы Дума өз жұмысын бастап кеткен кезде өткізіледі.

Бірінші Мемлекеттік Думаға Торғай облысынан бұрынғы сот қызметкері А. Бірімжанов, Орал облысынан титулярлы кеңесші А. Қалменов, Семей облысынан Ә. Бөкейханов, Ақмола облысынан Ш. Қосшығұлов, Атстрахань губерниясынан Б. Құлманов пен Д. Ноян-Тұндұт сайланады [3].

А. Бірімжанов пен А. Қалменов Думаның жұмысына қатысып үлгереді. Ал Ә. Бөкейханов Петербургқа 8-шілдеде, яғни Думаның таратылуынан бір күн бұрын келген. Ақмола облысынан сайланған депутат Ш. Қосшығұловты облыстық сайлау комиссиясы орыс тілін жетік білмейді деген желеумен ұстап, ол да Думаның жұмыстарына қатысуға үлгермей қалады. Ал Түркістан өлкесіндегі сайлау 1906 жылдың тамыз-қыркүйек айларына қалдырылған болатын. Бұл мәселелер жөнінде Мұсылман фракциясының мүшесі, Уфа губерниясынан сайланған депутат Ш. Сыртланов аграрлық комиссияның сандық құрамын талқылау кезінде сөйлеген өз сөзінде Дума жұмыстарына үлгермей қалған, немесе кешігіп жеткен депутаттардың кінәлі еместігін, өйткені көп жерлердегі сайлау уақыттарының кейінгі уақытқа қойылғандығын атап өткен болатын. Ш. Сыртлановтың айтуынша, Мемлекеттік думадағы аграрлы комиссияға 99 адамды сайлау көзделген, ал барлық Кавказ, Сібір, Түркістан өлкесі және жалпы Орта Азия өкілдеріне тек қана 8 орын қалдырылған.

Қазақ депутаттары А. Бірімжанов пен А. Қалменов Петербургке 10-17 маусым аралығында келіп, Думаның жұмысына араласа бастайды. Бұл кезде Думадағы негізгі мәселелер бойынша комиссиялар құрылып қойғандықтан, аталған екі депутатат олардың қатарына енбей қалды. Сондықтан қазақ депутаттары бастапқы кезеңде өздері қатынаса алмаған Дума отырыстарының есебімен және құрылған комиссиялардың жұмыс барысымен танысады [4,124-125-бб.].

Көп уақыт өтпей А. Бірімжанов Думаның 36-отырысында сөз сөйлеп, аграрлық комиссияның құрамына қатысты өз ойын білдірді. Ол комиссияның құрамына бекітілген 99 адамның орнына 103 немесе 104 адамды сайлауды ұсынады. Сонымен қатар, бос қалған бес орынның үшеуін немесе кем дегенде екі орынды қазақ облыстарына (Жетісу, Семей, Торғай, Орал және Бөкей ордасы) беруді сұрайды [5,1863-б.].

Қазақ депутаттарын Дала облыстарындағы қоныстанушыларды орналастыру комиссияларының заңсыз әрекеттері алаңдатты. Бұл кезде Дала облыстарындағы қазақтар өз жерлерінен заңсыз түрде қуылып, олардың орнына қоныстану учаскелері қалыптаса бастаған болатын. Қазақ депутаттары бұл мәселені көтеріп, Министрлер кеңесінің төрағасына сұрау салып, оған 53 депутат қол қояды. Мұсылман депутаттары А. Бірімжанов, А. Қалменов, С. Жантөрин, А.-М. Топчибашев, Ш. Сыртланов және т.б. біріге отырып, қазақтар бұрыннан мекен етіп отырған жерлерге орыс шаруаларын қоныстандыруды тоқтатуды талап етеді. Осылайша депутаттар Егіншілік және мемлекеттік мүлік министрлігінің заңсыз әрекеттерін қатаң сынға алады.

Депутат А. Қалменов те Думаның жұмыстарына белсене араласып, өзі мүше болған фракцияның басқа да депутаттарымен бірге №№18, 19 және 262 сұрау өтініштерді жасауға қатысады [6, 60-б.]

Бірінші Мемлекеттік Думаның депутаттары негізінен саяси реформалардың тереңделе жүргізілуін қалап, Ресейді құқықтық мемлекеттке айналдырғысы келді. Мұсылман фракциясының мүшелері Думаның басқа да депутаттары секілді аталған бағытта қызу жұмыстар жүргізді. Мұндай талаптардың орындалуына жол бергісі келмеген император Николай II 1906 жылдың 6 шілдесінде Думаны тарату жөнінде манифест жариялайды. Думаға мемлекеттіліктің негіздерін әлсіретуге ұмтылып, революциялық толқуларды жандандырды деген айып тағылды.

Бірінші Мемлекеттік думаның ғұмыры 72 күнге созылып, ол көптеген шиеленіске түскен мәселелерді шеше алмады. Дегенмен, Мемлекеттік думада Мұсылман фракциясының құрылуы

және оның жұмысы Ресейдегі түркі-мұсылман халықтары үшін маңызды оқиға болып, мұсылман қауымының белсенді өкілдері империяның саяси өміріне жаңа деңгейде араласа білді. Қазақ депутаттары санының аздығына қарамастан Думада қазақ мәселелерін көтеріп, көпшіліктің назарын Дала облыстары мен Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықты қыспаққа алған патша әкімшілігінің отарлық саясатына аудартуға тырысты. Қазақ депутаттары мүшелікке өткен Мұсылман фракциясы Мемлекеттік дума арқылы Ресей мұсылмандарын алаңдатқан мәселелерді толықтай шеше алмаса да, фракция мүшелері өз халықтарының діни-мәдени болмысын сақтап қалу, мұсылмандардың ресейлік азаматтар ретіндегі теңдікке заң жүзінде және іс жүзінде де қол жеткізу міндеттерін айқындап алды.

1907 жылдың қаңтар-ақпан айларында Екінші Мемлекекттік Думаға сайлау жүргізіліп, кезекті Дума өз жұмысын сол жылдың 20 ақпанында бастайды. Жаңа Думаға Ақмола облысынан Ш. Қосшығұлов қайта сайланды. Ол бұл жолы Думаның жұмысына толыққанды қатыса алды. Ш. Қосшығұловқа 1907 жылдың 28 ақпанындағы депутаттық тұлғасын куәландыратын құжат негізінде Мемлекеттік думаның мүшелік билеті беріледі [7, 1-2-бб.]. Ш. Қосшығұловпен қатар Бірінші думаның жұмыстарына қатыса аламаған Ә. Бөкейханов та бастапқыда қайта сайлауға түсу ниетін танытады. Бірақ Ә. Бөкейхановқа қарсы өкімет тарапынан «Выборг үндеуіне» қол қойғандығы үшін бірнеше іс-шаралар қолданылып, ол сайлау жұмыстарына толық қатыса алмады.

Екінші Думаға өткен Б. Құлманов та Бірінші Думаға Астрахань губерниясынан сайланып, бірақ Думаның таратылуына дейін Петербургқа келіп үлгермеген. Бұл жолы да депутат Б. Құлмановтың сайлануының дұрыстығын мойындау мәселесі Екінші Мемлекеттік думаның таратылуына байланысты Дума отырысында қарастырылмай қалды [8, 3-б.].

Жетісу облысынан теміржол қатынастарының инженері М. Тынышбайұлы сайланады. Бұл кезде ол Петербургтағы темір жол институтын тәмәмдаған, жоғары білімді, 27 жастағы азамат еді [9, 2-б.]. Орал облысынан заңгер, Петербург университетіндегі заң факультетінің 1890 жылғы түлегі, 46 жастағы Б. Қаратаев сайланды. Ол Екінші Думаға депутат болып сайланғанға дейін Орал және Торғай облыстарында сот тергеушісі және т.б. қызметтер атқарған.Семей облысынан Т. Нұрекен, ал Сырдария облысынан 51 жастағы Т. Аллабергенұлы сайланады. А. Бірімжанов Торғай облысынан қайтадан депутаттыққа өтеді.

Екінші думада қазақ депутаттарының көпшілік бөлігі мұсылман депутаттарының қатарына, ал М. Тынышбайұлы кадет фракциясына қосылды. Ал Мұсылман фракциясы «Иттифақ әл-Муслимин» партиясы бағдарламасының негізінде жасалған өзінің бағлармасын қабылдады.

Екінші Дума депутаттары талқылаған басты мәселелердің бірі – жер мәселесі болды. Бұл мәселе жөнінде Мұсылман фракциясының атынан Ф. Хойский сөйледі. Ол өз мәлімдемесінде мұсылман депутаттары жер мәселесіне қатысты кадеттердің ұстанымына қосылатының білдіреді. Қрым татарларының өкілі, депутат Р. Медиев те сөз алып, патша өкіметінің шет аймақтарда жүргізіп жатқан отарлау саясатын сынайды.

Қазақ депутаты Б. Қаратаев бұл кезде Дума жұмыстарына белсене араласып, бірнеше комиссиялардың, соның ішінде, корреспонденция, сұраулар бойынша комиссиялардың және аграрлық комиссияның құрамына сайланады [10, 1594-б.]. Ол Дала облыстарында жүргізіліп жатқан қоныстандыру саясатының шын мәнін әшкерелеп, бұл саясаттын ойластырылып жасалмағандығын алға тартқан болатын.

Б. Қаратаев Сібірде және Орта Азиялық облыстардағы қоныстандыру саясаты мәселесін бастапқыда Думаның 1907 жылғы 17-сәуірінде өткен 29-отырысында көтереді. Ол аталған өңірлердегі қоныстандырудың заңсыз жүргізіліп жатқандығын атап өтті [10, 2275-2276-бб.]. Ал сол жылдың 16-мамырда өткен 39-отырыста Дума мінберінен қазақ халқының атынан сөз сөйлеп, қоныстандыру саясатын сынға алды. Ол өз сөзінде: «Қазақ халқының атынан бұл мінберден

ешкім сөйлеген жоқ. Біздің елімізде әбден шиеленіске түскен аграрлық мәселені шешу үшін крестьян-шаруаларды Дала облыстарына, соның ішінде Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының территориясына қоныстандырмақшы. Бірақ та ешкімді азиялық облыстарда шаруаларды қоныстандыру үшін бос жерлер бар ма, Дала облыстарының барлық бөліктері табиғи-тарихи, шаруашылық-статистикалық, топырақтық және климаттық тұрғыдан толық зерттелді ме деген мәселелер алаңдатпайды. Жергілікті халықтың мүддесі ескерілмей жасалған қоныстандыруды әділетті деп санауға болмайды. ...Біз, қазақ халқы, Ресейде туындаған аграрлық жер мәселесінің жақын арада шешілу керектігін жақсы түсінеміз. Біз шаруаларға, бауырларымызға жердің жетпей жатқандығын терең түсініп, сезінеміз. Егер де бізде бос жерлер табылатын болса, оны қуана бөлісуге дайынбыз. Бірақ та Дала облыстарының территориясы әлі де толық зерттелмеген. Бүгін депутат Тетеревенков жолдас Азияда үлкен жер алқаптары бар, сонда шаруаларды қоныстандыру қажет деп айтты. Бірақ, белгілі зерттеуші Щербина Дала облыстарының тек құнарлы солтүстік уездерін зерттеді, ал оңтүстік уездердегі жер жағдайы оған беймәлім. Негізінде, Дала облыстарының оңтүстік уездеріндегі жер құнарсыз, құмдақ. Мұндай жерлерге шаруаларды қоныстандыру мүмкін емес»,– деп өз ойын ашық айтқан болатын [11, 673-676-бб.].

Осы уақытта, Ақмола және Семей облыстарында жер мәселесіне байланысты қазақтар арасында толқулар болған еді. Нәтижесінде, өлкелік генерал-губернатор толқуға қатысқандарды жер аудартып жібереді. Мұндай әрекеттен кейін осы өңірдің қазақтары өздерінің өкілі, депутат Ш. Қосшығұловқа жеделхат жолдап, өздерінің құқықтарын қорғауды және бұл мәселені Мұсылман фракциясына жеткізуді өтінген. Кейін бұл мәселе фракция жиналысында қаралып, тиісті шешімдер қабылданады.

Думаның күнделікті күн тәртібіндегі жұмыстарға Семей облысынан сайланған қазақ депутаты Т. Нұрекенов те қатысып отырды. Ол Семей уезі Сейтен болыстығынан сайланып, Мұсылман фракциясына мүшелікке өткен [12,5-б.]. Т. Нұрекенов жұмыссыздық мәселесі қозғалған кезде, жұмыссыздарға көмек көрсетуді, қазақтарды жерсіз қалдырмауды өтінді. Т. Нұрекеновтың пікірінше, жер жоқ жерде – жұмыссыздық басым. Ал жерінен айырылған қазақтар жұмыссыздыққа ұшырайды [10, 594-б.].

А. Бірімжанов 1907 жылдың 19-наурызында әскери-далалық соттарды жоюдың заң жобасын әзірлеу үшін құрылған комиссияның құрамына кіреді. Бұл комиссияға А. Бірімжановтан бөлек 15 адам сайланған.Кейін А. Бірімжанов бұдан бөлек жергілікті сот комиссияның құрамына да енеді. [10, 695- б.].

Патша өкіметінің отаршылдық және аграрлық саясатын көп сынаған Екінші Мемлекеттік дума 1907 жылдың 3-маусымында таратылды. Аграрлық реформаны жүзеге асыру барысында өкімет пен Дума бір шешімге келе алмады. Қорыта айтқанда, бірінші Думадағыдай, екінші шақырылмның депутаттары негізгі мәселелерді толықтай шеше алмады.

Екінші Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Дала облыстары мен Түркістан өлкесінің тұрғындары сайлану құқығынан айырылды. Сондықтан қазақ депутаттары кейінгі екі думаның жұмысына қатыса алмады. Дегенмен олар Мұсылман фракциясы мүшелерімен байланыстарын үзбеді.Үшінші думаның жұмысы 1907 жылдың 1 қарашасында басталып, 1912 жылдың 9-маусымына дейін жалғасын тапты. Мұсылман фракциясында тек қана 8 депутат жұмыс жасады. Олар өздерінің санының аздығына қарамастан парламенттік фракцияны сақтап қалды. Сайлаушыларының құқықтарын қорғап, мұсылман қоғамындағы прогрессивті күштердің координациялық орталығына айналды. Мұсылман депутаттары өте қажырлы еңбек етті. Бірақ бұл уақытта Думаның өзі айтарлықтай саяси күшінен айырылған болатын.

Төртінші Мемлекеттік дума өз жұмысын 1912 жылдың 15 қарашасында бастады.Құрылтай жиналысқа сайлаудың басталысымен соңғы Думаның қызметін Уақытша үкіметресми түрде 1917 жылдың 6 қазандағы жарлығымен тоқтатады [13, 44-45-бб.].

Қорытынды

Тарихи уақыт өлшемі бойынша Ресей империясындағы Мемлекеттік Думаның аз уақыт өмір сүргеніне қарамастан, бұл ұйым империядағы саяси мәдениеттің дамуына зор әсер етті. Түркі-мұсылман халықтары империяның құрамындағы басқа халықтармен қатар Думаға сайлау жұмыстарына белсене араласып, ұйымшылдық таныта білді. Қазақ даласындағы сайлаулар әр-түрлі себептерге байланысты өткізілмей немесе кешіктіріліп өткізілгеннің өзінде де қазақ халқының өкілдері Думаның жұмыстарына қатысуға ынталылық танытып, өз халқының мүдделерін қорғауды мақсат тұтты. Думадағы басқа депутаттар секілді қазақ депутаттарына да Думадағы қызмет олардың саяси іс-тәжірибесін жетілдіруге көмектесті. Кейінгі уақытта бұл депутаттардың көпшілігі өздерінің өңірлері мен аймақтарындағы саяси өмірге белсене араласады. Жоғарыда келтірілген әр-түрлі деңгейдегі қиындықтарға қарамастан қазақ депутаттары негізінен ұйымшылдық танытып, түркі-мұсылман халықтарының өкілдерінен құралған Мұсылман фракциясына қосылды. Қазақ депутаттары негізінен ұлттық теңдік, азаматтық бостандық және аграрлық-жер мәселесін басты назарға алды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Ямаева Л.А. Мусульманский либерализм начала XX в. как общественно политическое движение (по материалам Уфимской и Оренбургской губерний). - Уфа: Гилем, 2002. - 300 с.

2. Мусульманские депутаты Государственной думы России. 1906-1917 гг. Сборник документов и материалов. / Л.А. Ямаева. – Уфа: Китап, 1998. – 384 стр.: ил.

3. Боиович М.М. Члены Государственной Думы (Портреты и биографии). Первый созыв. 1906-1911. – Москва: Издание Т-ва И.Д. Сытина, 1906.

4. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917). – Алматы, 2006. - 360 б.

5. Государственная Дума. Стенографические отчеты. 1906 год. Сессия первая. - С.-Петербург: Государственная типография, 1906.

6. Государственная Дума. Указатель к Стенографическим отчетам. 1906 год. Сессия первая. – С.-Петербург: Государственная типография, 1907. - 316 с.

7. РМТМ (РГИА). 1278-қ., 1-т. (II), 213-іс.

8. РМТМ (РГИА). 1278-қ., 1-т. (II), 225-іс.

9. РМТМ (РГИА). 1278-қ., 1-т. (II), 446-іс.

10. Государственная Дума. Второй созыв. Стенографические отчеты. 1907 год. Сессия вторая. Т.1. - С.-Петербург: Государственная типография, 1907.

11. Государственная Дума. Второй созыв. Стенографические отчеты. 1907 год. Сессия вторая. Т. 2. – С.-Петербург: Государственная типография, 1907.

12. РМТМ (РГИА). 1278-қ. 1-т. (II), 303-іс.

13. Усманова Д. Мусульманская фракция и проблемы «свободы совести» в Государственной Думе России (1906-1917). – Казань: Издательство «Мастер Лайн», 1999. - 164 с.

References

1. Yamaeva L.A. Musul'manskij liberalizm nachala XX v. kak obshchestvenno politicheskoe dvizhenie (po materialam Ufimskoj i Orenburgskoj gubernij). - Ufa: Gilem, 2002. - 300 s.

2. Musul'manskie deputaty Gosudarstvennoj dumy Rossii. 1906-1917 gg. Sbornik dokumentov i materialov. / L.A. Yamaeva. – Ufa: Kitap, 1998 – 384 str.: il.

3. Boiovich M.M. Chleny Gosudarstvennoj Dumy (Portrety i biografii). Pervyj sozyv. 1906-1911. – M.: Izdanie T-va I.D. Sytina, 1906

4. Ozganbaj O. Resej Memlekettik Dumasy zhane Kazakstan (1905-1917). – Almaty, 2006. - 360 b.

5. Gosudarstvennaya Duma. Stenograficheskie otchety. 1906 god. Sessiya pervaya. - SPb.: Gosudarstvennaya tipografiya, 1906.

6. Gosudarstvennaya Duma. Ukazatel' k Stenograficheskim otchetam. 1906 god. Sessiya pervaya. – SPb: Gosudarstvennaya tipografiya, 1907. - 316 s.

7. RMTM (RGIA). 1278-q., 1-t. (II), 213-is.

8. RMTM (RGIA). 1278-q., 1-t. (II), 225-is.

9. RMTM (RGIA). 1278-q., 1-t. (II), 446-is.

10. Gosudarstvennaya Duma. Vtoroj sozyv. Stenograficheskie otchety. 1907 god. Sessiya vtoraya. T. 1. - SPb.: Gosudarstvennaya tipografiya, 1907.

11. Gosudarstvennaya Duma. Vtoroj sozyv. Stenograficheskie otchety. 1907 god. Sessiya vtoraya. Tom 2. – SPb.: Gosudarstvennaya tipografiya, 1907.

12. RMTM (RGIA). 1278-q., 1-t. (II), 303-is.

13. Usmanova D. Musul'manskaya frakciya i problemy «svobody sovesti» v Gosudarstvennoj Dume Rossii (1906-1917). – Kazan': Izdatel'stvo «Master Lajn», 1999. - 164 s.

ӘОЖ 94(574)

ҰЛТ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚУҒЫНДАЛУ ТАРИХЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ 20 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫ-30 ЖЫЛДЫҢ БАСЫ)

Жораева Г.Т.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан, Қазақстан.

Аңдатпа. Бұл мақалада ұлттың тағдырын ойлаған қазақ зиялылары қауымының XX ғасырдың 20 жылдың соңы мен 30 жылдың басында патша үкіметі тұсындағы орыс үкіметінің отаршылдық саясатына, кеңестік жүйе кезіндегі большевиктік биліктің қыспағына қарсы шығып қуғын-сүргінге ұшырау тарихы зерттелген. Қазақ азаматтарын қуғындау 30 жылдары қатты өршіп, мерзімді баспасөзде кеңестік жүйеге қарсы шығушылардың қатарын жұртшылыққа жариялауға белсене кіріскендігі, тұтқындалып, істі болғандар, мерзімдерін өтеп келгеннен кейін де үкімет тарапынан мұқият бақылауға алынып, олардың үстінен 1937-1938 жылы қайтадан іс қозғалып, ақыры қуғын-сүргін құрбанына айналғаны мәлім. Қазақстандағы бұл кездердегі қуғындау барысына қазақтың ұлт зиялыларымен қатар қарапайым жұмысшы да, шаруа да ілініп кетті. Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының анықтамасында бұрынғы алашордашылар мен қазақ ұлтшылдарының революцияға қарсы әрекеттері келтірілген. Халық жауы ретінде айыпталғандарға қателіктерін жариялы түрде мойындауларын талап еткен. Қысым көрсету, қорқыту нәтижесінде көпшілігі өзіне жабылған жала айыпты мойындауғамәжбүр болды. 1937-1938 жылдары «халық жауы» ретінде қамауға алынған азаматтардың арасында 30-жылдары жаламен сотталып келгендер, ату жазасына кесілгендердің тағдыры қарастырылған. Түйін сөздер: ұлт интеллигенциясы, патша үкіметі, отаршылдық саясат, большевиктік билік, буржуазиялық-ұлтшылдар, қуғын-сүргін, ұлтшылдық, жікшілдік.
Түйін сөздер: большевиктік билік, буржуазиялық-ұлтшылдар, жікшілдік, ұлтшылдық, қуғын-сүргін, отаршылдық саясат, патша үкіметі, ұлт интеллигенциясы

ИСТОРИЯ РЕПРЕССИЙ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ (КОНЕЦ 20-Х-НАЧАЛО 30-Х ГГ. XX ВЕКА)

Жораева Г.Т.

кандидат исторических наук, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави, г. Туркестан, Казахстан.

Аннотация. В данной статьерассматривается история репрессий казахской интеллигенции в конце 20-х – начале 30-х гг. XX века, боровшейся за судьбу своего народа против колониальной политики, начавшейся в период царизма и получившей свое продолжение в эпоху Советской власти.
Репрессии в отношении национальной интеллигенции 1929-1930 гг. начались в 1929 г. после V пленума Казахского краевого комитета. В течении этого периода многие интеллигенты были арестованы, сосланы, а после возвращения из ссылки попали под строгий контроль, более того, в период 1937-1938 гг. против них были опять возбуждены дела и многие из них были расстреляны, став жертвой непрекращающихся политических репрессий.
Ключевые слова: национальная интеллигенция, царское правительство, колониальная политика, большевистская власть, буржуазные националисты, репрессии, национализм, групповщина.

HISTORY OF THE NATIONAL INTELLIGENTSI APERSECUTION

Zhorayeva G.T.

Candidate of Historical Sciences, Ahmet YassawiInternational Kazakh-Turkish University.
Turkestan, Kazakhstan

Abstract. This article examines the history of the repression of the Kazakh intelligentsia, who opposed the colonial policy of Russian government at the end of the 1920s and early 1930s. The persecution of the repression of the intelligentsia in 1920-1930 began after the Plenum of the Kazakh Territorial Committee of 1929. Many representatives of the intelligentsia were arrested in 1929-1930, and after the end of their prison terms they were carefully monitored by the government. Furthermore, in 1937-1938, the persecutions were started again.
Keywords: national intelligentsia, royal government, colonial policy, Bolshevik power, bourgeois-nationalists, persecution, nationalism, separatism.

Кіріспе

Патша үкіметі тұсында орыс үкіметінің отаршылдық саясатына да, кеңестік жүйе кезінде де большевиктік биліктің қыспағына қарсы шығып, ұлттың тағдырын ойлаған қазақ зиялылары XX ғасырдың 20 жылдың соңы мен 30 жылдың басында және 30 жылдың соңында қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл қуғынға барлық оқыған қазақ азаматтары іліккен екен. Бұған дейін де «ұлтшылдықпен», «жікшілдікпен», «оншылдықпен» айыптаулар жүргізіліп, соның нәтижесінде қазақтың азаматтарын бір-біріне айдап салу кең етек алған еді.

Мақсаты

XX ғасырдың 20 жылдың соңы мен 30 жылдың басында патша үкіметі тұсындағы орыс үкіметінің отаршылдық саясатына, кеңестік жүйе кезіндегі большевиктік биліктің қыспағына қарсы шығып қуғын-сүргінге ұшырағаналаш зиялыларының тарихын зерттеу.

Зерттелу деңгейі мен әдістері

1929-1930 жылдардағы ұлт интеллигенциясын қуғындау 1929 жылы Қазақ Өлкелік комитетінің V пленумынан кейін басталды. Бұл пленумда буржуазиялық-ұлтшылдарға қарсы күрес жүргізу мәселесі айырықша көтерілген болатын [1, 25-б.].

Осы пленумнан кейін қазақ зиялыларының еңбектері, әсіресе Алаш қайраткерлерінің шығармалары ығыстырылып, олардың еңбектерінде «буржуазиялық өмірді көксеу басым» деп тұжырымдалды. Барлық басылымдар жіті тексеріске алынды. Үкімет саясатын сынға алған қазақ қызметкерлерге «ұлтшыл» ретінде айыптар тағылып, бірсыпырасы жұмыстарынан қуылды. Мәселен, 1929 жылы 20 мамырда Ж. Аймауытов Қазақстандағы «ұлтшыл ұйыммен байланысы бар»деген сылтаумен тұтқынға алынып, үстінен іс қозғалынған екен [2, 22-б.].

1929 жылы 11-16 желтоқсан аралығында болған БК(б)П қазақ өлкелік комитеті мен өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумында оңшылдар құлақтардың мүдделерін қорғап, социализм ісіне кедергі келтіріп, кедейдер мен орташаларды үгіттеу арқылы кеңестік жүйеге қарсы қоюға бар күштерін салып отырғандығы, оңшылдардың пайымдауларына қарамастан, партия ішіндегі оңшыл уклонға және келісімпаздарға қарсы батыл күрес жүргізіліп жатқандығы айтылды. Дегенмен, әлі де болса, оңшыл уклон мен келісімпаздықтың орын алуына партия ұялары батыл күрес жүргізбей, керісінше ауытқушыларды жасырып отырғандығы баса келтірілді. Пленум алдағы уақытта осындай партия қатарына кіріп алып, іріткі салушыларды аз уақыт

арасында біржола жоюды міндеттеді [3, 46-47-б.].

Кеңес үкіметі бұл арандату, іріткі салудың басы-қасында сөзсіз алашордашылар бар деген тұжырымды ұстанды. Тарихшы М. Қойгелдиевтің жазуынша, советтік идеологиялық аппарат Алаш идеясын өшіруге көп күш салды [4, 5-б.].

Жіті бақылау, аңдудың ақыры 1930 жылдың басында Алаш қозғалысының көптеген азаматтарының үстінен іс қозғалды. Ұлт зиялыларынан А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Ғаббасов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Тынышбаев, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Ж. Ақбаев, Ы. Мұстамбаев, барлығы 44 азамат қуғындалды. Олар тұтқындалып, тергеу жұмыстары жүргізілді. Кейбір азаматтарды бастапқы кезде ату жазасына кесіп, кейіннен он жыл мерзімге ауыстырылды. Тек осы қайраткерлердің арасында Х. Ғаббасов ғана 1930 жылдың 4 сәуірінде ОГПУ сот коллегиясының шешімімен Қылмыстық Ережесінің 58 бабының 2 тармағына сәйкес «кеңес территориясында қарулы көтеріліс жасап, үкіметті басып алуды көздеді» деген айыппен ату жазасына кесіліп бұл үкім 1931 жылғы сәуірінде орындалды [5, 218-219-б.].

Қазақ азаматтарын қуғындау 30 жылдары қатты өрши түсті. Мерзімді баспасөзде кеңестік жүйеге қарсы шығушылардың қатарын жұртшылыққа жариялауға белсене кірісті. 1929-1930 жылдары тұтқындалып, істі болғандар, мерзімдерін өтеп келгеннен кейін де үкімет тарапынан мұқият бақылауға алынып, олардың үстінен 1937-1938 жылы қайтадан іс қозғалып, ақыры қуғын-сүргін құрбанына айналды. Қазақстандағы бұл кездердегі қуғындау барысына қазақтың ұлт зиялыларымен қатар қарапайым жұмысшы да, шаруа да ілініп кетті.

1936 жылы 5 тамызда құпия түрде Қазақ өлкелік комитетінің бюро жиылысы болып, 29 шілдедегі БК (б)П-ның жабық хаты талқыға алынып, соның негізінде барлық облыстық, аудандық, қалалық комитеттерде үкіметке қарсы террористік жұмыс жүргізіп жүрген белсенділерді анықтау жөнінде қаулы қабылданды [6]. Осы қаулыдан кейін «халық жауларын» анықтау ісі қарқын алды. 1936 жылғы 1 қарашадағы мәлімет бойынша 29 шілдеден бергі аралықта партия қатарынан фашистік-троцкисшілдік-зиновьевшілдік бағытты қуаттаушы 43 контрреволюционерлердің әшкереленген [7, 15-17-б.].

БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің VI пленумында партия қатарына кіріп кеткен троцкис-зиновьевшіл бандиттер, контрреволюцияшыл ұлтшылдар мен ұлт арасына іріткі салып отырған азғын топтардан тазарту жұмысының қарқынды жүріп жатқандығын айтқан С. Нұрпейісов 1936 ж. 1 тамызға дейін партия қатарынан лайықсыз деп 432 коммунист шығарылғандығын, алайда бұлардың 269-ы қайтадан партия қатарына қабылданғандығын, бұндай қателіктерге жол берілуінің себебі, партия идеологиясының дұрыс жүргізілмеуі, үгіт-насихат жұмыстарының ақсауы деп атап өткен [8, 343-б.].

Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының анықтамасында бұрынғы алашордашылар мен қазақ ұлтшылдарының революцияға қарсы әрекеттері белсенді түрде өсіп келе жатқандығы баса келтірілді. Олар Кеңес өкіметіне қарсы шығып, Батыс Қытайға кеткен қазақ эмигранттарымен тығыз байланыс орнатып, «Түрік халық партиясын» құру идеясын насихаттап, кеңестік Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкетуді көксеп, троцкишілер-зиновьевшілермен бірлесіп, солардың айтқанын іліп әкетіп отырғандығы айтылды. Тіпті бұл анықтамада мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Шаян ауданында революцияға қарсы троцкишілдік топ құрылып, оны троцкист Прудько басқарып, оның құрамында партия мүшелеріаудандық қаржыландыру бөлімінің меңгерушісі Нұрыш Әлімбетов, аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі Жирен Малтабаров, бұрынғы аудандық газеттің редакторы Әби Құлбаев мүше болған делінді. Осы анықтамаға сүйенсек, Прудько өзінің әрекеттерін Әлімбетов арқылы жүзеге асыруды ойлаған.

Осындай топ Мирзоян атындағы қызылша совхозында да құрылғандығы хабарланды. Бұл топты троцкисшілер Нестеров пен Коваленко басқарып, оған бұрынғы бай тұқымынан шыққан Қырғыз республикасының Жоғарғы сотының бұрынғы мүшесі, 1931 жылы революцияға қарсы

пиғылы үшін істі болған ұлтшыл Сәуірбек Төленов пен бұрынғы комсомол мүшесі, аграном Рахымбай Қазыбаев мүше болғандығын анықтаған. Р. Қазыбаев Нестеровтың ықпалымен комсомол қатарынан шыққан делінді.

Осы анықтамада көрсетілгендей, Қостанай облысының Торғай аудандық атқару комитетінің хатшысы Кәрім Жапанов, атқару комитетінің қызметкерлері Зайнолла Зарипов пен Зәкір Шұбатбаевтар да троцкистермен байланыста болған. Осы аталған топтағылар социалистік жүйені жамандап, Троцкийдің ұстанымдарына бас шұлғып, қолдау көрсетіп отырғандығын баса келтірді [9, 205-210-б.]. Осы хаттың өзінен-ақ аз уақыттың ішінде 29 шілдедегі троцкишілді-зиновьевшіл блоктың қызметін әшкерелеу барысының қазақ жерінде қарқынды түрде жүргізілгенін байқау қиын емес.

1936 жылдың аяғына дейін жауапты, басшылық қызметтегілердің арасынан 2212 «жат пиғылдылар» әшкереленіпті. Олардың арасында өлкелік, облыстық, қалалық аппараттардан – 177, сауда-шаруашылық саласынан – 317, сот-тергеу аппаратынан – 102, аудандық атқару комитеті мен оның бөлімдерінен – 219, МТС пен совхоз директорлары – 102, колхоз басшысы – 629, ауылкеңес төрағасы – 249 қызметкерлер «халық жауы» ретінде айыпталып, қамауға алынған [10].

Жалпы, халық жауы ретінде айыпталғандарға қателіктерін жариялы түрде мойындауларын талап еткен. Қысым көрсету, қорқыту нәтижесінде көпшілігі өзіне жабылған жала айыпты мойындауға мәжбүр болды. Бұлардың арасында алашшыл ұлт зиялылары да болды. Мәселен, 1930 жылы 4 сәуірде 10 жылға лагерге қара жұмысқа кесілген Мағжан Жұмабаев Е.П. Пешкованың көмегімен 1936 жылдың 2 маусымында айдаудан босап үйіне оралған еді [11, 219-б.]. Алайда, ұлт зиялыларын қуғындау басталған кезде Мағжанның да үстінен іс қозғалды.

1937 жылы 21 мамырда Мағжан Жұмабаев Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Ораз Исаевқа жіберген ашық хатында өзінің кезінде кеңестік жүйеге қарсы шыққандығынан түзету-еңбек мекемесінде болып келгендігін, бұрынғы ұлтшыл-алашордашыл қателіктерінің қайталамайтындығына сендірді [12]. Бұл амалсыздан жазылған хат еді. Алайда бұл хат оны аман алып қалмады. 1937 жылдың 30 желтоқсанында ол тұтқындалып, 1938 жылдың 11 ақпанында атылды.

1937-1938 жылдары «халық жауы» ретінде қамауға алынған азаматтардың арасында 30-жылдары жаламен сотталып келгендер болды. Солардың арасында бұрынғы партия мүшесі, Ақсу ауданының хатшысы болған Мақсұт Жылысбаев 1933 жылдың 21 қазанында тұтқындалып, ОГПУ үштігінің шешімімен басында 5 жылға, кейіннен 3 жылға Батыс Сібірге, Томск қаласына айдауға жіберіледі. Қазақстанға қайтып оралғаннан кейін 1937 жылдың 14 тамызында қайтадан тұтқындалып, ату жазасына кесілген [13, 109-б.].

Қазақтың азаматтарын қуғындау үдерісі 1937 жылдың жаз айында үдеген. Бұл әсіресе Қазақстан К(б)П-ның І-съезінің шешімінен кейін жандана түсті. Ленин идеясын қарсы ұлтшылдармен аяусыз күрес жүргізуге шақырған осы съезд ұлт азаматтарын бір-біріне қарсы қойды. Нәтижесінде бірін-бірі қаралаған домалақ арыздардың қатары көбейді. Баспасөз беттеріне жариялаған мақалалардың басымы осы сарында болды.

Сол кездерде «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Лениншіл жас», «Ауыл коммунисі» және тағы басқа газеттер мен журналдарда жарияланған мақалалар барлық саладағы азаматтардың «халық жауы» деп қуғындалуына себепші болды. Мәселен, «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланған «Қалдықтардың бет пердесі ашылсын» атты домалақ хат өнер саласындағы азаматтарды қаралады. Биші, Қазақстанның халық әртісі Шара Жандарбекова – Жиенқұлованың шыққан тегі бай тұқымынан екендігі келтірілген бұл мақалада: «Колхозшының қызы» болып, ата-тегін жасырып, Жандарбековтың атымен, ұлтшыл-фашист, халық жауы Жүргенов, Тоғжанов, театрдың директоры болып келген Қадырбаевтың қолтықтауларымен Кремльге еніп, ұлы данышпан, халық көсемі Лениннің шәкірті – Сталиннің қолын ұстап, «еңбек

орденін» алған жоқ па? Алды. Шара Алматының алдыңғы қатардағы бай, 1928 ж. конфескеленіп кеткен Байбұлан Жиенқұловтың қызы..., ЖандарбековҚұрманбек 15 жыл болыстық управитель болғанның баласы... көпшілік болып Жүргеновтің қалдықтарын бет-ажарына қарамай аластатуымыз керек» делінді [7, 119-121-б.].

Қорытынды

Ұлт зиялыларының, үкімет қызметіндегі қазақ қызметкерлерінің, тіпті қарапайым жұмысшы, шаруалардың арасынан «халық жауын» іздеу ірі науқанға айналды. Мұрағат құжаттарына, тәуелсіздігімізді алғаннан кейін зерттелініп жарық көрген еңбектерге сүйенсек, халықтың басына төнген қара бұлт 1937-1938 жылдары сейілмей, керісінше қоюлана түскен екен. Ұлтына адал қызмет етіп, елдің іргесін көтеріп, саяси, экономикалық, мәдени дамуына бар үлесін қосқан қайраткерлердің басымы қуғын-сүргін құрбанына айналған. Ұлт азаматтарының өткен өмірлерін жіпке тізгендей тексеріп, ілік тапқан үкіметтің «шаш ал десе, бас алатын» қолшоқпарлары партия жиналыстарында, бюроларында, съездерде қанша жауды әшкерелегендіктерін жарыса айтып, үкімет пен партияның тапсырмасын бұлжытпай орындағандарына мәз болды. Ауылдағы қарапайым шаруалардың «жапон тыңшысы» деп қуғындалуы бұл арнайы жоспардың бір тармағы еді.

1938 жылдың 15 қыркүйегінде БК(б)П ОК Саяси бюросының шешімімен «ұлтшылдыққа» қарсы операция тоқтатылды. 1938 жылдың 1 тамызынан кейін қамауға алынғандардың ісін жергілікті сот органдары мен Арнайы кеңестер қарап, шешетін болды. Украина, Қазақстан, Қиыр Шығыс өлкелеріндегі облыстарыда арнайы үштіктер құрылды.

Үштіктердің қызметі екі айға ғана созылып, 15 қарашадағы Сталин мен Молотовтың қол қойған Жарлығымен осы үштікке жіберілген істерді қарау тоқтатылды [13, 323-324-б.]. Бір өкініштісі сол, екі ай ішінде нақақтан-нақақ тұтқындалғандардың көпшілігі ақ, қарасы анықталмай, «үштіктердің» шешімімен атылып кете баруы.

XX ғасырдың 30 жылдағы қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың басымы әлі де болса ашылмай жатыр. Олардың отбасылары да кеңес үкіметі тұсында «халық жауының жанұясы» деген қара дақтан арыла алмай келді. Кейбірінің артында іздеушілері болмаған соң жабулы күйінде қалды.

Әдебиеттер тізімі

1 БК(б)П Қазкрайкомының V пленумының қаулылары мен қарарлары. – Алматы, 1929.

2 Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары. -Алматы: «Асыл кітап», 2009. – 192 б.

3 Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1928-1937). – Алматы: Қазақстан, 1988. – Т.2.– 412 б.

4 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап. - Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.

5 Смағұлова С. Алаш деп ғұмыр кешкен // Мир Большого Алтая. - 2017. - №3.

6 ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 10592-іс. 430-п.

7 Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов . – Алматы: Қазақстан, 1998. 336 с.

8 Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). -Алматы: «Елтаным баспасы», 2011. – 432 б.

9 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Қаңтар 1929-шілде 1938 жж. - Алматы, Ел-шежіре, 2007. 3-том. – 344 б.

10 ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 11459-іс. 39-40-п.

11 Жангуттин Б. Магжан Жумабаев «Мой қазақ, ненастья час настал». Страницы биографии /под общей редакцией М.К. Койгельдиева. -Алматы,ТОО «Каратау КБ» Дастур, 2016.– 220 с.

12 ҚР ОМА. 5-қ., 21 с-т., 200-іс. 19-21-пп.

13 Красный террор: Политическая история Казахстана (Сборник документальных материалов политических репрессий 20-50-х годов XX века). -Алматы: ТОО «Типография оперативной печати», 2008. – 307 с.

14 Хаустов В., Самуэльсон Л. Сталин, НКВД и репрессии 1936-1938 гг. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2010. – 432 с.

References

1. BK(b)P Kazraikominin V plenuminin kaulilari men kararlary. - Almaty, 1929.
2. Duisenova N. Alashtin kily zholdary - Almaty2009. - 192 b.
3. Kazakstan Kommynistik partyiasi siezderinin, konferensialarinin jane plenumdarinin kararlari men sheshimderi (1928-1937). - Almaty: Kazakstan, 1988. -T.2. - 412 b.
4. Koigelgiev M. Alashkozgalisi: Monografia. Ekinshi kitap. - Almaty 2017. – 656 b.)
5. Smagulova S. Alash dep gumir keshken // Mir Bolshogo Altaia. -2017. - №3.
6. KR PA. 141-k., 1-t., 10592-is. 430-p.
7. Politicheskie repressii v Kazakstane v 1937-1938 gg. Sbornik dokumentov. - Almaty, Kazakstan, 1998. 336 s.
8. Smagulova S. Kazak merzimdi baspasozi shigy tarixi men derektik manizi (XX g. 20-30 jj.). - Almaty 2011. - 432 b.
9. Alash kozgalisi. Kyzhattar men materialdarjinagi [Collection of articles and materials]Kantar 1929-shilde 1938 jj. - Almaty, 2007. 3-t. – 344 b.
10. KR PA. 141-k., 1-t., 11459-is. 39-40-p.
11. Jangutin B. Magjan Jumabaev«Moi kazak, nenastia chas nastal». Stranisi biografii / pod obshei redaksiei M.K. Koigeldieva. - Almaty 2016. – 220 s.
12. KR OMA. 5-k., 21 s-t., 200-is. 19-21-pp.
13. Krasni terror: Politicheskaia istoria Kazakstana (Sbornik dokumentalnix materialov politicheskix represii 20-50-h godov XX veka). - Almaty 2008. – 307 s.
14. Haustov V., Samuelson L. Stalin, NKVD i repressii 1936-1938 gg. Moskva, Rossiskaya politicheskaia ensiklopedia (ROSSPEN), 2010. – 432 s.

ӘОЖ 94[37:81] (47+57)

1940 - 1980 ЖЖ. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТІЛДІК РЕФОРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

Жуманова А.З.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. PhD, доцент.
Қарағанды қ., Қазақстан.

Аңдатпа. Соғыстан кейінгі жылдары республикада орыс тілін өмірдің барлық саласына жан-жақты енгізуге партия, үкімет тарапынан айрықша көңіл бөлініп, есесіне қазақ тілін оқыту мектептерде нашарлай бастағанын ерекше атап өту маңызды. Жалпы, патша өкіметі немесе Кеңес Одағы билігі кезінде ұлттық тілдерді әлсіретудің және қоғамды орыстандырудың ең ықпалды құралы білім беру мекемелерінің болғандығы белгілі. Тіл мәселесі бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекетінде өзінің өзектілігін сақтап қалып отыр. Ұзақ уақытты қамтыған қазақ тіліне деген отарлық саясат өз зардаптарын тигізіп бағуда.
Түйін сөздер: КСРО, білім беру, орыстандыру саясаты, оқу-ағарту, қазақ тілі, Кеңестік тіл саясаты

ЯЗЫКОВАЯ РЕФОРМА В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ И ЕЕ РЕАЛИЗАЦИЯ В 1940-1980-х гг.

Жуманова А.З.

Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, PhD, доцент.
г. Караганда, Казахстан

Аннотация. До середины 80-х годов XX века во всех сферах общества русский язык был основным. В Казахстане статус казахского языка снизился до повседневного и бытового общения и был принят в качестве дополнительного языка. Основным результатом проводимой в Казахстане языковой политики стало то, что казахское население проявило небрежное отношение к родному языку. По словам ученых в области языка, более 40% подростков коренной национальностей не знали своего родного языка.
Система образования стала одной из основных форм социальной политики советского государства. В связи с этим постоянно совершенствовались и более качественно писались учебники, учебные пособия и программы для глубокого и лучшего преподавания русского языка. В советское время во всех учебных заведениях постепенно вводили русский язык как обязательный предмет. Тогда как в русских школах казахский язык практически не преподавался. Разрыв в развитии казахского языка и русского языка в образовании привел к сокращению казахоязычных школ в республике.
Ключевые слова: языковая политика, политика русификации, просвещение, казахский язык, образование, СССР.

LANGUAGE REFORM IN THE EDUCATION SYSTEM AND ITS IMPLEMENTATION IN 1940-1980s.

Zhumanova A.

Academician Ye.A. Buketov Karaganda State University. Karaganda, Kazakhstan.

Abstract. Until the mid-1980s, Russian was the main language in all spheres of the society. In Kazakhstan, the status of the Kazakh language decreased to everyday and domestic communication and was adopted as an additional language. The main result of the language policy pursued in Kazakhstan was the fact that the Kazakh population showed a careless attitude towards their native language. According to scholars in the field of language, more than 40% of teenagers of indigenous nationality did not know their native language.

The education system has become one of the main forms of social policy of the Soviet state. In connection with this, textbooks, teaching aids and programs for the deep and better teaching of the Russian language were constantly improved and written better. In Soviet times, the Russian language was gradually introduced in all educational institutions as a compulsory subject. Whereas in Russian schools the Kazakh language was practically not taught.

The gap in the development of the Kazakh language and the Russian language in education has led to a reduction in Kazakh-speaking schools in the country.

Keywords: language policy, Russification policy, enlightenment, Kazakh language, education, USSR.

Кіріспе

Кеңестік биліктің қолға алған тіл саясаты XX ғасырдың 50-70 жылдары өз жемісін бере бастады. Қазақстанда орыс тілінің мемлекеттік мәртебесі нық орнығып, ал қазақ тілі күнделікті өмірде қолданатын деңгейде тұрды. Оның өзінде ол тіл негізінен ауылдық аймақтарда ғана қолданылды. Кеңестік орыстандыру саясаты тек қана тіл емес, жалпы, қазақтардың ұлттық болмысына да терең әсер етті.

Кеңестік дәуірдегі тіл саясатының орыс ұлтынан басқаларға қаталдығы, олардың тіліне деген немқұрайлылығы қазақ тілінің дамуына үлкен кедергі болды. Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстан үкіметі тарапынан тілге жанашырлық өз дәрежесінде көрсетілмеді.

Талқылау нәтижесі

Қазақстандағы тілдердің дамуына байланысты зерттеулер XX ғасырдың 80-жылдарының соңынан бастап неғұрлым белсенді жүргізілді. Ұлттық тілдердің республикадағы дамуына байланысты Б.Х. Хасанов [Б.Х. Хасанов, 1989: 13], О.Б. Алтынбековалардың ғылыми зерттеулерінде қарастырылды. Соның ішінде О.Б. Алтынбекова [О.Б. Алтынбекова, 2006: 20] Орта Азия республикаларындағы тіл саясаты мәселесін қарастыра отырып, Қазақстандағы көші-қон үрдістері және оның республиканың аймақтарындағы тілдік ортаға ықпал етуі, халықтың этникалық құрамындағы өзгерістерін қарастырады.

Қазақтың ұлттық мәдениеті, тіліне байланысты өзекті мәселелер Х.М. Әбжановтың зерттеулерінің басты нысаны болып табылады. Ол тілдің қоғамдағы немесе нақты мемлекеттегі саяси - идеологиялық, экономикалық, демографиялық тағы да басқа ахуалмен өсетіндігін немесе өшетіндігін айта келе, әлеуметтік дамудың жалпы екі моделінің болатындығына тоқталады. Бірі – халықтың өз мемлекеттілігін, шаруашылық-мәдени типін, идеологиясын, болмыс - бітімін диалектикалық байланыс және қатынастар желесінде айқындауы, екіншісі – өзінен күштінің қармағына ілігіп, тәуелді, отар халық ретінде өмір сүруі. Х.М. Әбжанов қазақ халқының аталған

баламалардың екеуін де басынан өткергендігін атап өтеді [Х.М. Абжанов, 2011: 37].

Қазақстандағы тіл тарихын Н.Т. Жанақова [Н.Т. Жанақова, 2006: 39] өз зерттеуінің негізгі нысаны етіп алды. Ол Кеңестік кезеңде қазақ тілінің өркендеуіне кері ықпал еткен мынадай ішкі және сыртқы әлеуметтік-демографиялық процестерді атап көрсетеді: ұжымдастыру немесе қолдан жасалған ашаршылық зардаптары; Кеңес Одағы бойынша, әсіресе Қазақстандағы жаппай индустрияландыру; Ұлы Отан соғысы жылдарында Ресей мен Украинадан ірі өнеркәсіп орындарының Қазақстанға көшірілуі; Кеңес Одағын басқарған Н.С. Хрущевтің тың игеру саясаты. Оның пікірінше, ұжымдастыру жылдарында жіберілген қателіктер мен ашаршылық салдары Қазақстандағы демографиялық процестердің қалыпты арнасын бұзып, қазақ тілінің дамуына орасан зор зиян келтірді.

Тіл саясатын меңгеруде өз үлесін қосатын Э.Д. Сүлейменованың тілдік үрдістер мен саясат мәселесіне арналған монографиясын атап өтуге болады. Аталған еңбекте автор тілдік идеология, тіл саясаты, тілдік жоспарлау сияқты ұғымдарға түсініктер бере отырып, әр түрлі мысалдардың негізінде тілдік идеология мен тіл саясатының түрлерін сипаттайды. Сонымен қатар, Қазақстандағы орыстандыру және қазақтандыру үрдістеріне талдаулар жүргізеді [Э.Д. Сулейменова, 2011: 40].

Нәтижесі

Орыс тілінің таралуы, көбінесе жалпы білім беру жүйесін орыстандыру негізінде іске асты. Осы саладағы соғыстан бұрын қолға алынған іс-шаралар соғыстан кейін күшейе түсті. XX ғ. 50-жж. соңында білім беру саласындағы оқыту тілін таңдау еркінің берілуі, ұлттық мектептер үшін үлкен соққы болды. Осыдан кейін қазақ мектептерінің қысқаруы басталды. Кеңестік білім беру жүйесінің барлық сатылары бойынша тек қазақ тілінде білім алып шығу мүмкін болмады. Орыс тілінен басқа тілдердің болашағының жоқтығы туралы түсінік қалыптасты.

XX ғасырдың 60-жж. ұлттардың жақындасып, шекарасы жоқ, ортақ тілі бар біртұтас халыққа айналдыру идеясының астарында – халықтардың ұлтсызданып, орыс тіліне толығымен көшуі жатты. Әр түрлі ұлттардан құралған өте ауқымды әрі көптілді елді тиімді түрде басқарып, бақылау үшін тек бір тіл мен жазуы бар біртұтас халық жағдайында ғана мүмкін болды. Осындай жүйеге қол жеткізу үшін кеңестік билік өз бағдарын үнемі өзгертіп отырды.

Негізгі бөлім

Соғысқа дейін, орыс тілінің күшеюіне мүмкіндік берген 1938 жылы қабылданған БК(б)ПОрталық Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің «Ұлттық мектептерде орыс тілін оқыту туралы» қаулысын Қазақстан КП Орталық Комитетінің 1948 жылдың 3 тамызында қабылдаған қаулысы одан әрі жалғастырды. 1948 жылы Қазақ К(б)П Орталық Комитеті «Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту туралы» жаңадан қаулы алды. Осы қаулыға сәйкес Оқу министрлігі қазақ мектептерінің I-сыныбынан орыс тілін оқытуды енгізді. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілінің оқулықтары қайтадан қаралды. Тәжірибе ретінде 5 қазақ мектебінің 8-10 сыныптарында математика, физика, химия пәндері орыс тілінде оқытылатын болды [Д. Махат, 2007: 16].

1948 жылы Қазақстан КП Орталық Комитеті іс қағаздарын ішінара қазақша жүргізу туралы шешім қабылдап, ауыл шаруашылығы, медициналық, педагогикалық, дене тәрбиесі орта арнайы оқу орындарында оқитын басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету үшін оқу жоспарына 300 сағаттан уақыт бөлуді тапсырды. Бірақ, осы шараны жүзеге асыру үшін Мәскеудегі тиісті министрліктің рұқсаты алынатын болсын, делінді шешімде. Ал, орталықтан нақты жауап болмады. 50-жылдардың аяғына дейін институттар мен университетке қабылдау емтихандары негізінен орыс тілінде жүрді. Қазақ мектебін бітіргендер үшін бұдан артық қиыншылық болған

жоқ. 1954 жылы Алматыдағы мал дәргерлік, ауыл шаруашылық, медициналық институттарға Гурьев облысындағы қазақ мектептерін бітірген 174 талапкер құжат тапсырғанымен, орысша білмегендіктен олардың 17-сі ғана сынақтан өткен [Х.М. Әбжанов, 2007: 214].


Білім беру саласындағы қазақ тіліне деген немқұрайлылық, сол уақыттағы жастардың ұлттық мүдде, намысқа деген немқұрайлылықты тудырды. Оны тағы да Б. Момышұлының атақты хатынан үзінді келтіру арқылы дәлелдеуге болады: «Қазақ мектебінде оқымағаннан кейін, қазақ балалары көшеде ойнап жүргенде де, орысша былдырласып, осы кезде ана тілінен мүлдем құр қалған жастар қалада көбейіпті. Жас балалар былай тұрсын, менің майданда қайтыс болған жолдасым Рахимовтың 22-дегі інісі үйіме келіп отырып:

– Я по вашему не умею разговаривать, – деп орысша сөйлесті.

Бір жігіттің үйлену тойында бес-алты 20 жастан асқан қазақ қыздары, жалпы қазақтың ішінде өн бойы орысша сөйлеп отырысты.

– Қыздар, қазақша сөйлемесеңдер, мен орысшаларыңа түсінбеймін,– деген соң жым-жырт үндемей отырысты. Себебі қазақша сөйлей білмейді екен. Біреуіне сөз бергенде (жоғары кеңесте істейді екен): –Жолдастар, конечно мен қазақша не говорю, сондықтан извените меня, я по русский буду говорить,– деп орысша сөйлегенде қайран орыс тілін тағы да әбден былықтырды. Осы кезде қазақша тілі шыққан жас балалар кездессе оған таңғалып қарайтын болыпты» [Б. Момышұлы, 2008: 22]. Осы хатында Б. Момышұлы жоғарғы оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы міндетті пән болу керек деп ұсыныс айтады.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің V съезіне арналған есепті баяндамасында орыс тілін оқыту дәрежесінің төмен болып отырғандығы айтылып, «орыс тілін білмейінше сауатты, озат, барлық жағынан мәдениетті адам болуға болмайтындығын ұмытпау керек» деп атап көрсетілді. «Республикалық мерзімді баспасөз беттері мен мұрағат құжаттары қазақ мектептерінде орыс тілінің оқытылуы туралы материалдарға толы болып, қазақ тілінің жайы тасада қала берді, аракідік қазақ тілі оқулықтарының сапасы ғана тілге тиек етілді. Осылайша қазақ тілі отбасы, ошаққасы тіліне айнала бастағандықтан көптеген ата-аналар балаларын орысша оқытуға мәжбүр болды» [Х.М. Әбжанов, 2007: 213]. Қазақстандағы оқушылардың санына байланысты қолда бар статистикалық көрсеткіштерге назар аударсақ (сурет 1), 1952-1953, 1954-1955 оқу жылдарында барлық облыстар бойынша оқушы қазақтардың санының бірқалыпты дамығандығын көреміз [ЦГА РК. Ф. 1692, 1-т., 2619-і., 199-п.; 159, 1-т., 2278-і., 111-п.]. Дегенмен, жалпы оқушылардың ішіндегі үлес салмағының төмен болғанын байқауға болады. Сонымен қатар, қарастырылып отырған деректерде қазақ оқушыларының өзінің қай тілде білім алғандықтары жіктелмеген.



Сурет 1 – 1952-1953, 1954-1955 оқу жылдарындағы Қазақстандағы оқушылардың саны

Орыс мектептерінде төмен дәрежеде тұрған қазақ тілі пәнінің дамуында көптеген кедергілер кездесті. 1953 жылы Оқу-ағарту министрлігі тарапынан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне өтініш жазылып, орыс мектептерінің бағдарламасынан қазақ тілі пәнін алып тастауға ұсыныс білдіріледі. Осы өтінішке орай, 1953 жылдың 16-21 қарашасында Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Сужиковтың қатысуымен арнайы кеңес өтеді. Мәселені талқылай келе кеңеске қатысушылар пікірі екіге жарылады. Бір топ – Министрліктің өтінішін қолдап, орыс мектептеріндегі қазақ тілін оқытуды тоқтату керек деген пікірді ұстанса, екінші топ – қазақ тілін оқытуды жалғастыра беру керек деген пікірде болады. Жоғарыда келтірілген фактілердің барлығы осы кеңес барысында мәлім болады. Қазақ тілі пәнін оқытуды жақтаушылардың «орыс мектептерінде қазақ балалары оқитынын, ал олардың қазақ тілін өтпесе ана тілінен ажырайтынын баса айтып, болашақта халықпен тікелей араласатын дәрігер, агроном, зоотехниктердің ауылды жерге барғанда түсінісуі қиындық тудырады» деген пікірлері орынды еді. Кеңеске қатысушылар ортақ бір шешімге келе алмай, «әлі де ойлануды қажет ететін мәселе» деп аталған мәселені кейінге қалдырады [А.Ә. Рамазан, 2010: 70]. «Қазақ баласы орыс тілінде әдеби сөйлей білуі шарт» деп қатаң талап қойып отырған Оқу-ағарту министрлігінің Кеңестер Одағының орталық бөлігінен қоныс аударушылардың балаларын қазақ тілі пәнін оқытудан босатып, үлкен қолдау білдіргендіктері сол уақыттағы тіл саясатының мәнін анық көрсетті.


XX ғасырдың ортасында Қазақстандағы қазақ тілінде білім беретін мектептердің өсу қарқынында белгілі бір деңгейде төмендеу бағыты байқалды. 1952-1953, 1954-1955 оқу жылдарындағы Қазақстандағы мектептер санын салыстырмалы түрде қарастырсақ (сурет 2), Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстарынан басқа аймақтарда қазақ мектептерінің азаю бағыты байқалды [ЦГА РК. Ф. 1692: 199 б.; 159, 1-т., 2619-і., 199-п.]. Осы жылы жалпы республика бойынша мектептер саны 70-ке өскенімен, қазақ мектептері 4-ке қысқарды. Облыстардағы қазақ мектептері негізінен ауылдық, аудандық

мектептердің есебінен толықты. Ал, қалалық қазақ мектептерінің санының аз болғандығы сөзсіз. Мысалы, осы жылдары Алматы қаласындағы қазақ мектебінің саны 2-ден аспады. Осы көрсеткіштің ұзақ жылдар бойында сақталғандығы белгілі.



Сурет 2 – 1952-1953, 1954-1955 оқу жылдарындағы Қазақстандағы мектептер саны

XX ғасырдың 50 жылдары қазақ тілінің дамуына тежеу салатын шешімдер қабылданады. Бұл орыс тілінің мәртебесін жоғарлату үрдісінің күшейгендігін көрсетті. 1955 жылдың 4 маусымында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Орыс мектептерін қазақ тілін міндетті оқытудан босату туралы» № 450 бұйрығы жарық көреді [М.К. Айбасова, 1997: 225]. Онда орыс тілінде білім алатын бастауыш, жетіжылдық және орта мектептердің оқушыларының қазақ тілін міндетті түрде оқудан босатылатындығы мәлімденеді. Ал, қазақ тілін оқуға ынта білдіргендер үшін қазақ тілін үйретуді ұйымдастыру тапсырылады. Сөйтіп, республика мектептерінің оқу жоспарларына өзгерту енгізу мәселесі қойылады. Осы бұйрықты негізге ала отырып, орыс мектептерінің 1955-1956 жылғы оқу жоспарынан қазақ тілі пәні алынып тасталынады. Бұл қазақ тіліне үлкен соққы болып тиді. Орыс тілінің мәртебесін көтеру шаралары қазақ мектептерінің біртіндеп азая бастауына негіз болды. Сурет 3-тегі сандық мәліметтер, 1951-1952–1965-1966 оқу жылдары аралығында республика бойынша мектептердің санының өсіп, ал қазақ тілінде білім беретін оқу орындарының азайғандығын көрсетеді [ЦГА РК. Ф. 1692: 1-т., 2086-і., 230-п.; 2-т., 1277-і., 4-п.]. 1951-1952–1954-1955 оқу жылдарында қазақ мектептеріне байланысты біршама тұрақтылық болғанымен, 1954-1955 оқу жылынан кейін үнемі төмендеу қарқынын ала бастады. Сөйтіп, 1951-1952–1965-1966 оқу жылдары аралығында мектептер саны 514-ке өсіп, ал қазақ мектептері 1308-ге кеміп кеткен.



Сурет 3 – 1951-1952 – 1965-1966 оқу жылдарындағы Қазақстандағы мектептер саны

Жалпы білім беру саласындағы қазақ тілінің жағдайы төмен дәрежеде тұрғанда, жоғары білім беру саласы да осы деңгейден асып кетпеді. Жоғары оқу орындарында бұдан бұрын оқытылып келген қазақ тілі оқу бағдарламаларынан алынып тасталды. Соның айқын дәлелі КСРО мәдениет министрілігі оқу орындары басқармасының 1955 жылғы 24-қарашасындағы №20-5425/5 директивалық хаты мен КСРО жоғары білім министрілігі бойынша 1955 жылғы 21-қыркүйектегі «Жоғары оқу орындарында шет тілдерді оқытуды жақсарту туралы» № 953 бұйрығы негізінде мемлекеттік консерваторияның сол уақыттағы ректоры И. Круглыхин 1955 жылдың 12-желтоқсанында қол қойған бұйрығының мазмұны былайша сипатталды: «Бұйырамын:

1. 1955 жылғы 13 желтоқсаннан бастап барлық курстар мен топтарда қазақ тілі сабақтары алынып тасталсын;

2. 3-курс студенттерінің 2 жыл бойы қазақ тілін өтуіне байланысты қазіргі үлгерімі негізінде осы курс бойынша сынақ өткізілсін;

3. 1 және 2 курстарда қазақ тілінен сынақтар алынып тасталсын;


4. Қазақ тілінің оқытушысы К.Б. Байқадамова жолдас қазақ тілін оқытудың тоқтатылуына байланысты, штаттың қысқаруы себепті осы жылдың 13 желтоқсанынан бастап консерваториядағы жұмыстан босатылсын» [Х.М. Әбжанов, 2007: 216].

Жалпы, кеңестік дәуірдегі Қазақстанда жүргізілген тіл саясаты өзінің құбылмалылығымен сипатталады. Онда бірде қазақ тілінің дамуына теріс ықпалды шешімдер шығарылса, бірде оны қолдағандай шаралар қабылданды. Соның бір айғағы - 1957 жылдың 2 ақпанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Орыс тілінде білім алатын оқушы-қазақтардың ана тілін міндетті түрде оқуы туралы» №45 қаулысы қабылданады [М.К. Айбасова, 1997: 226]. Онда 1957 жылдың 1 қыркүйегінен бастап орыс тілінде оқитын оқушы-қазақтарды міндетті түрде қазақ тілін оқуға міндеттеу, сол сияқты қазақ тілін үйренуге ниет білдірген басқа ұлт өкілдерінің оқушыларына қазақ тілін үйретуді қолға алу Оқу-ағарту министрлігіне тапсырылады. Осы құжат бойынша қазақ тілін оқыту қазақ оқушыларына II-VII сыныптар аралығында, ал басқа ұлттардың оқушылары үшін V-VII сыныптар аралығы болып белгіленеді. Сонымен бірге, орысша оқитын VIII-сыныптың қазақ оқушылары үшін ана тілі мен әдебиетінен сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастыру қарастырылды. Одан басқа, аталған шараларға байланысты оқулықтар дайындап, шығару көзделеді.

Қазақ тілімен қатар, республикадағы ұсақ ұлттардың тіліне байланысты да оң шешімдер қабылданады. Алғашқы болып, 1957 жылдың 2 ақпанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің

«ҚазКСР мектептеріндегі неміс ұлтының балаларына ана тілін оқытуды енгізу туралы» қаулысы шықты [М.К. Айбасова, 1997: 228]. Онда 1957-1958 оқу жылының екінші жартысынан бастап неміс ұлты көп шоғырланған аймақтардағы мектептердің II-IV сыныптарында аптасына 2 сағат неміс тілін оқыту шешімі шығарылады. Осы мағынадағы қаулы 1958 жылдың 11 шілдесінде корей ұлтының оқушыларына да арналып, қабылданды [М.К. Айбасова, 1997: 232]. Ол «ҚазКСР мектептеріндегі корей ұлтының балаларына ана тілін оқытуды енгізу туралы» деп аталды. Онда 1958-1959 оқу жылында Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан облыстарының корей ұлты көп шоғырланған аймақтардағы мектептердің II-IV сыныптарында аптасына 2 сағат корей тілін оқыту қарастырылды. Ал, 1960 жылдың 10 желтоқсанында дүнген тілін оқыту туралы қаулы қабылданды [М.К. Айбасова, 1997: 233]. Ол «Жалпы білім беретін мектептердің V-VIII сыныптарында дүнген ұлтының балаларына дүнген тілін оқыту туралы» деп аталды. 1957-1960 жылдардың аралығында ұсақ ұлттардың тілін мектептерде оқыту туралы қаулылардың қатарында қазақ тілінің де қамтылуы, оның дәрежесінің Қазақстандағы неміс, корей, дүнген тілдерінің қатарында тұрғандығын көрсетеді.

XX ғасырдың 50-ші жылдарының екінші жартысында тіл саясатына тікелей қатысы жоқ, бірақ тілдік ахуалға әсер еткен заңнамалық жоба қабылданды. Ол Кеңес Одағындағы ортақ тіл - орыс тілін одақ құрамындағы республикалардың барлығында мәртебесін жоғарылатуға бағытталған жоспарлы шаралардың бірі болды. 1958 жылы қабылданған заң «Мектептің өмірмен байланысын күшейту туралы» деп аталды [А.С. Барсенков, 2006: 467]. Аталған реформаның негізгі идеясы – оқушыларды еңбекке, қоғам үшін қажетті мамандықтарға мектепте оқып жүргенде бейімдеу болғанымен, осы заңдық құжаттың негізінде ата-аналар мектептерді таңдау еркіне ие болды. Бұл жерде білім беру мекемесінің тілдік ерекшелігі есепке алынбады. Ал, осы уақытта жоғары білім беру саласында орыс тілі басымдық таныта бастады. Тек жоғары оқу орындары ғана емес, жалпы қоғамда орыс тілінің беделін көтермелейтін саяси, әлеуметтік, моральдық жағдай жасалған болатын. Сондықтан, ата-аналар балаларының болашақтағы карьерасы мен олардың әлеуметтік ортадағы белсенділігін қамтамасыз ету мақсатында орыс тіліне үлкен мән берді. Жоғарыда аталған заң осы үрдістің жылдам әрі белсенді жүруіне себепші болды. Оны 1958 жылдан кейінгі уақыттағы мектептердің көрсеткіштерінен байқаймыз.



Сурет 4 - 1959-1960 оқу жылындағы Қазақстан мектептерінің тілдік жіктелісі

Сурет 4-те көрсетілген 1959-1960 оқу жылындағы Қазақстан мектептерінің тілдік жіктелісіне назар аударсақ, мемлекеттің тіл саясаты саласында жүргізіп отырған іс-шараларының нақты нәтижелер бергендігін байқаймыз [ЦГА РК. Ф. 1692: 2-т., 248-і., 6-п.]. Қазақ және орыс мектептерінің арақатынасы жақын болғанымен, оларда білім алатын оқушылардың арақатынасында үлкен алшақтық жатты. Қазақстан оқушыларының 18 пайызын қазақ тілінде оқитындар, ал 79 пайызын орыс тілінде білім алатындар құрады. Осы мәліметтің өзі кеңестік дәуірдегі қазақ тілін дамытуға деген немқұрайлылықты білдіреді.

Одан басқа, қазақ балаларының орыс тілінде оқуға ұмтылысына республиканың ұлттық құрамына байланысты өзгерістері де әсер етті. Қазақстанға соғыс жылдарынан - тың игеруге дейінгі аралықта сырттан келгендердің есебінен орыс тілінде сөйлеушілердің саны артты. Аталған өзгерістер қазақ мектептерінің азайып, орыс тілінде білім беретін мектептердің санының ұлғаюына ықпал етті. Қалалық жерлердегі қазақ мектептерінің аздығы да қазақ балаларының орыс тілінде білім алуларына басты себеп болды. Қазақстан қалаларындағы қазақ мектептерінің санының тапшы болғандығын, сурет 5-те берілген 1960-1961 оқу жылындағы мәліметтер арқылы байқауға болады[ЦГА РК. Ф. 1692: 2-т., 419-і., 2-п.]. Қарастырылып отырған жылдағы қазақ мектептерінің қалалардағы үлесі 5 пайызға де жеткен жоқ. Маңғыстау, Петропавл, Целиноград қалаларындағы қазақ мектептері 1- ден аспаса, сол кезеңдегі республика астанасы – Алматы қаласының өзінде 2-ақ мектеп болды.




Сурет 5 – 1960-1961 оқу жылындағы Қазақстандағы қазақ тілінде білім беретін мектептер саны

Қазақ мектептері көп қалалар Қарағанды, Гурьев, Қызылорда және Шымкент қалалары болып табылды.

1958 жылы 12 ақпанда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің "Республиканың қоғамдық және кооперативтік ұйымдарында мемлекеттің аппаратта іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді жақсарту шаралары туралы" қаулысы шықты [М.К. Айбасова, 1997: 228]. Қаулының негізінде орыс мектептерінде 8-сыныпқа дейін қазақ тілі аптасына 2 рет 4 сағаттан оқытыла бастады.


Сонымен, XX ғасырдың ортасында білім беру саласында орыстандыру үрдісі күшейе түсті. Ұлттық мектептердің саны өсудің орнына, төмендеу бағытын алды. Аталған мектептердің білім беру сапасы да нашарлады. Себебі, оған оқу құралдары мен педагогикалық кадрлар мәселесінің дұрыс шешім таппауы немесе қолға алынбауы теріс әсер етті. 1950-ші жылдарда орын алған қоғамдағы осындай өзгерістердің нәтижелері одан кейінгі жылдары нақты көрініс бере бастады. 1960-1961 оқу жылындағы жалпы республика бойынша мектептердің білім беру тілі бойынша көрсеткіштері былайша сипатталды: 3018 – қазақ, 4460 – орыс, 56 – өзбек, 19 – ұйғыр, 2 – тәжік, 1621 – екі немес бірнеше тілде білім беретін (оның ішінде 1514 – орыс-қазақ аралас мектептері) болды [ЦГА РК. Ф. 1692: 2-т., 603-і., 4-п.]. Бұл мәліметті сурет 6-да көрсетілген 1960-1961 оқу жылдарындағы Қазақстандағы оқушылардың саны тереңірек ашады. Ондағы қазақтардың үлесін қарастырғанда, олардың барлық облыстар бойынша деңгейлерінің төмен тұрғандығын байқауға болады. Сонымен бірге, аталған оқушылардың қай тілде білім алғандығы туралы мәліметтер жоқ. Ол оқушы-қазақтардың шамамен алғанда жартысына жуығының орыс тілінде білім алғандықтары сөзсіз. Сонда, қазақ тілінде оқитындардың деңгейі одан да төмен болғандығын болжау қиын емес.



Сурет 6 – 1960-1961 оқу жылдарындағы Қазақстандағы оқушылардың саны

Қазақ тілінде білім беруді барынша тежеу мысалдары көптеп кездесті. Алматы қаласының Медеу ауданының Қабанбай батыр және Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан қазақ орта мектебі 1960 жылы бір-ақ күнде себепсізден-себепсіз жабылып, орнына орыс тіліндегі мектеп-интернат ашылды. 1924 жылдан бері білім беріп келе жатқан қазақ мектебінің жабылуына қарсы ешкім қарсылық көрсете алмады. Тек, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Алматыдағы жұртшылықтың талабы қанағаттандырылып, 1991 жылы бұл мектеп Ы. Алтынсарин атындағы №159 қазақ орта мектебі болып қайта ашылды [Х.М. Әбжанов, 2007: 216].

1961-1962 оқу жылында Қазақстанда 3018 – қазақ, 4460 – орыс, 56 – өзбек, 19 – ұйғыр, 2 – тәжік, 1621 – екі немесе бірнеше тілді мектеп (оның ішінде 1514-орыс-қазақ мектебі) болды [ЦГА РК. Ф. 1692: 4-п.]. Қарастырылып отырған жылдары республикадағы қазақ оқушыларының үлесі алдыңғы жылдармен салыстырғанда ұлғаймады (сурет 7). Жалпы оқушылардың ішіндегі қазақтардың пайыздық деңгейі 32-ге тең болды. Оның өзінде олардың басым бөлігі орыс тілінде білім алғандықтары белгілі [ЦГА РК. Ф. 1692: 2-т., 771-і., 4-п.].



Сурет 7 – 1962-1963 оқу жылдарындағы Қазақстандағы оқушылардың саны

XX ғасырдың 60-70 жылдары тіл саясатында білім беру мекемелерінде шет тілдерін оқуға қатысты өзгерістер болды. 1961 жылдың 9 қазанында «Республикадағы шет тілдерін оқытуды жақсарту туралы» қаулы қабылданады [М.К. Айбасова, 1997: 234]. Онда Қазақ КСР Министрлер Кеңесі білім беру мекемелеріндегі шет тілдерін оқыту белгілі бір деңгейде жолға қойылғанымен, әлі де күрделі жетіспеушіліктердің бар екендігін мәлімдейді. Әр түрлі дәрежедегі білім беру орындарын бітірушілердің көпшілігінің шет тілдерін өте әлсіз меңгеретіндіктері айтылады. 1975 жылдың 29 сәуірінде Қазақстанның КП Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің «Кейбір жалпы білім беретін мектептерде араб тілін оқыту мен сол мектептер үшін педагогикалық кадрлар даярлау туралы» қаулысы қабылданады. Онда 1977-1978 оқу жылында 10 жалпы білім беретін мектептер мен мектеп-интернаттарда 2 сыныптан бастап шет тілі ретінде араб тілін енгізуді ұйымдастыру тапсырылады. Соған байланысты атқарылатын шаралардың кешені құрастырылады. Оны іске асыру Қазақ КСР-нің Бас жоспар, Ғылым Академиясы, Оқу-ағарту министрлігі мен Жоғары және орта арнайы білім беру министрліктеріне тапсырылады. 1970 жылға қарай ұлттық өңірлерден келген талапкерлерді Ресей, Белорусия, Украина мемлекеттеріндегі педагогикалық институттарындағы «орыс тілі және әдебиеті» мамандығына конкурстан тыс қабылдау тәжірибесі қолға алынды.

Ұлттық интеллигенция өкілдерінің арасында да өзінің ана тіліне қарағанда, орыс тілін өте жақсы меңгерген және де қызмет бабында, шығармашылық жұмыста орыс тілін жоғары қоюшылардың саны артты. Соның нәтижесінде ұлттық тілде кітап басу санының, радиохабарлар тарату көлемінің, ұлттық театрлардағы репертуарлардың қысқару құбылыстары байқалды. Ал, осындай өзгерістер өз кезегінде ұлттық мәдениеттің беделін түсірді, одан әрі ұлттық тілде сөйлеуге, білім алуға деген қызығушылықты түсіріп, немқұрайлылықты қалыптастырды.

XX ғасырдың 60-жылдары Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі қазақ тілінде оқытатын мектептердің азаю бағыты одан әрі жалғасты. Мысалы, 1964-1965 оқу жылында республика бойынша 2587 - қазақ, 4629 - орыс, 52 - өзбек, 20 - ұйғыр, 1667 – екі немесе бірнеше тілде білім беретін мектеп (оның ішінде 1567 – орыс-қазақ, 23 – қазақ-өзбек, 16 – қазақ-ұйғыр) болды [ЦГА РК. Ф. 698: 4 б.]. Ал, 1965-1966 оқу жылындағы Қазақстандағы мектептердің тілдік жіктелісі былайша бейнеленді: 2496 – қазақ, 4771 – орыс, - 48 – өзбек, 20 – ұйғыр, 1677 – екі немесе бірнеше

тілде білім беретін мектептер (оның ішінде 1579 – орыс қазақ, 25 – қазақ-өзбек, 20 – қазақ-орыс-ұйғыр, 19 – орыс-өзбек, 13 – қазақ-ұйғыр) [ЦГА РК. Ф. 698: 2-т., 1277- і., 4-п.]. Бір оқу жылының өзінде 91 қазақ мектебі жабылып қалса, орыс мектептері 142-ге көбейді.

XX ғасырдың ортасынан бастап, қазақ мектептерінің өсу қарқынының төмен немесе кері кетуі салдарынан, 70-жылдары ұлттық мектептермен салыстырғанда орыс мектептерінің басымдылығы артты. Одақтас республикалардың ішінде Қазақстан алдыңғы орында тұрды. Республикадағы оқушылардың 68 пайызы орыс тілінде білім алды. Қарастырылып отырған кезеңде Партия тарихы институтында қызмет атқарған ғалым Т. Кәкішев қазақ мектептерінің кеңес дәуіріндегі жағдайына байланысты былай пікір білдіреді: «Қазақ мектептерінің трагедиясы тым әріден басталады. Қазақ мектептерінің жабылуы жығылғанға жұдырық болды. Хрущев «патша заманында жасай алмаған дүниелерді біз кеңес заманында жасаймыз» деп ұрандатты. Сондықтан орыс тілі арқылы 1980 жылға дейін коммунизм орнатамыз деп жанталасуының астары сол еді. «Қазақ мектептері жабылып жатқан жоқ, біз ірілендіріп жатырмыз» деп өздерін ақтап алғысы келді. Шындығында, Сталиннің тұсында төрт орысы бар ауылда орыс мектебін салды. Қара домалағы көп қазақ ауылдарындағы қазақ мектептері жабылды. Олар қазақты ана тілін ұмыттырып, тәуелді етудің төте жолын іздеді. Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалатынын» нақты жүзеге асырмақ болды» [Т. Кәкішев, 2011: 46].

Білім беру саласындағы тіл саясатын жүргізу барысында қазақ тілін кешенді түрде дамыту шаралары қарастырылмады. Оның орынына ұсақ немесе жанама шешімдер қабылданып отырды. Мысалы, 1978 жылдың 27 ақпанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі қазақ және ұйғыр тілдерінде білім беретін мектептердің оқушылары үшін оқулықтарды тегін пайдалануға көшіру туралы шешім шығарады [М.К. Айбасова, 1997: 241]. Бірақ, осы шарадан кейін қазақ мектептерінің жағдайы жақсарып кетпеді.

XX ғасырдың 60-70-жылдарында қазақ мектептерінебайланысты жаңа өзгерістер енгізілді. Қазақша білім алған бала болашақта күнін көруі қиынға соғады деген теріс ұғым қалыптасып, орыс тілін терең меңгерудің әрі интернационалдық тәрбиенің бірденбір дұрыс жолы аралас мектептер жасау деген пікір қолдауға ие болып, республикада аралас мектептер пайда бола бастады. Қазақ КСР Оқу министрлігінің сол жылдардағы бірінші орынбасары А.В. Щербаков «Интернационалдық тәрбиені күшейтуде аралас мектептердің ролі» деген тақырыпта диссертация қорғаған мәжілісте С. Мұқанов, Ә. Шәріпов, І. Жарылғапов сияқты белгілі жазушылар бұл зерттеуге ашық түрде қарсы шықты. Олар бұл диссертациядағы идеялар іске асқан жағдайда қазақ мектебінің, қазақ тілінің жағдайы мүлдем қиындайтындығын айтты. Дегенмен, қарсылықтарға қарамастан диссертацияға оң баға беріліп, оны Мәскеу бірден бекітеді [Х.М. Әбжанов, 2007: 217].

1979 жылдың 13 шілдесінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесі орыс тілін оқытуды енгізу туралы қаулы шығарады [Х.М. Әбжанов, 2007: 242]. 1980 жылдың 1 қыркүйегінен мектепке дейінгі мекемелердегі орыс тілін білмейтін балалар үшін, ал 1979-1980 оқу жылынан жалпы білім беретін дайындық сыныптарында аптасына 3 сағат көлемінде орыс тілін оқыту көзделеді.

Білім беру жүйесі – орыстандыру саясатының ең басты нысандарының бірі болды. Осыған байланысты орыс тілін оқытуға арналған оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламаларды сапалы түрде жазып, үнемі жетілдіріліп отырды. Кеңестік дәуір жылдарында барлық білім беру мекемелерінде орыс тілін міндетті пән ретінде біртіндеп енгізу жүзеге асырылды. Ал, қазақ тілін оқытудан, керісінше, орыс мектептері босатылды. Орыс тілі мен әдебиетінің оқытушыларын мақсатты түрде даярлау, қайта даярлауға көңіл бөлінді.

Қазақстандағы орыстандыру саясаты славян тілді халықтардың миграциясы есебінен де жүзеге асырылды. Үздіксіз жүргізілген көші-қон үрдісінің нәтижесінде, Қазақстандағы қазақтардың деңгейі төмендеп, өз елінде аз этносқа айналды. Соғыс жылдарында республикаға

шамамен алғанда он мыңдаған, тіпті жүз мыңдаған басқа ұлт өкілдерінің көшіп келулері, 1950 жылдардың ортасынан басталған тың игеру науқаны қазақ халқының үлес салмағының азаюына, басқа ұлт өкілдерінің (әсіресе, славян тілділердің) көпшілікке айналуына, соның нәтижесінде қоғамның барлық саласында орыс тілінің басымдық танытуына, оның ішінде, биліктің орыстілді болуына, қоғамда осы тілді жоғары санайтындардың санының өсуіне алып келді. Тіл саласында қалыптасқан ахуалға байланысты, Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Қазақстанның қалаларында қазақ мектептерінің жабылып, жоғары оқу орындарында мамандарды тек қана орыс бөлімдерінде дайындау құбылысы байқалды. Қазақстанның астанасы болған Алматы қаласында бір қазақ орта мектебі ғана жұмыс жасады. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиетінен басқа мамандықтардың барлығы тек орыс тілінде оқытылды. Республиканың жоғары оқу орындарына түсу үшін талапкерлер орыс тілінен емтихан тапсыруға міндетті болды. Білім беру саласының орыстануы жалпы қоғамның орыстануына тікелей әсер етті.

Қорытынды

Бүгінгі күнде кеңестік дәуірдегі білім беру саласындағы тіл саясатының салдары әлі де сақталуда. Солтүстік аймақтарда оқушылардың көпшілігін орыс тілділер құрайды. Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстарында тәуелсіздік тұсында ғана қазақтардың саны көбейе бастады. Ал, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарында қазақтардың саны әлі күнге дейін азшылық болуда. Осы жағдай мемлекеттік тілдің қолданыс аясын осы өңірлерде кеңейтуге айтарлықтай кедергілер келтіруде. Кеңестік дәуір жылдарынан қалған қалған психологиялық қысым, қазақтардың ана тіліне деген селқостығы мен немқұрайлылығы, Қазақстанда тұратын ұлттардың қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін сезінбеуі немесе мойындамауы - кеңестік тіл саясатының білім беру жүйесінде барынша терең жүргізілгендігінің көрсеткіші болып табылады.

Әдебиеттер

Абжанов Х.М. Түркі әлеміндегі Қазақстан: іргелі тарих және методология. – Петропавл: АО «Полиграфия», 2011. – 364 с.

Алтынбекова, О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане: монография. - Алматы: Экономика, 2006. – 415 с.

Әбжанов Х.М. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт: ғылыми басылым / Х. Әбжанов. - Астана: Ана тіл - Ата тарих, 2007. - 271 б.

Барсенков А.С., Вдовин А.И. История России: учебное пособие для студентов вузов /А.С. Барсенков, А.И. Вдовин. – М.: Аспект Пресс, 2006. – 816 с.

Бір хаттың сыры / Б. Момышұлы // Жалын. - 2008. - № 5. – Б. 26-30.

Жанақова Н.Т. Қазақстандағы тіл тарихы: оқу құралы / ҚР Мәдениет және ақпарат мин-гі. Тіл комитеті. - Алматы: Арда, 2006.- 192 б.

Кәкішев Т. Қазақтың әдебиеті мен мәдениеті өркендеді // Аңыз адам. – 2011. - № 18. – 10 б.

Махат Д. Тілмен ділтағдыры: Тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат: мақалалар мен зерттеулер. – Астана , 2007. – 192 б.

Рамазан А.Ә. Қазақ баспасөзі және Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу, даму жолдары: ф.ғ.д. ... дис. – Алматы, 2010. – 242 б.

Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика: монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 117 с.

Хасанов Б.Х. Национальные языки,двуязычие и многоязычие:поиски и перспективы: научное издание. – Алма-Ата: Казахстан, 1989. – 135 с.

ЦГА РК. Ф. 1692 Министерство просвещения КазССР. Сводные отчеты о работе школ республики за 1961-1962 учебный год.

ЦГА РК. Ф. 1692 Министерство просвещения КазССР: отчет Министерства просвещения КазССР о работе школ республики за 1952-1953 учебный год.

ЦГА РК. Ф. 1692 Министерство просвещения КазССР: отчет Министерства просвещения КазССР о работе школ республики за 1951-1952 учебный год.

ЦГА РК. Ф. 1692 Министерство просвещения КазССР: отчет Министерства просвещения КазССР о работе школ и органов народного образования за 1965-1966 учебный год.

ЦГА РК. Ф. 1692 Министерство просвещения КазССР: отчет Министерство просвещения КазССР об итогах работы школ за 1959-1960 учебный год.

ЦГА РК. Ф. 1692 Министерство просвещения КазССР: отчет Министерства просвещения КазССР о работе школ республики за 1960-1961 учебный год.

ЦГА РК. Ф. 1692 Министерство просвещения КазССР: статистические отчеты о работе школ республики за 1962-1963 учебный год.

ЦГА РК. Ф. 698 – Центральное статистическое управление при Совете Министров КССР (1938-1969 гг.).

Языковая политика в Казахстане (1921-1990 годы): Сб. документов / Сост. М.К. Айбасова, Р.К. Имажанова, Г.Т. Исахан, Б.Ж. Кабдушев. – Алматы: Қазақ университеті. – 1997. – 325 с.

References

Abjanov H.M. Túrki álemindegi Qazaqstan: irgeli tarıh jáne metodologıa. – Petropavl: AO «Polıgrafıa», 2011. – 364 s.

Altynbekova, O.B. Etnoıazykovye protsessy v Kazahstane: monografıa. - Almaty: Ekonomıka, 2006. – 415 s.

Ábjanov H.M. Qazaqstan: tarıh, til, ult: ǵylymı basylym / H. Ábjanov. - Astana: Ana til - Ata tarıh, 2007. - 271 b.

Barsenkov A.S., Vdovın A.I. Istorıa Rossıı: ýchebnoe posobıe dlıa stýdentov výzov /A.S. Barsenkov, A.I. Vdovın. – M.: Aspekt Press, 2006. – 816 s.

Bir hattyń syry / B. Momyshuly // Jalyn. - 2008. - № 5. – B. 26-30.

Janaqova N.T. Qazaqstandaǵy til tarıhy: oqý quraly / QR Mádenıet jáne aqparat mın-gi. Til komıteti. - Almaty: Arda, 2006.- 192 b.

Kákishev T. Qazaqtyń ádebıeti men mádenıeti órkendedi // Ańyz adam. – 2011. - № 18. – 10 b.

Mahat D. Til men dil taǵdyry: Tarıhı derekter, ýaqyt bederi jáne aqıqat: maqalalar men zertteýler. – Astana , 2007. – 192 b.

Ramazan A.Á. Qazaq baspasózi jáne Qazaqstandaǵy til saıasatynyń qalyptasý, damý joldary: f.ǵ.d. ... dıs. – Almaty, 2010. – 242 b.

Sýleımenova E.D. Iazykovye protsessy ı polıtika: monografıa. - Almaty: Qazaq ýnıversıteti, 2011. – 117 s.

Hasanov B.H. Natsıonalnye ıazykı,dvýıazychıe ı mnogoıazychıe:poıskı ı perspektıvy: naýchnoe ızdanıe. – Alma-Ata: Kazahstan, 1989. – 135 s.

TsGA RK. F. 1692 Mınısterstvo prosveshenía KazSSR. Svodnye otchety o rabote shkol respýblıkı za 1961-1962 ýchebnyı god.

TsGA RK. F. 1692 Mınısterstvo prosveshenía KazSSR: otchet Mınısterstva prosveshenía KazSSR o rabote shkol respýblıkı za 1952-1953 ýchebnyı god.

TsGA RK. F. 1692 Mınısterstvo prosveshenía KazSSR: otchet Mınısterstva prosveshenía KazSSR o rabote shkol respýblıkı za 1951-1952 ýchebnyı god.

TsGA RK. F. 1692 Mınısterstvo prosveshenía KazSSR: otchet Mınısterstva prosveshenía KazSSR o rabote shkol ı organov narodnogo obrazovanıa za 1965-1966 ýchebnyı god.

TsGA RK. F. 1692 Mınısterstvo prosveshenía KazSSR: otchet Mınısterstvo prosveshenía KazSSR ob ıtogah raboty shkol za 1959-1960 ýchebnyı god.

TsGA RK. F. 1692 Mınısterstvo prosveshenía KazSSR: otchet Mınısterstva prosveshenía KazSSR o rabote shkol respýblıkı za 1960-1961 ýchebnyı god.

TsGA RK. F. 1692 Mınısterstvo prosveshenía KazSSR: statıstıcheskıe otchety o rabote shkol respýblıkı za 1962-1963 ýchebnyı god.

TsGA RK. F. 698 – Tsentralnoe statıstıcheskoe ýpravlenıe prı Sovete Mınıstrov KSSR (1938-1969 gg.).

Iazykovaıa polıtıka v Kazahstane (1921-1990 gody): Sb. dokýmentov / Sost. M.K. Aıbasova, R.K. Imajanova, G.T. Isahan, B.J. Kabdýshev. – Almaty: Qazaq ýnıversıteti. – 1997. – 325 s.

ӘОЖ 930.001.83

ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҰЙЫМДАРДЫҢ КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ОРНАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҰСТАНЫМДАРЫ

Жүрсінбаев Б.А.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, т.ғ.к.

Аңдатпа. 1917 жылы Ресейдегі Қазан төңкерісінен кейін Түркістандағы саяси жағдай шиеленісіп кетеді. Өлкедегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар жергілікті тұрғындардың қолдауына сүйене отырып большевиктердің билікті алуға деген ұмтылысына төтеп беруге тырысады. Әсіресе «Құрылтай» мұсылман комитеті, «Милли-шуро», «Шуро-и-Ислам» ұйымы сияқты ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар большевиктер саясатын қолдамайтындығын өз мәлімдемелерінде ашық білдірді. Түркістандағы ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың Кеңестік биліктің орнауына байланысты ұстанымдары ашып көрсету сол кездегі өлкенің саяси өмірінің ерекшеліктерін терең аңғаруға өз септігін тигізеді. Сондықтан қарастырылып отырған тақырыпты тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің біріне арналған деуге негіз бар.
Түйін сөздер: жұмысшы-солдат депутаттарының кеңестері, уақытша үкімет, Қазан төңкерісі, Түркістан өлкесі, ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар

ПОЗИЦИИ НАЦИОНАЛЬНЫХ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ ТУРКЕСТАНА В СВЯЗИ С СТАНОВЛЕНИЕМ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ

Джурсунбаев Б.А.

Таразский государственный педагогический университет, к.и.н.

Аннотация. В 1917 году после октябьской революции в России политическая ситуация в Туркестане обострилась. Поддерживаемые местным населением национальные общественно-политические организации края пытаются противостоять захвату власти большевиками. Открытое показание позиции национальных общественно-политических организации Туркестана в связи с становлением советской власти содействует пониманию сути особенности политической жизни края того времени. Поэтому данная тема посвящена одному из важных проблем исторической науки.
Ключевые слова:Национальные общественно-политические организации, Туркестанский край, Октябрьская революция, Временное правительство, Советы рабочих и солдатских депутатов.

POSITIONS OF NATIONAL SOCIAL AND POLITICAL ORGANIZATIONS OF TURKESTAN IN CONNECTION WITH THE FORMATION OF SOVIET POWER

Dzhursunbaev B.A.

Taraz State Pedagogical University, Ph.D.

Abstract. In 1917, after the October revolution in Russia, the political situation in Turkestan worsened. The regional social and political organizations supported by the local population are trying to resist the

seizure of power by the Bolsheviks. The open testimony of the position of the national socio-political organizations of Turkestan in connection with the establishment of Soviet power contributes to the understanding of the essence of the features of the political life of the region at that time. Therefore, this topic is devoted to one of the important problems of historical science.
Keywords: National socio-political organizations, Turkestan region, October Revolution, Provisional Government, Councils of workers and soldiers' deputies.

Кіріспе

1917 жылы күзде Түркістандағы саяси күрестің шиеленісуі Уақытша үкіметтің өлкелік комитеті мен осындағы жұмысшы-солдат депутаттары арасындағы текетірестен айқын көрінді. Орталықтағы, ең алдымен Петроград және Москва Кеңестерінің үлгісімен Ташкенттегі Перовскідегі, Черняевтағы, Сырдария облысының басқа қалалары мен теміржол бойындағы елді мекендердегі Кеңестер өкіметті тұтастай өз қолдарына алу үшін ашық күрес жүргізіп, заңсыз әрекеттерге барды. Осындай тарихи үрдістің терең астарын түсіну үшін Түркістандағы ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың Кеңестік биліктің орнауына байланысты ұстанымдарын зерттей түсу қажет.

Талқылау нәтижесі

Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси ұйымдардың құрылу мен қызметіне байланысты алғашқы пікірлер XX ғасырдың алғашқы ширегінде жарияланған еңбектерде-ақ көрініс берді. Бұл ретте Т. Рысқұловтың [Т.Рыскулов, 1925], Г. Сафаровтың [Г.Сафаров, 1922], және С. Муравейскийдің [С.Муравейский, 1924] еңбектерінде Түркістан аумағындағы өңірлерде құрылған қоғамдық-саяси ұйымдардың құрылуы мен қызметі жайлы пікірлер білдірілгенін ерекше атап өтуге болады. Осы аталған авторлардың еңбектерінде зерттеулер бұл мәселеге жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді.

Нәтижесі. Түркістандағыұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарының рөлін ашып көрсету арқылы Қазан төңкерісі кезінде Қазақстанда орын алған саяси оқиғалардың тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік аламыз. Сонымен бірге ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың тарихтағы алар орнына шынайы баға беру мүмкіндігі арта түседі.

Негізгі бөлім

1917 жылдың 25 қазанындағы Петоградтағы қарулы көтеріліс Ақпан революциясының демократиялық реформаларына үміт артқан ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарға үлкен соққы болып тиді. Петроградтағы оқиға нәтижесінде Уақытша үкіметтің құлатылып, билікке большевиктер партиясының келуі түркістандық большевиктерге жаңа серпін беріп, олардың өлкеде өздері жетекшілік ететін кеңестердің билігін орнатуға деген талпынысын күшейте түсті. Түркістандық большевиктер өздерінің мұндай талпынысында өлке тұрғындарының басым көпшілігін құрайтын жергілікті мұсылман тұрғындарының қоғамдық-саяси ұйымдарының пікіріне құлақасуға құлық таныта қоймады. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар большевиктер билігіне қарсы екендіктерін, Уақытша үкіметке әлі де қолдау көрсетуге даяр екендіктерін білдіріп жатты. М. Шоқай жетекшілік еткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі өлкедегі барлық қоғамдық-саяси ұйымдарға жеделхаттар жолдап, өлкедегі Уақытша үкіметтің билік орындарына қолдау көрсетуге, қажет болса күш қолдануға үндеді. 27 қазан күні өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің мәжілісінде Уақытша үкіметтің Бас комиссары П.А. Коровиченкоға мұсылмандар барынша қолдау көрсетуі қажет деген шешім қабылданды. Сол күні өлкедегі түрлі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардан Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне «билікті тартып алу әрекетіне қарсылық көрсетуге көмек көрсетуге уәде еткен»

жеделхаттар да келіп түсіп жатты. Түрік федералистер партиясының жетекшісі И. Шагиахметов та мерзімді басылымдар арқылы Түркістанда большевиктер бүлігі сөзсіз жеңіліске ұшырайтындығы, мұндай әрекетке жергілікті халық күшпен төтеп беретіндігі жөнінде мәлімдеме таратты [Р.Абдуллаев, 2000, с.61]. Большевиктердің төңкеріс жасап, Петроградта Уақытша үкіметті құлатуына орай 1917 жылы 8 қыркүйекте «Бірлік туы» газетінде «Большевиктер» деген айдармен мақала жарияланып, жергілікті халықты бұл партия өкілдерінен сақтануға, өлкедегі Уақытша үкіметтің билік орындарына қолдау танытуға шақырылды. Онда былай делінген еді: «Көктемде өзгеріс басталысымен Русия бұқаралары бостандықтың рақатын тыныштықпен көру ниетімен соғыстың бітуін тіледі. Жеңбей қоймаймыз деген айқайдан да гөрі кісі жері алынбай, бірі біріне шығын төлетпей әр патшалық өзі барымен қалып, бітім болсын деген айқай барша жұрттың аузынан бірдей шығып жүрді. Октябрьдің аяғында қанша қырғын соғыстан кейін большевиктер Уақытша үкімет әскерлерін жеңіп үкіметті қолына алып қойды. Мұндай қырғын жалғыз Петербор, Мәскеу демей басқа шаһарлардың көбісінде болды. Көп шаһарлар большевикті өкімет санамай өз алдына тіршілік қылып тұр Бүтін Русия большевиктерге мылтықтарынан сескенген бағынса да біздің Түркістанда мұндайға жол жоқ дейік. Жұрт болып бұған төтеп берейік».

Қазан төңкерісіне байланысты Жетісу облысындағы «Құрылтай» мұсылман комитеті, облыстық Қазақ-қырғыз комитеті және «Милли-шуро» ұйымдары да большевиктер саясатын қолдамайтындығын өз мәлімдемелерінде ашық білдірді [ҚРОММ. 9-қ., 1-т., 26-іс. 34-36-п.]. «Шуро-и-Ислам» ұйымы да Қазан төңкерісіне байланысты мынандай қарар шығарып, оны 1917 жылы 9 қарашада «Туркестанское слово» газетіне жариялаған болатын: «Уақытша үкіметтің өлкедегі жоғары өкілі Бас комиссар мен оның көмекшісі жүргізіп отырған саясат Түркістан өлкесінің барлық тұрғындарының мүддесіне сай. Бұл күндер республиканың күйретіп, монархияны қалпына келтіреді ме деген алаңдаушылықты тудыруда. «Шуро-и-Ислам» ұйымы Бас комиссар республика заңдарының және Уақытша үкіметтің билігінің мызғымастығына, Түркістанда тәртіп пен тыныштықтың сақталуына кепіл бола алтындай тегеурінді шара қолданады деген сенімде. Мұны қамтамасыз етуде Бас комиссарға «Шуро-и-Ислам» ұйымы барынша қолдау көрсетеді». Большевиктердің Петроградтағы төңкерісіне және өлкедегі Уақытша үкіметтің органдарына қатынас мәселесі 1917 жылдың 26 қазанының күні өтіп жатқан Түркістан өлкесі шаруаларының екінші съезінде де арнайы қаралып, онда ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың большевиктер төңкерісіне байланысты ұстанымдары секілді шешім қабылданды. Түркістан өлкесі шаруаларының екінші съезінің делегаттары биліктің большевиктер үстемдік етіп отырған кеңестердің қолына өтуіне қарсы екендіктерін ашық танытып: «Бүкілресейлік құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін Түркістандағы және орталықтағы билік Уақытша үкіметтің қолында қалуы тиіс» деген қаулы қабылдаған еді.

Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың орталықта большевиктердің билікке келуіне байланысты ұстанымын Ферғана өңіріндегі жұмысшы-солдат депутаттарының кеңестері де қолдады. Ондағы кеңестер Ташкенттегі билікті орталықтағыдай большевиктер тартып алмауы үшін Ташкент қаласына өздері құрған отрядты жіберуге даяр екендіктерін танытты. Түркістан өлкесіндегі биліктің большевиктердің қолына өтуін барлық бірдей кеңестер қолдай қоймады. Ондай талап негізінен Ташкенттегі бірқатар өндіріс орындарының жұмысшылары мен гарнизондардағы солдаттардың тарапынан көтерілді. Олардың талабы Ташкент жұмысшы-солдат депутатарының кеңесіндегі большевиктер тарапынан қолдаушылыққа ие болды. Өлкенің Ташкенттен басқа қалаларындағы жұмысшы-солдат депутаттары кеңестері билікті большевиктер қолына өткеру бағытында қызыу жұмыстарды жүргізбеді. Керісінше, Ташкенттен басқа қалалардағы жұмысшы-солдат депутаттары кеңестерінің көпшілігі Уақытша үкіметке қолдау танытып жатты. Оның үстіне биліктің кеңестер қолына өтуді жақтаған қозғалысқа жергілікті емес

халық өкілдері қатысты. Түркістандық кеңестердің билік жөніндегі ұстанымдары Қазан төңкерісі оқиғасынан кейін күрделі өзгеріске түсті. Оған бұл оқиғадан кейін кеңестер құрамына жаппай қайта сайлаулар өткізу әсер етті. Бұл сайлаулардың барысында кеңестер құрамындағы меньшевиктер мен эсерлер ығыстырылып, оның құрамында негізінен большевиктер мен солшыл эсерлер қалған еді. Түркістан өлкесіндегі кеңестердің тағы бір ерекшелігі – кеңестер құрамында жергілікті халық өкілдерінің мардымсыз болуы еді. Тіпті кейбір өңірлердегі кеңестер құрамында жергілікті халық өкілдері мүлдем болмады десе де болатын. Бірақ бұған қарамастан Ташкенттегі большевиктері шұғыл түрде билікті тартып алуға кірісіп жатты. Осыған орай Уақыша үкіметтің Түркістан комитеті Бас комиссарының көмекшісі Г.И. Дорреер Қазан төңкерісі тақап қалған кезде А.Ф. Керенскийге былай деп жазған еді: «22 қазанға қарай Бас комиссардың қолында Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің атқару комитеті билікті тартып алу бағытында қару күшімен қастандық ұйымдастырып жатқандығын айғақтайтын мәліметтер болды. Бұл қастандық большевиктердің бүкілресейлік деңгейдегі қастандығымен байланысы барлығына ол күмәндәнған жоқ» [Р. Абдуллаев, 2000. 63]. Петроградтағы оқиғадан соң іле-шала, Ташкенттегі кеңестердің атқару комитетінің мәжілісі өтіп, онда қарулы көтеріліске тезірек даярлану жөнінде шешім қабылданған еді. Сондай-ақ бұл мәжілісте революциялық әскер бөлімдердің командирлері тағайындалып, олардың міндеттері және Ташкенттегі кеңестердің атқару комитеті қарулы көтерілісті даярлаудың штабы болып белгіленген-ді [П.Домогатский, 1991. 163]. Сол тұста Түркістан өлкесіндегі әскери бөлімдердегі большевиктік пиғылдағы полк комитеттері әскерилер арасында: «Жұмысшы-солдат депутатары кеңесінің бұйрығына сәйкес әскери басшылықтың шешімдерін орындамаңдар» деген мазмұндағы үндеулер таратып жатты. Түркістан өлкесінде қарулы көтеріліске қызу әзірлік жұмысын жүргізіп жатқандардың әрекетіне жауап ретінде 27 қазан күні Бас комиссар П.А. Коровиченко мынандай мазмұндағы бұйрық шығарды: «Большевиктердің Петроградта қарулы көтеріліс ұйымдастыруымен бір мезетте Ташкент жұмысшы-солдат депутаттары кеңестерінің атқару комитеті Ташкенттегі гарнизондарға менің ешқандай бұйрығымды орындамау жөнінде өтініш білдірген мәлімдемелер таратты. Өңшең большевиктерден құралған Ташкент жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің атқару комитетінің үндеуін петроградтық большевиктерді қолдауға және өлкедегі билікті тартып алуға бағытталған деп бағалай отырып, Ташкент қаласы мен Сырдария облысының Ташкент уезін әскери жағдайда деп жариялаймын» [Туркестанское слово, 1917. 9 ноябрь].

Уақытша үкіметтің Бас комиссары П.А. Коровиченконың мұндай бұйрығына қарамастан Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі теміржол жұмысшыларына арқа сүйей отырып, қарулы көтеріліске шықты. Бас комиссар П.А. Коровиченко тарапында большевиктерге қарсылық көрсетуде жергілікті халық өкілдері де болды. Бірақ бұған қарамастан қарулы көтеріліске шығушылар Коровиченко мен оның көмекшісі Доррерді тұтқынға алуға қол жеткізді. Ташкентте болған бұл оқиғаның орын алуы «Бірлік туы» газетінде былайша көрініс тапты: «Ташкент шаһарында 28-ші октябрьде большевиктер мен үкімет әскері арасында атыс басталды, олар жағында солдаттар мен қара жұмыскерлер, үкімет жағында атты казактар мен әскри мектептерде оқып жүрген юнкерлер болды. Төбелес бастапқыда шаһардың шетінде, вокзал жақта шыққан еді; соңынан бірте-бірте большевиктер үкімет әскерін шаһар ішіне қуып тығып. Ойранды көшелерде салды, екі жақтан да мылтық, тапанша, пулемет һәм бомба атылып, өтірік емес – нағыз шын соғыстың өзі болды. Халық жаман сасып, көшеге шыға алмай, үйлерінде бұғып отырды. Большевиктер жеңген жерінде үйлерге кіріп, бала-шағаны өлтіріп, бұйымдарды тонайды екен деген дақпыртбен бала-шаға, қатын-қалашта үрей қалмады, ескі шаһарға, қышлақтарға қашып шығушылар көп болды. Онан соң большевиктер ескі шаһарға барып ойран салмақшы екен деген лақап тарады. Соның үшін мұсылмандар қаруланып, ескі шаһар мен жаңа шаһардың арасында тұрды. Содан ноябрьдің біріне шейін 4 күн ұдайы қып-қызыл төбелес болып, қанша халық

қырылды. Соғысушылардан бөтен жай адамдардан көшеге шығамын деп оққа ұшқандар да көп болды. Ақыры ноябрьдің бірінші күніне қарсы түн ортасынан соң большевиктер әбден жеңіп, крепость соларға тапсырылды. Генеральный комиссар Коровиченко һәм серігі Доррер большевиктердің қолына түсіп, қамауға жіберілді. Сонда да ертеңгі түске шейін онда-мұнда атыстар болып, анық тыныштық басталмады. Большевиктер жеңген жерде еш бұзақылық көрсеткен жоқ. Тек, 1 ноябрь күні үйлерді тінтіп, халықтың қолындағы мылтықтарды жиып алды. Онан кейін шаһарда тыныштық бірте-бірте жайғасып, тіршілік белгілі қалпына айнала бастады. енді шаһарға большевиктер қожайын» [Бірлік туы, 1917. 8 ноябрь]. 1 қараша күні Ташкент жұмысшы-солдат депутаттарының кеңесі өлке жұртшылығына арнап өлкелік биліктің «демократиялық күштердің» қолына өткенін хабарлаған мәлімдеме таратты. 2 қарашада Ташкент қаласында Түркістан өлкелік кеңестің, Ташкент кеңестерінің атқару комиеті, Түркістан өлкелік Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясының, Түркістан өлкелік шаруа депутаттарының кеңесі, Ташкент қалалық думасының, Түркістан өлкелік пошта-телеграф ұйымының және Кушкадағы жұмысшы-солдат депутатары кеңесінен 30-ға жуық өкілдер қатысқан мәжіліс ұйымдастырылып, онда 9 адамнан тұратын Түркістан өлкелік атқару комитетін туралы шешім қабылданды. Оған Түркістан өлкелік жұмысшы-солдат депутатары кеңесінен 3 адам, өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесінен 1 адам, өлкелік мұсылмандардың орталық кеңесінен 1 адам, өлкелік Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясынан 1 адам және өлкелік социал-революционерлер бюросынан 1 адам енетін болды [Наша газета, 1917. 8 ноябрь].

Ташкенттегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар большевиктердің Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің өкілдерін тұтқынға алуына бірден қарсылық танытты. Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі, «Шуро-и-ислам», «Шуро-и-улема», Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесі, Түрік Федералистері партиясы секілді т.б. ұйымдардың жетекшілері өлкедегі биліктің Түркістан комитеті қолында қала беруін талап етті. Ұлттық демократиялық күштер Түркістанның жергілікті халқы өз тағдырын өздері шешуі тиіс деп санады. Сол кезде «Улуг Туркестан» газеті де өлкедегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарды бірлесе әрекет етуге, жергілікті халықтың тағдырын большевиктер қолына қалдырмауға үндеп жатты. Түркістан өлкесіндегі барлық биліктің Түркістан өлкелік атқару комитетіне өткізу жөнінде шешім қабылдаған мәжіліске орай «Туркестанское слово» газеті былай деп жазды: «Аталған мәжіліске қатысқан 8 ұйымның өкілдері оған қандай жолмен қатысты? Оған мұсылман тұрғындары атынан «Шуро-и-улема» ұйымының өкілдерінен басқа ешкім де қатысқан жоқ. Оның өзінде бұл ұйымның өкілдеріне шешуші дауыс беруге өкілеттілік берілмеді. Мұсылмандар Түркістан тұрғындарының 95 пайызын құрайды. Олардың пікірін сұрамастан өлкеде жаңа билікті жария ету көпшілікке жасалған қиянат ғой» [Туркестанское слово, 1917. 10 ноябрь]. 9 қараша күні Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі, «Шуро-и-Ислам» және Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесі ұйымдарының біріккен мәжілісі өтіп, онда большевиктердің өлкедегі билікті тартып алуына байланысты мынандай мазмұндағы қаулы қабылданды: «Ташкенттегі жеңімпаздар құрғалы отырған Түркістан өлкелік атқару комитетіндегі 9 орынның 2 орнын ғана, ал оның жанында құрылатын кеңестің 24 орынның 4 орнын ғана мұсылмандарға қалдырып, өздерін бұрынғы патша өкіметі кезіндегідей саясатты қолдайтындықтарын танытып отыр. Мұндай зорлық саясат мұсылмандардың бойына өлкедегі орыстарға деген жеккөрушілікті ұялатады. Біз достық қарым-қатынасты сақтауды жақтайтындықтан мұндайға жол бере алмаймыз. Ташкенттегі оқиға Құрылтай жиналысының шақырылуының шегерілуіне әсер ететіндіктен, мұсылмандарға өлкеде қалыптасқан ахуалдан шығудың жолын қарастыруға ықпал етеді. Ташкент большевиктерінің болашақ Түркістан комитетіндегі 9 орыннан 2 орын және оның жанындағы кеңестің 24 орнынан 4 орын қалдырған садақасы бұл мәселені шеше алмайды. Сондықтан мұсылман ұйымдары өлкелік атқару комитетіне және оның жанындағы кеңеске кіруден бас

тартып, өлкедегі билік мәселесін мұсылмандардың тұрмысына үйлесімді етіп әрі азшылықағы халықтардың мүддесін ескере отырып өз беттерінше шешеді» [Туркестанские ведомости, 1917. 17 ноябрь].

Ұлттық демократиялық күштердің Түркістан өлкелік атқару комитетіне өз өкілдерін жіберуде бас тартқаны жөнінде өлкедегі қазақ тұрғындары арасына «Бірлік туы» газеті мынандай мазмұндағы хабар таратты: «Большевиктер бұрынғы Түркістан комиеті мен Генеральный комиссардың орнына Уақытша Түркістан комитетін жасады. Оның 9 ағзасы болмақ; Түркістан аймағының солдат һәм жұмыскерлер советінен 3, крестьяндар советінен 2, Қазақ-қырғыз советінен 1, Мұсылмандар советінен 1, социал-демократ партиясы бюросынан 1, һәм социал-революционерлер партиясы бюросынан 1. Онан соң ол комитет қасында 22 кісілік бір кеңес болмақ. Оған кіретін ағзалар; түркістан аймағының солдат һәм жұмыскерлер советінен 3, крестьяндар советінен 3, Қазақ-қырғыз советінен 2, мұсылмандар советінен 2 адам. Бұл жаңа өкімет ағзаларының көбі сайланып, бұл күнде іс жүргізе бастаса керек. Бірақ қазақ-қырғыз һәм мұсылмандар советі оған өкілдерін жібермей тұр».

Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар осылайша Ташкент большевиктері құрған Түркістан өлкелік атқару комитетіне енуге бірауыздан қарсылық танытты. Түркістан өлкесі мұсылмандары орталық кеңесінің төрағасы м. Шоқайдың сол тұстағы әрекеті туралы К.Л. Есмағамбетов былай деп жазады: «Қазан төңкерісіне байланысты туындаған мәселелерді талқылау үшін М. Шоқай қазақ зиялыларымен бас қосуға Орынборға іссапарға барады. Қазақ зиялыларымен мұнда М. Шоқаймен кездесуінде тәуелсіздік үшін күресті жалғыз Түркістанмен шектемей, оны қазақ облыстарымен, башқұрт, татар халықтарының қозғалысымен ұштастыру, большевиктерді мойындамау, Құрылтай жиналысына адалдықты сақтау жөнінде ортақ ұйғарым жасалады. Осы шешімді басшылыққа алған М. Шоқай Ташкентке оралған кезде мұндағы өкімет билігі 28 қазанда бүлік көтерген орыс жұмысшылары мен солдаттарының қолына өткен болатын. Осыған байланысты ол Ұлттық орталықтың мүшелерімен бірге Самарқанға, одан Ферғанаға, Жаңа Маргеланға келеді. М. Шоқай кеңес өкіметіне қарсы күрес орталығы бола алатын үкімет құру жөніндегі орыс демократтарының ұсынысынан бас тартып, Ұлттық орталықтың таяу арадағы мақсаттарын белгілеумен шұғылданады. Оның кеңеске қарсы бірден ашық күреске шығудан бас тартып, жалтақтауының бір себебі болатын. Алғашқы кезде ол Петроградтағы кеңес өкіметі орыстар мен мұсылмандар арасында ұлтараздығын өршітіп отырған Түркістан большевиктерін сабасына түсіреді деп ойлады» [К.Есмағамбетов, 2008. 123]. Большевиктер билікті қолына алғаннан кейінгі жағдайда Ташкент қаласы думасының алғашқы мәжілісі 8 қараша күні өтті. Бұл мәжіліске Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі атынан У. Ходжаев, «Шуро-и-Ислам» ұйымы атынан Т. Нарботабеков пен Мұнауар қари, Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесі атынан С. Ақаев қатысты. Қалалық думаның мәжілісі Ташкенттегі төңкерісті талқылау барысында ұлттық-қоғамдық саяси ұйымдардың өкілдері большевиктер тарапынан құрылған Түркістан өлкелік атқару комитетін мойындамайтындықтарын танытты. Олардың мұндай ұстанымдары қалалық дума мәжілісінің жаңа билікке байланысты бірегей шешімге келе алмауына әсер етті. Сондықтан бұл мәселе жөнінде түбегейлі шешім қабылдау 12-14 қараша аралығында өткелі отырған Түркістан өлкесі қалаларындағы өзін-өзі басқару мекемелерінің съезінің үлесіне қалдырылды. Түркістан өлкесіндегі қалалардың өзін-өзі басқару мекемелерінің Ташкент қаласында өткен съезіне облыстардан 26 өкіл қатысты. Олардың қатарында Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесінің өкілі С. Ақаев, «Шуро-и-Ислам» ұйымының өкілі Т. Нарботабеков пен А. Миразимов, «Шуро-и-улема» ұйымының өкілі А. Махмудов болды. Съездің күн тәртібіне Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына дейін өлкедегі билікті ұйымдастыру басты мәселе етіліп қойды. Өлкедегі билікті ұйымдастыру мәселесін съезде талқылау барысында ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдері большевиктер төңкерісін айыптады. Мәселен, Түркістан

өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесінің өкілі С. Ақаев «Уақытша үкіметтің өлкедегі билігін жоюдың еш қажеті жоқ, оны өзгертудің қажеттілігін көріп тұрған жоқпын», деп мәлімдеді. Съезде сөз алған «Шуро-и-Ислам» ұйымының өкілі А. Миразимов былай деді: «Жұмысшы-солдат депутаттарының кеңесі тұрғындардың басым бөлігін құрайтын мұсылмандарды шет қалдырды. Азғантай ғана адамдардан тұратын топ бәрімізге әмірін жүргізбекші. Биліктің орталық органын құру қажет. Бірақ оған өкілдер тұрғындардың құрамына қарай пропорциональды түрде енгізілуі тиіс. Қазіргі өкімет тұрғындардың мүддесіне сәйкес емес» [Улуг Туркестан, 1917: 1].

«Шуро-и-улема» ұйымының өкілі де съездегі өзге ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдерінің пікірін қолдай отырып: «Егер большевик азаматтар отанымызға қайырымды болатын болса, олар неге Құрылтай жиналысын шақыруға кедергі келтіруде? Біз, мұсылмандар, орыс революциясын зор қуанышпен қарсы алдық. Бостандық алып, тыныш өмір сүруден үміттендік. Біз бүгіндері бұл үмітімізден айырылудамыз. Мұсылмандар жұмысшы-солдат депутаттары кеңсімен есептесуді қаламайды. Біз, революция уәде еткен бостандықты жүзеге асыра аламыз ба? Бұған біздің күшіміз жетеді ме?» [Улуг Туркестан, 1917: 2], – деп мәлімдеді. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдерінің пікірін съезде самарқандық делегат Герцфельд те қолдады. Ол: «Өлкелік билікті қайта құрудың еш қажеті жоқ. Біздің өлкенің ерекшелігін ескеру қажет. Мен Түркістан өлкесіне өз алдына бөлек автономия керек деген ойдамын. Мұндай автономия Финляндияға ұсынылып жатқанда, неге Түркістанға да автономия ұсынылмайды?» [Улуг Туркестан, 1917: 3], – деді. Осындай пікірлердің білдірілуіне байланысты түркістан өлкесіндегі қалалардың өзін-өзі басқару мекемелерінің съезі де өлкелік билікті ұйымдастыру мәселесіне қатысты бір ұйғарымға келе алмады. Түркістан өлкесіндегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өлкелік билікке байланысты бірегей ұстанымда болғанымен арада уақыт өткен сайын кейбір ұйымдар кеңестік билікпен ымыраға келу бағытына ауытқи бастады. Мұндай ұйымдардың бірі «Шуро-и-улема» ұйымы болды. Осыған орай «Бірлік туы» газеті былай деп жазған еді: «Ташкент оқиғаларынан бері қарай мұсылман ұйымдарының бірде-бірі большевиктермен жанасқан жоқ. Большевиктер бұрынғы Түркістан комитетінің орнына жаңа комитет жасап, мұсылмандар үшін онда 2 орын қойса да, мұсылман ұйымдары оған өз кісілерін жібермеді. Сол екі арада мұсылман ұйымдары ынтымағынан жекеленіп кетіп, ғлама дегендер большевиктермен ыңғайлас болуға айналды. Ғұламалар өздерінің шабарман-тілмашы С. Лапин арқылы большевиктермен астыртын «құдалық сөйлесуге» ыждахат етті. 15 ноябрьде Ташкентте съез жасамақ болып, адам жинау үшін «Біріккен мұсылман ұйымдарының бюросы» деген бірік өтірік ойлап шығарған» [Бірлік туы,1917: 1].

Большевиктермен ымыраға келуге ыңғай танытқан «Шуро-и-улема» ұйымы «Біріккен мұсылман ұйымдарының бюросы» деген ұйым құру мақсатында өлкедегі барлық ұлтық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдерін Ташкент қаласында мәжіліс өткізуге шақырды. Бұл мәжіліс 12-15 қараша аралығында өтті. Оған «Шуро-и-улема» ұйымының өкілдерінен бөлек Түркістан өлкесі мұсылмандары орталық кеңесінен 2 өкіл, Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесінен 1 өкіл, «Тұран» ұйымынан 1 өкіл, Түрік Федералистері партиясы ұйымынан 2 өкіл, Сырдария облыстық Қазақ-қырғыз кеңесінен 1 өкіл, Жетісудағы мұсылмандардың «Құрылтай» ұйымынан 1 өкіл, Перовск уездік ұлттық комитеттінің атынан 1 өкіл, Әулиата уездік Қазақ-қырғыз кеңесінен 1 өкіл және мұсылман әскерилері атынан 1 өкіл қатысты. С. Лапиннің төрағалық етуімен өткен мәжілістің күн тәртібіне түркістандағы билікті ұйымдастыру мәселесі қойылды. Мәжілістің барысында С. Лапин жетекшілік еткен «Шуро-и-улема» ұйымының мүшелері Түркістан өлкелік атқару комитетіне мұсылмандарға деп большевиктердің бөлген орынға әзірше қанағат тұта тұру керек, сондықтан большевиктер билігін мойындайық, кейін атқару комитетіндегі орынның санын арттыруға қол жеткіземіз деген пікірін ортаға салды. Бұл ұсынысқа Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің төрағасы М. Шоқай қарсылық

танытып, большевиктермен бірде-бір ұлттық қоғамдық-саяси ұйым байланысқа түспеу керек деген пікірін білдірді. Бұл пікірді «Шуро-и-Ислам», «Тұран», Түркістан өлкелік қазақ-қырғыз кеңесі ұйымдары мен Түрік Федералистер партисының өкілдері қолдап шықты. Соған орай мәжілісте «Шуро-и-улема» ұйымының ұсынысы өтпей қалды. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың мәжілісінде «Шуро-и-улема» ұйымы мүшелерінің ұсынысында өлкелік жоғары билік орны Түркістан атқару комитеті болуы керектігі, оның құрамы 12 адмнан тұруы (жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінен 3 өкіл, қалалық өзін-өзі басқару мекемелерінен 3 өкіл, өлкелік мұсылман съезі атынан 6 өкіл) тиістілігі және атқару комитетінің жұмысын бақылап тұратын кеңес құрамы 20 адам (жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінен 5 өкіл, қалалық өзін-өзі басқару мекемелерінен 5 өкіл, мұсылман съезі атынан 10 өкіл) болуы керектігі де білдірілген болатын. Мәжілісте бұл ұсыныс та қабыл алынбадды. Мәжіліске қатысушылар осыған орай тез арада өлке мұсылмандарының өзін-өзі билеуін қамтамасыз етуді шешеу керек деген ұйғарымға келді. Делегаттар өлкені 98 пайыз тұрғынын құрайтын, саны 10 миллионнан асатын мұсылмандар өзін-өзі билеуге құқылы деп танып, бұл мәселе жөнінде шешім қабылдау үшін жақын арада Түркістан өлкесі мұсылмандарының съезін шақыру қажет деген ұйғарымға келді. Мәжіліс Түркістан өлкесі мұсылмандарының съезін өткізуді ұымдастыратын комиссия құрамын да сайлады. Оған С. Лапин, С. Мақсум, Сыдық Қожа, Әулиеата уезінің өкілі Бигиев және мұсылман әскерилерінің өкілі С. Жүсіпов енді [С.Агзамходжаев, 2006. 183].

Қалыптасқан осындай жадайда «Бірлік туы» газеті ұлттық демократиялық күштерді батыл әрекеттерге көшуге былайша үндеп жатты: «Осы күні Түркістан мұсылмандарының хәлі өте тұйық. Большевиктер бұрынғы үкімет адамдарын қара күшпен қағып тастап, олардың орындарына өздері орнап алды. Бұл туралы Түркістан халқын есіне алып, ойлаған да ешкім болмады. Енді осындай уақытта мұсылмандардың өздері қарап жатқаны келіспейді. Олар кім жеңсе, соның қанжығасында үн-түн жоқ кете бермей, тіршілік белгісін көрсетулері керек. Біз де елміз ғой. Бізді кім болса сол ықтиярсыз кейіп алып, кете бере ме?».

Ұлттық демократиялық күштерді батыл әрекеттерге шақырып жатқан мұндай үндеулер жарияланып жатқаннан алдын, 7 қараша күні Түркістан атқару комитеті жергілікті жерлерге, соның ішінде Жетісу облысы мен Сырдария облысындағы жұмысшы-солдат депутаттары кеңестеріне жеделхаттар жолдап, 15 қараш күні демократиялық ұйымдардың съезі өтетіндігін, ол съезде өлкедегі билікті ұйымдастыру мәселесі қаралатындығын, соған орай съезге өз өкілдерін жіберу керектігін хабарлаған еді. Осындай әзірлік жұмыстардан кейін 1917 жылы 15 қараша күні Ташкентте жұмысшы-солдат депутаттары кеңестерінің өлкелік III съезі өз жұмысын бастады. Оған 114 делегат қатысты. Солшыл эсер К.Я. Успенскийдің сөзімен ашылған съезде негізінен үш фракция болды. Олар саны бәрінен басым түсетін большевиктер фракциясы, солшыл эсерлер фракциясы және меньшевиктер мен оңшыл эсерлер фракциясы болатын. 16 қараша күні съез делегаттарының қатарына сол күні өз жұмысын аяқтаған өлкелік шаруалар депутаттарының съезіне қатысушылар келіп қосылды. Шаруалар съезіне қатысқан делегаттар солшыл эсерлер фракциясының құрамын енді. Съезге ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардан «Шуро-и-улема» ұйымының өкілі ғана қатысты. Ол С. Лапин болатын. Жұмысшы-солдат депутаттары кеңестерінің III өлкелік съезінің күн тәртібіне: өлкелік билікті ұйымдастыру, жергілікті жерледегі билік орындарын құру секілді мәселелер қойылды. Солшыл эсер Зимин өлкелік билікті құру Түркістан тұрғындарының барлығы үшін маңызға ие екенін алға тартып, съезге бұл мәселені талқылау үшін қалалық өзін-өзі басқару мекемелерінің, яғни қалалық думалардың өкілдерін енгізу қажеттігін ұсынды. Бірақ бұл ұсыныс большевиктер тарапынан қабыл алынбады. Меньшевиктер мен оңшыл эсерлер съезде өлкедегі билікті барлық түркістандық «революциялық демократия» өкілдерінен тұратын коалициялық үкіметке беру керектігі жөнінде мәселе көтерді. Меньшевик Гапеев, фракция атынан сөз алып, өлкелік билікке ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарды мен өзін-өзі

басқару мекемелерінің қатыстыру қажет деген талап қойды. Сөйтіп меньшевиктер мен оңшыл эсерлер барлық ұйымдар мен мекемелердің өкілдерінен тұратын коалициялық үкімет құруды жақтады. Съезде большевиктер мен солшыл эсерлер бірлесе меньшевиктер мен оңшыл эсерлердің ұсынысына бірден қарсы шықты. Большевиктер Түркістандағы билік орталықта құрылған кеңестік биліктің принциптерін басшылыққа ала, пролетарлық негізде құрылуы тиіс деп тапты. Большевик Ф.И. Колесов: «Солдаттар, жұмысшылар мен шаруалар жеңіске жетті. Сондықтан солар билікті өз қолына алуы керек. Біз барлық билікті жұмысшы, солдат және шаруалар депутаттары қолын берілуін талап етеміз деп мәлімдеді» [С.Агзамходжаев, 2006. 71-72]. Өлкедегі билікті ұйымдастыру мәселесі бойынша съезде сөз алған «Шуро-и-улема» ұйымының жетекшісі С. Лапин: «Әділдік бойынша, әрине, мұсылмандар өлкедегі барлық билікті қолына алуға құқылы. Бірақ олардың өзі мұны істегісі келмейді. Олар өлкедегі азшылықтағы орыстардың құқығын қамтамасыз етуді қалайды. Мұсылмандар әйтеуір бір топтып билікті тартып алуын қаламайды, сондай-ақ олар өлкеде революциялық демократияның ғана билік жүргізуіне төзе алмайды», – дей отырып, өлкенің жергілікті тұрғындары атынан мынандай пікір білдірді: «1. Мұсылмандар өлке тұрғындарының 98 пайызын құрайтындықтан өзін-өзі билеуге құқылы.

2. Мұсылмандардың өзіндік жолы құран мен шариатта көрсетілген. Сондықтан олар бірде-бір орыс саяси партияларына қосылмауы мүмкін, бірақ барлық халықтық ұйымдарға сүйене отырып, Құрылтай жиналысына алып баратын билікке қолдау көрсетеді.

3. Жергілікті билік азшылықтағы орыстардың құқықтарын қамтамасыз ете алатын мұсылман өкілдерінен құрылуы тиіс. Оған орыстардан мұсылмандарға ізгі ниетте тұрған орыстар ғана енгізілуі қажет.

4. Билік тек әскерилерге, жұмысшылар мен шаруаларға ғана тиесілі болуы мүмкін емес» [Туркестанские ведомости, 1917: 1].

С. Лапиннің бұл айтқан ұсыныстары ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың біріккен мәжілісінде келісілген шешіммен үйлесе қоймайтын. Онда өлке мұсылмандарының ешқандай да ұйымы кеңестермен бірлескен әрекеттерге бармау керек деген шешім қабылданған еді. Дегенмен С. Лапиннің ұсынысы кеңестердің III съезінде өтпей қалды. Оның ұсынысына 97 делегат қарсы дауыс беріп, 17 делегат қалыс қалды [Туркестанские ведомости, 1917: 2]. Бұл ұсынысқа қарсылық танытқандарлың бірі Ходженттегі жұмысшылар депутатының өкілі А. Рахымбаев болатын. Ол жергілікті халықтың атынан С. Лапин ұсыныс білдіре алмайды, жергілікті халықтың пікірі жуық арада өтетін өлкелік мұсылмандар съезінде білдіріледі деп мәлімдеді. Съезде өзінің ұсынысы ешқандай қолдау таппауына байланысты С. Лапин съезден кетуге мәжбүр болды [С.Агзамходжаев, 2006. 73]. Кеңестердің III өлкелік съезі 19 қараша күні өлкедегі билік орындарын құру ісіне нақтылы кірісті. Съездегі фракциялар бұл мәселе бойынша өз жобаларын ұсынды. Солшыл эсерлердің жобасында өлкедегі барлық билік құрамы 18 адамнан тұратын, оның үшеуі жергілікті мұсылман пролетариаты өкілі болатын Халық комиссарлары кеңесінің қолына берілу керектігі аталып көрсетілді. Сонымен қатар бұл жобада Халық комиссарлары кеңесінің жұмысын бақылаушы орган – жұмысшы-солдат және шаруалар депутаттарының өлкелік кеңесі болатындығы да қарастырылған болатын. Меньшевиктер мен оңшыл эсерлердің біріккен фракциясы съезге құрамы 10 адамнан тұратын әрі жұмысшы-солдат және шаруалар депутаттары кеңесінің бақылауында болатын өлкелік атқару комитетін құру жөнінде жоба ұсынды. Бұл жоба бойынша өлкелік атқару комитетіндегі орынның жартысы жергілікті халық өкілдеріне берілуі тиіс болды. Съезде осы екі жоба да өтпей большевиктер фракциясының жобасы қабыл алынды. Ол жоба бойынша өлкелік жұмысшы-солдат және шаруалар депутаттарының кеңесі қарауындағы Түркістан өлкесі Халық комиссарлары кеңесі құрылатын болды. Халық комиссарлар кеңесінің құрамына 15 адам енетін болып белгіленді. Оның төрағасы болып Ф.И. Колесов сайланды. Халық комиссарлар кеңесінің құрамына сайланғандардың қатарында 8 солшыл эсерлер, 7 большевик

болды. Осылайша, Түркістан өлкесінде құрылған кеңестік жоғары билік орнына бірде-бір жергілікті халық өкілдері енбей қалды [С.Агзамходжаев, 2006. 75]. Съездің соңғы күнгі 22 қарашадағы мәжілісінде жергілікті жерлердегі билікті құру мәселесі қарастырылды. Бұл жөнінде қабылданған қарарда жергілікті жерлердегі биліктің жұмысшы-солдат және шаруалар кеңестерінің қолына өтетіндігі аталып көрсетілді. Осылайша, кеңестердің III өлкелік съезінде Түркістан өлкесінде кеңестік билік жарияланып, қатаң таптық, партиялық принцип бойынша өлкелік үкімет – Түркістан өлкесінің Халық комиссарлары кеңесі құрылды. Бұл үкіметтің құрамына ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардан ешқандай да өкіл енбеді. Үкімет құрамы еуропалық нісілдегі большевиктер мен солшыл эсерлерден ғана тұрды. Түркістанда кеңестік мемлекет жергілікті халықтың қатысуынсыз жүзеге асырылды. Большевиктер Түркістанның жергілікті халқын өлкелік билікке қатыстырмай, пролетариаттың мүддесін жалпы адамзаттық құндылықтардан жоғары қойды. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың тегеурінді әрекетке көшпеуін пайдаланған большевиктер өлке халқының тағдырын шешуді өз қолына алды. 1917 жылдың 23 қараша күні Түркістан өлкесі Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Ф.И. Колесов кеңестік үкіметтің басшысы В.И. Ленинге өлкеде кеңестік биліктің жария етілгендігін және оның үкімет құрамы жасақталғанын мәлімдеген жеделхат жолдады [Победа Октябрьской революции в Узбекистане, 1963. 578]. Түркістан өлкелік Халық комиссарлары кеңесінің құрылуы жергілікті жерлерде кеңестік биліктің орнығуына ықпал ете бастады. Бірақ өлкенінің жекелеген өңірлерінде кеңестік билік бірден орнай қойған жоқ. Оның орнауы негізінен кеңестік билікке қарсы тұратын күштердің әрекетіне де байланысты болды. Түркістан өлкелік кеңестердің съезі өтіп жатқан кезде-ақ кеңестік билік Перовскіде, Чарджоуда Жызақта орнап үлгерген еді. Сырдария облыстық жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі облыстағы билікті өз қолына алғаны жөнінде 8 қараша күні мәлімдеме таратқан болатын. Кеңестік билік орнаған жерлерде Уақытша үкіметтің билік орындары жойылып, оның орнына кеңестік билік орындарын құру жүзеге асырылды. Мұны қамтамасыз ету үшін Түркістан өлкелік халық комиссарлары кеңесі шұғыл түрде қызыл гвардия жасақтарын құруды қолға алды. Жетісу облысында қоғамдық-саяси ұйымдардың тегеурінді қарсылық көрсетуіне байланысты кеңестік билік тез арада кеңестер қолына өте қоймады. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті секілді т.б. қоғамдық-саяси ұйымдар кеңестік билікті мойындамайтындығын танытты. Мұндай ұйымдардың әрекеті облыс комиссарының және Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі болған О.А. Шкапский тарапынан да қолау тапты. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар жергілікті жерлерде кеңестік биліктің орнығуына қарсы тұрды. Тек «Шуро-и-улема» ұйымы ғана кеңестік билікпен ымыраға келуге ыңғай танытты. Бірақ оның мұндай әрекеті де сол кезде нәтижелі бола қоймады. Сондықтан да «Шуро-и-улема» ұйымы Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі ойластырған іс-шараларға тартыла бастады. Түркістанда кеңестік биліктің жариялануына Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі қарсы екендігін ұлттық басылымдар ақрылы былайша білдірді: «Соңғы кезде бүті русияны астан-кестен қылған большевик бәлекетінің салқыны Түркістанға тиді. Түркістанның не тұрмысына, не табиғатына тура келмейтін большевиксаясатын күшпен жүргізбекші болып, орыстың солдаттары мен жұмыскерлері қару-жарақ жұмсап зорлықпен билік жүргізе бастады. Түркістан аймағында жүзге екуден-ақ келетін орыс, оның бәрі де емес оннан бірі-ақ келетін солдат пен жұмыскерлері мұсылманның бір адамында ішіне алмай үкіметті өздеріне ғана сайлап, мұсылмандарды адам санына алмай, бостандық дегенді естен шығарып, ескі заманнан да таршылық күндер тудырды. Мұсылмандардың әзірге бар ұйымдарын советтердің қаскүнемдері деп, біреуіне ілтипат жасамады. Жұмыскерлер мен солдаттардың ұйымдары керек, «демократия» керек деп Түркістанның маңайына әлі бітпеген нәрселерді талап қылды. Мұндайларымыз жоқ десек, жетілгенше біздейлерге бағынасыңдар; сендерге бұл қалыпта тұрғандарыңда ерік беріп болмайды, сендер «буржуй» байларсыңдар дейді. Мұнан кейін Түркістан мұсылмандарына не

автономия, федерация, бостандық дегендердің бәрімен қоштасып, Түркістан большевиктеріне қусырып, құлдыққа мойынсыну, не намысқа шауып, отанын аяқ асты қылып отырған бес-алты бұралқы ит қатарлы бұзықтарға «ол біздікі, дәретсіз адам қолыңды тарт, аулақ жүр» деп өз билігін өз қолдарына алу қалды. ... Біздің Түркістан Учредительное собраниеде ерік аламыз деп сабыр қылумен бұл жерге дейін келді, ақырында большевик деген қиянатшыл автономия былай тұрғандаәзіргі азғантай еріктен айырып, тұйыққа қуып тыққан соң һәм бұл қалыпта тұрғанда Учредительное собраниенің болар болмасы белгісіз болған соң, халық автономиясын ығлан қылудан басқа, құлдыққа мойынсұну болмаса, ылаж қалмады» [Бірлік туы, 1917: 2]. Ташкент қаласындағы Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің төрағасы М. Шоқай және бұл ұйымның өзге де мүшелері Түркістан өлкелік Халық комиссарлар кеңесі құрылған бойда халықтың көңіл-күйін білу мақсатында облыстар мен қалалрды аралап, Самарқан, Қоқан қалаларында халықпен бірнеше кездесулер өткізеді. Ұйым мүшелері Ферғана өңіріндегі тұрғындармен кездесу барысында «мұсылмандарға өзінің ұлттық талап-тілектерін ашық білдіруге уақыттың келгендігін» мәлімдеп, оларды ендігі кезде белсенді әрекетке көшуге үгіттейді.Мұндай кездесулер барысында «ұлттық күрестің бірыңғай бағытын» анықтау үшін төтенше жалпыөлкелік мұсылман съезін шақыру керектігі мәселесі көтеріледі. Осындай жиындардың барысында жергілікті жерлердегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдеріне мынандай мазмұндағы хаттар жолданды: «Құрылтай жиналысына жетпей Уақытша үкімет құлады. Түркістанда өкімет билігі жұмысшы-солдат депутаттарының қолына көшті. Түркістандағы орыс солдаттары, жұмысшылары мен қоныс аударушы шаруаларының алабөтен ерекшеліктері өлкедегі бейбіт өмірге де, оны мекендегн халықтардың бір-бірімен туыстық қарым-қатынас орнатуына да қауіп төндірді. Ташкент большевиктері мұсылмандар өкілдерінің мемлекеттік биліктің орталық органдарына қатысуына ашық түрде қарсы шығуда. Орыс революциясының азаттық ұрандарына берік өлкелік мұсылман кеңесі мұсылман ағайындарын орын алып отырған оқиғаларға байыпты назар аудару және өзіміздің түйінді сөзімізді айту үшін 25 қарашада Қоқанда шақырылатын төтенше құрылтайға өз өкілдеріңізді жіберуге шақырады» [К.Есмағамбетов, 2008. 125-127].

Осылайша, Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің ұйымдастыруымен қалыптасқан ахуалға байланысты шешім қабылдау үшін 25 қараша күні Қоқанда төтенше мұсылмандар съезі өтетін болып белгіленді. Бұл съезге өлкедегі барлық ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілін қатыстырту мақсатындағы іс-шаралар жүзеге асырыла бастады.

Қорытынды

Түркістан өлкелік Халық комиссарлары кеңесінің құрылуы жергілікті жерлерде кеңестік биліктің орнығуына ықпал ете бастады. Бірақ өлкенінің жекелеген өңірлерінде кеңестік билік бірден орнай қойған жоқ. Оның орнауы негізінен кеңестік билікке қарсы тұратын күштердің әрекетіне де байланысты болды. Оның үстіне қоғамдық-саяси ұйымдардың тегеурінді қарсылық көрсетуіне байланысты кеңестік билік тез арада кеңестер қолына өте қоймады. Өйткені Түркістандағы қоғамдық-саяси ұйымдар кеңестік билікті мойындамайтындығын ашықтан-ашық көрсетті.

Әдебиеттер

Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана. – Ташкент: Узгосиздат, 1925. – Ч.I. 1917 - 1918. – 218 с.

Сафаров г. Колониальная революция (опыт Туркестана). – М.: Госиздат, 1922. – 147 с.

Муравейский С. Сентябрьские события в 1917 году // Пролетарская революция. – 1924. – №10.– С. 138-161.

ҚРОММ. 9-қ., 1-т., 26-іс.

Приказ Генерального комиссара П.А. Коровиченко // Туркестанское слово. – 1917. – 9 ноябрь.

Проект об образовании Туркестанского исполнитльного комитета // Наша газета. – 1917. – 8 ноябрь.

В ташкенте состоялось краевое совещание // Туркестанское слово. – 1917. – 10 ноябрь.

Объединненое собрание Краевого мусульманского совета // Туркестанские ведомости. – 1917. – 17 ноябрь.

Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік бомысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 б.

Ғұламалар съезі // Бірлік туы. – 1917. – 16 ноябрь.

Агзамходжаев С.С. История Туркестанской автономии (Туркистон Мухторияти). – Ташкент: «Тошкент ислом университети», 2006. – 268 с.

Краевой съезд Советов рабочих и солдатских депутатов // Туркестанские ведомости. – 1917. – 21 ноябрь.

Победа Октябрьской революции в Узбекистане. Сб. документов. –Т.1. – Ташкент «Фан», 1963. – 658 с.

References

Ryskulov T. Revolyutsiya i korennoye naseleniye Turkestana. – Tashkent: Uzgosizdat, 1925. – V 1, 1917 - 1918. – 218 p.

Safarov G. Kolonialnaya revolyutsiya (opyt Turkestana). – M.: Gosizdat, 1922. – 147 p.

Muraveyskiy S. Sentyabrskiye sobytiya v 1917 godu // Proletarskaya revolyutsiya. – 1924. – №10.– p. 138-161.

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. F. 9, R. 1, F. 26

Prikaz General'nogo komissara P.A. Korovichenko // Turkestanskoye slovo. – 1917. – 9 november.

Proyekt ob obrazovanii Turkestanskogo ispolnitl'nogo komiteta // Nasha gazeta. – 1917. – 8 november.

V tashkente sostoyalos krayevoye soveshchaniye // Turkestanskoye slovo. – 1917. – 10 november.

Obyedinnenoye sobraniye Krayevogo musulmanskogo soveta // Turkestanskiye vedomosti. – 1917. – 17 november.

Yesmaġambetov K.L. Alem tanyġan tulġa – Almaty: Dayk-Press, 2008. – 504 p.

Gulamalar syezí // Bírlík tuy. – 1917. – 16 november.

Agzamkhodzhayev S.S. Istoriya Turkestanskoy avtonomii (Turkiston Mukhtoriyati). – Tashkent: «Toshkent islom universiteti», 2006. – 268 p.

Krayevoy syezd Sovetov rabochikh i soldatskikh deputatov // Turkestanskiye vedomosti. – 1917. – 21 november.

Pobeda Oktyabrskoy revolyutsii v Uzbekistane. Sb. dokumentov. –V 1. – Tashkent «Fan», 1963. – 658 p.

ӘӨЖ 94 (574.51)

ҰЗЫНАҒАШ ШАЙҚАСЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН НӘТИЖЕСІ

Икрам Н.Ә.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 2-курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың 50-60 жылдардағы Жетісудың саяси жағдайы баяндалады. XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап бұл мәселеге тарихшылардың назары арта түсті. Егер кеңестік тарихнамада бір жақты ғана бағасы беріліп келсе, тәуелсіздік жылдарынан бастап отандық тарихшылар мен шетелдік зерттеушілер Жетісу жерінде орын алған саяси-экономикалық мәселесіне жаңа көзқарастар мен зерделеу жүргізе бастады. Осы мәселе бойынша алғашқыларының бірі болып шетел зерттеушілері М.А Терентьев, В.Е. Недзвецский, П. Пичугиннің берген бағаларын атап өтуге болады. Сонымен қатар, мақалада әр түрлі архивтік құжаттар, тақырып бойынша жарияланған материалдар талданды.
Түйін сөздер: Жетісу, бекініс, Қоқан, шайқас, Ұзынағаш

ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ УЗУНАГАЧСКОЙ БИТВЫ

Икрам Н.А.

магистрант 2-курса Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова.

Аннотация. В данной статье рассматривается политическая ситуация в Жетысу в 50-60-х гг. XIX века. С 70-х гг. XIX века эта тема вызвала интерес у многих историков. Если в советской историографии приводится только одна точка зрения, то с начала периода независимости отечественные историки и зарубежные исследователи приводят новые мнения по изучению политико-экономических проблем в Жетысу. Среди первых зарубежных исследователей, давших оценку даннымвопросам - М.А Терентьев, В.Е. Недзвецский, П. Пичугин. Вместе с тем, в статье были проанализированы различного характера архивные документы, а также материалы по данной теме исследования.
Ключевые слова: Узунагач, Коканд, Семиречье, укрепление, сражения.

REASONS AND CONSEQUENCES OR THE UZUNAGACH

Ikram N.A.

2-year Master’s Student, Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article discusses the political situation in Zhetysu in the 1850-1860s. Since the 1870s, this topic has aroused interest among many historians. While in Soviet historiography only one point of view is cited, since the beginning of the period of independence, domestic historians and foreign researchers have given new opinions on the study of the political and economic problem in Zhetysu. Among the first foreign researchers who evaluated this study are M.A. Terentev, V.E. Nedzvetsky, P. Pichugin. At the same time, the article analyzed archival documents of a different nature, as well as materials on this research topic.
Keywords: Uzunagach, Kokan, Semirechye, fortification, battle.

Кіріспе

Жалпы XIX ғасырдың 50-60 жылдардағы Жетісудың саяси-экономикалық жағдайы толық зерттелмеген, яғни әлі де болса зерттеуді қажет ететін мәселе болып табылады. Зерттеуде көрсеткендей бұл соғыстың сипаты ұлт-азаттық болған. Қазақтар Қоқан хандығының ықпалынан құтылып Ресей бодандығына кіргісі келетіні, ал қырғыздардың қоқан хандығының салық саясатына қарсы болып, тәуелсіз билікке ұмтылғаны көрсетіледі.

Материалдар мен әдістер

ҚР ОММ (Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты), ӨР ОММ (Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты) және халықаралық конференция жинақтары мен басқа да деректерде жарияланған материалдармен салыстыра талдау негізінде мақала даярланды. Мақала жазу барысында негізінен тарих ғылымында басшылыққа алынатын тарихилық, салыстырмалық талдау, тарихи-жүйеліксекілді әдістер қолданылды.

Талқылау

Қарастырылып отырған мәселеде қалам тартқан зерттеушілер, соның ішінде Б. Әбілдаұлы, І. Жансүгіров, Ә. Оспанов және т.б. өзіндік бағасын берген.

Нәтижесі. Ұзынағаш шайқасы қарсаңында Жетісу өлкесінің саяси-экономикалық және әскери-стратегиялық тұрғыдан маңызы артып, бұл жер үшін патшалық Ресей мен Қоқан хандығы өзара бәсекеге түсті.Қоқан хандығы орыстарға қарсы соғысқа қызу әзірленді. Түркістан қаласына Ауғанстаннан қару-жарақ жасайтын шебер маман келіп, жергілікті бекке зеңбірек, еуропалық үлгідегі артиллериялық оқ-дәрі жасауға жәрдем беруді ұсынады. Орынбордағы әскерилер бұл шеберді британдық Үндістан жіберген деп жорамалдаған.Қоқандықтар соғысқа әзірлік барысында қазақ-қырғыз ауылдарынан өз әскері үшін ірі қара, жылқы жинады. Қоқан әскерінің жиылатын жері алғашында Түркістан, кейін Ташкент болып белгіленеді. Пішпек, Мерке, Әулиеата және т.б. жерлердегі бекініс-қамалдар күшейтіледі, Мәллә хан жорыққа жарамды аттарды союға тыйым салады.

Ұзынағаш шайқасы болар жылы, яғни 1860 жылы көктемде, Жетісудағы қазақтар мен қырғыздардың малы жұтап, жаңа туған төл суық пен аштықтан көп қырылған, оның үстіне кей ауылдарда шешек ауруы шығып, адам шығыны көп болады, әсіресе, албан мен дулаттар қатты зардап шегеді. Мысалы, бір ғана Тезек төренің отбасында 2 баласы, анасы, бауыры сұлтан Шерәлі осы аурудан көз жұмған. Тезектің ауылдасы Беке сұлтан да шешектен қайтыс болады [1, 46-п.].

Бұл жағдай, әрине, Ұзынағаш шайқасы кезінде кері әсер етпей қоймады. Алайда, Ұзынағаш оқиғасына қалам тартқандар бұл халық қасіретіне мән бермей, өте шығады. Сонымен қатар Ұзынағаш шайқасы қарсаңындағы Ұлы жүз қазақтарының және Жетісудағы қырғыздардың экономикалық жақтан да әлсіреуі есепке алына бермейді. Соғысқа кететін шығындарды қоқандықтар да, орыстар да жергілікті халық есебінен өтеуге тырысты. Оның үстіне екі жақтың айдап салуымен болған руаралық тартыстар мен көршілердің барымтасы елдің берекесін кетірген. Көрші қырғыздардың барымтасы күшейіп, сарыбағыштар албанның 5500 бас малын айдап әкеткен.1860 жылы Қоқан ханының беделі түсіп, бектер бағынудан қалған болатын. Осы уақытқа дейін орыстарға қарсы бірлесіп күресуге уәде беріп келген Бұхар ханы өзін пана тұтқан бұрынғы Қоқан ханы Құдиярды жақтап, 1858 жылы таққа отырған Мәллә ханға мойын бұрмайды. Сөйтіп, Мәллә хан Бұхар және Хиуа хандығы әскерлерімен күш біріктіре алмайды, әрі қырғыз, қазақ, өзбектердің біріккен күшін өзі бастап жүрудің орнына екі қолбасшы тағайындап, ұрыстың шешуші сәтінің уыстан шығып кетуіне себепкер болады. Бұл жөнінде Қ. Халид: «Орыстар бұл екі арада Алматыдан да бері өте бастаған соң, Әндіжан әкімі Галимбек, Түркістан уәлиі Қанағатшаһ екеуін алты мың әскерге бас етіп, екі бөліп, қарсы аттандырады. Бұлар Қастек пен Алматы

арасында орыс әскерлерімен кездесіп, қоршап алып, ұрысқа кіріскенде, Галимбек жеңісті қызғанып, өз әскерімен жылыстап кетеді» [2, 23-б.], – деп жазды.

Бұл пікірді оқиға ортасында болған Молда Нияз Мұхамед Қоқанди да растайды. Мәллә хан орыстар Алматы, Тоқмақ, Қастек бекіністерін алғанын естіп, өз әскербасыларын және шенеуніктерін шақырып, Әндіжан билеушісі Әлімбек бастаған қырғыздар Құртқа арқылы өтетін жолмен жүруді, арасында Кенесары ханның балалары Тайшық, Сыздық, Ахмет сұлтандар секілді 7-8 пансатбасыларға өз қосындарымен Ташкентке келуді бұйырады. Олар Ташкентте 2-3 күн тұрақтайды. Қанағатшаһ басқарған ташкенттік қосындармен бірге олар ғазауатқа қатысу үшін Пішпекке қарай жүріп кетеді [1, 8-п.].

Қоқан әскері суыт жүріп, 2-3 күнде Шымкентке жетіп, 2 күн ат суытқан соң, 6 күн жүріп, Әулиеатаға келеді, онда 6 күн демалып, тағы 6 күннен кейін Пішпекке жетіп жығылады, бұл жерде де 6 күн әзірлік жасап, жолға шығады. Шу өзені бойына екінші күні жеткен қоқандық әскер Ташкенттен Жетісуға жету үшін шамамен жарты айдан аса жол жүрген [3, с. 235].

1860 жылы шілдеде қырғыз манаптары қоқандықтармен бірге Шу бойына келіп, Қаракөлдегі аға сұлтан Әлиге 4 жігітті жіберіп, Қастекке шабуыл жасалса, ондағы қазақ билері не істейтінін білгілері келетіндіктерін сұраған. Бұрыннан қоқандықтармен байланысы бар Әли сұлтан Ұлы жүздің қадірменді адамдарын: Дикәнбай, Сағат, Әлішкей, Сұраншы, Андас, Суан, Туғанбайды және басқа билер мен батырларды, төрелерді шақырып, кеңес өткізеді. Бұл кеңесте қоқандықтарға кедергі жасамау туралы шешім қабылданып, егер де қоқандықтар Қастек түбінде жеңсе, бүкіл Іле бойындағы дулаттар қол жинап, қоқандықтарға қосылып, орыстардың жұмыстарына қолбайлау жасап, реті келсе, Алматыны өртеуге дейін баратындықтары туралы өзара бітімге келеді. Бұдан соң Алматыдағы ташкенттік саудагерлер дүкендерден тауарларын үйлеріне тасып, түк қып жиып, өрт бола қалса, сақтап қалу қамына кіріседі және Ташкенттен тауар әкелуге тыйым салынады, саудагер ташкенттіктер қатаң бақылауға алынып, әр жерге түнгі қарауыл қойылып, сақтандыру шаралары жасалады. Екіншіден, осы кеңесте Қастек түбіндегі орыстар жиған шөмелелерді өртеу әрекеті де қарастырылды. Кейіннен 14000 пұт шөп өртеледі. Үшіншіден, Іледегі бекіністе шабуылдап, паромды жою, сөйтіп, орыстардың Қапалмен байланысын үзу, яғни қосымша күш алу жолын кесу жоспарланады. Бірақ орыс күзетшілерінің қырағылығы бұл шешімнің орындалуына мүмкіндік бермейді. Жалпы сұлтан Әли қоқандықтармен өзі тікелей емес, Дикәнбай би арқылы хабарласып тұрған [4, 5-п.].

«Сұлтан Әли өзін өте екі ойлы ұстайды. Сұлтан Тезек онымен бұрын ылғи келіспей жүруші еді, енді онымен табысты. Хорунжий Сұраншы екі рет шақыртқанымызға келмей, экспедицияға қатысудан бас тартты. Отрядқа Шу бойында көшіп жүретін інісін жіберген, ол екі жүзді рөлде ойнап, біресе қоқандықтарға, біресе бізге мәлімет тасиды. Осыған байланысты бізге берілген қазақтардан партия құрып алсақ пайдалы болар еді, өздерінің сұлтандарына бағына қоймайтын беделді билерді жақтап, қолдасақ, сұлтандардың өзара келіспеушілігін өршітсек оң болар еді. Мысалы, былай: Тазабекті Тезекке қарсы, Сұраншыны Әлиге қарсы, Шапыраштпы Жанталды Сұраншыға және басқаға қарсы қойсақ, сөйтіп, олардың өзара қақтығысын, басқа руластарына әсерін біліп отырсақ. Бұдан өзге жалайырлардың жуастығын пайдалануға болады, алайда сұлтан Қамбарды аңду керек, өйткені ол Тезекпен достық қарым-қатынаста, оның аға сұлтан Жанғазыға қарсы подполковник Г.А. Колпаковскийге мәлімет бергені белгілі [1, 9-п.]»,–деп жазады 1860 жылы 23 шілдеде генерал Г.Х. Гасфорд Іле өлкесі әскерін басқарушы Сібір корпусының командиріне.

Орта Азияға орыстардың алғашқы жорығының бастауындай болған Ұзынағаш шайқасы 1860 жылы 18-21 қазанда Ұзынағаш түбінде, Қарақастек өзені бойында өтті.

Бұл шайқасқа орыс әскерлері де қатты әзірленді. Қастек бекінісі күшейтілді, ондағы әскерлерге қолбасшы болып майор Экеблад тағайындалды. Қаскелеңдегі 100-дей казакқа есаул

Бутаков жетекшілік етті. Ұзынағаш пен Қастек бекінісінің ортасындағы Саурық қорғанында подпоручик Сярковскийдің әскерлері тұрды.

Қолға түскен Пішпек, Тоқмақ бекіністерінің бектері дереу Семейге жөнелтіледі. Орыстар қоныстанған Үлкен Алматы, Кіші Алматы, Қаскелең, Талғар және тағы басқа жерлердің қорғанысы күшейтіліп, бұл қоныстардың тұрғындары жаппай қаруландырылады. Дулаттардың жартысының қоқандықтар жаққа шыққаны Г.А. Колпаковскийді қатты алаңдатқаны соншалықты, ол Ұлы жүздің қалған адамдарына хат жазып, асығыс кісі жіберіп, қоқандықтарға қарсы күресте орыстарға жәрдем беруді өтінеді және қоқандықтардан түскен олжаны түгелімен қазақтарға беруге уәде береді. Г.А. Колпаковский тұтқынға алармын деген оймен Алматыға Тезек төре, Жанғазы төре секілді өзі күдіктенген, бірқатар адамдарды шұғыл шақыртады, бірақ олар шайқас аяқталар тұста ғана төбелерін көрсетеді. Полковник Колпаковскийдің басқаруымен Ұзынағаш шайқасына 4 зеңбірегі және 2 ракеталық станогы бар 3 рота жаяу әскер, 400 казак, барлығы 799 адам қатысады. 1860 жылдың 18-ші қазанында Қастекте 4 рота, 4 казак жүздігі, 3 ауыр зеңбірек, 4 жеңіл зеңбірек, Саурық қорғанында 1 рота және ракетті станок, Ұзынағашта 1 рота, 1 казак жүздігі және 2 жеңіл зеңбірек, Қаскелеңде казактардың 1/2 жүздігі, Алматыда 2 рота және казактардың 1 1/2 жүздігі, Іле бекінісінде 1 рота, 1 казак жүздігі және 2 зеңбірек болған. Орыс әскерлеріне шайқас кезінде поручик Вроченский, подпоручик Курковский, штабс-капитан Обух, есаул Бутаков, поручик Соболев, хорунжий Ростовцев, подпоручик Сярковский, Шанявский, есаул Усов, сотник Жеребьятев және тағы басқалар жетекшілік жасады. Бұлардың көбі тәжірибелі әскерилер еді.

1846-1847 жылдары Түркістан қаласы бегі болған, 1850-1860 жылдары Ташкентті билеген қолбасшы Қанағатшаһ басқарған қоқандықтар жақтан неше адам, соның ішінде, қанша қазақ қатынасқаны туралы әр түрлі мәлімет бар. Молда Нияз Мұхаммед Қоқанди ташкенттік Шағман қожа бастаған 7 000 әскер, Әндіжан билеушісі Әлімбек басқарған 12 мың әскер қатысты дейді [5, с. 5].

В.Е. Недзвецский 12 мың қоқандық, 10 мыңдай қазақ, барлығы 22 мың әскер Қанағатшаһқа бағынды, 2 мыңы бөлек қимылдады десе [6, с. 61-62], І. Жансүгіров дулаттар көмекке 1000-нан аса жігіт берді деген мәлімет келтіреді [7, 36-б.]. Қ. Халид Әлімбек пен Қанағатшаһ бөліп басқарған 6 мың әскер деп көрсетсе [2, 23-б.], осы шайқасқа белсене қатысқан Ахмет сұлтан Кенесарыұлы Қанағатшаһ паруанашы 40 мың әскермен Алматыға аттанды деп жазған.

Соғыс барысында орыстар жасырынып жатып, ал қоқандықтар аттың үстінде жүріп соғысқан. Сондықтан да орыс артиллериясы ұрыста шешуші рөл атқарған. Туған жердің тағдыры үшін шайқаска қатысқан қазақтар жанкешті ерлік көрсетті. Қазақ, қырғыз жігіттеріне Байзақ, Батырбек, Момынбек, Қожабек датқалар мен Сыпатай би, қырғыз манабы Жантай және тағы басқа қариялар ақыл-кеңес беріп, демеп отырды. Қордай, Ұзынағаш төңірегіндегі қазақтардың қоқандықтар жағына өтуіне Байзақ датқа көп әсер етті. Сыздық төре, Сұраншы батыр, Байсейіт батыр, Арыстан батыр, Ақмолда батыр қазақ-қырғыз қолын бастап шығады. Қырғыздардан сол кезде 21 жаста болған Жантай манаптың ұлы Шабдан ерлікпен күреседі [8, 21-б.]. Сондай-ақ, сарыбағыштан Үмбетәлі, Төрегелді, саяқтан Тайлақтың ұлы Осмон, солто ішінен бөлекбайлық Корчу батыр белсене қатысқан деген мәліметтер бар [9, 31-б.]. П. Пичугин қырғыздардың атты әскері 3000-дай адам болды, солто руын Іледен қуылған біздің дұшпанымыз – Тойшыбектің баласы Байсейіт бастап келді [10, с. 14] деп көрсетеді. Бұл мәлімет Байсейіт батырдың қырғыз жігіттеріне де қолбасшылық жасағанын аңғартады.

Ахмет Кенесарыұлының кітабында бұл шайқас туралы төмендегідей мәлімет келтіріледі: «Қанағатшаһ аттанғаны жайлы хабар алған соң, Г.А. Колпаковский әскерін шекарадағы Қастек бекінісі маңына орналастырып күтіп жатты. Қанағатшаһ асудан асып Ырғайты-Қайыңды деген жерге жеткен соң, Тайшық, Сыздық, Ахмет сұлтандарға қырғыз, қазақтардан құралған бір топ

жасақ беріп: «Ілгері барып, ала алсаңдар Ұзынағашты алыңдар. Ала алмаған күнде де жауды Қастекке жібермеңдер, ертең біз де жетеміз», – деп бұйрық берді... Сұлтандар Ұзынағашқа жеткенде, онда бір зеңбірегімен екі жүз солдат бар екен. Сұлтандар солдаттардың мылтық атуына да, зеңбірек атуына да мұрша бермей, шабуылға кірісті, сондықтан екі жақтан адам шығыны көп болған жоқ. Жаужүрек жігіттер жау шебіне шауып барып, солдаттардың қолдарындағы мылтықтарын да тартып алып жүрді. Осылай олар үш күн соғысты. Төртінші күн дегенде Қастектегі орыс әскері түнде кейін шегініп, Ұзынағашқа жақындады. Таң ата, Г.А. Колпаковскийдің өзі басқарған сегіз жүз солдат мылтықпен де, зеңбірекпен де атқылап сұлтандарды кейін шегінуге мәжбүр етті. Бұдан кейін де Ұзынағаш пен Қастек арасында бірнеше қақтығыс болды. Ақыры, Саурық батыр қорғаны дейтін жерге қырық мың әскерімен Қанағатшаһ паруанашы да келіп жетті. Мұнша көп әскерді көрген Г.А. Колпаковский де тоқтады. Қанағатшаһ паруанашының әскері мылтық атып түске дейін шабуыл жасады. Оның сарбаздары орыс әскеріне жақындаған кезде Г.А. Колпаковский жеті зеңбіректі картечпен оқтап, дүркіндете атуға бұйрық берді. Зеңбірек оғынан Қоқан сарбаздары топалаң тиген қойдай қырылды. Сол жерде жеті жүз сарбаз және көптеген атты әскер қаза тапты» [11, 20-21-бб.].

Осы шайқаста қоқандықтар жағында шайқасқан әскерлердің шығыны туралы әр түрлі мәлімет бар. П. Пичугин қоқандықтардан 400 адам оққа ұшып, 600-і жараланды, ал орыстар жағынан 2 адам өліп, 32-і (арасында подполковник Г.А. Колпаковский мен подпоручик Сярковский бар) жараланды деп көрсетеді [10, с. 35].

Қазақтарға қатысты Г.А. Колпаковский былайша мәлімет береді: «1860 жылдың қазанында қоқандықтар үндеу хаттар арқылы орыстарға қарсы бүкіл Орданы қарсы қоя білді, шапыраштыдан прапорщик Сұраншы және Андас, ботбайдан белгілі би, прапорщик Диқанбай, қасқараулық қазақ батыры Шаян, қасқараулық би Керім және басқа да ықпалды адамдар қоқандықтар жағында шайқасты. Бізге тілектес болмаса да сұлтан, полковник Әли, жаныс руынан прапорщик Туғанбай және Іленің оң жағында көшіп жүретін барлық билер біз жақта қалды. Әли сұлтан сатқындық жасады ма деп күдіктенетіндей ештеңе істемесе де, мен кейін білгенімдей, сансыз қолы бар қоқандықтар орыстарды сөзсіз жеңеді және Іле өлкесін орыстардан тазалайды деп сенген, бірақ өзінің үмітін жасырын ұстау үшін, қашқандай жағдай болса қажет таңдаулы аттары бар өзінің баласы Әблесті қосты, алайда, барлық қауіпті тұста ол менің жанымда болды. Менің қасымнан бір елі қалмаған басқа қазақтардан аз ғана адамы бар ботбайлық прапорщик Қожағұл, өздеріңізге мәлім Қуат баласымен және қасқараулық қазақ көпесі Иса, науқасына орай жорыққа қатыса алмаған прапорщик Жайнақтың інісі, қоқандықтармен біздің шайқасымыз кезінде ол Алматыға тағы бір інісін 50 жігітпен жіберді, шолғыншы ретінде пайдаланылған олар табандылық пен ержүректілік көрсетті. Менің шақыруыммен жалайырдан прапорщик Бөлекби мен Бектайыр 60 жігітімен ұрыс біткен кезде келді, ал албаннан 30 жігітпен Тезек пен Атамқұл келді. Мен олардың ерте келмегеніне қатты қуандым, тәжірибе көрсеткеніндей, олар бізді осындай маңызды істің кезінде тықсырып жіберер ме еді» [12, 245-п.].

Орыс әскери шенеуніктері Ұзынағаш шайқасында Қанағатшаһтың соғыс жоспарының өте дұрыс жасалғанын айтып, жоғары бағалады. Қанағатшаһтың жоспары бойынша: біріншіден, қару-жарақ көп жиналған, бірақ орыс әскерлері аз орналасқан Алматыны алу көзделді. «Алматыға шабуыл жасалса, – деп жазды І. Жансүгіров, – Қараталдан оңтүстікке қарайғы Ұлы жүз түгелімен Қоқанға қосылатын еді. Сөйтіп, әр жердегі бөлек-бөлек орыс әскерін бет-бетімен қоянша соғып жеңетін еді. Онда Ертіске шейінгі Орта жүз түгелімен қозғалып, тұс-тұсындағы орысты шауып жіберуге кәдік еді» [7, 38-б.]. Екіншіден, ойға-қырға от қою әдісі жүзеге асырылды. Жел айдаған өрт Саурық қорғанына жақындап келіп, басқа жаққа ауып кеткен. Даладағы өрт отрядқа қауіпсіз болғанымен, оқ-дәрі жәшіктеріне тигенде, сөз жоқ, орыс әскерлерін шығынға батыратын еді. Үшіншіден, алдын ала орыс әскерлерінің күшін бытыратып, састыру мақсатымен

«Қоқандықтардың бір бөлігі Ілеге кетті», «Сұраншы бастаған мыңға жуық қол Алматыға кетті» деген сияқты дақпырт сөздер таратып, дұшпан күшінің бөлініп жарылуын қамтамасыз еткен. Төртіншіден, артиллерияны орыс әскерлерінің күшін титықтатып барып қосу көзделген. Бірақ Қанағатшаһтың бұл соғыс жоспары іске аспай қалды. 1872 жылы П. Пичугин Ұзынағаш шайқасына былай деп баға берді: «Қоқандықтар бұл шайқаста біржола жеңілген жоқ, олардың тек алғашқы аптығы басылды, көп шығыннан кейін қайта шабуылға шығуға батпады, сөйтіп шегіну арқылы өздерінің жеңілгендігін білдірді» [10, с. 39].

Қорытынды

Ұзынағаш шайқасы Іле өлкесінде орыстардың біржолатабантіреуіне әкелді және Іленің оңтүстігінен орыстарды біржола ығыстырып шығармақ болған қоқандық күшке, түркі-мұсылмандардың біріккен күшіне қатты соққы берілді. Сөйтіп, Жетісу өлкесінде 1860 жылдан бастап орыс ықпалы біржола орнады. Бұдан кейінгі кезеңде қазақтар мен қырғыздар оңтүстік өңірдегі қалалар мен бекіністерді қорғау бағытында қоқандықтар ұйымдастрған іс-шараларға тартыла бастады.

Әдебиеттер

1 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 32-іс.

2 Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих) / ауд. Төтенаев Б., Жолдасов А. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.

3 Материалы по истории киргизов и Киргизии. – М.: Наука, 1973. – 280 с.

4 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 501- іс.

5 Бартольд В.В. Туземец о русском завоевании // Собр. соч.: в 9 т. – М.: Наука, 1964. - Т. 2. - Ч. 2. –С. 324-358.

6 Недзвецский В.Е. Узунагачское дело. Историческая справка к пятидесятилетнему юбилею 21 октября 1860-1910 гг. – Верный: Тип. Семиреченского обл. правления, 1910. – 95 с.

7 Жансүгіров І. Жетісу. – Алматы: Ценные бумаги, 2001. – 180 б.

8 Кызаев А. Жантай хан (Тарыхый очерк). – Бишкек: Учкун, 2004. – 47 б.

9 Закиров С. Шабдан баатыр жөнүндө баян // Шабдан баатыр / түзгөн Н.Капаров. – Бишкек: «Ала Тоо» журналынын тиркемеси, 1992. – 30-43-бб.

10 Пичугин П. Вторжение коканцевь в Алатавский округ в 1860 году // ВС. – 1872. - № 5-6. – С. 5-41.

11 Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – Алматы: Жалын, 1992. – 48 б.

12 ӨРОММ. И-715-қ., 1-т., 24-іс.

References

1 KROMM. 3-k., 1-t., 32-is.

2 Halid K. Tauapih hamsa (Bes tarih) / aud. Totenaev B., Zholdasov A. – Almaty: Kazakstan, 1992. – 304 b.

3 Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii. – M.: Nauka, 1973. – 280 s.

4 KROMM. 3-k., 1-t., 501- is.

5 Baptol'd V.V. Tuzemec o russkom zavoevanii // Sobr. soch.: v 9 t. – M.: Nauka, 1964. - T. 2. - Ch. 2. –S. 324-358.

6 Nedzvecckij V.E. Uzunagachckoe delo. Istoricheskaja spravka k pjatidesjatiletnemu jubileju 21 oktjabrja 1860-1910 gg. – Vernyj: Tip. Semirechenskogo obl. pravlenija, 1910. – 95 s.

7 Zhancugipov I. Zheticu. – Almaty: Cennye bumagi, 2001. – 180 b.

8 Kyzaev A. Zhantaj han (Taryhyj ocherk). – Bishkek: Uchkun, 2004. – 47 b.

9 Zakirov S. Shabdan baatyp zhonyndo bajan // Shabdan baatyr / tyzgon N. Kaparov. – Bishkek: «Ala Too» zhurnalynyn tirkemesi, 1992. – 30-43-bb.

10 Pichugin P. Vtorzhenie kokancev' v Alatavskij okrug v 1860 godu // VS. – 1872. - № 5-6. – S. 5-41.

11 Kenesaryuly A. Kenesary zhane Syzdyk sultandar. – Almaty: Zhalyn, 1992. – 48 b.

12 OROMM. I-715-k., 1-t., 24-is.

ҒТАМР 11.25.91

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН-МАЖАР ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ АХУАЛЫ МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

Исова Л.[1], Стыбаев Б.[2]

[1]т.ғ.к., доцент
[2]«Аймақтану» мамандығының магистрі. әл-Фараби ат. ҚазҰУ.

Аңдатпа. Қазақстан Орталық және Шығыс Еуропа аймағындағы аса маңызды сенімді одақтас ретінде Мажарстан Республикасын есептейді. Екі елді ортақ тарихи тамырлар, көптеген сыртқы саяси мәселелер бойынша ортақ ұстанымдар байланыстырады. Осы қысқа тарихи өлшеу кезеңі бойынша екі ел арасында қалыптасқан қарым-қатынас серпіні тараптардың өзара мүдделерге сүйене отырып, Қазақстан-Мажар ынтымақтастығын дәйекті дамытуға деген ұмтылысын айқын көрсетеді. Мажарстан Қазақстанмен экономикалық және іскерлік байланыстарды дамытуға, ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін жаңа мүмкіндіктерді зерттеуге ерекше мән береді. Екі ел арасындағы серіктестіктің 27 жылы ішінде сауда-экономикалық байланыстар дамыды, бірлескен экономикалық жобалар табысты іске асырылды. Соның ішінде экономикалық ынтымақтастық саласындағы мүдделердің түйісу нүктелері - ауыл шаруашылығы, энергетика, денсаулық сақтау, екі елдің көліктік-логистикалық әлеуетін пайдалану, туризм, құрылыс және инновациялар болып табылады. Екі мемлекеттің геосаяси жағдайы әлемдік аренада маңызды рөл атқаратынын айтып өткен жөн. Мәселен, егер Қазақстан Орталық Азия аймағының жетекші елі болып табылса, онда Мажарстан Орталық Еуропада стратегиялық орынға ие. 2016 жылы Мажар-Қазақстандық стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің құрылуы арқасында Мажарстан мен Қазақстан арасындағы серіктестік қарым-қатынас одан да жоғары деңгейге көтерілді.
Түйін сөздер: Шығыс Еуропа, Орталық Азия, стратегиялық одақтас, ынтымақтастық, сауда-экономикалық байланыстар, Мажарстан, Қазақстан

СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКО-ВЕНГЕРСКИХ ОТНОШЕНИЙ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Исова Л.[1], Стыбаев Б.[2]

[1]кандидат исторических наук, доцент.
[2]магистр по специальности «регионоведение». кафедра международных отношений и мировой экономики, факультета международных отношений, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г.Алматы

Аннотация. Казахстан считает Венгерскую республику как важнейший стратегический союзник в регионе Центральной и Восточной Европы. Казахстан и Венгрию связывают общие исторические корни, общие позиции по многим внешнеполитическим вопросам.
Динамика отношений, сложившихся между двумя странами за этот короткий по историческим меркам период, наглядно свидетельствует о стремлении сторон последовательно развивать казахстанско-венгерское сотрудничество, исходя из взаимных интересов.
Венгрия придаёт особое значение развитию экономических и деловых связей с Казахстаном, исследованию новых возможностей для дальнейшего укрепления сотрудничества.

За 27 лет партнерства между странами были развиты торгово-экономические связи, были успешно реализованы совместные экономические проекты. В том числе основными точками соприкосновения интересов в области экономического сотрудничества, являются сельское хозяйство, энергетика, здравоохранение, использование транспортно-логистического потенциала двух стран, туризм, строительство и инновации.

Стоит отметить что, геополитическое положение обоих государств играет ключевую роль в мировой арене. Так, если Казахстан является ведущей страной центрально-азиатского региона, то Венгрия занимает стратегическую позицию в Центральной Европе. Благодаря учреждению Венгерско-Казахстанского Совета Стратегического Сотрудничества в 2016 году партнёрские отношения между Венгрией и Казахстаном поднялись на ещё более высокий уровень.

Ключевые слова: Казахстан, Венгрия, Восточная Европа, Центральная Азия, стратегический союзник, сотрудничество, торгово-экономические связи.

THE STATE AND PROSPECTS OF THE KAZAKH-HUNGARIAN RELATIONS DEVELOPMENT AT THE PRESENT STAGE

Issova L.[1], Stybayev B.[2]

[1]Candidate of Historical Sciences, Associate Professor.
[2]master of specialty «regional studies». Chair of International Relations and World Economy, of Department of International Relations of Al-Farabi Kazakh National University,Kazakhstan, Almaty

Abstract. Kazakhstan considers the Hungarian Republic as the most important strategic ally in the region of Central and Eastern Europe.Kazakhstan and Hungary share common historical roots, common positions on many foreign policy issues.

The dynamics of relations between the two countries during this short period by historical standards, clearly demonstrates the desire of the parties to consistently develop the Kazakh-Hungarian cooperation, based on mutual interests.

Hungary attaches special importance to the development of economic and business relations with Kazakhstan, the study of new opportunities for further strengthening of cooperation.

Over 27 years of partnership between the two countries, trade and economic ties have been developed and joint economic projects have been successfully implemented. Including the main points of contact of interests in the field of economic cooperation are agriculture, energy, health, the use of transport and logistics potential of the two countries, tourism, construction and innovation.

It is worth noting that the geopolitical position of both countries plays a key role in the world arena. Thus, if Kazakhstan is a leading country in the Central Asian region, Hungary engages a strategic position in Central Europe.Thanks to the establishment of the Hungarian-Kazakhstan Strategic Cooperation Council in 2016, partnership relations between Hungary and Kazakhstan have risen to an even higher level.

Keywords: Kazakhstan, Hungary, Eastern Europe, Central Asia, strategic ally, cooperation, trade and economic ties.

Кіріспе

Қазақстанның сыртқы саясаты бейбіт сүйгіш, өзара сенім, өңірлік және халықаралық деңгейлерде ынтымақтастық ахуалын құруға, барлық мүдделі елдермен тең құқықты қатынастарды дамытуға және халықаралық ұйымдарда белсенді жұмысқа бағытталған.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси салаларда түбегейлі ішкі реформалар жүргізу, елдің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін, ең алдымен елдің аумақтық тұтастығын, мемлекеттік

шекаралардың мызғымастығын қорғау үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасау сыртқы саясаттың стратегиялық міндеті ретінде айқындалады. Сыртқы істер министрлігі атқарушы орган ретінде сыртқы саясатты тиімді іске асыру үшін жауап береді және Қазақстан қабылдаған барлық халықаралық іс-әрекеттерде үйлестіруші органның рөлін атқарады.

Бүгінде Қазақстанның халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға қосқан үлесі мен табыстарына ешкім күмәнданбайды. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көпвекторлы сыртқы саясатын іске асыру Қазақстанға әлемдегі толыққанды, құрметті және маңызды ойыншы болуға мүмкіндік берді. Халықаралық қоғамдастық жас мемлекеттің өз құрылымы шеңберінде қол жеткізген прогресті және бітімгершілік күш-жігердің барлық түрлерін жоғары бағалайды. Бұл, өз кезегінде, Қазақстан экономикасына тікелей шетелдік инвестициялар ағыны, сондай-ақ Астананың көптеген сыртқы саяси бастамаларды іске асыруы тұрақты және жоғары деңгейден көрініс табады.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты қазіргі кезеңде айқын экономикалық сипатқа ие және реформалар бағытын жүзеге асыруға мен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге белсенді жәрдемдесуге бағытталған. Іс жүзінде бұл тауарлар, қызметтер мен капиталдың әлемдік рыноктарына елдің шығуы үшін жағдай жасауды, өзінің экспорттық-импорттық әлеуетін дамытуды, өндірістік секторға инвестициялар мен технологияларды тартуды, жаңа көлік маршруттарының жобаларын іске асыруды білдіреді.

Қазақстанның сыртқы саясатында Еуропалық Одаққа лайықты орын беріледі, бұл көптеген тұжырымдамалық құжаттарда, соның ішінде "Қазақстан Республикасының 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасында" сипатталған болатын [1].

Еуропалық Одақпен Қазақстанды аймақтық және халықаралық қауіпсіздік, экономика, әлеуметтік және мәдени даму, инвестициялық қызметті, ірі халықаралық жобаларды жүргізуде, елге озық технологиялар мен білімді тарту саласында ортақ қызығушылықтар жақындастырады.

Қазақстанның Еуропалық Одақпен әріптестігін дамыту контекстінде жекелеген еуропалық елдермен ынтымақтастық келешегін зерттеу маңызды. Мажарстан бұл тұрғыда біздің халқымызбен терең тарихи тамыры бар ел, саяси және экономикалық реформалар жолынан өткен және салыстырмалы түрде жақында ЕО, НАТО-ға мүше болған ел ретінде үлкен қызығушылық танытады. Қазақстан мен Мажарстан арасында дипломатиялық қатынастар 1992 жылы 23 наурызда орнатылды [2].

Екі ел арасындағы қарым-қатынастар стратегиялық сипатқа ие. Берік шарттық-құқықтық база, Стратегиялық кеңестің, сауда-экономикалық және құқықтық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялардың, сондай-ақ парламентаралық достық топтарының табысты қызметі екі елдің өзара іс-қимылын тереңдетуге ықпал етеді.

Теориялық-әдіснамалық негізі

Қазақстан мен Мажарстан арасындағы байланыс либерализм сипатына тән. Ең алдымен ол мемлекеттік құрылымның демократиялық принциптеріне негізделеді, саяси, экономикалық, мәдени қатынастардың бейбіт түрлерін ұстанады, әртүрлі қақтығыстарды болдырмау, алдын-алу, күш қолданбай шешуді басшылыққа алады.

Зерттеу барысында салыстырмалы және жүйелік әдістер қолданылды. SWOT-талдауды пайдалану Қазақстан мен Мажарстанның ынтымақтастығында күшті және әлсіз жақтарын салыстыруға, ықтимал дағдарыстарды талдауға және осы мәселе бойынша кейбір ұсыныстар енгізуге мүмкіндік берді. Бұл әдіс Қазақстан мен Мажарстан арасындағы қарым-қатынастарды жақсы түсіну және Еуропалық Одақ шеңберіндегі екіжақты қарым-қатынастардың болашақ үрдістерін болжау үшін пайдаланылды. Ивент-анализ немесе оқиғалық мәліметтерді талдау әдісін қолдану Қазақстан мен Мажарстанның ынтымақтастық фактілерін талдауға мүмкіндік берді. ЕО

шеңберіндегі келіссөздер, Қазақстан мен Мажарстан арасындағы келісімдер, сондай-ақ екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды терең түсіну мақсатында кейбір ақпараттық хабарламалар мен сұхбаттар талданды.

Нәтижелер мен пікірсарап

Қазақстан мен Мажарстан арасындағы серіктестіктің іргетасы 1990-шы жылдардың басында қалана бастады. Дипломатиялық қатынастар орнатылғаннан бірнеше айдан кейін 1992 жылы маусымда сауда-экономикалық байланыстар туралы негізгі келісімге қол қойылды [3].

Сонымен бірге 1993 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Мажар Республикасының Егіншілік министрлігі арасындағы ауыл шаруашылығы және ұқсатушы өнеркәсібі саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық туралы келісім жасалды [4].

1994 жылы желтоқсанда ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Будапештке жасаған ресми сапары барысында достық қарым-қатынастар мен мемлекетаралық ынтымақтастық туралы келісіміне және тағы басқа құжаттарға қол қою - екіжақты қатынастардың ары қарай дамуына үлкен үлес қосты [5,4-7].

1997 жылы жылы 3-5 қарашада Мажарстанның бұрынғы Президенті Арпад Генцтың Қазақстанға ресми сапары барысында жоғары деңгейдегі диалог жалғасты.

Ынтымақтастықтың барлық салаларына қатысты екіжақты актілердің тізімі жыл сайын арту үстінде және қазіргі уақытта біршама мемлекетаралық келісімдер мен хаттамалар бар. Бұл құжаттар іс жүзінде сауда-саттықтан ғылым мен мәдениетке дейін барлық салалаларды қамтиды.

Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың 2007 жылы 22-23 қарашада Мажарстанға жасаған мемлекеттік сапары екіжақты қатынастарға жаңа серпін берді. Ол халықаралық саясаттың көптеген өзекті мәселелері бойынша тараптардың ұстанымын анықтауға және сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын белгілеуге мүмкіндік ашты.

Қазақстан мен Мажарстан арасында берік парламентаралық қатынастар орнатылған. 2010 жылғы шілдеде еліміздің мемлекеттік жиналысында 17 депутаттың ішінен М. Варга бастаған "Мажарстан–Қазақстан" ынтымақтастық тобы құрылды, ал 2012 жылғы ақпаннан бастап ҚР Парламенті Мәжілісінің 7 депутаты құрамында Мажарстанмен ынтымақтастық жөніндегі парламенттік топ құрылды.

2015 жылы сәуірде Мажарстанның Премьер-Министрі Виктор Орбанның Қазақстанға ресми сапары аясында Қазақстан-Мажар стратегиялық кеңесі құрылды. Осылайша, Мажарстан Қазақстан стратегиялық серіктестігі бар Орталық-Шығыс Еуропадағы алғашқы және әзірше жалғыз ел. Мұнай, сауда және қаржы, білім саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды [6].

Қазақстан - ТМД елдері арасында (Ресей, Украина және Беларусьтан кейін) Мажарстанның төртінші сауда серіктесі. Екі ел арасында Қазақстан-Мажар стратегиялық кеңесі, экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия, Іскерлік кеңес, сондай-ақ инвестициялар жөніндегі бірлескен қор белсенді жұмыс істейді. 2018 жылдың 10 айында екіжақты сауданың көлемі 124,7 млн. АҚШ долл. құрады (экспорт - 24,0 млн., импорт - 100,7 млн.) [7].

Қазақстандық экспорт құрылымында негізгі компоненттер минералдық отын, химиялық тыңайтқыштар, машиналар, жабдықтар болып табылады. Импорт номенклатурасында - ауылшаруашылық өнімдері, азық-түлік өнімдері, органикалық тыңайтқыштар, медициналық препараттар, дәрі-дәрмектер, өнеркәсіптік және кеңсе жабдықтары.

Қазақстан мен Мажарстанның сауда-экономикалық қатынастарын дамытудың перспективалы бағыты екі елдің өзара тиімді мүдделерін есепке алу негізінде жаңа прогрессивті технологияларды тарту, технологиялар беру, жабдықтар жеткізу, мамандарды оқыту жолымен

өнеркәсіптің өндіруші және қайта өңдеу салаларын (оның ішінде мұнай-газ) дамыту жөніндегі жобаларға Мажар фирмаларының (тікелей немесе делдалдық) қатысуы болып табылады.

2013 жылғы қаңтарда қазақстандық делегацияның Будапештке іскерлік сапары аясында Қазақстан-Мажарстан Іскерлік кеңесінің бірінші отырысы өтті, онда тараптар кең ауқымды мәселелерді талқылап, екіжақты экономикалық ынтымақтастықтың нақты бағыттарын анықтады. Осылайша, Қазақстан мен Мажарстанның іскер топтарының өкілдері екі ел қарым-қатынасындағы экономикалық құрамдас бөлікті жандандыру жөніндегі екі мемлекет басшыларының келісімдерін іс жүзінде жүзеге асыруға кірісті.

Кездесудің күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілді: екіжақты экономикалық өзара іс-қимылдың нақты бағыттарын әзірлеу, атап айтқанда, мұнай-газ саласындағы, ауыл шаруашылығындағы іскерлік ынтымақтастықты нығайту, кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту мәселелері. Сондай-ақ, Медицина, фармацевтика және құрылыс саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту бойынша консультациялар жалғастырылды.

Кездесу қазақстандық кен орындарында Мажар "MOL" мұнай компаниясының ағымдағы және перспективалық қызметіне ерекше назар аударылды. Осыған байланысты Мажарстанның ірі мұнай-газ операторы "MOL" компаниясының KAZENERGY қауымдастығының мүшесі болу туралы шешімін ерекше атап өткен жөн [7].

2016 жылы құрылған жарғылық капиталы 40 миллион АҚШ доллары болатын тікелей инвестициялардың Қазақстан-Мажарстан ауыл шаруашылығы Қоры, 2018 жылы әрқайсысы 10 миллион доллардан бюджетпен екі жобаны қаржыландырды - Ақтөбе облысындағы жылыжай кешені (жобалық қуаты жылына 1500 тонна көкөніс) және Оңтүстік Қазақстанда алма бақтарын құру, қойма үй-жайларын салу және жабдықтар жеткізу (алаңы 300 га)[8].

"Биылғы жылы Мажарстан Қазақстан мен Мажарстанның бизнес-жобаларына 450 млн еуро бөлді. Қазақстанда мажар бизнесмендері үшін, Мажарстанда қазақстандық бизнесмендер үшін. Бұл біздің бизнесімізді жақындастыру және қызықты бірлескен жобалар құру үшін пайдалануға болатын үлкен сома", - деді ҚР Мажарстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Нұрбах Рүстемов [9].

2017 жылғы 8 маусымда Астана мен Будапешт арасында тікелей әуе қатынасының ашылуы екіжақты қарым-қатынастардағы маңызды оқиға болды. Ресми тасымалдаушы болып мажарстандық "Wizz Air" компаниясы тағайындалды[10].

Екі ел арасында су ресурстарын басқару саласы маңыздылыққа ие болуда. Мажарстан Орта Азиядағы өзінің басты серіктесіне сумен қамту жүйесінің жұмысын жетілдіру бойынша жақсы шешімдер, озық технологиялар менноу-хаулар ұсына алады.

Бүгінде Қазақстан аумағының тұрғындарының 45 пайызы сапалы ауыз сумен қамтылған. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 95 пайызға дейін арттыру көзделуде. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін қомақты инвестициялар тартып, ауқымды жобаларды іске асыру қажет. Мажарстанның сыртқы істер және сауда министрі осы салада дүниежүзі бойынша үздіктердің қатарынан табылған мажарстандық компаниялар Қазақстанға көмек көрсете алады деп есептейді. Оларды қаржылық жағынан қолдау мақсатында және бизнес ынтымақтастығын дамыту үшін Мажарстан үкіметі биыл 420 миллион еуро көлеміндегі несиелік желі ашқан [11].

Бұдан басқа тараптар энергетика саласындағы байланыстарды дамытуды көздейді. Сондай-ақ, фармацевтика саласының да орны бөлек. Мажарстандық «Рихтер» фармацевтикалық компаниясы Қазақстаннан бөлек, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстанда да аса танымал. Десе де, бұл елдегі фармацевтикалық өнімдердің Орталық Азиядағы негізгі тұтынушысы – Қазақстан.

Екі мемлекет сондай-ақ мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға ерекше назар аударады, оның аясында өнер қайраткерлері, екі елдің ғалымдары мен спортшылары Қазақстан мен Мажарстанда өткізілетін түрлі мәдени және спорттық іс-шараларға белсенді қатысады.

Қазіргі уақытта Мажарстанның Кодолани университеті, Гедель ғылыми-аграрлық университеті және Сегед ғылыми университеті Қазақстандың жоғары оқу орындарымен тығыз байланысты. Қазақстандық студенттер Мажарстанның Экономикалық және Орталық Еуропа Университеттерінде, Халықаралық бизнес мектебінде оқуларын жалғастыруда. Мажарстандық жастар Лоранда ғылым университетінде және Сегед ғылыми университетінде қазақ тілін оқиды.

2019/2020 оқу жылынан бастап Мажарстан Үкіметі бакалавриат, магистратура және докторантураға 250 грант бөлді. Бүгінгі күні Мажарстанда «Stipendium Hungaricum» бағдарламасы бойынша 50-ден астам елден студенттер оқиды, оның ішінде 500-ден астам қазақстандық та бар.

Жалпы екі мемлекет арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық сонау 1990 жылдардан бері жалғасын табуда.

Қазақстандық және Мажарстан ғалымдары ортақ тарихи тамырларды зерттеуге өзара қызығушылық танытуда. Осыған байланысты қыпшақтардың Мажарстан мен Қазақстандағы мадьяр қоныстандыру тарихын зерттеу бойынша бірлескен археологиялық зерттеулер жүргізілуде. 2007 жылғы қарашада «Мажар қыпшақтары одағының» өкілдерімен кездесуі барысында Елбасы мажар қыпшақтарының Құрметті Көсемі болып сайланды.

2012-2015 жылдар аралығында Мажарстанда Қырым Алтынбековтың ғылыми реконструкциялары мен авторлық жұмыстарының көрмелері ұйымдастырылды. 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай, Қазақстаннан тыс алғаш рет Еуропа төрінде – Мажарстанда «Ұлы Далада мемлекеттік дәстүр сабақтастығы» атты халықаралық конференция өтті.

2015 жылғы қарашада Сегед қаласының Ғылыми университетінде Абай Құнанбайұлының 170 жылдығына орай әдеби кеш өткізілді.

2016 жылғы қарашада Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы құрметіне Мажарстанның «Сеченьи» Ұлттық кітапханасында Қазақстанның әдебиеті мен мәдениет орталығы ашылды [12].

2017 жылғы 2 қыркүйекте Будапешт қаласында Қазақстан Республикасының Елшілігі Мажар қыпшақтарының мәдениеті фестиваліне қатысты. Фестиваль шеңберінде қонақтарды қазақ халқының салт-дәстүрімен, мәдениетімен таныстыратын этнобұрыш жасақталды. Оған қоса, қонақтарға кәдесыйлар мен имиджідік материалдар таратылды, сондай-ақ олар қазақтың тағамдарынан дәм татты. Этнобұрыш фестиваль қонақтарының Ұлы Дала тарихына деген ерекше қызығушылығын арттырғанын атап өту қажет [13].

Қорытынды

Жалпы, жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында әлемдегі геосаяси жағдай айтарлықтай өзгерді. Осыған байланысты Қазақстан үшін басым міндет мемлекеттің мүдделерін, нақты және әлемдік дамудың серпінін ескеруші теңдестірілген және жауапты сыртқы саяси бағытты іске асыру болып табылады.

Қазақстан мен Мажарстан арасындағы ынтымақтастық тәжірибесі екі елдің үйлесімділігі мен өзара толықтырушылығының бастапқыда бағаланбағанын көрсетеді. Қазіргі кезде ортақ және ұқсас белгілер анықталғанда, әрине, жоспарлар өршіл болып табылады. Қазақстан Азия орталығында, Мажарстан Еуропа орталығында орналасқан. Сондықтан да барлық салалардағы ынтымақтастық Қазақстан халқының ұлттық мүдделеріне ғана қызмет етіп қана қоймайды. Екі ел арасындағы қарым-қатынас барынша бай және толық дамып келеді. Бірақ, атқарылған жұмыс көлеміне қарамастан, достас екі мемлекет үшін барынша тиімді пайдалану оңай болып табылмайтын әлі де жеткілікті қуатты перспективалар мен жаңа мүмкіндіктер алда.

Бұған көпвекторлы дипломатия, аймақтық және аймақаралық деңгейде интеграциялық үрдістерді дамыту, ұлттық және аймақтық қауіпсіздіктың сын-тегеуріндері мен қатерлерін ұжымдық бейтараптандыру есебінен қол жеткізуге болады. Сыртқы саяси басымдықтарды шешу

және табысты іске асыру Қазақстанның одан әрі тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің кепілі болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы. [Электрондық ресурс] URL: http://www.mfa.gov.kz/kz/content-view/kontseptsiya-vneshnoj-politiki-rk-na-2014-2020-gg (дата обращения: 25.04.2014)

2. Мажарстан. Екі жақты қарым-қатынастар [Электрондық ресурс] URL: http://www.mfa.gov.kz/kz/budapest/content-view/dvustoronnie-otnosenia (дата обращения: 6.11.2016)

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгр Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық байланыстар туралы Келісім [Электрондық ресурс]URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O9200000002 1992 жылғы 26 маусым Будапешт қаласы (дата обращения: 26.06.1992)

4. Соглашение между Министерством сельского хозяйства Республики Казахстан и Министерством земледелияВенгерской Республики о долгосрочном сотрудничестве в областисельского хозяйства и перерабатывающей промышленности// http://mfa.gov.kz/ru/content-view/vengerskaya-respublika (дата обращения: 10.12.2013)

5. Договор об основах дружественных отношений и сотрудничестве между Республикой Казахстан и Венгерской Республикой от 7 декабря 1994 года // Бюллетень международных договоров, соглашений и отдельных законодательных актов Республики Казахстан. – 1996. – №4

6. Варга М. Қазақстан Мажарстанның Орталық Азиядағы стратегиялық әріптесі [Электрондық ресурс]URL: https://strategy2050.kz/news/39894/(дата обращения:17.10.2016)

7. Қазақстан Елшісі Мажарстанмен сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы айтып берді [Электрондық ресурс]URL: http://www.mfa.gov.kz/kz/budapest/content-view/posol-kazahstana-rasskazal-o-torgovo-ekonomiceskom-sotrudnicestve-s-vengriej (дата обращения: 08.02.2019)

8. Казахстанско-Венгерский Деловой совет[Электронный ресурс]URL: http://old.kazenergy.com/ru/press/-1/9334-2013-05-23-09-30-41.html (дата обращения: 23.05.2013)

9. Нурбах Рустемов: 450 млн евро выделила Венгрия для бизнес-проектов с Казахстаном [Электрондық ресурс]URL: https://www.inform.kz/ru/nurbah-rustemov-450-mln-evro-vydelila-vengriya-dlya-biznes-proektov-s-kazahstanom_a3496476(дата обращения: 08.02.2019)

10. Астана - Будапешт тікелей әуе қатынасы биылғы маусым айында ашылады [Электрондық ресурс]URL: https://primeminister.kz/kz/news/mezhdunarodnie_otnosheniya/pryamoi-reis-astana-budapesht-s-iunya-14339 (дата обращения: 03.05.2017)

11. Астана мен Будапешт арасындағы байланыс стратегиялық маңызға ие

https://assembly.kz/kk/news/astana-men-budapesht-arasyndagy-baylanys-strategiyalyk-manyzga-ie(дата обращения: 18.10.2018)

12. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық[Электрондық ресурс]URL:http://www.mfa.gov.kz/kz/budapest/content-view/kulturno-gumanitarnoe-sotrudnicestvo(дата обращения: 06.11.2016)

13. Мажарстанда Ұлы Даланың этнобұрышы таныстырылды [Электрондық ресурс]URL:https://e-history.kz/kz/publications/view/3447(дата обращения: 04.09.2017)

References

1. Qazaqstan Respýblıkasy syrtqy saıasatynyń 2014 – 2020 jyldarǵa arnalǵan tujyrymdamasy [Elektrondyq resýrs] URL: http://www.mfa.gov.kz/kz/content-view/kontseptsiya-vneshnoj-politiki-rk-na-2014-2020-gg [in Kazakh](accesseed: 25.04.2014)
2. Majarstan. Eki jaqty qarym-qatynastar [Elektrondyq resýrs] URL: http://www.mfa.gov.kz/kz/budapest/content-view/dvustoronnie-otnosenia [in Kazakh](accesseed: 6.11.2016)
3. Qazaqstan Respýblıkasynyń Úkimeti men Vengr Respýblıkasynyń Úkimeti arasyndaǵy saýda-ekonomıkalyq baılanystar týraly Kelisim [Elektrondyq resýrs] URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O9200000002 1992 jylǵy 26 maýsym Býdapesht qalasy [in Kazakh] (accesseed: 26.06.1992)
4. Soglashenıe mejdý Mınısterstvom selskogo hozıaıstva Respýblıkı Kazahstan ı Mınısterstvom zemledelııa Vengerskoı Respýblıkı o dolgosrochnom sotrýdnıchestve v oblastı selskogo hozıaıstva ı pererabatyvaıýeı promyshlennostı // http://mfa.gov.kz/ru/content-view/vengerskaya-respublika [in Russian] (accesseed: 10.12.2013)
5. Dogovor ob osnovah dryjestvennyh otnoshenıı ı sotrýdnıchestve mejdý Respýblıkoı Kazahstan ı Vengerskoı Respýblıkoı ot 7 dekabrıa 1994 goda // Bıýlleten mejdýnarodnyh dogovorov, soglashenıı ı otdelnyh zakonodatelnyh aktov Respýblıkı Kazahstan. – 1996. – №4
6. Varga M. Qazaqstan Majarstannyń Ortalyq Azıiadaǵy strategıialyq áriptesi [Elektrondyq resýrs] URL: https://strategy2050.kz/news/39894/ [in Kazakh] (accesseed: (data obraenıia:17.10.2016)
7. Qazaqstan Elshisi Majarstanmen saýda-ekonomıkalyq yntymaqtastyq týraly aıtyp berdi [Elektrondyq resýrs] URL: http://www.mfa.gov.kz/kz/budapest/content-view/posol-kazahstana-rasskazal-o-torgovo-ekonomiceskom-sotrudnicestve-s-vengriej [in Kazakh] (accesseed: 8.02.2019)
8. Kazahstansko-Vengerskıı Delovoı sovet [Elektronnyı resýrs] URL: http://old.kazenergy.com/ru/press/-1/9334-2013-05-23-09-30-41. [in Russian] (accesseed: 23.05.2013)
9. Nýrbah Rýstemov: 450 mln evro vydelıla Vengrıia dlıa bıznes-proektov s Kazahstanom [Elektrondyq resýrs] URL: https://www.inform.kz/ru/nurbah-rustemov-450-mln-evro-vydelila-vengriya-dlya-biznes-proektov-s-kazahstanom_a3496476 [in Russian] (accesseed: 08.02.2019)
10. Astana - Býdapesht tikeleı áýe qatynasy bıylǵy maýsym aıynda ashylady [Elektrondyq resýrs] URL: https://primeminister.kz/kz/news/mezhdunarodnie_otnosheniya/pryamoi-reis-astana-budapesht-s-iunya-14339[in Kazakh] (accesseed: 03.05.2017)
11. Astana men Býdapesht arasyndaǵy baılanys strategıialyq mańyzǵa ıe https://assembly.kz/kk/news/astana-men-budapesht-arasyndagy-baylanys-strategiyalyk-manyzga-ie [in Kazakh](accesseed: (data obraenıia: 18.10.2018)
12. Mádenı-gýmanıtarlyq yntymaqtastyq [Elektrondyq resýrs] URL: http://www.mfa.gov.kz/kz/budapest/content-view/kulturno-gumanitarnoe-sotrudnicestvo [in Kazakh] (accesseed: 06.11.2016)
13. Majarstanda Uly Dalanyń etnoburyshy tanystyryldy [Elektrondyq resýrs] URL: https://e-history.kz/kz/publications/view/3447 [in Kazakh](accesseed: 04.09.2017)

ӘОЖ 930.001.83

КӨНЕ ТҮРІКТЕРДЕГІ ТӘҢІРШІЛДІК

Каттабекова Н.Қ.

Қ. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, т.ғ.к. Түркістан, Қазақстан.

Аңдатпа. Ерте ортағасырлық дәуірде тарих сахнасына көтерілген түркілердің діни жүйесі олардың тұрмыс-тіршілігіне және қоршаған ортасына сәйкес қалыптасып, өзіндік ерекше құбылыс ретінде көрініс тапты. Оларда табиғат культі басымдық танытып, көне түріктер жер-суға, көкке табынып, аң-жауарларды осы тылсым күшпен байланыстырушы буын ретінде қарастырды. Бұл өз кезегінде көне түріктер арасында көк бөрі культін қалыптастырды. Сондай-ақ көне түріктер аң-жауарларды әруақтардың көрінісіне балап, олардың киелі санады. Мұның өзі көне түріктердің қоршаған ортамен, табиғатпен үйлесімділік табатын өзіндік дүниетанымына негіз қалап, оларда тәңіршілдіктің орнығуына алып келді. Тәңіршілдіктің қалыптасуы көне түріктерге дейінгі ғұндар дәуірінен,тіпті одан ертерек дәуірденбастау алады. Бірақ осы көне түріктер дәуірінде бұқаралық сипат алды. Сондықтан да мақалада тәңіршілдіктің көне түріктер арасындағы орнын талдау жәнеондағы сабақтастықты зерделеуге ерекше мән беріледі.
Түйін сөздер: дін, тәңіршілдік, Құдай, культ, Ұмай.

ТЕНГИРИАНСТВО У ДРЕВНИХ ТЮРКОВ

Каттабекова Н.К.

Старший преподователь Международного казахско-турецкого университета им. К.А. Яссауи.
г. Туркестан, Казахстан

Аннотация. До приниятия мировых религий – Ислама, христианства и буддизма, тюрки имели древнюю религию – тенгирианство. Тенгрианство– религия, основанная на вере в Создателя, предположительно возникла в конце II– начале I тыс. до н.э., но не позднее V-III вв. до н.э. Его сближают с хуннуским «ченли» («небо»), существуют и более широкие параллели с китайским Тянь, шумерским Дингир, «небо». Полного согласия среди ученых в понимании сущности тенгрианства пока не сложилось. Часть исследователей пришли к выводу, что это вероучение приняло форму законченной концепции с онтологией (учение о едином божестве), космологией (концепция трех миров с возможностями взаимного общения), мифологией и демонологией (различение духов-предков от духов природы) к XII-XIII вв.. В то же время в одном из древних рукописных источников сообщается, что к 165 г. до н.э. тюрки уже обладали полностью сложившейся религией с развитым каноном, во многом близким буддийскому, завещанному индийским царем Канишкой, от которого берет начало ветвь буддизма, получившая самостоятельное развитие и оформившаяся как тенгрианство. Часть исследователей настаивает на том, что системного письменного изложения теологической доктрины тенгрианство не оформило и имело небольшой по количеству священный реквизит, благодаря простоте и ясности которого просуществовало несколько тысяч лет в устойчивых формах религиозного ритуала и практики. В то же время другая часть исследователей заявляют о наличии главной священной книги тенгрианцев – «Псалтырь» (тюрк. – «венец алтаря»), содержащей тенгрианский канон – обычаи, обряды и правила, по которым надлежало обращаться к Богу.

Ключевые слова: религия, тенгрианство, культ, божество, Умай.

TENGRI OF THE ANCIENT TURKS

Kattabekova N.K.

K. A. Yassawi Kazakh-Turkish International University, Senior Lecturer. Turkestan, Kazakhstan.

Abstract. Before accepting the world religions – Islam, Christianity and Buddhism, the Turks had an ancient religion – tengri. Tengrianism – the religion based on the belief in a Creator, presumably arose at the end of II – beginning I thousand BC, but not later than in V-III centuries BC, It together with hunnycam «chenli» («sky»), there are wider Parallels with the Chinese Tien, Sumerian Dingir, «heaven». Full agreement among scientists in understanding the essence of Tengrianism has not yet developed. Some researchers came to the conclusion that this doctrine took the form of a complete concept with ontology (the doctrine of a single deity), cosmology (the concept of three worlds with the possibility of mutual communication), mythology and demonology (the distinction of ancestral spirits from the spirits of nature) to the XII-XIII centuries. At the same time, in one of the ancient handwritten sources it is reported that by 165 BC. the Turks already had a fully developed religion with a developed Canon, largely close to the Buddhist, bequeathed by the Indian king Kanishka, from which the branch of Buddhism originates, which received independent development and took shape as Tengrianism. Some researchers insist that the systematic written presentation of the theological doctrine of tengriism has not issued and had a small number of sacred props, due to the simplicity and clarity of which lasted several thousand years in stable forms of religious ritual and practice. At the same time another part of researchers claim the sacred book tengrian – «hymnal» (Turk. – «the crown of the altar»), containing the tengrian Canon – customs, rituals and rules by which it was necessary to appeal to God.
Keywords: religion, Tengrianism,cult,deity, Umai.

Кіріспе

Тәңіршілдік ертедегі түркі-моңғол көшпелілерінің діндерінің бірінен саналады. Бұл діннің еуразиялық кеңістікте қалыптасуы буддизм мен Ислам діне дейін жүзеге асты. Сонымен қатар оның сарқыншақтары осы күнге дейін сақталып, қазіргі әлемдік діндермен астарласып кетті. Тіпті, соңғы кезде тәңіршілдікті қайта жандандыру мәселесін көтерушілер де бой көрсетуде. Мұны қазіргі кезде Ресейде тәңіршілдікті жақтаушылар ұйымының тіркелуінен, Моңғолияда тәңіршілдік ғибадаханасының салынуынан және Қырғызстанда тәңіршілдікті ата-баба діні ретінде құстануды жақтаушылар қатары қалыптасуынан аңғаруға болады. Сондықтан да тәңіршілдіктің дамуындағы ерекше кезең болып саналатын ерте ортағасырлық дәуірдегі тәңіршілдікті зерттеуді өзіндік ғылыми маңызға ие деп санауға болады.

Талқылау

Көне түріктер арасындағы тәңіршілдік мәселесіне қатысты пікірлер Д. Банзаров [Д. Банзаров, 1997: 65] пен Ш.Ш. Уәлиханов [Ч. Валиханов, 1985: 111] еңбектерінде көрініс тапқан. Бұл ғалымдардың еңбектерінде негізінен тәңіршілдіктің жаға заман дәуіріндегі ерекшеліктері, дәлірек айтқанда, Сібірдегі түркі-моңғол халықтарының және қазақтардың арасындағы сарқыншақтары жайлы пікір білдіріледі. Сонымен бірге бұл ғалымдар тәңіршілдіктің шығуының себебін табиғат пен адамзаттың арасындағы байланыспен ұштастырады.

Көне түріктердің діни наным-сеніміне қатысты тұжырымдарды З.У. Тоғанның 1912 жылы жарық көрген «Түрік-татар тарихы» атты еңбегінен де [З. Валиди, 1912: 19] кездестіруге болады.

Оның еңбегінде тәңіршілдік көне түріктердің тарих сахнасына көтерілуіне және олардың алып мемлекет құруына негіз қалаған наным болды деп бағаланады. З.У. Тоған тәңіршілдік тек көне түріктердің ғана емес, кейін Шыңғыс империясының құрылуында да елеулі рөл атқарғанына көңіл бөледі.

Е. Паркедің [E.Parker, 1885: 96], Н.Я. Бичуриннің [Н. Бичурин, 1950: 178], К.А. Иностранцевтің [К. Иностранцев, 1926: 152], М.И. Артамоновтың [М. Артамонов, 1962: 155], Л.Н. Гумилевтің [Л. Гумилев, 1967; 149] еңбектерінен кездестіруге болады. Осы аталған ғалымдардың арасында тәңіршілдіктің көне түріктердің саяси-әлеуметтік өміріндегі рөліне ерекше көңіл бөлген ғалым ретінде Л.Н. Гумилевті ерекше атауға болады. Л.Н. Гумилев тәңіршілдікті көне түріктер арасындағы діни жүйе ғана емес, тіршіліктің, рухани болмыстың негізгі буыны болды деген пікір білдіреді. Оның мұндай пікірі Д.В. Поздняковтің [Д. Поздняков, 2001: 142] және Д.Г. Савиновтің [Д. Савинов,2002: 161] еңбегінде қолдау тапқан. Сондықтан да көне түріктер тарихын зерттеуде ерте ортағасырлық дәуірдегі еуразиялық кеңістіктегі тәңіршілдіктің орнын осы бағытта әлі де зерттей түсу қажеттігі ағарылады.

Нәтижесі

Көне түріктер арасындағы тәңіршілдік мәселесін қарастыруда зерттеушілер оны ерте ортағасырлық дәуірдегі діни жүйе ғана емес, әлеуметтік-саяси маңызға ие дүниетаным екеніне назар аударғаны аңғарылады. Осыған орай тәңіршілдікті көне түріктердің өмір сүрген ортасымен тығыз байланыста қарастырған жөн. Бұл ретте көне түріктердің діни-намым сеніміне әсер еткен факторларды да назардан тыс қалдырмаған абзал.

Негізгі бөлім

Қоршаған орта, табиғат көшпелі түрік тайпаларының тұрмыс- тіршілігінің көзі ретінде маңызды рөл атқарды, бұған қоса олардың кәсіби қызметі, яғни малды күтіп-бағу табиғи-климаттық жағдайларға тәуелді болды. Сондықтан да көне түріктердің діни наным-сенімдері табиғатқа табынушылық сипат алды.

Тәңірге табынудың идеялық негізі – табиғат заттары мен құбылыстарын жанды деп қарау болып табылады. Тәңіршілдік сана әр заттың иесі, жаны бар деп пайымдайды. Дүниенің барлық объектілері адам секілді, оларға сөзім мен сана тән-мыс.

Өзінің мәні жағынан Тәңірі монотеистік дінге жақын болды. Діни көзқарастардың дамуы барысында көк аспан сияқты Тәңірінің: барынша күрделі құдай-космос – Тәңірі-каинат түсінігі алмастырады. Мұндай ұғымдағы Тәңірі өзіне космосты, оның кез көрінетін бөлшектерін: күнді, айды, планетаны, жұлдызды, адамды, табиғат құбылыстарын, жан-жануарды, өсімдіктерді қамтиды. Енді табиғат культі және басқа культтер, наным-сенімдер көзқарастар барынша күрделенген Тәңірі туралы ұғымға айналады. Тәңірі әрі рух, әрі дене, әрі олардың бірлігі секілді бейнеге ие болады [Н. Аюпов, 1998: 11].

Тәңірге табыну алғашында дін түрінде емес, космологиялық түсініктер мен идеялардың жиынтығы ретінде, табиғи құбылыстарға мінәжат етумен байланысты пайда болады. Жеке бір халық қана тәңірге табынған десек қателік болады. Тәңірге сенудің терең тарихи тамырлары бар. Ол күллі дін атаулыдан бұрын пайда болған [С. Ақатаев, 1990: 48].

Тәңіршілдік – монотеистік сипаттағы діни жүйе. Ол бір құдайды мойындайды және орталықтанған қаған билігінің, түрік империясының, кейіннен қағанаттардың идеологиясы ретінде қызмет еткен.

Тәңірі бейнесі б.э.д. бірнеше ғасырлар бұрын пайда болған Орталық Азиядағы ең көне мифологиялардан келіп шығады. «Тәңірі» атауының шығу тегі ғұндардың «ченли» және қытайдың «тянь», тіпті шумерлік «дингир» сөздерімен байланыстырыла қарастырылады. Бұл

сөздердің бәрі бір ғана мағынаны – аспан, мәңгі көк аспан дегенді білдіреді. Басқа құдайлардан айырмашылы Тәңірі материяланбаған, ол – рух, бүкіл тіршіліктің иесі [М. Аджи, 1997; 131].

«Тәңірі – құдай» [Ш. Уәлиханов, 1985:181], – деп көрсетеді Ш. Уәлиханов. Ұлы Абай да Тәңірі ұғымын «жасаған» ретінде көп қолданған.

Тәңірінің «жасаған» ұғымына айналуы VII – VIII ғасырларда Орталық Азияда Түрік қағанатының пайда болуымен тығыз байланысты. Тәңірі идеясы Түрік қағанатының билігін уағыздап, дәріптеді.

Тәңір – құдайдың пайда болған уақыты қай кез деген мәселе бойынша оқымыстылардың пікірі бір ізді емес, француз ғалымы Жан – Поль Ру біздің заманымыздың аз алдында десе, қытайлық тарихшылар б.з.б. V – III ғ.ғ. дейді, ал белгілі лингивист-ғалым О. Сүлейменов Шумер ескерткіштері негізінде б.з.б. IV мыңжылдықта пайда болған деген ойды ұсынады. Ол: «Ғайса пайғамбар туғаннан 4 мың жыл бұрын философиялық ілім ретінде қалыптасып, жер бетіндегі ең ескі ілімдер – семит және үнді-иран діндерінің анасы болып, ежелден мысыр діндеріне елеулі әсерін тигізген тәңіршілдік» [О. Сулейменов, 1992: 259], – деп жазды.

Әуелгі түрік дәуірінің өне бойында Тәңірге табынушылық бүкіл Евразия көшпелілері арасына тарайды.

«Биікте Көк Тәңірі,
Төменде қара жер, жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған» [Ежелгі дәуір әдебиеті,1991: 10], – дейтін Күлтегін жырының үлкен жазбасындағы жыр жолдарыежелгі түріктерді Аспан және адам бір мезгілде жаралды деп түсінгендіктеріне меңзейді. Кеңістікті Жоғарғы, Орта және Төменгі әлем деп (жоғарыда – аспан төменде – жер екеуінің арасында адам) деп бөлу көрінісі байқалады.

Көне түріктердің мифологиясындағы ең жоғарғы сатыда бір объект - көк аспан және құдайды білдіретін Тәңірі бар. Тәңірі құдай көне түріктер түсінігі бойынша бірнеше сипатқа ие: а) жоғарғыны, яғни көкті көрсетеді; ә) жаратушы қызметін атқарады; б) жазалаушы қызметін де атқарады; в) еркектік бастаумен байланысты қаралады [И. Стеблева,1972: 213]. Осыған орай, Күлтегіннің үлкен жазбасынан тағы да мысал келтірейік:

«Түркі халқы:
Қырылайық, жойылайық» десті,
Ажалға жылжи бастады,
Көкте түрік тәңірісі,
Түріктің қасиетті жері, суы
Былай депті:
«Түркі халқы жойылмасын», – дейді.

Орхон жазбалары мазмұны көрсеткендей, Тәңірі халыққа шексіз билік жүргізеді. Оның жердегі өмірін жүргізуші қағанның іс-әрекеті де тікелей Тәңірінің тілегімен астасып жатады.

Түркі халқының атақ-даңқы
Өшпесін деп,
Әкем қағанды,
Шешем қатынды
Көтерген тәңірі,
Ел берген тәңірі
Түркі халқының атақ-даңқы
Өшпесін деп,
Мені каган етіп отырғызып еді.
Көп қолмен он екі жорық жасадым.
Сөйтіп тәңірі жарылқады [Ежелгі дәуір әдебиеті, 1991: 2].

Тәңірінің адамдарға қатысы Тонықөк жырынан да байқалады:

Соғыстық,
Бізден екі-үш есе артық еді,
Тәңірі жарылқағандықтан,
Көп деп біз қорықпадық.
Жеңдік [Ежелгі дәуір әдебиеті, 1991: 5].

Көне түріктер дәуіріңде «Тәңірі» сөзі бірнеше мағынада қолданылады: 1) аспан, дүние бөлігі ретінде; 2) Құдай ретінде; 3) құдайланған адам ретінде; 4) әмір етуші, әмірші [Дренетюркский словарь, 1969: 552]. Осы политеистік мәнде Тәңірі аспанда, жерде, суда, тау мен жануарлар әлемінде де болса керек. Қазақтарда: «Көк тәңірі», «Жер тәңірі», «Аң тәңірі», «Су тәңірі», «Құс тәңірі» деген ұғымдар сақталған. Барлық сөз тіркестерінде «тәңірі» сөзі «бұйырушы», «құдай», «билеуші» деген мағынаны білдіреді [А. Толеубаев, 1996: 169].

Көне түріктердің түсінігі бойынша жердегі өмірмен байланысы бар көк аспанның негізгі атрибуттары бұлар күн мен ай болған. Енисейлік құлыптас ескерткіштерде «көк аспандағы күн мен айды жоғалттым» деген сөздер жиі кездеседі. Орхон түріктері күнге қарап бағыт – бағдарды айқындаған [С. Кляшторный, 1981: 121].

Тәңірі бейнесі түркі тіддес халықтардың ғана рухани мұрасы емес, ол – Орталық Азиядағы барлық халыққа ортақ дүние. Көне мифологиялық шығыстық бейне қатарына жататын Тәңіріні алтайлықтар – «тенгри», буряттар — «тэнгри», сахалар – «тангара», тывалықтар – «дээр», шорлықтар – «тегри», монғолдар – «тэнгер», шорлықтар – «тура» дейді [Мифологический словарь, 1990: 523]. Айтылуы әртүрлі болғанымен, мағынасы барлық халықта бірдей: рух, алғашқы бастау дегенді білдіреді. Көне қытай және шумер халқы түсінігінде де Тәңірі өмір мен игіліктің кезі болып есептелінген [М. Аджи, 1994: 210]. Түркі, монғол және басқа халықтар түсінігінде Тәңірінің мекені – көк аспан, ол көк аспанның тұрғындарына иерархия тән. Сондықтан аспан тоғыз қабатқа бөлінеді. Әрбір қабат тағы екіге бөлінеді: жарыққа және қараңғыға, мейірбандыққа және әзәзілдікке. Бұл дегеніміз құдай мейрімді және қатал, құтқарушы және жазалаушы ретінде болады деген сөз. Ол бәрін көреді, шешеді, адам тағдыры да сол көктегі құдайдың қолында. Тәңіршілдік дінінің терең даналығы сонда, ол адамды кемсітпейді, қайта адамды ерлікке, жақсы іске қарай ынталандырады.

«Көне түрік дінінде түрік Тәңірісі бейбітшілік Тәңірісі болатын, – деп жазды ұлы ойшыл Зия Гөкалп. Түрік дінінің өзегі болып табылатын ил (ел) сөзі «бейбітшілік» мағынасын беретін. «Елші, Елхан» «бейбітшілік қағаны» деген болатын. Түрік елхандары Манчжуриядан Мажарстанға дейін бейбітшілік орнықтырған, бейбітшілік саясатының бастамашылары еді [З. Гөкалп, 1998: 11].

Тоғыз қабат аспан әлемі туралы түсінік ұзақ уақыт бойғы даму сатысынан өткен және де өзге халықтар түсінігіне әсер еткен болса керек. Мысалы, монғолдардың түсінігінде аспан тоқсан тоғыз қабаттан тұрады, соған қарай Тәңірі атты 99 құдай бар. Ал еуропалық христиандар шығысқа тән дүниетанымды толық алмай, тек құдайыланған үштік Троица туралы түсінік калыптастырған [М. Аджи, 1994: 210].

Көне түріктік құдайлар пантеонында да бірнеше Тәңірі болған. Бірақ олардың саны нақты қанша болғанын айту қиын. Әйтсе де осы бағытта арнайы зерттеулер жарық көре бастағанын атап өткен жөн.

Тәңіршілдік діни жүйесінде маңызда орын алған Бұт тәңірінің бейнесі көне түріктер мәдениетінде қаған билігінің символын және қағандық (ер) пен қатундық (әйел) бастаудың бірлігі идеясын әйгілеген құдай болды деп түсіндіреді зерттеушілер Ю.А. Зуев пен Г.Е. Агелеуовтер [Ю. Зуев, 1998: 106].

Шумер – түрік мәдениетін салыстыра отырып, О. Сүлейменов тәңіршілдіктің өзекті идеясының бірі – қайта тірілуге сену болған, Монғолиядан Венгрияға дейінгі жалпақ далада тізілген қорғандар басына қойылған тас әйелдер мүсіні – адамдарды қайта тіріліуші Тәңірия—

Иштордың бейнесі, өлікті тәңіршілдік рәсімімен жерлеудің бірден – бір белгісі осы тас мүсіндер деп көрсетеді [О. Сулейменов,1992: 264].

Көнетүріктік пантеонда бақыт сыйлайтын тағдыр құдайы – Жол тәңірі болды [Г. Агелеуов, 1998: 101]. Жол тәңіріге ұқсас бейнелер үндіеуропалық мәдениетте де кездеседі. Мысалы, Пушан – жол құдайы, көкке баратын екі жолдың иесі, бар құпияның сырын біледі. Жол тәңірі қыпшақтардың мифологиялық бабасы Ақ төр, яғни Ақ жол бейнесіне ұқсайды. Қазақ хандарының билігі де «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және т.б. деп жолмен байланыстырылған.

Ежелгі түріктер Жол тәңірі құт – берекеге жеткізеді деп түсінген. Бұл түсінік өзінің сабақтастық дәстүрін әлі күнге дейін жоғалтпай келеді.

Қорытынды

Тәңіршілдік көне түріктер дәуіріне дейінгі кезеңде қалыптасты. Оның қалыптасуы прототүріктер арасында орын алды. Содан кейінгі кезеңде көне түріктер арасында дамуының жоғары сатысына көтерілді. Көне түріктерден соң да тәңіршілдік өзінің әлеуметтік-саяи өмірдегі маңызын жоғалта қоймады. Түркі тайпалары арасында Ислам діні таралғанға дейінгі кезеңде түркі тайпаларының дүниетанымында, сенім жүйесіндегірөлін жоғалта қоймады. Ислам діні тараған нан соң да тәңіршілдіктің сарқыншақтары жаңа заман дәуірінде дебой көрсетті. Тәңіршілдіктің белгілері Ислам дінін қабылдаған түркілер арасында таяу уақыттарға дейін бой көрсетіп келді. Тіпті,Ислам дінімен астарласып, түркі тілдес халықтардың дүниетанымында, сенімінде елеулі орын алды.

Әдебиеттер

Агелеуов Г.Е. Йол – Тенгри бог пути в миротворчестве древних тюрков // Военное искусство кочевниковЦентральной Азии и Казахстана. – Алматы: «Ғылым», 1998. – С. 63-111.

Аджи М. Полынь половецского поля. – М.: «ЛитМир», 1994. – 265 с.

Аджи М. Тайна Святого Георгия. – Алматы: «Жазушы», 1997. – 268 с.

Ақатаев С. Күн мен көлеңке. Ғылыми – танымдық аңсар. – Алматы: «Жалын», 1990. – 96 б.

Артаманов М.И. История хазар. – Л.: Изд-во Гос. Эрмитаж, 1962. – 376 с.

Аюпов Н.Г. Тенгрианство. – Алматы: КазНПУ им.Абая,1998. -221 с.

Банзаров Д. Собрание сочинений. – Улан-Удэ: БНЦ СО РАН, 1997. – 240 с.

Бичурин Н.Я. Собрание сведении о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. – М.: АН СССР, 1950. – 382 с.

Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинеий. – Т.2. – Алма-Ата: «Қазақ совет энциклопедиясы», 1985. – 289 с.

Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.-Л.: «Наука», 1967.– 424 с.

Древнетюркский словарь. – Л.: «Наука», 1969. – 612 с.

Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Жалын,1991. – 316 б.

Зия Гөкалп. Түрікшілдік негіздері // Жас Түркістан. – 1998. – № 2. – 21-39 б.

Зуев Ю.А., Агелеуов Г.Е. Буд – Тенгри – божество древнетюркского пантеона // Военное искусство кочевников Центральной Азии и Казахстана. – Алматы: «Ғылым», 1998. – С. 135-176.

Иностранцев К.А. Хунну и Гунны (разбор теорий о происхождении народа Хунну в китайских летописей, о происхождении европейских Гуннов и о взаимных отношениях этих двух народов). – Л., Ленинградский институт восточных языков им. А.С. Енукидзе, 1926. – 156с.

Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках // Тюркологический сборник. – М.: «Наука», 1981. – С. 54-116.

Мифологический словарь. – М.: «Наука», 1990. – 616 с.

Поздняков Д.В. Формирование древнетюркского наследия Горного Алтая по данным антропологии // Археология, этнография и антропология Евразии. – 2001. – № 3. – С.121 – 151.

Савинов Д.Г. Народы Южной Сибири в древнетюркскую эпоху. – Новосибирск: Наука, 2002. – 262 с.

Стеблева И.В. К реконструкции древнетюркской религиозно - мифологической системы // Тюркологический сборник. – М.: «Наука»,1972.

Сулейменов О. Аз и Я. – Алматы: «Жазушы», 1992. – 302 с.
Толеубаев А.Т. Культ природы у казахов // ВестникКазГУ. – Серия историческая. – 1996. – №1. – 11- 24 б.
Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: «Қайнар», 1985. – 416 б.
Parker E. Thousand Years of Tartas. – London: W.H. Allen,1885. – 242 p.

References

Ageleuov G.E. Jol – Tengri bog puti v mirotvorchestve drevnih tyurkov // Voennoe iskusstvo kochevnikov Central'noj Azii i Kazahstana. – Almaty: «Ghylym», 1998. – S. 63-111.
Adzhi M. Polyn' polovecskogo polya. – M.: «LitMir», 1994. – 265 s.
Adzhi M. Tajna Svyatogo Georgiya. – Almaty: «Zhazushy», 1997. – 268 s.
Akhataev S. Kүn men kөleңke. Fylymi – tanymdyқ aңsar. – Almaty: «ZHalyn», 1990. – 96 b.
Artamanov M.I. Istoriya hazar. – L.: Izd-vo Gos. Ermitazh, 1962. – 376 s.
Ayupov N.G. Tengrianstvo. – Almaty: KazNPU im.Abaya,1998. -221 s.
Banzarov D. Sobranie sochinenij. – Ulan-Ude: BNC SO RAN, 1997. – 240 s.
Bichurin N.YA. Sobranie svedenii o narodah obitavshih v Srednej Azii v drevnie vremena. – M.: AN SSSR, 1950. – 382 s.
Valihanov Ch.Ch. Sobranie sochineij. – T.2. – Alma-Ata: «Қazaқ sovet enciklopediyasy», 1985. – 289 s.
Gumilev L.N. Drevnie tyurki. – M.-L.: Nauka, 1967. – 424 s.
Drevnetyurkskij slovar'. – L.: «Nauka», 1969. – 612 s.
Ezhelgi dəuir әdebieti. – Almaty: Zhalyn, 1991. – 316 b.
Ziya Gөkalp. Tүrikshildik negizderi // ZHas Tүrkistan. – 1998. – № 2. – 21-39 b.
Zuev YU.A., Ageleuov G.E. Bud – Tengri – bozhestvo drevnetyurkskogo panteona // Voennoe iskusstvo kochevnikov Central'noj Azii i Kazahstana. – Almaty: «Ghylym», 1998. – S. 135-176.
Inostrancev K.A. Hunnu i Gunny (razbor teorij o proiskhozhdenii naroda Hunnu v kitajskih letopisej, o proiskhozhdenii evropejskih Gunnov i o vzaimnyh otnosheniyah etih dvuh narodov). – L., Leningradskij institut vostochnyh yazykov im. A.S. Enukidze, 1926. – 156 s.
Klyashtornyj S.G. Mifologicheskie syuzhety v drevnetyurkskih pamyatnikah // Tyurkologicheskij sbornik. – M. «Nauka», 1981. – S. 54-116.
Mifologicheskij slovar'. – M.: «Nauka», 1990. – 616 s.
Pozdnyakov D.V. Formirovanie drevnetyurkskogo naslediya Gornogo Altaya po dannym antropologii // Arheologiya, etnografiya i antropologiya Evrazii. – 2001. – № 3. – S.121 – 151.
Savinov D.G. Narody YUzhnoj Sibiri v drevnetyurkskuyu epohu. – Novosibirsk: «Nauka», 2002. – 262 s.
Stebleva I.V. K rekonstrukcii drevnetyurkskoj religiozno - mifologicheskoj sistemy // Tyurkologicheskij sbornik. – M., 1972.
Sulejmenov O. Az i YA. – Almaty: «Zhazushy», 1992. – 302 s.
Toleubaev A.T. Kul't prirody u kazahov // Vestnik KazGU. – Seriya istoricheskaya. – 1996. – №1. – 11- 24 b.
Ualihanov SH. Tandamaly. – Almaty: «Қajnar», 1985. – 416 b.
Parker E. Thousand Years of Tartas. – London: W.H. Allen, 1885. – 242 p.

902.7(574).

ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ СӘЙКЕСТІКТІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Куркеев Е.М.

докторант PhD,1 курс. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

Аңдатпа. Мақалада жаһандану заманында өзекті бола түскен этникалық сәйкестік пен ұлттық бірегейлік мәселелері көтеріледі. «Этнос» және«ұлт» түсініктеріне анықтама бере отырып, этникалық және ұлттық сәйкестік ұғымдарының мәні ашылады. Сондай-ақ сәйкестікті қалыптастыратын критерийлер мен факторлар анықталады. Автор «қазақстандық» бірегейліктің ерекшеліктерін көрсете отырып, тарихи отанынан жырақта қоныстанған қандастардың сәйкестігінің ерекшеліктерімен қатар талдау жүргізеді. Тәуелсіз Қазақстандағы жалпымемлекеттік бірегейліктің маңызы жайлы сөз қозғалады.
Түйін сөздер: этникалық сәйкестік, ұлттық бірегейлік, этнос, тарихи сана, қазақ ұлты, ұрпақтар сабақтастығы.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЭТНИЧЕСКОЙ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

Куркеев Е.М.

PhD докторант 1 курса, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева.
г. Нур-Султан, Казахстан.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы этнической и национальной идентичности, которые актуальны в эпоху глобализации. Определяя понятия «этнос» и «нация», раскрывается сущность понятий этнической и национальной идентичности. Также определяется критерии и факторы, способствующие сохранить идентичность.
Автор затрагивая самобытность «казахстанской» идентичности и идентичность казахов живущих не в своей исторической родине дает сравнительный анализ, с указанием особенностей.Обсуждается важность национального единства в независимом Казахстане.
Ключевые слова: этническая идентичность, национальная идентичность, этнос, историческое сознание, казахская национальность, преемственность поколений.

SOME QUESTIONS OF ETHNIC AND NATIONAL IDENTITY

Kurkeyev E.M.

PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Abstract. The article deals with issues of ethnic and national identity that are relevant in the era of globalization. Defining the concepts of «ethnos» and «nation», the essence of the concepts of ethnic and national identity is revealed. It also defines the criteria and factors that contribute to maintaining identity.
The author, touching upon the originality of the «Kazakhstani» identity and the identity of the Kazakhs living outside their historical homeland, gives a comparative analysis, indicating the peculiarities.The importance of national unity in independent Kazakhstan is discussed.

Keywords: ethnıc identity, national identity, ethnos, historical consciousness, Kazakh nationality, continuity of generations.

Кіріспе

Қазіргі уақыттағы жаһандану үдерісі және содан туындайтын қоғамдағы терең және жылдам өзгерістер этномәдени бірлестіктер мәселелеріне қатысты бірқатар сауалдарды өзекті ете түсті. Ғаламдық жаһандану қаупінен туындайтын мәселелердің бірі – этникалық біртектілік немесе этникалық сәйкестікті сақтау болып табылады. Мәдени шекаралардың жойылуы этникалық сәйкестік белгілерінің де жойылуына алып келеді. Сондықтан да жаһандану заманында «мәдени шокқа» төтеп беру маңызды мәселелердің бірі екендігі сөзсіз.

Методология

Мақалада тарихи салыстырмалы талдау әдісі басшылыққа алынып, тақырып аясында кейбір ұғымдардың мәніне тоқталдық.

Талқылау

Халықтар әр түрлі дәуірлерде әр түрлі тарихи себептерге байланысты пайда болады және бұл процесс жекелеген адамдардың тарихи тағдырларының нәтижесінде түзілетін тұлғаның қалыптасуына ұқсас. Әрине, географиялық орта этникалық топтардың қалыптасуында маңызды орынға ие. Адамның қоршаған ортамен күнделікті қарым-қатынасы этностардың мінез-құлқының қалыптасуына әсер етеді, бірақ бұл ең маңызды фактор болмауы да мүмкін. Ата-бабаларынан мұраға қалған дәстүрлер, көршілермен қарым-қатынасы (этникалық орта), дін т.б. факторлар өзіндік мағынаға ие болаалады. Сонымен қатар, кез-келген табиғи құбылыс секілді этникалық топтардың дамуында өзіндік заңдылық бар [1, 17-б.]. Л.Н. Гумилев этникалық топтардың қалыптасуындағы мінез-құлықтың маңызды рөл ойнайтынын айтады және сол мінез-құлық этносты біріктіруші фактор да бола алатындығы анық.

Ю.В. Бромлей бойынша, этнос белгілі бір аймақта тарихи негізде қалыптасқан ұрпақтар арасындағы сабақтастық, оларды сыртқы ұқсастығынан бөлек мәдениеті мен басқалардан өздерін ажыратын сана-сезімі және ортақ этноним біріктіреді [2, 57-58-бб.]. Яғни, этникалық сәйкестікті сақтаудың негізгі критерийлері ретінде ортақ тіл, мәдениет, салт-дәстүр, дін, этностың бір аумақта тарихи автохтонды орналасуы және т.б. көптеген факторларды көрсетуге болады. Этникалық санада «біз» деген өздерін біріктіретін белгілі бір фактор болмаса ол этностың біртектілігінің жойылуына алып келеді.

Этникалық сана С. Хантингтонның формуласына сәйкес қалыптасады, яғни «біз кімге қарсы екенімізді білсек, өзіміздің кім екенімізді танитын боламыз» [3, 55-57-бб.]. Бұл жерде С. Хантингтон этностың біріге түсуі үшін сыртқы фактордың әсері маңызды екендігін көрсетеді. Халықтың этникалық және азаматтық сәйкестілігін қалыптастыру мәселесі географиялық, саяси, экономикалық, этномәдени және конфессиялық шекаралардың қиылысында орналасқан шекаралас аймақтарда өзекті болып табылады. Осындай территорияларда ашық және жасырын түрде этностық топтардың қақтығысы жүреді.

Ресейлік зерттеушілер В.Г. Бабаков пен В.М. Семенов былай деп жазады: «Кейбір зерттеулерге назар аударсақ, авторлар ұлттық сәйкестікті этникалыққа, ұлттық сана-сезімді этникалық санаға ауыстырып та қолданады» [4, 22-б.]. Дегенмен авторлардың өздері де этникалық сәйкестік пен ұлттық сәйкестіктің ара-жігін ажыратып көрсетпейді.

Ұлттар тарихи негізде полиэтникалық мемлекеттік құрылымдардан қалыптасады. Бұл үдерісте этникалық топтар біртіндеп жақындаса бастайды да, олардың бір-біріне деген жек көру

немесе қарама-қайшылық тудыратын элементтері жойылады, ортақ мәдени нормалар мен әдет-ғұрыптардың, құндылықтардың, тіпті ортақ тілдің қалыптасуы жүреді. Этникалық сәйкестікке қарағанда ұлттық сәйкестік басымырақ бола түседі. Толық қалыптасқан ұлттық мемлекетте, ұлттық сәйкестік әр түрлі субұлттық және этникалық сәйкестіктерге қарағанда үстем болады [5, 35-б.]. Демек, ұлттық сәйкестік этникалық сәйкестікке қарағанда маңыздырақ болмақ.

Бұл туралы В.М. Межуев: «ұлттың этностан айырмашылығы, ол маған этносым секілді табиғатпен берілмеген, ұлтты таңдау мүмкіндігім бар. Яғни, ұлтты таңдаймын, ал этносты таңдай алмаймын. Ұлт – индивидтің мемлекеттік, әлеуметтік, мәдени сәйкестігі» деп көрсеткен еді [6, 16-б.].

Сәйкестендіру (өзін-өзі бірегейлендіру) объективті және субъективті негізге ие және екі жағдайда көрініс табады. Бұлар: тұлғаның өзін-өзі тануы және сыртқы (этникалық) сәйкестендіру. Бірінші жағдайда, адам өзін-өзі тануға, яғни «мен кіммін?» деген сауалға жауап беруге тырысады. Бұл жерде тұлға қоғамдағы және қоршаған ортадағы өзінің орнын анықтауды көздейді. Өзін-өзі тану әрқашан ішкі таңдау болып табылады. Екінші жағдайда, сыртқы сәйкестендіру – адамның сыртқы ортадағы бір немесе басқа топқа тиесілігін және олармен тұрақты ішкі байланыс орнатқандығын түсінуі. Бұл сәйкестендірудің негізі объективті: нақты бір әлеуметтік топқа (мысалы, этникалық топқа, сословиеге, ұлтқа және т.б.) немесе ұйымға (партияларға, мемлекет, кәсіподақтарға және т.б.) тиесілі болуынан көрініс табады. Тұлға жеке өзін сәйкестендіре отырып, өзін қоршаған ортаның бір бөлшегі екенін сезінеді және сол ортадан өзі секілді жекелеген тұлғаларды біріктіретін «біз» деген ұйымға бірігеді [7, 247-248-бб.].

Р. Қадыржановтың айтуынша, қоғамның әр түрлі өкілдерінің «біз кімбіз?» деген сауалға жауап беруі бойынша бүгінгі күні Қазақстанда екі түрлі ұлттық бірегейлік бар. Бұл сәйкестіктің бірі – қазақ, ал екіншілері – қазақстандық деп көрсетеді. Екі ұлттық сәйкестіктің болуы және олардың анық болмаса да елеулі қарсыласуы, қазіргі Қазақстанның әлеуметтік, саяси және мәдени өмірін айқындайтын шындық болып табылады. Тәуелсіздікке дейін «Қазақстан», «қазақстандық» ұғымдары ұлттық маңызға қарағанда, көбінесе саяси және идеологиялық мазмұнда қолданылып келді. Қазақстандық бірегейлік азаматтық мағынада ұлттық сәйкестік болып табылмады, өйткені «Қазақстан азаматы» деген түсінік болмады. Қазақстан үшін «қазақтардың мекені» («Қазақстан» парсы тілінен аударғанда «қазақтардың мекені») болуға қарағанда, кеңестік құндылықтар мен басымдықтар жүйесінде КСРО құрамында болу маңызды болды [8, 16-б.]. Қазақстандық қоғамның бірлігі идеясы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің саяси негізі болып табылатындығы сөзсіз. Осыған орай келесі жайтқа көңіл аударған жөн. Көптеген философтардың, саясаттанушылардың және саясаткерлердің пікірі бойынша, көп этникалық қоғамда бірегей ұлтты қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені адамдардың этникалық сәйкестігі (бірегейлігі) мемлекеттік бірігейліктен жоғары бағаланады. Олардың ойы бойынша, Қазақстанда тек бір ғана ұлт бар және оны қазақ ұлты деп көрсетеді. Ал қалған халықтар Қазақстанда диаспора болып саналады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының ұлттық идеясы қазақтың ұлттық идеясы болып табылады. Осы бағыттың нәтижесінде автохтонды этнос қоғамда және ғылымда титулдық ұлт деген атаққа ие болады. Ұлттық сұрақ бойынша әдебиетте бұндай бағытты «ұлттың этномәдени түсінігі» деп атайды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасында» қазақстандық қоғамды топтастырудың мақсаты мен міндеттері, оны іске асыру жолдары нақты көрсетіледі [9]. Р. Қадыржанов Қазақстан аумағында тұратын қазақтардың этникалық және ұлттық сәйкестік мәселесін көтереді. Тарихи отанында тұратын қазақтардың бірегейлігін сақтау мәселесінде басқа бір фактор, ата мекенінен тыс қоныс тепкен қазақтар үшін этникалық сәйкестікті (бірегейлікті) сақтауда тағы басқа фактор басымдық танытуы мүмкін. Мысалға, Ресейдің Түмен облысының оңтүстігіндегі шағын қалада жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша сол аймақта тұратын қазақтардың сәйкестігін (бірегейлігін)

сақтауда тарихи сана мен дін негізгі факторлар болып табылады [10].

Біздің ойымызша тарихи сана деген ойға этностың тілі, діні, ділі, т.б. барлық факторларды біріктірсе де болады. Себебі, аталған этнос ерекшеліктері этностың тарихи санасында жинақталады. Бұл жөнінде В. Табаков: «Этнос - бұл тарихи тағдыры бірегей ата-бабалардың ұрпақтары, ортақ тілі, ортақ мәдениеті (яғни, сол бірегей ұрпаққа бірдей іргелі құндылықтар) демек, өздерін ортақ бабалар ұрпағы ретінде сезіну» деп көрсетеді [11, 6-б.]. Ол кез-келген этникалық топ үшін келесі маңызды компоненттерді анықтайды: «1) жақындығы, яғни туыстығы (аңызға айналған, мифологиялық санадағы туыстық болса да); 2) ұрпақтардың ата-бабаларын түсінуді қамтамасыз ететін сөйлеу (әдебиет) сабақтастығы (ата-бабалармен ортақ тілдің болуы); 3) тарихи тағдырының бір болуы; 4) өздерін сол ата-бабалардың ұрпағы ретінде сезіну; 5) ата-баба тарихы арқылы әлемнің қалған бөлігін қабылдау (әлем тарихындағы ата-баба тарихын қабылдау) [11, 8-б.]. Көріп отырғанымыздай, этникалық топтың өзіндік сәйкестендіруінде тарихи тағдыры бірегей ата-бабалар мен олардың ұрпақтарының арасындағы сабақтастық маңызға ие. Кез келген халықтыңэтникалық тарихы этногенездің барысында өткен ата-бабасының әдет-ғұрпын, дағдысын, өмір салтын, көршімен қарым-қатынастағы салт-дәстүрін және т.б. түйсіну нәтижесі ретінде белгілі бір тұрақты психикалық тип қалыптасады. Сонымен бірге, бұл жерде психикалық алаңдаушылықтар, этностың тарихын есте сақтауы жаңа ұрпаққа өзінен өзі, пассивті түрде, стихиялы түрде емес, рухани мәдениет арқылы жалғасын тауып отырады, осы қауымның әрбір мүшесіне тәрбие барысында, нақты бірге өмір сүруге байланысты сіңіп отырады. Сол психикалық алаңдаушылықтар, көңіл күй этностың мәдениетіне сіңеді – олар тарихында,поэзиясында, әдебиетінде, мифологиясында, музыкасында, халық шығармашылығында көрініс табады, сөйтіп этностың тарихи есте сақтау қабілетін толықтырып, дамытып отырады. Х.С. Абдильдина ол өз кезегінде жаңа ұрпақтың санасында да орын алып отырады деп көрсетеді [12, 33-б.].

Қорытынды

Этникалық сәйкестікті сақтап қалуда біз келтірген факторлар аса маңызды рөл ойнайды. Кеңес Одағының құлауы және кеңестік кезеңнің келмеске кетуі тұтастай алғанда тұлғалық деңгейде және қоғам деңгейінде де жаппай сәйкестіктен айырылу,сәйкестікті жоғалту арқылы жүрді. Өмір сүруін тоқтатқан КСРО азаматтарының тұлғалық сәйкестігінің дағдарысы байқалды. Өйткені кеңестік билік ұзақ уақыт «кеңес адамын» жасаумен ұлттарға қатысты саясатты қатаң түрде жүргізген болатын. Екінші жағынан қарағанда Қазақстанның Тәуелсіздік алуымен, нарықтық экономикаға көшуімен жаңа сәйкестік бағдарлары пайда болды. Бұл посткеңестік елдердің барлығында орын алған жайт. Сондықтан тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде билік рухани дағдарыстың алдын алуы тиіс. Қазақстандық қоғамды бірегейлендірудің маңызды тетігі болатын жалпымемлекеттік идеологияның орындалуы әлі де болса өзекті мәселе болып тұр.

Әдебиеттер

1. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – М.: Айрис-пресс, 2003. – 560 с.

2. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М.: Наука, 1983. – 412 с.

3. Хантингтон С. Кто мы? Вызовы американской национальной идентичности. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА, 2008. – 635 с.

4. Бабаков В.Г., Семенов В.М. Национальное сознание и национальная культура (методологические проблемы). – М.: ИФ РАН, 1996. – 70 с.

5. Шайкемелев М.С. Казахская идентичность. Монография / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 272 с.

6. Межуев В.М. Идея национального государства в исторической перспективе // Полис. - 1992. - № 5-6.

7. Фарукшин М.Х. Этническая идентичность: концепт и практика /Ученые записки Казанского Государственного университета. Том 152, кн. 1. Гуманитарные науки. - 2010. – С. 247-252.

8. Кадыржанов Р.К. Кто мы: казахи или казахстанцы? В сбор. научных докладов и выступлений научно-практической конференции. 28 октября 2010 г. – Алматы, 2010. – С. 16-17.

9. http://adılet.zan.kz/kaz/docs/U1500000147

10. Койше К.К. Этническое самосознание казахского населения провинциального города // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 1 (часть 1).

11. Табаков В. И. Держава суверенных народов как решение национального вопроса в полиэтнической стране // Межэтнические отношения и национальная политика в современной России: стратегии гражданского единства и межнационального согласия: материалы всерос. науч. конф. Саранск, 15–16 окт. 2015 г. Саранск, 2015. –С. 5–18.

12. Абдильдина Х.С. Мемлекеттің тұрақты дамуындағы ұлттық бірегейліктің орны // С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы / Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина. – 2014. - №1 (80). – Б.30-35.

References

1. Gumılev L.N.Etnogenez ı bıosfera zemlı. – M.: Aırıc-press, 2003. – 560 s.

2. Bromley Yu.V. Ocherkı teorıı etnosa. – M.: Nauka, 1983. – 412 s.

3. Huntıngton S. Kto my? Vyzovy amerıkanskoı nasıonal'noıidentıchnostı. – M.: ACT: ACT MOSKVA, 2008. – 635 s.

4. Babakov V.G., Semenov V.M. Nasıonal'noesoznanıe I nasıonal'naya kul'tura (metodologıcheskıe problemy). – M.: IF RAN, 1996. – 70 s.

5. Shaykemelev M.S. Kazakhskaya ıdentıchnost'. Monografia / Pod obsh. red. Z.K. Shaukenovoı. – Almaty:Instıtut fılosofıı, polıtologııI relıgıovedenıya KN MON RK, 2013. – 272 s.

6. Mezhuev V.M.Ideya nasıonal'nogo gosudarstva v ıstorıcheskoı perspectıve // Polıs. 1992. № 5-6.

7. Farukshın M.Kh. Etnıcheskaya ıdentıchnost': consept I praktıka / Uchenıe zapıskı Kazanskogo Gosudarstvennogo unıversıteta. Tom 152, kn. 1. Gumanıtarnıe naukı. 2010. – S. 247-252.

8. Kadyrzhanov R.K. Kto my: kazakhıılı kazakhstansı? V sbor. nauchnyh dokladov I vystuplenıı nauchno-praktıcheskoı konferensı. 28 oktyabrya 2010 g. – Almaty, 2010. – S. 16-17.

9. http://adılet.zan.kz/kaz/docs/U1500000147

10. Koyshe K.K. Etnıcheskoe samosoznanıe kazakhskogo naselenya provınsıal'nogo goroda // Sovremennye problemy naukıI obrazovanya. – 2015. – № 1 (chast' 1).

11. Tabakov V.I. Derzhava suverennyh narodov kak reshenıe nasıonal'nogo voprosa v polıetnıcheskoı strane // Mezhetnıcheskıe otnoshenya I nasıonal'naya polıtıka v sovremennoı Rossı: strategı grazhdanskogo edınstva I mezhnasıonal'nogo soglasya:materıaly vseros. nauch. conf. Saransk, 15-16 okt. 2015 g. – 5-18.

12. Abdıl'dına Kh. S. Memlekettıń turakty damuyndagy ulttyk bıregeılıktıń orny // S. Seıfullın atyndagy Kazakh agrotekhnıkalyk unıversıtetınıńĜylym zharshysy / Vestnık naukı Kazakhskogo agrotekhnıcheskogo unıversıteta ım. S. Seıfullına. – 2014. - №1 (80). – B. 30-35.

ӘОЖ 316.32(574-25)

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ҰЛТАРАЛЫҚ НЕКЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Кыйзатова С.М.

2-курс магистранты Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ жастарының ұлтаралық некелерінің даму тенденциялары мен оның қазақ қоғамыдағы алатын орны туралы айтылады. Сонымен қоса , ұлтаралық некенің мәні мен тарихи-этнографиялық алғышарттары және де оның әлеуметтік өмірге қандай әсері бар екені туралы мәселелер қарастырылды.
Түйін сөздер: демография, этнология, неке, ұлтаралық неке, отбасы

МЕЖНАЦИОНАЛЬНЫЕ БРАКИ КАЗАХСКОЙ МОЛОДЕЖИ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ

Кыйзатова С.М.

магистрант 2-курса. Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. г. Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье говорится о развивающихся современных межнациональных браках и о том, какое место они занимают в обществе. Также рассматривались значимость межнациональных браков и историко-этнографических условийих влияние на общественную жизнь.
Ключевые слова: брак, межэтнические браки, семья, этнология, деморафия.

INTER-ETNIC MARRIAGES OF THE KAZAKH YOUTH AND THE DEVELOPMENT TRENDS

Kyizatova S.M.

2-year Master’s Student. Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article considers modern inter-ethnic marriages and what place they occupy in society. The importanceof inter-ethnic marriages and historical and ethnographic conditions were also considered, and what impact they had on social life
Keywords: marriage, inter-ethnic marriages, family, ethnology, demography.

Кіріспе

Ұлтаралық отбасылар қоғамның биоәлеуметтік өзін-өзі реттеуі процесіндегі маңызды құрал болып табылады. Аралас отбасындағы ерлі-зайыптылық проблемаларын зерттеу неке-отбасылық қатынастардың қазіргі жай-күйі туралы білімді толықтыруға және олардың одан арғы дамуын болжамдауға, қалыптасқан этнодемографиялық жағдайды, күнделікті өмірдегі этносаралық өзара ықпал мен ұлтаралық процестердің барысын, тілдік және мәдени өзара әрекеттердің және т.б. барысын айқын бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан да ұлтаралық некенің санының өсуін экономикалық және психологиялық көрсеткіштерінің бірі деп есептуге болады.Бүгінгі таңда әлемде этносаралық некелердің көбейюі байқалуда. Кез келген саяси, экономикалық, мәдени

немесе дінге қатысты неке-отбасы қатынастары этникалық сипат алуда. Қазақстанда аралас қазақ-орыс, қазақ-ұйғыр, орыс-украин, орыс-корей, қазақ-корей, қазақ-татар, орыс-неміс, орыс-татар және т.с.с. некелер өте көп.

Қазақстан-егеменді демократиялық мемлекет. 130-ға жуық ұлт пен ұлыстарды бір тудың астына айрандай ұйытып отырғаны мақтанарлық қасиет. Елдің қауіпсіздігінің кепілдігі ол ауызбіршілк екені анық. Осыған орай елдегі әлеуметтік қатынастардық кең көлемде зерттелу қажеттігі туады. Сонымен қоса әртүрлі этностар қатар өмір сүріп жатқан қазіргі Қазақстан қоғамында аралас неке болмай тұрмайды. Бірақ аралас неке қазақ ұлтының болашағына пайдалы ма, әлде зиянды ма? Нақтырақ айтқанда, өз ұлттары азулы ұлттардың кең көмейіне жұтылып жатқан мына заманда, бар жоғы 10 миллионнан жаңа асқан қазаққа аралас некенің берері бар ма екен? Өкінішке орай қазіргі заманауи зерттеушілер ұлттардың аралас некесіне көр көңіл бөлмейді, барлық назар әлеуметтік-саяси, экономикалық мәселелерге аударылған. Бірақ XX ғасырдың 60-80 жылдарында бұл тақырып өте белсенді зерттелген болатын.

Материалдар мен әдістер

Мақала жазу барысында жалпы ғылымдық (анализ, синтез, жүйелі әдіс) тарихи, этнографиялық және этносоциологиялық әдістер, статистикалық ақпарларды талдауға негізделеді. Мақаланың теориялық негізіне Ю.В. Артунян, Қ. Аманжол, С. Уәлиева, А. Сусоколов т.б. ғалымдардың теориялық ойлары мен тұжырымдары басшылыққа алынды. Зерттеу барысында келесі теориялық-методологиялық әдістер қолданылады: нақтылы тарихи әдіс – тарихи хронологиялық, тарихи-салыстырмалы әдісті пайдаланылды.

Талқылау

1940 жылы Кеңес Одағы өзінің құрамында өмір сүріп жатқан 130 ұлтқа зерттеу жүргізілген болатын. «Орыстармен үйленген басқа ұлт өкілдері қанша екен?» деп, санақ жасағанда , бірінші орынға Латвия секіріп шыққан да, екенші орында – Қазақстан. Ел басқарған азаматтардың қуаныштан бөркі қазандай болып, бірер жылда Латвияны басып озуға ұмтылыс жасағаны жасырын емес. Кейін 1950 жылдары тың игеру кезінде елімізде аралас неке күрт өскен. 1940 жылдары 15 пайыздың шамасында болса, 1950 жылдардың соңында 23 пайызы жеткен. 1979 жылы дегенде әрбір бесінші неке – аралас неке болыпты. А.Г. Волковтың еңбектерінде 1985 жылғы жүргізілген зерттеулер бойынша КСРО-да қазақтардың басым бөлігі аралас некеге орыстармен және татарлармен тұрарды екен. Дәлірек айтсақ, орыстармен -36,6%, татарлармен – 22,1%, өзбектермен -%, украиндармен -7,1%, қарақалпақтармен – 5%, қырғыздармен – 4,8%, башқұрттармен -3,4 %, және немістермен -2,9% [1, 70-б.].

Бір таңданарлық жағдай, 1980 жылдардың аяғында аралас неке күрт төмендеген. Тіпті, 9,7 пайызға дейін құдырап кеткен. Бұлай болуына әсер еткен дүние – елдегі демократиялық өрлеу мен ұлттық сананың оянуы сияқты.

Тәуелсіз Қазақстанда жыл сайын шамамен 100 мыңдай неке қыйылса, оның 20 пайызы немесе 20 мыңы аралас неке екен. Кейбір қоғамдық ұйымдардың зерттеуіне қарасақ,18-20 жастағы қазақстандық қыздардың үштен бірі шет елдік жігітке күйеуге шыққысы келеді. Бұл бойжеткендердің 50 пайызы қазақ қыздары. Шетелдік азаматтармен аралас неке құрушылардың 50 пайызы ресейліктердің үлесінде. Келесі орында Қырғызстан мен Өзбекстан. Бұл ағайындар жұмыс іздеп келіп-ақ, қалыңсыз қазақ қыздарын құшып жатыр. 2007 жылы Астана қаласында азматтығы жоқ тұлғалармен 36 неке қиылса, 2008 жылы бұл көрсеткіш 47-ге жеткен. 2009 жылдың алғашқы жарты жылдығында 37 неке тіркелген. Бұл сан жыл сайын өсуде [2]. Әрине, ұлтаралық неке көп ұлтты елде болуы заңдылық, тіпті, елдегі татулықтың белгісі деуге де болады. Алайда, қан тазылығы үшін жеті атадан сұрасып қыз алыстан қазақ ұлты үшін өзге ұлтпен

туыстасу қаншалықты пайдалы? Бұл мәселені қазақылық тұрғысынан қарасақ, ұлттың бұзылуы ретінде қабылдаймыз, ал әлемдік стандарттаға сай болуға талпыныс жасаймыз десек, бұл аралас некелер процесін қолдауға мәжбүрміз. Өткені қаншама көп ұлт болғанымен олар бір тудың астында тұрғандықтан бір тұтас ел болуы міндетті.Солтүстіктегі көршіміз Ресей Федерациясын мысал ретінде алсақ, қазіргі таңда Ресей азаматтарының төлқұжаттарында «ұлты» деген бөлім алынып тастаған. Әрине Ресей мемлекеті бұны азматтардың құқығын шектемеу, толық еркіндік мақсатында деп жоғары адамзаттық көзқарас білдіріп отыр. Ұлтаралық қатынаста, конфессия аралық толеранттылықты қалыптастыруда, әрине, бұл заман қажеттілігі. Құрамында 170-тен астам ұл өкілдері тұратын Ресей жағдайында бұл келісті де, үйлесімді де, болар[3,158-б.].Өткені бұл олардың қанына сіңген ұлттардың бірігуі, ұлтаралық некелердің көбеюі Ресей жағдайында өте тиімді болар .

Тәуелсіздік алғанға дейінге кезеңде жоғарыда атап айтақан XX ғасырдың 60-80 жылдар аралығында аралас некелердің өте көп болғандығын айтып өттік. Ол кезеңдегі аралас некелердің өсуін ғалымдар ұлттар арасындағы қарым-қатынастардың дамуы мен нығайуы ретінде бағалаған[4, 120-б.]. Әрине оны жоққа шығармаймыз, алайда бұл процестен орыстандыру, кеңестендіру сияқты саясаттың мүңкіген иісін байқамау ақымақтық.Сонымен қоса осы аралс некелердің пайдасы мен зияны туралы ғалымдар арасындағы таластың қарірги күнге ейін шегі жоқ. Әрине патриоттық тұрғыдан қарағанда «аралас неке» ұлтты құрдымға кетіретін қауіпті процесс. Алайда, ұлт әрқашан бір формада бір қалыпты сақталып қалмайтынын да ескеріп кеткен жөн. Мәдениеттің дамуы тек айналаңдағы басқа да мәдениеттермен өзара қарым-қатынас негізінде жүзеке асады. Олай болмаған жағдайда егер мәдениет сырттан келген жаңа үлгілерді мүлдем қабылдамай өзінің сана сезімі шеңберінде қамалып қалса ол мәдениет жойылудың жолдын деген сөз. Бұл сөздердің біздің еліміздегі аралас некелерге де тікелей байналысты. Шындығында да, біздің ұлтымыздың дамуына септігін тиігіуі мүмкін деген ой келеді. Алайда қазақ қанын тазалығын сақтау үшін өзге мәдениеттермен қабысуы керек болса қазақ болудан бас тарқанымен бірдей деп ой топшылауға болады.Жалпы ғылымда ұлтаралық аралас некелер туралы зерттеулер өте көп. Сонымен қоса некенің түрлері де өте көп. Мысалы эндогамиялық және экзогамиялық некелер. Яғни, эндогамиялық неке –некелесушілер бір этностан немесе тек өз «тобынан» болады. Ағайындық, ауылдық немесе тайпалық эндогамия қарапайым қоғамдарда кездеседі. Ал, экзогамия бұл түсініке мүлдем кереғар.

Қазақ халқы сан ғасырлар жоғарыда айтқан эндогамиялық некені қатаң сақтап келгені тарихтан белгілі. Кей халықтардың тарихын оқысақ дипломатиялық мақсатта өзге елмен құдаласу жағдайларның көп болғанының байқаймыз. Алайда ең қызығы, қазақ өзге ұлттан қыз алса да, қыз бермеген. Өйткені ұлдан туған бала қазақ болса да, қыздан туған жиен жат болатыны белгілі. Соған орай дана халқымыз «жиен ел болмас, желке ас болмас», деп бекер айтпаған. Кеңестік кезеңнің ызғары келісімен экзогамиялық некелердің көбеюі қазақтың ұлттық психологиясына да үлкен әсерін тигізбей қоймағаны анық. «Ұлттық дәстүрлерді сақтап қалу үшін эндогамия қажет, өйткені эндогамиялық некеде балаға қалыптасып қалған стеротиптер дайын күйіндер беріледі, ал экзогамиялық отбасыда екі түрлі қалыптасып қалған[5, 96-б.].

Қазақ ұлтына зиянын былай қойғанда аралас некенің өзі – екі түрлі қоғам өкілерінің біргуі отбасы ішіндегі өте үлкен стерсті туғызуы ықтимал. Екі жақтың ұлттық психологияларының арасындағы қайшылықтан болатын қиыншылықтар да жоқ емес. Этномәден көрсеткіштері қарама-қайшы европалық этноспен түркі этносынан құрылған отбасылардың тұрақты неке құруы екі талай. Оған себеп, жұбайлардың отбасылық тәрбиесі, мәдени құндылықтары екі бөлек. Соның әсерінен тұрақсыз некелер мен ажырасу саны да көбея түсетіні анық. Жалпы алғанда, ұлтаралық неке интернациналдық тәрбие беру ошақтарының бірі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың екуінің де материалдық және рухани мәдениетіқұндылқтарының терең қабысуы, бірін-бірі өзара

толықтыруы, бірін-бірі өзара өзгеруінің өзі өскелең ұрпақты барлық өз ұлт адамдарына құрметпен қарауға тәрбиелейді.Ерлі-зайыптылардың екеуінің де мәденибпйлығымен және олардың меңгеру ұлтаралық отабсында баллардың психологиясы мен санасының қалыптасуына мүмкіндік жасайды яғни, олардың интернационалдық психологиясының қалыптасуына септігін тигізеді. Аралас некелердің бір ұлттың тіпті жойылып кетуіне де әсері үлкен зор екені ғылымда дәлелденіп отыр. Ұлтаралық аралас некелердің нәтижелер шамамен мындай үш түрлі болуы мүмкін: 1) «бұлыңғырлық» , жұбайлардың бірінің ұлттық құндылықтарының әлсіреп, ассимиляция процесінің дамуы; 2) немесе екі ұлт арасындағы ұлттық құндылықтар мен ұлттық психологияларының жанасып, бірігіп кетуі; 3) жаңа субэтникалық яғни ұқсас таптың немесе тек аралас некелерге ғана тән топтық белгілердің пайда болуы [6, 17-б]; И.М.Сеченов атындағы Мәскеу медицина университеті педиатрия кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Олег Ботвиньев осындай қарама-қайшылық байқалған генетикалық құбылысты аралас некеде бұрыннан қалыптасқан ген кешені бұзылып, жаңадан пайда болған ген кешені мыңдаған жылдардың сынынан өтпегендіктен, биологиялық тұрғыдан өте әлсіз болатындығын айтады. Соның салдарынан дертке шалдығу, бала өлімі көбейіп, адамдардың өмір сүру ұзақтығы қысқаруы мүмкіндігін айтты. АҚШ-тың Стэнфорд университетінің медициналық орталығының жүргізген зерттеу нәтижесіде адамзат денсаулығына аралас некелердің зиянды екенін айғақтап берген. Осы зерттеу тобының мүшесі, Калифорния университетінің профессоры Аарон Кофи: «Бұға дейін бала туу процесіне ата-аналардың этностық тегі емес, әлеуметтік-экономикалық жағдайы көбірек әсер етеді деп саналып келген. Сондықтан біз ашқан жағалықтың биология мен медицина үшін маңызы зор. Өйткені, ол нәсілі әртүрлі адамдардың бойында аса маңызды биологиялық ерекшеліктері бар екендігін көрсетіп отыр»,-деді[7, 17-б]. Мәскеу діни академиямының әйгілі профессоры, дьякон Андрей Курав Ресей ұлтаралық некелердің көбейіп бара жатқанына бара жатқанына байланысты өз алаңдаушылығын ашық білдіріп «Комсомольская правда» газетіне берген сұхбатында : «Ұлтаралық некелер дегеніміз – шын мәнінде орыс халқын геноцидке ұшыратудың бір түрі. Біздің әйелдер кавказдарға тұрмысқа шығып, олардың халықтарының өз тегімен байытып жатыр. Ал орыс ұлты әлсіреп барады», - деп дабыл қақты[7, 19-б.]. Өмір сүру деңгейі бойынша 30 шы орында тұрған Таяу Шығыстағы Израиль үкіметі ұлт өкілдерінің өзге ұлттардың азаматтарымен некелесуіне қарсы мемлекеттік саясат ұсынып отыр. «Халықтар достығының зертханасы» атанып отырған республикамыз да осындай талаптар қойылса, біздің де еліміздің өмір сүру деңгейі бір сатыға болса да көбейер мекен?!

Ал енді Еуропадаңғы осы мәселеге азырақ тоқталып кетсек, Лондон университетінің психология факультетінің маманы Султана Чрудридің «Хамелондардың пайдаа болуы: Оңтүстік Азиатар мен еуропалықтар некесінен туылған балаларда «таңдау жасау мәселесінің туындауы» еңбегі мысалы, Португалия, Ұлыбританияда ұлтаралас некеге көзқарас біріңғай еместігін жазған. Бұл елдің тарихына үңілсеңіз, 1500 жылдары Үндістанды Португалияның отарлауы кезінде үнділіктер өз қыздарын португал, ағылшындармен некелесуіне қарсы болған, себебі олардың христиандықты қабылдауы қоғамда түсініспеушілік тудырған. Ұлыбритания жағдайында үнді қыздарымен некелес жағдай кең тараған. Ал ХХ ғасырдың 60 жылдарында Ұлыбритания азиаттар мен еуропалықтар некесінен туылған ұрпақтың мекеніне айналғанын айтады. Аралас некеден туылған ұрпақ идентификациясына байланысты мақаласында осы үдерісті екі жақты көзқарас айтады, яғни аралас некеден туылған ұрпақтың өзін кімге толық жатқызарын білмейтін, осы «маргиналдың» өзі сияқты «маргиналды» іздейтіні, кейді өзін ағылшын, кейде индус деп санайтынын айтады[8, 31-б.].

Ал осы ұлтаралық некелердің көбюіне тоқталатын болсақ, ол көп көршілік және дәстүрлі байланыстардың әлсіреуінен болуы мүмкін.В.И. Козловтың пікірінше: «Отбасылардың

туысқандық қатынастарының үзілуі және де отбасылардың оқшауланuынан аралас некелердің саны өседі»[3, 170-б.]. О.А. Гранцкая мен Л.Н.Тереньтева да қоршаған ортаның некеге әсерінің зор екенін айтады[9]. Орталық Азиядағы ұлтаралық аралас некелерді зерттей келе Г.П. Васильева да аралас некелер құратындардың көпшілігі ағайын-туыстары жоқ немесе аз адамдар деген пікір айтты [9]

Е.А.Копятова 2013-2015 жылдар аралығында аралас некелерге байланысты зерттеу барысында орыс украин және қазақтар арасында сауалнама жүргізген. Сауалнама барысында қазақ ер азаматтарының көпшілігі аралас некеге қатысты жағымды пікірде болғаны анықталды: 67% аралас некені қолдайды, 23 % нейтральды көзқараста яғни қарсы да емес қолдамайды да, тек 16 % ғана аралс некеге қарсы болған. Ал қазақ әйелдері керісінше аралас некеге ең қарсы негативті ойда болған. Жартысынан көбі (52%) аралас некелерді ұлт үшін зиянды деп санаса, 31% нейтральды көзқарас , 17% ғана аралас некелерді қолдайды екен[7]. Аралас некеге әйелдерге қарағанда ер азаматтар бейім екендігі байқалады. XX ғасырдың ортасындағы жүргізілген сащщнақ пен зерттеулерден аралас некеге түскен әйел адамдар 3,9% құраса, ер азаматтар 27 % құраған [10, 171-б]. Ал Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары яғни, 2009 жылғы санақ бойынша керісінше ер азаматтар -19,24% -ға азайыса, әйел адамдардың саны 27 %-ға дейін өскен[11,63-б]. Бұдан байқайтынымыз демократиялық мемлекеттің қоғамның ішкі құрылымына әсер етіп, әйелдер дәстүрлі тәрбиенің шеңберінен шығып модернизациялық процестің орын алғанын байқаймыз. Сонымен қоса осы 2009 жылғы халық санағы бойынша алпы елдегі аралас некелер 19,8 % құраса оның 22,6 %-ы қалалық жерлерде, ал 15,5%-ы ауылдық жерлерде[11, 69-б].Оңтүстік Қазақстан облысындағы аралас некелердің 51,7%-ы орыстардың , ал 38,7% - ы қазақтардың үлесінде болуы. Егер сол өңірдегі қазақтардың ұлтаралық некелеріне келсек, олардың 36,6%-өзбектермен, ал 28,3%-ы орыстармен некеде тұруының байқалуы[12, 23б.].

Тәуелсіздің алған 1991 жылдан бергі кезеңде ұлтаралық некелердің көрсеткіштері өзгеріске ұшырады. Қазақстан Республикасы статистикалық агенттігінің материалдарына сүйенсек 1999 жылмен 2005 жылдар аралығында ұлтаралық некелердің үлес салмағы 21,4%-дан – 18,8 %-ға кеміген, соған қарамастан ұлтаралық неке әрбір бесінші отбасыны құраған. [10, 178 б.]. Уалиеваның статистикалық нәтижелерін кесте түрінде көрсетсек

Жылдар	Жалпы неке саны	Ұлтаралық неке саны	Ұлтаралық некелердің пайыздық үлесі
1999	85872	18402	21,4
2000	90873	18477	20,3
2001	92852	18601	20,0
2002	98986	19502	19,7
2003	110414	21646	19,6
2004	114685	21465	18,7
2005	123045	23161	18,8
2006	137204	24650	18,0
2007	146379	26632	18,2
2008	135280	24243	17,9

2009	140785	25522	18,1
2010	146443	25669	17,5

Осы кесте негізінде ұлтаралық некелердің өсу тенденциясын айқын көрсету мақсатында графикке салып көрсеттік.

Қазақстан Республикасында негізгі ұлттар қазақ және орыс ұлттары болып саналады. 1999 жылғы санақ бойынша олардың үлес салмағы ең болыпған болатын. 1999 жылы қазақтардың үлес салмағы 53,3 %- ды құраса, ол 2005 жылы 57,9 %-ға өскен, ал орыс ұлтының саны керісінше 30,0%-дан 26,7%-ға дейін кеміген[10, 178 б.]. Жалпы бұл өте аз көрсеткіш. Өйткені егер мемлекет негізін құрайтын ұлт сол елдегі тұрғындардың кемінде 75 пайыздан асса ғана , оның шаңырағы шайқалмайтынына кепілдік бар.

Қорытынды

Біздің тәуелсіз, демократиялық елімізде ұлтаралық қатынастарды дамыту үшін мемелекетіміз ұлттар арасындағы бірлікті нығайтты. Бұл шығу тегі мен діні, мәдениеті жақын этностардың отбасын құруына әкеледі. Ал сол ұлтаралық некеден туылған балалар өздерінің қай ұлтқа жатқызатыны, қай ұлттың тілін, мәдениетін ұстанатыны туралы өте қиын таңдауды басынан кешіреді. Сол сияқты қазақ ұлтының өкілдері де өзге ұлтпен отбасы құруы біріншіден «жиендерге» немесе «келіндерге» психологиялық сын болатыны анық. Өзге ұлттың идеологиясын, салт-санасын меңгеру оңай шаруа емес.Оның үстіне аралас некелердің тұрақсыз болатыны тағы бар. Ал қазақ ұлты үшін осы аралас некенің қандай қауіп бар екені айтпаса да түсінікі. Ұлымыз «ақ құлаққа» еріп ағарып жатса одан асқан қасірет барма, немесе көп қытай келіп қызымызды алып жатса олармен қосақтанып жиендер келсе, аз қазақты әп сәтте өзіне баурайтыны анық. Осы орайда қазақтың «жиен келгенше, жеті қасқыр келгені жақсы» деген дана сөзі ойға оралады. Қорыта айтқанда ұлтын ұлылаған қыз да , ұл да қаны да, жаны да қазақ, қазақ азаматтарымен отбасы құрса мұндай мәселелердің бірі де болмас па еді?!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Волков А.Г. Этнически смешанные семьи межнациональные браки // Семья и семейная политика. М.: Институт социальная-экономических проблем народонаселения, 1991.с.69-86
2. Ұлтаралық неке қазақ халқының түбіне жетеді... Қымбат Ахметова https://yvision.kz/post/479015
3. Арутюнян Ю.В., Дробижева Л.М., Сусоколов А.А. Этносоциология. М.: Аспект-Пресс, 1999. – 271 с.
4. Сусоколов А.А. Межнациональные браки в СССР. – М.: Мысль, 1987.-142 с.
5. Русские.Этносоциологические очерки. –М.: Феникс, 1992. – 230 с.
6. Жигунова М.А. Реммлер В.В. Этнические процессы в современном сибирском городе (на примере национально-смешанных браков Омска) // Этнография Алтая и сопредельных территорий: матер.междунар.науч.конф.Баянаул:АлтГПУ,2015. Вып.9.С.17-20.
7. Вестник Томского государственного университета. История. 2016. №5(43)
8. Тәжіғалиева Ж.Т. Біръұлтты және этносаралық отбасылар тарихы мен этномәдени аспектілері (1985-2010 жж. Батыс Қазақстан облысы мысалында). Орал.: 2012. – 101 б.
9. Монгуш М.В. Этнокультурные процессы у тувинцев Монголии и Китая// Этнос и культура. 2005. №4. [Электронный ресурсы]
10. Уалиева С.К. Этнодемогрфические особенности семейно-брачных отношений и межэтнические браки на рубеже веков// Семейно-брачные отношения населения Казахстана на рубеже веков: историко-демографический аспект.Усть-Каменогорск: Либриус. 2012. 165-179 с.
11. Мужчины и женщины в Республике Казахстан. Итоги Национальной переписи населения РК 2009 года. Ст.сбор. Астана, 2011. – 192 с.
12. Қалыш А.Б. Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. -254б.

References

1. Volkov A.G. Etnicheski smeshannyie semi mezhnatsionalnyie braki // Semya i semeynaya politika. M.: Institut sotsialnaya-ekonomicheskih problem narodonaseleniya, 1991.s.69-86
2. Ultaralyq neke qazaqtin tubine zhetedi//Axmetova Q. https://yvision.kz/post/479015
3. Arutyunyan Yu.V., Drobizheva L.M., Susokolov A.A. E`tnosociologiya. M.: Aspekt-Press, 1999. – 271 s.
4. Susokolov A.A. Mezhnacional`nye braki v SSSR. – M.: Mysl`, 1987.-142 s.
5. Russkie.E`tnosociologicheskie ocherki. –M.: Feniks, 1992. – 230 s.
6. Zhigunova M.A. Remmler V.V. E`tnicheskie processy v sovremennom sibirskom gorode (na primere nacional`no-smeshannyh brakov Omska) // E`tnografiya Altaya i sopredel`nyh territoriy: mater.mezhdunar.nauch.konf.Bayanaul:AltGPU,2015. Vyp.9.S.17-20.
7. Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriya. 2016. №5(43)
8. Ta`zhig`alieva Zh.T. Birultty zha`ne e`tnosaralyq otbasylar tarihy men e`tnoma`deni aspektileri (1985-2010 zhzh. Batys Qazaqstan oblysy mysalynda). Oral.: 2012. – 101 b.
9. Mongush M.V. E`tnokul`turnye processy u tuvincev Mongolii i Kitaya// E`tnos i kul`tura. 2005. №4. [E`lektronnyy resursy]
10. Ualieva S.K. E`tnodemogrficheskie osobennosti semeyno-brachnyh otnosheniy i mezhe`tnicheskie braki na rubezhe vekov// Semeyno-brachnye otnosheniya naseleniya Kazahstana na rubezhe vekov: istoriko-demograficheskiy aspekt.Ust`-Kamenogorsk: Librius. 2012. 165-179 s.
11. Muzhchiny i zhenshhiny v Respublike Kazahstan. Itogi Nacional`noy perepisi naseleniya RK 2009 goda. St.sbor. Astana, 2011. – 192 s.
12. Qalysh A.B. Qazirgi Qazakhstandag`y e`tnikalyq zha`ne e`tnoma`deni procester. – Almaty: QazaQ universiteti, 2015. -254b.

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТЕҢДІК МӘСЕЛЕСІ

Қабдолдина К.Қ.

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің 2 курс магистранты Қазақстан, Алматы

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы өзгермелі қоғам кезеңіндегі Қазақстан әйелдерінің жағдайы және мәселелері қарастырылады. Кеңес өкіметінің әйелдерге қатысты жүргізген саясатын анықтай отырып, қазақ әйелдеріне кеңестік модернизацияның әсері анықталады. Сонымен қатар көрсетілген уақыт шеңберіндегі мерзімді басылымдардан Қазақстандағы гендерлік қатынастардың өзгеруі, большевиктер жобасының барысында отбасы мен қоғамдағы әйелдердің мәртебесі мен лауазымының өзгеру дәрежесі сынды мәселелер қарастырылады. Қарастырылып отырған мәселе ғылым үшін өзекті болып табылады. Себебі, тарихтың көлеңкесінде қалып келген қазақ әйелінің тарихы кеңестік модернизация кезеңінен кейін қаншалықты деңгейде өзгергені ғылым үшін маңызды. Қазақ әйелі тек қазақ отбасының ғана асыраушысы, анасы емес, қазақ әйелі – бүкіл ұлттың тәрбиешісі. Олай болса тоталитарлық жүйедегі қазақ әйелдерінің қоғамдық – саяси жұмысын зерттеу – тәуелсіз Қазақстанның негізін құрайтын ұрпақ тәрбиесінде қазақ әйелдерінің рөлінің зор екендігін танып-білуге мүмкіндік береді. Осы тақырыптың аясында 2017 жылы т.ғ.д., профессор Ж.Б. Кундакбаеваның «модернизация ранней советской эпохи в судьбах женщин Казахстана, 1920-1930 годы» атты ғылыми жобасында мерзімді баысылмдар мен жеке тектік қорларда зерттеу жұмыстарсын жүргіздім. Кеңес өкіметі тұсындағы негізгі жұмыстар маркстік-лениндік ілімге сүйеніп жүргізілгені белгілі. Ал оның ілімінің ғылыми тәсілі таптық тәсіл болғандықтан, мұндай тақырыптар туралы жазғанда ол тәсілден аттап кете алмаймыз. Солай бола тұрса да бұл мақалада кеңестік жүйенің кейбір істері қазақ әйелдерімен жұмыс жүргізгенде артық кеткен тұстары да болғанын көрсетуге тырысамыз.
Түйін сөздер: кеңес өкіметі, гендерлік саясат, қазақ әйелі, теңдік, қалың малды жою, мерзімдік басылымдар, модернизация, әйел эманципациясы.

ПРОБЛЕМА РАВЕНСТВА КАЗАХСКИХ ЖЕНЩИН В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ

Кабдолдина К.К.

Магистрант 2 –курса Казахского Национального университета имени Аль – Фараби, факультета истории, археологии и этнологии

Аннотация. В статье рассматриваются политика советской власти по отношению к женщинам, вовлечение женщин в производственную и общественную жизнь, формирование их активности в 1920-1930 гг. Раскрываются положительные и негативные стороны процесса раскрепощения женщин в рассматриваемый период. А также рассматриваются важность законодательных актов и периодических изданий, принятых советскими властями в отношении женщин.Для науки важно, чтобы история женщины, которая осталось в тени изменилась после периода обширной модернизации. Казахская женщина - не только кормилец казахской семьи, но и ее мать, казахская женщина - воспитатель всей нации. Таким образом, изучение общественно-политической работы казахских женщин в тоталитарной системе позволяет нам признать большую роль казахских женщин в воспитании поколений независимого Казахстана. В рамках этой темы в 2017 году

доктор исторических наук, профессор Ж.Б. Кундакбаева своем исследовательском проекте «Модернизация советской эпохи в Казахстане 1920–1930-х годов» я проводил исследования в области периодики и частного воспитания.Известно, что основная работа при советской власти была основана на марксистско-ленинской доктрине. Поскольку научный метод его доктрины является классическим подходом, мы не можем игнорировать эти проблемы при написании таких тем. Тем не менее, в этой статье мы попытаемся показать, что некоторые работы советской системы были пропущены казахскими женщинами.
Ключевые слова: советское правительство, гендерная политика, казахская женщина, равенство, отмена калыма, периодические издания, модернизация, эмансипация женщин.

THE PROBLEM OF EQUALITY OF KAZAKH WOMEN IN SOVIET KAZAKHSTAN

Kabdoldina K.K.

Master 2 course of the Faculty of History, Archeology and Ethnology of the Kazakh National University named after Al-Farabi

Abstract. The article discusses the policy of the Soviet government in relation to women, the involvement of women in production and social life, the formation of their activity in 1920-1930. The positive and negative sides of the process of women's emancipation in the period under review are revealed. It also discusses the importance of legislative acts and periodicals adopted by the Soviet authorities with regard to women. For science, it is important that the story of a woman who remained in the shadows changed after a period of extensive modernization. A Kazakh woman is not only the breadwinner of a Kazakh family, but also her mother, a Kazakh woman who educates the whole nation. Thus, the study of the socio-political work of Kazakh women in a totalitarian system allows us to recognize the large role of Kazakh women in educating the generations of independent Kazakhstan. As part of this topic in 2017, Doctor of Historical Sciences, Professor Zh.B. Kundakbayeva, in my research project “Modernization of the Soviet Era in Kazakhstan in the 1920s – 1930s,” I conducted research in the field of periodicals and private education. It is known that the main work under the Soviet regime was based on the Marxist-Leninist doctrine. Since the scientific method of his doctrine is a classical approach, we cannot ignore these problems when writing such topics. However, in this article we will try to show that some works of the Soviet system were missed by Kazakh women.
Keywords: Soviet government, gender policy, Kazakh woman, equality, abolition of kalym, periodicals, modernization, emancipation of women.

Кіріспе

Тарихымызда кеңестік билік орныға бастаған кезде XX ғасырдың 20 –жылдарынан бастап әлеуметтік –саяси өмір де өзгерістерге де ұшырай бастады. Пролетариат диктатурасының мемлекетін орнататын социализм құру мақсатында алға қойған кеңес өкіметі мен большевиктер партиясы үшін бұрынғы Ресей империясын мекендеген барлық халықтарды ортақ бір идеологияға, біртұтас саяси жүйеге топтастыру күн тәртібінде қойылған маңызды міндет болды. Ол үшін «әйел теңдігі» деген ұранды басшылыққа ала отырып, түсіндірме, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қолға алынды. 1920 жылдары елімізідің рухани өмірін өзгеріске ұшыратпақ болған осы бір сөз қазақ халқын жаппай кеңестендіру саясатының бірі еді. Сондықтан да «әйел теңдігі» мәселесін негізгі объект ретінде ала отырып, сталиндік моденизацияның әсерін мақалада анықтаймыз.

Материалдар мен әдістер

Деректік қорына Кеңес өкіметінің декреттері, нормативтік актілер, заманхаттар, баспасөз материалдары жатады. Ең алдымен жұмыстың деректік қорына сол кездерде орын алған ресми құжаттарды, заң актілерін қарастырамыз. Кеңестердің Бүкілқазақ съездерінің материалдары ел ішіндегі жағдайдың әйелдерге қалай әсер еткенін талдағанда және де бұл съездердің, декреттер мен қаулылардың ел өміріне қалай әсер еткенін сипаттағанда қолдандық. Және де жұмысымыздың ең негізгі дерек көзі 1920-30жж. шығып тұрған мерзімді баспасөз беттері. Соның ішінде «Әйел теңдігі» мерзімді баспасөзінің біздің тақырыбымыз үшін орны ерекше, өйткені оның беттерінде үнемі қазақ әйелдерінің жағдайы жазылуымен қатар журнал жаңа кеңестік әйел бейнесін ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан журнал біз үшін құнды дерек көзі болып табылады.

Әдістер

Зерттеу жұмысының методологиялық негізін айқындауда, қоғамдық құбылыстар мен үрдістерді зерттеудің бірнеше әдістері қолданылды. Тарихи оқиғаларды немесе саяси жағдайлары баяндауда баспасөз материалдарына контент – анализ жасау әдісі пайдалынылды. Сонымен қатар журнал мәтіндеріне анализ жасауда семиотикалық әдіс кеңінен қолданылды. Тарих ғылымында қалыптасқан мәселені, болған оқиғаны зерттеуде нақты фактілер мен дәлелдерді мұрағат және журнал материалдары арқылы салыстыра көрсету басшылыққа алынды. Сонымен бірге зерттеу барысында саралау, талдау, және қорыту, тарихи-салыстырмалы, әлеуметтанушылық, тарихи зерттеу тәсілдері қолданылды.

Талқылау

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы мерзімді баспасөз большевиктік идеология құралы болғанымен де, сол жылдардағы Қазақстанның саяси, әлеуметтік – экономикалық, мәдени өмірінің кейбір мәселелерін айқындауда бірден –бір дереккөзі болып табылады. Ол жерлерде еліміздегі саяси -әлеуметтік жағдай, жүргізілген түрлі реформалар мен науқандар, экономика саласындағы жетістіктер мен кемшіліктер, мәдени революция барысы мерзімді баспасөздің басты тақырыбына айналды. Әйелдер қауымы да дәл осы тұста Кеңес өкіметін нығайту ісіне, елдің этникасы мен мәдениетін дамыту шараларына кеңінен тартылды. Бұл істен әрине қазақ әйедері де тыс қалдырылған жоқ. Сондықтан да әйелдер журналы арқылы большевиктердің жаңа қазақстандық әйелді қалыптастыруда жүргізген үгіт-насихаттары мен тәжірибесін зерттеу өзекті болып отыр. Бір жағынан қазақ әйелдеріне арналған әйелдер журналын оқу большевиктерге коммунистік идеологияны сіңіруге көмектессе, екінші бір жағынан құндылықтар жүйесін өзгерте отырып, қоғамдағы жаңа рөлі мен орнын әйелдердің толықтай сезінуі большевиктер жобасының тұтастығы мен жетістігі тұрғысынан маңызды. Олар шектеулі ресуртарға қарамастан қысқа мерзім ішінде өз мақсаттарына қол жеткізгендігі бүгінгі күнде большевиктердің әлеуметтік инженерияға арналған жүйелік жобасын зерттеу, әсіресе әйелдер рөлі мен орнын қайта құрудағы ерекшеліктерін қарастыру маңызды болып табылады.

Нәтижесі

Мақалада 1920-30 жылдардағы қазақ әйелінің бейнесіне Кеңес өкіметі қаншалықты әсер еткенін анықтау зерттеу жұмысының негізгі нысанына айналады.

Қоғам өміріне өзгерістер енгізген қазан төңкерісі әсерінен әлбетте, әйел мәселесі де тысқары қалған жоқ. Барлық жаңалық атаулы сияқты әйел теңдігінің де айрықша ұранмен қабылдануы сол кез үшін толық жеткен құбылыс болғаны анық.

Алғаш әйелдер мәселесін көтергендер – Алаш Орда өкіметінің мүшелері. Олар 1917 жылы Орынборда өткен Бүкілқазақ съезінде әйелдерге ерлермен бірдей саяси құқық беруді, олардың өз

еркімен күйеуге шығу құқығын, некеге отырғанда күйеу жігітпен қатар, қалыңдықтың да келісімін сұрау, қалың малды, әмеңгерлікті жою, жасы жетпеген қыздарды күйеуге беруге тыйым салу (отыру жасын ерлерге 18, әйелдерге 16 жас деп белгілеу), екінші әйел алу үшін бірінші әйелінің рұқсатын алу сияқты талаптар қояды [Список..., 1992:49-50].

Ақиқатқа жүгінсек, Кеңес өкіметі өзінің құрылған алғашқы жалдарынан –ақ әйелдерді басылбайлықтан босатып, қоғамдық өмірдің барлық саласында еркек пен әйел құқығының теңдігін орнатуға тырысты. Өмір бойы әдет – ғұрыптың шырмауында қалып келген қазақ әйелі бірден Кеңес ұйымының жұмысына қатынаса алмады. Сондықтан да әйелдің сана-сезімін оятып, қатарға алу үшін, ең алдымен тең құқылықты түсіндіріп, ескі әдет – ғұрыптың тамырын құрту керек болды. Кеңес өкіметінің әйелдер теңдігіне байланысты шығарған алғашқы декреттерінің бірі – Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1917 жылы 18 желтоқсанда қабылдаған «Азаматтық неке, балалар туралы және азаматтық жағдайды актілеу кітабын енгізу жайлы» декреті [декреты...,1957:237]. Әйелдердің теңдік алған күні мейрам ретінде арнайы аталып өтетін болды. 1924 жылы 11 қараша өткен Қырғыз облыстық бюро мәжілісінде әйелдер бөлімінің меңгерушісі Алма Оразбаеваның «Қалың малдан азат ету» күнін мерекелеу жайлы баяндамасы тыңдалды. Бюроның шешімімен «Қалың малдан азат ету күнін» мерекелеу 1 қаңтарға көшірілді [ҚРПА..., 139 –к]. 1926 жылдан бастап бұл мерекені атап өту 22 наурызға ауыстырылды. Өйткені 8-наурыз халықаралық күн күнін атап өткеннен кейін науқандық іс-шараларды 22 наурызға дейін жалғастыруды тиімді деп есептесе, екіншіден 22 наурыз шығыс халықтарының жаңа жылы есебінен емес, «Әйелдердің азаттық алған күні» ретінде атап өту Кеңес өкіметіне тиімді болды.

Әйелдер арсында жұмыс жүргізу аппаратын В.И. Ленин 16-21 қараша 1918 жылы өткен жұмысшы әйелдердің Бүкілресейлік I съезінде сөйлеген сөзінде анықтап берген. Партияның жұмысшы топтары, комиссиялары, комитеттері, бөлімдері т.б. органдары болуы керек деген міндет қойды, сөйтіп әйелдер бұқарасын партияға тартып, соның ықпалымен жұмыс істеуді көздеді. Осыған сәйкес I съезд ұсыныстар дайындап, 1918 жылы желтоқсанда Орталық Комитет шешімімен РКП(б) Орталық Комитеті жанынан әйелдер арасында үгіт – насихат жұмысын жүргізетін комиссия ұйымдастырды және оның бөлімдерін губернияларда, қалаларда, аудандар мен уездердегі комиссияларын құрады [Сб. документов...,1971:40-41].

1919 жылы қыркүйекте партиялық комитеттердің қайта құрумен байланысты ол әйелдер арасындағы жұмыс деген бөлімдер болып құрылады. РКП (б) Орталық Комитетінің әйелдер бөлімінде ұйымдық, идеологиялық, бұқаралық – саяси жұмыстарды А.М. Коллонтай, И.Ф. Арманд, Л.Р. Менжинская, С.Н. Смидович, т.б. белгілі революционер әйелдер жүргізеді. Ол үш бөлімшеден тұрады: баспа, ұйымдық – нұсқаушылық, үгіт – насихат, Шығыс әйелдері арасындағы жұмыс істейтін бөлімшелер. Оның жетекшсінің бірі А.И. Нухрат В.И. Лениннің белгілеген Шығыс әйелдері арасында үгіт және ұйымдастыру формаларының ерекше әдістері қажет деген істерін іс жүзінде жүзеге асыру бағытында табанды жұмыс істеді.

РКП (б) I Қазақстан облыстық конференциясының шешімімен (15 мамыр 1921 ж.) РКП (б) Қырғыз Обкомында әйелдермен жұмыс бөлімі ашылды. Конференцияның арнайы резолюциясында ол үшін партия кадрларын, әсересе, әйелдер ұйымдастыру жұмыстарын белсенді түрде тартуды алға қойды. Бұл істе ұлтқа бөлу деген болмау керектігі айтылды. Әйелдерді табанды түрде ұзақ дайындау және басшылық қызметке тарту арқылы қызметші әйелдер белсенділерін ұйымдастыру міндеті қойылды. Обкомның болашақ құрамына осы істің әдістерін жасау және жергілікті жерлерге нұсқаулар жіберу, сонымен қатар қазақ әйелдерінің конференциясын шақыру көзделді.

Облыстық партия комитетінің әйелдер бөлімінде коммунист әйелдер А. Оразбаева, Н. Арықова, М. Бегалиева, С. Есова, З. Базилевская, Д. Дрофеева, М. Оринич, т.б, көп жұмыстар

атқарды.

Қазақ АСР халық ағарту комитеті мәжілістерінде әйелдер бөлімінің мәселелері қарастырылды. Коммуна мектептерінде қыздарға орын көп бөлу қарастырылды. Мысалы, Орал мен Шымкентте қазақ қыздарына арнап 30 орындық мектеп ашылды, Ақмола, Қарқаралыда қыздар үшін мектеп-интернаттар ашылды [Тасырова...,1984].

Коммунистік партияның әйелдер арасында жұмыс жүргізудегі бір ұстанымы мерзімді баспасөзді пайдалану болды. Сондықтан 1922 жылы РКП(б) барлық губерниялық, уездік комитеттерге жергілікті газеттерде әйелдер үшін жеке бет болуы туралы нұсқау берді. Ол беттер мемлекеттік және жеке кәсіпорындарда әйелдердің экономикалық және тұрмыстық жағдайын сипайттайды.

1924 – 1926 жылдардың арасында Қазақстан жерінде Қызылорда мен Орынборда әйелдерді социалистік құрылысқа тартудың мақсаты мен міндетін үгіттеуге арналған, қалтаға салып жүруге ыңғайлы шағын кітапшалар жарық көреді [Островская Н...,1958]. Олар әйелдер қозғалысының ұйымдастырушылардың қойын дәптеріне арналған және осы мәселелер бойынша тарихи білімдерді таратушы міндетін атқарған.

Арнаулы кітапшалармен қатар әйелдер мәселесі жайлы тарихи білімдерді 20-30 жылдардағы баспасөз таратады. Мәселен, «Новый Восток», «Работница», «Делегатка», «Крестьянка», «Коммунистка» журналдарының шығыс әйелдеріне арналған бөлімдері болған. 5 мамыр 1925 жылы Қазақ республикасы өкіметінің шешіміне сәйкес жаппай тиражбен «Теңдік» газеті шығарылды. Кейіннен ол «Әйел теңдігі» деп аталып, 1936 жылдан «Сталин жолы», 1956 жылдан «Қазақстан әйелдері» деп аталады) [ҚРПМ...,141-қ] республикалық әйелдер журналына айналды. Семейде «Бостандық әйел» [Газеты КазССР..., 1977] деген қазақ тілінде әйелдер газеті шықты. Қарқаралыда «Еңбекші әйел» газеті шықты. «Степная правда» газетінде «Қырғыздағы еңбекші әйелдердің өмірі» деген бөлімі ашылып, онда әйелдерге арнап түрлі материалдар жарияланды, ал ондағы мақсат қоғамдық ұйымдарға, партия, кәсіподақ жұмыстарына әйелдерді тарату еді. Сонымен қатар қазақ тілінде «Жетісу әйелдері және «Азат әйел», «Ана мен бала», «Бостандық әйел» атты газеттерде әйел теңдігі, оларды қоғамдық өмірге тарту мәселелері жайлы мақалалар жарық көрді.

Әсіресе, кең тараған «Әйел теңдігі» журналында Қазақстанның 20-жылдарындағы әйелдер қозғалысының көрнекті өкілдері Сара Есова (бас редактор), Нағима Арықова, Нәзипа Құлжанова қалың малды жою, ана мен баланы қорғау, көшпелі қызыл отаулардың жұмысы, әйелдер арасындағы жұмыстар жайлы көптеген мақалалар жазады.

Сол кезеңдегі қоғам қайраткерлері де әйелдер мәселесінен тыс қалған жоқ. Атап айтқанда С. Меңдешевтің «Қырғыз әйелін қалың малдан азат ету күніне арналған» [Меңдешев. С..,1925] мақаласында «қалың мал» әйелдердің еріксіз тұрмысқа шығуға мәжбүр еткен сауда құралы ретінде қарастырылады.

20 – 30 жылдарда жарық көрген кейбір мақалалар цифрлар мен фактілерге өте бай болғандықтан, оларды әйелдер мәселесінің алғашқы деректері деп есептеуге болады.

Баспасөзде еңбекші әйелдердің өмірінің жақсы жақтары асыра көрсетіліп, олар көтерген қиыншылықтар мен ауыртпалықтар және партияның жүргізген саясатының кемшіліктері айтылмады. Әміршіл – әкімшіл жүйенің әйелдерге берген «теңдігінің» бір қайғылы көрінісі – 1937 жылғы қуғын – сүргін.

Қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарда да үкімет пен партия саясатын дәріптеу арқылы халықтың демократиялық ой – пікірлерін ашық түрде білдіруге тосқауыл қоюмен елдің әлеуметтік – экономикалық, мәдени – рухани өрлеуі кеңестік жүйенің жемісі деген бір жақты пікірді қалыптастыруға тырысты. В.И. Лениннің 1918 жылы жазылған «Совет өкіметінің кезекті міндеттері» атты мақаласында: «Баспасөз социалистік құрылыстың құралы болып қызмет етуге

тиіс. Ол жұртты үлгілі коммуналар жұмысының егжей-тегжейімен толық таныстыруға тиіс. Екінші жағынан, «капитализм дәуірінен арыла алмай отырған, яғни бейбастықты, жалқаулықты бассыз, аяқсыздықты, саудагершілікті әлі жоя алмай отырған коммуналарды «қара тақтаға» жауға тиіс», - деп көрсетуінен [Шығармалар жинақ...,1976;146] табысқа жетіп, шаруашылығын қалай жүргізіп отырғандығын зерттеп білуге тиіс»

XX ғ. 20-30 жылдары мерзімді баспасөз большевиктік идеология құралы болғанымен де, сол жылдардағы Қазақстанның саяси, әлеуметтік – экономикалық, мәдени өмірінің кейбір мәселелерін айқындауда бірден – бір дереккөзі болып табылады.

Тарихымыздың кеңестік әміршіл-әкімшіл билік орныға бастаған кезеңі 20-30 жылдар Қазақстанның қоғамдық – саяси өміріне елеулі де түбірлі өзгерістер әкелді. Пролетариат диктатурасының мемлекетін орнататын социализм құру мақсатын алға қойған кеңес өкіметі мен большевиктер паритиясы үшін бұрынғы Ресей империясын мекендеген барлық халықтарды қысқа мерзімде ортақ бір идеологияға, біртұтас саяси жүйеге топтастыру күн тәртібіндегі аса маңызды міндет еді. Сол себептен де бұқара халықтың, әсіресе тұрғындардың тең жарымы болып табылатын әйелдердің белсенділігін көтеру кезек күттірмейтін мәселе болды.

«Әйел теңдігі» - осы екі ауыз сөз қазақ елінің рухани дүниесіне 1920 жылдардан еніп, социалистік жүйенің қазақ халқын жаппай кеңестендіру мақсатынан туындаған саяси тәсілдердің бірі еді. Қазақ әйелдерінің арасындағы қоғамды – саяси жұмыстарды ең алдымен олардың психологиясын, өмір салтын, тұрмыстық жағдайын ескере отырып жүргізу қажет болды. Сол себептен де Өлкелік әйелдер бөлімі әйелдермен жеке жұмыс жүргізіп, «әйел теңдігі» мәселесіне бұқаралық сипат беруге тырысты. Қалай айтсақ та қазақ әйелдерінің арасында жүргізілген қоғамдық – саяси жұмыстар қиын да әрі күрделі процесс болды. Ұлттық сана мен таптық сананың аражігін ажыратпай жүргізілген тең «құқылық» деген саясат қазақ әйелдерінің болмысында елеулі із қалдырды. Теңдіктің арқасында әйел күшінің құдіреті көптеген жерлерде басым түсіп, есесіне жесір әйел, жалғызбасты ана, еркіндікті, тәуелсіздікті аңсап, тұрмыс құрудан бас тартқандардың саны өскені белігі.

Қорытынды

Сонымен қазақ әйелдері арасындағы қоғамдық – саяси жұмыстар мен олардың барысы сол кездегі республикада орныққан саяси жүйенің мән-мазмұнынан туындады. Сол кезеңдегі қазақ әйелерінің арасында жүргізілген шаралар бүгінгі өмір үшін үлкен сабақ. Сондықтан да, қоғам дамуының белгілі бір кезеңінің тәжірибелерін зерттеу ісінде өткенді біліп-үйренудің маңызы зор. Бұл зерттеу жұмысы ҚР БҒМ қолауымен 2015-2017 жылдардағы т.ғ.д., профессор Ж.Б. Кундакбаеваның жүргізілген «модернизация ранней советской эпохи в судьбах женщин Казахстана, 1920-1930 годы» атты жобасынының жалғасы болып табылды. Бұл жұмыс әлі де зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Әдебиеттер

Алаш Орда. Сборник документов. - Алматы., 1992. - С. 49-50

Декреты Советской власти. - М.: Гос. изд. полит. литер., 1957. - С. -237.

ҚР ПА. - 139 –қ, - 1-т, - 486 а-іс. - 121-п.

Великий Октябрь и раскрепощение женщин Средней Азии и Казахстана (1917 – 1936 гг.): Сб. документов и материалов. – М., 1971. - С. 40-41.

Тасырова Г.К. Деятельность Компартии Казахстана по развитию женского образования в республике (1927-1940 гг.): Автореферат. дисс. ... к.и.н. - Алматы., 1984.

Киргизка и Советская власть. - Орынбор, 1924.

Островская Н. Для чего нужна кооперация крестьянке и работнице. - Орынбор.,1925; Есова С. Памятки вологанизатора по работе среди женщин. - Кызылорда. 1926.

ҚР ПА. - 141 – q., 1-т., 1-is, - 77-р.

Газеты Казахской ССР (1917-1975 гг.). - Алматы, 1977; Периодические и продолжающиеся издания Казахской ССР (1917 – 1975 гг.). - Алматы, 1979.

Меңдешев. С. Ко дню освобождения Киргизской женщины от калыма // Советская Киргизия. 1925. - № 1. - 12-13-бб.

Ленин В.И. Шығармалар жинағы. – 12 т. - Алматы: Мектеп, 1976. – 476 б.

References

Alash Orda. Collection of documents. - Almaty 1992. - P. 49-50.

Decrees of Soviet power. - M .: State. ed. watered letters, 1957. - 237 p.

QR PA. - 139 –к, 1-t, 486 a-ic, 121-п

Great October and the emancipation of women in Central Asia and Kazakhstan

(1917 – 1936 yers.): Sat. documents and materials. - M., 1971. 40-41-p.

Tasyrova G.K. The activities of the Communist Party of Kazakhstan on the development of women's Education in the Republic (1927-1940), the author's abstract; Diss. ... Candidate of Historical Sciences. - Almaty, 1984

Kyrgyz and Soviet power. - Orynbor, 1924; Ostrovskaya N. For what need cooperation peasant woman and a worker. Orynbor. 1925; Esova S. Memo vologoganizatora work among women. - Kyzylorda, 1926.

QR PA. 141 - q., 1-t., 1-is, 77-p.

Newspapers of the Kazakh SSR (1917-1975). Almaty, 1977; Periodic and continuing publications of the Kazakh SSR (1917 - 1975). - Almaty, 1979.

Mendeshev. S. To the day of the liberation of the Kirghiz woman from Kalym // Soviet Kirnisiya. - 1925. - No. 1. - 12 - 13 p.

Lenin V.I. collection of documents. - 12 - T. - Almaty: Mektep, 1976. - 476 p.

ҚЫТАЙ «СҮЙЕК ЖАЗУЫНЫҢ» ТАБЫЛУЫ МЕН ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМҒА ЕНУІ

Қалиолла А.[1], Шарыпқазы Н.[1]

[1]әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы. Алматы қ., Қазақстан.

Аңдатпа. Мақалада Қытай иероглифінің ең ертедегі үлгілерінің бірі болған сауыт-сүйек жазуының (жя-гу-уын) табылуы, зерттелу барысы, зерттеу жетістіктері баяндалған. Сонымен бірге, жазу мәдениетінің кез-келген мемлекет пен ұлттың өмір сүруі мен дамуындағы рөлін тарихи фактілермен ашуды қарастырған. Қытайдың өте көне өркениеті саналатын Шаң патышалығының қоғамдық құрылысы мен мемілекеттік жүйесіне сауыт сүйек жазулары арқылы зерттеу жүргізіліп, көптеген құнды мәліметтерге қол жеткізген. Сондай-ақ шарап ішу Шаң патышалығы дәуірінедгі жалпылама халықтық сипат алған ерекше мәдениет түрі болғанын, ақыры соңында шарап ішу мәдениеті Шаң патшалығының құлап қирандылар астындағы таихи ескерткішке айналуының басты себебі болғаны баяндалады.
Түйін сөздер: Жоу патшалығы, жазу тарихы, Қытай өркениеті, Қытай иероглифі, Шаң патшалығы, сүйек жазуы, Қытай

ОТКРЫТИЕ КИТАЙСКИХ «ПИСЕМ НА КОСТЯХ» И ИХ ВВЕДЕНИЕ В НАУЧНЫЙ ОБОРОТ

Қалиолла А.[1], Шарыпқазы Н.[1]

[1]преподаватель Казахского Национального Университета имени Аль-Фараби. г. Алматы, Казахстан.

Аннотация. В статье поясняется открытие и исследование одного из самых древнейших видов Китайской письменности - панцирно-костной надписи (цзягувэнь). Вместе с тем, опираясь на исторические факты, статья посвящена определению роли письменной культуры в жизни и развитии любого государства и нации. Были выявлены многие ценные материалы об общественном строительстве и государственной системе одной из древнейших цивилизаций Китая- о царстве Шань, с помощью панцирьно- костных надписей. Также сообщается, что питье вина было уникальным видом культуры, получившим всеобъемлющий народный характер в эпоху Шань, в конце концов, культура виноделия стала главной причиной того, чтобы стать историческим памятником под разрушением Шаньского царства.
Ключевые слова: Китай, костная надпись, Шаньское царство, китайский иероглиф, китайская цивилизация, история написания. Странавина. Патология Джоу.

DISCOVERY OF THE CHINESE “LETTERS ON THE BONES” AND THEIR INTRODUCTION INTO SCIENTIFIC CIRCULATION

Kaliolla A.[1], Sharypkazy N.[1]

[1]Lecturer of the Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan.

Abstract. The article explains the discovery and research of one of The oldest types of Chinese writing - the shell and bone inscription (JiaGu Wen). At the same time, based on historical facts, the article is

dedicated to the definition of the role of written culture in the life and development of any state and nation. Many valuable materials about the social construction and the state system of one of the oldest civilizations in China - the Kingdom of Shan, with the help of shell - bone inscriptions were revealed. It is also reported that drinking wine was a unique kind of culture that received a comprehensive national character in the Shan era, in the end, the culture of winemaking became the main reason to become a historical monument under the destruction of the Shan Kingdom.
Keywords: China, bone inscription, Shan Kingdom, Chinese character, Chinese civilization, history of writing. Wine country. Zhou Pathology.

Қытай жазуы (жаңа қытайша: 汉字; дәстүрлі қытайша: **漢字**; пинйін: Hànzì) — тарихи деректер бойынша, қытай жазуының алғашқы таңбалары б.з.б. 14 ғ. Шаң патшалығы заманында пайда болған.

Қытай жазуы - әлемдегі тарихы аса ұзақ жазулардың бірі. Ол қытай қоғамының дамуынан бастап, қытай тілінің өркендеуінде көрнекті рөл атқарып келгені тарихтан белгілі. Қытай халқы өзінің ұзақ тарихы барысында рухани құндылықтардың аса мол түрлерін өмірге әкелгені ақиқат. Олар осы бай құндылықтарды өз жазуларының көмегімен бүгінге жеткізіп отыр. Демек қытай жазуы бүгінде қытай халқының ғана емес әлем халықтарының да баға жетпес қазынасына айналып отыр. Қытай жазуын бұрын соңды тек қытайлар ғана емес, маңайындағы туыстар мен көршілер Корея, Вьетнам, Жапония секілді елдер де қолданылған. Бұл тұрғыдан келгенде қытай жазуы ел мен елдің арасындағы мәдени алмастыруды тереңдетті. Қытай жазуы иероглифтік жазудың бүгінгі күндегі ең дамығаны болып есептелінеді. Бір иероглиф белгілі мағынаны білдіріп, бір фонетикалық заңдылықтар бойынша бір фонема болып есептеледі. Сондай ақ қытай иероглифтері жеке дыбысты немесе фонеманы білдіре алмайтындықтан тілдегі бүкіл сөздік қорға жеке-жеке таңба жасап шығуға тура келгені мәлім. Осылайша қытай тілі сөздерінің мағынасы бейнелейтін таңбалар неше мыңдаған түрден асып жығылады. Мысалы, қазіргі кей бір сөздіктерде 50 мыңнан астам иероглиф қамтылып отырғаны айтпасақ та түсінікті(Niè Guìlán., 2007,50).

Қытай көп ұлтты мемлекет hanzu ұлтынан басқа 55 аз санды ұлттар бар. Әр бір ұлттың яғни көпшілігінің өз тілдері бар. Тұрғындардың басым көпшілігі қытай тілін қолданғандықтан қытай тілі мемлекеттегі, әр бір ұлттың арасындағы қарым-қатынас тіліне айналды.

Материалдар мен әдістер.

Дерек ретінде Шаң патшалығы дәуірі атты мемлекеттің болғанын жазып қалдырған Қытайдың көне тарихи жәдігерлері,сондай-ақ Шаң династиясының 500 жылдық тарихы туралы бұрын «Тарихи жазбалар» атты кітаптың «Ин шежіресі» деп аталатын тарауы басты дерек көзі ретінде пайдаланылды.Чиң патшалығының соңғы дәуірінде жасаған император академиясының көне жазбаларды зерттеуші ғалымы «Сауыт-сүйек жазуының атасы» Уаң Ироңның зерттеу еңбнетері мен оның досы Лю Э«Те юн саң гүй» атты сүбелі еңбегі сауыт-сүйек жазбаларын ашуда негізгі жәрдемші құрал болса,Еуропа мен Американың миссионерлердің жинап өткізген АҚШ-дағы Принстон университетінегі, Питтсбург қаласының Карнеги мұражайынағы, Лондондағы Ұлы Британ мұражайынағы сауыт-сүйек жазбалары мен олар туралы деректер, Қытай орталық ғылыми зерттеу академиясының тіл білімі институты тарапынан келген сүйек жазбаларын зерттеуші ғалым Доң Зобиң бастаған экспедициялық топтың Хынан өлкесі Аняң қаласындағы жүргізген археологиялық зерттеу жұмыстары мен нәтиждесі негізгі дерек ретінде қолданылды.

Әдістері: археологиялық зерттеу, тарихи жүйелілік, тарихи - салыстырмалы, жазба деректерді зерттеу, эмприкалық әдіс (әңгіме, сұхбат), статистикалық деректерді талдау, тарихи құжаттарды саралау сияқты тарихи зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданылды.

Талқылау нәтижесі

Қытай жазуы - адамдардың заттар мен құбылыстарға ұқсата еліктеуі нәтижесінде, дүниелік құбылыстарды сызбамен бейнелеп, түсіну мақсатына жетті. Олар алғашқы жазуды сүйектерге ойып жазды, сондықтан зерттеушілер осы әдепкі жазуларды сауыт-сүйек жазуы деп атады. Қытайдың негізгі ресми тілі – қытай тілі. Қатай тілі Қытай – Тибет тобына жатады. Қытай тілінің басты ерекшеліктері: 1. Қытай тілінде 4 үн бар, мағына үн (тон) арқылы анықталады; 2. әр бір иероглиф бір буын болып есептеледі. 3. жалаң буынды сөздер жиі кездеседі, күрделі сөздер көп түбірден құралады, бірақ морфологиялық түрлену болмайды. 4. Сөздердің орын тәртібі мен шылаулар қолданысы негізіне грамматикалық мағына айқындалады. Қытай тілінің диалектілері мұнан 2500 жыл бұрын байқалса, қазір ұсақ диалектілер көп болғанымен, негізінен, үлкен жеті топқа бөлінеді. Олар, Солтүстік, У, Шияң, Гань, Кыжия, Юэ және Минь. Қытайдың әдеби тілі Солтүстік диалектика негізінде қалыптасқан (Wáng Guówéi.,170).

Нәтижесі

Қытайдың көне тарихи жәдігерлері Шаң патшалығы дәуірі атты мемлекеттің болғанын жазып қалдырған. Айтулы дәуірдің аты тарихи деректерден кездескені болмаса, оның нақты тарихы соншалықты анық емес, көмескі тіпті күмәнді тұстары жеткілікті болатын. Сол себепті ғалымдардың көңіліне күдік ұялап келді, тіпті мұндай дәуір мүлде болмаған деген пікір орын алды. Тек таяу заманға жеткенде «сүйек-сауыт жазуы» және археологиялық олжалардың көптеп табылуы Қытай тарихында осындай патшалықтың шынымен болғанын, сонымен бірге онда аса жоғары өрелі өркениет болғанын толық қанды дәлелдеп берді. Сөйтіп, ол әлемдегі санаулы көне өркениеттер қатарынан орын алды. Айтулы өркениеттің табыстары әлем өркениеті тарихының айшықты парақтарын толықтырып ғана қоймай, Қытай мәдениетінің дамуына ерекше әсер еткен. Міне бұл тарихи тамыры б.з.д. XVI ғасырдан бастау алатын Шаң патшалығы еді (б.з.д. 1571 – б.з.д. 1046 жж.).

Негізгі бөлім

Сауыт-сүйек жазуы аса бір кездейсоқ жағдайда табылған олжа болды. 1899 жылы Чиң патшалығының соңғы дәуірінде жасаған император академиясының көне жазбаларды зерттеуші ғалымы Уаң Ироңдизентарияға шалдығып дәрігерге көрінеді. Дәрігердің берген рецепіндегі «айдahар сүйегі» деген дәрі оның назарына ерекше ілігеді. Ол дәуірде «айдahар сүйегі» деп аталатыын бұл дәрі өте арзан дәрі түріне жататын, көне дәуірден қалған тасбақа сауыттары мен малдың жаурын сүйектерінің бұлайша дәрі-дәрмектер қатарында дәріханадан орын алғанын ешкім де елеп-ескермейтін. Уаң Ироң рецептегі дәрілерді дәріханадан сатып алып үйіне келгеннен кейін ондағы «айдahар сүйегі» деп аталатын дәрінің сыртына беймәлім көне жазу жазылғанынбайқап, бұл тосын жағдай оның қызығушылығын оятады. Ол дәріханаға барып жазуы бар сүйектердің барлығын сатып алады. Көп өтпей ол 1500 тал сүйек жинайды. Уаң Ироң зерттей келе «айдahар сүйектерінің» бетіне жазылған жазудың Шаң дәуіріндегі жазу екенін алғашқы қадамда анықтайды (Niè Guìlán., 2007,54). Шаң династиясы дәуіріндегі «сауыт-сүек» мәдениетінің табылуы мен зерттелу тарихы осылай басталады. Міне осы уақиғаға байланысты Уаң Ироң кейін келе «Сауыт-сүйек жазуының атасы» аталып кетеді. «Сауыт-сүйек жазуының» табылуына байланысты Шаң мәдениеті атты жоғалған көне мәдениет өзінің нағыз келбетін қайта көрсете бастады.

Бұған дейін Шаң династиясының 500 жылдық тарихы туралы бұрын «Тарихи жазбалар» атты кітаптың «Ин шежіресі» деп аталатын тарауы басты дерек көзі ретінде пайдаланатын(Sīmǎ Qiān). «Ин шежіресі» атты бұл дәптердің жалпы көлемі 2800 иероглиф шамасында ғана болатын. Сондықтан,тарих ғылымы саласының өзінде оған дүдамал көзқараспен қарайтын болған. Кейбір

адамдар ол кітапті тек ғана Шаң дәуірінің соңғы мезгіліндегі тарихы ретінде қарастыратын. Сондықтан, бұл өзі өте бір қызық тақырып болатын. Тарих дегеніміз ойдан ойлап шығаратын нәрсе емес, ол нақтылы құжаттарды негіз етеді. «Сауыт-сүйек жазбалары» табылғаннан кейін ғалымдар Шаң дәуірі сірә қандай қоғам болғанына зерттеу жасай бастады (Wáng Guówéi.,178).

Сүйек жазуының табылуы қытай мәдениет тарихындағы аса үлкен олжаболды, бірақ, барлық іс бірден сәтті болған жоқ. 1900 жылы «Сегіз мемлекеттің бірлескен армиясы» Бейжіңді басып алды, бұл қорлыққа шыдай алмаған Уаң Ироң өзіне қол жұмсап, өз жанын отанының құрбаны етіп шалды. Сөйтіп, оның сауыт-сүйек жазуына қатысты зерттеулері тоқтап қалды. Мың жылдықтар қойнауында қалған таңғажайып патшалық қайтадан сырбаздық таныта бастады. Бақытқа жарай Уаң Ироңның жан досы Лю Эдеген адам да сауыт-сүйек жазбаларының маңызын жете танитын еді. Сол кісі Уаң Ироңнан қалғансауыт-сүйек жазбаларынөз қамқорлығына алады әріжазбаларды жалғасты жинастырады. Ол үш жылдан кейін «Те юн саң гүй» атты еңбегін баспадан шығарады (Liú È., 1903,266).

Лю Э еңбегінде 1058 тасбақа сауыты мен малдың жаурын сүйегінежазылған жазу туралы арнаулы мәлімет берген, сөйтіп, ол сүйек жазбалары туралы алғашқы еңбек болды. Шығарманың жарық көруі сүйек жазбалары мен Шаң патшалығы өркениетін зерттеуге түрткі болып, әлем ғалымдарының қызығушылығын тудырып, сүйек жазбаларын жинаудышетелдік ғалымдар да қолға ала бастайды. Алғашқылардың қатарында Еуропа мен Америкалық миссионерлер ат салысты. Олар өздері жинаған сауыт-сүйек жазбаларын АҚШ-дағы Принстон университетіне, Питтсбург қаласының Карнеги мұражайына, Лондондағы Ұлы Британ мұражайына сатып отырды. Артынша Жапония, АҚШ, Ұлы Британиялықтар арасында сүйек жазбаларды жинау мен зерттеу науқаны басталады. Айтулы науқан кезінде жазу жазылған «айдаһар сүйектері» базарлардағы ең керемет затқа айналып, бағасы аспандап тұрды. Саудагерлер қауымы өз пайдалары үшін сауыт-сүйек жазбаларынң алатын «кеніштi» барынша құпия сақтап отырды. Нәтижеде көпшілік адамдар сүйек жазбаларынқайданалатынын біле алмады.

1908 жылы әйгілі сауыт-сүйек жазбаларын зерттеуші Ло Жынюй зерттеу жүргізу арқылы «айдаһар сүйегінің» кенішінің орны – Ин күйрендісінде екенін тұрақтандырған. Бұл жер Шаң патшалығының ең соңғы астанасы болған. Орны қазіргі Хынан өлкесі Аняң қаласынан батыс солтүстікке қарай бес шақырым жердегі Шяудунсун қыстағында болатын. Сол кездегі базарларда сатылатын «айдаһар сүйектерінің» барлығы дерлік осы ауылдан алынып отырған. Ин қирандысын анықтаудың өзі өте маңызды информация болды. Бастабында Ло Жынюй өз адамдарын жіберіп сатып алып отырады. Арада бірнеше жыл өткенде оның сауыт-сүйек жазбаларының саны неше он мыңға жетеді. Ло Жынюй бұл кезде Ин қирандсындағы сауыт-сүйек жазбалары таусылған болар деп жүрген-ді. Бірақ,ол өзі Аняңға келген кезде ауыл тұрғындарының бәрі жазуы бар сүйектерді сақтап отырғанын өз көзімен көреді әрі сүйек жазбалары «кеншіне» барады. Шаң дәуірі туралы нағыз археология міне сол күннен басталады (Luō Zhènyù., 2006,321).

1928 жылдың қазан айында Орталық ғылыми зерттеу академиясының тіл білімі институты тарапынан келген сүйек жазбаларын зерттеуші ғалым Доң Зобиңбастаған экспедициялық топ Хынан өлкесі Аняң қаласындағы шағын ауылға келіп, археологиялық зерттеу жұмысын қолға алады(Dǒng Zuòbīn., 1996,154).

Доң Зобиң археологиялық экспедицияға басшылық етіп бірінші реткі қазба жұмыстарын атқару кезінде 854 тал сүйек пен және басқа да көптеген заттарды табады.Бұл олжа бүкіл әлемдік тарих ғылымын дүр сілкіндірген уақиға болады. Осыдан кейін онда аса ауқымды археологиялық зерттеулер жасала бастайды. 1928-1937 жылдары аралығында Ин күйрендісінде 15 үлкен экспедициялық зерттеу жұмыстары атқарылған. Аталған зерттеулер нәтижесінде жалпы жиыны 24918 тал жазу жазылған сауыт-сүйек және қола, керамика, қас тасы, тас бұйымдар табылады әрі Шаң патшалығының соңғы дәуіріне жататын патша сарайы мен патшалық қабырстан табылды.

Аталған жұмысқа аса көп ғалымдар ат салысады, олардың қатарында Сун Июан, Ло Жыңюй, Уаң Гоуей, Е Юйсың, Уаң Шяң, Го Моро, Шаң Чыңзо, Роң Гың қатарлы беделді ғалымдар болады. Жоңгоның сауыт-сүйек жазбалары мен Шаң патшалығы өркениетін зерттеуші алғашқы ғалымдар зерттеуі нәтижесінде таң ғажайыптарға толы Шаң өркениеті адамдарға мәлім бола бастайды.

Ин күйрендісінің табылуы жазбалардың тасбақа сауыты мен сүйектерге ғана емес экспоненттердің барлығына, соның ішінде қола бұйымдар, керамикалар, құрлыс заттары сияқтыларға да жазылғанын көрсетіп берді. Бұл дүниелердің көбі көне молалардан табылды.

XIX ғасырдың соңында алғашқы сүйек жазбалары табылғаннан қазірге дейін жалпы саны 150 мың тал жазу жазылған сүйектер мен сауыттар табылды. Олардың қатарындағы әріптердің саны 4500 иероглиф, сол иероглифтердің қазірге дейін оқылғандары 1200 иероглиф. Одан басқа тағы бірнеше жүз иероглифті формасына қарап мәнісін түсінуге болады.

Белгілі болғанындай аталған сүйек жазубаларының барлығына ортақ ерекшелігі олардың мазмұны дерліктей «тәңірге» қатысты діни наным-сенімдерден туған діни ғұрыптармен қатысты болған. Себебі ол кезде мемлекеттің келелі істерінің барлығы бақсы бәлгерлікпен қатысты іске асатын болған. Шаң патшасы діни ғұрыптарды мемлекеттің ең келелі ісі ретінде қараған, сонымен бірге патшаның өзі елдегі нөмірі бірінші «бақсы» немесе «абыз» болған. Шаң дәуірі тұтастай алғанда діни дүниелер үстемдік еткен қоғам болған әрі онда барлық іске бақсылық бәлгерлік жолмен болжам жасалып отырған.

Сауыт-сүйек жазбалары дегеніміздәл осы мақсатта тасбақа сауыттары мен мал жаурындарына жазылған жазбалар болды. Онда Шаң бақсы-бәлгерлері мен абыздары немесе патшаның өзі болжаған түрлі балгерлік болжамдардың мазмұндары жазылған. Соған байланысты жазбалар «сауыт-сүйек жазуба болжамдары» деп те аталады. Мұндай бақсылық болжамдар жасауға негізінен сиырдың жаурын сүйегі мен тасбақа сауыттары пайдаланылған. Бәлгерлікті бастаудан бұрын бәлгер жаурын мен тасбақа сауыттарын мәнерлеп, онан кейін арнаулы саймандарды пайдалана отырып, оның бір жерінен тесік тесетін болған, бал ашқан кезде әлгі тесіктің тұсын отқа қақтап күйдірген. Осы тұста жаурынның немесе тасбақа сауытының екінші беті шытынап, алуан түрлі сызаттар түскен. Бақсы немесепатша әне сол сызықтарға қарай отырып алдағы жерде қандай бір жақсылық немесе жамандық болатынын болжаған. Осының барлығы аяқталғаннан кейін аталған бәлгерлік шараның уақытын, қандай іске қатысты бал ашылғанын, бәлгерліктің қорытынды жауабын, тағы басқа мазмұндарды жауырынның немесе сауыттың сыртқы бетіне жазып қойған (Chén Mèngjiā., 1988,146).

Ғалымдардың сүйек жазуларын оқу жолындағы ізденістері мен жетістіктері сауыт-сүйек жазуларындағы бал ашуға қатысты жазбалар мазмұны Шаң патшалығының қоғамы мен өркениет тарихын зерттеуге жол ашып отыр. Себебі, ол жазбаларының қатысты мазмұндары діни мазмұндарға толы боғанмен, бірақ оған ішкерілей зерттеу кезінде ондағы мазмұндар құдайға арнап ас беру, аң аулау, егін егу, астрономия, жорыққа аттану, патшалықтың саяси істері сияқты Шаң елі тарихының көптеген мазмұны жазылғанына куә болған. Бұдан тыс онда кісі есімдері, туыстық атаулар, жер аты, көрші елдердің атын білдіретін иероглифтер болған. Осы тұрғыдан айтқанда ол Шаң патшалығы энциклопедиясы спетті болған. Сүйек жазбаларының табылуы Шаң өркениетін анықтаумен бірге көне жазудың қайнар көзін ашып, көптеген ақтаңдақтардың орнын толтыра алды.

Жазу – өркениеттің бірден бір символы болып табылады. Жазудың жарыққа шығуы адамзатты надандықтан құтқарды. Шаң патшалығының бізге жеткен«сүйек жазуы»қазірге дейін белгілі болған ең байырғы жазудың бірі болып отыр. Сонымен бірге ол әлемлегі төрт байырғы жазудың ішінде тасбақа сауыты мен сүйекке жазылған бірден бір жазу жүйесі саналады. Сауыт-сүйек жазуы қазіргі қытай иероглифінің арғы тегі саналады. Ғалымдар қытай иероглифі қазірге дейінгі даму тарихын: сауыт-сүек жазуы, жинуын, жуануын, лишу, кайшу қатарлы даму

басқыштарын басып өткен деп қарайды. Соған қарамастан қытайдың төрт бұрышты иероглифтері өзінің бастапқы грамматикалық ерекшеліктерін күні бүгінге дейін толық сақтап келген жазу екені дәлелденуде.

Сауыт-сүйек жазуы табылғаннан қазірге дейін осы жазудың сырын ашу ғалымдар үшін басты міндетке айналып келеді. Аталған жазудың пайда болуы үлкен бір барысты бастан кешкені байқалады. Қазіргі кезде белгілі болған сауыт-сүйек жазуы Шаң патшалығының соңғы дәуірінің туындысы ретінде қаралады. Себебі аталған жазу жүйелі жазу ретінде айтылған сөздің мән-мағнасын толық жазып қалдыра алған. Міне бұл дамып белгілі бір жүйеге түскен жазудың қасиеті болып саналады.

Қорытынды

Қортындылай келгенде Қытай иероглифі пайда болғаннан күні бүгінге дейін дамып, жетіліп, кемелденіп келеді. Ол әлемдегі басқа да көне жазулардан болымысы бөлек, себебі, қытай иероглифі жүйесінің өз ерекшелігі бар, бұл ерекшелік оның тұрақтылығында еді. Сондықтан, Қытай жері қанша кең, халқы мол, диалекттері көп болса да, бірақ, бүкіл елдің бір ғана ортақ жазуы болды. Егер осынау ортақ жазу болмаған болса, онда қытайдың біртұтас ел болуы да, біртұтас ұлт болып ұюы да қиынға соғар еді.

Жалпы Шаң патшалығы өркениетінің елеулі мазмұндарының бірі арақ мәдениеті болған. Қытай елі арақ-шарап отандарының бірі. Ең алғашында арақ діни ғұрыптық шараларда пайдаланылды. Нақтап айтар болсақ тәңірге арақ беріп қошамет көрсету арақтың сол кездегі ең бір маңызды міндеті саналған. Ғұрыптық шараны басқарушы бақсы (әулие) араққа қызып алып аруақтармен, жындармен, тіпті тәңірментікелей байланысқа шыққан. Кейін келе тек ғана ғұрыптық салттарда ғана емес, түрлі құттықтау шараларының барлығы да арақсыз өтпейтін деңгейге жеткен. Шаң елінде арақ ішу етек алып арақпен қатысты мәдениеттер өркен жая бастайды. Сөйтіп, оның бір мазмұны «Сүйек жазбаларымен» тығыз байланысып жатты. Соңғы кезде Ин қирандысымен және басқада жерлерден табылған Шаң дәуіріне қатысты археологиялық олжалардақатарында арақ ішуге арналған ыдыстар көптен кездескен.

Бірақ, арақ деген сусын екі жүзді алмас семсер сияқты, ол адамзаттың ең жақсы сусыны бола тұра,оны артық тұтыну орны толмас қайғы әкеледі. Өкінішке орай Шаң ләуірінде маскүнемдік кең етек жайып, ақыры ол бүкіл патшалықтың шаңырағыншайқалтады. Кейін келе маскүнемдер басқарған мемлекетте қоғамдық қайшылықтары асқынып, ұлықтары жемқорлыққа бой ұрып, халық рухани жақтан азып-тозып кетеді. Ғалымдар қатысты деректерге негізделіпШаң патшалығының түбіне маскүнемдік жеткен деп санайды. Б.з.д. 1046 жылы Жоу мемлекетінің қосыны Шаң патшалығының астанасына басып кірген күні Шаң патшалығының ең соңғы патшасы Шаң Уаңжоу көк тәңір мен жұлдыздарға сиынатын храмғабарыпарақтың желігімен өртеніп өлді. Сол күні Шаң патшалығы да ресми түрде құлады.

Жоу патшалығы билік басына шыққаннан кейін қарғыс атқан Шаң патшалығын жер бетінен мүлде жою мақсатында олардың астанасы Ин қаласын жермен жексем етіп қиратын, орнына егін егіп тастайды.Нәтижеде қаншама мол бәлгерлік жазбалар жазылған сауыт-сүйек жазбалары қаланың бір бұрышында қиранды астында қала береді. Арада 3000 жыл өткен кезде қиранды астында неше мың жыл бойы жатқанкөне өркениеттосын жағдайда адамзатпен қайта қауышады.

Әдебиеттер

Chen Mengjia:Yinxu buci zongshu [In the Yin dynasty].Beijing: Zhonghua shuju, 1988(陈梦家: «殷墟卜辞综述». 北京: 中华书局, 1988).

DongZuobin: Buci zhong suo jian zhi yin li [Lunar calendar seen in the inscription]. LiuMengxi zhubian: Zhongguo xiandai xueshu jingdian(Zhongguo xiandai xueshu jingdian). Dongzuobin juan(Action bin volume). Shijiazhuang: Hebei jiaoyu chuban she, 1996(董作宾: «卜辞中所见之殷历».刘梦溪主编:«中国现代学术经典». «董作宾卷». 石家庄:河北教育出版社, 1996).

Liu E: Tieyun cang gui(Ironcloudturtle) Liu E ji, 1903 Nian(«铁云藏龟»刘鹗辑，1903年（清光绪二十九年).

Luo Zhenyu: Yinxu shu qi kaoshi sān zhong(

Three kinds of interpretations of the Yinxu book). Beijing: Zhonghua shuju,2006 (罗振玉: «殷墟书契考释三种».北京:中华书局,2006).

Nie Guilan: Di yi ge faxian bing yanjiu jiaguwen de ren(The first person to discover and study Oracle) — Wang Yirong. Lan tai shijie(Lantai World),2007(聂桂兰: «第一个发现并研究甲骨文的人—王懿荣. «兰台世界», 2007).

Sima Qian:Shiji(century) yin benji(Yin Benji)(司马迁：«史记» «殷本纪»).

Wang Guowei: Yin zhou zhidu lun (Yin Zhou System Theory)王国维: «殷周制度论».

«Те юн саң гүй» кітабы



Қытай өзгеру тарихы



304.5

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДІНДАРЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНЕ ШОЛУ

Қасабекова Е.Қ.

Аңдатпа. ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының дінтану бөлімінің I курс докторанты. Алматы, Қазақстан.
Мақалада қазақ халқының діндарлық дәстүрлері оның қалыптасуы, тарихы, қазақ халқының ұстанған діндері, діни наным-сенімдері және дінге қатысты ұстанған көзқарастары және олардың ерекшеліктері жайында бірер сөз қозғалады.Діндарлық және дін қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр, осыған орай діндарлық дәстүрлері аталмыш мақаламыздың арқауы болып отырған жайы бар. Бұл мақалада қазақ халқының ұстанған діндері мен наным-сенімдеріне жалпы қысқаша шолу жасалып, қазіргі таңдағы жиі қолданылып жүрген дәстүрлі ислам жайында түсініктеме беріледі.Жалпы қазақ халқының дінге деген көзқарасы, наным-сенімі осы мақала барысында көрініс табады. Сонымен бірге бірқатар тың әрі қызықты мәліметтер қарастырылып дәстүрлі ислам ұғымына кеңірек тоқталып, оның мағынасы ашыла түседі.Мақалада қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы діни ахуалға сипаттама, сондай-ақ статистикалық мәліметтер беріледі.Отандық дінтанушы-философ, зерттеуші-ғалымдардың жұмыстарында, мақалаларында ғылыми зерттеулерінде осы тұрғыдағы мақалалар қаралды. ҚР-ның білім беру саласындағы үздік ұстаздар, дінтанушы-философғалымдар Н.Ж. Байтенова, С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, Д.Т. Кенжетай, Қ.М. Борбасова және т.б. зерттеушілер осы тақырыпқа қалам тартты. Аталмыш мақалада қазіргі жағдайдағы кезеңдегі діннің рөлі мен маңыздылығы жайында айтылады.
Түйін сөздер: толеранттылық, зайырлылық, дәстүрлі ислам, ислам, зороастрлық, шамандық, тәңіршілдік, Қазақ халқы

ОБЗОР РЕЛИГИОЗНЫХ ТРАДИЦИЙ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Касабекова Е.К.

докторант I курса кафедры религиоведения Института философии, политологии и религиоведения, г. Алматы Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются религиозные традиции казахского народа, его становление, история, верования, взгляд и отношениек религии казахов и его особенности.Таккакрелигияирелигиозностьявляютсяоднимиизактуальныхвопросовна сегодняшний день. Эта статья дает краткий обзор традиций и верований казахского народа. Кроме того, в работедается объяснение широкоупотребляемой фразы «традиционной ислам». В целомв этой статье, отражен взгляд и отношение казахского народа к религии и религиозным традициям.Кроме того в этой статье описывается религиозная ситуация в Казахстане на современном этапе и приводятся статистические данные. Также рассматриваются работы ученых отечественных религиоведов-философовв области образования. В частности, Н.Ж.Байтенова, С. Е.Нурмуратов, Б.М.Сатершинов, Д.Т.Кенжетай, К.М. Борбасова и другие проводили различные исследования на эту тему.
Ключевые слова: Казахстан, тенгрианство, шаманизм, зороастризм, ислам, традиционный ислам, толерантность.

OVERVIEW OF THE RELIGIOUS TRADITIONS OFTHE KAZAKH PEOPLE

Kassabekova E.

1st year Doctoral Student oft he Department of Religious Studies
Of the Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article deals with the religious traditions of the Kazakh people, its formation, history, beliefs, view and attitude to the religion of the Kazakhs and its features.Since religion and religiosity are one of the topical issues today. This article provides a brief overview of the traditions and beliefs of the Kazakh people and provides an explanation for the widely used phrase "traditional Islam".In general, this article reflects the view and attitude of the Kazakh people to religion and religious traditions. In addition, this article describes the religious situation in Kazakhstan at the present stage, as well as statistical data.As well as discusses the work of scientists religious philosophers, the best teachers in the field of education N.Zh.Baitenova, S.Y.Nurmuratov, B.M.Satershinov, D.T. Kengetai, K.M. Borbasova and other scientists.
Keywords: Kazakhstan, Tengrianism, Shamanism, Zoroastrianism, Islam, traditional Islam, tolerance.

Кіріспе

Дін-дарлықтың негізгі нышаны – діни наным, діни идеяны, діни ұғым, түсінік, әңгіме-аңыздар білу, қабылдау және мойындау. Діни мінез-құлық дегеніміз діни талаптарға сай әрекеттер. Діндарлықтың бір жағы – Құдайға жеке құл¬шылық ету, табыну болса, екіншісі, құлшылықтан басқа да амал-әрекеттер: діни бірлестіктер мен мемлекет қарым-қатынасы, ғылыми ізденістер, конференциялар, конфессияаралық немесе дінаралық диалог, миссионерлік қызмет, діни оқу орындарының қызметі, діни кітаптар шығару, тағы басқа да қызметтер, шаруалар болып табылады.

Қазақ халқының тарихы, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен қатар, дін, діни ахуалы, діндарлық дәстүрлері де жан-жақты зерттеуді қажет ететін, соның ішінде тарихи кезеңдерге сәйкес ұстанған діндері, наным-сенімдері, дінге деген көзқарастарына сипаттама беру қазақстандық дінтану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Олай дейтін себебіміз Қазақстан Республикасы көпұлтты, әр алуан мәдениеттерді топтастырған зайырлы мемлекет болып саналады. Осы тұрғыда дінге, сенімге қатысты қарама қайшылықтар да аз емес. Әрине статистикалық мәліметтер, интернет ресурсындағы ақпараттар өте көп, десе де нақты мәліметтер табу қиынның қиыны деуге болады, дегенмен де отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, діндарлық дәстүрлердің қайдан бастау алғанын ара-жігін ажыратып, жас ұрпаққа, жеткіншектерге ғылыми-танымдық бағыттағы материал болса деген мақсат көзделді.

Материалдар мен әдістер

Материалдар ретінде ҚР Дін істері агенттігі Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор Айдар Әбуовтың, ҚР-ның білім беру саласындағы үздік ұстаздар, дінтанушы-философ ғалымдар Н.Ж. Байтенова, С.Е.Нұрмұратов, Г.С.Соловьева, Б.М.Сатершинов, Д.Т.Кенжетай, Қ.М. Борбасова және т.б. зерттеушілердің, интернет дерек көздерінің жұмыстары қарастырылып, пайдаланылды. Сондай-ақ, мақала авторының жеке көзқарастары мен діндарлық дәстүрлері жайлы түйген ойлары беріледі.

Әдістері: Ұлт және этносты тарихи-мәдени салыстыру, хронологиялық және бақылау әдісі, салыстырмалы-тарихи, статистикалық деректерді талдау секілді тарихи-мәденит бағыттағы

зерттеу әдістері қолданылды.

Талқылау

Қазақ халқының діндарлық дәстүрлеріне халықтың өзіндік діни дүниетанымы, ойлау үрдісі, киелілік, әулиелік, тақуалық, діни көзқарасы, діни даналығы, діни толеранттығы немесе төзімділігі, діни сенім-нанымдары, сабырлылық, қанағатшылдық секілді ұғымдардың жиынтығы мен олардың өзара байланысын жатқызуға болады. Қазақ даласында еш жерде жазылмаған, еш жерде таңбаланбаған заңдылықтар, дәстүрлер бар және бұл заңдылықтар ұрпақтан ұрпаққа отбасы тәрбиесі, салт-дәстүрлер, мәдениет арқылылып келеді. Мұндай заңдылықтарға үлкенге құрмет, кішіге ізет, балаға тәрбие беру, ата-анаға құрмет, оларды қартайған шақтарында бағу, бауырмашылдық, отан сүйгіштік, әруақтарға құрмет, аспан, жер, от, су яғни 4 стихияға ерекше көзқарас секілді заңдылықтар мен құбылыстар жатады. Мұндай ерекшеліктер қазақ халқының ұлттық болмысын тануға, оны аша түсуге, діндарлық дәстүрлерінің пайда болуы мен үдерісін зерттеуге өзіндік үлесін қосады.

Нәтижесі

Жоғарыда аталған нәрселерден басқа да, қазақ халқының діндарлық дәстүрлерінің қыр сырын аша түсуге қазақ фольклорының маңызы өте зор деп айтуға болады. Олай дейтін себебіміз діни әдебиеттер, жыр-дастандардағы батырлардың ерлігі, махаббат оқиғалары мен оның сюжеттері, олардың мән-мағынасы салт-дәстүрді терең түсінетін саналы ұрпақ тәрбиелеудегі көмекші құралдар болып саналады. Ал қазақ мақал-мәтелдерін келер болсақ, олардың тәрбиелік мәні орасан, және оларды халық болмысын, санасын, дәстүрін мақал-мәтелдер арқылы таныту, аша түсу, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, дұрыс жолға бағыттауғы орны өте зор.

Қазақ халқының халық болып қалыптасуына дейінгі кезеңдерде қазақ даласында әртүрлі діндер мен наным-сенімдер болғанын және олардың әрқайсысының қазіргі исламдық дәстүрдің қалыптасуына өзіндік орны болғанын ғалымдар бірнеше ғасырлар бойына айтып, дәлелдеп келеді. Осы мақалада қазақ халқының діндарлық дәстүрлерінің қалыбын қалыптастыруға айрықша рөл атқарған тәңіршілдік, шаманизм, зороастризмге және исламға қысқаша тоқталдық. Оларға жеке-жеке тоқталып, қысқаша мәліметтер берілді.

Қазіргі таңда Қазақстанда 110-нан аса ұлт өкілдері, 18 конфессия мен 3400 аса діни бірлестіктер өмір сүруде, бұл мемлекетіміздің, Елбасымыздың барлық ұлт өкілдері мен діндерге деген зайырлы көзқарасы мен толерантты саясатының айқын үлгісі болып отыр. Дінді реттеп отыратын мемлекет болса, бұл көрсеткіш біздің мемлекетеміздің дұрыс әрі көреген де толерантты саясатының арқасында көпұлтты Қазақстан Республикасының бейбіт өмір кешіп, өзара тату-тәтті, ынтымақ, бірлікте өмір сүріп отырғанын дәлелдейді. Бұл өте үлкен жетістік әрі мақтаныш, сондай-ақ заманауи дін үлгілері мен ежелгі дін үлгілерінің арасындағы өзара байланыс діни сабақтастықты ұрпақтан ұрпаққа салауатты түрде жеткізіп отырғанын көрсетеді.

Тәуелсіздігіміздің таңы атып, еліміз өз алдына іргелі мемлекет болуы атеизмнен құтылып, діндердің дамуына да өз үлесін қосты. Жыл өткен сайын дінге сенушілердің саныда да артып келе жатқандығы байқалады. Еліміздегі дінге сенушілердің көбеюуіне сырттан келген миссионерлерде өз үлестерін қосып жатқандығы анық. Соңғы шыққан статистикалық мәліметтерге сенетін болсақ, елімізде 17 конфессияны құрайтын 3088 діни бірлестік пен олардың филиалдары заңды түрде тіркеліп өз жұмыстарын жасап жатыр.

Жалпы Қазақстан Республикасында діншілдерінің саны 98% деп есептелінеді (шамамен 70% – мұсылмандар, 23% – православтар, 5% – басқа да конфессиялардың өкілдері). Алайда, барлық конфессиялар діндарларының шынайы саны 40-50%-дан аспайды. Көбісі өздерін діндармыз деп көрсетеді. Сенушілердің саны айтарлықтай асыра көрсетіледі. Өкінішке орай

қанша адам дінді толық ұстанушы яғни толық діндар және қай конфессияға тиесілі екендіндігі туралы нақты мәліметтер жоқ. [1, 2 том].

Қазақ халқы сонау ежелгі заманнан осы уақыт аралығына дейін бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткерді және әрбір тарихи кезең өзіндік ерекшелік пен сипатқа ие. Сондай-ақ бұл кезеңдердің өзіндік тарихы мен сол замандағы халықтардың өмір сүру салты, өнері, мәдениеті, ұстанған дін үлгісі болғаны табиғи құбылыс екенін көрсетенді. Әлбетте қазақ халқының діндарлық дәстүрлерін бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес, сондықтан да қазақ даласындағы діндарлық дәстүрді қалыптастырудағы маңызды рөлі бар, өзіндік ерекше із қалдырған діндер немесе сенімдер жайында, соның ішінде тәңіршілдік, шаманизм, зороастризмге тоқталуды жөн көріп отырмыз. Көшпелі қазақ халқының халық болып қалыптасуына дейін, исламға дейін немесе мұсылмандыққа мойынсынғанға дейін бірнеше кезеңдерді басынан өткерді. Төменде қазақ жерінде өзіндік орны болған, әлі де элементтері сақталған, қазақ халқының діни дәстүрінің философиясын айқындауға негіз болған діндер мен діни сенімдер жайында толығырақ сөз қозғалады.

Қазақтардың тарихының арғы түркілік кезеңінде әртүрлі діни наным- сенімдердің орын алғанын жасырмауға тиістіміз, өйткені ол біздің нақты тарихымыз және болғаны дәлелденген дүниелер. Сонау Шамандық (бақсылық) пен Тәңіріге сенуге арқа сүйеген кезеңінен басқа Зороастризм, Будда, Христиан діндері қазақтың кең даласында өзінің кейбір көріністерін танытып отырған дәуірлер болғанын айта кету керек. Ал аруаққа сену, қасиетті жерлер мен аңдарды қадірлеу дәстүріміз үшін өзінше бір төбе.[2,38].

Кез келген халық пен мемлекеттің, тілдің жеке дара өмір сүре алмайтыны секілді, дін де жеке дара өмір сүре алмайды, олай дейтін себебіміз олар өзара тығыз байланыс пен сабақтастықта болады. Жалпы дін жайында сөз қозғасақ, «дін» сөзі араб тілінен аударғанда, мойынсыну, бағыну, бағыну, құлшылық, үкім, есеп, жаза, заң деген мағынаны береді. Яғни бұл дін сенім, мойынсыну арқылы құлшылық арқылы жүзеге асатын құбылыс екенін байқатады. Төменде сөз қозғалатын діндер мен діни сенімдерде мойынсыну мен құлшылылықтың әр түрлі үлгілерін көруге болады. Дін, тіл, діл қатар жүретін ұғымдар. Менталитеттің қазақ тіліндегі мағынасы-діл. [3,3].

Қазақ даласында орын алған діндер мен діни сенімдерге кеңірек тоқталар болсақ, қазақ халқына келіп жеткен ең алғашқы дінді қазіргі ғалымдар тәңіршілдік деп атап жүр. Тәңіршілдікдің ең жоғары тұлғасы құдай, тәңірі деп аталды. Тәңіршілдіктің қасиетті кітабы болмағаны жайында да айтылады. Әлемдік діндер – христиан, буддизм, ислам қабылданғанға дейін түріктер мен моңғолдардың көне айрықша діні ол осы Тәңірге табыну, сену болып табылады. Маньчжурия, Қытай жылнамаларынан, араб, иранның көне жазбаларынан, VI-X ғасырларда табылған көне түрік ескерткіштерінен біздің бабаларымыздың о бастағы діні Тәңіршілдік болғанын ғалымдар зерттеп білген.

Біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырларда Ұлы даланы мекен еткен біздің ата-бабаларымызда жербетіндегі өзге халықтар секілді сенім-наным болған. Сенім-нанымсыз өмір сүрудің өзі мүмкін емес. Төбеміздегі тұрған аспанның ар жағында әлемді басқарып, адамзатты жаратқан белгісіз күш иесі бар екендіген түйсік арқылы сезген бабаларымыз оны Тәңірі деп есептеген. Тәңірі, айналып келгенде, барлық халықтарға ортақ бір Құдай, яғни жаратушы ие екендігіне еш шек жоқ. Көзге көрініп тұрғаны төбемізде көк аспан болғандықтан, оны бабарТәңірінің рухы деп есептеген. Нәтижесінде, аспанға табыну пайда болады. Әзірше ғалымдар арасында Тәңіршілдіктің мәнін түсінуде толық бір жақты келісім орнай қойған жоқ. Олардың бір бөлігі бұл сенім ілімі онтология (біртұтас Құдайға сену), ғарыштық сенім (өзара байланыстағы ішкі әлемнің тұжырымдамасы), мифология және сайтандықты тану (бабалар аруақтары мен табиғат рухтарын ажырату) концепциясы формасын алған дегенді ұстанады. Ал енді бір бөлігі болса, Тәңіршілдікке

сыйынудың басты канондары белгіленген қасиетті кітабы болған дегенді алға тартады. Тәңіршілдікке табыну – көгілдір аспанды табыну объектісіне айналдыру. [4,12].

Әлемдік діндер–христиан, буддизм, ислам қабылданғанға дейін түрік Сол арқылы аспан қожайынының рухына табыну. Бабаларымыз үшін аспан бірнеше қабаттан тұрып, оның ең жоғарғысында Тәңірінің өзі, төменгі қабаттарында адамдарға жақсылық шашуға дайын тұратын періштелер мен әртүрлі аруақтар мекен етеді, олар атқа мініп жүреді деп есептелген. Сондықтан да құрбандыққа жылқы малы шалынады екен. Ал біздің көзімізге көрініп тұрған аспанның ең төменгі қабатында Ай мен Күн, жұлдыздар және кемпірқосақтар тұратындай көрінген. Тәңірі тұратын қабаттан кейінгі ортадағы әлемде табиғатты қоршаған рухтар тұрады. Олар – орман, тау, асулар мен қайнар көздердің қожайындары. Ал басқа аруақтар болса, олар басқа нысандардың және өлген адамдардың рухы. [5,27]. Тәңіршілдіктен кейін кеңірек тамыр жайған діндердің бірі шаманизм .

Шаманизм - Күн, Ай, жұлдыздар, күн күркіреуі, найзағай, өрт және басқалар сияқты табиғи құбылыстар құдайлар түрінде бейнелеген табиғи политеистік дін. Шаманизм – алғашқы діни сенімдердің ішіндегі ең күрделісі, шаманизм (бақсылық). Шаманизм мен Тәңіршілдікті шатастыратын, ұқсататын адамдар өте көп, және бір ескере кететін жайт, тәңіршілдік пен шаманизмді діни сенім ретінде қарастырған. Бұл діни сенім Сібір, Солтүстік Америка, Орта Азия, Қазақстан жерлерінде тараған. Бақсылар – жер бетіндегі “жандармен” сөйлесе алатын болғандықтан, қарапайым адамдар бақсыларға сенетін де, олардан қорқатын. Қазақ бақсылары өздерінің тәжірибесінде арнайы бақсылық өлең-сарынды пайдаланды. Қазақ бақсылары қобыз, қамшы пайдаланды.

Бақсылар өздерінің “жынын” қызыл шұбар айдаһар, “қара шұбар жолбарыс”, “азу тісі балғадай қара бура”, “бір мүйізі жер тіреген көк бұқа” т.б. қаралыдауыл бейнесінде алады. Бақсылықтың негізгі мазмұны - шын шайтанға сену, олармен “тілдесе” алатын қабілеті барлығына көпшілікті сендіру. Бақсылықтың өзіндік мифологиясы да бар. Әртүрлі аңыз-ертегілерде бақсылардың жалаңаяқ қызған темірді басқаны, оны тілмен жалағаны, өткір пышақтың үстімен жүргені т.б. аңыздары баондай-ақ әжелеріміздің әңгімелерінде «бақсы ойнады» деген сөзді естімеген адам кемде кем шығар. Шаман: Бұл сөздің шығу тегі жайында әртүрлі көзқарастар бар. Бір зерттеушілер бұл сөз тунгусша «шаман» сөзінен шыққан деп айтса, келесі бір зерттеуші ғалымдар мұның «рухтар қолдаған адам» мағынасына келетін санскритшедегі «срамана»-сөзінен немесе «есі ауысқан адам» деген ұғымды білдіретін Орал-Алтай тіл тобына жататын сөзден шыққанын алға тартады. Алғашқы қауым тайпаларында діни рәсім-жоралғылармен айналысатын пірәдарлар мен сиқыршы емшілерден басқа, ұзақ уақыт өзін есінен тандыруға қабілетті адамдарды «шаман» деп атаған. [6,8]. Алғашқы қауым адамдарынның түсінігі бойынша шаман мағынаға ие, рухтарды басқаруы мүмкін. Шаманның сиқырлы дабылы бар. Дабылдың бетінде көк пен жердің суреті салынған. Шаман сиқырлау арқылы рухтарды дабылдың ішіне кіруге зорлайды. Осы кезде есінен танғанша есіріп билейді. Ол есінен танғаннан кейін пейіш пен тозақты аралап жүр деп есептелінеді. Шаман сол аралықта аталарының рухтарынан кейбір мәліметтер алып отырады. Азиялықтардың арасында шаманның құрметін асыра түсетін жағдай – олардың адам үйрене алмас, жұмбақ мәліметтері. Бұл дәрежені бағындыру үшін шаман тәнін жаттықтырып, ішіп-жеуд іазайта түседі. Қазақ халқының аңызға әруаққа деген сенімі, құрметі қазақ халқының діни философиясының бір қыры болып табылады. Келесі қарастыратын діни наным-сенімнің ажырамас бөлігіне айналған зороастризмдік элементтер десек те болады.

Қазақ халқының атаулы ұстанған діні болмаса да, олардың өміріндегі өзіндік орын алатын дін - зороастризм діні біздің заманызға дейінгі YII-YI ғасырларда пайда болып, парсы патшалары қабылдаған дін болып саналады. Зороастрлар ежелгі Иран жерін мекен еткен, қасиетті кітабы

«Авеста» деп аталатын дін өкілдері. Авеста кітабы авеста тілінде жазылған. Зороастрлар қазіргі таңда Иран жерінің Фарс облысында, АҚШ-та, Индияның, Индияның бірқатар аймақтарын мекен етеді. [7,197].

Зороастрлардың ілімі бойынша от стихиясы қасиетті ұғым деп саналады. Кейбір кітаптарда зороастрларды «отқа табынушылар» деп береді, әйтсе де зороастрлар бұл пікірге қарсы шығады. Қазақ халқындағы отпен аластау, суды лайламау, күннен жылу тілеу ұқсастықтарға жатса, ал айға сәлем беру қазақ халқына тән ерекшелік болып саналады, сондай ақ осындай құбылыстарды, әрекеттерді ирандықтардың мәдениетінен де байқауға болады. Зороастрлар мен қазақ халқын жақындастыра түскен ортақ мерекенің бірі наурыз болып саналады. Иран жыл санауы бойынша фарвардин айының басында біздің айы санауымыз бойынша наурыз айының 21 нен 22–іне қараған түні жаңа жыл кіреді. Яғни наурыз ортақ мереке екенін белгілі болды. Авесталықтардың жазбаларында фарвардин айына он күн қалғанда «фравахар» - яғни зороастрлардың сенімі бойынша адамзат баласының бойындағы жақсы, игі істердің бастамашысы, өлген кісілердің «фравахарлары» қазақша аударғанда «әруақтары» жерге түсіп, жердегі тазалық пен жақсылықтардың, игі істерді бақылауға келеді. Қазіргі Ирандағы фарвардин айының аты осы «фравахар» деген сөзге тікелей байланысты. Жоғарыда айтылған тазалық пен игі істер демекші, өлген кісілердің фравахарлары 10 күн жерде болады. Осы орайда зороастрлар үй-жайларын ретке келтіріп, отбасындағы ананың рөлі артып, отбасы мүшелерінің тазалығы мен жаңа зат, киім-кешек алуға кіріседі. Әсіресе балалардың киімдерін түгендеп, бүтіндеп, үйлерін жинап, әдемі иісті балауыздарды жағып үйге жаңа рең мен тазалық орнатады. Бұл шараларды жасаудағы негізгі мақсат – фравахарлардың жердегі дүниенің тыныш, әдемі тіршілігін көріп, өз әлемдеріне қуанышпен оралуы деседі. Зороастрлықтар осы наурыз түнін «хамас-пат-майдиэм» деп, яғни «күн мен түннің теңесу» түні деп атады. [8,24]. Зороастризмнің элементтерін наурыз мерекесін тойлауда, отпен аластау, киелі ағаш, киелі сан секілді ұқсастықтардан байқауға болады. Бұл дегеніміз қазақ халқының мәдениетіндегі зороастрлық элементтердің бар екенін байқатады.

Қазақ халқының рухани өмірінде, мәдениетінде орасан зор орны бар ислам дініне де келіп жеттік. VII ғасырдан тарала бастаған Ислам, Х ғасырдың соңында қазақ жерінде құрылған мемлекеттердің ресми діні деңгейіне дейін көтеріле алды. Исламның Әбу Ханифа мәзһабының дін, қоғам мәселелелерін шешуде Құран, шариғат үкімдерімен қоса жергілікті халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін де есепке алу секілді ерекшелігі Орта Азияның көшпелі, жартылай көшпелі халқы, соның ішінде қазақ халқы үшін де жақын болды. Осы ерекшеліктің арқасында бүгінге дейін біз Исламның ханафи мәзһабын ұстанамыз және Ислам қазақ халқының дүниетанымы, дәстүрі, ғұрпымен үндесіп, сан ғасырлар бойы қазақ мәдениетімен тұтасып, ұлт тарихының ажырамас бөлігіне айналды. Ханафидегі еркін ойшылдық ұлы даладан әлемге «Екінші ұстаз» атанған әл-Фарабиді, Ж.Баласағұн, Ахмет Ясауи, М.Қашқари, Қадырғали Жалаири сияқты ғұламаларды берді. [9]. Қазақтың ұлы реформатор-хандары жүйелеген қазақ қоғамының моральдық нормаларын, азаматтық құқықтарын реттеуге арналған «Жеті Жарғы» секілді заңдарымыз шариғаттың негізінде дайындалып, бүгінде Ата Заңымыздың діңгегі бо-лып табылады. Ислам діні – ата-бабамыздың тарихи таңдауы болды деп айтады. Себебі жоғарыда аталған діни сенімдермен ұштаса отырып, ислам қазақ халқының болмысына, тұрмыс-тіршілігіне, діліне, мәдениетіне ыңғайлы, жақын дін болу себебінен де халқымыз осы дінді таңдады деген ойдамыз.

1990 жылы Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (ҚМДБ) құрылды. Бұл қадам әлсіреген діни байланыстарды қайта жаңғырту, дамыту болды. ҚМДБ республика ішіндегі және ТМД шеңберіндегі діни конфессиялармен тату қарым-қатынас орнатып, рухани-ағартушылық жұмыстарына баса мән береді. Діни басқарма еліміздегі мұсылман қауымын біріктіруші діни бірлестік ретінде өткен жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни

бірлестіктер туралы» Заңы талабына сәйкес қайта тіркеуден өтті, қазіргі кезде оның 1800 аумақтық бөлімшесі қайта тіркеуден өтіп, 400-ге жуығы қайта тіркеуден өту кезегінде. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанда барлығы 63 мешіт болса, қазіргі кезде олардың саны 2465-ке жетті. Алайда, мешіттердің сандық көрсеткішін ел аумақтарына бөліп қарастыратын болсақ, басымдылық оңтүстік өңірлеріне тиесілі. Ислам діні ең алғаш осы оңтүстік өңірлер арқылы таралғанын ескерсек, мұндай басымдылық көрсеткіші орынды секілді. Ал еліміздің бас қаласы Астанада 7 мешіт қызмет етеді. Айталық, «Нұр Астана» (2005 жылы ашылды), «Әзірет Сұлтан» (2012 жылы ашылған) мешіттерінің ашылу салтанатына Елбасының өзі қатысты. Қазақстан халқының 70%-нан астамы өзін мұсылман ретінде танитындығын ескерсек, елдегі мешіттер санының әлі де арта түсуі заңды. Халықтың дінге бет бұруының артуы діни ғимараттарға деген сұраныспен қатар, діни мамандардың – имамдардың қажеттілігін туындатты. Осы орайда білікті имамдар даярлау мәселесі бірінші орынға шығып келеді. Қазіргі таңда бұл мәселелерді шешу жұмыс-тары жүйеленуде, мысалы, имамдар, исламтанушылар, дінтанушылар, араб тілі мен әдебиетінің аудармашыларын дайындайтын «Нұр-Мүбарак» Египет Ислам мәдениеті университеті; қарилар даярлайтын республикалық орталық, шетелден діни білім алған мамандар мен отандық имамдардың біліктілігін арттыру орындары қызмет атқаруда. Сондай-ақ, Алматы, Астана, Павлодар, Ақтөбе, Орал, т.б. қалаларда медреселер қызмет атқаруда. [9,8]. Діни басқарманың Қазақстан аймақтарында облыс, аудан, қала, ауыл имамдарымен қоса өкіл имамдары қызмет атқарып, тұрғындардың діни сенімінің дұрыс бағытта дамуына ықпал етуде.

Сондай-ақ, ислам діні жайында бірер сөз қозғасақ, ислам ата-бабарымыздың таңдауы, біздің халықтың таңдауы, қазақи ділге жақын, қазақи мәдениеттің толықтырушысы, және еліміздегі дін ұстанушылардың басым бөлігі яғни 70 пайызы ұстанатын дін ретінде белгілі, яғни ислам дінін халықтың басым бөлігі ұстанатанын көрсетеді. Дәстүрлі ислам осы жоғарыда діни сенімдермен өзара байланысып, біте қайнасып, исламның қазақи қалыбын қабылды.

Қорытынды

Бұл тақырыпты зерттеу жалғасын табады. Бір мақала мәселені толығымен ашты дей алмаймыз. Сонымен мақаланы қорыта келсек, қазақ халқының діни дәстүрлері мен діндарлық дәстүрлері бір сағатта, бір күнде қалыптасқан ұғым емес, ғасырлар бойына әт түрлі тарихи кезеңдермен, тарихи оқиғалармен қатар, бір-бірін толықтырып келе жатқан дамушы, шұбалаң құбылыс. Халқымыздың қанына сіңген қасиеттері мен біте қайнасқан діндарлық дәстүрлері, әлі де зерттеуді қажет ететін, толықтыра түсетін тұстары бар. Ұлттық дүние-таным, мемлекеттік тіл, ділі бар халықтың діндарлық дәстүрлері де заман үдерісімен дами үстіне дами бермек. Ел басшымыздың болашаққа бағдарлаған Рухани Жаңғыру бағдарламасы осы ұлттық философиямызды дамытып, ұлттық діндарлық дәстүрімізді жандандыруға әсерін тигізеді деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

1. 2009 жылғы Қазақстан Республикасының халқының Ұлттық санағының қорытындылары. Астана, 2011,-2 том.
2. Нұрмұратов С.Е. Зайырлы мемлекеттегі дінің рөлі. Қазақстан дінтанушыларының III форумының материалдары,- Астана, 2013,-38 б.
3. Бейсенов Б.Қ. Зайырлы қоғамдағы діни құндылықтар - Алматы, 2014,-3 б.
4. Интернет ресурсы https://studopedia.org/8-207020.html,-12 б
5. Бейсенов Б.Қ. Зайырлы қоғамдағы діни құндылықтар -Алматы, -2014,-27
6. Интернет ресурсы https://studopedia.org/8-207020.html,-21 б
7. Рүстемов Л.З. Парсы тілінің ізашары ,-Тегран, 1993,-1 том-197б
8. Мэри Бойс.Зороастрийцы.Верования и обычаи- Санкт Петербург,1994,-24б.

9. Интернет ресурсы http://mckr.kz/ru/meropriyatiya-tsentra/nashi-publikatcii/item
10. Интернет ресурсы http://mckr.kz/ru/meropriyatiya-tsentra/nashi-publikatcii/item

References

1.Itogi po natsional'noi perepisi Respubliki Kazakhstan v 2009 godu. Astana, 2011, s.
2. S.Y.Nurmuratov Rol religii v svetskom gosudarstve. Materialy III Foruma religiovedov Kazakhstana - Astana, 2013, - 38 s.
3. B.K. Beysenov. Almaty - Almaty, 2014.-3 s.
4. Internet-resurs https://studopedia.org/8-207020.html, str.
5. B.K. Beysenov Almaty Religioznyye tsennosti v svetskom obshchestve - Almaty-2014, -27
6. Internet-resurs https://studopedia.org/8-207020.html, 21 str.
7. L.Z. Rustemov Vvtdtnie v persidskyi yazyk .
8. Meri Boys. Zoroastritsy.Verovaniya i obychai-SPb, 1994, - 24 s.
9. Internet-resurs http://mckr.kz/ru/mepriyatiya-tsentra/nashi-publikatcii/item
10. Internet-resurs http://mckr.kz/ru/mepriyatiya-tsentra/nashi-publikatcii/item

ӘОЖ 94:930.1:903/904] (574)

РАЙЫМБЕК БАТЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕСЕНЕСІНІҢ САЛЫНУ ТАРИХЫНАН

Қозыбақова Ф.А.[1], Бекмаш Ә.С.[2]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, т.ғ.к.
[2]Ш. Уәлиханов атынд. Тарих және этнология институтының магистранты

Аңдатпа. Мақалада тарихи тұлға – Райымбек батырдың ата тегібаяндалады. Онымен қоса, батырға сенімді серік бола білген батырлар, атап айтқанда, Аралбай батыр, Қапай батыр, Сатай батыр, Бөлек батыр жайлы мәліметтер берілген. Райымбек 1705 жылы қазіргі Алматы облысының аумағында дүниеге келген. Ұлы жүздің албан руынан шыққан. Атасы – Ханкелді жазбаша дереккөздерге сәйкес, көшбасшы және дипломат ретінде белгілі. Бала кезінен Райымбек Отан қорғау рухымен өсіп, туған жерін Жоңғар құлдығынан босатқан.
Түйін сөздер: Бөлек батыр, Қапай батыр, Сатай батыр, албан руы, қалмақтар, Аралбай батыр, Райымбек батыр

ИЗ ИСТОРИИ БАТЫРА РАЙЫМБЕКА И ЕГО МАВЗОЛЕЯ

Қозыбақова Ф.А.[1], Бекмаш Ә.С.[2]

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, к.и.н., ассоц. проф.
[2]магистрант 2-курса

Аннотация. В данной статье рассматриваются происхождение Райымбек батыра. Предоставлены различные интересные факты из жизни батыра.
Райымбек родился в 1705 году на территории современной Алматинской области. Происходил из рода албан, подрода алжан. Дед Райымбека Кангельды (Хангельды) по письменным источникам известен как предводитель и дипломат. Он участвовал в российско-казахских переговорах, а в 1734 году посетил в составе казахской делегации Петербург. Его имя также встречается в памятниках казахско-джунгарских взаимоотношений. С детства Райымбек рос в атмосфере защиты Родины и освобождения родных земель от джунгарской кабалы.
Ключевые слова: Райымбек батыр, албаны, калмыки, Аралбай батыр, Капай батыр, Сатай батыр, Булек батыр

FROM THE HISTORY OF RAYIMBEK BATYR AND HIS MAUSOLEUM

Kozybakova F.A.[1], Bekmash A.S.[2]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Ph. D., Associate Professor
[2]2nd Year Master’s Student

Abstract. This article discusses the origin of Rayimbek Batyr. The authors provide various interesting facts from the batyr's life.
Rayimbek Batyr was a famous Kazakh warrior from the 18th century. 'Batyr' is an honorific term meaning hero in the Khazakh language, his given name was Raiymbek. He actively resisted the Dzungar invasion in the Kazakh territories and played a major role in liberating the Kazakhs from Dzungar rule.

Rayimbek's grandfather, Kangeldy (Hangeldy) according to written sources is known as the leader and diplomat. He participated in the Russian-Kazakh negotiations, and in 1734 he visited St. Petersburg as part of the Kazakh delegation. His name is also found in the sources on the Kazakh-Dzungar relationship. Since childhood, Rayimbek grew up in the atmosphere of protecting the Motherland and liberating his native lands from the Dzungar bondage.
Keywords: Rayimbek Batyr, albans, kalmyks, Aralbay Batyr, Kapay Batyr, Satay Batyr, Bulek Batyr.

Кіріспе

Мақалада негізінен Райымбек батыр және оның кесенесінің салыну тарихы туралы айтылады. Сондай-ақ оның ерлік жолының бүгінгі ұрпаққа тағылымдық сабағ қарастырылады.

Мақала жазу барысында Райымбек батыр мен оның ұрпақтары және кесенесі жайлы керекті мәліметтерді бірнеше архив құжаттарымен жұмыс жасай отырып жазған Р.Е. Оразовтың мақаласы мен жазушы Қ. Сауранбаевтың қолжазбасы мен Қазақстанның киелі орындар географиясының 1-шығарылымы басшылыққа алынып, салыстырмалы түрде зерделенген.

Талқылау нәтижесі

Ұлы жүздің албан руынан шыққан қазақтың Райымбек батыры туралы жазушылар көптеген еңбектер жазғанымен, батыр және оның кесенесі жайлы тарихи зерттеулер өте аз. Мақаланы жазу барысында ауызша тарихқа жүгінуге тура келді.

Нәтижесі

Зерттеу барысында Райымбек батыр және оның ұрпақтарына қатысты кейбір мәліметтерді архив қорларынан ала отырып, осы мақаланы көпшілік назарына ұсынып отырмыз.

Негізгі бөлім

Райымбек (1705–1780 жж.), Ұлы жүздің албан руынан шыққан қазақтың батыры, оның әкесі – Төке, атасы – Ханкелді. Ол 17 жасында жоңғар басқыншыларына қарсы шайқастарда ерлігімен көзге түседі.

1729 ж. Аңырақай шайқасында Кіші жүз ханы Әбілқайыр хан басқарған біріккен қазақ жасағы құрамында соғысып, Қалдан Серен қоңтайшы басқарған жоңғар әскеріне жойқын соққы береді. Райымбек батырдың есімі Албан руының ұранына айналған. Ол – тайпа мен рудың мүддесінен биік тұрған және бүкіл тіршілігін жалпы қазақтың азаттығына арнаған батыр. Қазақ елі, қазақ жері деген биік ұғымға ғана бас иген. Оның әрбір шайқастағы ерлігі– қалмақтың табаны таптаған қазақ жері мен қалмақ қолында азап шегіп жатқан бауырларын азат етуге ғана арналған [1].

Қазақ тарихына ой сап қарасақ, Абылай мен Райымбек қана өз атын өзі ұрандап жауға шапқан екен. Райымбек батыр қаумалаған қалың жоңғармен соғысқанда өзін көп уақытқа дейін білдірмеген. Әскердің барлығы «Райымбек» деп ұрандағанда кім екенін білмей аңтарылатын болған. «Аты да көрінбейді, ұшады екен. Аяқ астынан шыға келеді екен» дегенді бірінен-бірі естіген қалмақтар «Райымбек!» деген ұран естілгеннен-ақ зәрелері ұша бастайтындығы туралы ел ішінде, ауызша тарихта жиі айтылады [2].

Райымбек батырға қатысты осы уақытқа дейін аңыз болып келген ауызша мәліметтерді жинастыруда Қабылбек Сауранбаев пен Мөкен Болысовтар үлкен еңбек етті. Олардың жинаған материалдары М. Әуезов атындағы Әдебиет және Өнертану институтының қолжазбалар қоры мен Алматы облыстық мемлекеттік мұрағатының қорында, яғни Рақымжан Қилыбайұлының жеке қорында сақтаулы [3].Райымбек жайында дерек жинаған Қабылбек Сауранбаевтың «Райымбек батырдың шайқастары» атты қолжазбасы Төлен Қаупынбайұлының «Бес томдық шығармалар

жинағының» 2-томында жарияланған [4].

Жазушы Райымбек жайында жақсы біледі-ау деген отыз шақты адаммен жолығып, жоғарыда аталған еңбегін солардың айтуы бойынша қорытындылаған. Оның 1922 жылы Райымбек батырдың өз ұрпағы 105 жастағы Нартұлы Қашағанмен, 1924 жылы Суан Сатай батырдың ұрпағы 115 жастағы Кезеңқараұлы Әділбекпен кездесуі айрықша бағалы. Өйткені екеуі де аталарының ерлігін ел аузынан емес, өз әкелерінен және ағайын-туыстарынан бала күнінен естіп өскен. Сондықтан бұл жағдай Сауранбаевтың деректеріне сенімімізді арттыра түседі.

Райымбек батырдан тараған ұрпақтар туралы деректер архив қорларында баршылық. Бірнеше архив құжаттарымен жұмыс жасай отырып жазған Р.Е. Оразовтың мақаласынан да Райымбек батыр және оның ұрпақтары жайлы керекті мәліметтерді ала аламыз [3].

Батыр Райымбектің ата тегіне келсек:

Ол, Ұлы жүз, Албан ішіндегі Алжан руының Сырымбет тармағынан тарайды. Бабасы Алжанның үлкен ұлы Сырымбет өз тұсында Албан еліне танымал би болған, батыр болып өткен адам. Ел ішінде “Сырымбеттің сүйегі Сыр бойында” деген сөз бар. Жаугершілік заманда Сырымбет Алжан ұрпақтарының жауынгерлік ұраны болды, оның ұрпақтарынан батырлық, байлық, мансап үзілмеген. Сырымбет бидің қазақ тарихындағы аты қалған даңқты баласының бірі – Хангелді батыр (1663–1760). Ол жоңғар шапқыншыларына қарсы үйсін тайпасының басын қосып, ұзақ жыл бойы азаттық соғыс жүргізген әйгілі қол басы.

Атасы Хангелді батыр XVIII ғ бірінші жартысында жоңғарларға қарсы күресте аты шығып, 1733 жылы Төле, Қодар билер, Сатай, Бөлек батырлармен бірге Ұлы жүз қазақтары атынан орыс патшайымы Анна Иоановнаға елші жіберген.

Жазба деректерге қарағанда Хангелді де сегіз ұл болған. Олар: Тілеуке, Түке, Мөңке, Дөңке, Тұрсын, Жуң (Айбас), Қайбас, Егемен.

Ал Райымбек Түкеұлы Хангелді немересі күллі Албан тайпасының ұранына айналған қасиетті жан. Исі қазаққа ортақ аруақты Әулие Ата.

Тарихи жазбаларда аты қалған Райымбек батыр отыз үш жыл жаумен соғыс убарысында 77 рет жараланып, елі үшін ерекше еңбек сіңірген, есімі Албан тайпасының ұранына айналған теңдессіз халық арысы. Райымбек 17 жасында-ақ жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен, ерлік көрсетіп батыр атанады. Қалмақтың Бадам, Қорын, Ағанас, Секер, Төрехан т.б. хан, ноян, батырларын жекпе-жекте жеңіп Қаратау өңірі мен Жетісуды жаудан азат еткен. Торайғыр және Сөгеті аралығындағы «Ойран төбе» шайқасында ерекше көзге түскен. 1733 жылы Бөлек батырмен бірге жоңғарға елші болып барған. Албан тайпасына ұран болған әйгілі Райымбек батырдың Абылай ханның сынына байланысты айтыпты деген мына өлең шумақтары Хангелді батырдың ұлдарының кімдер екенін айқындай түседі.

Атам менің Хангелді.
Уысында қан келді.
Судай аққан қан көрді.
Аққан қанды тыюға
Алаштың басын жиюға,
Абылайдай хан берді.
Астымдағы құнан кер,
Құнан керде құранды ер.
Әубәкір ұста жасаған
Менің ғана бәсірем.
Нағашым батыр Орақты
Бәсіре етіп көк құнан,
Маған сауыт арнапты.

Атам менің Хангелді
Жеті бірдей ұл берді.
Үлкені батыр Тілеуке,
Екіншісі Ер Түке
Ер Түкеден мен тудым,
Ер болуға бел будым.

Қабылбек Сауранбаевтың жинаған дерегіне қарағанда, Райымбекті «Туғаннан жеті жасына дейін атасы Хангелді баулыпты». Сол жасқа келгенінде жалайыр Орақ батырдың тұқымынан тарайтын нағашысы, жігіт болғанда жиенім мінсін деп, бір көк тай асынсын деп, садақ, айбалта, қылыш, найза, қалқан, сауыт, болат семсер әкеліп, атасы Хангелдіге тапсырыпты. Сірә, жиеніне беруге тиіс қырық шұбар тайының өтеуі болса керек. Көк тайына Көккойнақ деген атты Райымбектің өзі қойыпты. Атын секіртіп, суға жүздіріп, жатқызып-тұрғызып үйреткеніне қарағанда, Райымбек бала кезінен жылдам, қимылына көз ілеспейтін шапшаң, өте епті, әскери әдістерді жақсы меңгерген әбжіл бала боп өскен. Оның жастайынан әскери ойындарға құмарлығы біреулерді шошытса, біреулерді сүйсінткен. «Мына соғысу жолында жиырма бес жылдай болды», – деген Қ.Сауранбайұлының тұжырымымен келіссек, Жетісудың шығысын жаудан тазалау үшін, Райымбек 15 жасынан 40-қа келгенше, 1745 жылдан 1770 жылға дейін соғысқандығын байқаймыз.

1745 жылы көктемде Наурызбай батыр бастаған ұлы жүз қолы Қарқарада қалмақ әскерін қырата жеңген соң, қазақ жауынгерінің бір тобы, ішінде Хангелді де бар, сең жүріп кеткендіктен, Іленің оң жағалауына өте алмай бөгеліп қалады. Себебі сең соғып, атты жүздірмейді және аттың үстіндегі адамға да қауіпті. Атасының қасында жүріп соғысуды ежелден армандап өскен жаужүрек ұл өзі жылқыда жүргенде аттанып кеткен атасын дәл сол кезде Іленің жағасында қуып жетеді. Бала жағдайды естіпбілген соң, Іленің бергі бетінен арғы бетіне жететіндей етіп қамысты будырады да, бір шетін бергі беттегі ағашқа байлап, екінші шетін су бетімен арғы бетке Көккойнақпен сүйреп өтеді де, ол жағын да мықтап бекітіп қайтады. Енді көшкен сең су бетімен ақпай, қамысқа сүзіліп тоқтайды да, бірте-бірте біріне-бірі жабысып қалыңдай береді. Сөйтіп, таң атқанша бір-біріне кіріккен сең сіресіп, бірнеше атты кісі өте шығатындай мұз көпір болып қатып қалады. Ондай өткелді күзер деп атайды екен. Он бес жасар баланың бұл тапқырлығы қазақ жауынгерлерін қатты таңғалдырады. Бәрі сол арада оның аты-жөнін сұрап, Хангелді батырдың немересі екенін біледі. Бүгінге дейін ел аузында бұл оқиға «Іле айырылған» деп аталады. Іле бойында батырдың қылышын шаншыған жерінен ыстық су шыққан,сол жерден «Аяққалқан» деген атпен Арасан пайда болған. Бүгінде ол өткелде және «Аяққалқан» арасанда, Қапшағай көлінің астында қалды.

Қалмақ жаулап алған жерде өмір сүріп жатқан қазақ жігіттерінің басын біріктіріп жасақ құруы - Райымбек батырдың нағыз баға жетпес қызметі.

Райымбек – тайпа мен рудың мүддесінен биік тұрған және бүкіл тіршілігін жалпы қазақтың азаттығына арнаған батыр. Қазақ елі, қазақ жері деген биік ұғымға ғана бас иген. Оның әрбір шайқасы - қалмақтың табаны таптаған қазақ жері мен қалмақ қолында азап шегіп жатқан бауырларын азат етуге ғана арналған.Райымбек құрған әскери жасақ – ел басқарып отырған ханның да, бидің де бұйрығымен емес, тек Райымбектің өз шешімімен және әркімнің елсүйгіш ниетімен бас құраған жасақ. Оның әскери құрамасына Жетісу аймағының шығыс өңірін жайлаған жалайыр, албан, суан, дулат, шанышқылы сияқты біраз қазақ тайпасының жас батырлары, тіпті қалмақтың өз адамдары да біріккен.Райымбек жасағы ат-көлікті өздері тауып мініп, қару-жарақты тек өздері жасап, өздері тауып қаруланған.

Райымбек қолының ең басты әрі ең маңызды ерлігі – Іленің сол жақ бетінде Түргеннен Сүмбе мен Қалжатқа дейінгі, оң жағында Алтынемел мен Қоғалыдан Қорғасқа дейінгі еліміздің

шығыс шекарасын қалмақтардан тазартуы, әрі сол шекараны олармен келісе отырып белгілеуі. Бұл, шындап келгенде, мемлекеттік мәні бар миссия. 1881-жылғы Петербор келісімі бойынша Іленің сол жағында Сүмбе мен Қалжатқа, оң жағында Қорғасқа дейін қазаққа қараған жер Райымбек бабамыз он сегізінші ғасырда белгілеген шекарамен бірдей. Бұл - оның ерлігі мен көрегендігінің ең игілікті мұрасы.

Соншама ұшан-теңіз ерлік пен жеңіске қол жеткізген Райымбек батырдың оң қолы саналған адамның бірі - жүзбасы жалайыр Бақай батыр. Мықтыбек деген бидің баласы. Оның жасы Райымбектен біраз үлкен болса керек. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында оның туған-өлген жылы 1703–1802 деп көрсетіліпті. Қ.Сауранбаевтың жинаған деректерінде ол қалмақ Төреханның қамалын алған кездегі жарақаттың зардабынан Райымбек қайтыс боларда оны үйден көтеріп шығарып, үйге көтеріп кіргізген адамның бірі болған көрінеді. Қазақ ондай сыйластықты қанды көйлек, үзеңгілес серігі деп бағалаған.

Мөкен Болысұлы жинаған «Райымбек батыр» дастанында: «Райымбек батыр қазақ сарбаздарын үшке бөлді. Бірінші Бақай батырды Алатаудың оңтүстік жағын тазалап шығып, Шөладырдан табысуға уәде жасады», –дейді де, ол жаудан тазалаған жерлерді атап-атап жырға қосады:

Бақай батыр жөнелді,
Түргенді басып Асыға,..
Тінту салып келеді,
Сай-саланыңтасына...
Қашқан қалмақ соңынан
Малын жиып тағы алды,
Далашықтың жолынан.
Қалмақтың байжөнелді,
Таушілікті сағалап,
Қашып келеді тоқтамай,
Үш Меркеніжағалап...
Өте шықты Бақай да
Қарқаранысағалап.
Тоқтамай қалмақ қашыпты,
Шұбарталды бұл басып,
Шөл адырдың тауында
Бақай да кепқосылды,
Райымбекке ұласып.

Бұл өлең жолдарында шындық бар,өйткені 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісін бастаушылардың бірі Серікбай Қанайұлы Бақай болысы деп осы батырдың атымен аталатын Асы мен Түргенді жайлаған қызылбөрік руының болысы болған. Жалайыр тайпасының батырына албан тайпасының құрмет қылып, оған өз болыстығының атын беруі, батырдың асқан ерлігіне сүйсінген, соны қадірлеген елдің үлкен ілтипаты болмаса, өйтіп ел-жұрт болыстықтың атын оған бере салмаса керек. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары үйез таратылып, аудан құрылуына байланысты, Верный үйезіне қарасты Бақай болыстығы да жойылды. Өкінішке қарай, содан бері Бақай батырдың аты да, ерлігі де көмескіленіп, бірте-бірте ұрпақтар жадынан шығып бара жатыр. Жетісуда Бақай деген жер аты сақталғанын албан шежіресінен де байқалады. Талғардың басындағы Бақайтау аталатын жер батырдың үлесіне берілгенін Қ.Сауранбаев та айтады. Бақай – Жаркент пен Көкталдың ортасындағы қалмақтың Төрехан атты басшысы орналасқан қамалды шабуылдау кезінде үлкен ерлік көрсетіп, Райымбек бір қақпаны алғанда, екінші қақпаны шабуылдаған жанкешті батыры, әрі сенімді серігі болған адам. Сол соғыста Райымбек батырдың

біраз серігі қаза тауып, біразы жараланған. Өйткені қалмақтар қамалға бекінсе, қазақтар оны атпен ашық даладан келіп шабуылдаған. Қалмақтардың қару-жарағы мен оқ-дәрісін сақтаған мықты бекіністі алу кезінде Райымбектің өзі жамбасынан ауыр жарақат алып, Бақай да шайқастан жарадар болып шыққан. Ол соғыс - Райымбектің қалмақтармен ең шешуші әрі ең соңғы соғысы. Жеңілген, қашып зорға құтылған Төрехан Қорғасқа дейінгі жерді қазаққа босатып беруге келіскен. Ол қорған ертеде Түргенкент, беріректе Түрген тоғай аталатын. Ол қорғанның қираған қалдығы Алматы – Қорғас күре жолының бойында, Үшарал ауылының желкесінде әлі күнге көрнеу жатыр. 1856 жылы Қашғарға өткен сапарында Шоқан дүрбі салып алыстан көріп, осы Түргенкент туралы күнделігіне біраз нәрсе жазыпкеткен. Ең өкініштісі – жол үстінде жатқан бұл қамалдың еш жерінде Райымбекке де, Бақайға да, басқа батырларға да қатысты ешқандай белгі жоқ. Бүгінгі ұрпақ бұл қамалдың өз бабаларына қатысты тарихын білмейді.

Райымбекке сенімді серік болған екінші бір адам – Суан Аралбай батыр. 1733 жылғы ұлы жүз қазақтарының орысқа бодан боламыз деген хатын тасушының бірі болғанына қарағанда, ол да Райымбектен біраз жас үлкен. Қорын ханға қарсы алғашқы соғысынан бастап-ақ Райымбектің қасында болған. Ол ізші, тас қараңғы түнде де адаспай жол табатын адам болған деседі. Жалаңаш, Үш Меркіні билеген Ағанас хан мен Көміршіні жайлаған Арыс ханмен Райымбек келісім жасағанда, Аралбай өзге серіктерімен бірге оның қасында болған. Іленің оң жағалауын жайлаған суан жұрты Райымбектің Сатай, Бөлек секілді серіктерін ежелден білгенмен, Аралбай батырдың ерлігін егжей-тегжейлі біле бермейді. Райымбек Алматының шығысында Албансайда (бұрынғы Юбилейный ауылы) туса, Аралбай содан кейінгі Суансайда (қазіргі Кеңсай) туылған. Ал Бақай батыр Талғардың бас жағын мекен қылған деседі. Олай болса, ауылдары көрші болғандықтан, бұл үш батыр бір-бірін бала күндерінен біліп өскен деуге болады.

Райымбектің тағы бір аса сенімді серігі – жалайыр Қапай батыр. Бақай, Қапай екеуінің аттары ұйқас келгенмен, олардың ағайындығы жайында шежіреден еш дерек кездеспейді. Ғалым Қадырбек Жүнісбаев Қапай батырдың аты Мәскеу мұрағатында 1733 жылы жазылған хатта бар екенін кезінде «Лениншіл жас» газетіне жариялаған [5]. Қорын ханмен келісім жасарда қасына ертіп барғанына қарағанда, Райымбек Қапайды қатты бағалаған және оған ең маңызды істерді тапсырған. Түрген қамалына шабуыл жасар алдында Қапай батыр Төреханның туған інісін және сенімді деген бірнеше серігін тұтқынға түсіріп, қалмақтардың әскери жай-күйін алдын ала біліп алады. Қамалды шабуылдаған кезде қатты қайрат көрсетіп, жеңіске жетуге көп көмек жасаған. Кейін өзі тұтқынға алған Төреханның інісінен басқа қалмақтар қазақ болып, Қапайдың туыстары саналып, жалайыр тайпасына сіңіп кетеді.

Азаттық соғысында Райымбектің қасынан табылған хас батырдың бірі – Суан Сатай батыр. Райымбек қолы Түрген қамалын аларда Сатай батыр өз жасағын бастап кеп соғысып, жеңістен кейін Өсек өзенінен Қорғасқа дейінгі аралықтан өріс алады. Қазіргі Сартау, Сарыбел, Бұрхан, Жаркент, Шежін, Алмалы, Ойжайлау, Басқұншы, Қорғас жерлерін жаудан тазарту кезінде Сатай батыр – айрықша ерлік көрсеткен адам.Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұрпақтары Сарыбел ауылында Сатай батырға ескерткіш қойды. Жаркент үйезі тарағанға дейін оның құрамында Сатай болысы болды.

Аты Сатай батырмен қосарлана аталатын суан тайпасынан шыққан Бөлек батыр да Райымбекпен қол біріктіріп соғысқан адам. 1733 жылғы ұлы жүз хатына Хангелдімен бірге қол қойған бұл Бөлек емес, шапырашты Бөлек екенінде дау болмаса керек. Себебі ол кезде суан Бөлек төрт жасар ғана бала. Ал Бөлек Қараұлы – Аңырақай шайқасында қалмақтың бас батыры Аңғырақты бірінші жекпе-жекте жеңіп, атағы бүкіл Жетісуда шалқып тұрған батыр. Райымбек батырдың шайқастарына қатысқанда, Суанның Бәйтүгейден тарайтын ұрпақтарын Сатай басқарса, Бөлек Тоғарыстан ұрпақтарына басшы болған. Батырлығын бағалаған ел оны жастығына қарамастан би сайлаған. Райымбек Қорын ханды шапқанда, Сатай мен Бөлек қолы

Бұғыты мен Тастықара маңайынан қалмақтарды қуып шығуға қатысқан. Қазақтың біріккен қолы Түрген қамалын алғаннан кейін ол өзіне қазіргі Қоңырөлең аймағын өріс қылған. Жаркент қаласының орталық бағында Бөлек батырға орнатылған ескерткіш бар. Шежіре деректерін салыстыра қарасақ, Сатай, Бөлек, Райымбек батырлардың қазір 8-ші, 9-шы ұрпақтары өмір сүріп жатыр. Демек, олардың жас шамасы бір-бірінен оншалық алшақ болмаған

Қ.Сауранбаев жазбасында аты-жөні ауысып айтылған бір батыр бар, ол - Шанышқылы Қожамберді батыр. Райымбек шайқастарына бастан-аяқ қатысқан адамның бірі – албан Ырыскелді батыр. Бірақ Ырыскелді мен Аралбай батырдың ұлы жүз қазақтарының хатын патшаға жеткізуші болғанын тарихи деректер дәлелдейді. Албан тайпасының шежіресінде: «Ырыскелді Шабар батырға еншілес болған. Ол да батыр екен. Шабар өз туын Ырыскелді батырға қалдырған делінеді», – деп жазылған[6]. Демек, оның ерлігін бүгінгі ұрпақ ұмытпаған.

Райымбек батыр кесенесініңсалыну тарихы жөнінде бірер сөз.

Қазақ елінің азаттығы жолында күрескен Райымбек батырдың сүйегі жатқан жер халқымыз үшін киелі орын болып табылады. Азамат соғысы кезінде батырдың моласы қиратылған. 1960-шы жылдары осындағы мұсылман зиратын ысырып тастау жұмыстары жүргізілген. Бірақ жергілікті халықтың айтуына қарағанда зиратты ысыру кезінде біраз құрылыс техникалары істен шығып, басқа да кедергілер орын алған. Осылайша зират аман қалған.

Кеңес өкіметі кезінде Райымбек батырдан таралған ұрпақтар Алматы қаласындағы батырдың жерленген орнына белгі қою туралы бастама көтеріп, Қабылбек Сауранбаев, Рақымжан Қилыбаевтар Орталық партия комитеттері мен қалалық басшылықтарға хаттар жолдап отырды. Тек 1975 жылы ұлт қайраткері Д. Қонаевтың араласуымен батыр қабірі темір қоршаумен қоршалады. Батыр бабамыздың қабіріне байланысты мәселе осылайша араға біраз уақыт салып барып қана шешімін табады. Бұған сол кездегі Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы К.М. Аухадиевтің де қосқан қомақты үлесі болды. Ал 1981 жылы батыр қабірінің басына ескерткіш құлпытас орнатылады. Ескерткіштің архитекторы – Т. Мағзұмов.

Кейін 1982 жылы батыр қабірінің тарихи төлқұжаты жасалынады. Төқұжатты жасаушы А. Тоқтабай еді. Төлқұжатта «Райымбек Хангелдіұлы 1705–1780 жж. Ескерткіш белгі 1981 жылы орнатылған. Ескерткіш орналасқан жер: Алматы қаласы, Ташкент көшесі, орталық зиратқа қарама-қарсы жер» – деп көрсетілген [3, 57-б.].

1994 жылы «Райымбек» тарихи-этнографиялық қоғамының бастамасы бойынша атақты батырдың бейітіне сәулетті кесене тұрғызылады. Ол Алматы қаласының 1991 жылдан бастап Райымбек даңғылы деп аталған халық көп жүретін үлкен көшенің бойында орналасқан. Кесене архитекторлары Б.Ибраев, Ш. Өтебаев, С. Ағытаев. Кесене шатыр құрылымдағы конус тәрізді күмбезді болып келген, басына жарты ай орнатылған. Кіреберісте шөккен түйенің мүсіні орнатылған. Аңызға сәйкес «менің мәйітімді ақ түйенің үстіне артып, түйе қайда шөксе сонда жерлендер» деп өсиетін орындау мақсатында қойылған [6, 79-б.].

Райымбек батыр кесенесі республикалық маңызы бар тарихи, архитектуралық және монументалдық сәулет ескерткішіне жатады. Оған қоса батыр жерленген жер тәуап ету және туризм нысаны болып саналады.

Қорытынды

Райымбектің жауынгер үзеңгілес серіктерін түгендеп зерттеу, қазіргі күнде толық емес. Қ.Сауранбаев дерегінде айтылатын Биеке, Тілеуке, Ердес, Барақ, Өтеп, Ақбас батырлардың кім екенін даралап зерттеу, әлі шешімін таппаған.

Қарап отырсақ, өзіне серік болған батырдың бәрі Райымбектен бірер жас болса да үлкен болған. Ақылдасқанда, оның үнемі өз сөзін: «Ағалар!» – деп бастайтыны да соны аңғартады. Алайда өздерінен кіші болса да, барлықбатыр оның қолбасшы болғанын қалаған. Өйткені

өжеттігі, тапқырлығы өз алдына, ол ақыл-парасатымен де, ұйымдастырғыш қабілетімен де ерекшеленген. Мәселен, Секер ханмен шайқастан соң, қалмақтардан түскен олжаны бөлгенде, бас қолбасшы Райымбекке 375 жылқы; Арыс ханды жеңген соң, 400-ден артық бас жылқы, қалмақ Төреханды жеңген соң, 400-ден астам жылқы тиесілі болады. Бірақ ол бұл олжадан бірде-бір мал алмай, бәрін шайқасқа қатысқан немесе шайқаста қаза тапқандардың отбасына, мүгедектер мен кедей-кепшікке бөліп бергізеді. Оның айрықша әдептілігін, адалдығы мен дүниеге қызықпайтын жомарттығын; тура жүріп, тура сөйлейтін көсемдігін, адамгершілігінхалық бағалаған және мойындаған. Райымбек батыр ерлігімен өлместей атағын өзі шығарып кеткен, тарихи тұлға.

Әдебиеттер

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7-том Алматы, 2005. 728 б
2. https://e-history.kz/kz/publications/view/1495
3. Р.Е. Оразов Райымбек батыр: зиратына белгі қалай қойылды // Туған Өлке. 2012 №3-4. 56-б.
4. Төлен Қаупынбайұлы. Бестомдық шығармалар жинағы. 2-том. - Алматы, 2008. 104–167-бб.
5. // Лениншіл жас. – 1968. – 12 мамыр
6. Албан тайпасының шежіресі «Бәйдібек – алып бәйтерек». - Алматы, 2003. 449-б.
7. Қазақстанның киелі орындарының географиясы, 1-шығарылым. - Алматы, 2017. 78-б.

References

1. Kazakhstan. Ulttyk ensiklopediasy. 7-tom. - Almaty, 2005. 728b.
2. https://e-history.kz/kz/publications/view/1495
3. Tolen Kaupynbaiulynyn “Bes tomdyk shygarmalar zhinagy” 2-tom, - Almaty, 2008. 104–167-bb.
4. R.E. OrazovRaiymbekbatyr: ziratynabelgiqalaiqoiyldy // Tugan Olke. 2012. №3-4. 56-b.
5. // Leninshil zhas. – 1968. – 12 mamyr
6. Alban taipasynyn shezhiresi “Baydibek – alyp bayterek”. - Almaty, 2003. 449 b.
7. Qazaqstannyn kieli oryndarynyn geografiasy, 1-shygarylym. - Almaty, 2017. 78 b.

ҒТАМР 03.20.00

XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫНДАҒЫ ОМБЫ УЕЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КӘСІПШІЛІГІ

Қоңырбаев Н.Ө.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс докторанты.
Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Аңдатпа. Бұл мақалада Щербина экспедициясының мүшесі болған Әлихан Бөкейханның Омбы уезі қазақтарының кәсіпшілік түрлері баяндалады. Мұнда жер-су атаулары, егін салу мен оны өңдеу, балық шаруашылығы, орман шаруашылығы, тұз өңдеу, сауда-саттық түрлері сипатталады.
Түйін сөздер: қолөнершілер, орман шаруашылығы, балық шаруашылығы, тары, бидай, соқа, егіншілік

РЕМЕСЛА У КАЗАХОВ ОМСКОГО УЕЗДА КОНЦА XIX ВЕКА

Конырбаев Н.О.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, докторант 2-го курса.
г. Нур-Султан, Казахстан.

Аннотация. В статье рассматриваются полевые исследования политического деятеля казахского народа, председателя партии Алаш Алихана Бокейхана о промыслах казахов Омского уезда собранные им во время степной экспедиции. Здесь описываются названия местностей, земледелие, рыбное хозяйство, лесное хозяйство, соляной промысел, виды торговли.
Ключевые слова: земледелие, плуг, пшеница, просо, рыбное хозяйство, лесное хозяйство, ремесленники.

SANDCRAFTS OF THE KAZAKHS OF THE OMSK DISTRICT IN THE END OF THE 19th CENTURY

Konyrbayev N.

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Abstract. The article offered the proceedings of the national leader of the Kazakh people, the Chairman of the party Alash Alikhan Bokeikhan about the art sandcrafts of the Kazakhs of Omsk district, collected during the expedition of the steppe. It describes the names of areas, agriculture, fisheries, forestry, saltfishing, types of trade.
Keywords: agriculture, plow, wheat, millet, fisheries, forestry, artisans.

Кіріспе

Мақалада ұлт қайраткері Әлихан Бөкейханның 1896-1903 жылдардағы Щербина экспедициясы кезіндегі Омбы уезі қазақтарының егіншілік, қолөнер, сауда-саттық, жер өңдеу, балық шаруашылығы түрлері еңбегі бүгінгі күнмен салысытрылып қаралады. Бұл XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басы халықтың бірте-бірте отырықшылыққа бейімделіп, түрлі кәсіп түрлерін игере бастаған кезі болатын. Жалпы егіншілік қай халық тұрмысында болсада орны ерекше.

Жалпы жерді бір жерде отырып пайдалану, бірнеше кәсіп түрлерін игеруге мол мүмкіндік туғызады.

Омбы уезді аумағы қанша дегенмен солтүстік болып есептеледі. Сондықтан теріскей бетте көбіне бидай мен сұлы екті. Егістік егетін аумақтарды көбіне шаруалар ірі жер иеленушілерінен сатып алып отырған. Егер еістік егетін аумақ сор немесе құнарсыз болса, онда ол аумаққа бір-екі жыл ешнәрсе екпей жерді демалдырған. Бұл алдағы жылдарда жақсы өнім алу үшін. Солтүстік жерлерінде өзен-көлдер мен орман тоғайлар өте мол. Бұл осы аумақтарда балық шаруашылығы мен орман шаруашылығының дамуына мол мүмкіндік туғызады.

Талқылау

XX ғасырдың басында Әлихан Бөкейханның өзі қатысқанЩербина экспедициясының әртүрлі есеп-түрлерінің жинақтары жарық көрді. Осы жинақтың 11 томы түгелдей далалық өлкеге арналған болатын. Ол еңбек «Букейханов А. Общий очерк Омского уезда.//Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и обработанные, экспедицией по исследованию степныхъ областей. Омский уезд. Акмолинская область. Т. 11. Омск. Типографія штаба Сибирского военного округа. 1902 г.». Сондай-ақ мұндай зерттеулер әлихантанушы Сұлтан хан Аққұлұлының «Әлихан Бөкейхан туралы он бес томдық қазақша, орысша шығармалары» жинағын баса айтқан абзал. Осындай үлкен бағыттағы зерттеулер бұл тақырыпқа жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді.

Нәтиже

Әлихан Бөкейхан қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген бірден-бір тұлға. Соның бірі, XIX ғасырдың аяғында қазақтың шоғыры өте көп орналасқан Омбы уезі болатын. Қазіргі таңда бұл жер Ресей мемлекетінің жері болып табылады.Өз кезегінде ұлт қайраткері Әлихан Бөкейхан Омбы уезін аралап халық қандай кәсіппен айналысады, шаруашылығы қалай, егіндік-шабындық жерлердің көлемін анықтап, жер-суын, орман-тоғайын, даласын есепке алды. Жалпы XIX ғасырдың 70-ші жылдарына дейін қазақтар өңірдің жалғыз жер өңдеушілері болып келді. Ә. Бөкейхан өз жұмыстарын ең бірінші бұл аймақтың мал шаруашылығынан емес егін шаруашылығынан бастады [1, 12-13-бб.]. Омбы уезі егін шаруашылығы өте нашар дамыған аймақ болып табылған. Уезд (уезд – төменгі қатардағы әкімшілік-аумақтық бірлік) тұрғындарының 3,3 пайызының егістік шаруашылығына тиесілі өз жерлері болды. Ал әрбір егін егушілерге 11 пұтты (1 пұт – салмағы 16 келіге тең ауырлық өлшемі) бидай себетін алқап тиесілі, яғни 2 десятина (1 десятина – 1 гектар 9 сотық - Н.Қ.) жер берілген. Уездің солтүстік бөлігіне қарағанда, оңтүстік аумағында қазақтар ауыл шаруашылығымен көптеп айналысқан. Оңтүстікте 4,5 % болса, теріскей жағы 1 % - ды ғана құрайды. Шаруалар көбінде бидай мен сұлы, тары, бұршақ аздап зығыр еккен. Бидай бұл – негізгі астық тұқымдасына жататын аса маңызды азық-түліктік дәнді дақыл. Қазіргі таңда Қазақстанда бидайдың алты түрі: еділ бидайы, польша бидайы, көже бидай, жұмсақ бидай, қатты бидай, көбен бидай өседі, жабайы түрлері сирек кездеседі. Егіс көлемі, түсімі, дәнінің сапасы жағынан жаздық бидай көбірек егіледі. Көбінесе Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс, орталық обылыстарында өседі. Биіктігі 40-130 см. Бидайды орып алған соң, оның сабағы яғни, сабанын қыстай малға береді немесе тұрғын үй салғанда лай-батпаққа араластырады. Сабан лай-батпақты біріктіріп өте жақсы ұстайды. Омбы уезінде көптеген шаруа қожалықтары егістік жерлерінің 53 % өз күштерімен игерсе, 25 % адамдарды жалдау арқылы қаратып, өнім алады. Жерді бірлесіп өңдеу жылқылары аз адамдар арасында кеңінен таралды.Жерді өңдеу үшін түмен соқалары (Түмен қаласынан әкелген) мен темір тістері бар тырмалар пайдаланған. Соқа қара жерді жырту үшін болса, тырма сол

жыртылған жердің кесегін майдалап тегістеу үшін қолданылады. Бұл өңірде егіншілікпен тұрақты айналысу 1895-1897 жылдары ғана жүргізілді [2, 320-321-бб.].

Ал, бұл өңірде 1870-1880 жылдардан бері егін шаруашылығымен айналысқандар бар. Покровской болысында Қыпшақбай 20 жылдан (1882-1885) бері егін шаруашылығымен айналысады. Ал, оған дейін Сырым руынан шыққан әкесі де Сілеті көлінің бойында егін шаруашылығымен айналысқан. Жерді 7 рубльге сатып алған түмендік соқалармен жыртқан, жаңа егістікті бөлу кезінде, қалың көде (көде – көпжылдық тікен шөбі, биіктігі 100-250 см - Н.Қ.) өскен жерлерді таңдайды. Себебі көде өскен аумақтар басқа жерлерге қарағанда құнарлы келеді. Жер өңдеудегі құралдар біртекті болған. Оған кетпен, ағаш соқасы, үлкен тырма, қол тырма жәнемала пайдаланылды. Дақылды қолмен егіп, жерді жылқының күшімен жыртты. Күзде жиналған өнімді ұрада (ұра – астық сақтау үшін жерді қазып жасайтын қамба) сақтап, үстін мықтап жапқан.Ұраны әдетте су баспайтын құрғақ жерден аузын дөңгелек пішінде тар етіп, түбі мен бүйірін кең етіп қазады. Астық төгуден бұрын ішін тазалап, әбден кептіреді. Ол үшін ішіне от жағып құрғатады. Ұрада көбінесе бидай сақталған. Ұраға су, қар жаңбыр өтпеу үшін, ұраның бетіне жылқының немесе өгіз терісін қойып, оны топырақпен жақсылап жабады.Ұраның беті неғұрлым жақсы жабылса, соғырлым ішіндегі зат бұзылмай (бүлінбей) ұзақ сақталады. Соңғы кездерде оңтүстік өңірде ұраны картоп, сәбіз сияқты көкөністер сақтауға пайдаланады [3, 548-б.].Көктемде себілетін егістікке қара күзде жер жыртуға қарағанда, ерте көктемде жырту жақсы нәтиже берген. Ал, қазіргі оңтүстік обылыстарда жерді көбіне көктемде жыртады. Жер жырту кезінде 5 жылқы немесе 6 өгіз соқаға байланған. Олар жерді 4 вершокқа (вершок – орыстың 4,4 см шамасындағы көне ұзындық өлшемі) дейін жыртады. Сонда шамамен 13-13,2 см тереңдігінде ғана жерді жырта алған. Көбінде жер жыртқанда жердің қара топырақты жерлерін таңдаған. Қара топырақты аумақтар басқа жерлерге қарағанда анағұрлым құнарлы келеді. Ескі жерді көбіне көктемде жыртады, себебі сол кезде жер қатпай қара топырақты болып тұрады. Ал, егер шақат жерлерде (шақат – еш нәрсе өспеген, қағы кепкен сортаң жер) үлкен кесектер кездессе, онда 10-15 рет үстінен жүріп, толық тегістелгенге дейін тырмалаған. Тырма жыр жыртқаннан (жерді айдағаннан) кейін жерді тегістеуге арналған құрал. Тырма жерге қаттырақ батып кесектерді майдалауы және жердің сай жері мен қыр (дөң, биік) жерлерінің тегістелуі үшін жасалады [4, 2-б.].

Қазіргі таңда Сыр бойының орта ағысында ескі жерлерді көктемде жыртып, артынша топырағы кесек-кесек болып қатып қалмас үшін үстінен тырмамен тырмалайды. Жерді тырмалағанда тырманың үстіне ауыр темір немесе бөрене ағаш салады. Жер әбден тырмаланып, малалап болғасын барып, дәнді-дақылды (тұқымды) сепкен. Жаңа жерге бидайды алғашқы бірінші және екінші жылдары сепкен, ал сұлыны үшінші жылы егіп, содан кейін жерді демалдырған. Себебі сұлы еккен жерді келесі жылы арамшөптер басып қалады. Бұл келер маусымда осы жерге егілген дәнді дақылдың өсуіне, көп зиян келтіреді. Сондықтан сұлы егілген жерлерге келесі жылы дәнді-дақылдар себілмеген. Кейде жер жетпеген кезде ғана үйінде жұмыс күші көп адамдар еккен, бірақ өнім алу үшін бұл мол еңбекті қажет етеді [5, 2-б.]. Егін егілмей қалған жерлерге бірінші жылдары: құрай, қияқ, шырмауық, мысыққұйрық сияқты арам шөптер қаулап басады. Араға бір-екі жыл салып, қаулап өскен арам шөптердің орнына, төрт түлік малдың жеуіне жақсы шөптер өсе бастайды. Ал, 10-15 жылдан соң ғана бұл аумақтарға көде (көде – көпжылдық тікен шөбі, биіктігі 100-250 см - Н.Қ.) шығады. Осы жерде тұратын шаруа Қыпшақбай 18 жыл бос жатқан жерді пайдаланып, жақсы өнім алған. Қыпшақбай өзі таңдаған осындай жақсы учаскелерден (телімдерден) 2-3 пұт (1 пұт – 16 келі - Н.Қ.) ғана бидай алған. Бұл аумақта 6-7 пұт өнім беретін жерлер кездеспейді [2, 322-323-бб.]. Күзде бидай піскен (оруға келген) кезде ерлермен бірге әйелдер де егістікті қол орақпен орып, тезірек жинап алуға тырысады. Өнімді уақтылы ертерек жинаса, жаңбыр мен қарға қалмайды. Жинап алынған бидайды баулап (баулау – бір шоқ етіп жинау - Н.Қ.) буып тоқыған. Егістік даласынан жиналған бидайды жауын-

шашынның астында қалып, еңбек далаға кетпесін деп, 5-6 баудан кішігірім қоймаларға уақытша бірнеше күнге сақтаған. Сосын «қырман» (қырман – астық бастыратын ашық алаң) жасап, бидайды соған жинайды. Қырманға егістік жиналғасын оны күндіз құстардан, түнде ұрылар мен ірі қара малдардан қорғайды. Себебі аң құстың аяғы тиетін болса, өнім сатқанда арзан бағаға бағаланады. Егістігі орылып, бидайы жиналып болған аймақтарға бірінші ірі қара малдарын, одан кейінұсақ малдарды жайған. Бидайдың сабандары өте құнарлы болады. Бидайдан ең жақсы өнім алынғанда 40 пұт шығады, ал орташасы 15-20 пұттай болады. Сұлы мен бұршақтың жарты келі (0,5) пұт тұқымынан – сұлы 10 пұт, бұршақ 8-9 пұт өнім берген. Сұлы – астық тұқымдас дәнді-дақылдарға жататын біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдік. Жалпы әлемде сұлының жетпіс түрі бар. Біздің елімізде екі түрі ғана өседі. Сонымен қатар сұлы тағамдық және мал азықтық мақсатта да қолданылады. Сұлының сабаны мен топанының мал азықтық құндылығы, басқа дәнді дақылдардан әлдеқайда жоғары. Жалпы сұлы адам денсаулығына да, малға да өте пайдалы. Қазіргі таңда Қазақстанның оңтүстік аумағында сұлыны көкпар мен бәйгеге қосатын аттарға көбірек береді. Сабан мен топанмүйізді ірі-қара малдар мен жұмысқа (арбаға) жегілетін жылқыларға беріледі. Қорған болыстығының (Қорған – Ресей Федерациясының Батыс-Сібір жазығының оңтүстік-шығыс жағында орналасқан қала) 2-ші ауылының қазағы Смайыл Лекарь ұзақ жылдар бойы егін шаруашылығымен айналысқан. Смайыл Лекарь 8 жыл бұрын (1894 жылы) қазақтардың көшпенді мал шаруашылығымен айналысуынан өзінің егістік жерлерін тастауға мәжбүр болды. Алайда, 3 жылдан бері (1899 жылы) күн көрісінің қиындағанына байланысты қайтадан жер жыртып, егін егеді. Егер жаздық бидай себетін болса 3-4 елі (3-4) см тереңдігінде ғана егеді. Ал, күздік бидай егетін уақытта 4-5 елі тереңдікте бидай дәнін салады. Бидай себілгенен кейін, келесі жылы ол жерлерге қарабидай немесе сұлы сепкен. Егер бидай егетін жер нашар болса, онда жерді 3-4 жылға демалдырып, қайта егеді. Жерді парға (пар – жерді 6 ай немесе 1-2 жылға демалдыру - Н.Қ.) қалдырып, қарабидай (қарабидай – астық тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік; Қазақстанда 2 түрі бар: бірі жабайы қарабидай, екіншісі мәдени қарабидай) егеді, төртінші жылы сұлы сеуіп, одан кейін жерді дем алдырады. Күзде қарабидай егетін жерді жыртып, көктемде ұрықты себетін кезде тағы бір рет тырмалап барып, сол жерге егеді. Сұлыны қолмен сеуіп, ер адамдаршалғы орақпен (шалғы – екі қолмен оратын орақ), ал әйелдер кішкене қол орақпен орады. Орылған егінді көбіне жылқымен үстінен бастырады. Шаруалар аздап картоп та егіп көрген, бірақ шопандар (қойшылар) тонап кететініне байланысты соңғы кезде екпейді. Жер өңдеушіліктегі жетістіктері үшін қазақтарға сый-сыяпаттар да берілген. Мысалы, сұлтан Досан Ханбабин 1833 ж. Көкпекті маңында жер өңдегені үшін топазды сақина алған [6, 2-б.].

Егін көп бейнетпен шықса да, жақсылап қараса беретін пайдасы мол. Егін көбіне жері құмшауыт, тың жерлерге егіледі. 1909 жылы Қостанай уезінде жүз үйдің 89-ы 670 десятина (1 десятина – 1 гектар 9 сотық - Н.Қ.) жерге егін салған. Соның бір дәлелі қазақтың көрнекті ағартушы-педагогы Ы. Алтынсарин Қыпшақ Сейітқұл еңбегінде былай дейді: «Қабырғаның бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен өзенге арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жыйнап алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын төңіректегі елге, малға айырбас етіп, осылай айналысу арқасында бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да қосылып, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды» дейді [9, 1-2-б.]. Мұжық (орыс мұжығы) жақсы қара топырақтағы жерін үшке бөліп, бұны «трехполье» деп атаған. Біріне бидай, екіншісіне қарабидай (қарабидай – лат. Secale – астық тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік)

салады, үшінші бөлігін келесі жылға тынықтырып бос (қалдырады) жатқызады. Жердің егілмей бос жатқан бөлігіне келесі жылы міндетті түрде егін егіледі. Бір-екі жыл тынықкан жерлер, жылда егін егілетіп жүрген аумаққа қарағанда молырақ өнім береді. Қазіргі таңда Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде егін егетін кезде, көбіне бұрын 10-15 жыл соқа түспеген жерлерге егіледі. Қазақстанның солтүстік жағы жаңбырлы болып келгендіктен бұл өңірлерде бидай жаңбыр суымен өседі. Ал, оңтүстіктегі Қазығұрт тауының баурайларында да бидай жаңбыр суларымен өнім береді. Ал, Сырдариянының ортаңғы ағысында бидайды тек суармашылықпен ғана өсіреді. XIX ғасырдың соңында қазақтардың көпшілігі кәсіпшілікпен шұғылдана бастады. Мысалы, кәсіпшілікпен шұғылданғандар: Көкшетау уезінде – 38,0% болса, Атбасар уезінде – 15,2% болған [8, 3-б.].

Уездер арасында балық аулау шаруашылығының дамуы жағынан Омбы уезі бірінші орын алады. Балық аулау осы өңір шаруашылығының 63,7 % құраған. Балық аулаумен 1900-1901 жж. мәліметтер бойынша, 5679 ер адам айналысқан. Бұл осы жердегі жалпы ер адамдардың 29 % құраса, 150-дей әйел азаматтар да осы шаруашылықпен күндерін көрген. Мұнда күніне 1 балықшыға шамамен 1,4 келі балық аулау тиесілі, оның 1,02 келісі ер адамдарға, ал 1 келіге жуығы әйелдер үлесінде. Балық аулауға осы жердегі отбасылардың 5/4 жұмылдырылып, яғни жұмысқа жарамды адамдардың 79 % балық аулаумен айналысады. Ересектер мен қатар, жасөспірімдер және егде жастағы кісілер де балық аулаған. Балық ұстайтын балықшылардың 93 % ер адамдар, қалған 7 % әр түрлі жастағы адамдар. Балық шаруашылығында жұмыс істейтін әйелдердің жартысына жуығы осы 7% есебіне кірген. Балық аулайтын жасөспірімдердің 85 % үйінде тек бір ғана жылқы болған. Бұл көрсеткіштер қазақ арасында жылқы малының өркендеуіне белгілі бір мөлшерде кері әсерін тигізген. Осы жердегі халықтың көбісі балаларының жарамдысын балық аулау шаруашылығына жұмсайды. Жалпы осы өңірдегі кәсіпшіліктің 64 % балық шаруашылығына, одан кейін орман саласы мен оны өндіру өнеркәсібіне тиесілі болған. Ағаш пен орман саудасы кәсіпшіліктің бірінші санатына жатқызылуы дұрыс болар еді, өйткені сол ағаштың иесі өзі қызметкер және сатушы кәсіпкер. Егер осы жердегі шаруашылықтарға жақсы мүмкіндіктер жасалса, онда бірінші орынға қолөнер бұйымдары мен сауда-саттық шығар еді. Кәсіпшілер арасында ауылшаруашылығы санатына жатқызылған салалар арасында, бірінші кезекте кедейлер еңбегі мен қол жұмыс күші тұрған. Мұнда кедей шаруадан шыққан, ауыл шаруашылығының жалдамалы жұмысшысы атанған батырақтар мен қара жұмысшылар казак ауылдарында жалданып жұмыс істейді. Біраз қазақ жұмысшылары теміржол желісінде жолды қардан тазалау жұмыстарын істеу арқылы ақша табады. Орман кәсіпшілігімен айналысатындар бұл учаскелерді сатып алып, қазыналық ормандардың кесу аймағын белгілеген. Қалада орман ағаштарының отынын сатумен 801 жұмысшы айналысқан. Көбіне кәсіпкер мен қызметкер бір адамдай бірігіп жұмыс жасаған. Олар өздері жиі сатып алатын учаскелерді (телімдерді) және орманнан әкелетін отынды дайындау мен пайданы бөлу кезінде бірге жұмыстар жасайды. Ормандар уездің солтүстік жағында көбірек тараған және ол аймақ темір жол магистралына жақын орналасқан. Ормандардың қасында отырған ауылдардың көбісі осы орман шаруашылығымен айналысады. Бұл бірнеше отбасылардың бірігіп жұмыс жасауына ыңғайлы. Мысалы, Омбы болысының 1-ші әкімшілік ауылының төңірегінде қыстап отырған шаруашылық ауылдар ат әбзелдерін, белдікше, әмияндар, қыздың жасауларын, тұрмыс-салт бұйымдарын қолдан тоқып, өріп жасаған [2, 323-324-бб.].

Тұз өндірумен 398 шаруашылық айналысады. Тұз Омбы мен Ақмола уезінің бірнеше көлдерінде тұнады. Теке көлінде тұздар жауын-шашынның салдарынан жылдар бойы түзіліп, оны табанына тұнған кезде алған. Өзен- көлдердегі тұзды алу үшін суға түсіп, тұзды бұзып, қолмен немесе қайламен (қайла – жер қазатын құрал, темірден жасалады, басының бір жағы үшкір, екінші жағы жалпақтау, ортасында сапқа арналған тесігі бар) сындырып, күрекпен жинап алады. Судан

шыққан тұзды майда тастардан тазарту үшін жағаға шығарып, кепкесін арбаға салып қалаға апарған. Өзеннің 3/1-1 аршын (1 аршын – 0,711 метр немесе 71см) тереңдігіндегі жағасынан жұмысшы күніне 100 пұт тұз жинап, осы жерден күніне 2 мен 4 рубль арасындағы бағаға сатқан. Қалада тұзға бір пұтына 8-ден 20 копейка аралығында төлеген. Бір арбаға 20-25 пұт тұз артады. Тұзды жинап алу жұмыстары күздің қара суықы түскенше жалғасады. Жұмысшылар 2 күндік жұмыстан кейін 3-4 күн дем алған, себебі адамғада да, жылқыға да жұмыс ауыр тиген. Соңғы 10 жыл көлемінде (1890 жылдан бері) Теке көлінде тұз тұнбады. Теке көлінің аумағында тұз болмағасынөндірушілер Ақмола уезінің Қорғалжын болыстығы жеріне барады. Жалпы, Қорғалжын топонимі туралы этнограф Ж. Артықбаев: «Қалмақтар қорғасынды қорғалжын деп атайды екен. Қазақ тіліндегі қорғасын мен қорғалжынның түпкі мағынасы бір болар. Бұл қорғасындай көкшіл, қалың қамысты, қопалы жер дегенді білдіруі де мүмкін»,- дейді [7, 4-б.]. Тұзды бұзып алғаны үшін ақша төлемеген, тек тұзға жылқылармен келгені үшін 10-15 копейка төлейді. Бұл алып жатқан тұзға емес, осында арқандаулы тұрған уақыттағы жылқының жайылымы үшін. Сол сияқты тұз сақтайтын шанашты (шанаш – тұз сақтайтын тері қапшық) шаруалар өздері немесе шеберлерге қолдан өргізіп жасатқан.Жалпы қамшы, делбе (делбе – арбаға не шанаға жегілген көлікті бұрып отыруға арналған әбзел. Оны қайыстан немесе есілген қылдан жасайды. Ұзындығы шамамен 7-10 метр) және түрлі қажетті заттар салатын қорап тоқумен 51 отбасы айналысқан. Уездің солтүстік орманды жерлерінде ағаш өңдеу кәсіпшілігі де кездеседі. Олар киіз үйдің бөліктері, күрек түрлері, ағаш ыдыс-аяқтар, арба тағы басқа ағаштан жасалған заттарды даярласа (36 отбасы), 8 отбасы қазақы ер-тоқымдар жасаған. Қазақтардың өмір-салты сауданың көшпенді дамуына әкелді. Яғни, мал сату кәсіпкерлер арасында алдыңғы қатарлы саудаға айналды. Сауда-саттықтан бірінші орында ірі қара, тері өнеркәсібі және ет тұрды. Қазақтар осындай саудамен айналысатындарды «алыпсатарлар» деп атаған. Әдетте, үлкен және кішігірім алыпсатарлар ауылдарды аралап жүріп, қалталарындағы ақша мен арзан бағаға көптеген заттарды сатып алып немесе айырбасқа ірі-қара малдарын және тері-жүн өнімдерін алады. Осыдан кейін қалаға шығарып сататын саудагерлерге жіберіп, өздері қайтадан далаларды (ауылдарды) аралауға шығады. Әсіресе, осы мал шаруашылығында орташа байлар күшейген. Сауда кәсіптерінен бұрын иен далада белгісіз болып келген кәсіп – қымыз саудасын айтуға болады. Бұл кәсіппен жылқылары көп 51 отбасы айналысады. Халықтың қай топтары қандай кәсіппен айналысатынын қарасақ, көбіне үлкен шаруалар батырақтардың жұмыс күшін сатумен айналысады. Яғни, 3144 кәсіптік жұмыс күшінің 2857 батырақтарға тиесілі, бұл демек барлық жұмыстың 92 % шамасында. Саудаға 18 жұмыс күші немесе 0,6 пайыз ғана тиесілі. Алайда, көшпелі сауданың беделі уақыт өте келе төмендей түсті, оның орнына жәрмеңкелік сауда келе бастады [8, 2-б.]. Батырақтардың жұмыс күшін пайдалануға көбіне ауыл шаруашылығы мен орман кәсібінен ұсыныстар көбірек. Мысалы, 1000 жұмыс күшінің 356, яғни 35% – осы кәсіптерге тиесілі. Сонымен қатар, қолөнермен айналысатын 248 шаруашылықтың 156 немесе 63 % осы батырақтар еңбегіне тиесілі. Ақылы жұмысқа жалданушылардың көбісі сауда саласында 560 еңбек күшінің 245-і, яғни жартысына жуығы осыған жатады.

Қорытынды

Жалпы Омбы уезді қазіргі таңда көрші Ресей жерінде болса да, XIX ғасырдың аяғында қалың қазақтың шоғырланған аумағы болатын. Осы жердегі халықтар XIX ғасырдың аяғында көбінде бидай, сұлы, тары және зығыр екті. Бидайды қазақ даласының жауын-шашынды жерлерінің көбінде екен. Бидай ең негізгі астық болып есептеледі. Омбы уездінің аумағында бидайды Сілеті көлінің бойында көбірек егеді. Жерді көбінде өзге жер иеленушілерден сатып алып, игерген. Егін егу үшін жерді өгіз немесе жылқыға ағаш соқа тиеп жыртқан. Солтүстік өңірлерде өзен, көл сулары көп болғандықтан онда міндетті түрде балық болады. Омбы уезді

балық аулау шаруашылығынан өңірде алғашқы орында. Балық ұстауға ересектермен қатар жас балалар және егде қарияларда атсалысады. Яғни, бұл жерде әрбір үшінші адам балық аулаумен айналысады. Уездің солтүстік жағында темір жол магистралы жақын болғандықтан онда орман шруашылығы да жақсы дамыған. Жұмысшылар орман ағашын отап, оны қалаға осы темір жолмен апарып үстеме бағамен сатады. Кейде сатып алушымен де тікелей сауда-саттық келісім жасап, ағаштарды отынғылып немесе тұрғын үй салуға ыңғайлап сатады. Сонымен қатар осы уезде жақсы дамыған шаруашылық түрі ол тұз өндеу кәсібі. Тұз Ақмола мен Омбы уезінің бірнеше көлдеріне тұнады. Тұздарды көлдің табанына жылдар бойы жауын-шашынның салдарынан тұнған кезде ғана алған. Тұзды алу үшін өзен-көлдердегі суға түсіп, оны ауыр затпен ойып күрекпен жинап алған. Шаруалар тұзды судан сүзіп алғасын, оны сол жерде алып-сатарлар арзанға сатып алып, қалаға немесе ауыл аралатып қымбат бағаға сатады. Тұзды көлден алғанда ешкімге ақша төлемейді. Бай дәулетті адамдар сол кездерде де батырақтар мен кедейлердің жұмыс күштерін ақша төлеп пайдаланған. Кедейлер мен батырақтардың жұмыс күшін көбінде ауыл шаруашылығы мен орман кәсіптерінде жиірек пайдалануға тырысады. Сонымен қатар ерлермен бірге әйелдерде көптеген кәсіп түрлерімен айналысады. Олар көбінде үй тұрмысы жағдайында егін егу кезінде және аздап балық шаруашылығында да кездеседі. Жалпы Омбы уезіндегі егін шаруашылығы оңтүстік өңірлердегідей айтарлықтай керемет жақсы дамымасада. Сол жердегі халықтың азық-түлікке сұранысын толықтай өтеп тұрды десек болады. Бұл егін шаруашылығы тек оңтүстік өңірлерде ғана емес солтүстік аймақтарда да болды дегенге нақты жауап бола алады. Сонымен қатар темірден, ағаштан түйін түйгендер көптеген үй-тұрмыс заттарын, ат әбзелдерін, қол өнер бұйымдарын жасаған. Шеберлер жасаған заттарын жәрмеңкелерге немесе ауылдастарына сатып, айырбас сауда жасап күн көрген.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное) / Гл.ред. Р. Нургалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 480 б.
2. Бөкейхан Ә. Шығармалары – Сочинения, – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017. 1 т. – 608 б.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. 5-том: П-Я, – 816 б. (иллюстрацияланған)
4. Қыр баласы. Алым тарату жолы // Қазақ. 16.05.1913. №14
5. Аққұлы С. Әлихан Бөкейханның 1916 жылғы көтеріліске көзқарасы басқаша болды // National digital history of Kazakhstan www.e-history.kz электронды сайты. 25 мамыр, 2016 жыл.
6. Жұмабеков Ж.А., Ерикова М.Е. Қазақстанның аграрлық дамуы ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде // National digital history of Kazakhstan // www.e-history.kz электронды сайты. 06 Тамыз. 2014 жыл.
7. Артықбаев Ж. Қорғалжындағы ортағасырлық қоныстар // Астана Ақшамы. - 2012. - 5 сәуір.
8. Сайфулмаликова С.С. Көшпелі қазақ қоғамындағы су көздеріне қатысты мәселенің кейбір теориялық аспектілері (XIX ғ) // National digital history of Kazakhstan // www.e-history.kz электронды сайты. 10 Тамыз, 2013 жыл.
9. Әмірхамзин А. Қыпшақ Сейітқұл туралы не білеміз? // National digital history of Kazakhstan www.e-history.kz электронды сайты. 05 Қыркүйек, 2017 жыл.

References

1. Bokeihanov A. Tahdamaly (izbrannoe) / Gl. Red. R. Nurgaliev. – Almaty: «Qazaq ensioklapediasy», 1995. - 480 b.
2. Bokeihan A. Shygarmalary – Sochinenia. - Astana: «Alashorda» Qogamdyq qory, 2017. 1 tom. – 608 b.
3. Qazaqtyh etnografialyh kategorialar, ugymdar men ataularynyh dasturli zhuiesi. Ensiklopedia. – Almaty: TOO «Alem damu Integratsia», 2017. 5-tom: P-YA, - 816 b. (ilistruatsiangan)
4. Qyr balasy Alym taratu zholy // Qazaq. 16.05.1913. №14.
5. Aqquly S. Alihan Bokeihannyn 1916 zhylgy koteriliske koz qarasy bashasha boldy // National digital history of Kazakhstan www.e-history.kz elektrondyh saity. 25 mamyr, 2016 zhyl.
6. Zhumabekov Zh., Erikova M. Qazaqstannyn agrarlyh damuy reseilik zertteushilerdih ehbeginde // National digital history of Kazakhstan www.e-history.kz elektrondy saity. 06 tamyz. 2014 zhyl.
7. Artyhbaev Zh. Qorgalzhyndagy ortagasyrlyh qonystar // Astana Aqshamy. - 2012. - 5 sauir
8. Saifulmalikova S. Koshpeli qazaq qogamyndagy su kozderine qatysty maselenih keibir teorialyh aspektileri (XIX g) // National digital history of Kazakhstan www.e-history.kz elektrondyh saity. 10 tamyz, 2013 zhyl.
9. Amirhamzin A. Qypshaq Seitqul turaly ne bilemiz // National digital history of Kazakhstan www.e-history.kz elektrondyh saity. 5 Qyrkuiek, 2017 zhyl.

ҚАЗАҚ - ЖАПОН ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАСТЫҒЫ

Қуанбай О.Б.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, КҒҚ. Алматы, Қазақстан.

Аңдатпа. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, КҒҚ. Алматы, Қазақстан. Мақалада алғаш рет қазақ-жапон тілдерінің тарихи тамырластығының нақты көрсеткіші ретінде қос тілдің септік жалғауларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары ғылыми салыстырмалы тұрғыда жан-жақты зерттеліп, қарастырылған. Қазақ-жапон тілдерінің генеологиялық классификацияда Алтай теориясында болса, морфологиялық классификация бойынша агглютинативті (яғни жалғамалы) тілдер тобына жататынын ескерсек, бұның өзі қос тілдің тарихи тұрғыда шығу тектерінің бір екендігіне үлкен сілтеме екені анық. Сол тарихи тамырластықты ғылыми тұрғыда зерттеп-зерделеу Алтай тілдер тобындағы жапон-қазақ тілдерінің бір табан жақын екендіктерін аңғартса керек. Қос тілдің септік жалғауларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жапонтанушы жапондық және шет ел ғалымдардың зерттеулері мен қазақ тілі ғылымының мамандарының еңбектерін салыстыру бағытында ғылыми сараптама жасай отырып, әрбір септік жіті талданды. Септіктерге ғылыми мысал келтіріліп, оның оқылуы мен аудармасы да қоса берілген. Ондағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар анық көрсетілді. Мақала қаза тілінде жазылса да зерттеу обьектісі ретінде жапон тіліндегі мысалдармен күшейтілген.
Түйін сөздер: этнолингвистика алтай тілдері, агглютинация, компоративистика, қазақ тілі, септік жалғаулары, тіл білімі, жапон тілі, Жапония, Қазақстан

ИСТОРИЧЕСКАЯ ОДНОКОРЕНЕННОСТЬ КАЗАХСКОГО И ЯПОНСКОГО ЯЗЫКОВ

Қуанбай О.Б.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, МНС. г. Алматы, Казахстан.

Аннотация. В статье впервые научно исследуются сравнительно-сопоставительные показатели и связи падежных окончаний со сходствами и различиями двух языков как точного индикатора исторической однокорененности казахского и японского языков. Казахский и японский языки в генеалогической классификации входят в Алтайскую макро-семью языков, и по морфологической классификации относятся к агглютинативным (т. е. «приклеивание» различных формантов суффиксов или префиксов) группам языков. Этот историко-лингвистический факт является отличным поводом для изучения происхождения исторических корней двух языков. Научные исследования падежных окончаний японского и казахского языков вполне могут подтвердить тот факт, что подгруппы алтайских языков еще ближе друг к другу, чем принято считать в настоящее время, несмотря на географическое расстояния. Каждый грамматический падеж сравнительно-сопоставительно анализируется с работами японских и зарубежных ученых, работающих на японском языке, а также профессионалов казахского языкознания. В ходе исследования были четко продемонстрированы сходства и различия. В качестве подтверждения научных положений в статье использовано множество примеров на японском языке.
Ключевые слова: Япония, Казахстан, японский язык, казахский язык, падежные окончаний, лингвистика, компоративистика, агглютинация, этнолингвистика, Алтайские языки.

HISTORICAL SINGLE ROOTEDNESS OF KAZAKH AND JAPANESE LANGUAGES

Kuanbay O.

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article for the first time explores the scientifically comparative indicators of case endings with similarities and differences of bilingual connections as an accurate indicator of the historical unity of Kazakh-Japanese languages. The Kazakh and Japanese languages in the genealogical classifications are included in the Altai macro-family of languages, and by morphological classification they are referred to as agglutinative (i.e., "sticking" various formant suffixes or prefixes) groups of languages. This historical linguistic fact is an excellent reason to study the origin of the historical roots of the two languages. Scientific studies of case graduations of Japanese-Kazakh languages may well represent that the sub-groups of Altai languages are even closer to each other, despite geographic distances. Each grammatically case is comparatively compared with the works of Japanese and foreign scientists working in Japanese, as well as professionals of Kazakh linguistics. During the study, similarities and differences were clearly demonstrated. As an object of study, the article was supported by many examples in Japanese.

Keywords: Japan, Kazakhstan, japanese language, kazakh language, case endings, linguistics, comparativists, agglutination, ethnolinguistics, Altaic languages.

Кіріспе

Қазақ-жапон халықтарының тарихи тамырластығын этнолингвистика бағыты бойынша жан-жақты талдап, ұлттық болмыстың, ұлт ретіндегі сан ғасырлық тарихи қалыптасуы үрдісінің осы тілдік құрылымдардың бір ізділікке келуімен айқындалатындығы ғылымда белгілі. Кез-келген халықтың ұзақ мыңжылдықтарға созылатын этнотарихының қалыптасуы оның фольклёрлық, тарихи-мәдени құндылықтары, салт дәстүрі мен әдет-ғұрыптары болмыс-бітімі сол халықтың ойлау тілі арқылы жүзеге асытыны мәлім. Тарихты зерттеу өткен тарихи үрдістерге ғылыми обьективті баға беріп қою ғана емес, ұлтың тұтас бір тірі организімі ретіндегі тілдердің шығу тегіне назар салып зерттеу – көптеген ғылымдағы шешімі табылмаған сұрақтарға жауап берері сөзсіз. Халықтардың тарихи тамырластығын ғылыми бағамдау – қос мемелекеттің өзара ғылыми ынтымақтасатықтан тыс, халықтар арасындағы байланысқа одан әрі тарихи салада көптеген жаңалықтар ашуға септігін тигізеді. Жапон-қазақ халқының тілдері шығу тегі тарихында яғни генеологиялық және морфологиялық классификация тұрғысында өзіндік ұқсастықтары бар екендігі жалпы ғылыми ортада белгілі болса да, тарихи үндестікті табу мақсатында тілдің грамматикалық форманнтарын жіктеп, оны салыстырмалы салалы қарастыру Алтай тілдер тобындағы қос тілдің ғылыми жақындастығына негіз бола алады. Қазақ тілі және жапон тілдеріндегі септік жалғауларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау – тарихи тамырластықты ғылыми тұрғыда дәлелдей түседі. Қос тілдегі септік жалғаулары өзара байланыстырылып әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Сондықтан салыстырмалы түрде ғылыми талдау жасап, зерттеуді қажет ететіні анық.

Мақаланың маңыздылығына тоқтала кетсек, қазақ тілі мен жапон тілдеріндегі септік жалғауларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын негізге ала отырып, географиялық қашықтықта жатқан қос елдің тарихи тамырластығының ғылыми зерттелуіне айтарлықтай жол ашылуында. Нақты айтқанда, күншығыс елі мен Ұлы Дала халықтарының ұлттық болмысы мен таным-түсініктерінің қалыптасып, оның тұтас бір этностық белгілерінің көрінуін ғылыми процессуалдық зерттеу осы тілдік форманттар арқылы жасалынатыны мәлім. Сол себепті кез-

келген ұлттың флектативті не агглютинативті топтар құрамына кіретініне қарамастан, қауымдық құрылым дәрежесінен бастап этнос ретінде қалыптасуына дейінгі алғашқы белгілерінің бірі – сөз бен сөйлем байланысына қатысатын тілдік құрамдардың, септік жалғауларының маңызы өте жоғары. Тіл құрылымдарын байланыстыра отырып, зерттеу барысында екі елдің автохтонды мәдениет белгілері айшықталады да, ол өз кезегінде ұлттық тарих пен мәдениеттің бітімін негіздейді. Осы арқылы қазақ-жапон тілдерінің ішінде септік жалғауларын салыстыра отырып, екі тілдің тарихи тамырластығына нақты дәлелдер келтіреміз. Жапония мен Қазақстан арасындағы тарихи-мәдени байланыстардың ғылыми негіздемесінің жобалануына әрі нақты зерттеу бағыты ретінде болашақтағы тарих пен этнология саласында ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыруда осы сынды қазақ-жапон халықтарының ұлттық болмысының зерттелуі үрдісінде аса маңызды рөлге ие. Мақалада қос тілді зерттеу барысында тілдердің белгілі бір дәрежедегі ұқсастықтарын көре отырып, олардың өзара тарихи тамырластығын зерделеуге болады. Бұл өз кезегінде ғылыми байланыстарыдың нығаюына тарихты әр қырлы ракурстардан зерделеуге септігін тигізеді. Жапония мен Қазақстан арасындағы ғылыми байланыстың нығаюына аз да болса өз үлесін қосады деп үміттенеміз. Осы ғылыми мақала жапон тіліне, тарихына қызығушылығы бар оқушыларға, студенттерге, тіл мен әдебиет пәндерінің мұғалімдеріне, жалпы оқырмандарға, қазақ тілін үйренуші жапондарға немесе жапон тілін үйренуші қазақтарға ғылыми тұрғыда екі тілді қатар және қысқа мерзімде меңгеруге көмекші құрал болады деген ойдамыз. Зерттеу тақырыбы әлі де болса тереңірек қарастыруды талап етеді деп білеміз. Дегенмен, жапон – қазақ қалқының болмысын зерттеуде маңызды ғылыми ақпараттық көмекші бола алады деген ойдамыз.

Материалдар мен зерттеу методологиясы

Тарихи тамырластықтың белгілерін жапон-қазақ халықтарының лингвистикасы арқылы да зерттеуге болады. Соның бір көрсеткіші осы тарихты зерделеу олардың өткен оқиғаларына тирихи баға беру ғана емес тіл секілді тірі құбылысты зерттеу арқылы тарихи тамырластықты байланыстыруға нақта қадамдар жасалды. Дәйекті айтқанда, септік жалғауларына ғылыми анықтама беруде «Словарь иностранных слов» (М., 1986), «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (Алматы., 1961) , «Қазақ тілінің сөздігі» (Алматы., 1999), «Қазақ тілі энциклопедия» (Алматы., 1998), «Қазақ тілі энциклопедия» (Алматы., 2005), жан-жақты пайдалынылды. Сонымен қатар, мақала жазу барысында орыс тілінде жазылған ғалымдардың ғылыми еңбектерін аудару ісінде «Орысша-қазақша қазақша-орысша сөздік» 1-том. (Алматы., 1978) пайдаланылды. Келесі кезекте мақаланың негізгі бөлігінде келтіорілген көптеген салыстырмалы мысалдар жапон тілінің оқулықтары: «みんなの日本語初級I» Minna no Nihongo Tokyo 2001, «みんなの日本語初級I漢字» Minna no Nihongo Kanji (English Edition) Tokyo 2003, «日本語初歩» With the Compliments of The Japan Foundation Japanese Language Institut Urawa . Tokyo, Japan, 2002., «新文化初級日本語II» Bunka institute of language. Tokyo 2000, кітаптарынан алынды. Бұл оқулықтар Жапонияның Білім және Ғылым Министірлігі бекіткен оқулық болғандықтан әлемнің түкпір-түкпірінде ғылыми қолданыста. Осы оқулықтардан келтірілген мысалдардың әрқайсысы, әгни әр сөйлем талданып, астында жапон тілінен қазақ тілінде оқылуы да берілген. Тарихи тамырластықты нақты ғылыми зерттеу бағытында бірталай шет елдік оның ішінде жапондық және Отандық білікті ғалымдардың еңбектері де зерттелді. Тақырыпқа қатысты олардың пікірлері де назардан тыс қалмады. Атап айтар болсақ, мақала жазу барысында жапон тіліне қатысты ғылыми базалық мағлұматты жапондық ғалым М. Киэданың «日本語の文法» Грамматика японского языка (М., 2004) жапон тілінің грамматикасы кітабынан қолданылды. Ғалым Масаюки Киэда барынша жан-жақты жапон тілінің құрылымдық грамматикасын зерттеп, нақты схемалармен көрсетіп кеткен. Мақала жазу

барысында осы кітап негізге алынды. Жапон тілі білімі саласында зерттеу жүргізген шет елдік ғалымдардың да нақты айтқанда Н.А.Сыромиятниковтың «Развитие новояпонского языка» (М., 2004) кітабында жапон тілінің заман ағымына қарай өзгерісін жақсы зерттеген. Осы кітапта ғылыми маңызды тұстары да жақсы атап көрсетілген. Л.Т. Нечаеваның «日本語» Японский язык (М.,2002) кітабында жапон тілінің шет елдіктергі жақсы үйрену құралы тұрғысында талдап жазылған. Б.П. Лаврентьевтің «Практическая грамматика японского языка» (М., 2001) кітабы болса алдыңғы тізбек ғалымдардың зерттеулеріндегідей салалы негізді түрде түргізген. Соның ішінде атап өтететіні И.В. Головниннің «Грамматика японского языка» (М.,1986) кітабы да мақаланың ақпараттық базасына негіздеме ретінде алынды. Л.Ю. Даниловтың «Японский язык» (М.,2000) зерттеуінен жапон тілінің септіктеріне қатысты белгілі бір ғылыми негіздемесін қарастырдық. Қазақ тілін зерттеген Отандық ғалымдар легіне келер болсақ, мақаланың зерттеу пәні К. Ахановтың «Тіл білімінің негіздері». (Алматы.,1993) кітабы нақты бағыт бағдар берді. Осы кітапта көрсетілген ғылыми тұжырымдамалар мақаланың құрылымдық қаңқасына негіз болды. Қазақ тілінің септік жалғауларын талдап, іріктеп жазу үдерісінде Ш.К. Бектұровтың «Қазақ тілі» (Алматы., 2006), С. Исаевтың «Қазақ тілі» (Алматы., 1993), Қ. Ибрагимовтың, Б.Базарғалиеваның «Қазақ тілі» (Алматы., 2005), «Практикалық қазақ тілі» (Алматы., 1993), сынды кітаптары кеңінен қолданылды. Жоғарыда аталған авторлар еңбектері қазақ тіл білімі салысындағы жалпыға бірдей ғылыми айналымда болған оқулықтар болғандықтан, ондағы ақпараттың ғылыми бірізділікке негізделген, жүйелі дәйектермен бекітілгендігін ескертеміз. Мақаланың зерттеу пәні сапалы, әрі ғылыми әртараптылық тұрғысынан жан-жақты қарасатырылуына орай Жапонияның баспасынан шыққан мынадай оқулықтар да назардан тыс қалмады. Күнделікті қоланыстағы қазақ тілін жапон елі қалай қабылдайтындығын осы кітіптан анық көруге болады: «カザフ語　会話» Қазақ тілі диалогі. (Токио., 1994). Жапондық көзқарас тұрғысындағы қазақ тілі жайлы ақпаратты 中嶋善輝(Накаджима Ёщитэру) «明解カザフ語文法» 東京 (Жан-жақты түсіндірілген қазақ тілі грамматикасы (Токио., 2004) кітабын пайдаланылды. Ямото Рюджи және С.А Қалқабаева мен Т.С. Сайранбаевтың «カザフ語—日本語　会話» Қазақша-Жапонша тілдескіш (Алматы.,2002), шағын тіл ұстарту құралы да мақаланың әр ракурстан екшеленіп жазылуына үлкен септігін тигізді. Мақалада зерттеу пәніне қатысты шет елдік ғалымдар мен Отандық тіл білімі мамандарының еңбектері алма-кезек салыстыра отырып зерттелді. Әрбір айтылған тұжырым нақты жапон тіліндегі мысалдармен күшейтілді. Мақаланың методологиялық талаптарына сәйкес деректік дәйектемелік база да зерттеу барысында нақты өз қызметін атқарды. Келтірілген дәйектемелер қазақ тіліне аударылып, оның оқылуы да көрсетілді. Септік жалғауларының әрбір жалғауына ғылыми баға беріліп, кестеде, септіктің орын реттері тізбек-тізбегімен ғалымдардың тұжырымдарымен талқылынып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары сандық ретпен нақты анықталды. Ғылыми компаративистика әдісін қолдана отырып жазылған мақала өзінің мақсатты мүддесін орындай алды деп сенеміз.

Зерттеудің негізгі бөлімі

Қазақ-жапон халықтарының тарихи тамырластығы осы халықтардың ойлау жүйесінің негізі болып табылатын тіл арқылы жүзеге асады. Ұлттық сана-сезім мен құндылықтардың қалыптасуы тіл құралы арқылы сол халықтың қоршаған ортаны қабылдауынан, соған орай халықтың ішкі көңіл-күй құбылыстарының белгілері айшықталады. Дәстүр мен таным, рухани әлем жан дүнеиесінің кілті осы тілдің қолданылу орайына сай байып, тарихтың салалы тамырына айналады. Ол өз кезегінде ғасырлар бойы қалыптасатын ұлттық құндылықтар салт-сананың негізін қалап кетері сөзсіз. Мысалға қазақ дүниетанымында ерлік ұғымы елдікпен, имандылықпен обал-сауыбымен қатар жүрсе , жапондықтар да да Отан, ар мен намыс түсініктері қазақ халқына ұқсаса да өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Ол жайлы 1907 жылы Санкт-Петербург қаласында

жарық көрген Дай Ичикаваның И.Клячко аударған «Этика японцевъ» кітібында: жас жапондық жігіт әскерге, соғысқа кетер болса ата-анасы да, келіндері де жас жігіт те бір де бір көздерінен жас шығармайды, бір-бірінің алдында әлсіздік танытпайды. Олардың ұлдарына айтары: «Өз Отаныңа қалтқысыз қызмет етіп абыроймен орал, не болмаса император үшін Отаның үшін жаныңды қый»,-дей отырып жас жігітті жолға салып жібереді. Егер де жас жігіт өлімнен қорқып әлсіздік танытар болса, оны ата-анасы да қоғам да жазғырып, қорқақ ретінде қарайтын еді. Сондықтан жас жігіттің ерліктен басқа таңдауы жоқ (Дай Ичикава, 1907: 2717-2718) Сол секілді халықтың ұлттық мінезі де олардың тұңғиық түйсіктерінен бастау алары сөзсіз. Сонымен қатар тіл тамырластығының тарихында адамның ішкі жан дүнеисіндегі құбылыстарды да атап өтпеуге болмайды. Мысалға, жапондықтардың көп жағдайда алғысты ішінде сақтап, соны қиымылымен білдіруде сол ұлттың өзіне тән ерекшелігі десек те болады. Мысалы, Жапонияның белгілі жазушысы, Нобель сыйлығының иегері Кавабата Иасунаридің «Идзуно одарико» кітабына жазған Такэниши Хироконың «Адам және әдеби туынды» атты сын пікірінде былай деген:«Саяхатшылардың бір тобымен бөлініп кеткеннен кейінгі көз жасын бәлкім сезім деп айтуға келмес. Ол аяқ астынан туған мейірімнен, сананың түбіндегі тәкаппарлықтың бұлтын сейілткен белгі болып табылады. Міне, сондықтанда, «қанша мейірімді болсаңыз да, оны соншалықты табиғаттан сіңіре біліңіз» (Қуанбай,2012:53) Жоғарыда келтірілген мысалда «қанша мейірімді болсаңыз да, оны соншалықты табиғаттан сіңіре біліңіз»,- деу арқылы жапон ұлты өздерінің табиғатқа етене жақын екендіктерін, әрі осындай игілікті берген табиғатқа алғыс білдіруді ұмытпаңыздар дегенді меңзейді. Осылайша қос халықтың ғасырлар бойы жиналған әдет-ғұрыптарымен салт-дәстүрлері жапон-қазақ халықтарын ұлт ретінде қалыптастырып, тілдік қоржынын байыта түскені сөзсіз. Географиялық табиғи факторлар да тілдің лексикологиясына да орасан зор ықпал етеді. Тұрғылықты жердің ауа-райы мен физикалық заңдылық тұрғысында қайталанатын құбылыстарға орай халықтың мінез-құлқы да өзіндік реңге ие болады. Ол өз кезегінде ұлттық дүниетаныммен халықтың ішкі рухани әлемін қанық қыла түспек. Ендігі кезекте осы тілдік құндылықты тереңірек үңіліп жапон қазақ тілдерінің тарихи тамырластығын ол арқылы ұлттық дүнеитаным бұлағын ашуға тереңірек үңіліп көрейік.

Жапон-қазақ тілдерінің тамырластық тарихында, басқа шет тілдерге қарағанда (үнді-европа тілдері, семит-хамит тілдері, кавказ тілі, фин-угор тілі, моңғол тілі, тунгус-манчыжур тілі қытай-тибет тілі) мағына, мазмұндық жағынан бір табан жақын, тіл құрылысы бойынша өзара үндес келеді. Тіл ғылымының зерттелуі екі классификацияға бөлінеді. Тіл білімі ғылымында қазақ-жапон тілдері өзара ұқсас екендігі жалпылама белгілі болса да оның нақты генеалогиялық және морфологиялық классификацияда қос тілдің тілдік құрамының бір екендігін тағы да байқауға болады. (Аханов, 1993:488) Талданатын екі тілдің агглютинативті (жалғамалы) екенін көрдік. Екі тілдегі септік жалғаулары сөйлем құрылысының қажетті бөлігі болып, маңызды орын алып отыр. Бұл тілдік құбылыс географиялық қашықтыққа қарамастан екі елдің ойлау жүйесіндегі, тарихи тамырластықтың рухани тілдік байланысындағы бірізділіктен хабар беретінін көреміз.

Мысалы: この 漢字の 読み方を 教えて 下さい。

(Коно канджино ёмикатао ощиэтэ кудасай)

Мына иероглиф-тің оқылу әдісін үйретіңізші.

(Minna no Nihongo, 2005: 216)

Бұл мысалдан жапон қазақ тілдерінің сөйлем құрылымындағы грамматикалық бөлшекердің орналасу ретінің біркелкілігін аңғарамыз. Тілдердің тамырластығын ғылыми дәлелдеу осындай мысалдарды талдаумен жүргізіледі. Мақалада алдағы уақытта әрбір септік жалғауы жіктеліп нақты талданытынын ескертеміз. Енді кезекте, септіктің ғылыми тұжырымдамаларындағы анықтамаларынан бастайық.

Септік жалғауын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде», «Сөз бен сөздің арасын қиыстырып, септестіріп тұратын қазақ тіліндегі зат есімдік жалғаулардың бір түрі» (Исаев,1993:261),- деп сипаттаса, «Қазақ тілінің сөздігінде» (Қазақ тілінің сөздігі,1999:569) «Септік деп – септік жалғауы (лингвистика) сөздерді септеу кезіндегі жалғанатын қосымшалар» деп келтірілген. Жалпы «септік» деген сөз «көмек-жәрдем» сөздерімен синоним екендігін ескерсек, сөз бен сөзді байланыстыратын негізгі грамматикалық құрал жапон-қазақ елінің ұлттық болмысы, сана сезіміндегі, ойлау жүйесіндегі ұқсастықтан хабар беретінін аңғарамыз. Сол себепті септік жалғауларын зерттеу – этнология саласында да көп ғылыми жаңалықтарға жол ашатынын білуге болады. Келесі ретте септік жайлы жапон, қазақ және орыс ғалымдарының ғылыми анықтамалары қарастырылады:

«Септік жалғаулары деп сөйлемдегі сөздерді бір–бірімен байланыстырып, олардың арасындағы алуан түрлі синтаксистік қатынастарды көрсетіп, өзі жалғанған сөзге әртүрлі заттық ұғымға байланысты грамматикалық мағына үстейтін қосымша» (Исаев,1993:342)-, деп С.Исаев айтса, М.Киэда өзінің «日本語の文法» (Нихонгоно бумпоу) «Жапон тілінің грамматикасы» кітабында - «Септік жалғаулары–деп 格助詞(какуджещи) 名詞 (меищи) (зат есімі) басқа сөздерге жалғанатын сөздерді айтады. Ол сөздің қай бағытқа (позиция) қатысты екенін көрсетіп, кезек-кезегімен жүреді. Септік бағыттың қатысына қарай сөйлемнің барлық бірлігін ұстап тұрады» (Киэда, 2004:507),- деген. Бұл жерде Жапон ғалымы Масаюки Киэда мен С.Исаев та қос тілдегі септіктің анықтамасын беруде тілдік құбылыстағы өзгерістің бірдей екендігін атап отыр. Енді И.В.Головнин септік жалғаулары туралы былай дейді (Головнин,1986:227) «Септік жалғаулары жапон тілінде екінші аса жоғары дәрежелі орынға ие. Бұл грамматикалық қорытындылаушы, әрі айрықша мәнді синтаксистік жеке дара емес морфологиялық өзгермейтін ауызша ауыспалы бірлік. Бұлар жоғарғы дәрежелі сөздерге көмекші ретінде қолданылады...»

Ал енді Б.П. Лаврентьевтің түйіндеуінде: «Септеулік жалғаулар-олар сөйлем мен сөз тіркестерін немесе синтаксисті субстантивті топтың ішіндегі басқа сөздермен және есім сөздерді өзара байланыстыратын грамматикалық құралдың рөлін атқарады. Септік жалғаулары зат есімнен кейін синтаксистік жолмен жалғанады. Алайда, зат есімнің өзі бұл жағдайда өзгеріске ұшырамайды...(Лаврентьев,2001:24)»,-деген, ал Ш.К. Бектұров: «Септік жалғауы да көптік жалғауы сияқты сөз бен сөздің арасын байланыстырып, оларды өзара қарым–қатынасқа түсіреді. Септік жалғауы арқылы есімдер сөйлемдегі етістіктермен де, шылаулармен де олардан басқа сөздермен де, тіпті өзді-өзі де қарым қатынасқа түседі» (Бектұров, 2006:64),-деген анықтама берген.

Г. Қосымова мен С. Исаев Қазақ тілінің 7–сыныпқа арналған оқулығында: «Септік жалғауы деп есімге жалғанғанда, оған белгілі бір грамматикалық мағынаны үстеп, сөйлемде оны басқа сөздермен байланысқа түсіреді» (Қазақ тілі, 2003:22),-деп айтар болса, «Практикалық қазақ тілін» жазған ғалымдар Н. Оралбаева,Т. Әбдіғалиева, Б. Шалабаева септік жалғауын «Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша»,-дейді (Практикалық қазақ тілі,1993:75).

Жоғарыда айтылып кеткен септік жайлы айтқан ғалымдар М. Киэда (жапон ғалымы), Б.П. Лаврентьев, И.В. Головнин (Ресей ғалымдары), Ш.К. Бектұров, С. Исаев, Г. Қосымова, Н. Оралбаева, Т. Әбдіғалиева, Б. Шалабаева (қазақ тілі септіктерін зерттеген ғалымдар) және қазақ тілі түсіндірме сөздігінде жазылған анықтамалар бір жерде тоғысып, септік жайлы толық мағлұмат береді. Осы анықтамалардың жинақталған бір ойды айқындап отырғандығының өзі жапон тілі мен қазақ тілі септіктерінің ұқсастығын көрсетіп, әрі екі тіл де (қазақ және жапон) (Қазақ тілі энциклопедия, 2005:11) агглютинативті тілдер қатарына жататынын анық көрсетеді. Тіл білімі ғылымында Алтай тілдер тобындағы тілдер өзара ұқсас екендігі жазылса да, жапон тілі мен қазақ тілдерінің септік жалғауларын жіктей отырып зерттеу арқылы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу арқылы қос елдің тарихи тамырластықтығын алғаш болып зерттеу –

ғылымда үлкен жетістіктерге бастамашы болмақ деген үміттеміз.

Сонымен, бірінші ұқсастығы, жапон және қазақ тілі септіктерінің рет саны. Б.П. Лаврентьев (Лаврентьев,2001:25) жапон тілінде септіктің саны 12 деп қарастырады, олар Лаврентьев еңбегінде көрсетілген (1–кесте).

Жапон тілі септіктері

(Б.П. Лаврентьев еңбегінде 4–кестеде көрсетілген)

1–кесте

№	Септік атаулары	Септік көрсеткіштері
1. 2. 3.	Тематикалық *amay септігі* Рематикалық *amay септігі* Ортақ *amay септігі*	は (-ва) が(-га) Нөлдік жалғау (сөз түбір күйінде қалады)
4.	Ілік септігі	の(-но)
5.	Барыс септігі	に (-ни)
6.	Табыс септігі	を (-о)
7.	Бағыттаушы септік	へ (-е)
8.	Жатыс септігі	で (-дэ)
9.	Көмектес септік	と(-то)
10.	Шығыс септігі	から (-кара)
11.	Салыстырмалы шығыс септік	より(-ери)
12.	Шектеуші септік	まで(- мадэ)

Қазақ тілінде септік саны – жетеу. Септіктерді зерттеген жапон ғалымы Хащимотоның еңбегінде баяндалған көмекші шылау сөздер классификациясындағы 68-кестенің ғылыми зерттеуге қатысты бөлігі алынып қарастырылды. Астыңғы кестеде көрсетілген. (2–кесте) (Киэда, 2004:504)

Кесте-2 (68–кесте, Хащимото)

Жалғастырушы		
	Ёгеннің артынан (Сын есім)	
	Тайгенге (зат есім) жалғанады	Әртүрлі сөздерге жалғанады

Көмекші үстеу сөздер	Тәуелдеуші көмекші сөз	Септік жалғаулары	Қатысты көмекші сөздер
1. МАДЭ --	*-НО* -	*-ГА; -О; -НИ; -ТО; -ЕРИ; -КАРА, -ДЭ*	*-ВА* -

Жапондық ғалым Хащимото кестесінде септіктерді жетіге бөлгенін көруге болады. Алайда ол қатыстық көмекші жалғауは(ва)-ны, тәуелдеуші жалғауの(но) - ны, шектеуші шылау まで(мадэ)-ні негізгі жеті септік қатарына қоспаған және барыс септігінің тағы бір эквиваленті へ(э) мүлдем жоқ. Осы жеті септік сан жағынан қазақ тілінің септік санымен бірдей болғанымен, орналасу реті ұқсамайды. Рет саны мен орналасуы да тілді қабылдау әрі үйрену барысында өзіндік рөлі болады. Себебі, жеті септіктен тұратын қазақ тілінің жалғаулары осы тәртіп шеңберінде тілдегі өзінің функцияналдық қызметін мүлтіксіз атқарады. Сол секілді жапон тіліндегі септіктер өзіндік ерекшелікке ие. Жапонияның географиялық орналасуына да орай тілдік құрылымның қалыптасу кезінде де мұхит елдерінің халықтарыжапон архипелагына келіп қоныс аударып, тарих толқынында олар өзара біте қайнасып біртұтас жапон еліне айналды. Сондықтан да жапон тілі Алтай тілдер тобындағы тіл болса да, сөйлем құрылымы қазақ тіліндегідей болып сақталса да, этнос қалыптасуындағы сыртқы ішкі факторлар себебінен жапон тіліндегі септік жалғаулары өзіндік ерекшеліктерге де ие. Оны төменгі 3-кестеде жақты нақты талдып көрсетіледі. Егер де Лаврентьев қарастырған тематикалық, рематикалық атау септіктерін бір ғана атау септігі деп, ал барыс септігі мен бағыттаушы септіктерді біріктіріп барыс септігі деп қарастырсақ, ал салыстырмалы шығыс септігі мен шектеуші септікті жоғарыда аталған жапон жеті септігінің қатарынан (қазақ тілі сияқты негізгі жеті септік) (аса маңызды рөл атқармайтындықтан) алып тастаса, қазақ тілі септіктерімен мағыналық және рет саны жағынан ұқсас болады. Бұл ұқсастықтарды ескере отырып, өзгерістер енгізе келе келесі кесте ұсынылды. Осы кестені басшылыққа ала отырып, жапон және қазақ тілі септіктері салыстырылады (3-кесте).

Кесте-3.

№	Қазақ тілі септіктері	Жапон тілі септіктері				
1	**Атау септігі**	Жалғау	***Жалғауы Жоқ***	**主格 しゅかく**	жалғау	**は (ва) が(га)**
Сұрағы	*Кім? Не?*	сұрағы	**だれ、なん (дарэ, нан)**			
2	**Ілік септігі**	Жалғау	***–ның, –нің, –тың, –тің, –дың, –дің***	**属格 ぞくかく**	жалғау	**の (но)**
Сұрағы	*Кімнің? Ненің?*	сұрағы	**だれの、なんの (дарэно, нанно)**			
3	**Барыс септігі**	Жалғау	***–ға, –ге –қа, –ке,***	**与格 よか**	жалғау	**に(ни) へ (э)**

				く			
Сұрағы	*Кімге? Неге?*	сұрағы	だれに、なんに、どこに, どこへ (дарэни, нанни, докони, докоэ)				
4	**Табыс септігі**	жалғау	***–ны, –ні, –ды, –ді, –ты, –ті***	対格 たいかく	жалғау	を	(о)
Сұрағы	*Кімді? Нені?*	сұрағы	だれが、なにを (дарэга, нанио)				
5	**Жатыс септігі**	жалғау	***–ды, –де, –та, – те***	位格 いかく	жалғау	で に	(дэ) (ни)
Сұрағы	*Кімде? Неде?*	сұрағы	だれに、なんで, どこで (дарэни, нандэ, докодэ)				
6	**Шығыс септігі:**	жалғау	***–дан, –ден, –тан, –тен***	奪格 だかく	жалғау	から	(кара)
Сұрағы	*Кімнен? Неден?*	сұрағы	だれから、なにから, どこから (дарэкара, наникара, дококара)				
7	**Көмектес септік**	жалғау	***–мен, -пен, –бен***	助格 じょかく	жалғау	と で	(то) (–де)
Сұрағы	*Кіммен? немен?*	сұрағы	だれと, なんで (дарэто, нандэ)				

Оцуки Фумихико зерттеулерінде жапон тілінде 8 септік бар деп жазса, «Жапон тілі грамматикасының лекциясында» Ямада Ешио септік жалғауларын 9 түрге бөледі. М. Киэда「日本語の文法」(Нихонгоно бумпоу) кітабындағы тұжырымы бойынша 9 септік бар, М. Киэда еңбегіндегі ойды салыстыра отырып, септіктерді қазақ тілі септіктерінің орналасу тәртібі кесте жүзінде көрсетілді. 1–септіктен 4–септікке дейін жапон мен қазақ тілі септіктерінің орналасу реті ұқсас келеді. Бұл ұқсастықты төменгі кестеден көруге болады.

Кесте-4

№	Жалғау	日本語の	Ортақ ұқсастықтары	Қазақ тілі септігі

		格助詞 (жапон тілінің септіктері)	мен айырмашылықтары	
1	**га**	Атау септігі	+	Атау септігі
2	**но**	Ілік	+	Ілік
3	**ни**	Барыс септігі:	+	Барыс септігі
4	**о**	Табыс септігі:	+	Табыс септігі
5	**то**	Көмектес септігі:	–	Жатыс септігі
6	**э**	Барыс септігі (бағыттаушы)	–	Шығыс септігі
7	**ери**	Салыстырмалы септік	–	Көмектес септік
8	**кара**	Шығыс септігі:	–	- - - - - - - - - -
9	**дэ**	Жатыс	–	- - - - - - - - - -

(Түсінікті болу үшін төмендегідей шартты белгілер пайдаланылды: «+» ұқсайды, «-» ұқсамайды.)

Сонымен, жоғарыда аталған ғалымдар Б.П. Лаврентьев, Хащимото, М. Киэда, Оцуки Фумихико, Ямада Ешио еңбектерін қарастырып, олардың тұжырымдарындағы жапон септіктері мен қазақ тілі септіктері арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарына тоқталдық. Әр ғалым әр түрлі ғылыми тұжырымдар мен пікірлер келтіре отырып дәлелдеуге тырысқан. Заман ағымы өзгеруіне қарай, ғылым мен техника дамуы барлық ұлт тардың тіл ғылымына көптеген өзгерістер әкелді. Көнерген сөздер қолданыстан шығып, жаңа сөздер тілдерді де өзгеріске ұшыратты. Мысалы, қазіргі жапон септіктерін орналасу ретін қазақ тілін жапон тілінде түсіндіру барысында 7 септікке бөледі. Олардың мағынасы мен орналасу ретін біздің қазақ тілін ғылыми сипаттау барысында өте ұтымды пайдаланған. Нақты айтқанда, жоғарыдағы жапон тілі септіктерінің рет саны мен орналасуы тұрғысындағы әркелкіліктің ішінен қазақ тіліне жапон тілінде түсініктеме берерде жапон тілінің септіктерін іріктеп алып, жеті септікті жапон тілінде жүйелі түрде көрсеткен. Бұл жайлы 2004 жылы Токиода шыққан «Жан-жақты түсіндірілген қазақ тілі грамматикасы» 「明解カザフ語文法」東京 кітабында көрсетілген (5-кесте) (Жан-жақты түсіндірілген қазақ тілі грамматикасы, 2004:30)

Кесте - 5.

人称 格	一人称		
単数 (私)	**複数(私達)**		
主格 **(～は)** (しゅかく)	Мен	Біз	Біздер
属格 (**～の**) (ぞくかく)	Менің	Біз**дің**	Біздер**дің**

与格 (～へ) (よかく)	Маған	Бізге	Біздерге
対格 (～を) (たいかく)	Мені	Бізді	Біздерді
位格 (～に) (いかく)	Менде	Бізде	Біздерде
奪格 (～から) (だかく)	Менен	Бізден	Біздерден
助格 (～と) (じょかく)	Менімен	Бізбен	Біздермен

Жоғарыда қарастырылған ғалымдардың ғылыми тұжырымдары сараланып, қазіргі таңдағы жапон септіктерін қазақ тілімен байланыстырып қарастыратын болса екі тілді де жеті септіктің өзіндік формасын көруге болады. Әрине, атау септігі секілді өзіндік еркешелігі бар жалғаулар жапон тілінде болса қазақ тілінде тем мен рема тақырыптары қарастырылмағын. Дегенмен, бұндай айырмашылықтар қос тілің септік жалғауларындағы жалпылама ұқсастықтарына еш кедергі келтіре алмайды.

I. Қазақ тілі мен жапон тілінінің атау септігіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Ғылыми анықтама:

は- Зат есімнен кейін жалғанатын жалғау тақырыпты үстейді. Атау септігі квалификативті сөйлемде және толықтауыш қатысқан етістікті, баяндауышты сөйлемде неғұрлым айқын көрінеді (Лаврентьев, 2001:108);

が-Синтаксеманың құрамына кіре отырып, заттанған етістікпен бірге сөз тұлғасын сақтай отырып, зат есімнің синтаксистік бағытын береді (Головнин, 1986:237);

Арнайы жалғауы жоқ, зат есімнің негізгі түбір тұлғасымен сәйкес келеді. Атау тұлғасындағы зат есім сөйлемде бастауыш қызметін атқарады. Басқа сөз таптары келсе заттанып барып, бастауыш болады (Исаев, 1993:44)

Ескерту* -жалғау жоқ деген белгі

Қазақ тілі мен жапон тілінінің атау септігіндегі ұқсастықтар:

1. Атау септігі жапон және қазақ тілінде де бар;
2. Қазақ тілінде «атау септігі» деп аталады, жапонтілінде «主格» (щюкаку) деп аталады;
3. Казақ тілінде атау септігінің сұрақтары: кім? не?

жапон тілінде : だれですか、なんですか (дарэ деска, нан дэска);

4. Екі тілде де бұл септіктер бірінші болып тұрады;
5. Екі тілде де бұл септік белгілі бір объектіні атап айтады: мысалы, қазақ тілінде: «Бірлік түбі – береке» (Халық мақалы). Мақал «береке» сөзіне қатысты айтылып тұр, яғни тақырып «береке» сөзі,

жапон тілінде: てんさいは　わすれたころに　やって　来る

(Тэнсайва, васурэтакорони яттэ куру)

«Зіл-зала ұмыт болғанда келеді» (жапон мақалы)

Бұл жерде қозғалған тақырып – «зіл-зала», соған қатысты оқиға баяндалған;

6. Екі тілде де атау септіктері айтылған затына қарай бастауыштың сұрағына жауап береді де, атау септігіне тұрып тақырыпты білдіреді, грамматикалық қолданыстары ұқсас;
7. «Атау» сөзі 4 әріптен құралса, «主格»(Щюкаку) 4 әріптен құралған;

8. Атау септігінің қазақ тілінде арнайы жалғауы жоқ. Жапон тілінде де жалғау жалғанбайтын кездері болады. (Ғалым Б.П. Лаврентьев жапон тілінде атау септігінің 9 белгісі бар екенін дәлелдегенін айтады):

мысалы: わたくし、そんな 事は 知りません

(Ватакущи, сонна котова щиримасэн.)

Мен ол нәрсені білмеймін...

(Лаврентьев, 2001:30)

9. Қазақ және жапон тілдерінде атау септіктері алдында тұрған сөзді өзгеріске ұшыратпайды;

10. Сөйлем ішінде жаңа тақырып қозғалып, сол (тақырып) зат не адам сөйлемде маңызды болуы ұқсас келеді:

11. мысалы : 私の 兄は 見た、多分、彼が 知っていよう

(Ватащино анива мита, табун, карэга щиттэиё)

Менің ағам көрген, бәлкім, ол білер.

(Жан-жақты түсіндірілген қазақ тілі грамматикасы, 2004:44)

Қазақ тілі мен жапон тілінінің атау септігіндегі айырмашылықтар:

1. Атау септіктерінің жапон тілінде тематикалық, рематикалық және нөлдік жалғаулы деген түрлері бар, жапон тілінде соған орай 「は」(ва),「が」(га)деген атау септігінің жалғауы бар, ал қазақ тілінде жоқ. Жапон тілінің ерекшелігі, теманың (сөздің тақырыбы, бастапқы нүктесі, сөздің оқырманға, тыңдаушыға, және т.б. сөзбен айтқанда, осы сөздің қабылдаушыға белгілі болып табылады) және реманың (бұл тыңдаушы тарапқа жаңа және белгісіз болатын мәлімдеменің бөлігі) болуында.

II. Қазақ тілі мен жапон тілінінің ілік септігіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Қазақ тілінде жапон тілінде

-нің, нің

-дың, дің -の(но)

-тың, тің

Ғылыми анықтама:

の–Зат есімге (名詞) жалғана отырып, жалғанған зат есімді басқа зат есімге анықтауыш қылатын жалғау ауызекі және жазба тілде бірдей қолданылады. Субстантивтенген зат есімге жалғанады. Меншікті принципті көрсетеді.

-нің, ның- меншіктілікті, бір затқа тән екендігін көрсетеді. Әдетте -дың, -дің ілік септігі тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесіп, -тың, –тің қолданылады да, ілік септікті иеленуші зат (я адам) болады. Сондай-ақ бүтіннің бөлшегі (үй-дің терезесі). Әр түрлі табиғи байланыстырады (су-дың сылдыры) білдіреді. Кейде ілік септігі түсіп қалып та қолданылады. (Исаев,1993:44)

Қазақ тілі мен жапон тілінінің ілік септігіндегі ұқсастықтар:

1. Қазақ және жапон тілдерінде ілік септігі бар;

2. Жапон тілінде: «属格» (дзокукаку), қазақ тілінде: «ілік» деп аталады;

3. Екі тілдің де ілік септіктерінің бір қатар сұрақтары бар: қазақ тілінде: кімнің? ненің? қай жақтың? қай жердің?

жапон тілінде: だれの (дарэно)、なんの(нанно)

どこの (доконо)、どちらの (дочирано);

4. Зат есімге, сұрау есімдіктеріне, субстантивті етістіктерден кейін жалғанады: мысалы: これ だれの ノート ですか

(Корэ дарэно ноото дэска)

Мынау кімнің дәптері? (Minna no Nihongo, 2005:18)

5. Өзінің алдындағы сөзге еш өзгеріссіз жалғанады:

мысалы: Жұмыстың жоспары.

仕事の 予定 です

(Щиготоно ётэй дес)

(түбірсөз: «жұмыс -仕事»), (Бектұров,2006:66);

6. Қазақ тілінде ілік септігі жасырын байланысады. Жапон тілінде де жалғауды қолданбауға да болады:

мысалы: Вокзал [дың] алды. (–дың жасырын)

駅 [の] 前 (Эки [но] маэ);

7. Екі тілде де бұл септік жазбаша және ауыз екі тілде қолданылуы өте ұқсас;

8. Жапон және қазақ тілінде бұл септік орын реті бойынша екінші септік;

9. Ілік жалғаулы сөз сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады:

мысалы: 言葉の 意味

(Котобано ими)

Сөздің мәнісі. (Minna no Nihongo Kanji, 2005:117).

Қазақ тілі мен жапон тілінінің ілік септігіндегі айырмашылықтар:

1. Қазақ тілінде ілік септігінің жалғауы үндестік заңына бағына байланысады, сондықтан қазақ тілінде ілік септігінің жалғаулары алтау.

Жапон тілінде 「の」(–но) үндестік заңына бағынуды талап етпейді:

мысалы: Тон–ның жағасы болма,

Ел–дің ағасы бол. (шешендік сөз, нақыл)

すずめの なみだ («аз» деген мағынаны білдіретін тұрақты сөз тіркесі)

(Судзумэно намида)(аудармасы: «Торғайдың жасы» немесе «Қасқалдақтың қанындай»)

III. Қазақ тілі мен жапон тілінінің барыс септігіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Қазақ тілінде жапон тілінде

-ға; -ге — に (ни)

-қа; -ке — へ(э)

-а; -е

Ғылыми анықтама.

に(ни), へ (э) (Киэда,2004:516), (Головнин, 1986:239), (Сыромиятников, 2004:121)

Жанама толықтауыштың бағытындағы субстантивті синтаксема етістікті және адъективті сөйлемдерді анықтайды. Зат есімге және етістікке жалғанады. Сонымен қатар объектіні, іс-әрекеттің бағытын, мекен жайын, мақсатын, соңғы қозғалыс пунктін білдіреді.

–ға, –ге, –қа, –ке- (Бектұров, 2006:66) бұл жалғаулар сөйлемде ашық та жасырын дабайланыса береді. Бұл септіктегі сөз етістікпен болған мүшемен тікелей де, жанамалай да байланысып, негізінен қимылдық бағытын, мақсатын білдіреді. Барыс жалғаулы сөз сөйлемде толықтауыштың қызметін атқарады. (Орысша-қазақша қазақша-орысша сөздік, 1978:356-19)

Қазақ тілі мен жапон тілінінің барыс септігіндегі ұқсастықтар:

1. Қазақ және жапон тілінде де барыс септігі бар;

2. Септік атаулары: қазақ тілінде: «барыс», жапон тілінде «与格» (ёкаку)

3. Екі тілдің барыс септіктерінің сұрақтары:

қазақ тілінде : кімге? неге? қайда? қай жаққа?

жапон тілінде : だれに、なに、どこえ、どこに

(дарэни, нанни, докоэ, докони);

4. Екі тілде де септік жалғаулары рет саны бойынша 3–ші болып орналасады.
5. Екі тілдің барыс септіктері бағытты білдіреді:
мысалы: 私は 学校へ 行った
(Ватащива гаккоуэ йтта)
Мен мектепке бардым.
(Жан-жақты түсіндірілген қазақ тілі грамматикасы,2004:49);
6. Етістіктің қатысына қарай зат есімге (名詞) жалғанады:
мысалы: 1.1 こ 父ににる
(Ко чичини ниру) Бала әкеге ұқсайды.
1.2 私は 日本-へ行こうと 思っています
(Ватащива Нихонэ йкоу то омоттэ имасу)
Мен Жапонияға баруды ойлап жүрмін.
(Nihongo shyoho, 2002:151);
7. Қазақ және жапон тілінде барыс септіктері толықтауыш сұрақтарына жауап береді: мысалы: あしたどこへ行きますか
(Ащта докоэ йкимаска)
Ертең қайда барасың? (Minna no Nihongo, 2005:38);

Қазақ тілі мен жапон тілінінің барыс септігіндегі айырмашылықтар:

Мағыналық жағынан жапон тіліндегі барыс септігінің екі жалғауы бар.「に」(ни) барыс, 「へ」(э) бағыттаушы болып екіге бөлінсе (Б.П. Лаврентьев), қазақ тілінде жалғыз барыс септігі бар. Алайда, «Қазіргі таңдағы жапон тілінде бағыт және іс әрекет мекені бойынша бағыттаушы септік барыс септігінен айырмашылығы жоқ.»,- дейді Б.П. Лаврентьев.

IV. Қазақ тілі мен жапон тілінінің табыс септігіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Қазақ тілі	Жапон тілі
-ны, -ні -ды, -ді -ты, -ті -ын, -н	—を (О)

Ғылыми анықтама:

をНегізінен, зат есімге тура толықтауыштық тұлғаны көрсете отырып, субстантивті синтаксеманы білдіреді. Сонымен қатар іс-әрекет субъектісінің орын ауысуы を-ның жалғануы арқылы етістікпен көрінеді. (Головнин, 1986: 238) (Сыромиятников, 2004:117-118)

–ны, -ні, –ты, –ті табыс септігі жеті септіктің бір түрі. Табыс септігінің жалғаулары кейде ашық, кейде жасырын тұрып байланысады. Табыс септікті сөз үнемі етістікпен жалғанып, амалмен, іспен тікелей қатыста болады, тура толықтауыш қызметін атқарады. Сингармонизм заңына сәйкес буын және дыбыс сипатына қарай жалғанады (Қазақ тілі энциклопедия, 2005:140).

Қазақ тілі мен жапон тілінінің табыс септігіндегі ұқсастықтар:

1. Екі тілде де табыс септігі бар;
2. Жапон және қазақ тілінде табыс септіктері рет саны бойынша 4–орында орналасқан. Жапон тілінде:«対格» (тайкаку), қазақ тілінде «табыс» септігі деп аталады;
3. Қазақ және жапон тілдерінде мынадай бірқатар сұрақтарға жауап береді: кімді? нені? қандайын? қайсысын? кімін? несін? –қазақ тілінде, жапон тілінде: だれが、なにを、どこを、どちらを (дарэга, данио,докоо, дочирао);
4. Табыс септігі екі тілде де тура толықтауыш болады:
мысалы: Суды шым, сөзді шын тоқтатар.(Ибрагимов,2005:145)

ドアを閉める
(Доао щимэру)
Есікті жабу (Shin bunka shokyu nihonngo II, 2000:74);

5. Табыс септігінің жалғаулары сілтеу есімдігінен кейін жалғанады:
мысалы: қазақ тілінде: мынаны өтінемін. (беріңізші)
(Корэо кудасай)
жапон тілінде: これを 下さい (Minna no Nihongo, 2005:23);

6. Жапон тілінде табыс септігінің жалғаулары іс-әрекет нәтижесінде туындаған зат не объектіге жалғанады. Табыс септігінің жалғауының бұл түрі қазақ тілінде де ұштасады:
мысалы: おかさんは 私の 服を ぬって くれました
(Окасанва ватащино ёфукуо нутте курэмащитка.)
Анам менің киімімді тігіп берді (Головнин, 1986:238);

7. Екі тілде де септік жалғауынсыз байланысады:
мысалы: 五キロメートル (を)歩く
(Го киромээтору (о) аруку)
Бес километр (ді) жаяу жүру;

8. Қос тілде де уақыт өлшемі, арақашықтық немесе кеңістікті білдіретін сөздерге жалғанады:
мысалы: 二 三 日を ぼんやり 過ごす
(Ни-сан ничио боняри сугосу)
Екі-үш күнді бос өткізу. (Лаврентьев,2001:38);

9. Негізгі тұрған сөзге қазақ тілінде де жапон тілінде де табыс септігі жалғанған, әрі жіктік жалғауының I жақ жекеше түрі (мен) жасырын тұр:
мысалы: 辞書を 見ます
(Джищёо мимас)
Сөздікті қараймын. (Түбір сөз: сөздік - 辞書)
(Minna no Nihongo Kanji, 2005:117)

Қазақ тілі мен жапон тілінінің табыс септігіндегі айырмашылықтар:

1. Қазақ тілінде табыс септігі буын үндестігіне бағынады, сондықтан алты бірдей жалғауы бар, бірақ жапон тілінде жалғау жалғыз, жапон тілінде барлығына 「を」(О) ғана жалғанады;

2. Қазақ тілімен салыстыра қарағанда жапон тіліндегі табыс септігінің өзіне тән қасиеті, ол шығыс септігінің қызметінде тұра алады:
мысалы: 家を 出る
(Иэо дэру)
Үйден шығу. (Лаврентьев, 2001:38).

V. Қазақ тілі мен жапон тілінінің жатыс септігіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Қазақ тілінде	Жапон тілінде
-да, -де	-で(де)
- та, -те	- に (ни)

Ғылыми анықтама. で– жанама толықтауыштың (объект) бағытындағы (позиция) заттанған етістікті синтаксемаға жалғанатын жалғау. Кейде (Киэда,2004:35) адъективті сөйлемге де жалғанады. «に» (ни) мен (тэ)нің (нитэ) ажыратылуынан жасалынған. (тэ - Камакура 1192-1333 жылғы дәуірде шыққан деп есептеледі). で- әс-әрекеттің орынын, мезгілін, уақытын және белгілі бір заттың көмегімен жасалатынын білдіреді (құрал, жабдықтар) (Головнин,1986:242), (Киэда,2004:529).

-да, -де, -те, -те -қимылдың іс-әрекеттің болу орнын, мекенін, кейде мезгілін, көлемін білдіріп, етістіктен болған мүшеге қызмет етеді. Сонымен қатар мезгіл пысықтауыш және жанама толықтауыштың қызметін атқарады. (Көне түркі жазбаларында жатыс септігінің мағынасы қолданылу аясы қазіргіден де кең болған. Ол барыс, шығыс септіктерінің қызметін атқара алатын.)

Қазақ тілі мен жапон тілінінің жатыс септігіндегі ұқсастықтар:

1. Басқа септіктерге қарағанда жапон тілінің 「で」(де) жатыс септік жалғауы қазақ тіліндегі (де) жалғауымен қолданысы жағынан да әрі дыбысталуы жағынан да ұқсайды:

мысалы: 「おはよう　ございます」は　英語で　何と言いますか

(«Ohaёy годзаймасу» ва эйгодэ нанто иимаска)

«Қайырлы таң» ағылшын тілінде қалай деп айтылады?

(Nihongo shohou, 2002:119);

2. Екі тілдің жатыс септіктерінің арнайы атаулары бар: қазақ тілінде:«жатыс», жапон тілінде: «位格» (икаку) септігі деп аталады;

3. Қазақ және жапон тілдерінде жатыс септігінің сұрақтары: кімде? неде? қайда? だれに (дарэни), なんで (нандэ), どこで (докодэ);

4. Жапон, қазақ тілдерінде жатыс септігі белгілі бір нәрсені анық көрсетеді және жанама толықтауыштың сұрағына жауап береді:

мысалы: 日本で　一番　高い　山は　富士山　です

(Нихондэ ичибан такай ямава фуджи сан дэс)

Жапонияда ең биік тау-Фуджи тауы. (Нечаева,2002:6);

5. Жатыс септіктері екі тілде де іс-әрекет өтіп жатқан орынды білдіреді:

мысалы: 私は　大学で　勉強して　います

(Ватащива дайгакудэ бэнкёщтэ имас)

Мен университетте оқып жатырмын. (Ямото Рюджи,2005:15);

6. Жатыс септігінің жапон тілдегі で(де) нұсқасы және қазақ тілдегі (да) нұсқасы (қайда? どこで) сұрақтарында еш өзгеріссіз сөйлем басы мен ортасында кездеседі:

мысалы: どこで　勉強していますか

(Докодэ бэнкиёщтэ имаска)

Қайда оқып жатырсың? (Ямото Рюджи,2005:15);

7. Жапон және қазақ тілінде жатыс септігі іс-әрекет болып жатқан мезгілді білдіреді:

мысалы: 夏休みに　国へ　帰りなければ　なりません

(Нацуясумини куниэ каэрина кэрэба наримасэн)

Жазғы демалыста елге қайту керек;

8. «で» де нің бұрынғысы «て» тэ болған. Қазақ тілінде жапон тілінің «тэ»жалғауына ұқса «те»жалғауы бар;

9. Екі тілде де іс-әрекеттің уақытын білдіреді:

мысалы: この　仕事は　１つ月で　かんせい　する

(Коно щиготова иккагэцудэ кансэнсуру)

Мына жұмыс бір айда бітеді. (Киэда, 2004:529-530)

Қазақ тілі мен жапон тілінінің жатыс септігіндегі айырмашылықтар:

1. Жапон тілінде жатыс септіктерінің жалғауы жалғыз, қазақ тілінде үндестік заңы бойынша төртеу;

2. Іс- әркетті «で» (ДЭ) құрал, материал арқылы орындалуын білдіреді:

мысалы: バスで　行く- автобуспен бару

(Басудэ ику)

ナイフで　切る　пышақпен кесу.

(Наифудэ киру)　(Сыромиятников,2004:39)

(Жапон тіліндегі «で» (де)жалғауы Қазақ тілінде көмектес септігі қызметін атқарып тұр «мен, бен, пен»).

VI. Қазақ тілі мен жапон тілінінің шығыс септігіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Қазақ тілі　жапон тілі

-дан, -ден,

-тан, -тен　から (кара)

-нан, -нен

Ғылыми анықтама:

から– субстантивті анықтауыш немесе адъективті синтаксемалы бастауышқа және тәуелденген етістікке, субстантивке жалғанады. Ол қимылдың объекті төңірегінде болғанын, себебін, сапалық, сипаттағы сөздің салыстырмалық мәнін, істің, заттың тегін (түбір), өлшемін, мезгіл мәнін, жанама объектіні сипаттайды. (Сыромиятников, 2004:132) (Головнин, 1986:103)

から(кара) Барыс септігінің жалғауынан кейін жалғанатын まで(мадэ) мағынасы жағынан қарама- қайшы.

-дан, -ден, -тан, -тен,-нан, -нен қимылдың іс-әрекеттің неден, қайдан шыққанын, басталғанын білдіріп, сөйлемде жанама толықтауыш және мекен, мезгіл пысықтауыш қызметін атқарады.

Шығыс септігі кейін, бері, соң шылауларымен де тіркесіп жұмсалады. Сонымен қатар барыс септігінің мағынасына қарама-қайшы (Қазақ тілі энциклопедия,2005:459), (Исаев, 1993:45- бет).

Қазақ тілі мен жапон тілінінің шығыс септігіндегі ұқсастықтар:

1. Шығыс септігі жапон және қазақ тілінде де бар;
2. Қазақ тіліндегі септік «шығыс » деп аталады, жапон тілінде «奪格» (だかく) (дакаку);
3. Қазақ тіліндегі сұрақтары: кімнен? неден? қайдан?
   жапон тілінде: だれから (дарэкара), なにから(наникара),
   どこから (дококара); どちらから (дочиракара)
4. Орналасу реті бойынша екі тілде де алтыншы септік;
5. Қазақ және жапон шығыс септіктеріндегі іс-әрекет белгілі бір заттан, я адамнан (объектіден) шығатынын көрсетеді:

мысалы: この　りんごは　おじさんから　送れていました

(Коно рингова оджисанкара окуретеимащита.)

Мына алма ауылдағы ағамнан жіберілген;

(Данилов, 2000:21)

6. Екі тілде де шығыс септігі болған оқиғаның себебін білдіреді:

мысалы: 用事が　ありますから、早く　帰ります

(Ёуджига аримаскара, хаяку каэримасу.).

(Жеке)Жұмысым болғандықтан ерте қайтамын.

(Minna no Nihongo,2005:113);

7. Қазақ және жапон тілінде іс-әрекеттің қай жерден басталатынын көрсетеді:

мысалы:京都駅から 16番のバスに　乗って、大学前で　降ります

(Киотоэкикара 16 банно басуни нотте, дайгакумаеде оримасу.)

Киото станциясынан 16-нөмірлі автобусқа мініп, университет алдынан түсемін. (Minna no Nihongo,2005:130);

8. «Алды, асты, үсті, жаны, ортасы, арасы, арты»
«前、 下、 上、 間、 中、 となり、 後ろ»
сөздеріне еш өзгеріс енгізбей екі тілде де шығыс септігінің жалғауы жалғанады;
10. Шығыс септігі қазақ және жапон тілінде шектеулі арақашықтықты немесе шектеулі уақыттағы болған уақиғаны білдіреді:
мысалы: 昼休み 12時から 1時まで です
(Хируясуми 12 джикара 1 джимаде десу.
Күндізгі тыныңу сағат 12- ден 1- ге дейін.
(Minna no Nihongo,2005:32);
11. Септік қазақ және жапон тілінде де бір нәрсенің екіншісінен ажырату үшін қолданылады:
мысалы: アサンさんが こえから 知っていました
(Асансанга коэкара щиттэимащта)
Асан мырзаны дауысынан таныған едім.
11. Екі тілдің де шығыс септіктері мекен, мезгіл пысықтауыштарды білдіреді;
12. Екі тілдің де шығыс септігі баяндауыш та бола алады:
мысалы: 私達は 日本から です
(Ватащитащива Нихонкара десу)
Біз Жапониядан быз.
Қазақ тілі мен жапон тілінінің шығыс септігіндегі айырмашылықтар:
Қазақ тілінде шығыс септігінің алты көрсеткіші бар, үндестік заңына бағынады, ал жапон тілінде жалғау- біреу.
VII. Қазақ тілі мен жапон тілінінің көмектес септігіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар
Қазақ тілі жапон тілі
-мен
-бен
-пен で (дэ), と(то)
Ғылыми анықтама:
と–өз қызметінде жанама толықтауыштың тұлғасына және объективті зат есімге, субстантивті синтаксема жалғанады. Бұл жалғау жазбаша және ауызекі тілде бірдей қолданылады. Ол (名詞) зат есімге немесе өзімен теңдес сөйлемге жалғана отырып, оны өзінен кейін тұрған сөзге үстеу жасайды.
-мен, -бен, -пен жалғаулары септіктегі істің, амалдың бір зат арқылы жасалуын, себеп мезгілін және тағы басқа түрлерін көрсетеді. Бұл септік басқа түркі тілдерінде жоқ. Үндестік заңына бағынбайды. Жуан варианты да жоқ. Жанама толықтауыш тұлғасында тұрады.
Қазақ тілі мен жапон тілінінің көмектес септігіндегі ұқсастықтар:
1. Қазақ тіліндегі көмектес септігі жапон тілінде де бар;
2. Көмектес септігі жапон және қазақ тілінде де жетінші соңғы септік;
3. Жапон тілінде:助格 (Джёкаку) деп аталса, қазақ тілінде «көмектес» септігі деп аталады;
4. Екі тілде де тілдесуші адамдардың іс-қимылдарға ортақтығы сипатталады:
мысалы: わたしは 家族と 日本へ 行きました
(Ватащива кадзокуто нихонэ икимащита)
Мен жанұяммен Жапонияға бардым;
5. Көмектес септігі екі тілде бірнеше заттың біріккен іс-әрекетін біріктіреді:
мысалы: 彼が 兄と、姉と いっしょに さんぽしました

(Карэга анито, ищщёни санпощимащита.)
Ол ағаммен, әпкеммен бірге қыдырды;

6. Жапон және қазақ тілінде септіктер жанама толықтауыш:
мысалы: アルマスは わたしと も、 あなた も 話しました
(Арумасува ватащито мо, аната мо ханащимащита)
Алмас менімен де сенімен де сөйлесті;

7. Көмектес септіктері екі тілде де салыстырмалы мағына береді:
мысалы: あの 人と 同じく して 下さい
(Ану хито то онаджику щитэ кудасай)
Ана кісімен бірдей жасап беріңізші (Нечаева, 2002: 5);

8. Бір заттың екінші затқа қатыстық жағынан іс-әрекетті көрсетеді:
мысалы: 自転車は 自動車と ぶつかった
(Джитэнщява джидоущията бутсукатта)
Шайтанарба көлікпен соқтығысты;

9. Жазбаша және ауызша тілде бірдей қолданылады.

Қазақ тілі мен жапон тілінінің көмектес септігіндегі айырмашылықтар:

1. Үндестік заңына бағынбайды, қазақ тілінде көмектес септігінің үш жалғауы бар, жапон тілінде көмектес септігінің жалғауы мағыналық жағынан екеу. Істің қандай құрал арқылы істелінетіні айтылады.

2. Жапон тілінде көмектес септігін жатыс септігі атқарады.

Қазақ тіліндегі септік жалғауларының септелуі мен жапон тіліндегі септік жалғауларының септелуінің төмендегі кестелерде үлгісін ұсынамыз.

Кесте-6. Қазақ тіліндегі сөздердің септелуі

№	Септік түрлері	Сұрақтары	Сөздердің септелуі
1.	Атау	Кім? Не?	Әке, қол, күн
2.	Ілік	Кімнің? Ненің?	Әке-**нің**, қол-**дың**, күн-**нің**
3.	Барыс	Кімге? Неге?	Әке-**ге**, қол-**ға**, күн-**ге**
4.	Табыс	Кімді? Нені?	Әке-**ні**, қол-**ды**, күн-**ді**
5.	Жатыс	Кімде? Неде?	Әке-**де**, қол-**да**, күн-**де**
6.	Шығыс	Кімнен? Неден?	Әке-**ден**, қол-**дан**, күн-**нен**
7.	Көмектес	Кіммен? Неден?	Әке-**ден**, қол-**дан**, күн-**нен**

Кесте-7. Жапон тіліндегі сөздердің септелуі

№	Септік түрлері	Сұрақтары	Сөздердің септелуі
.1	Атау	だれ ですか (дарэ деска) どなた ですか (доната деска)	父、手、日 {にち} (чичи) ,(тэ), (хи), {ничи}

		何ですか (нан деска)	
2	Ілік	だれの、(дарэно) どなたの、(донатано) 何の (нанно)	父-**の**、 手-**の**、日-**の** (чичи-**но**),(тэ-но),(хи-**но**),
3	Барыс	だれに、なんに (дарэри),(нанни) どこに、どこへ (докони),(докоэ)	父-**に**、手-**に**、日-**に** (чичи-**ни**), (тэ-**ни**), (хи-**ни**)
4	Табыс	だれが、～を (дарэга), (～о) 何を (нанио)	父-**が**、 手-**を**、 日-**が** (чичи-**га**), (тэ-**о**), (хи-**га**)
5	Жатыс	だれに、(дарэни) 何で、(нандэ) どこで、 (докодэ)	父-**に**、手-**に**、日-**に** (чичи-**ни**), (те-**ни**), (хи-**ни**)
6	Шығыс	だれから、(дарэкара) 何から、(наникара) どこから、(дококара)	父-**から**、手-**から** 日-**から** (чичи-**кара**), (те-**кара**) (ничи-**кара**)
7	Көмектес	だれと、 何で (дарэто) (нандэ)	父-**と**、手-**で**、日-**で** (чичи-**то**),(те-**то**), (ничи-**де**)

Қорытынды

Қазақ халқы мен жапон халқының тарихи тамырластығын этнолингвистика арқылы зерттеу, ғасырлар бойы қалыптасып халықтың ой санасы мен болмысынан хабар беретін тірі құбылыс ретінде тарихи-мәдени қалыптасу барысындағы ерекшеліктерді тіл арқылы қарастыру, оны грамматикалық құрылымдар арқылы дәйектеп дәлелдеу – жапон-қазақ тілдерінде септік жалғауларына зерттеу алғаш жүргізіліп отырған ғылыми ізденіс екендігін атап өтеміз. Қазақ-жапон тілдерінің септік жалғауларындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары әлі күнге дейін ғылыми тұрғыда зерттелмеген. Бұл тақырып болашақта салыстырмалы жан-жақты терең талдауды қажет ететінідігі белгілі. Қос тілдегі септік жалғауларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарының анықталуы – тіл біліміне ғана емес жапон-қазақ халықтарын тануда, этнологияда халықтың болмыс-бітімін анықтауда үлкен жаңалықтар алып келері сөзсіз. Сондықтан да тақырыпты қай жағынан алып қарасақ та, қазақ-жапон халықтарының зерттелуіне, ғылыми саладағы ынтымақтастыққа қосар үлесі зор. Этнолингвистика арқылы күншығыс елі мен Ұлы Дала елінің шығу тектерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын бұдан да терең зерттеуге болатындығына аталмыш мақала тақырыбы дәлел бола алады. Қазақ және жапон тілдеріндегі септік жалғауларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау – қос мемлекет азаматтарының күнделікті тұрмыс-тіршілігінің тарихын зерттеуге де сүбелі үлес қосары сөзсіз. Нақты айтқанда, халықтың тілі арқылы тұрмыстық ерекшеліктер, салт-сана мен әдет-ғұрыптар да қалыптасады. Сол ұлттық құндылықтарды, ел мен жерді, діл мен дінді сақтау аясындағы қоршаған халықтармен болған өзара замана ағымы тұтас бір тарихты жасап шығарады. Жапон-қазақ елінің тарихи тамырластығын зерттеу, оны осы септік жалғаулары арқылы қарастыру – ғылым саласындағы нақты қадамдырдың бірі деуге толық негіз бар. Сондықтан

практикалық ұсыныс ретінде айтар болсақ, қос тілді меңгерем деген кез-келген ынталы тұлғаға септік жалғауларын өткенде, олардың қолданыстағы ерекшеліктері туралы жан-жақты мағлұмат беріп, қазақ-жапон елдерінің тарихи тамырластығын атап өткен артық етпейді. Ғылыми зерттеуді жүргізе отырып, осы тақырыптың болашақта кең ауқымда зерттелуінің қажеттілігіне көз жеткіздік. Аглютинативті тілдерде жалғаулар, оның ішінде септік жалғаулары негізгі рөл атқаратындықтан жапон-қазақ тілдерінің ұқсастығы сол, сөлемдерді көп жағдайда тікелей, яғни сөзбе-сөз аударуға да болатындығынан, ғаламдағы территориялық кеңістіктің екі бөлек жүйесінде орналасақан ел екендіктеріне қарамастан, жапон-қазақ ұлты ойлау жүйесі, қоршаған ортаны қабылдауы, белгілі бір ұлттық ұстаным белгілерінің ұқсастығынан сыр шертеді. Осы сияқты көптеген ұқсастықтарды байқаған жапон ғалымы 飯沼英三: «...ところで、カザフ人は人種的には 日本人と 同じ アジア 系の モンゴロイドに 属し、言語的に も 日本語も その 一つ ではないかと 一部では 言われている アルタイ 語族の 一つを構成する チュルク 諸語に 属しています。日本人と カザフ人が 顔つきも 言語に構造も 似ていると いうのは こういうことからきているわけ です。» (қазақша аудармасы) «...Қазақтар жапондықтар тәрізді Азиялықтардың монголойд нәсіліне жатады. Лингвистика жағынан жапон тілі алтай тілдеріне жататын тілдердің бірі. Жапондықтардың және қазақтардың бет әлпеттері, тілдері де бір-біріне ұқсау себебі осыдан шығар…», - деп тұжырымдаған. Осы пікірге қарап, жапон - қазақ тілдерінің тарихи тамырларының тереңде жатқандығына және сөздік қаймағының ұқсас екендігіне көз жеткізуге болады. Сондықтан да қазақ-жапон тілдерінің тарихи тамырластығын зерттеу арқылы тұтас бір ұлтты тану тұрғысында әлі де тереңірек зерттеу тарих пен этнологияда қашан да аса өзекті мәселелердің бірі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - Алматы: Санат, 1993. - 391 б.

Бектұров Ш.К. Қазақ тілі. - Алматы: Атамұра, 2006. - 336 б.

Головнин И.В. Грамматика японского языка. - М.: МГУ, 1986. - 316 б.

Дай Ичикава Этика японцевъ. - СПб.: С.М. Проппер, 1907. - 31 б.

Данилов Л.Ю. Японский язык. - М.: Муравей-Гайд, 2000. - 64 б.

Жанұзақов Т. Қазақ тілі энциклопедиясы. - Алматы: Атамұра, 1998. - 774 б.

Ибрагимов Қ., Базарғалиева Б. Қазақ тілі. - Алматы: 2005, - 134 б.

Исаев С. Қазақ тілі. - Алматы: Мектеп, 1993. - 170 б.

Имэна Эйдзо. Қазақ тілі диалогы. - Токио: Бунгаку, 1994. - 70 б.

Киэда М. Грамматика японского языка (日本語の 文法). - М.: Живой язык, 2004. - 674 б.

Ямото Рюджи, Қалқабаева С.А., Сайранбаев Т.С. Қазақша—Жапонша тілдескіш. - Алматы, 2005

Қазақ тілінің түсіндерме сөздігі. - Алматы: АН КазССР . - 535 б.

Қазақ тілінің сөздігі. - Алматы: Дайк-Пресс.- 1999. - 776 б.

Қазақ тілі энциклопедиясы. - Алматы: IDK-TIPO. - 1998. - 509 б.

Қазақ тілі энциклопедия. - Алматы: 2005.

Қазақ тілі, 7-сынып. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.

Қуанбай О.Б. Адам және әдеби туынды // Ұлт болмысы. - 2012. - №10(12). - 53-б.

Лаврентьев Б.П. Практическая грамматика японского языка. - М.: Живой язык 2001. - 342 б.

Meikai Kazafugo bunpo. Tokyo (明解カザフ語文法 東京) 東京外国語大学アジア・アフリカ言語文化研究所. - Токио: 2004. -183 б.

(Жан-жақты түсіндірілген қазақ тілі грамматикасы). - Токио: 2004. - 183 б.

Minna no Nihongo. - Tokyo: 2005.- 375 б. (みんなの 日本語初級I)

Minna no Nihongo Kanji. - Tokyo: 2005. - 37 б. (English Edition) (みんなの 日本語初級I 漢字)

Нечаева Л.Т. Японский язык. - М.: 2002. - 344 б. (日本語)

Nihongo shohou 日本語 初歩 Institute Urawa. - Tokyo: 2002. - 354 б.

Орысша-қазақша сөздік, русско-казахский словарь. - 1-том. - Алматы: Тіл білімі Институты. - 1978. - 576 б.

Оралбаева Н. Практикалық қазақ тілі. - Алматы: Ана тілі. - 1993. - 271 б.
Сыромиятников Н.А. Развитие ново японского языка.- М.: Едиториал УРСС. - 2004. - 302 б.
Shin bunka shokyu nihonngo II (新文化初級日本語II) Жаңа жапон тілі оқу құралының II бөлімі. Bunka institute of language. Tokyo: 2000.- 312 б.
Ямото Рюджи, Қалқабаева С.А., Сайранбаев Т.С. Қазақша-Жапонша тілдескіш. - Алматы: Рауан, 2005. - 32 б.

References

Ahanov K. Til biliminin negizderi. - Almaty: Sanat, 1993. - 391 b.
Bekturov SH.K. Qazaq tili. - Almatyi: Atamura, 2006. - 336 b.
Golovnin I.V. Grammatika yaponskogo yazyika. - M.: MGU, 1986. - 316 b.
Day Ichikava Etika yapontsevy. - SPb.: S.M. Propper, 1907. - 31 b.
Danilov L.YU. Yaponskiy yazyik. - M.: Muravey-Gayd, 2000.- 64 b.
Januzaqov T. Qazaq tili entsiklopediyasy. - Almaty: Atamura, 1998, - 774 b.
Ibragimov Q., Bazargalieva B. Qazaq tili.- Almaty: 2005. - 134 b.
Isaev S. Qazaq tili. - Almaty: Mektep, 1993. - 170 b.
Imena Eydzo Qazaq tili dialogi. - Tokyo: Bungaku, 1994. - 70 b.
Kieda M. Grammatika yaponskogo yazyika (日本語の　文法). - M.: Jivoy yazyik, 2004. - 674 b.
Yamoto Ryudji, Qalqabaeva S.A., Sayranbaev T.S. Qazaqsha-Japonsha tildeskish. - Almaty, 2005.
Qazaq tilinin tusinderme sozdigi. - Almaty: AN KazSSR . - 535 b.
Qazaq tilinin sozdigi. - Almaty: Dayk-Press. - 1999. - 776 b.
Qazaq tili entsiklopediyasyi. - Almaty: IDK-TIPO. - 1998. - 509 b.
Qazaq tili entsiklopediya. - Almaty: 2005.
Qazaq tili, 7-synyp. - Almaty: Atamura, 2003. - 208 b.
Kuanbay.O.B Adam jane adebi tuyndy // Ult bolmysy. - 2012. - №10(12). - 53 b.
Lavrentev B.P. Prakticheskaya grammatika yaponskogo yazyika. - M.: Jivoy yazyik 2001. - 342 b.
Meikai Kazafugo bunpo. Tokyo (明解カザフ語文法　東京) 東京外国語大学アジア・アフリカ言語文化研究所. - Tokyo: 2004. -183 b.
(Jan-jaqty tusindirilgen qazaq tili grammatikasy). - Tokyo: 2004. - 183 b.
Minna no Nihongo. - Tokyo: 2005. (みんなの　日本語初級I)
Minna no Nihongo Kanji. - Tokyo: 2005. (English Edition) (みんなの　日本語初級I　漢字)
Nechaeva L.T. Yaponskiy yazyik. - M.: 2002. - 344 b. (日本語)
Nihongo shohou 日本語　初歩 Institute Urawa. - Tokyo: 2002. - 354 b.
Oryissha-qazaqsha sozdik, russko-kazahskii slovar. - Almaty: Til Bilimi Institutyi. - 1978. - 1-t. - 576 b.
Oralbaeva N. Praktikalyiq qazaq tili. - Almatyi: Ana tili. - 1993. - 271 b.
Syiromiyatnikov N.A. Razvitie novo yaponskogo yazyika. - M.: Editorial URSS. - 2004. - 302 b.
Shin bunka shokyu nihonngo II (新文化初級日本語II) Jana japon tili oqu quralynyn II bolimi. Bunka institute of language. - Tokyo, 2000. - 312 b.
Yamoto Ryudji, Qalqabaeva S.A., Sayranbaev T.S. Qazaqsha-Japonsha tildeskish. - Almaty: Rauan, 2005. - 32 b.

ОӘЖ 930.2

СЕМЕЙ ІШКІ ОКРУГЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТ

Лебаев Ф.Р.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері,
1 курс PhD докторанты.

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың ортасына дейінгі Ертістің оң жақ жағалауын бойлай орналасқан Семей ішкі округының әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайының зерттелу тарихнамасы қарастырылады. Семей ішкі округі құрылуының алғышарттары XVII-XVIII ғасырлардан бастау алады. Мақалада Батыс Сібір аймағы туралы XVII-XVIII ғасырларда пайда болған алғашқы зерттеулерден бастап саяхатшылар мен арнайы құрылған экспедициялар, революцияға дейінгі, кеңестік,тәуелсіз кезеңдегі отандық және шетелдік зерттеулерге тарихнамалық шолу жасалған.
Түйін сөздер: территория, қазақтар, ішкі округ, Батыс Сібір, зерттеулер, тарихнама, Ертіс, округ, жер, күрес, Семей

ФОРМИРОВАНИЕ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ВНУТРЕННЕГО ОКРУГА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Лебаев Ф.Р.

PhD докторант 1 курса, младший научный сотрудник Института истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, г. Алматы.

Аннотация. Данная статья рассматривает историографию социально-экономической и политической ситуации в Семипалатинском внутреннем округе на правобережье реки Иртыш в середине 19-го века. Предпосылки к созданию указанного округа складываются, уже начиная с последней трети 18 века. При написании статьи, автором привлекались отчеты специальных экспедиций, путевые записки исследователей 17-18 вв., а также труды ученых и путешественников дореволюционного периода, посвященные исследованиям Западной Сибири. Нами проанализированы труды отечественных и зарубежных исследователей, посвященные формированию Семипалатинского внутреннего округа.
Ключевые слова: Семипалатинск, земля, округ, Иртыш, исследования, историография, внутренний округ, Западный Сибирь, казахи, территория, борьба.

FORMATION OF THE SEMEY INTERNAL DISTRICT: HISTORIOGRAPHICAL ASPECT

Lebayev F.R.

PhD student, littleresearcher of the Institute of History and Ethnology Ch.Ch. Valikhanov
Kazakhstan, Almaty.

Abstract. The article considers the historiography of socio-economic and political situation of the Semipalatinsk (Semey) internal district along the right bank of the Ertis river to the middle of the XIX century. The preconditions for the creation of the Semipalatinsk (Semey) internal district started from the last third of the XVIIIth century. In the article, there are one of the first research in the XVII-XVIIIth centuries about the West Siberia, was a historic review of travelers and specially created expeditions, domestic and foreign research in pre-revolutionary, Soviet, independent times.
Keywords: Semey, earth, okrug, Ertis, researches, historiography, inner district, West Siberia, kazakhs, territory, fight.

Кіріспе

Жалпы Семей ішкі округі құрылуының алғышарттары XIX ғасырдың ортасына дейін Ертістің оң жақ жағалауындағы әлеуметтік-экономикалық жағдаймен тікелей байланысты. Бұл мәселенің зерттелуі Қазақстандағы Ресейдің отарлау саясатымен тікелей байланысты. Ресей империясы жаңа территориямен бірге қанша көшпелі және отырықшы халықты қосып алғанын анықтауға тырысты. Революцияға дейінгі басылымдардан байқайтынымыз: «Қырғыз-қазақтар Азия құрлығында барлық түрік халықтарының ішінде территориясы сияқты саны жағынан да бірінші орында, ал жер бетінде түрік-османдардан кейін екінші орында».

Методология

Мақалада тарихилық принцип негізге алынып, салыстырмалы әдіспен барлық зерттеулер мен еңбектерге тарихнамалық шолу жасалынды.

Талқылау

Тарихнамалық зерттеу болғандықтан аталған мәселеге байланысты XVII-XVIII ғасырларда жазылған алғашқы зерттеулерден бастап саяхатшылар мен арнайы құрылған экспедициялар, революцияға дейінгі зерттеулер, кеңестік кезеңдегі зерттеулер мен еңбектер, тәуелсіз кезеңдегі отандық және шетелдік зерттеулері қамтылған.

Қазақтардың ескі шекаралық шептерге жорығы сипатталатын алғашқы зерттеулердің бірі ретінде XVII – XVIII ғғ. тоғысында пайда болған С. Ремезовтың «Чертежная книга Сибири» атты еңбегін айтуға болады [1].

Белгілі Сібір зерттеушісі, XVIII ғасырдағы алғашқы орыс зерттеушілерінің бірі Г.Ф. Миллердің жинаған материалдары ерекше көңіл аудартады. Ол түркі аңыздары мен жылнамаларға сүйене отырып, қазақ билеушілерінің Сібір аймағымен Ресей жаулап алғанға дейінгі байланыстарын атап өтті. Академик Сібір арқылы көптеген жылдар бойы саяхаттау кезінде Сібір халқы өмірінің түрлі салаларына қатысты құнды материалдар жинады. Миллер жинаған істердің қорлары, белгілі бір дәрежеде, ресейлік алғашқы қоныстанушылардың аймақтың түркі халықтарының бірі - қазақтармен толықтай бейбіт қарым-қатынастарының тарихынан белгілі бір беттерді ашуға мүмкіндік береді [2].

XVIII ғасырдың шығармаларынан академик И.П. Фальк басшылығымен жасалған экспедицияда жиналған құнды материалдарды айналып өту мүмкін емес. Ол және осы экспедицияның мүшелері XVIII ғасырдың екінші жартысында шекара шебінің ішіндегі қазақтардың жорықтары туралы кейбір мәліметтер жинады [3].

П.С. Паллас өзінің саяхатының нәтижесінде біраз құнды мәліметтер қалдырды. Онда патша үкіметі жаулап алған солтүстік қазақ көшпенділері және Жаңа Ешім шебінің салынуы мен нығаюы туралы егжей-тегжейлі тоқталды. Паллас өз еңбегінде қазақтардың шаруашылығы туралы, қазақ-орыс сауда-саттығының пайда болуы мен дамуы туралы мәліметтер қалдырды [4].

Біздің мәселенің негізгі аспектілерін қамтитын келесі бір іргелі еңбекке ұзақ уақыт бойы

Сібір шекаралық шебінде қызмет еткен И.Г. Андреевтің «Описание Средней Орды киргиз-кайсаков» деп аталатын еңбегін жатқызуға болады. Еңбектің құндылығы Тобыл, Томск, Омбы және Семей архивтерінен алынған бай деректер негізінде қоныс аудару мәселесі, Орта жүз қазақтарының Сібір шептерінің ішкі жағына қарай қайта көшуі және Қазақ ордаларының территориальді шекараларының анықталуы туралы нақты фактілік материалдарды қолдануы болып табылады [5].

Зерттеу аймағы бойынша шаруашылық өмірінің бірқатар аспектілерін қарастырылған тарихи-этнографиялық еңбектер XIX ғасырда дүниеге келді. Бұлардың қатарына - С.Б. Броневский, А.И. Левшин, Н.А. Аристов, М. Красовский, Г.Н. Потанин, А. Гейнс, И. Завалишина, Г.Е. Катанаева, В. Радлов, И. Русинов, Н. Зеланд, Н. Чернавский, Н.М. Ядринцев және т.б. авторлар жатады. Олар әскери адамдар сияқты азаматтық шенеуніктер, саяхатшылар мен зерттеушілер болды. Олардың көзқарастары ресми билікпен әрқашан келіспейтін.

XIX ғасырдың 60-жылдары қазақ халқының үш жүзі бойынша саны туралы толығырақ мәлімет беретін А.И. Левшин. Ол өзінің еңбегінде жергілікті тұрғындарды, яғни далалық қазақтарды аса жылы қабылдай алмайтындығы туралы көзқарасын жасырмайды [6].

Левшиннің бұл ұстанымын «Орыс тюркологиясының атасы» аталған В.В. Радлов әшкереледі. Ол былай деп жазады: «Оның (Левшиннің) еңбегін оқи келе қырғыздар Батыс Азияның түркі халықтарының қалдықтары, ұрлықшылары мен қарақшылары болып табылады, қоныстанған халықтардың өміріне бейімделгісі келмеген олар кең далаға қашты, бір сөзбен айтқанда жойылуға лайық. Шын мәнінде, олай емес», - дей келе, өз ойын Радлов былай жалғастырады: «Біз осында тұрып жатқан кезеңнің мәдениетіне қарама-қайшы өркениет кезеңімен айналысып жатырмыз және олардың әрекеттері мен мінез-құлқына басқа көзқараспен қарауымыз керек» [7]. Бірақ, атап өту керек, А.И. Левшиннің жұмысы қазақ халқының географиясы, тарихы мен этнографиясы бойынша алғашқы іргелі зерттеулер болып табылады, онда автор қазақ халқының ежелгі дәуірінен XVIII ғасырдың аяғына дейінгі тарихын егжей-тегжейлі сипаттайды.

Қазақ халқының тарихы мен этногенезінің зерттелуіне айтарлықтай үлес қосқан ресейлік шығыстанушы В.В. Вельяминов-Зернов қазақ халқына шынайы құрмет пен ерекше сүйіспеншілікпен қарады [8]. Оның еңбектерінде қазақ халқының этногенезі мен күнделікті өмір-тіршілігі жан-жақты қарастыралады.

Белгілі сібір зерттеушісі М. Красовский өзінің үш томдық іргелі зерттеуінде ішкі қазақтардың тарихи және демографиялық мәселелеріне тоқталады. Атап айтқанда, алғашқы кезде Ертістің оң жағалауындағы ішкі қазақтарда өзіндік басқару болмағандығы және олардың үстінен жан-жақты әртүрлі билік болғандығы туралы тұрғыдан жазды [9].

Өз еңбегінің бір тарауын XVIII ғасырда Ертістің оң жағалауындағы «адал қазақтар» аталып кеткен көшпелілерге арнаған зерттеуші С.Б. Броневский болды [10].

М.И. Струков XIX ғасырдың аяғында Алтай тау округі қазақтары патша үкіметінің мәжбүрлеп көшіруіне жол бермеу үшін және тұрақты қоныстануы туралы жазды [11].

XIX ғасырдағы Сібір халқының этнодемографиялық ахуалы туралы алғашқы маңызды зерттеу жүргізген С.К. Патканов болды. Өз жұмыстарында 1897 ж. Ресейдің халық санағының алғашқы жалпы санақ деректеріне сүйене отырып, Сібір халықтарына қатысты барлық қолда бар алғашқы ақпараттарды келтіреді. Ол Сібір губернияларындағы қазақтардың санының айтарлықтай төмендеуін атап өтті, оның жер мәселесіне байланысты басқа аумақтарға қоныс аударғандығымен түсіндірді [12].

Сібір казак әскерлерінің ресми тарихшысы, казак генералы Г.Е. Катанаевтың шығармалары негізінен Дала губернаторлығының қазақ-казак қарама-қайшылықтарын жазумен, оның себептерін ашып көрсетуімен ерекшеленеді. Алайда, Г.Е. Катанаев XVIII ғасырдың аяғында

қазақтардың ішкі жаққа өту мәселелеріне тоқтала келе нақты емес тарихи фактілер кездеседі, кейде ашық бұрмалаушылықтар да орын алады [13].

Н.А. Аристовтың «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» атты еңбегі өзіндік қызығушылық туғызады. Зерттеуші Сібір жеріне қазақтардың келуі XV – XVI ғасырларда, яғни ертеректе болған деп тұжырымдайды. Оның пікірінше, Батыс-Сібір аймағының территориясын мекендейтін қазақтардың бір бөлігі Моңғолиядан келгендігін айта келіп: «Моңғолиядағы арғын, найман және керей түркі тайпалары қырғыз даласының солтүстік-шығыс бөлігіне XIII ғасырдың бірінші ширегінде келді»,- деген болжам айтады [14].

Ал Н. Зеландтың «Киргизы. Этнологический очерк» атты зерттеуінде «қайсақ», «қырғыз» сөздеріне анықтама береді. Сонымен қатар, еңбекте алғаш рет қазақтардың кәсіптері мен қолөнерлері туралы жазады [15].

И. Завалишин «Описание Западной Сибири» еңбегінде қазақтардың шаруашылығын толығырақ сипаттайды, қырғыз даласының географиялық белдеудерін анықтауға күш салады. Завалишин, сондай-ақ, қазақтардың өз ұлтына, туған тіліне, тарихына деген сүйіспеншіліктері жоғары екендігіне назар аударады. Егер ол (қазақ) сөз берген болса, ол уәдесінде тұрады, тұрмаған жағдайда басымен жауап береді деп жазады [16].

Н.М. Ядринцев өз еңбегінде Сібір халықтарының, соның ішінде қазақтарды сипаттай келе, «шетел мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен тілдерінің» аймақтағы орыс тілді тұрғындарына әсері туралы айтады [17].

Жаңа кезеңнің алғашқы зерттеулерінен Л.Н. Шнейдер мен А.Р. Доброваның «Население Сибирского края (русские и туземцы)» кітабын атап өткім келеді. Онда Сібірдегі этносаралық қатынас маңызды орын алады. Көшпелілердің қоныс аудару үрдістерін сипаттайды [18].

Г. Тоғжановтың «Казахский колониальный аул» [19] және С. Асфендияровтың «История Казахстана» [20] жұмыстары негізінен Қазақстанның барлық кезеңдегі тарихына қатысты, бірақ біз үшін отаршылдық және аграрлық мәселелерді зерттеуде жаңа әдістемелік көзқарас өте маңызды. Олардың көзқарастары негізінен Ертіс өңірінің оң жағалауындағы қазақ халқы дала қазақтарына қарағанда патша үкіметінің отаршылдық қысымын көбірек бастан кешірді дегенге саяды.

XX ғасырдың 30-50-жылдарындағы зерттеулер жүйенің командалық-әкімшілік моделінің сталиндік моделін құру арқылы күшті идеологияландырылған сарында сипатталады, кейде шындықты бұрмалауға әкеледі. Жеке ұлттық топтарға, соның ішінде Ресейге Қазақстанмен шекаралас жатқан қазақтарға қатысты зерттеулер тоқтатылды. Батыс Сібір қазақтары тарихын зерттеуші К.Н. Балтабаева Кеңес билігінің алғашқы онжылдықтарына қатысты осы жылдар ішінде қазақтардан басқа Сібірдің байырғы халықтарының ұлттық саясат пен тарихын зерттеуде жаңа тұжырымдамар мен пайымдаулар жасайды [21]. Ал керісінше, іргелі ғылыми зерттеу болып табылатын «Сібір тарихы» атты ресейлік өңірлік көптомдықта да қазақ халқы туралы мүлдем мәлімет кездестірмейміз [22].

Қазақстандық академиялық іргелі зерттеулерде, мысалы, «Қазақ ССР тарихы ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін» [23] және «Қазақстанның ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихында» қысқаша болса да Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібір аралығында қоныстанған түркі тайпалары мен жергілікті халықтардың қарым-қатынасына тоқталып өтеді [24].

Кейбір зерттеулерде XVI – XVIII ғасырлардағы Сібірді отарлау тарихын қарастырған С.В. Бахрушин мен В.И. Шунковтың еңбектерінде де біршама құнды мәліметтер кездеседі. Негізінен Сібір хандығының тарихына арналса да қазақтардың тарихы туралы қысқаша тоқталып өтеді [25].

Біз қарастырып отырған мәселе бойынша үлкен қызығушылық туғызған Н.Г. Аполлованың «Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII - начале XIX вв.» атты еңбегі

болып табылады. Сібір аумағының шаруашылық пен экономикалық байланыстарын, қазақ ауылдарына нарықтық қатынастардың әсері туралы қарастыра келе, сол кезеңдегі Қазақстан мен Ресейдің өзара байланысының келбетін ашып көрсетеді. Н.Г. Аполлова келесі еңбегі XVI соңы - XIX бірінші жартысындағы Ертіс бойындағы халықтардың шаруашылықты меңгеруі тақырыбына арналады. Зерттеуде Ресей мемлекеті мен қазақтардың трансшекаралық мәселесі туралы көптеген фактілік материалдар кездеседі [26].

Батыс Сібір қазақтарының этникалық және этномәдени үрдістері туралы арнайы зерттеу жүргізген РҒА «Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейінің» (Санкт-Петербург) ғылыми қызметкерлері О.М. Бронникова, В.П. Курылев, зерттеушілер М.Е. Каримова, О.Б. Опарина және т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Зерттеліп отырған аумақтың қазақтары туралы қазіргі заманғы тарихшы-этнографтардың зерттеулері де өте маңызды. Осы орайда, атақты омбылық ғалым Н.А.Томиловты айтуға болады. Ол орыс зерттеушілерінің ішінде ең алғашқылардың бірі болып қазақтардың Батыс-Сібір жазығына жылжуы XVI ғ. бастау алатынын айтты. Атап айтқанда, былай дейді: «XVI ғасырда көшпелі қазақтар Тобыл, Ешім, Ертістің жоғарғы жағына жиі келіп тұрды. Олар Көшім хан әскерінің құрамында қазақтар, ноғайлар, өзбектер болды». Сібір ғалымы. теориялық мәселелері жазбаша, архив құжаттары және фольклорлық деректерге негізделеді және осы бойынша өзінің тұжырымдарын түсіндіреді [27].

Омбы және Томск этнографтары - Ш.К. Ахметова, Р.М. Жуманова, И.В. Захарова, И.А. Лаптева, Н.И. Лапузина, О.М. Проваторова, Е.Ю. Смирнова, Л.И. Шерстова, Е.В. Карихтардың еңбектерінде этникалық үрдістермен бірге Сібір территориясындағы қазақ диаспорасының қалыптасу тарихы қарастырылады.

XX ғасырдың 70-90 жылдарында Қазақстанда тарихи-демографиялық жұмыстар топтамасы жарық көрді. Олар Н.В. Алексеенко, Н.Е. Бекмаханова, М.С. Мұқанов, А.В. Коновалов және т.б.. Бұл жұмыстарда біз зерттеген кезеңге байланысты Қазақстанмен шекаралас жатқан ресейлік губерниялар аумағында қоныс аудару мәселелері, шаруашылықтардың саны және қазақтардың құқықтық мәртебесі туралы айтылады. Мысалы, Н.В. Алексеенко Алтайдың ерте мекендеген қазақтар жайында: «XV ғасырдың екінші жартысында Алтай территориясын батыс моңғол тайпалары - жоңғарлар басып алып, қазақтарды ауыстырады». Яғни, жоңғарлар келгенге дейін Ертіс бойында қазақтардың болғаны туралы нақты түсінік береді. Жалпы алғанда, XVIII ғасырдың ортасы ол территорияға бұрынғы меншік иелері – қазақтардың «екінші қоныстануы» туралы айтады [28].

М.С. Мұқанов өзінің «Этническая территория казахов в XVIII - начале XX вв.» деген еңбегінде Сібір шебі салынбай тұрып-ақ осы аймақта қазақтар емін-еркін көшіп-қонып жүргенін айтады. Келесі бір еңбегінде ол Сібір жылнамалары мен басқа деректерге сүйене отырып түркітілдес керейлердің Батыс Сібірдің оңтүстігіне XVIII ғасырдың басында қоныс аударғандығын көрсетеді [29].

А.В. Коноваловтың «Казахи Южного Алтая» зерттеуінде Оңтүстік Алтай диаспорасының қалыптасу мәселелері - аймақтағы қоныс аудару тарихы, қазақтарды шоқындырудың кейбір қырларын қарастырады [30].

Қазақстанның қазіргі территориясының сыртқары өмір сүретін қазақтар туралы отандық тарихнамадағы алғашқы кешенді зерттеулердің бірі Г.М. Мендикулованың монографиялық еңбегін жатқызамыз. Автор өз жұмысында тарихи үдерістің пайда болуы мен қалыптасуы, сонымен қатар қазақ диаспорасының қазіргі жағдайы мәселелерін қарастырады [31].

Ж.О. Артықбаевтың тарихи-этнографиялық еңбегінде XIX ғасырдағы қазақ қоғамында алғаш этноәлеуметтік және мәдени-шаруашылық құрылым қалыптасуы қарастырылады. Қазақтардың жартылай отырықшылық өмірге көшу себептері анықталды, жекелеген аймақтарда

жерді пайдаланудың ерекшеліктері жөнінде нақты деректермен дәйектейді [32].

Аталған мәселе бойынша атақты зерттеуші, тарихшы Ж.Қ. Қасымбаевтың зерттеулерінің құндылығы жоғары. Мысалы, «Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг.» [33], «История города Семипалатинска (1718-1917)» [34] еңбектерінде Семей қаласының ертеден зерттей келе, әлеуметтік, экономикалық, шаруашылық, саяси тұстарын кеңінен қамтыған. Келесі бір «Под надежную защиту России» деп аталатын монографиясында XVIII ғасырдың соңына қарай орыс-қазақ саяси және басқа байланыстарды нығайтудағы осы үдерістің рөлін атап өтіп, патшалықпен бекітілген Сібір шептерінің ішкі жағына жаппай көшудің алғашқы жылдарын егжей-тегжейлі сипаттайды [35].

М.Қ. Қозыбаев «Отечественная история XX века: мифы и реальность» атты мақаласында отандық тарихтағы маңызды мәселелердің бірі патша үкіметінің Еділ, Жайық, Жем, Ертіс және Ешім өзендерінен қазақтарды алыстату мәселелерін қарастырды [36].

М.К. Ақанов өзінің «Из истории воссоединения прииртышских земель Казахского края» деп аталатын мақаласында Ертістің оң жағалауындағы қазақтар өмірінің кейбір аспектілерін көрсетті [37]. М. Баринованың «Кулунды - древнее кочевье казахов» атты мақаласында Құлынды даласында, Ертістің оң жағалауында қазақтар ертеден көшіп-қонып жүргендігін айтады [38].

Келесі осындай маңызды зерттеуге З.Е. Қабылдиновтың монографияларын жатқызамыз. XVIII ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басындағы Том және Тобыл губерниялары территориясындағы қазақтардың өмір тіршілігі мен демографиялық аспектілерін қарастырады [39]. «Казахи внутренних губерний России во второй половине XVIII начале XX веков» атты монографиясында жаңа Ешім шебінің салынуы мен ішкі аймақтарға қазақтардың дәстүрлі көшпенділердің қоныс аударуы туралы жазды [40]. 2018 жылы жарық көрген «Султанмамет Султан: Государственный деятель, дипломат и батыр» атты монографиясында Ертіс бойындағы қазақтардың Семей ішкі округі құрылғанға дейінгі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы толығымен сипатталады. Архив құжаттары негізінде Сұлтанмамет сұлтанның дипломат, батыр, мемлекет қайраткері екендігін дәлелдей отырып, XIX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайды ашып көрсетеді. Сұлтанмамет сұлтан және оның ұрпақтарының Ертістің оң жақ жағалауын қазақтарға қайтару жолында ұзаққа созылған күрестерінің нәтижесінде 1854 жылы 19 мамырда Семей ішкі округі құрылды [41].

Қорытынды

Көптеген тарихшылар жер саясатының мәселелерінде тек Қазақстанның Ресейге қосылу тұрғысынан ғана бір жақты көзқараспен қарайды. Өз кезегінде, бұл Қазақстан мен Ресей арасында қалыптасқан ұзақмерзімді экономикалық қарым-қатынастарсонау ертеден бастау алатыны назардан тыс қалады. Бұл байланыстардың қалыптасуы және нығаюы жолында Ертістің оң жағалауы өте маңызды рөл атқарды. Семей ішкі округінің құрылуы Ертістің оң жағалауына қазақтардың нақты қол жеткізген жеңісі десек те болады. Ал бұл мәселе өз кезегінде толық зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ремезов С. Чертежная книга Сибири, составленная тобольским сыном боярским С. Ремезовым в 1701 году. – СПб., 1882.
2. Миллер Г.Ф. История Сибири. Т.l. – М., 2000.
3. Фальк. Полное собрание ученых путешествии по России, издаваемые императорского Академией Наук по предложению ея президента. Записки путешествия Академика Фалька. Т.6. – СПб., 1824.
4. Паллас П.С. Путешествие по разным местам Российского государства по велению Санкт-Петербургской императорской Академии наук. Часть II. Кн.2. – СПб., 1786. –571 с.
5. Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. –А-Ата: Санат, 1998. – 280 с.
6. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
7. Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. – М., 1989. – 749 с.

8. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. 4.1. – СПб., 1863.
9. Красовский М. Область сибирских киргизов. Т.3. – СПб., 1867.
10. Броневский С.Б. «Записки генерал-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды» // Отечественные записки. Ч. 41, 42, 43. –СПб., 1830.
11. Струков М.И. Краткий очерк Алтайского округа ведомства Кабинета его императорского величества. – СПб, 1896. – 28 с.
12. Патканов С.К. Краткий очерк колонизации Сибири // Ежегодник России, 1907. – СПб., 1908. – С. XXII-LXII.
13. Катанаев Г.Е. К вопросу о так называемых «земельных захватах» Сибирского казачьего войска. – Омск, 1898. – 19 с.
14. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. – 182 с.
15. Зеланд Н. Киргизы. Этнологический очерк // Записки ЗСОРГО. Кн. XVIII. – Вып. II. – Омск, 1885.
16. Завалишин И.И. Описание Западной Сибири. Т. 1. – М., 1862.
17. Ядринцев Н.М. Сибирь как колония в этнографическом и географическом отношении. – СПб., 1882.
18. Шнейдер А.Н. Доброва-Ядринцева А.Р. Население Сибирского края: (Русские и туземцы). – М.: Сибкрайиздат, 1928. – 105 с.
19. Тогжанов Г. Казахский колониальный аул. – М., 1934.
20. Асфендияров С. История Казахстана. Т. 1. – Алматы, 1993.
21. Балтабаева К.Н. Казахи и татары Западной Сибири (1919 1932). - Алматы, 1992.
22. История Сибири с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Древняя Сибирь. – Л., 1968. – Т.1.; Сибирь в эпоху капитализма. – Т. 3. – Л., 1967.
23. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней), в 5-ти томах. Т. 2. –423 с.; Т.3. – 543 с. – А - Ата: Наука, 1979.
24. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней), в 5-ти томах. Т. 3. – Алматы: Атамура, 2000. – 768 с.
25. Бахрушин С.В. Избранные работы по истории Сибири в XVI-XVII вв. Ч.1., Вопросы русской колонизации Сибири в XVI - XVII вв. – М.: АН СССР, 1955.
26. Аполлова Н.Г. Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVI первой половине XIX вв. – М.: Наука, 1976. – 371 с.
27. Томилов Н.А. Казахи Западной Сибири в XVIXX вв. // От Урала до Енисея (народы Западной и Средней Сибири). Кн.1. – Томск, 1995. – 186 с.
28. Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав (1870-1914 гг.). – А-Ата, 1981. –112 с.
29. Муканов М. С. Этническая территория казахов в XVIII начале XX веков. –А-Ата: Казахстан,1991. – 64 с.
30. Коновалов А.В. Казахи Южного Алтая (проблема формирования этнической группы). – А - Ата, 1986.
31. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Гылым, 1997. – 264 с.
32. Артыкбаев Ж.О. Казахское общество: традиции и инновации. Караганда, 1993. – 330 с.
33. Касымбаев Ж.К. История города Семипалатинска (1718-1917 гг.). –Алматы, 1998. – 276 с.
34. Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг. (социально - экономический аспект). – А-Ата, 1990.
35. Касымбаев Ж.К. Под надежную защиту России. – А-Ата, 1986. – 136 с.
36. Козыбаев М. Отечественная история XX века: мифы и реальность // Казахстанская правда.- 2000.- 23 мая.
37. Аканов М.К. Из истории воссоединения Прииртышских земель Казахского края // Международная научно-практическая конференция. – Семипалатинск, 2001.
38. Баринова М. Кулунды древнее кочевье казахов // Қазақ тарихы. – № 3. – 1997.
39. Кабульдинов З.Е. Казахи Тобольской и Томской губерний во второй половине XVIII начале XX вв. (историко - демографический аспект). – Павлодар, 2001. – 293 с.
40. Кабульдинов З.Е. Казахи внутренних губерний России во второй половине XVIII начале XX веков. – Павлодар, 2002. – 231 с.
41. Кабульдинов З.Е. Султанмамет Султан: государственный деятель, дипломат и батыр. – Алматы: «Литера-М», 2018. – 303 с.

References

1. Remezov S. Chertejnaıa knıga Sıbırı, sostavlennaıa tobólskım synom boıarskım S. Remezovym v 1701 godý. – SPb., 1882.
2. Mıller G.F. Istorıa Sıbırı. T.l. – M., 2000.
3. Fálk. Polnoe sobranıe ýchenyh pýteshestvıı po Rossıı, ızdavaemye ımperatorskogo Akademıeı Naýk po predlojenıý eıa prezıdenta. Zapıskı pýteshestvıa Akademıka Fálka. T.6. – SPb., 1824.
4. Pallas P.S. Pýteshestvıe po raznym mestam Rossııskogo gosýdarstva po velenıý Sankt-Peterbýrgskoı ımperatorskoı Akademıı naýk. Chas II. Kn.2. – SPb., 1786. – 571 s.
5. Andreev I.G. Opısanıe Srednei Ordy kırgız-kaısakov. – A-Ata: Sanat, 1998. – 280 s.
6. Levshın A.I. Opısanıe kırgız-kaısaskıh ord ı stepeı. – Almaty: Sanat, 1996. – 656 s.
7. Radlov V.V. Iz Sıbırı. Stranısy dnevnıka. – M., 1989. – 749 s.
8. Velıamınov-Zernov V.V. Issledovanıe o Kasımovskıh saráh ı sarevıchah. 4.1. – SPb., 1863.
9. Krasovskı M. Oblas sıbırskıh kırgızov. T.Z. – SPb., 1867.

10. Bronevskı S.B. «Zapıskı general-maıora Bronevskogo o kırgız-kaısakah Srednei Ordy» // Otechestvennye zapıskı. Ch. 41, 42, 43. –SPb., 1830.
11. Strýkov M.I. Kratkı ocherk Altaıskogo okrýga vedomstva Kabıneta ego ımperatorskogo velıchestva. – SPb, 1896. – 28 s.
12. Patkanov S.K. Kratkı ocherk kolonızasıı Sıbırı // Ejegodnık Rossıı 1907. – SPb., 1908. – S. XXII-LXII.
13. Katanaev G.E. K voprosý o tak nazyvaemyh «zemelnyh zahvatah» sıbırskogo kazáchego voıska. – Omsk, 1898. – 19 s.
14. Arıstov N.A. Zametkı ob etnıcheskom sostave túrkskıh plemen ı narodnostei ı svedenıa ob ıh chıslennostı. – SPb., 1897. – 182 s.
15. Zeland N. Kırgızy. Etnologıcheskı ocherk. Zapıskı ZSORGO. Kn. XVIII. – Vyp. II. – Omsk, 1885.
16. Zavalıshın I.I. Opısanıe Zapadnoı Sıbırı. T. 1. – M., 1862.
17. Ádrınsev N.M. Sıbır kak kolonıa v etnografıcheskom ı geografıcheskom otnoshenıı. – SPb., 1882.
18. Shneıder A.N. Dobrova-Ádrınseva A.R. Naselenıe Sıbırskogo kraıa: (Rýsskıe ı týzemsy). – M.: Sıbkraıızdat, 1928. – 105 s.
19. Togjanov G. Kazahskı kolonıálnyı aýl. – M., 1934.
20. Asfendıarov S. Istorıa Kazahstana. T. 1. – Almaty, 1993.
21. Baltabaeva K.N. Kazahı ı tatary Zapadnoı Sıbırı (1919 1932). - Almaty, 1992.
22. Istorıa Sıbırı s drevneıshıh vremen do nashıh dneı v pátı tomah. Drevnáıa Sıbır. – L., 1968. – T.1.; Sıbır v epohý kapıtalızma. – T. Z. – L., 1967.
23. Istorıa Kazahskoı SSR (s drevneıshıh vremen do nashıh dneı), v 5-tı tomah. T. 2. – 423 s.; T.Z. – 543 s. – A - Ata: Naýka, 1979.
24. Istorıa Kazahstana (s drevneıshıh vremen do nashıh dneı), v 5-tı tomah. T. 3. – Almaty: Atamýra, 2000. – 768 s.
25. Bahrýshın S.V. Izbrannye raboty po ıstorıı Sıbırı v XVI-XVII vv. Ch.1., Voprosy rýsskoı kolonızasıı Sıbırı v XVI - XVII vv. – M.: AN SSSR, 1955.
26. Apollova N.G. Hozáıstvennoe osvoenıe Prıırtyshıa v konse XVI pervoı polovıne XIX vv. – M.: Naýka, 1976. – 371 s.
27. Tomılov N.A. Kazahı Zapadnoı Sıbırı v XVIXX vv. // Ot Ýrala do Enıseıa (narody Zapadnoı ı Srednei Sıbırı). Kn.1. – Tomsk, 1995. – 186 s.
28. Alekseenko N.V. Naselenıe dorevolúsıonnogo Kazahstana (chıslennos, razmeshenıe, sostav (1870-1914 gg.). – A-Ata, 1981. – 112 s.
29. Mýkanov M. S. Etnıcheskaıa terrıtorıa kazahov v XVIII nachale XX vekov. – A-Ata: Kazahstan,1991. – 64 s.
30. Konovalov A.V. Kazahı Újnogo Altaıa (problema formırovanıa etnıcheskoı grýppy). – A - Ata, 1986.
31. Mendıkýlova G.M. Istorıcheskıe súdby kazahskoı dıaspory. Proıshojdenıe ı razvıtıe. – Almaty: Gylym, 1997. – 264 s.
32. Artykbaev J.O. Kazahskoe obshestvo: tradısıı ı ınnovasıı. Karaganda, 1993. – 330 s.
33. Kasymbaev J.K. Istorıa goroda Semıpalatınska (1718-1917 gg.). –Almaty, 1998. – 276 s.
34. Kasymbaev J.K. Goroda Vostochnogo Kazahstana v 1861-1917 gg. (sosıálno - ekonomıcheskı aspekt). – A-Ata, 1990.
35. Kasymbaev J.K. Pod nadejnýıý zashıtý Rossıı. – A-Ata, 1986. – 136 s.
36. Kozybaev M. Otechestvennaıa ıstorıa XX veka: mıfy ı reálnos // Kazahstanskaıa pravda.- 2000.- 23 maıa.
37. Akanov M.K. Iz ıstorıı vossoedınenıa prıırtyshskıh zemel Kazahskogo kraıa // Mejdýnarodnaıa naýchno-praktıcheskaıa konferensıa. – Semıpalatınsk, 2001.
38. Barınova M. Kýlýndy drevnee kocheve kazahov // Qazaq tarıhy. – № 3. – 1997.
39. Kabúldınov Z.E. Kazahı Tobólskoı ı Tomskoı gýbernı vo vtoroı polovıne XVIII nachale XX vv. (ıstorıko - demografıcheskı aspekt). – Pavlodar, 2001. – 293 s.
40. Kabúldınov Z.E. Kazahı vnýtrennıh gýbernı Rossıı vo vtoroı polovıne XVIII nachale XX vekov. – Pavlodar, 2002. – 231 s.
41. Kabúldınov Z.E. Sýltanmamet Sýltan: gosýdarstvennyı deıatel, dıplomat ı batyr. – Almaty: «Lıtera-M», 2018. – 303 s.

МРНТИ 13.11.25

ҚЫТАЙ ИМИДЖІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ФАКТОРЫ

Маулит Б.[1], Шарыпқазы Н.[1]

[1]Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары. Алматы қ., Қазақстан.

Аңдатпа. Бұл мақалада Қытай Халық Республикасының халықаралық имиджінің қалыптасуының ішкі және сыртқы факторлары қарастырылған. Қытай үшін халықаралық имидждікті дамыту жоғары орынды иеленеді, себебі бұл Қытайды әлемге танытудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Мақалада имидждік сипаттамалардың негізгі үш түрі қарастырылған. Халықаралық имиджді қалыптастыруда халықтың мәдени мұрасы мен оның шығармашылық экономикасын бейнелеу әлеуетін қолданады.
Түйін сөздер: сыртқы фактор, ішкі фактор, халықаралық имидж

ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ ИМИЖДА КИТАЯ

Маулит Б.[1], Шарыпқазы Н.[1]

[1]Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби, преподаватель.
г. Алматы, Казахстан.

Аннотация. В данной статье рассматриваются внутренние и внешние факторы формирования международного имиджа Китайской Народной Республики. Для Китая развитие международного имиджа занимает важное место, так как это является одним из основных способов популяризации Китая в мире. В статье предусмотрены три основных вида имиджевых характеристик. Используется потенциал отображения культурного наследия народа и его творческой экономики в формировании международного имиджа.
Ключевые слова: экономика, имидж, внутренний фактор, внешний фактор.

THE FORMATION FACTOR OF IMAGE OF CHINA

Maulit B.[1], Sharypkazy N.[1]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, teacher. Almaty c., Kazakhstan.

Abstract. This article discusses the internal and external factors of the formation of the international image of the people's Republic of China. For China, the development of international image occupies a high place, as it is one of the main ways to popularize China in the world. The article provides three main types of image characteristics. The potential of displaying the cultural heritage of the people and its creative economy in the formation of the international image is used.
Keywords: economy, image, internal factor, external factor.

Кіріспе

Аңдатпа. Түркістан қаласының тарихында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезі ерекше кезеңнің бірі болып табылады. Бұл кезеңде Түркістан қаласын патшалық Ресей жаулап алып, онда өзінің отаршылдық саясатын жүргізуімен ерекшеленеді. Сондай-ақ сол тарихи дәуірде қазақ халқының арасында отарлық тәуелділікке деген наразылықтың қарқын алуында Түркістан қаласы да өзіндік маңызға ие болды. Оның мұндай маңыздылығы 1917-1918 жылдардағы әлеуметтік-саяси үдерістер кезінде айқын сезілді. Патшалық Ресейдің Түркістан қаласын жаулап алуын, онда өзінің отарлық билік жүйесін құруы және отаршылдыққа қарсыластықтағы Түркістан қаласының орны отандық тарих ғылымында арнайы зерттелген емес. Сондықтан да бұл мәселені қарастыру өзіндік ғылыми маңызға ие деп санауға болады.
Түйін сөздер: азаттық қозғалыс, отарлық саясат, Қоқан хандығы, патшалық Ресей, Түркістан

СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ГОРОДЕ ТУРКЕСТАНЕ В КОНЦЕ XIX - НАЧАЛО XX ВВ.

Сандыбаева А.Д.

Доцент Международного казахско-турецкого университета им. К.А. Ясауи.
г. Туркестан, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются проблемы истории города Туркестана в конце XIX-начале XX века. Статья написана на основе материалов Центрального государственного архива Республики Узбекистан. В статье использованы материалы газеты "Бірлік туы" (Знамя единство).
Ключевые слова: Туркестан,царская Россия, Кокандское ханство, колониальная политика, освободительное движение.

SOCIO-POLITICAL PROCESSES IN THE CITY OF TURKESTAN (LATE XIX - EARLY XX CENTURIES)

Sandybaeva A.D.

K. A. Yassawi Kazakh-Turkish International University, Associate Professor.
Turkestan, Kazakhstan

Abstract. This article discusses the issues of the history of the city of Turkestan in the late XIX-early XX century. The article is based on the materials of the Central state archive of the Republic of Uzbekistan. The article uses the materials of the newspaper «Birlik Tuy» (the Banner of unity).
Keywords: Turkestan, tsaristRussia, Kokand khanate,colonial policy,liberation movement.

Кіріспе

Патшалық Ресейдің үстемдігі тұсындағы Түркістан қаласының тарихы арнайы зерттеу объектісі ретінде қарастылған емес. Сол себепті де отандық тарих ғылымында Түркістан қаласында патшалық Ресейдің үстемдігі тұсындақандай әлеуметтік-саяси үдерістердің орын алғаны объективті тұрғыда көрініс тапқан жоқ.

Түркістан қаласының тарихында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде небір тарихи оқиғалар орын алды. Бұл тарихи оқиғаларды нақтылы деректік материалдар негізінде ашып көрсету Түркістан қаласы тарихының қыры-сырын терең аңғаруға өз септігін тигізеді.

Талқылау нәтижесі

Түркістан қаласының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі әлеуметтік-саяи үдерістер арнайы зерттелмесе де оның әркелкі қырына өткен дәуірлерде әркелкі бағалар берілді. Бұл ретте А.И. Макшеев [А. Макшеев, 1890: 126-142], К.К. Абаза [К. Абаза, 1902: 65-72], М.А. Тернетьев [М. Терентьев, 1906: 158-169] секілді орыс зерттеушілерінің еңбегінде патшалық Ресейдің жаулауы мәселесі көрініс тапқанын ерекше атауға болады. Аталған авторлар Түркістан қаласының жаулануын патша өкіметінің мүддесі тұрғынан қарастырады. А. Кенесарыұлының еңбегінде [А. Кенесарыұлы, 1992: 21-31] болса, Сыздық Кенесарыұлының Түркістан қаласы үшін күресі дәріптелетіндігі назар аудартады.

А.И. Добросмысловтың еңбегінде [А. Добросмыслов, 1912: 69-81] Түркістан қаласының XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі тарихының мәлселері қарастырылған. Автор Түркістан қаласының патша өкіметі жаулап алғаннан кейінгі әлеуметтік-экономикалық өмірін суреттеумен шектелген. Соның нәтижесінде онда Түркістан қаласының қазақтардың өміріндегі рөлін назардан тысқалдырған.

Түркістан қаласының тарихы мәселелері М. Массон [М. Массон, 1930: 64-66], М. Қожаев [М. Ходжаев, 1995: 14-17], М. Тұяқбаев [М. Тұяқбаев, 2000: 78-79], О. Әметұлы [Ө. Әметұлы, 2002: 36-41] секілді зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Бірақ аталған авторлар еңбекетінде негізінен Түркістан қаласының ортағасырлық дәуіріне баса назар аударған.

Нәтижесі

Түркістан қаласының тарихында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр бас кезінде орын алған әлеуметтік-саяси үдерістер зерттеушілер назарынан тыс қалуда. Мұны ғылыми әдебиеттерге жасаған шолудан да аңғаруға болады. Сондықтан зерттелгелі отырған тақырыпты ғылыми сұранысқа ие деп айтуға толық негіз бар. Бұл бағыттағы зерттеу жұмысы Түркістан қаласы тарихының «ақтаңдақ» беттерін жоюға өз септігін тигізеді.

Негізгі бөлім

Патшалық Ресей XIX ғасырдың екінші жартысына қарай Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығыс өңірлерін жаулап алу бағытындағы әрекетін қарқынды түрде жүргізе бастады. Қоқан хандығының иелігінде болған Қазақстанныңоңтүстік өңірінде патшалық Ресейдің әскери экспансиясына қарсы тұру бағытындағы іс-шаралар қолға алынды. Мұндай іс-шаралардың басында Қоқан хандығының көрнекті қолбасшылары тұрды. Сондай қолбасшылардың бірі Әлімқұл әмірлашкар болатын. Ол 1864 жылы Шымкент қаласын полковник Черняевтің әскерінің жаулап алуына тегеурінді қарсылық көрсетті. Патшалық Ресей әскері осы Шымкент қаласының түбінде қоқандық күштердің мықты тойтарысына алғаш кездескен еді.

Патшалық Ресейге Түркістан қаласын жаулап алу да оңайға түскен жоқ. Перовскіден аттанған полковник Веревкиннің әскері 1864жылы 9 маусымда Түркістан қаласын қоршауға алды.

Түркістан қаласының қоршауға алынғанын Шолаққорғандағы қоқандық бекіністің бастығы Сыздық Кенесарыұлы 120 сарбазымен Түркістан қаласын қорғауға аттанды. Сыздық Кенесарыұлы келгенше қала басшысы Мырзадәулет орыс әскеріне қарсы еш әрекет жасамған еді. Н.А. Веревкин болса қаланың шығыс жақтағы дуалдарының астын кеулеп қазып, жарылғыш оқ-дәрі толтырып, қопаруға бұйрық берді. Түркістандағы қоқандық әскери басшылар орыс әскерлерінің Түркістанның дуалдарының түбін қазып жатқан әрекетеріне қарсы не шара қолданарын білмей, дағдарды. Сыздық Кенесарыұлы қоқандық әскерлерге бұл дағдарыстан шығудың жолы қазу жұмыстарын жүргізіп жатқан орыс әскерлеріне қарсы қамалдан шығып, соғысу керек деген ұсыныс жасайды. Қала бегі бұған қарсылық білдірмейді, бірақ өзі бастап, кірісіп те кетпейді. Қамал сыртына шығып, соғысу туралы бастаманы өз қолына алған Сыздық сұлтан 100 сарбазбен дуал астын қазып жатқан орыс солдаттарына түн ортасында тұтқиылдан тап беріп, 5 солдатты өлтіріп, қалғандарын қашырып, 30 мылтық пен құрал-саймандарын алып, қалаға оралады. Орыстар 3 күнбойы ес жия алмай, үңгір қазуын тоқтатады [А. Кенесарыұлы, 1992: 24].

Сыздық Кенесарыұлы үшінші күні Мырзадәулетке жауды жеңу үшін қол қусырып, отыра бермей, тағы да қамал сыртына шығып, соғысуды ұсынады. Мырзадәулет өзбектердің қамалдан шығуына рұқсат бермейтінін, ал өзі сарбаздарымен шығамын десе, қарсылық білдірмейтінін айтады. Сыздық Кенесарыұлының тағы да қамалдан шығып, орыстарға шабуыл жасайтынын Н.А. Веревкиннің тыңшылары астыртын хабарлап үлгереді. Орыстар қала қақпасынан шығатындарды аңдып, жақындатып барып, оқтың астына алуға дайындалып тұрады.

Түн ортасында тағы да Сыздық Кенесарыұлы мен Құрбанжан Қосымқажаұлы 200 жігітті бастап, орыс әскерлеріне шабуыл жасап, зеңбірек пен мылтықтың бораған оғына қарамастан 1 сағаттай соғысады. Сыздық Кенесарыұлының сарбаздары орыс солдаттарына тап бергенде, қала тұрғындарыкернейлетіп, ұран шақырып, айқайға басып, Сыздық Кенесарыұлының батылдығына қолдау көрсетіп, тілеулерін тілеп, дем береді. Түркістан қаласы түбіндегі осы шайқаста Құрбанжан мен 40 сарбаз шаһид болы, 50 адам жараланады. Бүкіл түркі-мұсылман жұрты аса қастерлейтін Түркістан қаласы үшін болған күресте Сыздық Кенесарыұлының көрсеткен ерлік ісі көпшілікке мәлім болады.Әлімқұл әмірлашкар Сыздық Кенесарыұлының бұл ерлігін жоғары бағалап,оған пансат басы лауазымын берді.

Әлімқұл әмірлашкар Түркістанды орыс әскерінің қоршауынан азат ету үшін Ташкенттен Мыңбай датха бастаған 2000 әскерді аттандырды. Бірақ олар Түркістанға кеш жеткен еді [ӨР ОМА. 715-қ.,1-т., 64-іс, 390-п.]. Өйткені, 1864 жылы 12 маусымда 1495орыс әскері Түркістан қаласын алып қойған еді.

Орыс әскерлерінің Қожа Ахмет Ясауи кесенесін зеңбірекпен аяусыз атқылауға алғанына шыдай алмай, қасиетті орынды құтқарып қалу үшін Жанти Өтепов басына төнген қауіпке қарамай, кесененің төбесіне шығып, жасыл туды көтеріп, қаланың берілетінін білдіруге мәжбүр болды. Түркістан қаласының қақпасын Ж. Өтепов ашып бергенде, Сыздық төре мен қала бегі Мырзадәулет қаладан шығып кеткен еді. Өйткені, Сыздық Кенесарыұлы қаланы азат етуге қоқандық күштерді алып келуге аттанған болатын.

Сыздық Кенесарыұлының атсалысуымен, қоқандық күштердің патшалық Ресейдің әскерімен шайқасы орын алды. Ол шайқас 1864 жылы желтоқсан айының 4-6 күндері Түркістан қ-на таяу маңдағы Икан қыстағы қасында болды. Шымкент қ-н орыс әскері алғаннан кейін, 1864 ж. 27 қыркүйекте Ташкентке ген. Черняев 12 зеңбірегі бар 1550 солдаттан тұратын отрядпен аттанып, оны ала алмай, 15 солдаты қаза тауып, 42 солдаты жарақат алып, қазан айында Шымкентке кері оралған еді. Бұл жәйт қоқандықтардың қолдан шығарып алған қ-ларды кері қайтарып алуға деген талпынысын күшейте түсті. Осыдан соң Әлімқұл әмірләшкар өзінің 10 мыңдық қолымен қараша айының соңына қарай Арыс өз. бойына келіп, Түркістан мен

Шымкенттегі орыс әскери күштерінің өзара байланыс жасауына тосқауыл қойды. Әлімқұл әмірлашкар Иқанға жақындап келіп, әскерімен Шілік жағына, ал Сыздық сұлтан Кенесарыұлы болса, 800 адамнан тұратын сарбаздарымен Түркістан жағына тоқтады. Қоқандық күштердің таяп қалғанын барлауға Түркістаннан Орал (Жайық) казактарынан тұратын есаул Серовтың отряды Иқанға қарай жіберілді. Бұл отрядтың құрамында 114 адам болды. Олардың арасында 1853-56 ж. Қырым соғысы кезінде Севастопольды қорғауға қатысқандар да бар еді. Есаул Серовтың отряды Иқанға таяп қалғанда, оны қоқандықтар кенеттен қоршауға түсіріп, өз еріктерімен берілуін талап етті. Оларға беріліп, мұсылмандықты қабылдайтын болса, онда өмірлері сақталып қалатыны жайлы хабар жіберілді. Бірақ отряд бұл шарты қабылдамаған соң, қоқандықтар оған шабуылға шықты. Сібір казактарынан қоқандықтар жағына өтіп кетіп, мұсылмандықты қабылдап, жаңадан Осмон деген есім алған адам өз сарбаздарымен есаул Серовтың отрядына алғашқы шабуылды бастады. Қорғанысқа көшкен отрядқа Түркістан комендантты көмекке 5 желтоқсан күні 2 зеңбірегі бар 170 адамнан тұратын әскер жіберді. Көмекке жіберілген бұл әскерді Сыздық сұлтан Түркістан жолындағы Сасықбұлақ деген жерде қарсы алып, онымен шайқасқа түсті. Сол шайқаста Сыздық сұлтанның астындағы аты оққа ұшты, он сарбазы жарақат алды. Осыдан соң Сыздық сұлтан бар сарбазымен Түркістанға қарай бет алды. Мұны байқаған орыс әскері есаул Серовтың отряды қолға түскен екен ғой деп, Түркістанға кері оралды. Орыс отрядының Түркістанға жеткенін аңғарған Сыздық сұлтан Иқанға қайта келгенде, мұндағылардың есаул Серовтың отрядын ала алмай әлі атысып жатқанын көрді. Сол жерде Сыздық сұлтан Әлімқұл әмірлашкарға: «Бұл орыстарды осылайша шабуыл жасап жеңе алмаймыз. Әкем Кенесары хан осындай бекініп алған орыстарға шабуыл жасағанда, шөпті қалың буып, соны тасалана домалатып барушы еді, біз де солай істейік» деп ақыл берді. Сөйтіп, шабуыл Сыздық сұлтан айтқандай тәсіл бойынша жүзеге асырылып, есаул Серовтың әскеріне соққы берілді. Алайда, есаул Серовтың отрядындағылардың жартысынан астамы қоршауды бұзып жарып, Түркістанға қарай шегінді. Есаул Серов шегіне отырып, Түркістаннан қайтадан көмекке жіберілген 2 зеңбірегі бар 220 солдатқа қосылғанша шайқас жүргізді. Шайқас барысында Сыздық сұлтанның санына оқ тиген еді, астындағы атына да бес оқ тиіп өлді. Сыздықтың аттан құлағанын көрген Әлімқұл әмірлашкар қасындағы сарбаздарымен жетіп келіп, бірнеше казакты өлтіріп, Сыздық сұлтанды аман алып қалды. Иқан шайқасы кезінде есаул Серовтың қарамағындағы 57 адам өліп, 23 адам ауыр жарақат, 21 адам жеңіл жарақат алды. Сыздық сұлтанның көрсетуінше, осы шайқас барысында қоқандықтар тарапынан 400-ге жуық адам қаза тауып, көп адам жараланған. Бұл қоқандық әскердің атыс қаруы жағынан патшалық Ресейдің әскерінен көп артта қалуына байланысты еді. Генерал Черняев оралдық казактардың қоқандықтар қоршауын бұзып шығуына тәнті болып, Түркістан комендантының оларға дер кезінде көмек көрсете алмағанына реніш танытты. Иқан шайқасынан аман қалған казактар патша өкіметі тарапынан марапатталды. Осыдан соң патшалық Ресей Ташкентті жаулап алуға қарқынды түрде даярлық жүргізе бастады [ӨР ОМА. 715-қ., 1-т., 65-іс., 64-п.]. Патшалық Ресей Орт. Азияны өз отарлық жүйесін құрғаннан кейін, 1884 ж. Иқанда казак жүздігіне арнап ескертіш қойды. Бұл ескерткіш 1917 ж. қазан рев-нан кейін большевиктер тарапынан қиратылды.

Осы Иқан шайқасынан кейін Түркістан қаласында патшалық Ресейдің билік берік орныға түсті. Түркістан генерал-губернаторлығы құрылғаннан соң, 1872 жылы Сырдария облысының құрамында Түркістан уезі құрылды. Осы уездің орталығы Түркістан қаласы болды.

Орталығы Түркістан қаласы ретінде құрылған Түркістан уезі Сырдария облысының Перовск, Шымкент уездерімен және Ақмола облысының Сарысу уезімен шектесті. Түркістан уезі ашылған кезде ондағы қазақтар 61400 адамды құраған. Сондай-ақ Түркістан уезі аумағында 9905 сарт, 270 орыс, 67 татар, 61 бұхаралық еврей тұрған. «Уақытша ережеге» сәйкес Түркістан уезі қазақтары түтін салығын, земство салығын, қалалық училищеге, егу жұмысына салық төлеуге

міндеттелді. Олар бұдан бөлек әртүрлі еңбекпен өтейтін міндеткерліктер атқарды. Уездегі сарттар жер салығын төледі. 1879-1880 жылдары Түркістан уезінде жұт орын алды. Осы жұт кезінде Түркістан кезінде 24469 түйе, 7657 жылқы, 162400 қой, 7667 сиыр қырылып, қазақтардың қолында 7615 түйе, 5028 жылқы, 28983 қой, 3210 сиыр қалды. Бұл жұт Түркістан уезінің ғана емес, Түркістан қаласының да экономикалық жағынан құлдырауына әкеліп соқтырды. Аштық салдарынан Түркістан уезінің халқы көршілес уездерге жаппай көшуі басталды. Соның нәтижесінде уез халқы кеміп, 1884 жылы 44321 адамды құрады. Бұл өз кезегінде Түркістан уезінің 1886 жылы таратылуына алып келді. Түркістан уезі таратылып, оның аумағы Шымкент және Перовск уездерінің құрамына қосылды. Соның негізінде Түркістан қаласы Уез орталығы мәртебесінен айырылды.

Түркістан қаласында XIX ғасырдың соңына қарай орыс халқының үлес салмағы арта түсті. 1897 жылғы санақ бойынша Түркістан қаласының 9 пайыз халқын орыс халқының өкілдері құрады.

XX ғасырдың бас кезінде Түркістан қаласының аумағы 1400 гектар жерді алып жатты. 1903 жылы Түркістанда темір жол вокзалы салынды. 1908 жылы Түркістан қаласында 3616 үй, 41 мешіт, 2 кластық қалалық училище, қыздар училещесі, 1 медресе, 23 мектеп, 2 шіркеу болды. Қала халқы 1910 жылы 15236 адамға жетті.

Түркістан қаласында өнеркәсіп орындарынан 1912 жылы 4 мақта тазалайтын, 10 ма й шайқайтын, 8 сабын қайнататын, 5 кірпіш зауыты болды. Қалада 15 су диірмені жұмыс істеді [А. Добросмыслов, 1912: 71].

1917 жылы Түркістан қаласы тұрғындары патша үкіметінің құлатылуын зор қуанышпен қарсы алды. Олар патша өкіметінің құлатылуы халықтың өзі-өзін басқаруға жол ашады деп қабылдады. Түркістан қаласының халқы Уақытша үкіметке барынша қолдау танытанын білдірді.

Уақытша үкіметтің Түркістан комиеті мүшелері 1917 жылы сәуірде Ташкентте өз жұмысына кіріскеннен кейін Түркістан қаласына өз комисаррын тағайындау жөнінде жарлық шығарды. Алайда бұл жарлық Уақытша үкімет тұсында орын алған дағдарысты жағдайларға байланысты орындалусыз қалды. Осыған қарамастан Түркістан қаласы саяси өмірдің жануында өзіндік елеулі рөл атқара білді. Бұған Түркістан қаласында «Шуро-и-Улема» ұйымының съез өткізуін мысал ретінде келтіруге болады.

Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлау кезінде депутаттыққа кандидаттар ұсынуда Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі барлықұлттық ұйымдар атынан бір тізім жасау керектігін ұсынған болатын. Бірақ мұндай ұсыныстан, яғни «Шурои-ислам» ұйымымен бірлесе Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар белгілеуден «Шурои-улема» ұйымы бас тартты. 1917 жылы 2 қазанда «Шурои-улема»ұйымы Түркістан қаласында Сырдария облысы мұсылмандарының сиезін өткізіп, онда Құрылтай жиналысына өз алдына бөлек депутаттыққа кандидаттар тізімін жасады. 14 адамнан тұратын бұл кандидаттар тізімі қатарында С. Лапин, С. Махмұдқожа, С. Алдабергенов, С. Нұрмұхамедов, Садық Қожа ишан, Х. Ибрагимов, Т. Ғалым, О. Мерейов, М. Мабирхан, Ө. Топчибашев, Қ. Бұралқиев, С. Юсупов, С. Наргелов, Ғ. Махдум бар еді [ӨР ОМА. 528-қ., 1-т., 12-іс, 107-п.].

«Шурои-улема» ұйымы атынан Сырдария облысы мұсылмандарының сиезінде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылғандарға ұлттық демократиялық күштер көңілдері толмайтындығын баспасөздер арқылы білдіріл жатты. Бұл жөнінде «Бірлік туы» газетінде: «Сырдария облыстық мұсылман съезі шын мәніндегі облыстық съезд болмаған. Өйткені, оған Қазалы һәм Әулиеата уездерінен тіпті ешкім келмеген. Барғандардың көбі Ташкенттен ертіп апарған Сералы мен Садық Қожа ишанның өз адамдары болған. Құрылтай жиналысына баратын адамдар саясат ісінен хабардар болуы керек. Олардың ұсынған тізімінде ондай адам жоқ. Көбі молдалар мен ишандар. Олар Петроградқа Николайдың

жаназасын шығаруға бармаса, Құрылтай жиналысындағы топқа түсуге жарайтын адамдар емес» [Х. Болғанбаев, 1917: 1],– деп жазды.

«Шуро-и-улема» ұйымының Түркістанда өткізген съезінен кейін 1918 жылы қаңтарда Сырдария облысының демократиялық күштері съез өткізуді жөн санады.

Сырдария облыстық қазақ съезі деп аталған бұл съез 1918 жылы қаңтардың 6-9 аралығында Түркістан қаласында өтті. Оған 82 өкіл жиналды. Олардың құрамында Перовск уезінен – 15, Әулиеата уезінен – 3, Ташкент уезінен – 9, Қазалы уезінен – 5, Черняев ууезінен – 10, Түркістан қаласынан – 20 өкіл болды. Съезге Алашорда үкіметі атынан Б. Құлманов, Т. Құнанбаев, М. Дулатов қатысты. Сондай-ақ съезге Түркістан автономиясы атынан және Орал обл-ның Темір у. мен Торғай обл-ның Ырғыз у. қазақтарынан бірнеше өкіл келді. Съезге М. Шоқай пен М. Тынышбаев арнайы шақырылған болатын. Бірақ олар бұл съезге қатыса алмады. Съезде Сырдария обл. қазақтарының Алаш автонмиясына қосылу жайы басты мәселе етіліп қойылып, қызу талқыланды. Сөйтіп, бұл жөнінде қабылданған қаулыда Сырдария обл. осы күні тегіс Түркістан автон-сында болғандықтан әзірге Түркістан автономиясы құрамында қалады; Алаш автониясы жарияланып, Түркістан автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақтары сол күннен Алаш автономиясына қосылады; Сырдария қазақтары қосылғанда Алаш автономиясының астанасы Түркістан қаласы болады делініп көрсетілді. Осыдан соң Торғай обл-ның Ырғыз уезіненнен келген өкілдер сөз алып, олар 1917 ж. 28-29 желтоқсанда Ырғыз уезі қазақтарының съезі өткенін және онда Сырдария облысы қазақтары қайда болса, Ырғыз қазақтары да сонда болу туралы қаулы қабылдағанын, яғни Сырдария облысы қазақтарымен бірге Түркістан автономиясына кіруді қалайтындықтарын білдірді. Осыған орай съезде егер белгілі бір себептермен Алаш автон. жарияланбай қалса, онда Ырғыз қазақтарының Түркістан автон-на қосылуына Сырдария облысы қазақтары көмек көрсететіні жөнінде шешім қабылданды. Съезде Ташкенттегі кеңестік биліктің өкілі комиссар П.Г. Полтарацкий кезектен тыс сөз алып, Қоқанда жарияланған Түркістан автономиясы халық тілегіне қайшы келеді деген мазмұндағы пікірін алға тартты. Мұндай пікірге съезге қатысушылар қарсылық танытып, П.Г. Полтарацкийдің съезді тастап, шығып кетуіне мәжбүр етті. Делегаттар халық арасындағы большевиктер озбырлығы мәселесін қарап, қазақтар большевиктер үкіметін мойындамайды және олардың айтқанына еріп, айдағанына жүрмейді деген қаулы қабылдады. Бұл қаулыда большевиктерге еріп, халық берекесін кетірген қазақ азаматтарына наразылық білдірілуі керектігі де айтылды. Делегаттар Түркістан автон-сына сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де қолдау көрсету жөнінде шешім қабылдады. Съезде Түркістан автон-сының Ұлттық кеңесіне Ақмешіттен М. Шоқай, Әулиеатадан Ә. Кенесарин, Шымкенттен С. Сейітов, Ташкенттен Ә. Көтібаров, Түркістаннан Д. Алтынбаев, Қазалыдан М. Күзембаев ұсынылды. Обл. аумағында қазақ милициясын құру мәселесі съезде арнайы қаралып, бұл істі жүзеге асыру Түркістан автон-сының Уақытша үкіметіне мүше болып сайланған азаматтарға және қазақ ұйымдарына тапсырылсын деген ұйғарым жасалды. Мұнан соң съезде делегаттар обл. тұрғындары азық-түлік тапшылығынан аштыққа ұрына бастағанын талқылап, мұны тез арада шешудің жолдарын қарстыру жөнінде Түркістан автономиясының Уақытша үкіметі атына өтініш жасалсын деген қаулы шығарды [Түркістан шаһарында Сырдария қазақ-қырғызының съезі, 1918: 1].

Осылайша, Алаш автономиясымен Түркістан автономиясы одақ құрған жағдайда Түркістан қаласы Алаш автономиясының астанасы болып жарияланатын болды.

Алайда, сол тарихи кезеңде орын алған оқиғаларға байланысты Алаш автономиясы жарияланбай қалды. Алашорда үкіметінің мұны жүзеге асыру жолындағы әрекеті кеңестік биліктің орнығуына байланысты нәтижелі бола қоймады. Оның үстіне 1918 жылы көктемде Ташкенттегі кеңестік билік Түркістан автономиясын қару күшімен талқандады. Мұндай жағдайда Түркістан автономиясының төрағасы Түркістан өлкесінен кетуге мәжбүр болды.

Қорытынды

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы Түркістан қаласының тарихында орын алған әлеуметтік-саяи үдерістер қатарына Түркістан қаласының патшалық Ресей тарапынан жаулануын, Түркістан қаласының уездік орталық болғанын, қаланың отарлық жағдайда патша өкіметінің тірек пункттерінің бірінен саналғанын жатқызуға болады. XX ғасыр басында Түркістан қаласының әлеуметтік келбетіне өзгеріс ала келген оқиға Түркістан қаласы арқылы темір жол құрылысының жүргізілуін және Түркістанның темір жол бойындағы ірі станциялардың бірінен айналуын ерекше айтуға болады.

Патша өкіметінің құлатылуымен Түркістан қаласы қазақтар үшін ірі саяси мәселелерді қарастыратын орынға айналды. Бұған қазақтар арасындағы түрлі саяси ұйымдардың съезінің өткізілуін дәлел ретінде келтіруге болады.

1918 жылы қаңтарда өткізілген съездің шешіміне сәйкес Түркістан қаласын Алаш автономиясының астанпасы ету мәселесі көтерілді. Мұның өзі Түркістан қаласының қазақтар үшін XX ғасыр басында өзіндік маңызға ие болғанын аңғартса керек.

Әдебиеттер

Абаза К.К. Завоевание Туркестана: рассказы из военной истории, очерки природы,быта и нравов туземцев в общедоступном изложении. – СПб.: Типография М.М. Стасюлевича,1902. – 159 с.

Әметұлы О. Түркістан салтанаты. – Астана: Фолиант, 2002. – 202 б.

Болғанбаев Х. Түркістанда // Бірлік туы. – 1917. – 2 октябрь.

Добросмыслов А.И. Города Сырдаринской области (Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулиеата, Чимкент). – СПб.: Издательство «Библиотечный фонд», 1912.

Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – Алматы: «Жалын», 1992. – 48 б.

Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб.: «Военная типография», 1890. – 350 с.

Массон М. Мавзолей Ходжа Ахмеда Яссави. – Ташкент: «Б.и.», 1930.– 128 с.

ӨР ОМА. 715-қ., 1-т., 64-іс.

ӨР ОММ. 715-қ., 1-т., 65-іс.

ӨР ОМА. 528-қ., 1-т., 12-іс.

Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. –т.1.- СПб.: Типолитография В.В. Комарова, 1906. – 547 с.

Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. – Алматы, 2000.

Түркістан шаһарінде Сырдария қазақ-қырғызының съезі // Бірлік туы. – 1918. – 29 январь.

Ходжаев М. Туркестан – столица позднесредневекового Казахстана. – Чимкент: Ордабасы,1995. – 142 с.

References

Abaza K.K. Zavoevanie Turkestana: rasskazy iz voennoj istorii, ocherki prirody, byta i nravov tuzemcev v obshchedostupnom izlozhenii. – SPb.: Tipografiya M.M. Stasyulevicha,1902. – 159 s.

Ametuly O. Turkistan saltanaty. – Astana: Foliant, 2002. – 202 b.

Bolghanbaev H. Turkistanda // Birlik tuy. – 1917. – 2 oktyabr'.

Dobrosmyslov A.I. Goroda Syrdarinskoj oblasti (Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulieata, Chimkent). – SPb.: Izdatel'stvo «Bibliotechnyj fond», 1912.

Kenesaryuly A. Kenesary zhane Syzdykh sultandar. – Almaty: «Zhalyn», 1992. – 48 b.

Maksheev A.I. Istoricheskij obzorTurkestana i nastupatel'nogo dvizheniya v negorusskih. – SPb.: «Voennaya tipografiya», 1890. – 350 s.

Masson M. Mavzolej Hodzha Ahmeda YAssavi. – Tashkent: «B.i.», 1930. – 128 s.

UR OMA. 715-kh., 1-t., 64-is.

UR OMM. 715-kh., 1-t., 65-is.

UR OMA. 528-kh., 1-t., 12-is.

Terent'ev M.A. Istoriya zavoevaniya Srednej Azii. –t.1.- SPb.: Tipolitografiya V.V. Komarova, 1906. – 547 s.

Tuyaқbaev M. Turkistan syrlary. – Almaty, 2000.

Turkistan shaharinde Syrdariya khazakh-khyrgyzynyn s"ezi // Birlik tuy. – 1918. – 29 yanvar'.

Hodzhaev M. Turkestan – stolica pozdnesrednevekovogo Kazahstana. – Chimkent: Ordabasy,1995. – 142 s.

УДК 94(574) «17/19»

ИЗ ИСТОРИИ ПРИНЯТИЯ РОССИЙСКОГО ПОДДАНСТВА КАЗАХАМИ СТАРШЕГО ЖУЗА

Сатенова М.Р.[1], Шалабаева А.Б.[2]

[1]НС Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК,
[2]руководитель Службы использования и публикации архивных фондов ЦГА РК.

Аннотация. В статье на основе архивных материалов освещается история принятия российского подданства казахами Старшего жуза. Процесс присоединения казахов Старшего жуза в состав Российской империи продолжался в течение более столетия. Первые документальные источники, свидетельствующие о фактах обращения хана Жолбарыса и влиятельных лиц Старшего жуза к царскому правительству с просьбой принять их под российское покровительство, зафиксированы в конце первой трети XVIII в. Однако, очередное вторжение джунгарских войск в южные казахские степи и убийство хана Жолбарыса, замедлило этот процесс на многие десятилетия. Во второй половине XVIII в. хан Абылай сумел объединить под своим началом многочисленные родоплеменные группы Среднего и Старшего жузов. После его смерти родовые объединения Старшего жуза, кочевавшие на территории Семиречья, переходят под управление его сыновей султанов Адиля и Суюка. Вскоре, подвластные султану Адилю рода племени дулат, провозглашают его ханом. В 1814 г. хан Адиль вынужден был признать протекторат более могущественного кокандского правителя Омар-хана. Следующим этапом в истории принятия казахами Старшего жуза подданства России стало обращение к царским властям султана Суюка Аблайханова. 18 января 1819 г. российское правительство официально признало подвластных султану казахов родов жалайыр, уйсун и части родовых групп шапырашты российскими подданными. В 1824 г. в подданство России вступили еще 14 султанов, потомков хана Абылая. Вместе с тем, процесс оформления региона Жетысу в составе Российской империи проходил в условиях военно-политического противоборства царских властей с Кокандским ханством и Цинской империей.
Ключевые слова: Южный Казахстан, приставство, бий, Российская империя, батыр, султан, Старший жуз, Алатауский округ, Жетысу, Семиречье

ҰЛЫ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ РЕСЕЙ БОДАНДЫҒЫН ҚАБЫЛДАУ ТАРИХЫНАН

Сәтенова М.Р.[1], Шалабаева А.Б.[2]

[1]ҚР БҒМ Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері
[2]ҚР МСМ Орталық мемлекеттік архивінің архив құжаттарын пайдалану және жариялау қызметінің басшысы

Аңдатпа. Мақалада архив материалдары негізінде Ұлы жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдау тарихына туралы жазылған. Ұлы жүз қазақтарын Ресей империясына қосу процесі ғасырдан астам уақыт бойы жалғасты. Жолбарыс хан мен Ұлы жүздің ықпалды тұлғалары патшалық үкіметке Ресейдің қамқорлығына алуы туралы өтінішпен жүгінген фактілерді куәландыратын алғашқы құжаттық дерек көздері XVIII ғасырдың бірінші жартысында жазылған. Алайда, Жоңғар әскерлерінің оңтүстігіндегі қазақ даласына келесі басып кіруі және Жолбарыс ханның өлтірілуі, ондаған жылдар бойы бұл процессті баяулатты.

XVIII ғасырдың екінші жартысында яғни 1771 жылы қазақтардың аға ханы болып жарияланған Абылай хан өз билігі бойынша Орта және Ұлы жүздердің көптеген тайпалық топтарын біріктірді. Оның өлімінен кейін Ұлы жүздегі руларды біріктіріп, Жетісу аумағында көшіп жүрген руларды оның ұлдары Әділ мен Сүйік басқарды. Көп ұзамай, Дулат тайпасы Әділ сұлтанға бағынып, оны хан деп жариялайды. 1814 жылы қайтыс болғанға дейін, Әділ хан күшті Қоқан билеушісі Омар-ханның билігін амалсыздан мойындап өзі басқаратын рулар оның протекторатын қабылдады.
Ұлы жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдаудың келесі кезеңі, Сүйік Аблайхановтың патша билігіне жасаған үндеуі болатын. 1819 жылдың 18 қаңтарында Ресей билігі сұлтанның қол астындағы жалайыр, үйсін және шапырашты руларының кейбір топтарын Ресей бодандығын ресми қабылдағанын мойындады. 1824 жылы тағы 14 сұлтан, Абылай ханның ұрпақтары Ресей бодандығына кірді. Сонымен қатар, Жетісу аймағын Ресей империясының құрамына кіру процесі патшалық биліктің Қоқан хандығы мен Цин империясымен әскери-саяси қарсыласу контексін де әкелді. Осыған байланысты, патшалық Ресейдің Жетісу аймағының әкімшілік-аумақтық құрылысын реттеу мәселесін XIX ғасырдың 60-шы жылдардың соңына дейін кешіктірді.
Түйін сөздер: Жетісу, Алатау округі, Ұлы жүз, хан, сұлтан, батыр, би, Ресей империясы, бодандық, Оңтүстік Қазақстан.

FROM THE HISTORY OF THE ACCEPTANCE OF RUSSIAN GOVERNMENT BY THE KAZAKHS OF THE SENIOR ZHUZ

Satenova M.R.[1], Shalabaeva A.B.[2]

[1]Research fellow CS MES RK Institute of History and Ethnology named after Ch. Ch. Valikhanov
[2]Head of the Office of the use and publication of archival funds Central State Archive of the ISS RK

Abstract. In the article on the basis of archival materials the history of the adoption of Russian citizenship by the Kazakhs of the Senior Zhuz. was highlighted The process of joining the Kazakhs of the Senior Zhuz to the Russian Empire continued for more than a century. The first documentary sources testifying to the facts of the appeal of Khan Zholbarys and influential persons of the Senior Zhuz to the tsarist government with a request to take them under Russian patronage were recorded at the end of the first third of the 18th century. However, the next invasion of Dzungar troops into the southern Kazakh steppes and the killing of Khan Zholbarys slowed down this process by many decades.
In the second half of the XVIII century Abylai khan, proclaimed in 1771 as the senior khan of the Kazakhs, managed to unite under his authority numerous tribal groups of the Middle and Senior Zhuzes. After his death, the clan associations of the Elder Zhuz, who roamed the territory of Semirechie, came under the control of his sons, the sultans Adil and Suyuk. Soon, subject to the Sultan Adil of the Dulat tribe, proclaim him Khan. Shortly before his death, in 1814, Khan Adil was forced to acknowledge the protectorate of the more powerful Kokand ruler Omar-Khan over himself and his clans.
The next stage in the history of the adoption of the citizenship of Russia by the Senior Zhuz of Russia was an appeal to the royal authorities of Sultan Suyuk Ablaykhanov. On January 18, 1819, the Russian government officially recognized the Zhalayir, Uysun tribes under the authority of the Sultan of the Sultan, and parts of the Shapyrashta clan groups of Russian subjects. In 1824, another 14 sultans, descendants of Khan Abylay, entered the citizenship of Russia. At the same time, the process of formalizing the Zhetysu region as part of the Russian Empire took place under the conditions of the military-political confrontation of the royal authorities with the Kokand Khanate and the Qing Empire. In this regard, the administrative-territorial arrangement of the Semirechie Territory under the authority of Tsarist Russia was delayed until the end of the 60s. XIX century.

Keywords: Semirechye, Zhetysu, Alatau district, Senior zhuz, sultan, batyr, biy, Russian empire, bailiff, South Kazakhstan.

Введение

Тема принятия казахами Старшего жуза российского подданства затрагивается в исследованиях многих казахстанских ученых. Отдельное исследование посвящено истории создания и функционирования Алатауского округа, являвшегося промежуточным этапом в проводимых царскими властями административно-территориальных мерах по включению региона Жетысу в состав Российской империи. Опубликованы некоторые документы, отражающие этапы данного процесса. Те не менее, большая часть публикаций, освещающих тему принятия казахами Старшего жуза российского подданства, рассматривают данную проблематику в общем историческом контексте. Вместе с тем, следует отметить, что процесс оформления в общеимперское пространство регионов Жетысу и Южного Казахстана, имел свои особенности. Частично, данные территории были присоединены к России в ходе проведения ряда военно-наступательных акций. В этой связи, по-иному выстраивалась и административно-территориальная политика в Семиреченском крае (Жетысу). Несмотря на то, что к середине XIX в. значительная часть родоплеменных групп Старшего жуза стали подданными российского императора, основные районы Семиречья все же оставались вне влияния Российской империи. Большинство кочевавших здесь родов находилось под властью наместников Кокандского ханства. В 1848 г., для осуществления какого-либо контроля над данными территориями, царское правительство учреждает должность пристава при казахах «Большой орды» с местонахождением в укреплении Копал, в северо-восточной части Семиречья. Приставская система, в качестве переходного этапа, становится первым административным органом управления имперских властей на территории Жетысу.

Историографический анализ рассматриваемой темы свидетельствует о том, что необходимо осуществление специального и комплексного изучения вышеозначенной проблематики. В данной статье автор освещает документальные источники и материалы, отражающие отдельные этапы из истории принятия казахами Старшего жуза российского подданства.

Материалы и методы

Источниковедческий анализ процесса оформления казахов Старшего жуза в подданство Российской империи, проведение ряда административно-территориальных мер на территории Жетысу, проводился на основе как опубликованных, так и малоизученных архивных источников. При подготовке статьи были привлечены современные переводы текстов известных писем казахских ханов и султанов, в том числе и посланий хана Жолбарыса к российской императрице Анне Иоановне и начальнику Оренбургской комиссии тайному советнику В.Н. Татищеву. На основе вновь осуществленного тюркологом-востоковедом Т.К. Бейсембиевым перевода с чагатайского тюрки некоторых оригинальных писем представителей казахской правящей элиты, освещены истинные мотивы и причины, побудившие последних к принятию российского подданства, а также связанные с этим ожидания и мотивы.

В качестве исходного материала послужили архивные материалы Центрального государственного архива Республики Казахстан и Российского государственного военно-исторического архива в г. Санкт-Петербург. Вместе с тем, проведен историографический анализ ранее опубликованных научных работ по рассматриваемой тематике. Осуществлено комплексное изучение научной литературы по различным проблемам политической и социальной истории казахского народа XIX в., по региональной истории Казахстана.

Методологической основой исследования являются принципы системно-исторического и

сравнительно-сопоставительного анализа фактов, событий и их интерпретаций. При реализации научных изысканий применялся проблемно-хронологический подход.

Обсуждение

Основная часть родоплеменных объединений Старшего жуза издавна располагалась в регионе Жетысу. Отдельные родовые группы размещались по верхнему и среднему течению р. Сырдарьи. Семиреченский край (Жетысу) на протяжении многих веков являлся той территорией, которая привлекала взоры различных государств и народов. Это было связано как с геополитическим месторасположением, обусловившим прохождение здесь отдельных трасс Великого Шелкового пути в эпоху средневековья, так и с благоприятными природно-климатическими условиями способствовавшими развитию здесь разных типов хозяйственной деятельности. К началу XIX в. этот регион сохранял свое стратегическое и этнокультурное значение, по-прежнему оставаясь связующим звеном в торгово-экономическом и политическом смыслах в Центральной Азии.

Согласно сведениям В.В. Радлова и В.Е. Недзвецкого во второй половине XVIII – середине XIX вв. регион Чу-Илийского бассейна к северо-востоку от р. Алматинка занимали различные родоплеменные группы племени дулат. К юго-востоку от них, вдоль левого берега р. Или, от р. Турген и перевала Санташ вплоть до китайских владений располагались кочевки родов племени албан, между рр. Или и Каратал размещались роды племен жалайыр и сары-уйсын. По правой стороне среднего течения р. Или находилось племя суан, по левой стороне Или западнее р. Турген – родовые группы шапырашты и ысты. Северо-восточную часть Семиречья и предгорья Алатау располагались рода садыр и матай племени найман Среднего жуза [1, с. 51]. Отдельные родовые группы шымыр и жаныс племени дулат размещались в юго-западной части Жетысу, а также по верхнему и среднему течению р. Сырдарьи включая окрестности г. Ташкент.

К началу присоединения казахских земель в состав Российской империи, кочевья родов Старшего жуза находились в наибольшей удаленности от районов контролируемых Российской империей. В течение всего XVIII в. земли Старшего жуза беспрерывно являлись объектом притязаний со стороны Джунгарского ханства, а после его разгрома, со стороны Цинской империи. С начала XIX в. свои территориальные посягательства изъявило и усилившееся Кокандское ханство.

В 20–30 гг. XVIII в. часть родоплеменных групп Старшего жуза (сары-уйсун, канглы, шанышклы, албан, суан, ысты и родовой группой шымыр племени дулат) возглавлял хан Жолбарыс, ставка которого находилась в г. Ташкент. Кроме этого, его поддерживал влиятельный Толе-би Алибекулы. В 1733 г. хан Жолбарыс, узнав о принятии российского подданства казахами Младшего и Среднего жуза, посылает через ставку хана Абулхаира в Санкт-Петербург своих людей Аралбая и Аразгельды-батыра с письмом влиятельных старшин Старшего жуза: Толе-би Алибекулы, биев Кодара и Кангельды, батыров Сатая и Болека Караулы. Содержание письма, адресованного русской императрице Анне Иоановне, переводчик Коллегии иностранных дел истолковал как: «…Вам, великой государыне императрице и белой царице, в подданство пришли» [2, с. 103]. Однако, современный перевод Т.К. Бейсембиева показывает, что истинный смысл этих слов расходится с вышеуказанным вариантом перевода текста письма. Буквальное значение этой фразы – «приклоняем голову белому хану, великому падишаху» [3, с. 56].

Таким же образом, неверно истолковывается текста послания хана Жолбарыса императрице Анне Иоановне от 20 апреля 1738 г. В этом письме хан южных казахов выражает желание «сплотиться» с Россией перед вероятным нападением внешнего врага и заверяет «белого падишаха», что «…будем вашими рабами» и «…готовы выполнить любое ваше распоряжение». Но переводчик Оренбургской комиссии трактует данный текст как: «Ея императорскому

величеству я, Юлбарыс-хан, в подданство отдаюсь. …и какой е.и.в. указ к нам будет, и мы исполнять готовы» [3, с. 56, 233]. Разными по смыслу является и текст перевода письма хана Жолбарыса от 20 апреля 1738 г. на имя начальника Оренбургской комиссии тайному советнику В.Н. Татищеву осуществленного в XVIII в. татарским толмачом Мансуром Абдурахмановым и современный перевод с чагатайского тюрки тюрколога-востоковеда Т.К. Бейсембиева.

На основе проведенного анализа писем Абулхаира, Кушыка, Жолбарыса, Абулмамбета, Барака и Абылая И.В. Ерофеева излагает истинный смысл мотивов и намерений представителей казахской правящей элиты, побудившей их к принятию российского подданства. Обращаясь к царскому правительству за помощью и поддержкой, они рассматривали свои будущие договорные отношения с русскими государями всего лишь как взаимовыгодный военно-политический союз двух равноправных партнеров под малообязывающим патронатом более сильного и могущественного «белого царя», а вовсе не как вынужденную необходимость привести самих себя и свой народ к нему «в неволю». Однако, царские власти заинтересованные в достижении политического подчинения кочевых племен, переводили тексты писем представителей правящей элиты казахов в более удобной для себя формулировкой «подданство».

19 сентября 1738 г. императрица Анна Иоанновна подписывает грамоту о принятии хана Жолбарыса в российское подданство, которую надлежало вручить адресату начальником Оренбургской комиссии В.Н. Татищевым. Однако, в апреле 1739 г. хан Жолбарыс был убит в Ташкенте во время богослужения в мечети [4, с. 45].

С середины XVIII в. до присоединения всего Старшего жуза к России большинством родоплеиенных групп, кочевавших на территории Жетысу, находились под управлением Абылай-хана и его потомков. После его смерти, с 1781 г. дулатами управлял его второй сын Адиль-султан (ум. в 1815), который почти сразу после вступления в свои права получил от подвластных кочевников ханский титул; в 1816–1832 гг. – старший сын Адиля – султан Абылай по прозвищу Кулан (ум. в 1832) и с 1833 по 1865 г. – младший брат последнего – султан Али (Галлий) Адилев. Племенами жалайыр, сары-уйсын, албан, суан, шапырашты и ысты с конца XVIII в. до середины XIX в. бессменно управлял один младших сыновей Абылай-хана султан Суюк Аблайханов (ум. в 1863) [1, с. 51].

В 1814 г. хан Адиль, потерпев поражение в военном противостоянии с цинскими войсками, вынужден был обратиться за покровительством к кокандскому правителю Омар-хану. Итогом данного договора стала кокандская экспансия Юго-Западного Семиречья и Присырдарьинского региона [5, с. 285-286]. В последующие годы кокандские власти захватили г. Туркестан, построили ряд укреплений на юго-западе Жетысу (Чулак-Курган, Аулие-Ата, Мерке), тем самым вплотную подступив к кочевьям Суюка Аблайханова и подвластных ему родов. С севера казахов Старшего жуза теснили родовые группы племени найман Среднего жуза, сдвигавшие свои кочевья вглубь региона вследствие проводимой царскими властями административно-территориальной политики и активного изъятия земель под вновь создаваемые укрепления.

В этих условиях султан Старшего жуза Суюк Аблайханов, обращается в 1818 г. к российскому императору Александру I с просьбой о принятии его с подведомственными родами в подданство России. Указом императора от 18 января 1819 г. Суюк Аблайханов вместе с 55 тыс. управляемых им казахами официально были провозглашенными российскими подданными. Вслед за ним под российский протекторат в мае 1824 г. вступили еще 14 султанов, сыновей Адиль-хана и внуков Абылай-хана. Но, фактически российскими подданными казахи Старшего жуза стали считаться после подписания султанами и старшинами жуза «обязательства в связи с вступлением в подданство России» 23 июля 1846 г. [6, с. 319].

Южные районы Семиречья (Заилийский край) в этот период все еще находились во власти Кокандского ханства. До середины XIX века Россия пыталась сдерживать проникновение

кокандцев вглубь региона, используя дипломатические средства. Так в 1828-1829 гг. российское правительство принимает в Санкт-Петербурге кокандское посольство во главе с Турсун-ходжей судуром. Было предложено разделить сферы кокандских и русских интересов по р. Чу: русские не должны были переходить на ее левый берег, а кокандцы – на правый. Однако кокандцы нарушили соглашение, в Заилийском крае ими было построено ряд укреплений: Пишпек, Токмак и Таучубек.

С целью вытеснения кокандских наместников из Южного Казахстана и Жетысу, оренбургские власти с запада активно возводят ряд укреплений в устье Сырдарьи, в долинах рр. Иргиз и Торгай. Летом 1853 г. царские войска штурмом берут крепость Ак-Мечеть, передовой опорный пункт Кокандского ханства по нижнему течению Сырдарьи. Одновременно со стороны Сибири, в 1845–1846 гг. возводится укрепление Копал.

До введения какого-либо административного управления в Семиречье западносибирская администрация признавала главным над родами Старшего жуза султана племени дулат Али Адилева. Еще в 1824 г. султан Али Адилев, его брат Иралы Алиев и другие знатные представители племени дулат были удостоены офицерскими чинами российской службы [7, л. 5об.–8]. В июне 1846 г. влиятельные представители родов жалаир и чапрашты подали прошение на имя председателя Сибирского пограничного управления генерала Н. Вишневского. В прошении говорилось: «Хотя определено было, чтоб всем уйсюновским народом, как-то дулатовского и пр. рода, состоять под ведомством султана подполковника Алия Адилева, однако ж, мы, по общем совещании с народом нашим, положили намерение быть в отдельности от дулатовцев, и вследствие чего осмеливаемся покорнейше просить Ваше превосходительство для управления нами, джалаирцами и чапрашлинцами (родов асыл-айкумского) назначить главным султаном прежнего нашего султана 8-го класса Сюка Аблайханова, который справедлив, добр, полезен для народа и торговцев всегда готовый к защищению от обид и стеснений… Сверх того, другая причина, побуждающая нас, джалаировцев, быть под ведомством султана Сюка Аблайханова есть та, что мы имеем многих злых на нас людей, кочующих на берегах р. Или, и что, состоя под ведомством султана Алия Адилева, нам не избегнуть вреда их» [6, с. 318]. В числе подписавших прошение были султаны Камбар Аланов, Джангозы, Джочи Суюков. Среди биев племени жалаир: Тленчи Балпыков, Бейбит Кенбабин, Казар Караунбаев, от старшин рода чапрашты прошение подписали Артык Алин, Бортен Кангелдин, Ирмек Алтаев и другие. Подавая это прошение, султан Суюк Аблайханов надеялся на основание из управляемых им родов Старшего жуза отдельного округа и получение в нем должности старшего султана.

Впрочем, султан Суюк Аблайханов и поддерживавшие его старшины, дважды в 1832 и 1843 гг. подавали прошение о введении им системы окружного управления, аналогичной на территории Среднего жуза [6, с. 262–263, 296]. Однако, граф К.В. Нессельроде считал, что управление Старшим жузом, ввиду удаленности от линии и «по многим другим уважениям» не может быть создана «тем же порядком, как Средняя орда». Вместе с тем, министр иностранных дел выражал мнение генерал-губернатора Западной Сибири П.Д. Горчакова, убежденного в преждевременном создании отдельного административного управления на территории Жетысу, и предлагал для политического надзора определить «благонадежного офицера, в виде пристава» [8, с. 258].

В своем представлении от 17 апреля 1847 г. российскому императору Николаю I управляющий Министерством иностранных дел К.В. Нессельроде о введении особого управления в Старшем жузе, писал: «Генерал-губернатор Западной Сибири, извещая ныне о счастливых последствиях всех сих распоряжений, представляет, что для большего еще упрочения влияния России над племенами Большой орды, он находил бы полезным и даже необходимым главных родоначальников, султанов Сюка Аблайханова, Галлия, Гакима и Рустема утвердить в их

начальствовании (от высочайшего ли имени, или, по крайней мере, местным распоряжением главного начальства Западной Сибири, как то делается в округах Средней орды для старших султанов), и вместе с тем присвоить им равное с сими последними содержание» [6, с. 335]. Мера эта, по мнению Нессельроде, «принесет существенную пользу, привязав первенствующих киргиз личными выгодами к России и положив некоторое начало лучшему впоследствии устройству. Независимо от сего, с предположенным занятием в свое время твердой ногой Семиреченского края, он полагал бы: для ограждения Большой орды от притеснений и для политического за ними надзора определить к ним благонадежного штаб-офицера, в виде пристава, с содержанием, правами и обязанностями по соглашению о сем с Министерством иностранных дел». Султаны со следующего года с открытием здесь приставства будут считаться на государственной службе, надзор за ними будет осуществлять назначенный пристав Большой орды из числа офицеров, непосредственно подчиненный западно-сибирскому генерал-губернатору».

Так, в 1848 г. утверждается должность пристава при казахах «Большой орды» центром управления в укреплении Копал, на северо-востоке части Жетысу. Как и в других регионах Казахстана, для усиления своего влияния среди казахов Семиречья, колониальные власти активно привлекали на свою сторону влиятельных старшин Старшего жуза. «Инструкция для пристава при киргизах Большой Орды» от 10 января 1848 г. гласила: «…Представляется надежнейшим способом с благоразумием поддерживать значение утвержденных главным местным начальством старших в Большой орде султанов, внушая им, что за покровительство и доверенность правительства обязаны они соразмерною к нему преданностью и покорностью» [9, л. 1об.]. При этом вышеназванный пристав обязан «иметь за их верностью неослабное наблюдение, не вмешиваясь без особенной необходимости во внутренние их распоряжения, а, если бы подобная необходимость когда-либо встретилась», то о действиях своих пристав должен был «немедленно доносить генерал-губернатору Западной Сибири неипаче же воздерживаться от вступления в какое-либо частное разбирательство тяжб и взаимных расчетов сих киргизов между собою; в тех же случаях, когда они сами по подобным делам будут к Вам (приставу, – С.М.) обращаться, – имеет ограничиваться токмо внушениями и добрыми советами, избегая настояния, а паче того угроз».

На должность пристава казахов «Большой Орды» 18 января 1848 г. был назначен майор, барон Морец Миронович Врангель, который занимал эту должность до 1850 г. Врангель происходил из лифляндских дворян, закончил II Кадетский корпус, в 1843-1845 гг. в чине капитана принимал участие в кавказских войнах [10, с. 146].

Вступление старшего султана в должность обычно сопровождалось традиционными для казахских кочевников обрядами: организацией празднеств, награждением почетных казахов, раздачей подарков. Российская администрация, возлагая на султана не столько реальную, сколько символическую власть, стремилась следовать определенным образцам поведения, тем самым демонстрируя потребность сохранения в неизменном виде основные принципы взаимоотношений в кочевом обществе и получения поддержки со стороны родоплеменной знати.

Проведение вышеуказанной миссии было возложено на начальника Пограничного управления А. Вишневского. В 1847 г. генерал-губернатор Западной Сибири П.Д. Горчаков отправляя полковника Вишневского в Семиречье, чтобы провозгласить главными султанами Старшего жуза Али Адилева, Суюка Аблайханова и Хакимбека Куланова, при этом предписал ему воздержаться от утверждения старшим султаном Рустема Абулфеизова. Командир Отдельного Сибирского корпуса указывал, что означенный султан не в достаточной степени доказал свою преданность российскому правительству [11, с. 32]. В отношении султана Рустема начальнику Пограничного управления было предложено ограничиться лишь награждением его золотой медалью. Хотя, согласно исследованиям Г.С. Султангалиевой, в апреле 1847 г. Рустем

Абулфеизов какое то время исправлял должность управителя родами племени дулат [10, с. 258]. Насколько верным является данное свидетельство, автору еще предстоит уточнить.

Формально родами Старшего жуза управляли старшие султаны. Однако, утвержденный коллегиальный порядок рассмотрения вопросов давал возможность российской администрации ограничивать власть старшего султана и проводить через него собственные решения. На первых порах старший султан избирался преимущественно только из числа султанов, которые принадлежали к числу потомков Чингисхана. Он имел чин майора российской службы (чин VIII класса), считался чиновником поставленным во главе местного правления и получал жалованье в размере 343 руб. в год. За девятилетнюю службу старший султан имел право на потомственное дворянское звание. В случае отставки или срочной смены он оставался в числе почётных султанов. Со временем семиреченские власти стали нарушать исключительное право чингизидов занимать высшие административные должности. Так, в октябре 1849 г. командир Отдельного Сибирского корпуса П.Д. Горчаков доложил министру иностранных дел графу К.В. Нессельроде, о том, что «родоначальники и бии джалаирского и чапраштинского отделений подали Приставу при киргизах Большой Орды барону Врангелю» прошение на имя генерал-губернатора, где ходатайствовали перед о смене старшего султана Суюка Аблайханова, объясняя свое решение тем, что «он по преклонности лет не может управлять народом» [12, л. 1]. На место же старшего султана влиятельные представители означенных родов просили назначить султана рода супотай племени жалаир Камбара Аланова. В своем представлении генерал-губернатор Горчаков писал: «По засвидетельствовании барона Врангеля, Сюк действительно не в силах исправлять свою должность и потому замещение его султаном Камбаром признаю я необходимым, но принимая в уважение постоянную и примерную преданность правительству Сюка в течение 20 лет имею честь покорнейше просить ходатайства, Вашего Сиятельства о всемилостивейшем пожаловании ему не в пример другим пожизненного пенсиона в 343 руб. серебром ежегодно».

Однако, уже в следующем 1850 г. султан Камбар Аланов был смещен с занимаемой должности, по причине перехода его сына и ряда казахских старшин на сторону Коканда во время русско-кокандских вооруженных столкновений под укреплением Таучубек. Старшим султаном родов жалаир и чапрашты вновь назначили Суюка Аблайханова, которого в 1852 г. сменил его сын – султан Джангозы Суюков. Незадолго до этого, в 1850 г. на место старшего султана «адбановских и сувановских волостей» Хакимбека российскими властми был утверден султан Тезек Нуралиев. Согласно сведениям К.Ш. Хафизовой, происхождение султана Тезека ведется от хана Аблая. Дедом Тезека был сын Аблая султан Адиль, а отцом – Нуралы, который в родословной составленной цинскими властями, назван седьмым сыном Адиля по имени Пула (Нура). В каком именно родстве состоял султан Тезек со старшим султаном Хакимбеком, автору данного исследования неизвестно. В архивном источнике РГИА султан Тезек обозначен как приемный сын Хакимбека [12, л. 11об.].

В период последующего обсуждения изменений в управлении казахами Старшего жуза, выдающимся казахским ученым Ч.Ч. Валихановым была написана статья, широко известная научной общественности под названием «Об управлении казахами Большой орды». Эта работа подготовлена в 1856 г. как официальная записка от имени генерал-губернатора Западной Сибири Г.Х. Гасфорда, адъютантом у которого был Ч.Ч. Валиханов после посещения им Семиречья. В данной записке автор приводит мысль о разумном управлении казахами Старшего жуза, с участием представителей от кочевого населения края: «… признаем нужным назначить ему (приставу, – С.М.) собственно по заведыванию кайсаками и гражданскими сношениями помощника от граданских лиц и постоянного депутата от кайсаков, с тем, чтобы депутат этот был избираем от кайсаков на три года по общему их согласию» [13, с. 229]. Валиханов указывал на то, что «с занятием Заилийской долины и поступлением в подданство России части дикокаменных

киргиз значение пристава при кайсаках Большой Орды получает большую важность и более шире становится круг его действий… При таких условиях необходимо, кроме одного заведывания кайсаками, подчинить приставу непосредственно и все войска, в Илийском находящиеся, и главное заведывание этим краем, дабы, таким образом, сосредоточив в одних руках военное и гражданское управление». С этим западносибирский генерал губернатор связывал расширение полномочий окружного управления, находящегося в пограничной территории, а Ч.Ч. Валиханов – ослабление произвола военной власти, подчинение ее гражданскому управлению. Гасфорд предлагал вместо приставства «Большой Орды» образовать в Семиречье Илийский округ. Однако, российским правительством термин этот был отвергнут. Вместе с тем, Ч.Ч. Валиханов считал более правильным назвать новый край Алатауским округом. 3 ноября 1856 г. император Николай I подписал указ об упразднении приставства и образовании в составе Семипалатинской области на правах внешнего окружного приказа Алатауского округа [14, л. 2]. В июне 1858 г. начальником округа назначается майор Г.А. Колпаковский, сменивший на этом посту майора Перемышльского.

21 октября 1860 г. вблизи Узун-Агача произошло решающее сражение, в котором русские отряды под руководством подполковника Г.А. Колпаковского наносят крупное поражение значительным силам кокандцев. Последовавшие за этим событием значительные победы русских войсков над кокандцами привели к полному присоединению регионов Жетысу и Южного Казахстана к Российской империи.

К концу 60-х гг. XIX века российское правительство приступило к проведению очередных военно-политических и административно-правовых преобразований на территории Семиреченского края. 11 июля 1867 г. был издан Указ об учреждении Туркестанского генерал-губернаторства и Проект Положения об управлении Семиреченской и Сырдарьинской областей. Казахи Старшего жуза окончательно становятся частью Российской империи. Наблюдается активное заселение региона Жетысу крестьянами-переселенцами.

Заключение

По мере вовлечения казахов Старшего жуза в сферу влияния Российской империи, начал меняться и характер взаимоотношений представителей правящей элиты Семиреченского края с колониальными властями. Султаны региона постепенно утратили свое социально-экономическое и политическое влияние в крае. Уже в период дальнейшего продвижения российских властей в Жетысу наблюдается активное вовлечение влиятельных представителей казахской знати в различные структуры военно-административного управления. Постепенное ограничение родовых прав знатных представителей привело к превращению их в обычных служилых российских чиновников. Наряду с падением влияния султанов в последующие десятилетия XIX века уменьшилось и значимость батыров, как отдельного общественно-политического института. Стабилизация политической ситуации в регионе вела к отмиранию данной социальной категории.

Кочевое население региона приравнивается в правах и обязанностях к сельским обывателям. Внутренний быт кочевников-казахов сохранялся, при условии, если это не противоречило основным началам Временного положения 1868 г.

Литература

1 Ерофеева И.В. Политические объединения казахов под протекторатом России и среднеазиатских государств (вторая половина XVIII – XIX в.) // Историко-культурный атлас казахского народа. – Алматы: Print-S, 2011. – С. 51–59.

2 Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. – 742 с.

3 Эпистолярное наследие казахской правящее элиты 1675–1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х томах / Сост. и ответств. ред. И.В. Ерофеева. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. – Т. 1. – 696 с.

4 Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII–XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. – Т. 6. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 516 с.

5 Бейсембиев Т.К. Южный Казахстан в конце XVIII – первой трети XIX в. // История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В пяти томах. – Т. 3. – Алматы: Атамұра, 2000. – 766 с.

6 Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1964. – 575 с.

7 ЦГА РК. Ф. 3. Оп. 1. Д. 20.

8 Султангалиева Г.С. От пристава к приставству: политика Российской империи в Казахской Степи в первой половине XIX в. // Кочевые народы Центральной Азии в XVIII–XIX вв.: сравнительно-исторический анализ политики Российской империи. Сборник научных статей. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 293 с.

9 РГИА. Ф. 1291. Оп. 81. Д. 206.

10 Безвиконная Е.В. Административно-правовая политика Российской империи в степных областях Западной Сибири в 20-60 гг. XIX века. – Омск: Издательство ОГИ , 2005. – 239 с.

11 Оразов Р.Е. Абылайханов Сүйік // Алматы қаласының тарихи тұлғалар келбетінде. – Алматы, 2009. – 336 с.

12 РГИА. Ф. 1291. Оп. 81. Д. 214.

13 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. 1. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – 460 с.

14 ЦГА РК. Ф. 345. Оп. 1. Д. 553.

References

1 Erofeeva I.V. Politicheskie ob"edineniya kazahov pod protektoratom Rossii i sredneaziatskih gosudarstv (vtoraya polovina XVIII – XIX v.) // Istoriko-kul'turnyj atlas kazahskogo naroda. – Almaty: Print-S, 2011. – S. 51–59.

2 Kazahsko-russkie otnosheniya v XVI–XVIII vekah. Sbornik dokumentov i materialov. – Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1961. – 742 s.

3 Epistolyarnoe nasledie kazahskoj pravyashchee elity 1675–1821 gg. Sbornik istoricheskih dokumentov v 2-h tomah / Sost. i otvetstv. red. I.V. Erofeeva. – Almaty: AO «ABDI Kompani», 2014. – T. 1. – 696 s.

4 Putevye dnevniki i sluzhebnye zapiski o poezdkah po yuzhnym kazahskim stepyam. XVIII–XIX veka / Istoriya Kazahstana v russkih istochnikah XVI–XX vekov. – T. 6. – Almaty: Dajk-Press, 2007. – 516 c.

5 Bejsembiev T.K. YUzhnyj Kazahstan v konce XVIII – pervoj treti XIX v. // Istoriya Kazahstana s drevnejshih vremen do nashih dnej. V pyati tomah. – T. 3. – Almaty: Atamұra, 2000. – 766 s.

6 Kazahsko-russkie otnosheniya v XVIII–IX vekah. Sbornik dokumentov i materialov. – Alma-Ata: Izd-vo «Nauka», 1964. – 575 s.

7 CGA RK. F. 3. Op. 1. D. 20.

8 Sultangalieva G.S. Ot pristava k pristavstvu: politika Rossijskoj imperii v Kazahskoj Stepi v pervoj polovine XIX v. // Kochevye narody Central'noj Azii v XVIII–XIX vv.: sravnitel'no-istoricheskij analiz politiki Rossijskoj imperii. Sbornik nauchnyh statej. – Almaty: Қазақ universiteti, 2015. – 293 s.

9 RGIA. F. 1291. Op. 81. D. 206.

10 Bezvikonnaya E.V. Administrativno-pravovaya politika Rossijskoj imperii v stepnyh oblastyah Zapadnoj Sibiri v 20-60 gg. XIX veka. – Omsk: Izdatel'stvo OGI , 2005. – 239 s.

11 Orazov R.E. Abylajhanov Sүjik // Almaty қalasynyң tarihi tұlғalar kelbetinde. – Almaty, 2009. – 336 s.

12 RGIA. F. 1291. Op. 81. D. 214.

13 Valihanov CH.CH. Sobranie sochinenij v pyati tomah. – T. 1. – Alma-Ata: Glavnaya redakciya Kazahskoj sovetskoj enciklopedii, 1984. – 460 s.

14 CGA RK. F. 345. Op. 1. D. 553.

ҒТАМР 03.20.00.
ӘОЖ 92959 (574)

НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭПОСЫ

Сәкен С.И.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, жетекші ғылыми қызметкер, филология ғылымдарының кандидаты. Алматы қ., Қазақстан.

Аңдатпа. С.И. Сәкеннің «Ноғайлы дәуірі және қазақ эпосы» атты мақаласында Ноғайлы дәуірі туралы қазақ эпосының тарихилығы қарастырылған. Мақаланың жазылуына қазақ жырларының көпшілігінде Ноғайлы дәуірінің оқиғалары бейнеленуіне түсініспестікпен қарайтындардың кездесетіні себепші болған. Мақала авторы тарихи дереккөздеріне сүйене отырып Ноғайлы дәуірі оқиғаларының қазақ жеріне де тікелей қатысы бар екенін дәлелдеуге талпынған. Сондықтан еңбекте қазақ эпосы үлгілері мен тарихи деректерді мүмкіндігінше кеңінен салыстыру көзделген. Бұл жұмыста қазақтың көрнекті тарихшыларының, фольклортанушыларының, өзге елдердің белгілі ғалым-дарының еңбектері басшылыққа алынған. Дұрыс ой қорытындыларын жасауға әсіресе соңғы кезде жарық көрген тың материалдар көп септігін тигізді. Жұмыстың негізгі мақсаты – халқымыздың рухани мұрасы жөнінде жас ұрпақтың дұрыс көзқарасын қалыптастыру.
Түйін сөздер: тарихилық, дереккөз, аңыз, тұлға, жыр, шындық, фольклор

НОГАЙСКАЯ ЭПОХА И КАЗАХСКИЙ ЭПОС

Сакен С.И.

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, ведущий научный сотрудник, доцент, кандидат филологических наук, г. Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье С.И. Сакена «Ногайлинская эпоха и казахский эпос» рассматривается историзм казахского эпоса о Ногайлинской эпохе. Поводом для написания статьи стала возможность встречи людей, которые с непониманием относятся к изображению в большинстве казахских эпических поэм событий Ногайлинской эпохи. Автор статьи, опираясь на исторических источников, попытается доказать, что события Ногайлинского периода имеют прямые отношения и к казахской земле. Поэтому в этом труде предусмотрено максимально широкое сравнение образцов казахского эпоса с историческими сведениями. В этой работе были взяты в руководство труды видных казахских фольклористов, историков, а также известных ученых других стран. Для заключения правильных научных выводов способствовало наличие многих новых материалов, опубликованных в последнее время. Основная цель работы – формирование у подрастающего поколения правильного взгляда к духовному наследию нашего народа.
Ключевые слова: историзм, источник, фольклор, эпос, предание, истина, личность.

NOGAI ERA AND KAZAKH EPIC

Saken S.I.

M.O. Auezov Institute of Literature and Art Leading Researcher, Candidate of Philological Sciences, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article by S.I. Saken “The Nogai era and the Kazakh epic” discusses the historicism of the Kazakh epic about the Nogai era. The reason of writing the article was the opportunity to meet people who are confused about the depiction of events of the Nogai era in most Kazakh epic poems. The author of the article, relying on historical sources, tries to prove that the events of the Nogai period are directly related to the Kazakh land. Therefore, this work assumes the broadest possible comparison of the Kazakh epic patterns with historical information. In this work, the works of prominent Kazakh folklorists, historians, as well as famous scholars of other countries were used as guidelines. Many new recently published materials contributed to making the correct scientific conclusions. The main goal of the work -is the formation of a truthful view of the spiritual heritage of our nation among the younger generation.
Keywords: historicism, source, folklore, epic, tradition, truth, personality.

Кіріспе

Алтын Орда және оның орнында пайда болған мемлекеттерде өмір сүрген түркі халықтары өздерін Ноғайлы ұлысының мұрагерлері деп білетіні – шындық. Аталған этникалық бірлестіктің қаһармандары болып табылатын XIV-XVII ғасырдың тарихи тұлғалары туралы жырлар, өлеңдер және аңыздар бұл халықтардың барлығында кездеседі. Мысалы, қазақ халқының кллассикалық қаһармандық эпосы үлгілерінің басым көпшілігінде Ноғайлы дәуірінің оқиғалары суреттеледі. Қазақ жырларының осындай ерекшелгін байқаған кейбір өзге жұрттың зерттеушілеріне біздің жыршыларымыз өзге халықтың басынан өткен жайттарды өздері орындап отырған жырларына арқау еткендей болып көрінетіні мәлім. Бұндай көзқарасқа ден қоятындар өз ұлтымыздың ішінен де табылмай қалмайтыны анық. Еліміз егемендік алып, төрт құбыламызды түгендеу, рухани жаңғыру, халқымыздың сан ғасырлар бойы жасаған мәдени қазыналарын болашақ ұрпақтың игілігіне айналдыру мәселелері тәуелсіздігімізді баянды етудің ең маңызды алғышарттары ретінде күн тәртібіне қойылып отырған бүгінгі күндері бұл мәселенің анық-қанығын ажырату аса қажет екенін дәлелдеп жатудың қажеті шамалы.

Талқылау нәтижесі

Өзге қандастарымен бірге қазақ халқының да Ноғайлы дәуірін өздерінің алтын ғасыры деп есептегеніне, ол ұлттардың барлығы бірдей көрсетілген уақыттың данышпан ойшылдары мен билеушілерін әз тұтқанына, сол бір даңқты бірлестіктің ыдырауына себеп болған жайттарды ортақ қасіреттері ретінде еске алатынына алғашықылардың бірі Шоқан Уәлиханов назар аударғаны баршаға аян. Ұлы ғалым қазақ, ноғай, татар, башқұрт және өзге де халықтардың Ноғайлы дәуірін өздерінің тарихындағы даңқты кезеңдер деп санауға құқылы екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдегеніне қарамастан, оның бұндай пікірлерін қабылдамайтындар қазір де аз емес.

Нәтиже

Зерттеушілер «Ноғайлы» этнонимінің этимологиясы жөнінде де бір мәмілеге келе қоймағаны белгілі. Бұл мәселенің әлі күнге дейін шешімін таба қоймауына Ноғайлы дәуірінің шындығын және ол кезеңдегі қайраткерлер туралы ақиқатты зерттеуге, жариялауға ұзақ уақыт бойы тыйым салынғаны да ықпал етті. Сондықтан біз осы еңбегімізде Ноғайлы дәуірі және оған қазақ эпосының қатысы жөніндегі ілгері-соңғы дереккөздерін салыстыра қарастыруды жөн көрдік. Бұл тұрғыдағы байқауларымыздың ата-бабаларымыздың көзінің қарашығындай сақтап жеткізген әдеби жәдігерлерді жас ұрпақтың жатсынбай қабылдауына септігін тигізетінінен үміттіміз.

Негізгі бөлім

Кезінде С.Сейфуллин өзінің «Ертедегі жырлы әңгімелер яки Ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары» атты еңбегінде: «Іштерінде алғашында сөздері көп болса да, ертедегі заманнан біздің заманымызға жеткен осы айтылған әңгіме-жырлардың дені – қазіргі атанып отырған рулар «Ноғай», «Ноғайлы» атанып жүрген замандағы ноғай, Ноғайлы батырларын әңгімелеген жырлар. Сондықтан бұл бөлімді бөлек дәуір қылсақ, «Ноғайлы дәуірі» деп атар едік.

Біздің бұл «Ноғайлы» деген сөзімізге кейбіреулер ұйымауға мүмкін. Кейбіреулер білмегендіктен, кейбіреулер ноғай болғысы келмегендіктен ұйымауға мүмкін. Бірақ қазақ болған рулардың бұрын ноғай болғандығына тарихи дәлелдер ұйытпай қоймайды.

Орыстың кейбір тарихшылары: «Қазақтың ертеден қалған әңгіме-жырлары жоқ. «Ертедегі батырлар жыры» деп, өзінікі қылып жүргендері – ноғайдікі ... »,– дейді. Бұл – не түрік-монғол руларының тарихын жете білмегендік, не жеңіл, саяз мінезділік»,– деп жазып [Сейфуллин, 2006: 152], сол пікірінің дәлелі ретінде көптеген дәйекті деректер келтіргені белгілі.

Осыдан тура сексен бес жыл бұрын баспа бетін көріп, жұртшылыққа мәлім болған бұндай өзекті ой қазақ ғалымдары тарапынан одан да бұрын әлденеше рет дәйекті дәлелдерге сүйене отырып айтылған болатын. Қазақтың көптеген көрнекті ғалымдары Ноғайлы жырларының бастау көздері, тарихи негіздері және қоғамдық, дүниетанушылық, эстетикалық маңызын ашып көрсетуді өз зерттеулерінің басты тақырыптарының біріне айналдырған

Ноғайлылар тарихы мен рухани-мәдени мұралары жөнінде ой қозғағанда, қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың бұл мәселе жөніндегі нақты да тиянақты тұжырымдарына тоқталмай кетуге болмайды.

Ғалымның «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары мен әпсаналары» атты еңбегінде: «Старики говорят, что ногай было общее название [степных] кочевых татар, для отличия от полуоседлых. Ногайли, узбекли…, их называли ногай»,– деп жазылған [Валиханов, 1961: 109].

Профессор И.Н. Березинге жазған хатында Ш.Уәлиханов: «По [преданиям] своим, киргизы почитают себя [потомками] татар Золотой Орды, которая в героических поэмах – джирах называется «Ноғайлының ауыр йурт», а героями всех их поэм – золотоордынских ногаев: Идигей, его бегство к Тамерлану и изгнание им. [Песня о Токтамыше] составляет огромную и любимую [поэму], и могила его [находится] на горе Улутау; сказание об Уракмирзе из рода [караул], Ир-Кокше и Ир-Кушай – богатыри времен [Золотой] Орды, суть герои их поэм»,– деп жазған [Валиханов, 1961: 121].

Ғалымның қазақ шежіресі туралы зерттеуінде: «В киргизской степи очень много развалин: остатки городов, мечетей [крепостных сооружений], так называемых бастионов, разбросанных по рекам южной и западной части степи, и приписываются первые, т.е. города – ногаям»,– деп жазған [Валиханов, 1961: 212].

Осы еңбекте: «Собственно отдельный союз казаков произошел вторым из поколений [ногайских] и узбекских, время этого переворота неизвестно, но было незадолго перед Тамерланом, который в походе своем на Токтамыше [1392] убил детей первого киргизского хана Алача»,– деп жазылған [Валиханов, 1961: 218].

Ғалымның «Ыстықкөл күнделігінде» «Манас» жыры туралы: «В этой поэме сталкиваются на Чуе, Ташкенте, Или и озере Иссык-Куле три народа: ногайцы, кайсаки и киргизы. Кажется, сближения их не могло быть, да и приход их на озеро, как говорили они сами, не далее, как 70 лет. Дикокаменным ордынцам небезызвестны ногайские предания: они знают Едигея и рассказ [их] похож на киргизский. Они также говорят:

«Кичеги он сан ноғай бүлгенда,

Орманбет би өлгәнда,

Ордың қара жығачи асманғе ұщұп кетканда».

Странно: ногайцы замешаны во все предания всех кочевников среднеазийских. Ногайцы “ташкентские” упоминаются в “Манасе”. Джанибек, Асан-кайге известны и здесь. Пестрый жеребенок (2 лет) – [ала]тай, наделавший столько бед, занимает и киргизов»,– деп жазылған [Валиханов, 1961: 251].

Ғалымның «Қырғыздар туралы жазбаларында»: «Доказательством старожительства дикокаменных киргиз в Восточном Туркестане служит еще то, что они говорят одним и тем же языком – тюркским.

К числу преданий, доказывающих их старожительство, принадлежат так называемые «Ногайские предания», относящиеся по слову и характеру своему к XV веку.

Другой не менее замечательный и отрицательный факт переселения в преданиях дикокаменных киргиз – это предания о ногайцах, как о народе с ним соседственном и дружественном.

Ногайцы, надо сказать, в преданиях всех нынешних среднеазийских кочевников: кайсаков, киргих и каракалпаков, занимают почетное место. Множество легенд, поэм, относящихся кэтому народу, заимствованные в те времена по соседству, сохраняются до сих пор.

Ногаями они называют татар Белой Орды и собственно ногайцев. У них, как и [у] кайсаков, Идигей [золотокудрый вождь] имеет свою сагу и знаменитый плач на разрушение спокойствия ногайцев – «когда 10 тысяч ногайцев пришла в смятение, когда умер Урманбет-би, [когда] черные леса орские загорелись», [плач], существующий у киргиз[-кайсаков] и башкиров, поется и их песнопевцами, рчи»,– деп жазылған [Валиханов, 1961: 357].

“Қырғыздар туралы жазбаларда”: “Поэма “Манас” собственное единственное романтическое произведение киргизского народа, имеет, как мы уже заметили выше, героем ногайского батыра Манас[а]…

В преданиях дикокаменных киргиз ногайцы кочуют по Чу, Таласу и на озере Иссык-Куль. В преданиях кайсаков они доходят до Аягуза… Вообще, во всех этих преданиях кайсаки и киргизы представлены в виде отдельных народов, но менее сильных. Отношения между ними вообще дружественны, даже родственны. У кайсаков о временах их соседства с ногайцами говорится как о золотом веке. «В счастливые ногайцев и казахов времена»,– говорят их эпосы в начале всякого сказания. Ногайцы (Большие ногаи) кочевали в ХУ и в начале ХУI века, как известно, от Эмбы и Ори на юго-восток (см. “Книга Большому Чертежу”), в нынешней киргизской степи вместе с кайсаками (Слияние)»,– деген мағлұмат кездеседі [Валиханов, 1961: 258].

Бұл пікірлердің барлығының дұрыс екеніне «ноғай» этнонимінің этимологиясы туралы тарихи деректермен таныса отырып көз жеткізуге болады. Мысалы, Б.А.Б.Кочекаев: «Общеизвестно, что многие племена Ногайской Орды раздробились, часть их вошла в состав казахской, каракалпакской, башкирской, ногайской и других народностей, сохраняя, однако, племенные названия.

Названия «ногай» и «Ногайской Орда» как собирательные для всего тюрко-монгольского населения Мангытского юрта появились значительно позже»,– деп жазады [Кочекаев, 1988: 21].

Аталған зерттеуші «ноғай» этнонимінің этимологиясы жөнінде де тарихи әдебиетте әртүрлі пайымдаулар кездесетініне көңіл бөліп, ол байламдарға: «М.Г. Сафаргалиев полагает: слово «ногай» происходит от монгольского слово «нохай», что означает «собака», т.е. название животного, которого почитали тотемом у некоторых монгольских племен. Прозвище «нохай» дали самому Едигея, а затем оно якобы закрепилось за его улусными людьми.

Другие исследователи считают, что ногайцы получили свое название от имени золотоордыңского темника Ногая, в войске которого было много мангытов. Н.И. Веселовский также видел в позднейших ногайцах подданных темника Ногая, называвшихся так по имени Ногая»,– деп шолу жасай келіп (Кочекаев, 1988: 21), ұлыстың атауын Ноғайдың есімімен

байланыстырушылардың тұжырымдарын қолдамайтынын: «Такую версию трудно допустить, так как сразу возникает вопрос: почему же подданные Ногая никогда не называли себя ногайцами. Известно, что Ногай погиб в 1300 г,, сыновья его – в 1301 г., а только спустя почти два века появились понятия «ногай», «Ногайская Орда». Во всяком случае, название «ногаи» встречается в русских документах конца XY века, а в западноевропейской и восточной литературе – в XYI в. И, наконец, о «главе поколения ногайцев» Едиге существует эпос, а о темнике Ногая в памяти народа ничего не сохранилось»,– деп білдірген [Кочекаев, 1988: 21].

Біздің ойымызша, «ноғай», «Ноғай ордасы» деген атаулардың шетелдік тарихи құжаттарда XY-XYI ғасырлардан бастап қана көріне бастауы «бұндай атаулар Ноғайдың қарамағындағылардың арасында қолданыс тапқан жоқ» деген қорытынды жасауға негіз болып табылмайды. Оның ең басты дәлелі – бұрын Ноғай ордасының құрамында болған халықтардың ауызша тарихнамасында бұндай этнонимдердің тұрақты орын алғандығы, оларды өмірге әкелген тарихи оқиғалар туралы естеліктерді бұл этникалық бірлестіктің мұрагерлерінің көздерінің қарашықтарындай сақтап келуі. Ондай шежірелік деректерді халықтың қалай қастерлегенін Ш. Уәлиханов еңбектерінен жоғарыда келтірілген үзінділер де аңғартады.

Ноғай ордасының шашырандысы болып табылатын халықтардың өкілдері өздерінің жеке ұлт ретінде қалыптасуына дейінгі тарихи оқиғалар мен қайраткерлер Ноғайлы дәуірлеріне жататынын мәлімдеуді өздерінің парызына балағаны олардың эпикалық жырларынан әсіресе айқын байқалады. Мысалы, қазақ жыршылары өздерінің репертуарындағы жырлардың көпшілігі Ноғайлы дәуірінің шындығын бейнелеуге арналғанын ескертуден ешқашан жаңылмаған. Бұл пікіріміздің дұрыстығына біз қарастырғалы отырған «Қырымның қырық батыры» эпопеясын оқи отырып та көз жеткізуге болады.

1942 жылы Мұрын жырау Сеңгірбекұлынан жазылып алынған, бас кейіпкерлері қырық бір батыр болып табылатын отыз бес жырдан тұратын, жалпы көлемі 42 000 жыр тармағынан құралған осы аталған эпикалық циклдағы қаһармандардың барлығына қатысты «ноғай» этнонимі қолданылған. Ал, олардың көпшілігінің кейін қазақ атанған елдің өкілдері екені дау туғызбайды. Мысалы, осы жырлар топтамасына енетін «Ер Көкше», «Ер Қосай» және «Алау батыр» жырларының бас кейіпкерлерінің алғашқы аталған екеуін қазақтың Уақ руы өз аталары деп есептейтіні, ал, соңғысын Кіші жүз рулары өз атамыз деп білетіні мәлім. Ал, «Қыдырбай ұлы Қобыланды» атты жырдың қаһарманы қара қыпшақ руынан шыққанын атап көрсетуді көптеген қазақ жыршылары парызындай сезінген. Оның үстіне бұл жырдағы Қобыланды және өзге де бірқатар кейіпкерлердің бейіттері қазақ жерінде екені археологиялық зерттеулер барысында анықталған. Бұл тарихи тұлға туралы эпостың өлең түріндегі үлгілері тек қазақ және қарақалпақтар арасында кездесуінің сыры да осында жатса керек.

Дегенмен, біз қарастырып отырған эпикалық топтамадағы жырлардың тек қана бір жерінде ғана кейіпкер өзінің руының атын ауызға алатыны, яғни, тек «Шора батыр» жырының бас кейіпкері бір-ақ рет өзінің жөнін:

«Асылымды сұрасаң,
Асылым артық Арғынмын.
Тегімді менің сұрасаң,
Көк нарлы Танамын»,– деп білдіретіні бұл жырларды шығарушылар да, айтушылар да тар ұлттық шеңберден көтеріле алғанын, Ноғайлы жұртының басы бүтін тұрған алтын ғасырын аңсаушы, кең дүниетаным иелері болып табылатын асыл азаматтар екенін аңғартады.

Ноғайлы дәуіріндегі ұлы бірлікті аңсаған Мұрын жыраудың одан гөрі ұсақ этникалық бірліктердің генеалогиялық негізіне жете көңіл бөлмегені «Қарадөң» жырынан басталатын шежірелік циклға енетін «Тана» атты жырдың бас кейіпкері бұл топтамада айтылғандай Таманың ұлы емес, Кіші жүздің өзге бір үлкен бөлігін құрайтын Байұлына жататын Тана руының ілкіатасы

болып табылатынынан да аңғарылады.

Осы эпикалық циклдың кейіпкерлері болып табылатын Асан қайғы, Қазтуған, Шәлгез жыраулар – байырғы Жошы, Шағатай ұлыстарын мекендеген түркі халықтарына ортақ өнер иелері. Бұл сөз зергерлерінің алғашқысының ұлы болып табылатын, «Қырымның қырық батырының» бас кейіпкерлерінің бірі Абат батырдың біздің жерлесіміз екеніне Батыс Қазақстандағы Абат байтақ кешені айғақ бола алады.

Дереккөздері Едіге және оның ұрпақтары өздерінің саяси күрестерін бастапқы билеушісі Ноғай болып табылатын ұлыстың халқына арқа сүйей отырып жүргізгенін байқатады. Мысалы, В.В. Трепавлов Шыңғыс хан құрған империяда беклербегі лауазымын иеленген адамдардың атқарған қызметіне тоқтала келіп: «О Ногае, первом обладателе этого титула в Ак-Орде, источники пишут как о главном предводителе войск при Берке»,– деп жазып [Трепавлов, 1993: 88], осыған сәйкес оған тиесілі болған ұлыстың қай жерлерді қоныстанғанын: «Раз Ногай был главой правого крыла, то он должен был иметь удел «справа» – на западе. Западные границы Золотой Орды примыкали к Византии, поэтому именно ромейские писатели обрисовали пределы владений Ногая. Эта информация была обработана Н.И. Веселовским и В.Л. Егоровым: по их мнению, под управлением первого беклярбека находились Крым, заднепропетовские области и левобережья Дуная»,– деп атап көрсетіп [Трепавлов, 1993: 88-89], осындай мағлұматтардың негізінде: «Значит, у Ногая были свой улус и своя армия. Он и сам говорил о своем царстве и войске»,– деген байламға келеді [Трепавлов, 1993: 89].

Ал, Берке қайтыс болғаннан кейін Ноғайдың ықпалының қандай жерлерге жүргендігін аталған ғалым: «Ногай ведал правым крылом белоордынского улуса»,– деп көрсеткен [Трепавлов, 1993: 88]. Ақ Орданың алғашқы билеушісі Жошының бесінші ұлы Шайбан болғаны туралы осы еңбекте: «По возвращении из Европейского похода Бату выделил ему (Шибану – С.С.) земли «между моим юртом и юртом старшего брата моего Ичена», т.е. Орду-эджена, с летними кочевьями на восток от Яика до Южнего Урала, зимними – в Южном Казахстане, к северу от Сырдарьи... Долгое время Шибаниды считались князями левого крыла Джучиева улуса... Какой-либо аргументации для этого предположения не привлекалось, если не считать указания Н.Н.Мингулова на то, что владения Шибана, как и удел Орду-эджена, у Абулгази и других восточных авторов назван Ак-Ордой»,– деп атап өтілген [Трепавлов, 1993: 91].

Байқап отырғанымыздай, Ноғайдың билігі Қазақ хандығы мұрагері болып табылатын Ақ орданың бір бөлігіне де жүрген. Оның үстіне Ақ орданың бастапқы иесі – Шайбанның қарамағындағы Жайықтың бойы Едіге құрған Ноғай ордасының алғаш ту тіккен жері екені де баршаға мәлім. Бұлардың қатарын Ноғайдың Днестр, Днепр өзендерінің жағалауындағы әскерлерінің қалдықтары толықтырғаны «Ногайцы» атты кітапта: «Однако один из племянников Ногая с тремя тысячами всадников оставил пределы улуса, многие переселились в Прикаспийские степи»,– деп жазылған [Калмыков, 1983: 18]. Олардың Ноғайдың есімін мәңгі сақтағаны туралы осы еңбекте: «В дальнейшем, на распад улуса Ногая, его преемники продолжали пользоваться собирательным этническим самоназванием, вкладывая в это понятие былое единство. О том, что самоназвание продолжало бытовать и после ликвидации улуса, свидетельствует сообщение турецкого историка Джаннаби, который считал, что Едигей был «главою поколения ногайцев». Часть населения в улусе Едигея относилась к улусу темника Ногая и поэтому называла себя ногайцами

Следовательно, этническое название, сложившееся в период активной деятельности Ногая, продолжало существовать в народе, и как только его носители вновь оказались сосредоточенными в рамках одной улусной системы, созданной Едигееем, термин «ногайцы» начинает объединять определенные родо-племенные группы»,– деп көрсетілген [Калмыков, 1983: 21].

Б.А. Кочекаевтың «Ноғай Ордасы» деген атау «Маңғыт жұрты» деген этнонимнен кейін қалыптасқаны туралы жоғарыда келтірген тұжырымының негізсіз екенін осы кітаптағы: «В то же время перечень родо-племенных объединений, выступавших под общим названием в составе Ногайской Орды, уже свидетельствовал о том, что они составляли основную массу по сравнению с мангитским племенем. В этой связи следует отметить, что дети и внуки Едигея, находившиеся у власти, впоследствии именовали себя ногайскими князьями, а свою родословную вели от основателя Мангытского юрта»,– деген мағлұмат айғақтайды [Кочекаев, 1988: 21-22].

Ал, Маңғыт руының Ноғай ұлысына кейіннен қосылғаны туралы В.В. Трепавлов: «Первоначально их предки жили в Чагатаевском улусе, а не в Золотой Орде. Поэтому искать их среди изначальных джучидских подданных XIII – первой половины XIY в. бессмысленно. Однако, придя из Мавренахра в казахстанские степи, кыпчаки-мангыты оказались на землях, приадлежащих Джучидам – тем их династическим ветвям, которые происходили от сыновей Джучи хана, Орду-Ичена и Шибана»,– деп баяндайды [Трепапвлов, 2002: 57].

Едіге саяси аренаға шыққан XIY ғасырда маңғыттан шыққан бектер Алтын Орданың сол қанаты болып табылатын Ақ Ордада елеулі ықпалға ие болды. Едігенің әкесі – Балтышақтың Орыс ханның ұлы – Темірмәліктің қарамағында беглербегі қызметін атқарғаны – осының дәлелі. Балтышақ және оның ұлдарының жұрты болып табылатын Маңғыт ұлысы 1350-1360 жылдарға дейін Мауренахр мен Хорезмді, Алатаудың баурайын (оңтүстік-батыс Қазақстан мен Қырғызстанды), Аққөлдің төңірегін, Ұлытауды, Сеңгірағашты, Қараталды, Жентті, Баршынкентті және қазіргі Қазақстанның территориясына енетін өзге де жерлерді жайлаған [Трепавлов, 2002: 52-57].

Ноғайлардың кейіннен Еділ бойына, Қырымға, Кавказды қоныстануы тек 1350-1360 жылдары ғана мүмкін болған жағдай екенін В. Трепавлов: «До того времени какие-либо крупные перемещения населения в Золотой Орде неизвестны, да едва ли были возможны. В первой половине XY в. она находилась в зените могущества, и ордынское правительство не позволяло перехода племен (элей) из одного крыла или улуса в другой, чтобы не нарушать стройного деления населения и территории, не запутывать системы налогообложения и мобилизации ополчения. А вот в ходе смут, начавщихся после смерти хана Джанибека б. Узбека (1357 г.), в Дешт-и Кипчаке в самом деле начались масштабные миграции»,– деп түсіндіреді [Трепавлов, 2002: 57-58].

Жошы ұлысының осындай ахуалға тап болуы және сонымен бір мезгілде Шағатай ұлысының да әлсіреп, Шыңғыстың ұрпағы емес Ақсақ Темірге бағынышты болуы Жошы мен Шағатай ұлысының мұрагерлері болып табылатын халықтың XYI-XIX ғасырлар арасында түгелдей тәуелсіздігінен айрылуына апарып соқты.

Жаңа басталған бұлғақтың соңы ешқандай жақсылыққа апармайтынын түсінген дер кезінде ұғынған Алтын Орданың беделді әмірлері Ақ Орданың ханы Шымтайды 1361 жылы ұлыстың басты тағына отыруға шақырғанымен, Шымтай бұл ұсыныстан қабылдамаған көрінеді. Дегенмен, көреген елбасыларының тілектері көп ұзамай-ақ қабыл болып, 1361 жылы қайтыс болған әкесі – Шымтайдың орнына Ақ Орда тағына отырған Орыс хан біртіндеп Алтын Ордадағы билікті қолына алып, Шымтайдың қоластынан шығып кеткен Сырдария бойындағы қалаларды ғана емес, Маңғыстау және Батыс Қазақстан жерін, Еділ бойындағы Сарайшықты, Қажы Тарханды (Астраханды), Сарай әл-Махруса мен Сарай әл-Жадидті өз ырқына бағындырды [Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, 2005: 211]. Ноғай ұлысы тұрғындарының Алтын Орданың иелігіндегі жерлерге қайта орала бастауына осы оқиғалардың себепші болғаны анық.

Ал, Ноғай Ордасының өз алдына дербес құрылымға айналуына Ақсақ Темірдің 1391 жылғы Алтын Ордаға қарсы жорығы мүмкіндік бергені белгілі. Ол жөнінде Б.А.Б. Кочекаев: «Мангытский юрт Едигея, отделившись от Золотой Орды в 1391 г., был одним из наиболее

значительных патриархально-феодальных объединений... В период своего образования Мангытский юрт находился между реками Эмбой и Яиком (Урал)»,– деп жазған [Кочекаев, 1988: 19]. Зертеуші одан ары қарай Ноғай Ордасының территориясы 1426-1440 жылдары Еділдің бойындағы жерлер есебінен кеңейіп, ноғайлар Жайық пен Тюменнің арасында көшіп жүргеніне тоқталған [Кочекаев, 1988: 19-20].

Оның уақыт өте келе ұлғая түскенін тарихшы В.Н.Татищев: «Ногай был величайший народ около Астрахани, наполнял всю степь меж гор Кавказских до Яика и по Волге до Суры»,– деп жазуынан да аңғарамыз [Татищев, 1769: 293].

Ноғай Ордасының қазақ жерінің де елеулі бөлігін мекен еткенін Б.А.Б. Кочекаев: «Границей их земель на востоке были горы Алатау... Во второй половине XYI в. ногайцы кочевали в низовьях Сырдарьи, у берегов Аральского моря, близ Каракумов, Барсункумов и северовосточных берегов Каспийского моря. Власть ногайских феодалов распространялась и на некоторые «тюркменские улусы»,– деп анықтайды [Кочекаев, 1988: 28].

Осы келтірілген мағлұматтар М. Әуезовтің: «Қазақтағы батырлар әңгімесі ескі заманнан басталады. Батырлар әңгімесінің басы ескі түрік бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығады. Қазақ елінің ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп санауға керек. Бұрынғы түрік, монғол дәуірі жүрген заманда Алтын Орда, Ақ Орданың күндері айтылатын жерлер бар. Ноғайлы, Қырым, қыпшақ, қырғыздардың бір жалаудың астында бір ел болып жүрген кездерін айтады. Бұл түрік жұрттарының жік-жікке бөлінбей тұрған кезеңдері»,– деген ой қорытындысына [Әуезов, 1991: 56] еріксіз ден қойдырады.

Бұл пікірді өзге де қазақ эпостанушылары қолдайтынын олардың еңбектері айғақтайды. Осындай көкейге қонымды ғылыми тұжырымдар баршаға мәлім болса да, әлі күнге дейін зерттеушілердің көпшілігі Шоқанның: «История кочевых племен с наидревнейших времен представляется нам в виде отливов и приливов из одной стороны в другую. Всякий политический переворот, война производили движение, перемену кочевок. Части разных поколений, увлеченные потоком общего движения, смешивались с другими поколениями и являлись на противоположных краях от старых своих кочевок. Примеры подобных явлений беспрестанны и повторяются с кочевниками до сих пор»,– деген байыпты пікірін [Валиханов, 1961: 360] ескеріп, оны өздерінің ғылыми қорытындыларын жасау барысында басшылыққа ала бермейді.

Көптеген зерттеушілердің өз зертеулерінде көшпелі ноғайларды белгілі бір территория аясына таңылып қалған отырықшы халық ретінде көзге елестетуі олардқоныстанған территория жөнінде пікір қайшылықтарына мұрындық болды.

В.В. Трепавлов барлық зерттеушілердің еңбектерін жинақтай қарастыра отырып, Ноғай Ордасы мекен қылған территорияның шегаралары төмендегідей болғанын аңғартады:

Батыс шегара: Азов теңізі, Кубань даласы, Кабарда. Еділ, Астраханнан бастап, оған Каманың немесе Самараның құйылысына дейін.

Солтүстік шегара: Камадан немесе Самарадан Белая өзеніне дейін шартты сызық.

Шығыс шегара: Ембі өзенінен Арал теңізіне дейінгі шартты сызық.

Оңтүстік шегара: Сырдарияның төменгі жағынан Жайық пен Еділдің төменгі жағына дейінгі шартты сызық [Трепавлов, 2002: 459].

Осынау орасан зор территорияны мекендеген Ноғайлы қаһармандарының Мұрын жырау репертуарындағы шығармаларда “Қырымның батырлары” санатына жатқызылатынына келсек, бұл құбылыстың сыры Қырым түбегі және сонда орналасқан Қырым хандығы ыдыраған Алтын Орданың орнында пайда болған Қырым және Қазан, Астрахан, Қазақ, т.б. хандықтар мен Ұлы Ноғай Ордасы сияқты мемлекеттердің біразымен салыстырғанда, ұзағырақ уақыт тәуелсіздігі мен дербестігін сақтағанында, жоғарыда аталған мемлекеттік құрылымдардың Қырымда және Орта Азия мен Қазақстанда орналасқандарынан басқалары бірінен кейін бірі Ресей империясына

жұтылған уақыттарында бұған көнгісі келмегендердің көбінесе өздеріне Қырым хандығын, оның ар жағында тұрған Түрік мемлекетін сүйеніш, медеу тұтқанында жатса керек.

Ал, Мұрын жырау репертуарындағы эпопеяның басты өзгешелігі: оның бас кейіпкерлері "Қырымның батырлары" деп аталғанымен, олардың негізгі тұрағы Жем, Жайық және Еділ өзендерінің бойындағы, қазақтар "Үшқиян" деп атайтын, Батыс Қазақстанда орналасқан аймақ болып табылады, қазіргі Батыс Қазақстан өлкесінен тысқары жатқан жағрафиялық нысандар батырлардың сырт жаулардан кек алу мақсатында жорыққа шыға барған жерлері ретінде ғана ауызға алынады.

Ш. Уәлиханов өзінің "Қазақ шежіресі" атты еңбегінде: "После пресечения потомков Алача-хана, предание киргиз считает своим ханом Джанибека, сына [Барака]. Во всяком случае, по преданию, Джанибек был первым ханом казаков из фамилии Джучи-хана... Время управления Джанибека, когда две родные орды ногаев и казаков жили вместе, воспевается в киргизских поэмах как золотой век. К этому времени принадлежит большая часть преданий, нравственное изречение Джиренче-Чечена [мудрого], [Аз]-Джанибека и ногайского философа Асана Горемычного [Асан-Кайгы] употребляются степняками до сих пор",-деп жазған [Валиханов, 1961: 218].

Бұл достықтың түп тамыры қайда жатқандығы жөнінде В.В. Трепавлов: «В первой половине 1390-х годов, после дальних миграций, мангыты во главе Эдиге закрепились в степях Западного Казахстана, в бассейнах Яика и Эмбы. Историческое обстоятельства сложились так, что именно там они смогли утвердиться настолько, что образовали собственное кочевое владение»,– деп жазған [Трепавлов, 2002: 71].

М. Сеңгірбек ұлы жырлаған «Едіге батыр» жырында бас қаһарманның жаулармен соғысқан жерлері ретінде аталатын жағрафиялық нысандар осы өлкеде. Оның мысалдары төмендегідей:

Жырда: «Ол күнде Ащыбас шат деген жер еді. Ол - қалмақтың тұрған жері»,-деп айтылады.

Е.Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары сөздігі» атты кітабында «Ащыбас» деген топоним жөнінде: «Бұл компоненттес атаулар өздерінің сипаты жағынан бүкіл Орта Азия, Кавказ, Қырымға да ортақ»,– деп жазылған [Қойшыбаев, 1985: 54].

Жырдың бұл нұсқасындағы Ащыбастың Маңғыстауда орналасқаны анық сезіледі.

Жырда Едігенің Қанқожа деген жауымен Үш Бөкенбай жерде қақтығысқаны баяндалады. Жем өзені бойындағы Үш Бөкенбай тауы эпопеядағы өзге жырларда да аталынады.

Едіге жырында Қызылқұм деген жер аты кездеседі. Бұл жағрафиялық атаудың да Маңғыстау өлкесіндегі жерге қатысты екеніне Е. Қойшыбаевтың жоғарыда аталған кітабында: «Қызылқұм - құм аты (Бозащы түбегінде, Амудария мен Сырдария аралығында, Зайсан қазан шұңқырында)»,– деген анықтама берілген [Қойшыбаев, 1985: 180].

«Нұрадын» жырында бас қаһарман Қызылбастың Шаппаз ханына өзін таныстыру барысында:

«Мекенімді сұрасаң,
Үшқиян деген жер еді.
Мен Аралдан өткенім,
Саған келіп жеткенім»,– дейді.

Үшқиян өлкесінің Жайық, Еділ, Жем өзендері бойындағы жерлерді қамтитынын жоғарыда атап өттік.

Жоғарыда келтірілген шумақ пен Е. Қойшыбаевтың: «Арал теңізі - көл аты (қазақтың төл атауы). В.А. Никонов: "Амудариянның теңізге құйған жерінің атымен аталады. Ол жерді «Арал» атаған («Принципы топонимики», 1964, 30-бет) деп ажыратады»,– деген анықтамасында [Қойшыбаев, 1985: 49] бір жердің атауы туралы сөз болғанын сезу қиын емес.

Басында Еділ мен Жайық бойын жайлаған Едіге ұлысының Нұрадын атқа мінген кездері

Еділ бойын қамти кеңігенін В.В. Трепавлов: «Эдиге вытребовал у Токтамыша освобождение от налогов территории к востоку от Волги, где располагались также и владения мангытов. Земли между Яиком и Волгой были переданы в управление Нур ад-Дину»,– деп білдірген [Трепавлов, 2002: 84].

Осы келтірілген мәліметтер қазақ жыршыларының репертуарындағы эпикалық туындыларда бейнеленген тарихи оқиғалардың басым көпшілігі қазіргі Қазақстанға тиесілі жерлерде болғанын анық білдіреді. Оны біз алдағы уақытта сөз болып отырған эпопеяға енетін туындыларға жеке-жеке тоқталу барысында да аңғарамыз.

Бұның ақиқаттығын Ш. Уәлихановтың: «Нельзя отвергать вообще показания преданий кочевников о распространении кочевьев ногайских. Согласно им, нынешние кочевья Большой Орды (Семиречье), Иссык-Куль были занимаемы их родами. Знаменитый в народных воспоминаниях кочевой философ «Асан Горемычный», по преданию киргиз, кочевал на Джиргалане»,– деп жазғаны да аңғартады [Валиханов, 1961: 358]. Ал, Есенбұға ханның ұлы Теміртұғлықтың кезіндегі жағдайға ғалым: «Ногайцы, около этого [времени], распространив свои кочевья по степьям до Сыр-Дарьи и Чу, могли занять эти места после переселения орды ханской в средоточие оседлых владений, в пространстве между Яркендом, Кащгаром и Хотаном, что произошло тотчас после смерти Туглук-хана, и занять Иссык-Куль и Семиречье, обильные пастбищами и благоприятные для скотовода»,– деп тоқталып [Валиханов, 1961: 359], соның негізінде:«Как бы то ни было, киргизы, согласно преданиям, кочуя около Андижана (в верховьях Сыр-Дарьи), были в соседстве с ногаями, которые, как известно по “Книге Большому Чертежу”, жили в нынешней Киргизии от Ори до Сыр-Дарьи»,– деген тұжырым жасаған [Валиханов, 1961: 359].

Зерттеушілердің барлығы Ноғайлы дәуірінің XIY-XYII ғасырларды қамтитынын ашып көрсеткен. Бұл дәуірдегі елеулі саяси қақтығыстардың және атақты тарихи тұлғалардың барлығы бірдей Ноғайлы эпосының үлгілерінде бейнеленбеген. Оның басты себебі халықтың ауызша естеліктерінде өздерінің тарихындағы түбірлі бетбұрыстарға бастау болған оқиғаларды, оларда шешуші рөл атқарған қайраткерлерді және олардың әрекеттеріне берілген негізгі бағаны ғана сақтап қалуды мұрат тұтқанында жатса керек. Бұны дәлелдеу үшін «Қырымның қырық батыры» эпопеясының құрылымына назар аударсақ та, жеткілікті. Бұл эпикалық топтаманы екі шежірелік цикл мен жеке батырлар туралы жырлар құрайтыны белгілі. «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» атты бірінші шежірелік цикл түркі халықтарының қыпшақ диалектілі тобы мекендеген Алтын Орда, Көк Орда, Ақ Орда және Шағатай ұлысы атанған Шыңғыс ұрпақтары иеліктерінің берекесі кетуіне себепкер болған тартыстың қаһарманы Едіге, оның ата-бабалары, әкесі және ұрпақтары туралы жырлардан тұрады. Ал, «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» атты цикл жоғарыда атап өтілген қақтығыстың тікелей салдары болып табылатын қазіргі ТМД аумағындағы түркі тектес мемлекеттердің тәуелсіздігінен айрылу үдерісінің бастауы болған Қазан хандығын басқыншылар иеленуіне қарсы күрестің атақты қаһарманы – Шора батырдың және оның ата-бабалары мен әкесінің ерліктерін дәріптеуге арналған. Ал, «Жеке батырлар» деп аталатын үшінші циклға енетін жырлардың кейбіріндегі бас қаһармандар Едіге ұрпақтары немесе аталған билеушінің қарамағында болған әйгілі батырлар болып табылады. Бұл циклдағы өзге де туындылар бас кейіпкерлерінің әртүрлі кезеңдерде Ноғайлы бірлестігінің іргесін нығайтуға үлес қосқан тарихи тұлғалар екендігі күман тудырмайды.

«Қырымның қырық батыры» эпикалық циклының көрсетілген үш саласындағы жыр үлгілерінің кейіпкерлеріне айналған тарихи қайрат-керлердің қазақ даласына тікелей қатысы бар екеніне дәлел болып табылатын заттық және рухани айғақтар жеткілікті. Ондай дәлелдердің бірқатарын біз жоғарыда да келтірдік. Дегенмен, мақаламыздың қорытындысы ретінде осы жұмысымызда сөз етілген және қарастырылмаған мәліметтерді қамти жинақтасақ, Мұрын жырау

және өзге де қазақ жыршыларының Ноғайлы дәуірінің елеулі оқиғаларын өздері туып-өскен жердің өткен тарихындағы аса маңызды сәттері ретінде бейнелеу барысында ешқандай қателікке бой алдырмағанын жағрафиялық атаулар да, сәулет кешендері де, шежірелік деректер де, өзге де дереккөздері де айғақтайды. Біздің жоғарыда келтірген мағлұматтарымыз және өзге де тарихи мәліметтер Ноғай Ордасының туы алғаш рет Жем мен Жайықтың арасында, яғни Мұрын жырау мен онымен замандас қазақ жыршылары өмір сүрген жерде көтерілгенін аңғартады. Оның үстіне Ноғай Ордасының алғашқы билеушісі ретінде танылған Едіге бидің атындағы Орталық Қазақстандағы тау атын халық естелігі аталған тұлғаның сол жағрафиялық нысанның басында қайтыс болғанымен, сонда жерленгенімен байланыстырса, өткен жылы Маңғыстау өлкесінде ғылыми іс-сапармен болған халықаралық экспедиция да Маңғыстау ауданының территориясында маңғыт руынан шыққан Едіге есімді кісінің бейітін тапқанын теледидардан көрдік. Ноғай Ордасының қазақ жерінде қоныс тепкенінің ең басты айғағы – аталған мемлекеттің астанасы – Сарайшық қаласының қирандысы Атырау қаласының жанында жатқаны. Ноғай Ордасының әйгілі биі, Дешті Қыпшақтың хакімі деген атаққа ие болған Мұса бидің сол Сарайшықта тұрып, қазақтың ханы Жәнібектің беглербегі қызметін атқарғанын көрсететін жазба деректер көп.

Қорытынды

Біз өз мақаламызда келтірген деректер және өзге де мағлұматтар «Ноғайлы», «ноғай» этнонимдерін бір-бірлерімен шатыстырмау керек екенін, бұның алғашқысының құрамына Алтын Орданың батыс бөлігін мекендеген түркі тайпаларының барлығы енгенін аңғартады. Сондықтан қазақ халқының өз жырларында ноғайлы дәуірінің оқиғаларын бейнелеуінде ешқандай сөлекеттік, тарихи шындыққа қайшы келетін анахронизм жоқ.

Пайдаланылған әдебиет

Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 240 б.

Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.1. – Алматы: «Наука», 1961. – 777 с.

Калмыков И.Х., Керейтов Р.Х., Сикалиев А.И. Ногайцы (Историко-этнографический очерк). – Черкесск, Ставропольское книжное издательство (Карачаево-черкесское отделение, 1983. – 230 с.

Кочекаев Б.-А. Б. Ногайско-русские отношения в XY–XYIII вв. – Алматы: «Наука», 1988. – 272 с.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7-том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – 728 б.

Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы, «Мектеп», 1985. – 236 б.

Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. 6-том. – Алматы, «Қазығұрт», 2006. – 292 б.

Татищев В.Н. История Российская. – М., 1769. – Кн. 1. – Ч.2. – 600 с.

Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в. – М., “Восточная литература” РАН, 1993. – 163 с.

Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М.: “Восточная литература” РАН, 2002. – 752 с.

References

Auezov M. Adebiet tarixy`. – Almaty`: «Ana tili», 1991. – 240 b.

Valixanov Ch.Ch. Sobranie sochinenij v pyati tomax. T.1. – Almaty`: «Nauka», 1961. – 777 s.

Abstract. This article about cultural-historical connections between Kazakhstan and Turkey. Turkey was the first to recognize the independence of Kazakhstan. The official visits of the President of Turkey Turgut Uzal was in 1993, and the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev was in 1994. Then began the economic, political and ethno-culture connections between these countries. Intergovernmental agreements between Astana and Ankara, on that the packages of important diplomatic connections were signed, which gave an opportunity to develop. In 2017 it was a 25-year anniversary of the diplomatic relations between Turkey and Kazakhstan.
Keywords: Ankara, Astana, diplomatic relations, Kazakhstan, Turkey

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ-ТАРИХИ ҚАТЫНАСТАР (ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ)

Таңатарова Ж.Т.[1], Маратова С.А.[2]

[1]т.ғ.д., профессор
[2]2 курс магистранты, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан мен Түрки я арасындағы мәдени-тарихи байланыстар қарастырылады. Түркия Қазақстан тәуелсіздігін бірінші таныған мемлекет. Түркия Президенті Тұрғұт Озалдың Қазақстанға ресми сапары 1993 ж. болды, Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев 1994 ж. ресми сапары болды. Осыдан кейін екі ел арасында экономикалық, саяси және этномәдени байланыстар басталды.
Астана мен Анкара арасында маңызды дипломатиялық құжатқа қол қойылды. 2017 ж. Түркия мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастың 25 жылдығы атап өтілді.
Түйін сөздер: Түркия, Қазақстан, дипломатиялық қатынастар, Астана, Анкара.

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И ТУРЦИЕЙ (В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ)

Танатарова Ж.Т.[1], Маратова С.А.[2]

[1]д.и.н., профессор,
[2]магистрант 2 курса Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова

Аннотация. В статье рассматривается культурно-исторические связи между Казахстаном и Турцией. Турция первым признала независимость Казахстана. Официальный визит президента Турции Тургут Озала состоялся в 1993 г., президента Казахстана Н.А. Назарбаева в 1994 г. После этих визитов начались экономические, политические и этнокультурные связи между странами. Межправительственные соглашения между Астаной и Анкарой были подписаны важный

дипломатический документ. В 2017 г. отмечали 25-летие дипломатических отношений между Турцией и Казахстаном.
Ключевые слова: Турция, Казахстан, дипломатические отношения, Астана, Анкара.

Introduction

Social and political connections between Kazakhstan and Turkey start from the Soviet period. On December 16-18, 1986 in Almaty the students of higher educational institutions went out on protest after unfair decision, and then the Soviet authorities punished them cruelly. 10 thousand young people were deducted from their universities. Turkey was the first country, that expressedits protest to this cruel decision of the Soviet Union. After it the world community started lookingcritically at the domestic policy of the Soviet government.

In March, 1992 Turkey became one of the first states, that officially confirmed mutual relations with Kazakhstan (Dyussen K., 2017). This incomparable act of Turkey, helped to a quite young country Kazakhstan to become knowable at the international level, to define the foreign policy with other countries and pawn basis for diplomatic relations. And soon, on March 2, 1992 the diplomatic relations between Kazakhstan and Turkey were set, and the Embassy of the Republic of Turkey was opened first in Almaty. It certainly was setting of official diplomatic relations (Musa S., 2012). In 2017 it was a 25-year anniversary of the diplomatic relations between Turkey and Kazakhstan. As a result of official visits of the President of Turkey Turgut Uzalin 1993, and the President of Kazakhstan NursultanNazarbayevin 1994,the economic, political and ethno-culture connections began to broaden. Intergovernmental agreements between Astana and Ankara, on that the packages of important diplomatic connections were signed, which gave an opportunity to develop.

Due to signing of intergovernmental agreements between Kazakhstan and Turkeythe basiswas builtfor cooperationin different spheres. Simultaneously with the increase of political collaboration between Turkey and Kazakhstan, Kazakhstan became one of major political and economic partners of Turkey in Eurasia. Relations between the two countries increase every year. An e important role in this process belongs to the active foreign policy of Kazakhstan and confession of Security of the UNO Council.

Main part

On the whole, by their capital and technology providing the foreign investors of any country bring in a considerable contribution to development. Many Turkish companies in Kazakhstan carried out large-scale investments directed at producing goods and services.Turkish companies the actively financed infrastructure, transport, telecommunication, food, light and pharmaceutical, building materials, metallurgy oil and gas and chemical industries. As a result to date volume of investments in the economy of Kazakhstan Turkey is included in the first nine. In projects on transporting of oil and oil products through territory of Turkey help go to the world market. In 2005 of oil and gas on transporting of products from Azerbaijan, Georgia, Turkey, uniting the states of "Baku-Tbilisi-Jeihan the route of "Aktau-Baku-Tbilisy-Jeihan" on a project joined Kazakhstan. A collaboration develops in the field of investments. From data of the National bank of PK, from 1993 for 2009 the inflow of direct investments to Kazakhstan exceeded 838 million dollars. In 2006 in party "Eximbank Kazakhstan" for 240 millions a dollar opened a credit line in a size, including 55,7 million dollars on financing of trade, 184 million dollars, invested projects used up on development. In addition, Turkish businessmen open shopping centers, hotels, motor-car business and education institutions bringing considerable financial means (DusembekovaJ.K.,2013). The Turkish companies in the field of building and experience with technology were sharing their specialists with Kazakhstan. Among the number of the large objects it is possible to notice theAstana airport, Parliamentbuilding, Residence of the President of the Republci of Kazakhstan, "Regent Ankara"

and "Okan Intercontinental Astana" hotels, National Museum, Hodzha Akhmet Yassaui University and others.

According to data of agency of RK on statistics, the volume of bilateral trade between Kazakhstan and Turkey on results 2011 made 3,303 milliard dollars (an export is 2,574 milliard dollars., import are 729 milliard dollars).

The Republic of Turkey is one of the most important partners of Kazakhstan, not only economic relations but also the deepening of common history and culture. Following the independence of Kazakhstan, the two countries signed an agreement on celebrating holidays and cultural days. Days of Culture of Turkey and Kazakhstan were held in 1995-1996. Turkey welcomed the anniversary of poets and writers of the Kazakh people. The jubilees "Abai's 150th anniversary", "150th anniversary of Zhambyl Zhabayev" were widely celebrated.

For the first time, Abai's works were translated and published in Turkish (translated into Turkish by Abai's selected works in 1995 in 200 thousand circulationin two languages in Ankara). The Kazakh-Turkish community in the cultural and humanitarian sphere has been successfully developed. The Yassaui International Kazakh-Turkish University in Turkestan city became the most advanced educational project. For the development of this institution, the Turkish government has allocated totally $ 60 million.

Today, IKTU is a strong modern educational institution, which has 15 thousand students' educational and methodical base.

Many students and post-graduate students of Kazakhstan are studying at the universities of Turkey on a free basis. In turn, 26 Kazakh-Turkish lyceums, which opened in 1998 in Kazakhstan, were funded by Turkish entrepreneurs. Demirel has a private university. At present, more than 700 Turkish citizens are studying in Kazakhstan and dozens of Turkish teachers are working.

Turkey and Kazakhstan have common goals on global and regional issues. Their positions in international organizationsare the same. The status of the two countries was determined by the Strategic Partnership Agreement signed during Nazarbayev’s visit to Turkey in 2009. Thus, relations between the two countries have grown to the level of "strategic partnership", as well as fraternity.

Today, in Turkey, Nazarbaevis called "Kazakh Ataturk". Mustafa Kemal Atatürk's place in Turkish society is very high. Among the Turkish people, Nazarbayev has a reputation as a leader of the Turkic-speaking countries and he is very respectful. The monument to the Head of State, which is in front of the Ankara City Hall, is a clear proof of this. In order to further strengthen the cooperation between Kazakhstan and Turkey, a monument to Mustafa Kemal Atatürk was opened in Astana in 2009.

Conclusion

President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev According "We are a Turkic-speaking state and we will make every effort to strengthen relations with the Turkic-speaking countries" (Nazarbayev N.A., 1996). There is a one-sided approach and a joint step towards the development of Turkic-speaking states cooperation between Kazakhstan and Turkey. As a result, in the capital of Turkey, Ankara, such countries as Turkey, Kazakhstan, Azerbaijan, Kyrgyzstan, Uzbekistan, Turkmenistan, Tatarstan, Bashkortostan, etc., established TURKSOY International Organization in 1993 with the cooperation of Turkic-speaking states (Tayjan B.,2017). Establishment of TURKSOY society has become the only international organization which has great influence on development of cultural relations of Turkic countries. It has led to the revival of the original culture of the Turkic peoples, especially in the Soviet Union. At each of its sessions, significant tasks have been set and concrete measures have been taken in this area. Organization goals:

- Striving for mutual understanding between the Turks and the Turkic-speaking nations;
- The need for the development and prosperity of the culture and art of the Turkic peoples;

- Preservation of national culture and friendly relations for future generations;
- Development and promotion of Turkic culture on a world scale.

At the same time, the two countries are cooperating in the important international organizations. In particular, the Republic of Turkey supported Kazakhstan in 2010, when our country chaired the OSCE. Turkey prioritizes military-political issues in the region during the presidency of 2010 in the Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia (CICA) initiated by Kazakhstan(Turkey and modern problems of regional economic integration, 1998).

In March 2018, another public organization, the Blue Flag Kazakh Culture Association officially started its work in Ankara. Its foundersare young Kazakh specialists living in the Republic of Turkey. The main activities of the organization are promotion of Kazakh language, culture in other countries, development of relations with state and public organizations of Kazakhstan. This form of culture, history, literature and language information about the country is now widely used in the world. For example, since 2004, China has opened 500 Confucius Schools in 106 countries. This Chinese project has become a worldwide brand.

The future of the Kazakh-Turkish relations will be developing through peaceful negotiations, such as the relationship with all other powers.

Thus, the stable nature of the relations between the two countries is a good example of successful cooperation, with particular emphasis on mutually beneficial cooperation. Kazakhstan and Turkey are interested in further cooperation and strategic partnership within the framework of global and regional organizations.

References

Dyussen K. 25th anniversary of diplomatic relations between Kazakhstan and Turkey // Aikyn. ¬- 2017. - March 11. - No. 53. - 4 p.

Dusembekova J.K. Dynamics of development of the Kazakh-Turkish relations at the present stage // Vestnik KazNU. - 2013.- №5. - P.32-36.

Musa S. Kazakhstan-Turkey: countries of a strategic partner // Real Kazakhstan. 2012. - 10 October.

Mustafina M., Open time // Liter. - 2018. - March 27th.

Nazarbayev N.A. Twenty first century. - Almaty: “Art”, 1996.

TayjanB. TURKSOY - Farewell Founder // Egemen Kazakhstan. - 2017. - December 7th.

Turkey and modern problems of regional economic integration. - Middle East and modern times. Digest of articles. Release five. - M., 1998. - P. 47

ӘОЖ 930.2:94(574)

ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ МЕН СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ ҰСТАНЫМЫ

Тасилова Н.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.

Аңдатпа. Мақалада ортағасырларда тарих сахнасына көтерілген Қазақ хандығының билеушісі әйгілі Шығай ханның баласы - Тәуекел ханның тұсындағы мемлекеттің ішкі саяси жағдайы мен көрші жатқан Мәуреннахрдағы Шайбанилер, Ирандағы Сефевилер әулеті, орыс елі арасындағы саяси-дипломатиялық, әскери, сауда-экономикалық байланыстарының тарихы ортағасырлық жазба деректер мен тарихнамалық еңбектердің негізінде зерделенген. Әсіресе, көшпелілер мен отырықшылар арасындағы саяси қатынастары үшін Сыр бойындағы қалалардың маңызы көрсетіліп, XVI ғасырдың екінші жартысындағы шайбанилық Баба сұлтан мен Абдолла арасындағы қарама-қайшылықтарды, орыс мемлекетімен дипломатиялық ресми қатынастарды шебер орнатқан, қазақ мемлекеттілінінің пайдасына шеше білген Тәуекел ханның ішкі және сыртқы саясаты талданған.
Түйін сөздер: хандық, мемлекеттілік, саяси, дипломатия, байланыстар, халықаралық

РОЛЬ ТАУЕКЕЛ ХАНА В УКРЕПЛЕНИЙ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ И ЕГО ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА

Тасилова Н.А.

КазНУ имени Аль-Фараби, к.и.н., асс. профессор. Алматы г., Казахстан.

Аннотация. В статье автор рассматривает проблемы взаимоотношений между Казахским ханством и династией Шайбанидов Мауереннахра, Сефевидами Ирана и Русским государством в конце XVI в. Автор опираясь на источники, рассматривает историю дипломатических связей и военных сражений, исследует факты о Таукел хане, о личных качествах как правителя, дипломата, единство казахского общества.

В сложных внешнеполитических ситуациях он показал выдающиеся дипломатические способности. Он воссоединил Казахское ханство, которое было разделено его предшественниками. Во время правления Таукел хана Казахское ханство активно развивалось, в исторических документах того времени Таукел хана называли «царем казахов и калмаков».

В эпоху правления Таукел хана произошли исторические изменения во внешней политике Казахского ханства: Казахское ханство установило дипломатические и политические отношения с Москвой. Таукел хан сумел объединить раздробленное Казахское ханство, в состав Казахского ханства на двести лет вошли Ташкент, на определенное время Фергана и весь Туркестан, то есть оседло-земледельческие районы по обоим берегам Сырдарьи, которые до того принадлежали Шайбанидам. Он объединил казахский народ и внес большой вклад в укрепление его государственности.
Ключевые слова: ханства, государственность, истоки, политические, международные, связи, дипломатия.

THE ROLE OF KHAN'S TOWEKEL IN STRENGTHENING OF KAZAKH STATEHOOD AND ITS FOREIGN POLICY

Tasilova N.A.

Al-Farabi Kazakh National University, Candidate of Historical Sciences,Associate professors.
Almaty, Kazakhstan.

Abstract. In the article, the author examines the problems of the relationship between the Kazakh Khanate and the Shaibanid dynasty of Mauerennakhr, the Iranian Safavids and the Russian state at the end of the 16th century. The author, relying on sources, considers the history of diplomatic relations and military battles, explores the facts about Tauekel Khan, about personal qualities as a ruler, diplomat, and unity of the Kazakh society.
In difficult foreign policy situations, he showed outstanding diplomatic skills. He reunited the Kazakh Khanate, which was divided by his predecessors. During the reign of Tauekel Khan, the Kazakh Khanate actively developed, in historical documents of that time Tauekel Khan was called "the king of the Kazakhs and Kalmaks".
During the reign of Tauekel Khan, historical changes occurred in the foreign policy of the Kazakh Khanate: the Kazakh Khanate established diplomatic and political relations with Moscow. Tauekel Khan managed to unite the fragmented Kazakh Khanate, Tashkent was included in the Kazakh Khanate for two hundred years, Fergana and the whole of Turkestan for some time, that is, settled agricultural areas on both banks of the Syr Darya, which previously belonged to the Shaibanids. He united the Kazakh people and made a great contribution to strengthening its statehood.
Keywords: khanates, statehood, sources, political, international, ties, diplomacy.

Кіріспе

Қазақ хандығының тарихында күшті мемлекет басшысы болып, сыртқы саясатын асқан шеберлікпен өз елінің мүддесі үшін жүзеге асыра білген хандар аз болмады. Атақты Қасым ханның ұлы Хақназар ханнан кейін билікке келген Шығайдың ұлы Тәуекел ханның тарихта алатын орны ерекше.

1580 ж. кейін Хақназар ханның аты деректерде кездеспейді, ал оның немере інісі Шығай (Сығай) Қазақ ханы деп аталған еді. Осы уақытқа дейінгі деректерде Шығайдың аты көп аталмаса да, сұлтан деп берілетін. Шығай әйгілі Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдік (Йадық) сұлтанның баласы. Анасы Абайқан бегім еді. В.В. Вельяминов-Зернов өз еңбегінде: «Жәдіктің ұлы Шығай ұзақ ғұмыр кешкен, шамамен 80 жылдай», - дейді [Вельяминов-Зернов В.В., 1864 : 42].

Зерттеушілер Тәуекел ханның атақ-дәрежесі мен ақыл-парасаты, жоғарғы билікке келуі Қазақ хандығының саяси және экономикалық жағдайының жаңа сатыға көтерілгендігін, жерінің кеңейгендігін ғана емес, сонымен қатар көрші жатқан Мәуреннахрдағы биліктегі әулеттің ауысуымен байланыстыра қарайды. Т.И. Сұлтанов, М.Х. Әбусеитова, Қ. Салғараұлы, Б.Б. Кәрібаев, И.В. Ерофеева, Н. Атығаев және т.б. зерттеушілер Тәуекел хан тұсындағы Қазақ хандығындағы өзгерістерге ерекше назар аударған.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың әдістемелік негізіне қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін нақты зерттеуді талап ететін сыни және тарихилық қағида негізге алынып отыр. Еңбекті жазуда қазіргі деректану саласы мамандары мен тарих бағытында зерттеулер жүргізіп жатқан ғалымдардың

тарихи дәуірді кешенді зерттеу қажеттілігі туралы ғылыми тұжырымдарына баса көңіл аударылды. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы нысандылық, жүйелілік, талдау, салыстырмалы-тарихи талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру тәсілдері басшылыққа алынды.

Әдістері: Зерттеу жұмысында тарихи тұлғаны тарихи кезең шеңберінде кешенді түрде сипаттау, тарихи-салыстырмалы, деректанулық талдау, жинақтау, жүйелеу, тарихи-географиялық т.б. әдістер қолданылды.

Талқылау

XVI ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығын қайта өрлетіп, Ұлы дала тарихында ерекше орын алатын бірнеше хандар болды. Олардың тарихи ролі әрбір хан тұсындағы хандықтың саяси-экономикалық және әскери жағдайымен, көрші елдермен байланысы, ортағасырлық деректердің авторлары берген бағасымен бағаланады. Тәуекел ханның XVI ғасырдың екінші жартысыдағы тарихи рөлі неден көрінді десек, ең алдымен, Қазақ хандығының территориясы жағынан кеңеюімен, мемлекеттілік жағынан нығаюымен, халқы санының өсуімен, қазақ деген халықтың және мемлекеттің атын алыс-жақын елдерге паш етумен, Сыр бойындағы қалалар мен Ташкент, Ферғана аумағына дейінгі жерлер Қазақ хандығының құрамына кіруімен көрінді дейміз.

Ортағасырлық жазба деректерде Тәуекел ханның жеке өмірбаянын толық баяндайтын мәліметтер аз, оның өмірінен қысқа - қысқа мәліметтер әртүрлі ортағасырлық деректерде кездеседі. Олардың қатарында Әбілғазының «Түрік шежіресі», Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы», Хафиз Таныштың "Шараф наме и шахи", Ахмед Ғаффар Казвинидің, Махмуд ибн Уәлидің «Бахр аль-асрар» шығармасы жатады. Сонымен қатар орыс елшілік мұрағат құжаттарында, жылнамаларда, сібір, ноғай мырзаларының деректерінде біршама мәліметтер кездеседі [Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков., 1969 : 353].

Нәтижесі

1582 жылы Шығай хан қайтыс болады. Одан кейін хандық билікке оның ұлы Тәуекел келді [Абусеитова М.Х., 1998 : 97]. Тәуекел (Тевеккел, Тевкел, Тауке, Тукай) шағатайлық Яхшым бегімнен туылған Шығай ханның ұлы.

Мақалада Тәуекел ханның тұсындағы мемлекеттің ішкі саяси жағдайы мен көрші жатқан Мәуреннахрдағы Шайбанилер әулеті, Ирандағы Сефеви әулеті мен орыс елі арасындағы саяси-дипломатиялық, әскери, сауда-экономикалық байланыстарының тарихы жазба деректер мен тарихнамалық еңбектердің негізінде зерттеу нысанына айналды.

Шығайдан көп ұрпақ қалды. Оның әйелдері де көп еді. Қадырғали Жалайыр өз еңбегінде Шығай ханның үш әйелін ерекше атап өтеді. Біріншісі – Байм бегім. Одан Сейдқұл сұлтан, Ондан сұлтан, Алтын ханым; Екіншісі – шағатайлық Яқшым бегім. Одан Тәуекел хан, Есім хан, Сұлтан-Сабырбек ханым; Үшіншісі – Бұрындықтың қызы Дадим ханым. Одан Әлі сұлтан, Сұлұм сұлтан, Ибрахим сұлтан, Шахым сұлтан. Сондай-ақ, басқа да тарихта аты қалған Абылай, Күшік деген ұлдары болған [Қадырғали Жалайыр, 1997: 121].

Хафиз Таныштың өзі Тәуекел ханды: «Батырлығы, ерлігі мен күштілігі жөнінде ол әлемде жалғыз еді және Дешті-Қыпшақта атақты болды. Оның сырт келбеті де сұлу, ақындық таланты да бар», – деп сипаттайды [История Казахстана: народы и культуры., 2000 : 147].

И.В. Ерофеева Тәуекел ханды: «Қазақ хандығының басында тұрғандағы барлық кезеңінде Тәуекел өзін талантты және тез шешім қабылдай алатын қолбасшы, сыртқы саясатта шебер тактика пайдалана алатын хан ретінде көрсете алды», – дейді [Ерофеева И.В., 2000: 147]. Және «Тәуекел жастық шағын елінен алыста Бұқара хандығында өткізіп, XVI ғ. 80 ж. өз әскерімен

Абдолла ханға қосылып, бірігіп белсенді түрде Баба сұлтанмен күресіне қатысты», - дейді. Шайбанилық Абдолла ханның сарайында жүргенде жас сұлтанға Бұқара ханы сыйластықпен өзіндік ерекше мейірімділікпен қарады. Қазақ сұлтаны Абдолла ханның баласы Абдал Момынмен және көптеген сұлтандармен әскери жарыстарда Тәуекел көзге түсіп, осы үшін де бірнеше рет «алтын жіппен тігілген халат, қымбат тастармен әшекейленген бас киім мен белбеумен» марапатталғанын Хафиз Таныш жазады [Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков., 1969 : 257-262.].

Т.И. Сұлтанов: «Тәуекел хандық билікке өте қиын кезеңде отырды. Бір жағынан Шайбанилық Абдолла, моғол және жоңғар қатынастары шиеленісте болды. Осындай тұста Тәуекел өзін соғыстың білгірі, епті саясаткер екенін көрсете алды», – дейді [Султанов Т.И., 2001: 144].

Осыдан кейін, 1583 жылы жазда Тәуекел Абдолла ханның Әндіжан мен Ферғанаға жасаған жорығына қатысады. Бұл жорықта Тәуекелге Шайбанилық Махди сұлтан мен Баба сұлтанның ұлы Абдалл Ғаффарды өлтіру сәті түседі. Сөйтіп, жорықтан қайтып келе жатып Хафиз Таныштың айтуынша: «Әндіжан мен Ферғанаға жорықтап қайтып келе жатқанда Абдолла ханның Тәуекелге теріс ниетінен күдіктеніп, оны тастап, өзінің Дешті-Қыпшағына кетіп қалды», – делінген [Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков., 1969 : 311]. Шынында да өз туыстарын билікті заңды мұралануы үшін аямай өлтірткен Абдолла хан, Жошы ұрпағы Тәуекелдің де Орта Азиядағы билікті заңды түрде алу үшін күрес алаңына шығатынынан сезікті. Оны Тәуекел сезді және де Абдолла қазақтарға Түркістан өңіріндегі 4 қаланы беремін деп, уәдесін орындамаған еді. Ал Т.И.Сұлтановтың айтуынша: «Тәуекел Абдолла ханның қол астында қалып, өз елінің тәуелсіз билеушісі бола алатынына сенбеді. Өзінің құқықсыз хан ретінде жүруден бас тартып, Мауреннахрдан Ұлы далаға Абдолла ханға қарсы әскер жинау үшін оралды», – дейді [Султанов Т.И., 2001: 145].

А. Миллер: «Тәуекел өз еліне оралғаннан кейін, қолға қару алып 3 жыл бойы әкесінен қалған хандық билікті заңды мұралану үшін күресті. Өйткені, көптеген сұлтандар оның билігін мойындағысы келмеді», – дейді [Миллер А., 1942: 32]. Тәуекел хан қарсыласы Шайбанилық Абдолла ханмен күресу үшін де қажырлы күш жұмсап, ішкі және сыртқы шиеленіскен жағдайды туырлауына тура келді. Ал 1583 ж. әкесі Ескендір қайтыс болғаннан кейін Абдолла өзін хан деп жариялады. Осындай жағдайда Тәуекел хан 1586 ж. бастап Сыр бойындағы қалаларды иелену үшін күресін бастады. Бұл ханның сыртқы саясаттағы басты мақсаты еді. Өйткені, Қазақ хандығын қалпына келтіріп, нығайтып, тәуелсіз ету үшін Түркістан аймағын иеленудің маңызы зор екенін түсінді. Сөйтіп, оның бірінші талпынысы 1586 жылы болды. Тәуекел хан Абдолланың көп әскерімен оңтүстікте екенін біліп, күтпеген жерден Ташкент аймағына шабуыл жасайды. Шеребханда (Ташкент маңында) Тәуекелді нашар қаруланған қазақтар қарсы алды. Олардың оқ пен қылыштан қорғаны тон мен жылқының терісінен тігілген киім болды. Сондықтан Ташкенттіктер қазақтарды әлсіз жау деп тауып, олардың артынан ешбір қауіп-қатерсіз қуады. Бірақта қазақтар қарсы шабуылға төтеп беріп, ташкенттіктерді тез басты, сөйтіп ташкенттіктер арасында үрей пайда болды. Тәуекелдің бұл жорығы Ташкент, Түркістан мен Самарқандқа қауіп төндірді. Осы тұста Абдолланың ағасы Ұбайдолла Самарқандтан көмекке келгенін естіген қазақ ханы артқа шегінуге мәжбүр болды. Осылайша Тәуекелдің бірінші жорығы нәтижесіз аяқталды.

Бұл жорық тәуелсіз Қазақ хандығының Бұқара хандығына ешбір сырт елдердің көмегінсіз жасаған алғашқы жорығы еді. А. Миллердің айтуынша: «Екі жылдан кейін, 1588 ж. Тәуекел қайталап Ташкентті басып алуға талпынды, бұл жолы Ташкенттегі өзінің сенімді адамдары арқылы көтеріліс ұйымдастырды», – дейді. Ал зерттеуші М.Х. Әбусеитова: «Бұл көтеріліске Тәуекел хан қатыспады. Өйткені, оған Хақназар ханның екі ұлы қатысты, ал олармен Тәуекелдің қарым-қатынастары дұрыс емес еді», – деп түсіндіреді [Абусеитова М.Х., 1985 : 84].

1588 ж. оқиға қазақ халқының тарихында маңызды оқиғалардың бірі екенін атап өту қажет. Хафиз Таныштың айтуынша бұл Ташкенттегі көтеріліс Абдолла хан мен оның немере інісі осы аймақтың билеушісі Рүстемнің ұлы Өзбек ханға қарсы еді дейді. Бұл уақытта Абдолла хан Гератта соғысып жатты. Сөйтіп, Пскентте осы қаланың бай-бақуатты адамдары, ақсүйектер және әмірлер де болды. Бұл көтерілістің себебі Абдолланың заңсыз хандық билікке келуінде еді. Шайбанилық әулеттің дәстүрі бойынша ханды билікке шайбанилық әулет өкілдерінің қалауымен, мақұлдауымен отырғызатын. Бірақта Абдолла билікке шайбанилық сұлтандардың емес, әмірлердің көмегімен келді. Өйткені, Абдолла тақтың заңды мұрагері болмағандықтан және шайбанилықтар хандық билікке Абдолладан жасы үлкен Шайбанилықтардың бірін отырғызады деп қорқып, ол әкесі өлгеннен кейін тез арада әмірлермен келісіп, өзін хан жариялайды. Сондықтан да ықпалды ақсүйектер мен шайбанилық сұлтандар бүлік шығарды [Абусеитова М.Х., 1985 : 90].Осылайша, көтерілісшілер Абдолла ханның даруғасын өлтіріп, қазақ сұлтаны Жан-Әліні хан етіп көтереді. Ташкент уәлиятының билеушісі Өзбек сұлтан Абдолла мен басқа да шайбанилықтарға шабарман жіберіп, көмек сұрайды. Алайда көмек келсе де, көтеріліс тоқтамады. Көп кешікпей бүлікшілерге Хақназардың ұлдары Мыңғытай мен Дін Мұхаммет сұлтандар келіп қосылады. Олар әкесінің кегін қайтару үшін ыңғайлы сәтті күткен тәрізді.

Бұл көтеріліс үш айға созылып, бұқаралық сипат алғанымен тез басып, жаншылды. Ташкент Бұхара хандығының қол астына қайта кірді. Осыдан кейін 1598-1599 жылға дейінгі Қазақ хандығы мен Шайбанилер әулеті арасындағы қарым-қатынастар туралы мәліметтер жоқтың қасы. Тек қана 1594-1595 жж. қазақ-орыс қарым-қатынастарынан Мәскеуге жіберілген Тәуекел ханның елшісі Құл Мұхаммедтің: «Ал Бұхара патшасымен уақытша бейбіт қатынастамыз», – деуі қазақ-өзбек қатынастарының уақытша бітімге келгенін көрсетеді [Казахско-русские отношение в XVI-XVIII вв., 1961 : 3-4]. Сондай-ақ, Тәуекел хан бұл құжаттарда «қазақ және қалмақ ханы» деп беріледі.

Қазақ ханы Тәуекел Мәскеу патшасынан немере інісі Ораз Мұхамметті қайтарумен қатар Бұхара хандығын жеңу үшін от қару сұрайды. Ол жайында зерттеуші А.И. Левшин, В.В. Вельяминов-Зернов, В.Я. Басин, М.Х.Әбусеитовалардың еңбектерінде қарастырылған болатын.

Шын мәнінде Тәуекел хан орыс елінен Бұхараны бағындыру үшін от қару сұрайды, ал орыс елі қазақ елін өз боданына айналдыруға дайын тұрды. Олар қазақтарға Ораз Мұхаммедті де, от қаруды да бермеді. Өйткені, қазақтардың күшті халық екендігінен ноғайлар арқылы хабарлары болды және қазақтарға сұрағанын беру өздеріне қауіпті еді.

Зерттеуші Н. Атығаев бұл туралы: «Осы кезде қазақ билеушісі Тәуекел хан Шайбанилық Абдолла ханмен уақытша мәмілеге келуін пайдаланып, оған қарсы өзіне одақтас табуға кірісті. Ондай одақтасы Сефевилік мемлекет еді. Оларда Шайбанилармен үнемі соғыста еді», – дейді [Атыгаев Н.А., 2002 : 18]. Бұл XVI ғ басынан басталған күрес екенін атап өту қажет. Және де қазақтар орыстармен одақтасудан үміттері үзілгеннен кейін осы шешімді қабылдаған секілді.

1594 ж. Қазақ елшісі Құл Мұхаммед Мәскеуге Сефевилерден елші келгенін естіп, онымен келісім жасауға талпынады. Ол өз мақсатын: «Біз қызылбашылармен (Сефевилер) бірігіп бұхаралықтарға қарсы күресуіміз керек», – деп түсіндіреді. Бұл, әрине, Тәуекел ханның сыртқы жауларымен күресуге бағытталған одақ еді [Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв., 1983 : 170].

Қазақ хандығы өзінің көздеген мақсатына жету үшін қазақ жеріне Құл Мұхаммедпен бірге орыс елшісі В. Степанов және Сефевилік елші Дервиш Мағметті шақырады. Ал Сефеви мемлекетінің Аббас шахына қазақтар өз елшілерін жібереді. Өкінішке орай бұл қарым-қатынастар туралы мәлімет беретін дерек қазірше жоқ. Сонымен, Қазақ хандығы ешбір одақтассыз, өзінің күшіне сеніп қана Шайбанилық әулетті жеңу керектігіне көздері жетті. Сырттан одақтас табу әрекеті нәтижесіз аяқталды. 1998-1599 жж. қазақтар үшін сәтті кезеңдердің

бірі еді. Өйткені, осы уақытта Абдолла ханның үстемдігі саяси тоқырауға түсті. Абдолла ханға өз ұлы Абдал Момын да қарсы шығып, ол жағдай ұлын жақсы көретін әкесінің денсаулығына кері әсерін тигізді. Осыны көре білген қазақ ханы тыныш жатпай, өз мақсатына жетудің кезеңі пісіп жетілгенін түсінді. Сөйтіп, Тәуекел хан жорыққа қайта аттанады. Тәуекелдің Мауреннахрға жорығы туралы мәліметтер бірнеше нарративті, парсы және тәжік тілдеріндегі деректерде кездеседі. Олар - Ескендір Муншидің «Тарихи аламара–ий Аббаси», Мұхаммет Аваздың «Заийа ал-Кулуб», Мұхаммадиар ибн Араб Катағанның «Мусаххир ал-билад», Қыпшақ ханның «Тарихи Қыпшақ» еңбектері. Бұл деректерді 1598-1599 жж. оқиғаның замандастары ол оқиғадан көп уақыт өтпей-ақ жазған. Сондықтан да ол деректердің мәліметтері ерекше құнды [Казахстан в эпоху феодализма., 1981: 124-141].

Ескендір Муншидің мәліметі бойынша Абдолла хан Тәуекелді өзіне лайықты қарсыласы деп санамады және оған қарсы өзінің әскерінің бір бөлігі мен шекаралас аймақтағы сұлтандар мен әмірлердің әскерін жіберген еді делінген. Ташкент пен Самарқанд арасындағы жерде екі ел арасында соғыс жүреді. Бұл соғыста Абдолла хан әскері жеңіліске ұшырайды. Бұл жеңілісті естіген Абдолла хан тез арада жаңадан әскер жасақтап, оны өзі басқарады. Жорыққа дайындалып болғаннан соң, ол Гераттағы Күлбаба-көкілташ әмірге адам жібереді. Бұл кезде Тәуекел Абдолла ханның келе жатқанын естіп, далаға шегініс жасап, күте тұруды ойлайды. Бірақта Абдолла ханның денсаулығы күрт нашарлап, 1598 жылы көктемінде қайтыс болады. Осыдан кейін Бұхара хандығында саяси тұрақсыздық орын алып, билікке Абдолланың ұлы Абдалл Момын келді. Көп ұзамай 1598 ж. жазда оны бүлікші әмірлер өлтіреді. 1598 жылы тамызда Абдалл Момын қайтыс болғанын естіген Тәуекел хан Шайбанилердің жерін жаулап алу үшін белсенді қимылға көшеді. Ескендір Муншидің дерегі бойынша Тәуекел мен оның інісі Есім сұлтанның біріккен әскері 100 мыңға жуық дейді. Ал Мұхаммед Аваз сонымен қатар, Тәуекелмен бірге 120 сұлтан болды дейді. Яғни, бұл жорыққа барлық қазақ сұлтандары жұмыла кіріскенін көреміз. Сондай-ақ, Тәуекел ханның әскерінің құрамында дала өзбактері мен Түркістандықтар да болды. Тәуекелге сол кезеңдегі ықпалы күшті діни ұйымдар да көмектесті. Және де Шайбани әулетінің кейбір ықпалды өкілдері көмек беріп, оның есесіне Түркістан мен Мауреннахрдағы билікті бөліске салуды көздегендер де болды. Мысалы, «Мұсаххир ал-билад» дерегі бойынша Өзбек сұлтан Тәуекелмен Абдоллаға қастандық ұйымдастырмақ болып, Абдолла ханның кек алуынан қорқып өз балаларын қазақ ханына жібереді және де бұл әрекеті үшін Тәуекел Түркістан мен Мауреннахрды жаулап алған соң тең бөлісеміз деп уәде берген екен. Осы мәліметтерге қарағанда Тәуекел ханның билікке келіп, Орта Азияны жаулап алуына Шайбанилық ақсүйектер қарсы болмаған. Осылайша Тәуекел ханның Орта Азияға жорығы кенеттен және тұтқиылдан болған жоқ. Себебі, оны Мауреннахр да күтті және көмек көрсетеміз деп уәде де берді. Сондықтан да, бұл жорық арнайы жоспарлы түрде дайындалған деуге негіз бар. Сонымен, Тәуекел хан Түркістаннан Мауреннахрдағы Ахси, Әндіжан, Ташкент, Самарқантты Мийанқалаға дейін басып алып, Есім сұлтанды 20 мың әскермен Самарқантта қалдырады. Ал өзі 70-80 мың әскермен Бұхараға беттейді. Бұхарада небәрі 10-15 мың әскермен Пір Мұхаммед (Шайбанилық сұлтан) қаланы бекітіп, 11 күн бойы қаладан шықпайды. Он екінші күні Бұхараның барлық халқы шығып, кескілескен күрестен кейін Тәуекел ханның әскері жеңіліс табады. Мұны естіген Есім сұлтан ағасына артқа шегін деп өтінеді. Сөйтіп, олар шегініп, жорыққа қайта дайындалады. Осыдан кейін Пір Мұхаммед әскері Тәуекел әскерінің артынан қуып келеді. Екі жақ әскері ашық далада Ұзын сақал деген жерде қайта соғысады. (Ескендір Мунши бойынша Ұзын сақалда, «Зийа ал-кулуб» дерегі бойынша Сар-и Пулда, «Мусаххир ал-билатта» және «Бахр ал-асрар» бойынша Үш-қарада болды.) Пір Мұхамметке көмекке Баки сұлтан келеді. Бір айдай күрестен кейін, көп сұлтандар мен ерлер қаза табады. Осы күресте Тәуекел хан да қатты жараланып, Ташкентке оралады. Сөйтіп, осы жерде Қазақ ханы көз жұмады.

Осы қысқа мерзімде Тәуекел хан Түркістан, Ташкент, Ферғананы өз иелігіне қосты. Оның Орта Азияға жорығы алдын-ала жоспарланған және де көп жылдар бойы дайындалған, нақты мақсаттарға жұмылдырылған күрес еді. Тәуекел хан Шайбанилық иелікті қосқанда ғана Қазақ хандығына байланысты шаруашылық-экономикалық, саяси-әлеуметтік оқшауланудыжоя алатынын түсінді.

Тарихшы М.Х. Әбусеитованың айтуынша Тәуекел хан өзінің басты мақсаты – Мауреннахрды қазақтардың қол астына кіргізе алған жоқ. Бірақта Түркістан, Ташкент, Ферғана белгілі бір кезеңдерге дейін қазақ жерлерінің құрамына кірді. Ал бұл өз кезегінде қазақ және ортазиялық хандарының арасында Нақшбанди орденінің сопы шейхтерінің ықпалымен жасалынған бейбіт бітіммен нығайтылды. Қазақ хандарының Түркістанды билеуіне нақшбанди шейхтары өздерінің рұқсаты мен оң батасын берді.

Шайбанилық Абдолла хан мен Абдалл Момын билікке басқа шайбанилықтар келіп қояды деп, бәсекелес, қауіпті адамдар ретінде оларды өлтіртті. Сөйтіп, шайбанилықтардан жалғыз ғана Абдолла ханның ағасы Пір Мұхаммед қана қалды. Осыдан кейін Шайбани әулеті өмір сүруін тоқтатады. Өйткені, Абдалл Момынның өлімінен кейін Бұхара тағына Шайбан әулетінің мұрагер қызы мен Джаннан туылған Баки Мұхаммед келіп, Аштарханилық әулеттің билігі орнайды. XVII ғасырлардағы оқиғалар жаңа бір тарихи кезеңнің басталуымен сипатталады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Әбілхайыр хан мен Ұрыс ханның ұрпақтары XVI ғ. соңында мәреге әр түрлі дәрежеде жетті. Мауреннахрды билеп-төстеген Шайбанилық әулеттің дәуірлеуі аяқталды, ал қазақтарды бастаған Тәуекел хан өзінің жеңісімене көздеген мақсатына жетті. Осылайша, Қазақ хандығы бір ғасыр бойы Түркістан аймағы үшін күресті, ол күрестің босқа кетпегендігін тарихтың өзі дәлелдеп берді.

Тарихи деректерден атақты Тәуекел хан өз халқының қамын ойлаған билеуші, шебер дипломат, көреген саясаткер және талантты қолбасшы болғанын көреміз.

Міне, XVI ғ. Қазақ хандарының жүргізген саясаты тарихта өз таңбасын қалдырды. Ал талай-талай қиян-кескі жағдайларды басынан өткеріп келе жатқан Қазақ хандығы бұл кезеңнің қиындықтарына да төтеп беріп, өз тәуелсіздігін сақтап қалып, өміршең Ұлы қазақ мемлекеті екенін тарихта тағы бір дәлелдеді.

Әдебиеттер

Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах // Труды Восточного Отделения Императорского Археологического Общества. – Санк-Петербург, 1864. ч. 2.

Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. /Извлечения из персидских и тюркских сочинений/. Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 353 б.

Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв. – Алматы, 1998. – 97 с.

Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. (Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н.Мингулов, Б.Көмеков, С.Өтениязов). – Алматы, 1997. – 121 б.

История Казахстана: народы и культуры. - Алматы, 2000. – 147 с.

Ерофеева И.В. Казахские ханы: личности, традиции и преемственность власти // История Казахстана: Нороды и культуры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 145 с.

Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001. – 188 с.

Миллер А. Международное положение Казахстана во второй половине XVI в. // Исторический журнал. – 1942. - Кн. 8. – 52 с.

Абусеитова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 104 с.

Казахско-русские отношение в XVI-XVIII вв. - Алма-Ата, 1961. – С. 3-4.

Атыгаев Н.А. Взаимоотношение Казахского ханства и Сефевидского государства в XVI в. // Вестник Каз НУ. - Серия востоковедений. – 2002. №2. – С.18-20.

Абусеитова М.Х. Из истории внешнеполитических связей казахского ханства с соседними государствами во второй половине XVI в.// Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1983. – 170 с.

Абусеитова М.Х. Из истории казахско-среднеазиатских отношений: события 1598-1599 годов //Казахстан в эпоху феодализма. – Алма-Ата: Наука, 1981. – С.124-141

References

Velyaminov-Zernov V.V. Issledovanie o Kasimovskih tsaryah i tsarevichah // Trudyi Vostochnogo Otdeleniya Imperatorskogo Arheologicheskogo Obschestva. – Sank-Peterburg, 1864. - ch. 2.

Materialyi po istorii kazahskih hanstv XV-XVIII vekov. /Izvlecheniya iz persidskih i tyurkskih sochineniy/. Sostaviteli: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pischulina, V.P. YUdin. – Alma-Ata: Nauka, 1969. – 353 b.

Abuseitova M.H. Kazahstan i Tsentralnaya Aziya v XV-XVII vv. - Almatyi, 1998. – 97 s.

Қadyirgali Jalayyir. Shejireler jinagyi. (Shagatay-qazaq tilinen audaryip, algyi sөzin jazgandar N.Mingulov, B.Komekov, S.Uteniyazov). – Almatyi, 1997. – 121 b.

Istoriya Kazahstana: narodyi i kulturyi. - Almatyi, 2000. – 147 s.

Erofeeva I.V. Kazahskie hanyi: lichnosti, traditsii i preemstvennost vlasti.//Istoriya Kazahstana: Norodyi i kulturyi. – Almatyi: Dayk-Press, 2000. – 145 s.

Sultanov T.I. Podnyatyie na beloy koshme. Potomki CHingiz-hana. – Almatyi, 2001. – 188 s.

Miller A. Mejdunarodnoe polojenie Kazahstana vo vtoroy polovine XVI v.// Istoricheskiy jurnal. – 1942. - Kn. 8. – 52 s.

Abuseitova M.H. Kazahskoe hanstvo vo vtoroy polovine XVI veka. – Alma-Ata: Nauka, 1985. – 104 s.

Kazahsko-russkie otnoshenie v XVI-XVIII vv. - Alma-Ata, 1961. – 3-4 s.

Atyigaev N.A. Vzaimootnoshenie Kazahskogo hanstva i Sefevidskogo gosudarstva v XVI v.// Vestnik Kaz NU. - Seriya vostokovedeniy. – 2002. - №2. – 18-20 s.

Abuseitova M.H. Iz istorii vneshnepoliticheskih svyazey kazahskogo hanstva s sosednimi gosudarstvami vo vtoroy polovine XVI v.// Kazahstan, Srednyaya i Tsentralnaya Aziya v XVI-XVIII vv. – Alma-Ata: Nauka, 1983. – 170 s.

Abuseitova M.H. Iz istorii kazahsko-sredneaziatskih otnosheniy: sobyitiya 1598-1599 godov // Kazahstan v epohu feodalizma. - Alma-Ata: Nauka, 1981. – 124-141 s.

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ЖӘДИДШІЛДІК ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Тоқбергенова З.С.

Т.ғ.к., доцент, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті.

Аңдатпа. Түркістанның жадидтерінің негізі Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсылық көрсеткендердің алдыңғы сабында тұрған интеллигенция болды. Олар болашақта туған өлкесін еркін әрі дамыған мемлекет ретінде көруді армандады. XX ғасырдың басында қалыптасқан прогрессивті күштер басқарып отырған мемлекеттік үкімет жүйесінің сәтсіздігі, адамдардың өмір сүру деңгейінің төмендігі және оларды өзгерту қажеттілігін терең түсінді. Ақпан төңкерісінен кейінгі ең прогрессивті күш түркістандық жадидтер болды. Олар, өз кезегінде Ақпан төңкерісін патша режимін құлату, шынайы халықтық басқару формасын құру, отаршылдық қанаудан зардап шеккен халықтардың тәуелсіздікке қол жеткізу фактісі ретінде күтті.
Түйін сөздер: Түркістан өлкелік мұсылман Кеңесі, Мұсылмандар съезі, Шуро-и-Исламия, Түркістан өлкесі. жәдидшілдік, түркі халықтары, мұсылман халықтары

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ДЖАДИДСКОГО ДВИЖЕНИЯ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ

Тоқбергенова З.С.

к.и.н., доцент Таразский государственный педагогический университет. г. Тараз, Казахстан.

Аннотация. Основу джадидов Туркестана составляла интеллигенция, стоявшая в первых рядах сопротивления колониальной политике Российской империи. Они мечтали видеть в будущем родной край свободным и развитым государством. Сформированные в начале XX века прогрессивные силы глубоко осознали несостоятельность существующей системы государственного управления, низкий уровень жизни народа и необходимость их изменения.
Самыми прогрессивными силами после Февральской революции были туркестанские джадиды. Они, в свою очередь, встретили Февральскую революцию как факт свержения царского режима, установления подлинно народной формы правления, завоевания независимости народами, которые страдали от колониального гнета.
Ключевые слова: Туркестанский край, джадидизм, тюркские народы, мусульманские народы, Шуро-и-Исламия, Выезд мусульман, Совет мусульман Туркестанского края.

THE ACTIVITIES OF JADIDISM MOVEMENT IN TURKESTAN REGION

Tokbergenova Z.S.

Candidate of Historical Scienses Taraz State Pedagogical University. Taraz, Kazakhstan.

Abstract. The basis of the Turkestan Jadids was the intelligentsia, which was in the front ranks of resistance to the colonial policy of the Russian Empire. They dreamed of seeing their homeland a free and developed state in the future. The progressive forces formed at the beginning of the twentieth century, deeply realized the inconsistency of the current system of government, the low standard of people's living and the need to change them.

The most progressive forces after the February Revolution were Turkestan Jadids. They took the February revolution as a fact of overthrowing the tsarist regime, establishing a genuinely popular form of government, gaining independence by the peoples who suffered from colonial oppression.
Keywords: Turkestan region, Jadidism, Turkic people, Muslim nations, Shuro-i-Islamia, Muslim Congress, Council of Muslims of the Turkestan region.

Кіріспе

1917 жылғы Ақпан төңкерісінің жеңісінен кейін Қазақстан мен Түркістанның тұрғылықты халықтарының саяси оянуының барысында осы жылдың көктемі бетбұрыс кезең болды, мұны халқымыздың үштен бірі мекендеген Түркістан өлкесіндегі осы бағыттағы жәдидшілдік (жаңашылдық)қозғалыстың қызметінен айқын көреміз.

Қазақстан мен Түркістанның зиялы қауым жетекшілері жаңа жағдайда осы өлкелердің отарлық езгіден құтылып, егеменді ел болуы оңай іске асатын іс еместігін жақсы түсінді. Олар ең алдымен отарланған халықтар арасында отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуал тудыру үшін ауызша және жазбаша газет-журналдар және жекелеген шығармалар арқылы кең көлемде үгіт-насихат жұмыстарын атқару қажет деп білді.

1913 жылы Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың басқа қазақ зиялыларының қолдауымен 1913 жылдан Орынбор қаласында шығара бастаған жалпы ұлттық «Қазақ» газеті де ұлттық-азаттық идеяларды қалыптастырып, уағыздауға қызмет етті.

Қазақстанда Әлихан Бөкейханов төңірегіне топтасқан зиялылар атқарған осымен сабақтас жұмыстарды Түркістан мен Еділ бойын мекендеген түркілер арасынан шыққан жәдидшілдер жүзеге асырды.

Осындай тарихи үрдістің терең астарын түсіну үшін жәдидшілдік (жаңашылдық)қозғалыстың қызметін зерттей түсу қажет.

Талқылау

Мұстафа Шоқайдың «Түркістанның қилы тағдыры» атты кітабында [М.Шоқай, 1992: 128], Кеңес Нұрпейістің «Алаш һәм Алашорда» [К. Нұрпейіс, 1995:213] жәнеКөшім Лекеруұлы Есмағамбетовтың «Әлем таныған тұлға»[К.Л. Есмағамбетов, 2008:105] атты еңбектерінде жәдидшілдік (жаңашылдық)қозғалыстың қызметі қарастырылған. Сондай-ақ мұндай зерттеулер қазақстандық, өзбекстандық ғалымдар тарапынан да жарық көрген. Осындай бағыттағы зерттеулер бұл мәселеге жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді.

Нәтижесі

Түркістан өлкесіндегі жәдидшілдік (жаңашылдық)қозғалыстың қызметін ашып көрсету арқылы жәдидшілдердің Түркістанда қанат жая бастаған ұлттық-демократиялық қозғалысқа басшылық етуге нақтылы әрекеттер жасағанын тереңірек түсінуге мүмкіндік аламыз.Сонымен бірге өлкенің тұрғылықты халықтарының түбірлі мүдделерін бейнелейтін «Шуро-и-ислам» партиясының құрылуы және оның мақсаттары мен басты міндеттеріне шынайы баға беру мүмкіндігі арта түседі.

Негізгі бөлім

Ақпан төңкерісінің жеңісінен кейін Қазақстан мен Түркістанның тұрғылықты халықтарының саяси оянуының барысында 1917 жылдың көктемі бетбұрыс кезең болды [Туркестанские ведомости,1917].

Мұны біз қазақтың демократиялық интеллигенция өкілдерінің ұлттық саяси партия құруға бағытталған әрекеттерінен көрсек, халқымыздың үштен бірі мекендеген Түркістан өлкесіндегі

осы бағыттағы жәдидшілдік (жаңашылдық) қозғалыстың қызметінен айқын көреміз.

Қазақстандағы Әлихан Бөкейханов төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары да, Түркістандағы М. Бехбуди, М. Қары төңірегіне ұйысқан жәдидшілдер (жаңашылдар) айтылмыш өңірлерде қанат жая бастаған ұлттық-демократиялық қозғалысқа басшылық етуге нақтылы әрекеттер жасады.

XIX-XX ғасырлар тоғысында қалыптасқан Қазақстан мен Түркістанның ұлттық-демократиялық интеллигенция жетекшілері біртіндеп ұлттық-азаттық идеяларды қалыптастырушылар рөлін алмастырып қана қойған жоқ, сол идеяларды жүзеге асырудың соны жолдарын да іздестіре бастады. Олар Қазақстан мен Түркістанды стихиялы қарулы көтерілістер арқылы отарлық езгіден құтқару мүмкін емес деп санады. Олардың бұл пікірі Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті сыртқы зорлықшыл күштер аяусыз басып жаншығаннан кейін күшейе түсті.

Қазақстан мен Түркістанның зиялы қауым жетекшілері жаңа жағдайда осы өлкелердің отарлық езгіден құтылып, егеменді ел болуы оңай іске асатын іс еместігін жақсы түсінді. Олар ең алдымен отарланған халықтар арасында отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуал тудыру үшін ауызша және жазбаша газет-журналдар және жекелеген шығармалар арқылы кең көлемде үгіт-насихат жұмыстарын атқару қажет деп білді.

Сондықтан да ұлт зиялылары өздерінің шығармашылық қызметін осы іске бағындырды. 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген Міржақып Дулатовтың «Оян, Қазақ!» деген кітабы мен 1911 жылы Орынборда жарияланған Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» атты жинағы осы бағыттағы айтулы шығармалар болды. Ал 1913 жылы айтылмыш қайраткерлердің басқа қазақ зиялыларының қолдауымен 1913 жылдан Орынбор қаласында шығара бастаған жалпы ұлттық «Қазақ» газеті де ұлттық-азаттық идеяларды қалыптастырып, уағыздауға қызмет етті.

Қазақстанда Әлихан Бөкейханов төңірегіне топтасқан зиялылар атқарған осымен сабақтас жұмыстарды Түркістан мен Еділ бойын мекендеген түркілер арасынан шыққан жәдидшілдер (жаңашылдар) жүзеге асырды.

Келесі кезекте Қазақстан мен Түркістан зиялылары халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын, түбірлі ұлттық мүдделерді айқындап, оларды жүзеге асыру жолдарын анықтайтын партиялар мен саяси ұйымдар құру ісін шешуге келісті. Осы бағыттағы олардың іс-әрекеттеріне 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы және оның барысындағы Ресейде орын алған саяси процестер айтарлықтай ықпал жасады. Ұлт аймақтарының зиялы қауым өкілдері осы революция кезінде саяси партиялар қатарынан сол кезде патша үкіметінің саясатын буржуазиялық демократтық тұрғысынан сынаған конституциялық демократтар (кадеттер) партиясына іш тартты. Ал отарлық езгіні басынан кешірген ұлт аймақтарындағы халықтардың жекелеген өкілдері, эсерлер мен социал-демократтардың бағдарламалық талаптарына ден қойды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісі жоғарыда айтылғанындай ұлт аймақ халықтарына, ең алдымен оның зиялы топ өкілдеріне айтарлықтай әсер етіп, олардың саясатпен айналысуларына, бірінші кезекте ұлттық-азаттық күреске жетекшілік жасайтын партия құру жолындағы істерді бастауларына түрткі болды.

Қазақстанда осындай партияларды ұйымдастыру ісінің басы-қасында Әлихан Бөкейханов және оның сенімді серіктері, Түркістанда Мұстафа Шоқай мен осы өлкедегі жәдидшілер (жаңашылдар) қозғалысының Махмұдхожа Бехбуди, Мунаввар Қары, мұсылман халықтары демократиялық қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі, ұлты башқұрт Заки Уәлиди Тоған, т. б. болды.

Осы қайраткерлер 1905-1907 жылдардағы жалпы либералдық ұстаным мен «кадетшілдіктен» 1917 жылғы Ресейлік партияларға сыни тұрғыдан қарайтын ұлттық-демократиялық құндылықтарды жақтаушыларға дейінгі көзқарас эволюциясынан өтті [К. Нұрпейіс, 1995:213]. Нәтижесінде Әлихан Бөкейханов бастаған зиялылар тобы 1917 жылғы

шілдеде өткен бірінші жалпықазақ құрылтайында ұлттық-демократиялық мақсаттарды көздейтін «Алаш» партиясын құрса, Түркістандағы жәдидшіл (жаңашыл) қайраткерлер өлкенің тұрғылықты халықтарының («мұсылмандар» деген атаумен айқындаған) түбірлі мүдделерін бейнелейтін «Шуро-и-ислам» («Ислам кеңесі») партиясын дүниеге әкелді.

«Шуро-и-Исламия» («Ислам кеңесі») 1917 жылғы наурыз айының ортасында Түркістан өлкесінің әрі оған қарайтын Сырдария облысының орталығы Ташкент қаласында құрылды. Оның негізі 1917 жылғы 14-і наурызда 60-тан астам ескі Ташкент тұрғындары өкілдерінің (өзбек, қазақ және татарлар) бас қосуында қаланды. Оған қатынасушылар мұсылмандардың (бұл жерде «мұсылман» деген атау Түркістан өлкесін мекендейтін тұрғылықты халықтардың жиынтық аты ретінде қолданылған) өкілетті орган ретінде «Шуро-и-Исламия» («Ислам кеңесі» немесе «Мұсылман кеңесі») саяси ұйымын құрды. Оның 15 адамнан тұратын басқармасы сайланды. Олардың басым көпшілігі жәдид қозғалысының М. Қары, Қ. Бабажанов, У. Хожаев сияқты қайраткерлері болды. 1917 жылғы сәуір айында Петроградтан Ташкенге келген Мұстафа Шоқай «Шуро-и-Исламияның» айтылмыш басқармасының мүшелігіне сайланып көп кешікпей оның төрағасы қызметін атқара бастады [М.Шоқай, 1992:120-239].

Әуел баста «Ислам кеңесінің» мақсаттары реформаторлық идеяларды тарату мен Түркістан мұсылмандарының бірлігін нығайту деп анықтайды [Туркестан в начале XX века, 2000: 22; М.Шоқай, 1992:120, 126].

Көп кешікпей (мамыр-маусым айларында) «Шуро-и-Исламия» ұйымының бөлімшелері Түркістан өлкесінің барлық қалалары мен басқа да елді мекендерінде құрылды. Осы бөлімшелердің Сырдария облысында құрылуына М. Шоқай, Көлбай Тоғысов, т.б. азаматтар белсенді түрде ат салысты [Туркестан в начале XX века, 2000:22]. «Шуро-и-Исламияның» Ташкенттегі мекемесі оның орталық ұйымы болды да, басқа елді мекендегілері оның ұйымдары бөлімшілер болып саналды.

1917 жылдың жазының басына қарай М. Шоқай басқарған «Шуро-и-Исламия» мен «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі» Түркістан халықтарының тәуелсіздік күрес жолындағы беделді қоғамдық-саяси бірлестігіне ұласу процесіне батыл бет бұрды. Осыған орай «Шуро-и-Исламияның» бастапқы кезде алдына қойған жалпылама міндеттері енді нақтыландырыла өткірлене түсті. Оның басты міндеттері болып мыналар анықталды: өлкенің елді мекендерінде (қалалар, қыстақтар және ауылдарда) жиналыстар өткізіп, олардың барысында саяси, мәдени мәндегі мәселелерді көтеріп, талқылау, халыққа патшаның саясаты жүргізген ескі әкімшілік аппаратты іс жүзінде таратып, оның орнына жаңа билік жүйесін құру қажеттігін түсіндіру; өлкені мекендеген ұлттар арасындағы алауыздық пен сенімсіздіктен арылу және оларды бір-біріне жақындастыру бағытында жұмыс атқару; басқа саяси ұлттармен қарым-қатынас орнату және оларға түркістандық мұсылман халықтарының талап-тілектерін жеткізу; оқу-ағарту ісі мен дін саласындағы реформаларды жүзеге асыру; бүкілтүркістандық мұсылмандар құрылтайларын шақырып, олардың саяси тұрғыдан бірігуіне ықпал жасау арқылы өлкедегі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешудің жолдарын анықтау; бүкілресейлік мұсылмандар одағына өз өкілдерін жіберу арқылы онымен тұрақты байланыс орнату [М.Шоқай, 1992:128-129; Туркестан в начале XX века, 2000:23].

«Шуро-и-Исламия» кейбір дін иелерінің «Шуро-и-Улемаға» кетуімен және олардың алдына қойған мақсаты мен қызметіне қарағанда, ортаазиялық қоғамды белсенді саяси өмірге оятуға бағыт ұстаған интеллигенцияның алдыңғы қатарлы өкілдерін біріктірген саяси партия ретінде әрекет етеді және Ұлттық кеңестің басты тірегі саналады [К.Л. Есмағамбетов, 2008:105].

1917 жылдың бірінші жартысындағы жағдайға баға бере келіп, Мұстафа Шоқай «Тәуелсіздікке деген ұлттық ынта мен талпыныстың олардың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси негізі болмаса, шын мәніндегі азаттыққа қол жеткізу мүмкін емес» деген ой

түйеді [Туркестан в начале XX века, 2000:24-25 б.].

Түркістандағы жергілікті халықтар өкілдерінен 1917 жылдың бірінші жартысында құрылған айтылмыш саяси және саяси-діни ұйымдардың шын мәніндегі партия болып қалыптаса қоймағанына қарамастан, олар бірінші кезекте «Шуро-и-Исламия» өлкенің саяси өміріндегі айтарлықтай оқиға болды.

Түркістан өлкесіне қараған оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстан өңіріндегісаяси ұйымдарға кіретін саяси күштердің арасалмағы мен өзара қатынасына көз жіберейік.

Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің (Турком) құрамы Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 7-і сәуірдегі қаулысымен бекітілді. Оның төрағасы болып Мемлекеттік Думаның мүшесі және кадеттер партиясының мүшесі Н.Н. Щепкин тағайындалды. Турком құрамында түркі халықтарынан төрт адам: Әлихан Бөкейханов (бірінші Думаның мүшесі), Мұхаметжан Тынышбаев (екінші Думаның депутаты), Садри Мақсудов (үшінші Думаның депутаты) және генерал-майор Абдул Азиз Дәулетшин болды. Қалғандары Ресейлік әртүрлі саяси партиялардың мүшелері еді (Преображенский, Шиковский, Липовский, Елпатовский, т.б.).

Мұстафа Шоқайдың пікірінше Туркомның Н.Щепкин басқарған бірінші құрамындағы орыс халқының бес өкілі Түркістан жағдайын жете білмейтін кісілер болды. Олар белгілі дәрежеде осы комитетке кездейсоқ мүше болды. Мәселен, Липовский бір кезде Ташкент гимназиясында оқығаны үшін, Петербургтік адвокат Елпатовский революциядан бір жыл бұрын Түркістанға келіп қайтқандықтан еніп кетті. Ал Шиковский болса, патша өкіметінің қоныс аудару саясатын бар ынтасымен және бұлжытпай орындағандардың бірі еді. Комитеттің орыс мүшелерінің арасында осы ғана Түркістандық [М.Шоқай, 1992:137]. Әлихан Бөкейханов болса, сол кезде Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары болғандықтан Туркомның жұмысына мүлдем қатыса алмады, тіпті Ташкентке жолы түспеді.

«Түркістандық инженер Тынышбаевтың, - дейді Мұстафа Шоқай, - саяси көзқарасы кадеттерге жақын болатын. Оны жақсы білетіндердің сөзіне қарағанда қабілетті, білгір инженер болса да, зор саяси тұлға бола алған жоқ. Петербург инженерлер институтын бітіргеннен кейін саяси қызметке қадам басқан бұл кісіден Түркістан тұрғындары зор үміт күткен еді» [М.Шоқай, 1992:136].

Ал Абдул Азиз Дәулетшин Ақпан төңкерісіне дейін де, одан кейін де «орыс өкіметінің құрметіне бөленген мұсылман генералдарының бірі болатын. Ол ешқандай саясатпен айналыспайтын, саясатқа қызықпайтын. Ешкімге зияны тимегені сияқты пайдасы да аз тиетін» [М.Шоқай, 1992:137].

Мұстафа Шоқай Уақытша үкіметтің Туркомитетінің басқа мүшелеріне де жоғарыдағылармен сарындас баға бере келіп, олардың ішінде оның төрағасы кадет Н.Н. Щепкиннен «басқа көзге түсерлік бірде-бір саяси тұлға жоқ еді» деген қорытынды жасайды [Туркестан в начале XX века, 2000:31; М.Шоқай, 1992:137].

Уақытша үкіметтің Туркомитетінің бірінші құрамы Түркістан генерал-губернаторын биліктен аластағанына қарамастан, өлкедегі отарлық тәртіп бұрынғы күйінде қалды. Тек басты кеңсенің маңдайындағы жазу ғана өзгерді. Туркомитеттің аппаратында бұрынғы генерал-губернатор басқармасының қызметкерлері қалдырылды [М.Шоқай, 1992:138].

Уақытша үкіметтің Туркомитеті жұмысқа кірісімен, онымен Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары арасында кикілжің шыға бастады. Туркомитет төрағасы жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінің қысымына көнгісі келмеген Н.Щепкин оған қарсы күресте «Шуро-и-исламмен» одақтасқысы келетінін білдірді. Осындай жағдайда, дейді М. Шоқай, біз «шын ықылас көрсетпегенмен үкімет комитетке қарсы шықпадық… Біз үкімет комитетін жақтырмадық, әрі оған қарсы күрескіміз келмеді. Өйткені, бізге аса қауіпті күш, яғни жұмысшы-солдат дапуттаттары Кеңесі осы үкімет комитетінің орнына көз салып тұрған еді. Біздің қызметіміздің

жағдайын мұқият ескеріп, уақыт күту болды» [М.Шоқай, 1992:123].

Сол 1917 жылдың көктемінде «Шуро-и-Исламияға» осыдан басқа күрес әдісін қолдану қиын еді. Ол, бір жағынан, саяси тұрғыдан алғанда Түркістандықтарға ықыласы жоқ үкіметтік комитетті қолдағысы келмесе, екінші жағынан төңкерісшіл, экстремистік іс-әрекетке бейім жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінен жүрексінді.

Жұмысшы-солдат депутаттары Кеңесінен жүрексіну ғана емес, одан қорқуға да негіз бар еді. Мұстафа Шоқайдың мәліметі бойынша ол сол кезде кеңес өкілдерінен, тіпті саясатқа араласа бастаған орыс халық өкілдерінен: «Революцияны орыс революционерлері, орыс жұмысшылары, орыс солдаттары жасады. Сондықтан Түркістанда да мекеме, билік орыстардың қолында болуы тиіс. Жергілікті халық біздің бергенімізге қанағаттануы керек», - деген сөздерді жиі естуге тура келетін. Бұл сөзді 1917 жылғы сәуір айының басында бұрынғы Түркістан генерал-губернаторының сарайында өткен облыстық кеңестер мен өлкедегі қоғамдық ұйымдарының құрылтайында Қоқан сауда мектебі мұғалімдерінің халықшыл социалистер тобындағы Некара деген айтқан еді. Түркістандық «социалистің» аузынан шыққан осы сөздер өлкені сәл ертерек билеген генерал Самсоновтың: «Орыс мұжықтарының ұры-қарысының өзі кез келген Түркістандықтан, оның әулиесінен артық», - деген сөзінің «сыпайы» нұсқасы еді [Туркестан в начале XX века, 2000:32; М.Шоқай, 1992:125].

Осыдан келіп Түркістанның ұлттық-демократиялық қозғалысына қоғамның саяси өмірі талап еткен күрделі мәселелерді шешу жолдарын анықтау қажет болды. Сондықтан да «Шуро-и-Исламияның» мұрындық болуымен 1917 жылғы 16-21 сәуір аралығында Ташкент қаласында бірінші бүкілтүркістандық мұсылмандар съезі шақырылды. Оған 150-ге жуық делегаттар қатысты. Съездің төралқасына сайланғандар қатарында «Шуро-и-Исламияның» іс жүзіндегі жетекшісіне айналған Мұстафа Шоқай, Түркістандағы азаттық қозғалысының саяси-діни қанатының басшысы Сералы Лапин, жәдидшіл қайраткерлер Убайдулла Ходжаев, Заки Уәлиди Тоған, т.б. болды. Съезд Түркістандық қоғамдық саяси өмірі мен ұлттық-азаттық қозғалыстың көкейкесті мәселелерін талқылады. Олардың негізгілері төмендегіге саяды: Уақытша үкіметке көзқарас; Ресейді билеу түрі (формасы) туралы; Құрылтай съезін шақыруға дайындық; қажет мәселелері; медресе, мектеп вакуф жөнінде; азаматтық және рухани-шариаттық мекемелер туралы; соғысқа көзқарас және тыл жұмыстарына қатынасушылар жөнінде; «Шуро-и-исламның» өлке көлемінде бірігу және оның Уақытша үкіметтің жергілікті атқару комитеттерімен қарым-қатынасы, т.б. [М.Шоқай, 1992:126].

Съездің соңғы күні Түркістан өлкелік мұсылман Кеңесі (өлкелік мұскеңес) құрылды. Оның төрағасы болып Мұстафа Шоқай, хатшылығына Заки Уәлиди Тоған, төралқа мүшелігіне М. Қары, М. Бехбуди, У. Ходжаев, т.б. сайланды. Өлкелік мұсылмандық Кеңесті алдыңғы қатарлы зиялы қауым ұлттық орталық (Милли Маркез) деп қабылдады.

Бұл оқиға Мұстафа Шоқайды Түркістандық зиялы қауымның көшбастаушы ретінде танығандығының дәлелі еді. «Ұлттық орталықтың жетекшісі болу мерейлі көрінгенмен,- деп жазды М. Шоқай 1936-1937 жылдарда шетелде жарияланған естелігінде,- орталық кеңес мүшелері ішіндегі жас жағынан ең кішісі бола тұрып, төрағалыққа сайланғаныма едәуір ыңғайсыздандым. Өйткені, бұл жағдай менің жеке басымның беделін емес, зиялы азаматтардың аздығын, соларға сусап отырғанымызды көрсететін…

Өз басым Түркістан ұлттық қозғалысының құрылысына ешқандай шен-шекпені жоқ қарапайым қара жұмысшы - мердігер болып қатыссам да, өзімді асқан бақыттымын деп есептер едім! Бірақ тағдыр мені ұлттық қозғалысымыздың жауапты кезеңінде өлкелік ұйымның басына әкеліп қойды» [Программы политических партий России, 1995:33].

Мұстафа Шоқай мен Түркістандық жәдидшілдер (жаңашылдар) жетекшілері басқарған «Шуро-и-Исламшылдар» Қазақстандағы Алаш қозғалысы жетекшілері сияқты сол кездегі

жағдайда осы өлкелердің Ресей демократиялық федерациясы құрамындағы ұлттық-территориялық автономия болуын жақтады. Азаттық қозғалыстың басқа бағыттағы саяси күштерін осы мақсатты жүзеге асыру ісіне топтастыруға ұмтылды.

Осы ұлттық-мемлекеттік мәселесі Қазақстан мен Түркістаннан делегаттар қатынасқан 1917 жылғы мамыр айының 1-11 аралығында Мәскеу қаласында өткен жалпыресейлік бірінші мұсылмандар съезінде кеңінен әрі қызу талқыланды.

Съезд делегаттарының бір тобы мұсылман халықтарына демократиялық Ресей құрамында экстерриториялдық мәдени автономия берілсін десе (Ахмед Цаликов ұсынған жобада), екіншілері, мұсылман халықтарына демократиялық Ресей федерациясының құрамында ұлттық-территориялық автономия берілуін жақтады (М.А. Расул-заде ұсынған жобада). Осы екі жобаны ұзақ талқылағаннан кейін съезд делегаттары басым көпшілікпен М.А. Расул-заде жобасын қолдап дауыс берді. Съезд қабылдаған қаулыда: «Ресейдің мемлекеттік формасы мұсылман халықтарының мүдделерін толық қамтитынұлттық-территориялық негізде құрылған демократиялық Республика болуға тиіс; сонымен қатар белгілі территориясы жоқ халықтар ұлттық-мәдени автономияны иемденеді,» - делінді [М.Шоқай, 1992:130]. Съездің шешімімен Ресей мұсылмандарына басшылық ету мақсатында Бүкілресейлік мұсылмандар Кеңесі (Милли Шоро) құрылды. Оның құрамына Қазақстаннан Жаханша Досмухамедов, Көлбай Тоғысов, Уәлихан Танашев, Жақып Ақбаев, Түркістаннан Убайдулла Ходжаев т.б. сайланды.

Бүкілресейлік бірінші мұсылмандар съезі мұсылмандар мекендейтін ұлт аймақтарында, атап айтқанда Қазақстан мен Түркістанда, демократиялық қозғалыстардың пайда болып өрістеуіне, ұлттық өңірлеріндегі саяси хал-ахуалдың жандануына ықпал жасады. Сонымен қатар съезд шешімдері бүкілресейлік ауқымда мұсылмандар қозғалысын біріктіруге белгілі дәрежеде негіз жасады. Алайда елдегі қоғамдық-саяси дамудың барысында саяси күрес мәселелеріне көзқарасты белгілеуде, ең алдымен ұлттық-мемлекеттік құрылыс ісін шешу жолдарын анықтауда, осы процестерді исламның орнын айқындауға мұсылмандық қозғалыстың тұтастығы мен бірлігіне нұқсан келтірген әртүрлі қайшылықтар мен көзқарас алшақтықтары орын алуынан көрінген болатын.

Айтылмыш съездегі осы көзқарас қайшылығы көп кешікпей Түркістанда, оның құрамдас бөліктері Сырдария мен Жетісу облыстарында өзінің жалғасын тапты. Ұлттық-демократиялық мәндегі және зайырлық (светский) тұрғыдағы Түркістан халықтарының автономиясын құрмақ болған «Шуро-и-ислам» құрамынан ұлттық мемлекетті таза мұсылмандық тұрғысынан, шариғат заңдары негізінде құруды ойластырған Сералы Лапин бастаған топ бөлініп шығып, 1917 жылғы маусымда «Ғұлама қоғамын» құрды. Мұстафа Шоқайдың мәліметіне сүйенсек «Сералы Лапин басқарған «Ғұлама қоғамы»… Ресейдегі мемлекеттік режимнің өзгеруін… Әзіреті Осман заманынан бері мұсылман халықтарының тарихында болып көрмеген Хулафан Рашидиннің мемлекеттік құрылысын қайталаған сәт демекші болды… Сералы Лапин өз қоғамы атынан Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті жанынан Түркістанда «Махнаман шариат» (шариғат мекемесі) деген атпен өкілдер мәжілісін (сенат) құрып, Бүкілресей Құрылтай жиналысы мен Бүкілресей парламенті тарапынан Түркістанға байланысты шығарылған заңдарды осы шариғат мекемесінде бекітуді талап етті» [М.Шоқай, 1992:130].

Осы екі саяси ұйым Түркістанның мұсылман халықтарына өз ықпалдарын жүргізу үшін өзара тартыс пен айтысқа жиі-жиі ерік берді. «Бүкіл Түркістан тұрғындарының көңіл-күйіне ықпал жасамақ болған осы екі ұйым, - дейді М. Шоқай «1917 жылғы естеліктерден үзінділер» атты еңбегінде, - «Шуро-и-Исламия» мен «Ғұлама қоғамы» бір-бірімен қырқысып жатты… ал «Түркістан өлкесі мұсылмандарының кеңесі» осы екеуін жақындастыра алмай әуреге түсті. Осы екі ұйым арасындағы алауыздық біздің ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресімізді бәсеңдетіп, жұмысымызды былықтырды» [М.Шоқай, 1992:127-132].

Ақпан төңкерісі ұлттық мәселені азаттық тұрғысынан күн тәртібіне қоюға мүмкіндік бергенімен, деп көрсетті М. Шоқай, бізде ол кезде білікті қайраткерлер, қалың бұқараны топтастыратын саяси ұйым (партия) жоқ еді. «Шуро-и-Исламия» мен «Ғұлама қоғамы» ондай рөлді атқаруға дәрменсіз болды [К.Нұрпейісов, 1997:24].

Ұлттық мемлекеттік құрылыс мәселесіндегі «Ғұламалар қоғамының» айтылмыш ұсыныс талаптарына Мұстафа Шоқай ащы да болса, әділ мынандай баға берді: «Бұл мұсылмандық көзқарас тұрғысынан алғанда өте жақсы ұсыныс еді. Бірақ ол жас баланың «аспандағы айды алып бер» деген талабына ұқсайтын. Мұндай мықты мұсылмандық идеяны жүзеге асыру үшін Түркістан Ресейге тәуелділіктен біржолата құтылуы керек еді [М.Шоқай, 1992:130].

Түркістанның тұрғылықты халықтарының азаттық қозғалысының тұтастығы мен бірлігін ойлаған М.Шоқай басқарған қайраткерлері «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық Кеңесі», «Шуро-и-Исламия» мен «Ғұлама қоғамын» татуластыру жолында бірнеше талпыныстар жасады. Атап айтқанда Түркістанның әр тарапынан келген өкілдерден арнайы топ құрылды, оған осы екі саяси ұйымды жақындастыру мен татуластыру міндеті жүктелді. Қазіргі тілмен айтқанда осы «келісім комиссиясы» Шайхантауыр медресесінде өткен «Ғұлама қоғамының» жиынына қатынасып, «Ғұламалықтарды» түсіністікке шақырды. Алайда түк бітіре алмады [А.Ш. Махаева, 1995:10].

Түркістандағы ұлттық қозғалыстың осындай алауыздығын басқа саяси күштер (атап айтқана Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті, жұмысшы-солдат комитеттері, ұлыорыстық шовинистік пиғылдағы өлке тұрғындарының жетекшілері, ең алдымен ресми басқару жүйесінің чиновниктері) өлкенің көпұлтты тұрғындарына өз ықпалдарын күшейту мақсатында пайдаланды.

Мұндай жағдайда Түркістанға кіретін Сырдария мен Жетісу облыстарындағы ұлттық-демократиялық мәндегі саяси қозғалыс жетекшілері Қазақстанның далалық өңірлерінің үлгісімен облыстық, уездік қазақ комитеттерін тездетіп құрып, олардың саяси қызметтерін жандандыруға ат салысты. Олардың пайымдауынша құрылып жатқан қазақ комитеттерінің жүйесі Түркістан мен Қазақстанда орын алған «көпөкіметтілік» жағдайында ұлттық-мемлекеттік, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан шешу ісіне қызмет етуге тиіс еді. Сондықтан да Түркістандық қазақ облыстарында құрылған Қазақ комитеттерін халыққа беделді, сауатты, ұлтжанды адамдар басқарды. Мәселен, Сырдария облыстық қазақ комитетін Ә. Көтібаров, Жетісу облыстық комитетін Ы.Жайнақов, оның Үржардағы бөлімшесін С. Аманжолов, Жәркенттегісін Т. Есенғұлов, Ақмешіт уездік комитетін Ы.Е.Қасымов, Әулиеата уездік комитетін - Ә. Кенесарин, Қазалы уездік комитетін – Жатғарин басқарды [Ө.Озғанбай, 1997:210]. Түркістан өлкесіне қараған Сырдария мен Жетісу өңірлеріндегі қазақ комитетін басқарған жоғарыда есімдері аталған кісілер туралы қолда бар қысқаша мәліметтер мынаған саяды: Ыбырайым Елікейұлы Қасымов (1888-1937жж.). Кіші жүз ханы Әбілхайырдың баласы Ералының ұрпағы, Ташкентте оқытушылар семинариясын бітірген, Алаш қозғалысына белсене қатысқан, Ә. Кенесарин – Кенесары Қасымұлының ұрпағы, Садық Аманжолов – Алматы ербалалар гимназиясын, Қазан университетінің заң факультетін бітірген, Алашорда үкіметінің мүшесі, Ыбырайым Жайнақов пен Төлен Есенғұлов та Алматы ербалалар гимназиясын бітірген, мұның үстіне Т. Есенғұлов жоғарғы білімді мал дәрігері болған [К.Нұрпейіс, 1995:92, 95, 98; Н. Мартыненко, 1929:21-22; ҚР ОМА. 17:24 п.; ҚР ОМА. 15:47 п.].

Түркістандағы қазақ комитеттерін басқарған кісілер еліміздің далалық облыстарындағы (Семей, Ақмола, Торғай, Орал) осындай міндет атқарғандарымен халыққа барынша таныс зиялы қауым өкілдері еді. Олар Ресейді мекендеген басқа түрік тілдес халықтардың (башқұрт, татар, қырғыз, т.б.) ұлттық-демократиялық ағымдағы қайраткерлерімен және ортаазиялық жәдідшілдердің (жаңашылдардың) жетекшілерімен байланыста болды.

1917 жылдың бірінші жартысында Түркістан құрамындағы және Қазақстанның далалық облыстарындағы Қазақ немесеұлттық комитеттер облыс және уез деңгейіндегі бірнеше съездер шақырды. Бұл съездердің күн тәртібіне қойылған мәселелер мен оларды талқылаудан кейін қабылдаған қарарлар мен шешімдер Ақпан төңкерісінен кейін орын алған қоғамдық-саяси белсенділікті көрсетті. Сәуір мен мамыр айларында облыстық қазақ съездері Орынборда (Торғай облыстық), Оралда, Семейде, Омбыда (Ақмола облыстық), Верныйда (Алматы), Жетісу облыстық, т.б. қазақ съездері өтсе, 9-16 сәуір күндері Ташкент қаласында Түркістаңдық жәдидшілдер мен оны мекендеген қазақ халқының өкілдері қатынасқан және оның алғашқы үш күнгі мәжілісін М. Тынышбаев басқарған Түркістан өлкесіндегі атқару комитеттері делегаттарының съезі болды.

Қазақ съездерінде өлкеде Ақпан төңкерісі жеңісінен кейінгі орын алған саяси, экономикалық жағдайға баға беру, демократиялық Ресейдің құрамындағы еліміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәдени мәселелерін жан-жақты талқылап, тиісті шешімдер қабылдауға талпыныс жасалды. Бұл съездерде қаралған мәселелер көп жағдайда бірін-бірі қайталады. Осындай ортақ мәселелер қатарында мемлекеттік құрылысқа, Уақытша үкімет пен соғысқа көзқарас, жер, су және отырықшылық мәселелері; сот, дін, оқу-ағарту ісі; азық-түлік мәселесі; 1916 жылғы көтерілісті басып-жаншу кезінде Қытайға және басқа өңірлерге ауып кеткен, сол жылы майданның қара жұмыстарына алынған отандастарымызды елге қайтару жолдарын анықтау мәселесі, т.б. болды.

Осы маңызды мәселелерді талқылаудан кейін қабылданған шешімдер мынандай мазмұнда болды: Уақытша үкіметке көзқарас бойынша- «Уақытша үкіметтің жаңа құрылысты, тыныштық пен тәртіпті нығайтуға бағытталған іс-әрекетін қолдау мақсатында жер-жерлерде азаматтық комитеттер құру қажет»; Уақытша үкіметті «оның қызметі, уәдеетілгендей… демократия мүддесін қорғауға бағыттала беретін болса» қолдауға болады.

Мемлекеттік құрылыс жөнінде -Ресейде монархия қалдықтарын түпкілікті жойып, оның «демократиялық республика болу идеясы қолдансын», ал «ұлттық-территориялық федерация мәселесі әзірше ашық қалсын»; «құрылтай жиналысының құрамына қазақ халқынан депутаттар сайлануы қажет…Ресей мемлекеті демократиялық парламенттік республика болсын»; Қазақстандағы басқару жүйесінің барлық деңгейлерінде міндетті түрде екі комиссар - «бірі орыс, екіншісі мұсылманнан» тағайындалсын.

Жер мәселесі туралы – «бұрын қоныс аудару қорына алынған жерлер өз иелеріне қайтарылсын… Түркістан өлкесіне жерге орналастыру тоқтатылсын. Өлке шеттен қоныс аударушылар үшін мүлде жабық деп саналсын»; «Жер мал өсірумен және егіншілікпен өнім алушыларға берілсін».

Оқу-ағарту және дін мәселесі бойынша –«міндетті түрде бастауыш білім алу керек… мектептерде алғашқы үш жыл оқу ана тілінде жүргізіледі… мектептер земстволық және мемлекеттік қаражатпен қамтамасыз етіледі; «шіркеу (мешіт) мемлекеттен бөлінуі қажет… мешіттер саны халықтың еркіне сай анықталады».

Патша үкіметіне қызмет еткен чиновниктер жөнінде –«халықты зәбірлеген, өздерінің және мүдделері үшін оның сөлін сорған зиянкес чиновниктер туралы жинақталған деректер оларды қызметтерінен тайдырып, сотқа беру үшін қазақ комитетіне табыс етілсін», т.с.с. [В.К.Григорьев, 1989:54].

Сонымен қатар қазақ съездерінің шешімдерінде Уақытша үкіметтен 1916 жылы майданның тыл жұмыстарына алынған қазақ жігіттердің белгілі бөлігін (мәселен, от басының бірден-бір асыраушы болғандарын, денсаулығы нашарлағандарды) елге қайтару жөнінде сұраныстар жасалды, сол жылы патшаның жазалаушылар тоқпағына шыдамай Қытайға босып кеткендерді елге қайтарып, оларды соған дейін қоныс еткен елді мекендерге орналастыру, оңтүстік пен

оңтүстік-шығыс Қазақстанда орын ала бастаған аштық қаупінің алдын-алу шараларын жүзеге асыру талап етілді.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер 1917 жылғы көктемде өткен қазақ съездері Уақытша үкіметтің сыртқы және ішкі саясатын негізінен қолдады. Сонымен бірге оның делегаттары халықтың ұлттық мүдделеріне сай келетін шешімдер қабылдады. Олар ең алдымен аграрлық (жер-су), ұлттық теңдік, оқу-ағарту, халықтың әл-ауқатын көтеру, т.б. мәселелерге тікелей қатысты болды.

Дей тұрсақта, 1917 жылғы «көпөкіметтілік» жағдайында Түркістан мен Қазақстандағы ұлттық-демократиялық күштер ұйымдық жағынан болсын, нақтылы саяси-әлеуметтік талаптарды өкімет алдына нақтылы қою тұрғысынан болсын, бірлесіп әрекет жасау талпыныстарынан болсын әлі нашар еді. Оған, бір жағынан, саясатпен пәрменді түрде айналысатын тәжірибелі ұлттық қайраткерлердің аздығы, екіншіден, жергілікті халықтардың түпкі мақсаттарын айқындап, көш бастайтын саяси ұйымдардың шын мәніндегі партия деңгейіне жетпегендігі себепші болды. Ал осындай құбылыстың негізінде жергілікті халықтардың көптеген уақыт бойы шетелдік озбыр күштердің езгісі жатыр еді.

Сондықтан да 1917 жылғы көктемдегі болған қазақ съездері Түркістан мен Қазақстанның далалық облыстарын мекендейтін түпкілікті халықтардың жаңадан пайда бола бастаған қоғамдық - саяси ұйымдары олардың монархиялық билік тұсында жойылған ұлттық мемлекеттіктерін қайта қалпына келтіруді батыл талап ете алмады. Олар ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесінде Ресейдің буржуазиялық федеративтік демократиялық Республика болуын, оның құрамында Қазақстан мен Түркістан халықтарының ұлттық-территориялық автономиясы болуын қалайтындығын білдірді де, жалпы алғанда Уақытша үкіметтің ішкі-сыртқы саясатын қолдады.

Мұстафа Шоқай кезінде дұрыс көрсеткеніндей, жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан келгенде жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ, болмайды да. Халықтың бәрі бірдей, бірақ саяси тұрғыдан алғанда мәселе басқаша. Ұлт азаттығы үшін күресте халықтың саяси дайындығы ерекше маңызға ие болады дей келіп, Мұстафа Шоқай 1917 жылғы көктемдегі Түркістандағы осы саладағы жағдайға мынандай баға береді: «Түркістандағы түрік халықтары Азия халықтарының көбісімен әр салада терезе теңестірерлік өз алдына дербес мемлекет құруға, оны басқаруға дайындалды. Сол құрғалы отырған мемлекеттері біраз көршілерінен артық та, кем де түспеседі. Бірақ жағдай басқаша болып шықты. Біз қазіргі заманғы саяси құрылысы өзімізден әлдеқайда озық үлкен бір халықтың шеңгеліне түсіп қалдық. Ол бізден әлдеқайда бай, анағұрлым тығыз топтасқан, әрі қай жағынан алғанда да бізден анағұрлым артық қаруланған-ды» [Ф.Н. Киреев, П.А. Абдуллина, 1977:47-48].

Осындай жағдайды дөп басып, бағалай білген және ұлт-азаттық күреске басшылық жасауға қабілетті саяси партияларды құрып, олардың қызметін жандандырудың қажеттілігін түсінген Қазақстандағы Әлихан Бөкейханов басқарған қайраткерлер енді қазақтың саяси партиясын ұйымдастыру, Түркістандағы жәдидшілдер мен Мұстафа Шоқай мен Мұхаметжан Тынышбаевқа ерген зиялылар «Шуро-и-Исламның» жер-жердегі жүйесін кеңейту ісіне тікелей кірісті.

Мұрағат құжаттары мәліметі бойынша 1917 жылғы 27 наурыз күні Қазалыда 5000 мұсылман (яғни тұрғылықты халықтар өкілдері) қатысқан жиналыста «Шуро-и-Исламияның» тоғыз адамнан тұратын уездік комитеті сайланған, оған үш-үш кісіден қазақ, татар және өзбек халықтарының өкілдері енген [ҚР ОМА. 15:47 п.]. Мамыр айының басында «Шуро-и-Исламияның» уездік ұйымы Черняев (Шымкент) қаласында да құрылған. Оның басқармасына да елге түркі халықтарының (қазақ, өзбек) құрметті өкілдері сайланған [П.П. Никишов, 1965:20-21].

«Шуро-и-Исламияның» ұйымдарымен қатар Сырдария облысының жекелеген елді мекендерінде әуел баста өздерінің саяси бағытын жете айқындамаған, біріктірген адам саны аз, ал кейін әртүрлі бағыттағы саяси партияларды қолдаған «Тұран» (өздерін «прогрессистер

қоғамы» атаған, «федералистердің мұсылмандық қоғамы»), «Хуррият» (бостандық), «Телля Боляя» (оқушылар одағы), т.б. қоғамдық ұйымдар пайда болды [Қазақ, 1917; К.Нұрпейіс, 1995:117].

Бірінші бүкілқазақтық съездің делегаттары оның күн тәртібіндегі қандай мәселеде болмасын ауыз-бірлік танытты. Олар далалық немесе түркістандық қазақтар болып жіктеліп, бөлінбеді. Бұл, әсіресе, съездің Ресейдің Құрылтай жиналысын сайлау жөніндегі мәселені қарастыру нәтижесінде оның депутаттығына кандидаттар ұсыну барысында аса айқын көрінді. Съезд Құрылтай жиналысы депутаттарының кандидаттығына әр облыстан барлығы 81 адамды ұсынды. Олардың қатарында Алаш қозғалысының көпшілік мойындаған жетекшісі Әлихан Бөкейханов пен оның Ахмет Байтұрсынов сияқты ең жақын серіктерімен қатар қазақтар мекендеген әрбір облыстағы ұлттық-демократияшыл зиялылардың көшбастаушылары болды. Егер осыларды Түркістан өлкесіне байланыстыра айтсақ, Құрылтай жиналысы депутаттығына кандидаттар болып Жетісу облысынан Мұхаметжан Тынышбаев, Ыбырайым Жайнақов, Садық Аманжолов, Сырдария облысынан Мұстафа Шоқай, Әзімхан Кенесарин, Ферғана облысынан Нәзір Төреқұлов, Қоңырқожа Қожықов, Ғабдалрахман Оразаев, Самарқант қаласынан Алдабек Мангелдин ұсынылды [Қазақ, 1917].

«Қазақ саяси партиясы» деген мәселе съездің күн тәртібінде 12-ші орында тұрғанымен, ол осы маңызды саяси басқарудағы аса маңызды мәселелердің бірі болды. Съезд «қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуы тиіс» деп көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд «Шуро-и-Исламияға» сайланған қазақ өкілдеріне тапсырады… Партия жобасын жасап болған соң өкілдер қазақ областной комитеттерінің қарауына жібереді. Онан кейін учредительное собраниеге жиналған қазақ депутаттары қарап бекітеді» [В.Плоских, 1993:8].

Съезд шешімімен жаңадан құрылған партияға «Алаш» деген ат берілді. Партияға ең алдымен қазақ халқының әр текті интеллигенция өкілдері кірді. Олардың ұйтқысы Ресейдің жоғарғы және орта білім беретін оқу орындарын бітірген немесе оларды оқып жүрген халқымыздың зиялы қауым өкілдері болды.

Әлихан Бөкейхановты зиялылар қауымдастығы жаңадан дүниеге келген «Алаш» партиясының көпшілік таныған серкесі (лидері) ретінде мойындады. Оның төңірегіне Қазақстанның барлық аймақтарынан, дәлірек айтсақ, халқымыздың барлық атақонысының өкілдері топтасты. Олардың қатарында Қазақстанның далалық облыстарымен (Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстары мен Бөкей ордасы) қатар Түркістан өлкесіне қараған Сырдария мен Жетісу, т.б. өңірлерінің өкілдері де аз болмады. Соңғылардың ішінде жетісулық С. Аманжолов, Б. Мәметов (Мамытов), Ы. Жайнақов, М. Тынышбаев, сырдариялық Мұстафа Шоқай, Ә. Кенесарин, С. Қошанов, самарқандық А. Мангелдин, ферғаналық Қ. Қожықов, Ғ. Оразаев, т.б. болды.

1917 жылдың жазында (шілде-тамыз) Пішпек (Бішкек) қаласында Абдыкерім Сыдықовтың жетекшілігімен «қазақ-қырғыз» «Алаш» партиясының бөлімшесі құрылды. Оның қатарында Ишеналы Арабаев, К. Тыныстанов, Н. Тулин, т.б. болды [В.К. Григорьев, 1989:56, 60].

Іс жүзінде бұл ұйым «Алаш» партиясының Верный (Алматы) қаласындағы Жетісулық тобының филиалы болған еді.

Қазақстан мен Түркістанда 1917 жылдың көктемінде жалпыресейлік партиялардың (кадеттердің, эсерлердің, т.б.), әртүрлі саяси ұйымдардың бөлімшелері пайда болды.

Өздерін халық бостандығы партиясы деп атаған кадеттердің (конституциялық демократтар) бөлімшелері Ташкентте, Перовскі, Шымкент, Верный сияқты Сырдария мен Жетісу облыстарының қалаларында, сол сияқты Петропавл, Қостанай, Орал, Өскемен қалаларында құрылды.

Дәл сол кезде эсерлердің (социалист-революционерлер партиясы) Шымкентте, Әулиатада, Перовскіде, Түркістанда, Қазақстанның далалық облыстың ірілі-ұсақты қалалары мен жекелеген болыстардың орталықтарында пайда болды.

Ал Верный қаласында жергілікті оңшыл эсерлер мен меньшевиктердің бірлесе әрекет жасаулары нәтижесінде «Жетісудың біріккен социалистік одағы» дейтін ұйым құрылды [Н. Мартыненко, 1929:21-22].

«Алаш» партиясының басшылығы (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Ғаббасов, Ж. Досмұхамедов, т.б.) Уақытша үкіметтің жергілікті ұйымдарымен Ресейді мекендеген түрік тілдес, мұсылман діндес халықтардың (ең алдымен Түркістан мен Еділ бойын мекендеген) саяси қозғалысы жетекшілері тұрақты байланыста болды. Атап айтқанда партия басшылығы Мұстафа Шоқай мен Мұқаметжан Тынышбаев сияқты қайраткерлер арқылы Түркістанның саяси ұйымдарымен (бірінші кезекте ұлттық- демократиялық «Шуро-и-ислам» партиясымен), Ыбырайым Жайнақов пен Ишеналы Арабаев арқылы Жетісу мен Қырғызстандағы жергілікті халықтардың қоғамдық ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатқан.

Алыс Еуропаның ойшыл-саясаткерлерінің еңбектерін саралаудың, көрші Ресейдің саяси әлемі серкелерінің зерттеулері мен елдің қоғамдық-саяси өмірінің ерекшеліктерін пайымдаудың, Түркістан мен Еділ бойының халықтарының көшбастаушыларының ой-пікірлерін ескеру нәтижесінде Әлихан Бөкейханов жетекшілігімен қазақ зиялы қауымының алдыңғы қатарлы өкілдері қаламынан шыққан «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы өз кезінің аса маңызды саяси құжаты болды.

Онда қазақ қауымының және олармен ортақ белгілері бар даму жағдайы жалпы алғанда онымен ұқсас Түркістан мен Еділ бойы халықтарын эволюция (реформа) жолымен өркениетті елдер қатарына жеткізудің бағыт-бағдары анықталды. Осы бағыт-бағдарды негізінен жоғарыда аталған өңірлердің ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілері аса қызығушылықпен және өздеріне қажет идеялары бар құжат ретінде қабылдады.

Қорытынды

Жоғарыда айтылған мәселелерді қорыта келе, Түркістан мен Қазақстандағы саяси күштердің жіктелу және жаңаша топтасу процесі барлық билікті өз қолдарына шоғырландыра бастаған Уақытша үкіметтің органдарының жергілікті жерлерде атын өзгерткенімен,заты бұрынғыша қалған атқарушы қоғамдық-саяси жүйе арқылы құлаған патша үкіметінің отарлау саясатын жалғастыруы аймақтағы басқа саяси топтардың белсенділігін арттыруына ықпал жасады. Жәдидшілдер Түркістанда қанат жая бастаған ұлттық-демократиялық қозғалысқа басшылық етуге нақтылы әрекеттер жасап, өлкенің тұрғылықты халықтарының түбірлі мүдделерін бейнелейтін «Шуро-и-ислам» партиясын құрды және оның мақсаттары мен басты міндеттері айқындалды.

Әдебиеттер

Алаш Орда: Сборник документов /сост. Н. Мартыненко. – Кызыл-Орда, 1929.

Григорьев В.К. Противостояние: Большевики и непролетарские партии в Казахстане. 1917-1920 гг. – Алма-Ата: Казахстан, 1989.– 252 с.

Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы. – Алматы, 2008. – 105 б.

Қазақ. – 1917, шілде –31.

ҚР ОМА. - Қор-17, тізбе 1, іс–22, 24 п.

ҚР ОМА. - Қор-15, тізбе-2, іс–422, 47 п.

ҚР ОМА. - Қор-15, тізбе-2, іс–422, 47 п.

Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1971 – маусым 1918 жж.): тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1995. – 25 б.

Никишов П.П. Из истории краха левых эсеров в Туркестане. // Институт истории партии ЦККП Киргизии – филиал института марксизма-ленинизма при ЦК КПСС. - Фрунзе: “Кыргызстан”, 1965. –178 с.

Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. – 256 б.

Нұрпейісов К. Мұстафа Шоқай Қазақстан мен Түркістанның 1917-1927 жылдардағы қоғамдық саяси өмірі туралы //Қазақ тарихы. –1997.–№ 2.–Б.23-25.

Озғанбай Ө. Ресей мемлекеттік думасы және Қазақстан (1905-1917ж.ж.). – Алматы, 1997. – 460 б.

Плоских В. Манас не признал себя виноватым. –Бишкек: «Илим», МП «Табылга», 1993. –86 с.

Программы политических партий России: конец XIX– начало XX вв. – М., 1995. – 461с.

Туркестанские ведомости.– 1917, апрель – 17. – № 21.

Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. – Ташкент: “Шарк”, 2000. – 672 с.

Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / құраст. Б. Серікбайұлы, Қошым-Ноғай. – Алматы, 1992. – 184 б.

1917 год в Казахстане: Документы и материалы /сост. Ф.Н. Киреев, П.А. Абдуллина – Алма-Ата: Казахстан, 1977. – 284 с.

References

Alaş Orda: Sbornik dokumentov /sost. N. Martınenko. – Kızıl-Orda, 1929.

Grigorev V.K. Protivostoyanie: Bolsheviki i neproletarskie partii v Kazakhstane. 1917-1920. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1989. – 252 p.

Esmagambetov K.L. Alem tanıgan tulga. Mustafa Shoqaydıñ dunietanımı jane qayratkerlik bolmısı. – Almatı, 2008. – 105 b.

Kazakh. – 1917, shilde –31.

RK RCS. - Foundation-17, List 1, Case-22, 24 p.

RK RCS. - Foundation-15, List-2, Case-422, 47 p.

RK RCS. - Foundation-15, List-2, Case-422, 47 p.

Maxaeva A.Sh. Kazakh komitetteri: kurılu men kızmetinin tarihy (nauryz 1971 – mausym 1918): tarih gıl. kand. ... avtoref. – Almaty, 1995. – 25 p.

Nikishov P.P. Iz Istorii kraha levıh eserov v Turkestane. // Institut istorii partii CKKP Kirgizii – filial instituta marksizma-leninizma pri CK KPSS. - Frunze: “Kyrgyzstan”, 1965. – 178 p.

Nurpeyis K. Alash ham Alashorda. – Almaty, 1995. – 256 p.

Nurpeyisov K. Mustafa Shokay Kazakhstan men Turkistannın 1917-1927 jıldardagı kogamdik sayasi omiri turaly //Kazakh tarihy. –1997.–№ 2.–p. 23-25.

Ozganbay O. Resey memlekettik duması zhane Kazakhstan (1905-1917). – Almaty, 1997. – 460 p.

Ploskikh V. Manas ne priznal sebya vinovatım. – Bishkek: «Ilim», MP «Tabılga», 1993. – 86 p.

Programmy politicheskikh partiy Rossii: konec XIX – nachalo XX vv. – M., 1995. – 461 p.

Turkestanskïe vedomosti. – 1917, aprel – 17. – № 21. Turkestan v nachale XX veka: K istoriiistokov nacionalnoy nezavisimosti. – Tashkent: “Şark”, 2000. – 672 p.

Shokay M. Turkistannınkily tagdırı / kurast. B. Serikbayulı, Koshım-Nogay. – Almaty, 1992. – 184 p.

1917 god v Kazakhstane: Dokumentii materiali /sost. F.N. Kireev, P.A. Abdullina – Alma-Ata: Kazakhstan, 1977. – 284 p.

ӘОЖ 930.001.83

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҰЙЫМДАРДЫҢ БОЛЬШЕВИКТЕРМЕН ҚАТЫНАСЫ

Тоқболат С.Т.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, т.ғ.к.

Аңдатпа. Мақалада 1917 жылғы революциялық оқиғаларынан кейін Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси ұйымдардың ұстанымдары мен қызметі баяндалады. Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси ұйымдар ұлттық мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуына өзіндік игі ықпалын тигізді деуге болады. Түркістан автономиясының жариялануы мәселесі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың белсенді әрекет етуіне серпін бергенімен сол тұста олардың арасынан кеңестік билікпен ымыраға келуге ниет танытқан ұйымдар да бой көрсетпей қалмады. Осындай әрекеттер өлкедегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың бәрі бірдей Түркістан автономиясының құрылуына қолдау таныта қоймағандығын көрсетеді. Сондай-ақ осы кезеңде біртұтас қазақ автономиясы құрыла қалған күнде, соған қолдау жасауға тырысатынын білдірген облыстағы басқа да ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар да кездесті. Яғни сол кезеңдегі қоғамдық-саяси ұйымдардың автономия құру мәселесінде келгенде ойлары бірнеше бағытқа бөлінгенін байқатты. Қоғамдық-саяси ұйымдардың іс әрекеттері азаттық алу бағытына бағытталса да ойларының бір жерден шықпауы нақты шешімге келуіне кедергі жасады. Нәтижесінде Түркістан өлкесінде кеңестік билік орнап, қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметі кезекпен тоқтатылды.
Түйін сөздер: Шуро-и-Ислам, Шуро-и-улема, большевиктер, қоғамдық-саяси ұйымдар, Түркістан өлкесі, Түркістан автономиясы

ОТНОШЕНИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ В ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ С БОЛЬШЕВИКАМИ

Токболат С.Т.

Таразский государственный педагогический университет.

Аннотация. В статье рассматривается положение и деятельность общественно-политических организаций в Туркестанском регионе после революционных событий 1917 года. Общественно-политические организации в Туркестанском регионе оказали большое влияние на формирование национальных государственных структур. Вопрос об издании Туркестанской автономии дал толчок активному участию национальных общественно-политических организаций. Кроме того такие действия показывают, что все национальные общественные и политические организации в регионе не поддержали создание Туркестанской автономии. Также в это же время были сформированы другие национальные общественно-политические организации региона, которые выразили намерение поддержать создание единой автономии.
Ключевые слова: Туркестанская автономия, Туркестанский край, политические организации, Шуро-и-Ислам, Шуро-и-Улема, Большевики.

RELATIONS OF POLITICAL ORGANIZATIONS IN THE TURKESTAN REGION WITH THE BOLSHEVIKS

Tokbolat S.T.

Taraz State Pedagogical University

Abstract. The article describes the positions and activities of the socio-political organizations in the Turkestan region following the revolutionary events of 1917. Socio-political organizations in the Turkestan region have had a positive influence on the formation of national state structures. The issue of publishing the Turkestan autonomy has given impetus to the active involvement of national socio-political organizations. Such actions show that all national social and political organizations in the region have not supported the creation of the Turkestan autonomy. Also at the same time other national socio-political organizations in the region, which expressed their intention to support the creation of a single autonomous autonomy, were formed during this period. That is, during the same period, when the public-political organizations came to the question of autonomy, their thoughts were divided into several thoughts.
Keywords: Turkestan autonomy, Turkestan region, political organizations, Shuro-i-Islam, Shuro-i-ulema, Bolsheviks.

Кіріспе

XX ғасырдың бас кезіндегі Түркістан өлкесі халқының ұлт-азаттық қозғалысының шарықтау шегімен сипатталады. 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін Түркістан өлкесіндегі саяси күрес жаңа серпін ала бастайды. Автономиялық еркіндік алу жолында жергілікті жерлерде қоғамдық-саяси ұйымдар құрыла бастайды. Саяси ахуалдың шиеленісуі, Ресейдегі билікке жаңа саяси күштердің келуі империя өңірлеріндегі жағдайларды орынды шешу жолында нақты қадамдар жасауына итермеледі.

Талқылау нәтижесі

Түркістан өлкесінде XX ғасыр басында бой көтерген ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар кеңестік тарих ғылымында арнайы зерттеу объектісі ретінде қарастырылмады. Осындай ахуал негізінен сол кездегі идеологиялық талаптардан туындаған болатын. Осыған байланысты қоғамдық-саяси ұйымдар кеңестік биліктің орнауына тосқауыл жасаған ұйымдар ретінде бағаланып келді.

Кеңестер Одағы тарап, құрамындағы республикалар өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі уақытта жарыққа шыққан еңбектерде маркстік-лениндік методология мен партиялық талап үстемдігі жүрмеуіне орай, Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси ұйымдарға деген бұрынғы бағамдар өзгеріске түсті. Осындай қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін зерттеуде өзіндік қомақты үлес қосқан М. Қойгелдиев [М. Қойгелдиев, 1995], К. Нұрпейісов [К. Нұрпейісов, 1995] және Д. Аманжоловаңың [Д. Аманжолова, 1994] сияқты ғалымдардың еңбектерін қарастыруға болады. Олар өз еңбектерінде ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарға объективті баға беруге деген алғашқы қадам жасады. Бұл авторлардың еңбектерінде 1917 жылғы саяси жағдайда құрылған «Алаш» партиясы мен өзге де ұлттық ұйымдардың ұлттық мүддені қорғау бағытында белсенді түрде қызмет жүргізгені көрсетілді. Сондай-ақ бұл авторлардың еңбектеріндегі тұжырымдар Түркістан өлкесіндегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың құрылуы мен қызметін шынайы тереңдете зерттеуге өзіндік игі ықпалын тигізеді. Сондай-ақ К.Л. Есмағамбетовтың [К.Л. Есмағамбетов, 2008] М. Шоқайдың өмірі мен қызметіне арналған еңбегінде Түркістан өлкесі

мұсылмандарының орталық кеңесі, «Шуро-и-Ислам», «Шуро-и-улема» ұйымдарының қызметіне қатысты пікірлер білдіріліп, бұл ұйымдардың қызметі шынайы түрдегі өзіндік бағасын алған еді.

Нәтижесі

1917-1918 жылдардағы Түркістан өлкесіндегі жергілікті саяси ұйымдардың азаттық жолындағы әрекеттерін зерделеу арқылы сол кезеңдегі өлкенің қоғамдық-саяси жағдайын сипаттауға қол жеткіздік. Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметтері мен мақсаттары ерекшеленіп, ұстанымдары тоғыспады. Сондықтан қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін анықтау арқылы өлкедегі негізгі саяси күштердің бағытын анықтауға мүмкіндік алдық.

Негізгі бөлім

Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі ұйымдастыруымен 1917 жылдың 25-29 қараша аралығында Қоқан қаласында Түркістан өлкесі мұсылмандарының IV съезі өтті. Оған Сырдария, Ферғана, Самарқан, Закаспий облыстары мен Бұхар әмірлігінен және Хиуа хандығынан 250-ге жуық делегат қатысты. Олардың қатарында «Шуро-и-Ислам», «Шуро-и-улема», «Тұран», Түрік Федералистері партиясы, Сырдария облыстық Қазақ-қырғыз кеңесі, Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесі секілді ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдерімен бірге еврейлердің «Паолей-Сион» атты өлкелік ұйымының да өкілдері болды. Съездің күн тәртібіне Түркістан өлкесін басқару формасы, Түркістанның Оңтүстік-шығыс одағына қосылуы, Атқару комитеті құрамын сайлау, Түркістан Құрылтай жиналысы секілді мәселелер қойылды. Съездің 12 адамнан тұратын төралқасы құрамы сайланып, олардың қоғамдық-саяси ұйымдардың М. Шоқай, У. Ходжаев, О. Махмудов, С. Ақаев секілді өкілдері енді [1].

Съезге қатысушылар кеңестердің III өлкелік съезінде қабылдаған шешімді Түркістанның жергілікті халқының құқығын аяқ асты етушілік деп бағалап, күн тәртібінде тұрған Түркістан өлкесін басқару формасы мәселесін қызу талқылап, Түркістан өлкесін Ресей Федеративті Республикасы құрамындағы аумақтық автономия болуын жақтады. Түркістан автономиясын (мұхториятын) жария еткен съездің осы шешімі «Бірлік туы» газетінде былайша көрініс тапты: «Аса арнаулы болып жасалған Түркістан аймағы мұсылмандарының төртінші жалпы съезі Русия ұлы өзгеріс салып берген жолмен әр жұрт өзін-өзі басқаруға ықтиярлы болсын деп еркіндікті қалайтын Түркістан аймағындағы барлық халықтардың қалауы бойынша, Түркістан аймағын Русия демократиялық республикасымен бірлікте болып, бөлек жасауға ерікті территориялық автономия (жергілікті бостандық) қылып ығлан етті. Бұл автономия қай түрде болуы жақын арада шақырылмақшы болған Түркістан аймағының Учредительное собраниесінің ықтиярына беріледі. Съез өз атынан Түркістан аймағындағы саны аз ұлттардың құқықтарына қиянат қылдыртпай қорғалатынын аса елеулі түрде мәлім қылды» [2].

Съездің делегаттары 28 қараша күні Түркістан автономисының Ұлт мәжілісінің құрамын сайлады. Оған М. Шоқай, И. Шагиахмедов, М. Тынышбаев, У. Ходжаев, Ә. Оразаев, С. А. Герцфельд, Қ. Қожықов, Т. Нарботабеков, С. Лапин, С. Міржәлелов, Х. Агаев, Ғ. Дербісалин, М. Акчурин, М. Бехбуди, И. Дәулетшин, Т. Мұсабаев, С. Юсупов, С. Саидов, Ғ. Ғабдуллин, М. Мырзахметов, Ғ. Құшбегиев, Ғ. Махмудов, Ж.. Қарабеков, Х. Ширинский, А. Ғафуров, Ғ. Ғабдусалимов, А. Мансуров, Т. Ходжаев, К. Рахманбердиев, Ә. Шәкірхантөреев, Н. Камалхантөреев, С. Шарафходжаев сайланды. Ұлттық мәжіліске съездің ұйғарымы бойынша қалалық думалардан 4 өкіл, теміржол ұйымынан, пошта және телеграф ұйымынан, шаруалар кеңесінен, социалист-революционерлер партиясынан, социал-демократтар партиясынан, жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінен, поляктардың ұйымынан, еврейлер ұйымынан, завод жұмысшылары ұйымынан, армяндар ұйымынан, кооператорлар ұйымынан және казактар ұйымынан бір-бір өкілден енетін болды [3].

Ұлттық мәжіліске сайланғандар Түркістан автономисының уақытша үкіметінің мынандай құрамын тағайындады: 1) министр-төраға және ішкі істер министрі М. Тынышбаев, 2) министр-төрағаның орынбасары И. Шагиахмедов, 3) сыртқы істер бөлімінің басшысы М. Шоқай, 4) халықтық милиция және қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің басшысы У. Ходжаев, 5) жерге орналастыру және суды пайдалану министрі Х. Агаев, 6) азық-түлік министрі А. Махмудов, 7) ішкі істер министрінің орынбасары Ә. Оразаев, 8) қаржы министрі С.А. Герцфельд [4, 131-б.].

Түркістан өлкесі мұсылмандарының IV съезі Түркістан автономиясын жариялап, оның Ұлттық мәжілісі мен үкіметі құрамын айқындағаны сол күні-ақ, яғни 28 қараша күні Қоқан қаласының жұртшылығына мәлім болған еді. Соған орай Қоқан қаласының мұсылман жұртшылығы «Шуро-и-ислам», «Шуро-и-улема», «Тұран», «Еңбекші мұсылмадардың одағы» секілді т.б. ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдерімен бірге шеруге шықты. Олар Түркістан автономиясы мен оның үкіметіне барынша қолдау танытуға даяр екендіктерін танытты. Шеруге шығушылардың алдында съездің мынандай мазмұндағы қаулысы оқылды: «1. Съез сайлап шығарған ел-жұрт мәжілісі (Ұлт мәжілісі) ағзаларына һәм 12 адамнан тұратын автономиялы Түркістанның уақытша үкіметінің ағзаларына ешкім тие алмайды һәм бұларды жұрт мәжілісінен ықтиярсыз ешкімнің ұстауына болмайды. 2. Кімде-кім бұлардың біреуіне қарсы болып әрекет жасаса Түркістан аймағының 10 миллионнан көп халқына қарсы шығып, келсең кел дегені болып шығады. 3. Сайлап қойған адамдарды аман сақтау керек болған жерде қорғап алу міндетін съез жұрттың өзіне тапсырады» [2].

Съездің 29 қараша күнгі мәжілісінде Түркістанның Оңтүстік-шығыс одағына (1917 жылы 2 қарашада Дон казактарының бастамасымен кеңестер билігіне қарсы күресу мақсатында құрылған «Казак әскерлері, кавказдықтар мен ерікті дала халықтарының оңтүстік-шығыс одағы») қатынасы мәселесі талқыланып, ол жөнінде: «1. Іс жүргізіп тұратын бір комитет сайлап шығарып, «Юго-восточный союзбен» Түркістан арасында ынтымақ қандай шарттармен болатынын анықтап білу үшін саяси өкілдер жіберу сол комитетке тапсырылсын. 2. Ол союзға кіру немесе кірмеу мәселесі жақында шақырылатын Түркістан халықтарының Учредительное собраниесіне тапсырылсын. 3. Жұрт шаруасы күйзеліп кетіп бұған шара союзға қосылу ғана қалған болса іс жүргізетін комитет Түркістан Учредительное собраниесі ашылғанша уақытша шарт жасасып, уақытша қосыла тұруға ықтияры бар» [2], – деген қаулы қабылдады.

Түркістан өлкесі мұсылмандарының съезі уақытша Сібір үкіметінің төрағасы Г.Н. Потаниннің атына жеделхат жолдап, Түркістан автономиясының құрылғандығын мәлімдеу жөнінде шешім қабылдады. Сондай-ақ съездің соңғы күнгі мәжілісінде «Шуро-и-Ислам» ұйымы өкілдерінің тарапынан Ташкент большевиктерінің жергілікті халыққа жасап жатқан зорлық-зомбылығына қарсы шаралар қолдану мәселесі де көтерілді. Осы мәселе бойынша сөз алғандар большевиктердің Ташкентте тінту жүргізулері, негізсіз тұтқындаулары қалыпты жағдайға айналғанын, мұндай жағдай Ақпан революциясы жариялаған бостандық негіздеріне үйлеспейтіндігін мәлімдеді. Осыған орай съез Ташкент большевиктері тұтқындалғандарды тез арада босату керектігін, тінту жүргізуін доғаруын талап еткен қаулы қабылдап, ол қаулыны Ташкенттегі Халық коиссарлары кеңесіне жіберу жөнінде ұйғарым жасады. Сонымен қатар съездің атынан халыққа үндеу жариялауды Түркістан автономиясының үлесіне қалдырды [1].

Жаңадан құрылған Түркістан автономиясының үкіметі съез атынан үндеуді 1 желтоқсан күні жария етті. Бұл үндеуде халықты Түркістан автономиясына қолдау көрсетуге шақырылды және онда: «бұғаудан босаған түркістандықтардың өз жерінің толық қожайындары ретінде өз тарихын өздері жасайтын сәт туды. Біз алдымызда тұрған міндеттердің ауқымды екендігін, біздің ісіміздің дұрыстығын сезініп, Аллаһтың ризашылығымен өз жұмысымызға кірістік», – делінген мәлімдеме жасалды [1].

Жергілікті халық өкілдері Түркістан автономиясының жариялануын зор қуанышпен қарсы алды. Өлкедегі қалаларда Түркістан автономиясына қолдау көрсетуге мақсатында митингілер өтті. Мәселен, Наманган қаласындағы орталық көшеге лық толған адамдар «Жасасын Түркістан автономиясы мен оның үкіметі!» деген плакаттар алып жүрді. 6 желтоқсан күні Ташкентте «Шуро-и-Ислам» ұйымының ұйымдастыруымен Түркістан автономиясына қолдау көрсетуге арналған, 60 мыңнан астам адам қатысқан митинг болып өтті. Шымкент қаласы мұсылмандары Түркістан автономиясының жариялануына қатысты арнайы жиналыс шақырып, қолдайтындарын білдірді. Перовск және Қазалы уездерінің қазақтары Түркістан автономиясын өздерінің қолдайтындығы туралы жеделхат жолдады. Мұндай ниетті Ырғыз уезінің қазақтары да білдірді [1].

Түркістан автономисына тек жергілікті халық өкілдері ғана емес, өзге халықтардың ұйымдары да қолдаушылық көрсететіндігін танытты. Өлкедегі социал-революционерлердің 25 желтоқсанда Қоқан қаласында өткен съезі Түркістан автономиясын қолдайтындықтарын, оның үкіметімен бірлесіп жұмыс істеуге әзір екендіктерін мәлімдеді [5]. еврейлердің Ташкенттегі «Бунд» және Қоқандағы «Вайнер» қоғамы Түркістан автономиясының жариялануына байланысты құттықтауларын жолдап, оған көмек көрсететіндігін танытты [1].

1917 жылдың қараша айында Түркістан өлкесінде қос билік орнап, оның алғашқысы кеңестік негізде құрылып, ең алдымен ресейлік қоныс аударушылардың мүддесін көздеп, жағдайын нығайта түсуге қызмет ететіндігін білдірсе, соңғысы отарлық езгіге қарсы, діни және ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарды негізге ала құрылып, жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын баянды ету көздеген мақсаты болатындығын білдірді [6, 343-344-бб.].

Жергілікті халықтың еркін білдіретін Түркістан автономиясының жариялануын Түркістан өлкесі Халық комиссарлары кеңесі мойындаудан бас тартты. Бұл жөнінде С. Қожанов 1918 жылы қаңтарда «Бірлік туы» газетінде былай деп жазды: «Өткен жылғы ноябрьдің басынан бері Түркістан аймағының билігін большевиктер партиясы зорлықпен қолдарына алып, өз айтқанын қылдырып тұр. Кезінде ірілі-уақты мұсылман ұйымдары: «Біз мұндай зорлықпен күш қылып, бостандыққа қарсы іс қылғандарды танымаймыз. Айтқанын тыңдап, айдағанына жүрмейміз», – деп қарап еді. Бұны елең қылған большевиктер жоқ. «Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге енеді» деген осыдағы. Мұнан да іс шығара алмайтұғынын біліп, 25 ноябрьде жалпы Түркістан мұсылмандары болып, большевиктерге бой ұсынбаймыз деп Қоқан шаһарында съез жасап, автономия ығлан етіп еді. Большевиктер бұған да бір жол тапты. Бұл жолы: «Автономияны Түркістанның байлары һәм молдалары ғана істеп отыр. Кедейлердің қатысы жоқ, олар біздің жақта. Соның үшін біз бұл автономияны танымаймыз», – деп отыр. Бұдан тағы іс шықпайтын болған соң, мұсылмандар 25 декабрьде Қоқан шаһарында, жұмыскері бар, егіншілері бар, тағы съез жасады. Бұл съезде Түркістан автономиясын жақтап, большевиктерге қарсы қаулы жасап еді. Бұған тағы да: «бұл кедейлердің байлардан қорқып, жалтақтап етіп жүрген ісі. Одан басқа шын кедейлер бұл сөзді айтпайды дейді. … Бұл болған съездердің барлығы да байлардікі. Ішінде кедейлер болса, көбі байлардың қасы мен қабағына қарағандар. Әлі болса шын кедейлер бас қосып, мынау кедейлер қаулысы деп қолға ұстайтын түк жоқ. Соның үшін біз өзіміз шын мұсылман кедейлерінің советін ашамыз дейді. Солар автономия керек десе, шын қаулы солардікі болады. Соларға береміз деп жалтарып шықты» [5].

Түркістан автономиясының жариялануы мәселесі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың белсенді әрекет етуіне серпін бергенімен сол тұста олардың арасынан кеңестік билікпен ымыраға келуге ниет танытқан ұйымдар да бой көрсетпей қалмады. Сондай ұйымдардың бірі «Шуро-и-улема» ұйымы болатын. Бұл ұйымның жетешісі С. Лапин мұсылмандардың IV съезі кезінде Түркістан автономиясының Ұлттық мәжілісі құрамына сайланғанына қарамастан автономияға қарсы әрекеттерге көше бастады. Ол желтоқсан айының бас кезінде Ұлттық мәжіліс құрамынан

шығатыны жөнінде мәлімдеме жасап, Түркістан автономисына қарсы үгіт жүргізе бастады. 1918 жылдың 11 қаңтарында Сырдария облысының Ташкент уезіндегі қазақтар, татарлар және өзбектер Түркістан автономиясына қолдау көрсету мақсатында Қойлық деген жерде съез өткізіп жатқанда С. Лапин бұл съезге «Шуро-и-улема» ұйымының өкілдерін жіберді. Бұл өкілдер съездің барысында «Түркістан автономиясының түк пайдасы жоқ» деп мәлімдеме жасап, съезге қатысушыларды оған қарсы үгіттеген-ді. Бірақ делегаттар олардың сөзіне құлақ аспай, Түркістан автономиясына қолдау көрсетудің жолдарын қарастыруын жалғастыра берді [5].

С. Лапин жетекшілік еткен «Шуро-и-улема» ұйымы 1918 жылдың 5 қаңтарында Ташкент қаласында өткен жиналысында да Түркістан автономиясына қарсы екендіктерін танытып, бұл жөнінде қаулы да қабылдағаны туралы «Бірлік туы» былай деп жазады: «Осы үстіміздегі 5 январь күні Ташкенттегі «Ғұламалар жамиғаты» мешітте жиылыс жасап, Түркістан автономиясы жайлы мынандай қаулыны ығлан еткен: «Бұл автономияның бізге пайдасы жоқ, бұны біз танымаймыз һәм уақытша үкіметтің дегеніне жүріп, айтқанын аңдып, артына ермейміз». ... Бұл хабар шаһарда болған мұсылмандар арасына таралуымен халық арасында түрлі сөздер шығып, халықтың бір бөлігі «Автономия ығлан етілгенде айтқанын тыңдап, артына еруге ант еттірген осы ғұламалар еді. Енді бүгін тағы былайша дейді.. Осындай істер ғұламаларға келісеме екен» деген пікірде. Бірқатар адамдардың мұны естіген соң көңілі қайтқан. Дүйсенбі күні азық-түлік комитетінің жиылысы болып, «Ғұлама жамиғатының» істеген істерін шариғат жолына һәм дұрыс ақыл-ойға лайық іс емес екендігін айтып тарқасқан. ... Ғұламалардың бұлай айтып жүргені рас болса, бұл ақ көңілді мұсылман халқының көгеруіне пайдалы іс емес. Амал не? Бірақ халықтың есті адамдары аман болса, бұлардың көп ұзамай қарасы өшер деген үміт зор» [8].

«Шуро-и-улема» ұйымының мұндай ұстанымы 6 желтоқсан күні өткен Ташкент қалалық думасының мәжілісінде де білдірілген болатын. Бұл мәжілістің күн тәртібіне қалалық думаны тарату жөніндегі Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Колесовтың бұйрығы, Түркістан автономиясына көзқарас, Мәскеу қаласы думасының шақырған съезіне делегаттар сайлау секілді мәселелер қойылған болатын. Күн тәртібіне қойылған бірінші мәселе бойынша, большевиктердің қалалық думаны тарату жөніндегі бұйрыққа мәжіліске қатысушылардың басым көпшілігі наразы екенін білдірді. Түркістан автономиясына байланысты мәселе қаралған сәтте «Шуро-и-улема» ұйымы атынан мәжіліске қатысқан С. Лапин жарияланған Түркістан автономиясы өлкедегі мұсылмандардың мүддесін толық қамтамасыз ете алмайды, өйткені бұл автономияның үкіметін халық сайлаған жоқ, оның бағдарламасында өлкенің жергілікті халқының мүддесін қорғайтын нақтылы әрекеттер көзделмеген деп мәлімдеді. С. Лапиннің пікірінше, Түркістан автономиясының үкіметі «Шуро-и-улема» ұйымының бағдарламасын басшылыққа алып, оны жүзеге асыруға құлық танытпаған, яғни мемлекеттік құрылымды құруда Шариғат негіздерін басшылыққа алмаған. Осыған байланысты «Шуро-и-улема» ұйымы Түркістан автономиясына қолдау көрсете алмайтындығын, соған орай Түркістан өлкелік Халық комиссарлары кеңесімен ымыраға келіп, ұйымның бағдарламасын жүзеге асыруға ниет танытатындығын С. Лапин ашық білдірген болатын [1].

«Шуро-и-улема» ұйымының мұндай әрекеті ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың бәрі бірдей Түркістан автономиясына қолдау таныта қоймағандығын көрсетеді.

Түркістан өлкесіне қарасты Жетісу облысындағы ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар да Түркістан автономиясына ашық қолдау көрсете қоймады. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің және облыстағы басқа да ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдері біртұтас қазақ автономиясы құрыла қалған күнде, соған қолдау жасауға тырысты.

1917 жылы 5 желтоқсанда Орынбор қаласында өз жұмысын бастаған екінші жалпықазақ съезіне қатысқан 82 өкілдің қатарында Сырдария және Жетісу облысындағы ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың мүшелері де болғаны байқалды. Съезге Жетісу облысынан Ө. Айбосынұлы,

Ж. Отарбайұлы, М. Ысмайылұлы, И. Тергеусізұлы, С. Сабатаев, Н. Хамитұлы, Н. Жақыпбайұлы, И. Арабаев, Сырдария облысынан Ә. Кенесарин, И. Сарысақұлы, И. Ержігітұлы, С. Алдабергенұлы, М. Байзақұлы, М. Шоқай қатысты. Осы съезде құрылған Алашорда үкіметінің құрамына Үржардағы мұсылман комитетінің төрағасы С. Аманжолов пен Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің төрағасы және Түркістан автономиясын үкіметінің мүшесі М. Шоқай енді. Сондай-ақ Алашорда үкіметінің құрамына Түркістан автономиясының төрағасы М. Тынышбаев та сайланған болатын [9, 20-30-б.].

Алаш автономиясын құру туралы шешім қабылдап, Алашорда үкіметін – Ұлт кеңесін сайлаған жалпықазақ съезінде Түркістан автономиясына қатысты мәселе де қарастырылып өтті. Осы съезде М. Шоқай қатысушылар алдында Түркістан автономиясының құрылғандығы туралы хабарлады [6, 345-б.]. Осыған орай Алаш автономиясын жария ету мәсеселесі төңірегінде қызу пікірталас өрбіп, съез мынандай қаулы қабылдады: «1. бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып алса да, алмаса да, өз алдына автоноия ресми ығлан етуге ерікті. 2. 1 айда Түркістан қазағын Алашқа қосып ала алмаса, өз алдына автономия ығлан етуге ерікті. 3. Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса һәм қалған Алашқа автономия ығлан етілмесе, әркім өз күнін өзі көреді. 4. Егер Түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан ығлан ету ықтияры Алашордаға берілсін» [10, 28-б.].

Екінші жалпықазақ съезі қабылдаған бұл қаулы Алаш автономиясын жариялау Түркістан қазақтарының қосылуына тікелей тәуелді болды дегенді білдірмейді. Екінші жалпықазақ съезінде құрылған Алашорда үкіметінің ең алғашқы жасаған әрекеттері ұлттық бірлікті қамтамасыз етуге бағытталды. Съез өз жұмысын аяқтаған соң Алашорда үкіметі Сырдария қазақтарының съезін шақыру туралы шешім қабылдап, бұл жөнінде тиісті адрестерге мынандай мазмұндағы жеделхаттар жолдады: «Екінші жалпықазақ қазақ-қырғыз съезі бүкіл алаш баласын біріктіріп, өз алдына автономия ығлан етуге қаулы қылды. Бұл туралы Түркістан қазағымен келісу үшін Алашорда 5 январьда Түркістан шаһарында Сырдария облысының съезін шақырды. Съезге болыс басы бір өкіл келсін. Мұстафа һәм жолдастары бұл съезді 10 январьда шақырған еді. Оны өзгертіп, 5-і болсын делінді. Түркістан қазақтарымен сөйлесуге Бақытгерей Құлманов, Міржақып Дулатовты һәм Тұрағұл Құнанбаевты жіберді. Уақыт шұғыл, мәселе зор болғандықтан, съезге айтылған күннен қалмай келулері керек». Бұл жеделхатта Сырдария облыстық съезіне Перовск уездік ұлттық кеңесінің төрағасы Е. Қасымовтың, Сырдария облыстық Қазақ-қырғыз кеңесінің төрағасы Ә. Көтібаровтың, «Иллиятия» ұйымының төрағасы Қ. Қожықовтың, Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесінің мүшесі С. Ақаевтың, Әулеиеата уездік Қазақ-қырғыз кеңесінің төрағасы Ә. Кенесариннің және т.б. қайраткерлердің арналып шақырылғаны аталып көрсетілді [9, 19-б.].

Алашорда үкіметінің шақыруымен Сырдария облысы қазақтарының съезін өткізуге Түркістан өлкесіндегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар да атсалысты. Ә. Көтібаров жетекшілік еткен Сырдария облыстық Қазақ-қырғыз кеңесі Түркістан қаласында қаласында өтуі тиіс болған съездің ұйымдастырылуын өз мойнына алды. Бірақ бұл съез Алашорда үкіметі белгілегендей 5 қаңтарда емес, 6-9 қаңтар аралығында өтті. Сонымен қатар съезге Алашорда үкіметі арнап шақырған М. Тынышбаев, Ә. Оразаев, Е. Қасымов және М. Шоқай қатыса алмады. Алашорда үкіметі атынан съезге қатысуға Б. Құлманов, Т. Құнанбаев және М. Дулатов келді. Съезге 82 делегат қатысты. Олардың қатарында, «Иллиятия» қоғамының төрағасы Қ. Қожықов, Әулиеата уездік Қазақ-қырғыз кеңесінің төрағасы Ә. Кенесарин және Түркістан автономиясы атынан келген өкілдер бар еді. Съез Сырдария облыстық Қазақ-қырғыз кеңесінің жетекшісі Ә. Көтібаровтың төрағалық етуімен өтті [10].

Сырдария облысы қазақтарының съезінің күн тәртібіне облыс қазақтарының Алаш автономиясына қосылуы, ұлт қазынасы, азық-түлік мәселесі қойылды. Съезде бірінші мәселе

бойынша екі күн бойы қызу пікірталас жүрді. Бұл жөнінде «Бірлік туы» газеті былай деп жазды: «Түркістан автономиясы атынан келген өкілдер Сырдария қазақ-қырғыздарының Түркістанмен қонысы бір, құралас отырғандарын айтып, бұл күннен айырылып, «алаш» автономиясына қосылуды тіршілік жолы көтермейді деп Түркістанда қалуды қуаттады. «Алашорда» атынан келген өкілдер мұндай аяққа тұсау, тілге күрмеу болмай, аяқ барғанша жүріп, ауыз барғанша сөйлеп, әр халық өз мұңын өзі қарап жатқанда, әр жұрт өз жалауын көтеріп, өз ұранын шақырғанда біздің де бүтін алты Алаш баласы болып бірігуіміз жөн, егер біз алты миллион Алаш баласы айырылмай бас қоссақ, іргелі ел болғанымыз, бас қоса алмай бытырап бет-бетімізге кетсек өмірге іргелі ел бола алмай кім көрінгеннің қолында кетуіміз ықтимал дейді. Атамыздың мақалы бар: «Пайданы басқа, бастан соң досқа» деген, әуелі өзіміз бас қосайық, мұнан соң басқа бауырлармен бірігу жағын қарайық деп қазірден «алаш» автономиясына қосылуды қуаттап сөйледі. Жалпы өкілдерден бұл екі пікірдің екеуін де жақтаушылар болып мәселе ауырлап екі күнге тартылды. Аяғында екі жақтың да пікірлерін бір ынтымақ, бір қаулыға келтіру үшін әр уезден екі адамнан, «Алашорда» мен Түркістан уақытша үкіметі өкілдерінен комисссия жасалып, іс осы комиссияға тапсырылды» [11].

Съезге Алашорда өкілі ретінде келген М. Дулатов Сырдария қазақтарынының алаш автономиясына қосылу мәселесіне байланысты мынадай ұсыныстарды алдыға қойды: «1. Алаш автономиясы жария етілгенше Сырдария Түркістан автономиясында тұра тұрсын.

2. Алаш автономиясы жария етілгенде Сырдария Алаш облыстарының бірі болып саналсын.

3. Алаш астанасы Түркістан шаһары болсын.

4. Алашорда мен Түркістан автономиясы одақ болсын» [11].

М. Дулатовтың ұсынған бұл жобасын съез делегаттары қабыл алмады. Делегеаттар съезде арнайы құрылған комиссияның әзірлеген жобаға түзетулер енгізіп, оны бір ауыздан қабылдады. Онда былай көрсетілген болатын: «1. Сырдария облысы осы күні тегіс Түркістан автономиясында болғандықтан әзірге Түркістан автономиясында қалады.

2. Алаш автономиясы жария қылынып, Түркістанмен одақ болса, Сырдария қазақ-қырғызы сол күннен бастап Алаш автономиясына қосылады.

3. Сырдария қазақ-қырғызы қосылғанда Алаш астанасы Түркістан шаһары болады.

4. Сырдария Алашқа қосылғанда Түркістан құрылтайына сайланған өкілдер Алашорданың сайлау жобаларына тура келсе, алаш құрылтайына да өкіл болып сайланады.

5. Осы съезде болған қаулылар Түркістан құрылтайына сайланған өкілдерге негіз болады» [11].

Сырдария облысы қазақтарының съезі өтіп жатқан кезде оған Түркістан өлкесі Халық комиссарлары кеңесінің мүшесі, большевик Полтарацкий келіп қатысқан еді. Съезде оған да сөз берілді. Ол өз сөзінде ұлттық мемлекеттік құрылымдардың қажеттігі жоқ, оған қолдау танытушылық бос әурешілік деген пікір білдірді. Оның бұл пікіріне съезге қатысып отырған ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдері қарсылық көрсетіп, оның съезді тастап кетуіне мәжбүр етті. Бұл жайт жөнінде «Бірлік туы» газеті былай деп жазды: «Ташкенттен келген большевиктер советінің мүшесі Полтарацкий кезектен тыс сөз алып сөйледі. Түркістан автономиясы, уақытсыз, орынсыз һәм жалпы жұрт пайдасын көздеген автономия емес деп өзінше түрлі дәлелдер келтірді Түркістанның бұл автономиясын большевиктердің танымайтындығын һәм бұлай етіп ерік беріп жібермейтінін народный комиссарлар атынан сөйледі. Полтарацкий сөйлеп болған соң бір-екі өкіл тұрып, өзіміз Түркістан автономиясын қуаттап отырып, бұған сөз беруіміз жөнсіз деп айтқан соң съез Полтарацкийдің сөзін елеп қарсы жауап айтпай, аяқсыз қалдырды. Полтарацкий сөйлеген өкіл сөздерін орысша перевод етіп түсіндір деп сұрап еді, переводчикті өзің тап, саған мұнда переводчик болатын кісі жоқ деп жауап берді. Сөзін тыңдап елейтін адам болмаған соң съезден шығып кетіп бара жатқанда жиылған жұрт артынан ысқырып,

жер теуіп, айқайлап қалды» [11].

Съезде бұдан соң Түркістан автономиясына қолдау көрсету мәселесін талқылап, оған қолдан келген көмекті алмау жөнінде ұйғарым жасалды. Мұндай көмек нәтижелі болуы үшін Сырдария облысындағы ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарға тез арада халық милициясын құру ісін қолға алу тапсырылды. Делегаттар Перовскідегі ұлттық комитеттің төрағасы Е. Қасымовтың жергілікті кеңес өкіметі тарапынан тұтқынға алынғанына наразылық танытып, оны тез арада босату жөнінде талап білдірген жеделхатты Перовск комиссариатына жіберетін болды [11].

Делегаттар съездің соңғы мәжілісінде жергілікті ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарға халық милициясын құру жөнінде нақтылы тапсырма бере отырып, большевиктер партиясының саясатына байланысты мынанда қаулы қабылдады: «1. Большевик үкіметін қазақ-қырғыз танымайды, айтқанына еріп, айдағанына жүрмейді. Сол себепті олардың зорлық-зобылық қылып, халықтың тыныштығын алмауы талап етіледі.

2. Бұл большевиктерге еріп халықтың берекесін кетірген қазақ-қырғыз балалары болса, бұларға наразылық білдіріп ел дұшпаны, ұлт дұшпаны екені жария қылынсын» [11].

Сырдария облысы қазақтарының съезі большевиктер саясатын қолдамау, қазақтардан шыққан боьшевиктерге қарсылық көрсету туралы шешім қабылдап жатқан кезде облыстың бірқатар өңірлерінде кеңестік билік күш ала түскен еді. Сондай өңірлердің бірі Әулиеата уезі болатын. 1917 жылдың желтоқсан айына қарай мұнда қазақ-қырғыздан шыққан большевиктер уездік Қазақ-қырғыз кеңесіне қысым көрсетуге көшіп, бұл ұлттық қоғамдық-саяси ұйымды жауып тынды. Бұл жөнінде «Бірлік туы» газетінде «Әулиеатада қазақ-қырғыз большевиктері» деген атпен мынандай мазмұндағы мақала жарияланған болатын: «Біздің Әулиеата уезіне қараған қазақ-қырғыздың жақсы-жаман «киргизский совет» дейтін мекемесі бар еді. Бұл советте төбе ағасы Әзімхан мырза Кенесарин болып, қазақ-қырғызға керекті тығыз істер бола қалса, советке ел сайлап қойған жаңа талап жас мүшелерді жинап алып, сағатында жиылыс жасап тұратын еді. Әзімхан мырза Орынбордағы жалпықазақ съезіне кеткен соң, Меркеден Төреқұл Жанұзақ баласы дейтін бір переводчик келіп, мекемесінің мүшелерін қуып, өзіне ерген адамдардан мүше сайлап, бірқатар надан қара халықты артына ертіп солдаттарға қосылды һәм киргизский советті большевик деп жар салды. Көп ұзамай-ақ қазақ-қырғыз мекемесін «совет солдатских рабочих депутатов» мекемесіне тапсырды. Өздері күшті қолдарына емін-еркін алып алған соң жұмыспен барған адамдарды кіргізбейді, әр уақыт істері жасырын. Бірен саран адамдар сіздер неге қазақ-қырғыз мекемесін бұзып, басқаларға қостыртыңыздар деушілерге мынандай жауап береді: «Біз солдаттармен бірігіп, қазақ-қырғыздың аш арығын бағып қағамыз». Міне, біздің Төреқұл мырзаның солдаттармен бірігіп іс қыла бастағанына ай жарым уақыт болып қалды. Әлі де болса халыққа ине жасауындай тиген пайдасын көргеніміз жоқ. ... Олардың басты істеген жұмыстары мыналар: 1) қазақ-қырғыз мекемесін солдаттарға қосты. 2) Өз дегеніне, өз арттарына еретін һәм түн ортасына дейін отырып қызара бөртетіндерден қазақ-қырғыз мекемесіне мүшелер сайлап алды. 3) Біздің Әулиеата уезінің қазақ-қырғызына автономия керек емес, халық надан деп елді азғырды. 4) Әзімхан Кенесарин Орынбордағы жалпықазақ съезіне хан болып сайлануға кетті деп солдаттарға шықты. Құдай біздің Әулиеата қазақ-қырғызына күні-түні ел деп еңірейтін «қамқорлар» берді. Көп ұзамай-ақ дегеніңе қолың бір жетер» [12].

Осылайша, жергілікті жерлерде орнай бастаған кеңестік билік Әулиетадағы Қазақ-қырғыз кеңесін жауып үлгірді. Бұдан алдын Перовскідегі ұлттық комитет те өз қызметін Е. Қасымовты большевиктер тұтқынға алуына байланысты өз қызметін тоқтатқан болатын [12]. Ташкент қаласындағы «Мұсылман еңбекшілерінің одағы» ұйымы кеңестік биліктің айдап салуымен 15 қарашада өткен өлкелік шаруалар съезіне өз өкілдерін жіберіп, ендігі жерде бұл ұйымның жұмысшы-солдат және шаруалар депутаттары кеңесі құрамына кіретіндігін білдірген еді. Нәтижесінде бұл ұйым да өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болды [13, 4-п.].

Әулиеата мен Перовск уездерінен бөлек, басқа да өңірлерде ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар жергілікті большевиктік ұйымдар тарапынан қысымға алына бастады. Большевиктер партиясы қатарына өткен Т. Бокин бұл партияның саясатын қазақтар мен қырғыздар арасына тарату үшін бірінші кезекте Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетін жабу бағытында жұмыс жүргізді [14, 14-п.]. Бірақ бұған қарамастан 1918 жылы қаңтар айының 10-31 аралығында Жетісу облысы қазақ-қырғыздарының екінші съезі өтіп, онда екінші жалпықазақ съезінің шешімдерін орындау мәселесі талқыланды. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің ұйымдастыруымен өткен бұл съезге қатысушылар екінші жалпықазақ съезінің шешімдерін жүзеге асыру үшін алдымен өңірде күш алып бара жатқан большевизммен күрес жүргізу қажет деген ұйғарымға келді. Сонымен қатар тез арада қазақтар мен қырғыздардан құралған милиция құру жөнінде шешім қабылдайды. Съез облыстық Қазақ-қырғыз комитеті бұдан былай «Алаш» кеңесі аталсын деген қаулы шығарды. Бұл Қазақ-қырғыз комитетінің ендігі жерде Алашорда үкіметінің жергілікті буыны ретінде жұмыс істейтіндігін аңғартады [15, 318-б.].

Жетісу облыстық «Алаш» кеңесі құрамына кейіннен Пішпектегі «Бұқара» ұйымы да бірігетіндігін танытты. 1918 жылдың көктеміне дейінгі кезеңде бұл ұйымның мүшелері толығымен «Алаш» кеңесі құрамына қосылды [16, 41-п.]. Осыдан кейін облыстық «Алаш» кеңесі екінші жалпықазақ съезінің шешіміне орай Алаш милициясын құру әрекетіне кірісіп бұл іске бұрынғы комиссар О.А. Шкапскийді де тартты. Алайда бұл іс И. Жайнақовтың, С. Сабатаевтың және О.А. Шкапскийдің большевиктер қолына түсуіне байланысты жүзеге асусыз қалды. Олар төрт ай мерзімге абақтыға жабылған болатын.

Жетісу облыстық «Алаш» кеңесі өңірдегі халықтардың тыныштықта болуын жақтап, өңірдегі барлық ұлт өкілдерін тату көршілікке шақырды [17, 78-79-пп.]. Осыған орай 1918 жылдың 21 наурыз күні Жетісу жұртшылығына арнап мынандай үндеу таратты: «Қазақ-қырғыз ағайындар! Аздырушы бұзықтардың сөзіне сеніп, бұзғыштардың сөзіне ермеңдер, өз жұмыстарыңыздан қалмаңыздар, қазіргі народный үкімет орынсыз зорлықтан, талаудан, шабудан құтқарып, әділдік, кеңшілік көзін жіберер деп үміт қылыңыздар. Халыққа осы күнде тыныштық болғандай болып тұр. Себебі Алматы базарында егін, астық, кездеме, шай, қант, керосин һәм басқа нәрселер бұрын жоқ болса, осы күнде сатыла бастады. Бұл іс әлбетте советский үкіметтің себебімен болып тұр. Енді жұрт! Құдай деп өздеріңіздің жұмыстарыңыздан қалмастан, жақын орыс көршілеріңізді хайуан тұтпай дос көріп, тыныштықпен шаруаларыңызды істей беріңіздер. Үміт етеміз орыс көршілеріңіз де туысқандық қылар деп. Біліңіздер ескі үкіметтің заманындағы әр тайпа халықты бір-бірімен шағыстырып дұшпандайтұғын уақыт өтті. ... Барша халықты құдай жаратқан, басқалар да біліп, тең дос қылып, туысқан болатын уақыт жетті» [9, 122-б.].

Бұл үндеудің мазмұнынан «Алаш» кеңесінің біртіндеп большевиктер саясатына бет бұра бастағаны сезіледі. Осы кезде пішпек уездік «Алаш» кеңесі де кеңес өкіметіне ыңғай танытатындығын мәлімдеп, өзінің атауын Пішпек уездік Қырғыз революциялық кеңесі деп өзгерту жөнінде шешім қабылдаған еді. Өз атауын өзгерткен бұл ұйымға ендігі жерде қазақ-қырғыз халқының мүддесін қорғау жолында белсенділігімен танылған А. Қойбағаров төрағалық ететін болды. Бірақ көп уақыт өтпей жатып, 1918 жылы 10 маусымда осы ұйымға қатысы бар Қарынбай және Жапар Қанатовтар, Қасым Абукин, Накир Найдалин, Мұса Қасымов, Мұратәлі Батырханов, Құрман Лепесов, Ибрагим Баялин, Исак Құрманов, Болатбек Көшербаев, Мәмбетәлі Мұраталин, Аалы Бердіғұлов, Басаба Төрегелдин, Нарынқұл Абиров контрреволюционерлер, алашордашыларға іштартушылар ретінде кеңестік билік тарапынан айыпталды [15, 319-б.].

Түркістан өлкесі Халық комиссарлары кеңесі мен Түркістан автономисы арасындағы текетірес өрши түскен шақта «Шуро-и-Ислам» ұйымы өлкедегі өз бөлімшелеріне мәлімдемелер таратып, кеңестік билікті мойындамауға үндеп жатса, «Шуро-и-улема» ұйымы кеңестік билікпен ымыраға келу жолына түсті. Осыған орай «Шуро-и-улема» ұйымы Халық комиссарлары кеңесіне

өзінің талаптары көрсетілген мәлімдеме жолдап, егер бұл талаптар орындалса кеңестік билікті мойындайтындығын білдірді. «Шуро-и-улема» ұйымының талаптары 14 баптан тұрды. Онда патша өкіметінің жергілікті халықтан бұрындары тартып алған жер телімдерін қайтару, Түркістан өлкесінде діни басқарма құру, Түркістанның жергілікті халықтарына арналып шығарылатын заңдардың Шариатпен үйлесімді болуы, вакуфтық жерлердің сақталуы, Түркістан өлкесіндегі мұсылмандарды өз алдына бөлек басқаратын мекеме құру және бұл мекемеге басқа елдермен сауда-саттық келісімдер жасауға мүмкіндік беру секілді мәселелер көтерілген болатын [18, 76-81-б.].

«Шуро-и-улема» ұйымы атынан қойылған бұл талаптарға өлкелік кеңестік билік жауап қайыра қоймады. Өйткені, кеңес өкіметін «Шуро-и-улема» ұйымының өлкедегі мұсылмандарды бөлек басқаратын мекеме құру жөніндегі талабы ұнай қоймайтын. Бұл өз кезегінде «Шуро-и-улема» ұйымы мүшелерінің кеңестік билікке деген көңілдерінің қалуына әсер еткен-ді.

Түркістандағы кеңестік билік өлкедегі барлық ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарға төзімсіздік танытты. Оларды Түркістан автономиясы мен Алашорда үкіметін қолдаушы ұйымдар ретінде қалай да жоюды көздеді. Мұндай әрекетін 1918 жылы ақпанда Түркістан автономиясын қару күшімен құлатқаннан кейінгі кезеңде күшейте түсті.

Түркістан автономиясын әскери күшпен құлату кезінде 200 мыңға дейін адамды өлтіріп [4, 151-б.], Қоқан қаласын жермен жексен еткен кеңестік билік ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарға да қайырымдылық жасай қоймайтын. Кеңестік биліктің Түркістан автономиясын талқандау барысындағы қатыгездігі жөнінде «Бірлік туы» газетінде Қ. Болғанбайұлы былай деп жазған еді: «13 январьдан 10 февральға дейінгі күндері Түркістан халқының есінен өмірінде шықпас. Ол күндер – Түркістан тарихында сиямен емес, қанмен жазылатын күндер. Адам пішінді жыртқыштардың ол күндерде Қоқан көшелерінде істеген сұмдықтарын естігенде денең түршігіп, қаның мұздайды. Жүгені сыпырылып, мейрімі кеткен, ауызы көпіріп, көзі қарайған адам – хайуан Қоқан көшелерінде құтырған қасқырдай кәріні, жасты, еркекті, әйелді таңдамай қырған күндер – ол күндер. Пулемет отымен жалғыз үкімет әскерін ғана емес, неше мыңдаған бейбіт халықты қамыстай жапырып, бүкіл Қоқан шаһарының күлін көкке ұшырған күндер – ол күндер. ... Адамзаттың ең қасиетті құқықтарын таптап, кінәсіз қанын судай шашқан бұл сұмдықты не деп айтуға болады? [19].

Түркістан автономиясы құлатылғаннан кейін, 1 наурызда Түркістан Халық комиссарлары кеңесі Түркістан автономиясының барлық басшыларын заңнан тыс деп жариялап, олардың мүлкін тәркіледі. Түркістан автономиясының уақытша үкіметінің отыз мүшесі тұтқындалып, Ресейдің түпкір-түпкіріне айдалды [4, 151-б.]. Мұның артынша Түркістан Халық комиссарлары кеңесі өлкеде ұлттық негізде құрылған барлық қоғамдық-саяси ұйымдарды жабу жөнінде бұйрық шығарды. Сонымен бірге ұлттық мерзімді басылымдардың да шығарылуына тиым салынды [20, 80-б.].

Осылайша, Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси ұйымдар ұлттық мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуына өзіндік игі ықпалын тигізді деуге болады. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың арасында кеңестік билікпен ымыраға келе отырып, ұлттық мүддені қорғауға ниет танытқан ұйымдар да бой көрсетті. Бірақ мұндай ұйымдардың әрекеті нәтижелі бола қоймады. Кеңестік билік Түркістан автономиясының құлатылуымен қоғамдық негізде құрылған ұлттық ұйымдардың болуына кеңестік билік тиым салды.

Әдебиеттер

1 Қуқонд муваққат халқ шуроси хайати // Улуг Туркестан. – 1917. – 8 декабрь.
2 27 ноябрьде Қоқан шаһарінде болған жалпы мұсылман съезінің қаулылары // Бірлік туы. – 1917. – 12 декабрь.

3 Ішкі хабарлар // Бірлік туы. – 1917. – 23 декабрь.
4 Есмағамбетов К.Л. Әлем танырған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік бомысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 б.
5 Қожанұлы С. Түркістанда орыс съездері // Бірлік туы. – 1918. – 29 январь.
6 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: «Санат», 1995. – 368 б.
7 Ташкент уезіндегі мұсылмандар съезі // Бірлік туы. – 1917. – 18 январь.
8 Ескі Ташкенттегі ғұламалар жиылысы // Бірлік туы. – 1917. – 18 январь.
9 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т. 2. – 496 б.
10 Сырдария қазақ-қырғыздарының съезі // Бірлік туы. – 1918. – 18 январь.
11 Түркістан шаһарында Сырдария қазақ-қырғызының съезі. Январь 4-9. // Бірлік туы. – 1918. – 29 январь.
12 Әулиеатада қазақ-қырғыз большевиктері // Бірлік туы. – 1917. – 18 январь.
13 РМӘСТМ. 71-қ., 34-т., 1475-іс.
14 ҚРПМ. 811-қ., 4-т., 391-іс.
15 Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы. – Алматы: «Ценные бумаги», 2007. – 357 б.
16 ҚРПМ. 811-қ., 23-т., 171-іс.
17 ҚРАОММ. 489-қ., 1-т., 8-іс.
18 РМӘСТМ. 71-қ., 34-т., 1632-іс.
19 Болғанбайұлы Қ. Тұла бойы қан сасиды // Бірлік туы. – 1917. – 15 март.
20 Абдуллаев Р.М., Агзамходжаев С.С., Алимов И.А. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. – Ташкент: «Шарк», 2000. – 672 с.

References

1 Kukond muvakkat khalk shurosi khayati // Ulug Turkestan. - 1917. – December 8.
2 27 noyabrya hokan shaharinde bolgan zhalpy musylman syezinin kaulylary // Birlik tuy. - 1917. - December12.
3 Ishki khabarlar // Birlik tuy. – 1917b. - December 23.
4 Yesmagambetov K.L. Alem tanygan tulga (M. Shokaydyn duniyetanymy zhane kayratkerlik bolmysy). - Almaty: Dayk-Press, 2008. – 504 p.
5 Kozhanuly S. Turkistanda orys syezderi // Birlik tuy. - 1918. – January 29.
6 Koygeldiyev M. Alash kozgalysy. - Almaty: «Sanat», 1995. - 368 p.
7 Tashkent uyezdnyye musulmandar syezi // Birlik tuy. - 1917. - January18.
8 Yeski Tashkenttegi gulamalar zhiylysy // Birlik tuy. - 1917. - January 18.
9 Alash kozgalysy. Kuzhattar men materialdar zhinagy. December 1917. - May 1920. - Almaty: «Alash», 2004. - T. 2. - 496 p.
10 Syrdariya kazak-kyrgyzdarynyn syezi // Birlik tuy. - 1918. – January 18.
11 Turkistan shaharynda Syrdariya kazak-kyrgyzynyn syezi. January4-9. // Birlik tuy. - 1918. - January 29.
12 Auliyeatada kazak-kyrgyz bolshevikteri // Birlik tuy. - 1917. - January 18.
13 Archive of Russian state socio-political history. F.71, R34, F.1475.
14 Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. F.811, R4, F.391
15 Makhayeva A. Kazak-kyrgyz sayasi baylanystarynyn tarikhy. - Almaty: «Tsennyye bumagi», 2007. - 357 p.
16 Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. F.811, R.23, F.171
17 State Archives of the Almaty region of the Republic of Kazakhstan. F.489, R1, F.8.
18 Archive of Russian state socio-political history. F.71, R.34, F.1632.
19 Bolganbayuly K. Tula boyy kan sasidy // Birlik tuy. - 1917. – March 15.
20 Abdullayev R.M., Agzamkhodzhayev S.S., Alimov I.A. Turkestan v nachale 19 veka: K istorii istokov natsionalnoy nezavisimosti. - Tashkent: «Shark», 2000. - 672 p.

ӘӨЖ: 94(574)(092)

Ғ.Н. БӨКЕЙХАНОВ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Уалтаева А.С.[1], Отар А.С.[2]

[1]т.ғ.к., Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
[2]2-курс магистранты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Аңдатпа. Бұл мақалада Ғ. Бөкейхановтың XX ғ. 20-30-шы жылдар аралығындағытүрлі кеңестік үкімет органдарындағы қоғамдық және саяси қызметтері қарастырылады. Ол Қазревкомның мүшесі бола отырып, ұлттық кадрларды даярлау мен оқытуға белсенді араласып, қазақ зиялыларын Кеңес өкіметінің органдарының жұмысына тартты. Сонымен қатар Ғ. Бөкейхановтың шығармашылығы мен А.В. Затаевичпен арадағы байланыс сипатталады.
Түйін сөздер: Қуғын-сүргін құрбаны, Қазақ (Қырғыз) ОАК, А.В. Затаевич, Бүкілресейлік Кеңестер съезіне, Қазревком, тұлғатану, күй, шежіре, Ғ.Н. Бөкейханов

Г.Н. БУКЕЙХАНОВ – ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ

Уалтаева А.С.[1], Отар А.С.[2]

[1]к.и.н., ВНС Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
[2]магистрант 2 курса Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, г. Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваетсяобщественная и политическая деятельностьГ. Букейханова в различных органах власти всамые критические для Казахстана 20-30 гг. XX в.Авторы акцентировали внимание на огромном и значительном вкладе Г. Букейхановадля своего народа. Будучи членом Казревкома, он активно участвовал в подготовке и обучению национальных кадров, привлекал казахскую интеллигенцию к работе органов советской власти.В статье подробно исследовано творчество Г. Букейханова и ее особенная часть – творческий союз и взаимоотношения с А.В. Затаевичем.
Ключевые слова: Г.Н. Букейханов, генеалогия, кюй, персоналистика, Казревком, Всероссийский съезд Советов, А. В. Затаевич, казахский (киргизский) ЦИК, жертва политических репрессий.

G.N. BUKEIKHANOV – PUBLICFIGURE AND STATESMAN

Ualtaeva A.S.[1], Otar A.N.[2]

[1]Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Leading Researcher, Candidate of Historical Sciences
[2]Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2nd Year Master's Student
Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article discusses the social and political activities of G. Bukeikhanov in different authorities in 1920-1930s,the most critical years for Kazakhstan. Authors focused on G. Bukeikhanov’senormous and significant contribution made for his people. As a member of Kazrevkom, he actively participated in the training and education of national staff, involved the Kazakh intelligentsia in the work of the Soviet authorities. The article examines in detail the work of G. Bukeikhanov and its

special part – his creative Union and relations with A. V. Zataevich.
Keywords: G.N. Bukeikhanov,genealogy, kuy, personalistic, Kazrevkom, All-Russian Congress of Soviets, A.V. Zataevich, Kazakh (Kyrgyz) CEC, a victim of political repression.

Кіріспе

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Ғ.Н. Бөкейханов ел қамын, халық мұқтаждығын ойлап оларды шешуде аянбай тер төгіп, еңбек етіп, өз заманының білімді, ақыл-парасаты мол тұлғаларының бірі екенін дәлелдей алды. Ғ. Бөкейхановтың саяси қызметін зерттеу барысында қиындықтар көп екенін мойындаған жөн. Оның басты себебі, оның есімі әртүрлі құжаттар түрліше көрсетілуінде. Мысалы, Ғабдұлхакім, Абдол, Абдолла, Ғабдол, Ғабдолла деп көрсетілген.

Материалдар мен әдістер

Мұрағат қойнауларында Бөкейхановтың саяси қызметіне қатысты деректер жеткілікті. Алайда, қарастырылып отырған тұлғамыздың тарихы әлі де болса толыққанды зерттелген жоқ. Қазіргі таңда жарық көрген ғылыми әдебиеттер мен БАҚ беттерінде жарияланған естеліктерді жинақтау, талдау арқылы, Ғ.Н. Бөкейхановтың ғұмырнамасына қатысты мәліметтерді ашып көрсетуді мақсат қойылды.

Зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Жалпы ғылыми әдістер арасында анализ, синтез, логикалық әдістер қолданылды.

Талқылау

Бөкейхановтың өміріне байланысты мақаланы Б. Қойшыбаев 1994 жылы қазақ әдебиеті газетінде, 2005 жылы С. Ақтаевтің мақаласы «Ақиқат» журналында жариялаған еді. Сонымен қатар, оның қызы Фатима Ғабдұлхакімқызы, ұлы Диас Бөкейханов және Шолпан Аманжоловаңың естеліктері «Казахстансая правда», «Орал өңірі» және т.б. мерзімдік басылымдарда және ғылыми энциклопедиялық анықтамаларда жарық көген. Басқа да әдебиеттерде Бөкейхановтың есімі кездескенімен тікелей оның өміріне қатысты тоқталып өтілмеген.

Нәтижесі

Оның ата-бабалары Қазақстан тарихында орны ерекше ірі тұлғалар болған. Шежіре дереккөздері бойынша, Әбілқайыр хан – Нұралы хан – Бөкей хан – Тәуке сұлтан – Шамаш – Нұрмұхамедтен Ғабдұлхакімнің өзі тарайды [1, 239-241 бб.].

Ғабдұлхакім Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1896 жылы 15 сәуірде бұрынғы Астрахан губерниясына қарасты Бөкей Ордасындағы Шонай ауылында дүниеге келген. Әкесі Нұрмұхамед мал шаруашылығымен айналысқан дәулетті кісі болса керек.

Ғ.Н. Бөкейханов бала кезінен бастап қазақтың күй өнеріне әуес болған. Ол батыс күй мектебінен шыққан бірнеше дарынды күйшілердің орындауындағы күйлерді тыңдап өседі. Өзінің алыс туысы болған атақты Дәулеткерей күйші туралы әңгімелерді естіп, оның күйлерін шеберлікпен орындай алған. Кейін өзі көзімен көрген Салауаткерей, Макар Жапаров, Шәңгерей, Науша және т.б. күйшілердің тәрбиесін алып, ақылын тыңдап, олардан күй тартудың әдіс-тәсілін үйренеді [2, 254 б.].

Алғашқы сауатын үйінде ана тілінде ашып, кейін бір сыныптық орыс-қазақ мектебінде оқуын жалғастырады. Әкесінің ерте дүние салуы оған үлкен соққы болып тиеді. Алайда өзінің білімін одан әрі жалғастыру мақсатында 12 жасқа толған Ғ.Н. Бөкейханов Хан ордасындағы интернаттардың бірінде тұрып төрт сыныптық қалалық училищеде оқиды. Оны 1912 жылы

бітіргеннен соң Орал қаласындағы реалды училищеде білім алады. 1917 жылы Мәскеудегі Ауыл шаруашылық академиясына қабылданады. Дегенмен, 1918 жылы оқуын тастап, елге кері оралуға мәжбүр болды [3, 3 б.]. Ғ. Бөкейханов еліне оралғаннан кейін Дәулетше Құсепқалиевтің қызы Софьямен көңіл қосып үйленеді [4, 191 б.].

Ол алғашында Бөкей губерниясында кеңестік билік орындарының қызметіне араласып, 1919 жылы Бөкей губерниясының атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланады. 1918 жылы 6-9 қарашада VI Бүкілресейлік Кеңестер съезіне қатысады. Осы тұста 1-ші қазақ атты әскер полкін құруға атсалысады [5].

1919 жылы қаңтарда екінші мұғалімдер съезіне қатысып, «Оқу құралдарын жетістіру, кітаптарды тәржіме ету және тағылым журналын шығару үшін» сайланған комиссия құрамына кіреді. Кейін осы жылы өткен жалпықазақ съезінің жұмысына қатысады [6, 60 б.].

1919 жылы 3 қазанда Бөкей ордасының өкілі ретінде Қазақ (Қырғыз) революциялық комитетінің (Қазревком) мүшесі болады [7, 31 б.]. 1919 жылы 18 қазанда Қазревкомның жанынан құрылған халық шаруашылығы кеңесі төрағасы болып сайланады, кейін еңбек және денсаулық сақтау бөлімдерінің меңгерушісі қызметін атқарады [8, 60 б.]. 1919 жылы 5-9 желтоқсанда VII Бүкілресейлік Кеңестер съезіне делегат болып қатысады [9, 31 б.]. Осы жиналыстың нәтижесінде Қазревкомның Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті жанындағы өкілі лауазымына тағайындалады. 1920 жылы 4 қазанда Орынборда ашылған өлке кеңесінің бірінші съезіне делегат болып, кейін Қазақ (Қырғыз) Автономиялық кеңестік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің жауапты хатшысы етіп сайланады [9, 12 б.] .

Аталған қызметте жүрген кезінде Орынбор қаласында А.В. Затаевичпен танысады. Алғашында Ғ.Н. Бөкейханов қазақтың әндері мен күйлерін жинап жүрген А.В. Затаевичті сырттай бақылап, кейін жақын танысып достық қарым-қатынас құрады. Жұмыстан қолы босаған уақытта А.В. Затаевичпен арнайы кездесіп, онымен қазақ халқының музыкалық өнері туралы әңгіме-дүкен құратын. Ғ.Н. Бөкейханов өзінің туысқаны болып келетін Бөкей ордасынан шыққан айтыстан жеңіліп көрмеген әйгілі айтыскер, күйші Дәулеткереймен және дүниеден ерте кеткен Әлікей күйші туралы көп құнды ақпараттар берді. Дәулеткерейдің ұлы Салауаткерей де белгілі күйші және айтыскер ақын болған. Бөкей ордасына аты шыққан күйші Макар Жапаровпен Салауаткерейдің арасындағы айтысқа жақын жерде орналасқан ауыл аймақтың барлығы жиналатын. Бұл айтыстарды өз көзімен естіп-көріп өскен Ғ.Н. Бөкейханов қазақтың күй өнер айрықша бағалап, осы күйшілер туралы мағлұмат беріп, өзі білетін әндер мен күйлерді А.В. Затаевичке орындап береді. Кейін Ғ.Н. Бөкейханов өзінің інісі Хабир Бөкейхановпен А.В. Затаевичпен таныстырады. Х. Бөкейханов ағасы айтып берген халық күйшілерінің өмірбаянын өзі білетін мәліметтермен толықтырады. Ағайынды Бөкейхановтардың көмегінің арқасында А.В. Затаевич 30 жуық күй жазып алады [10, 70 б.]. А.В. Затаевичтің пікірінше, Ғ.Н. Бөкейханов өзіне жақын Бөкей ордасынан шыққан әндердің білгірі деп суреттейді [11, 364 б.].

1921 жылы Семей губерниясының атқару комитетінің төрағасы және губерниялық партия комитетінің бюро мүшесі қызметтерін атқарды. Осы қызметте жүргенінде ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының жұмысына атсалысып, ашаршылыққа ұшыраған аймақтарға жәрдем көрсетеді. 1921 жылдың 6 шілдесінде Қазақ (Қырғыз) Орталық Атқару комитеті президиумының көшпелі және жартылай көшпелі қазақ тұрғындарының ет, тері, жүн және майға салықты жою туралы қаулысын қабылдауда елеулі еңбек етті. Семейде бір жыл жұмыс істегеннен кейін 1922 жылдың соңына қарай РК(б)П обкомынан оқуын жалғастыруға рұқсат алады.

1922-1925 жылдар аралығында Мәскеу қаласында Ауыл шаруашылық академиясының инженерлік факультетінде оқиды. Студенттік өмірі кезінде академияның қоғамдық жұмыстарына белсене араласады. Бір жыл көлемінде факультеттің президум мүшесі және жауапты хатшысы болады. Сонымен қатар, Мәскеуде өткен саяси жиындардың жұмысына қатысады. 1922 жылы

қазанда БОАК IX шақырылымына, осы жылдың қараша айында Коммунистік Интернационал IV конгресіне, сосын 23-27 желтоқсанда X Бүкілресейлік Кеңестер съезінің қатысады. Осы Мәскеуде білім алып жүргенінде Ғ.Н. Бөкейханов 1923 жылы 31 желтоқсанда А.В. Затаевичтің үйінде А. Кальменевпен бірге жаңа жылды қарсы алады. Осы мерекеде Ғ. Бөкейханов өзі білетін қазақтың белгілі күйлерін орындап береді. Жиын барысында А.В Затаевич Ғ. Бөкейхановтан «Соқыр Есжан» және басқада күйлерін жазып алады [5, 6 б.].

1925-1926 жылдар аралығында Орал губерниясының жер басқармасының бастығы. 1926 жылы Жетісу губерниясының жер басқармасының бастығы. 1926-1927 жылдар аралығында ҚазАКСР егіншілік халық комиссариатының жерге орналастыру орталық басқармасының бастығы. 1927-1930 жылдар аралығында Қарақалпақ облысының жоспарлау бөлімінің бастығы, атқару комитетінің төрағасының орынбасары. 1930 жылы ҚазАКСР-ның сауда халық комиссариатының алқа мүшесі. 1931-1932 жылдар аралығында ҚазАКСР ХКК қазақ мақта комитетінің төрағасының орынбасары. 1932-1933 жылдар аралығында ҚазАКСР-ның егіншілік халық комиссариатының қазақ мақта комитетінің төрағасы. 1933-1934 жылдар аралығында КСРО егіншілік халық комиссариатының Қазақстандағы мақта-трактор орталығы басшысы. 1934 жылы ҚазАКСР-ның егіншілік халық комисариатының жерге орналастыру және мелиорациялау бөлімінің, жоспарлау бөлімінің бастығы. 1934-1935 жылдар аралығында ҚазАКСР-ның егіншілік халық комиссариатының мақта басқармасының бастығы. 1935-1937 жж. Оңтүстік Қазақстан облысының жер басқармасының бастығы қызметінде болады [12, 126 б.].

1937 жылы қуғын-сүргінге ұшырап Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі істер бөлімі ұстап алып абақтыға жабады. Кейін РКСФР Қылмыстық істер кодексінің 58-бабтың 2,7,8 және 11 тармақтарына сәйкес айыптар тағылады. Айыптау қорытындысында: «ҚазССР НКВД МҚБ (Мемлекеттік Қауіпсіздік Басқармасы) кең тарамдалған антикеңестік ұлтшылдық терроршыл, шпиондық-диверсияшыл ұйымды тауып, ашып жойды. Нұрмақов, Құлымбетов, Қожанов, Меңдешев, Мырзағалиев, Сейфуллин, Досов, Сырғабеков және басқалар бастаған басқарушы орталық троцкистер-халық жаулары Троцкий, Зиновьев және басқа Бухарин, Рыков, бастаған контрреволюциялық ұйымдармен саяси және ұйымдық блок орнатқан. Антикеңестік ұлтшылдық ұйым шпиондық жапон-герман агенттері – ақ эмигранттар Мұстафа Шоқаев және Райымжан Мәрсековпен байланыс орнатты. Осы ұйымға белсенді қатысушылардың бірі Бөкейханов Ғ.Н. болды. Бөкейхановтың жеке мойынына алуынан көрінгендей, ол 1926 жылдан осы ұйымда тұрады. Досанов үгіттеп кіргізген. Бөкейхановтың Садуақасов Смағұл тобына белсене қатысқаны анықталады. Нақты саяси қызмет мәселелері талқыланған бірқатар жасырын мәжілістің қатысушысы болған. Ол Қазақстанда Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс әзірлеу жөнінде Рысқұловтан, Нұрмақовтан, Досовтан, Сырғанбековтен нұсқаулар алған, мақта шаруашылығында, мал шаруашылығында зор контрреволюциялық жұмыс жүргізген. Ол КСРО Егіншілік Халық Комисариатында троцкистер Рейнгольдпен, Марковпен және Случак басқарған террорлық ұйымдармен байланысты болған. Ұйымға 18 адам тартқан. ...Осылардың негізінде жеті тармақтан тұратын айып түйінделді... Бөкейханов қылмыстарын «мойындайды». Ісі 1934 жылғы 1 желтоқсан заңына сәйкес КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының қарауына берілмек» – делінген. Айыптау қорытындысының астына Лепинь мен Гитлен 1937 жылы 28 желтоқсанда қол қояды. КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының 1938 жылы 24 ақпан айында дайындық мәжілісі өткізіп, Бөкейхановты көшпелі сессияның жабық сотында айыптаушылар мен қорғаушыларды қатыстырмай, куәлерді шақырмай соттау жайында хаттама жасайды. Ертеңіне сағат 17-де сотталушының соңғы сөзін тыңдайды, сағат 17-ден 20 минут өткенде Ғ.Н. Бөкейхановты ату жазасына кескені туралы үкімді оқиды. Үкім бірден орындалады [9, 12 б.]. 1957 жылы ақталып шығады, 1958 жылы Қазақстан Компариясы Орталық комитетінің шешімімен Ғ. Бөкейхановтың партиялығы қалпына келтірілді [13, 61 б.]. Әкесіқайтыс болғанан кейінгі ауыр

жылдары туралы Диас Бөкейханов: «Алдымен мектепке қабылдамай, кейін институтқа қабылдамады... Осыдан кейін менің аты-жөнімді ауыстырғысы келді, ал мен болсам бұған келіскенім жоқ. Былай дедім: Осы уақытқа дейін Бөкейханов болдым, осылай қаламын. Ал көпшілігі өзінің аты-жөнін өзгерткен болатын. Атылғандар саны тым көп... Барлық білімділер атылды дерлік. Міне, бұл мирасқорлықтың болмауын себебінен көптеген жаман істерге де әсер етті. Өйткені тәрбие көбінесе отбасыдан басталады ғой» - деп еске алады [14, 2 б.].

Қорытынды

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. 30-шы жылдар аралығында өмір сүрген Ғабдұлхакім Бөкейхановтың қоғамдық және мемлекеттік қызметі жас ұрпақтар арасында адамгершілікке және отан сүйгіштікке тәрбиелей алады. Ол кеңес органдарының түрлі қызметтерінде жұмыс істеп жүрген кезінде қазақ халқының жағдайын ойлап, оларды шешуде үлкен күш жұмсады. Өмірінің соңына қарай саяси қуғын-сүргін құрбанына айналып1937 жылы абақтыға қамалады, кейін 1938 жылы өлім жасасына кесілді. Дегенмен, осы тұлға тарихы әліде күрделі зерттеуді қажет етеді.Біздің мемлекеттігіміздің қалыптасуындағы Ғ. Бөкейхановтың қосқан үлесі зор, оның қызметі мен шығармашылық жолы әлі де толық зерттелмеген. Отандық тарихтың арнайы курстары аясында жеке тұлғалардың Қазақстан тарихындағы орнынзерделеуді күшейту қажет.

Әдебиеттер

1 Сабитов Ж.М. Генеалогия «Торе». – Астана, 2008. – 326 с.

2 Отар Ә.Н. Бөкейханов Ғ.Н. - батыс күй өнерінің қамқоршысы // «Академик Ақай Нүсіпбеков және Қазақстанның ұлттық тарихының жаңғыруы» VI-шы Нүсіпбеков оқуларының Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы. – Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2018. – 304 б.

3 Беккулова С. Здравствуй, племя достойных / С. Беккулова // Казахстанская правда. – 1997. - №22.

4Тәжімұратов М. Шәңгерей. Жасампаздық өмірі. – Алматы: «Өлке», 1998. – 336 б.

5 Аманджулова Ч. Судьба братьев Букейхановых / Ч. Аманджулова, А. Аубекерова // Казахстанская правда. – 1995. - №87.

6Аташ Б.М., Әлжан Қ.Ұ. ҒұмарҚараш. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттанужәнедінтану институты, 2014. – 375 .

7 Протоколы Революционного комитета по управлению казахским краем (1919-1920 гг.). Сборник документов. Алматы: Гылым, 1993. – 277 с.

8 Зиманов С. Казахский революционный комитет. Алма-Ата: «Наука», 1981. – 196 с.

9 Қойшыбаев Б. Ғабдолхәкім Бөкейханов / Б. Қойшыбаев // Қазақ әдебиеті. – 1994. №16. 22 көкек.

10 Левицкая И. Живые драгоценности. – Алма-Ата: «Жалын», 1976. – 232 с.

11Затаевич А. 1000 песен киргизского народа. Оренбург: Киргизское Государственное Издательство, 1925. – 404 с.

12 Ашимбаев Д.Р. Кто есть кто в Казахстане: Биографическая энциклопедия. – Изд. 7-е, доп. – Алматы: ИД «Credo», 2003. – 612 с.

13 Ақтаев С. Бұл қай Бөкейханов? / С. Ақтаев // Ақиқат. – 2005. №1. – 96 б.

14Притула И. Своими воспоминаниями делятся потомки жертв политических репрессий / И. Притула // Ahiska. – 2013. №23. 7июля.

References

1 Sabitov Zh. M. Genealogy «Tore». – Astana, 2008. – 326 p.

2 Otar A.N. Bokeikhanov G.N. – batys kyu onerinin kamkorshysy // «Akademik Akai Nusupbekov zhane Kazakhstannyn ulttyk tarihynyn zhangyruy» VI Nusupbekovokularynyn Respubliclyk gylymi-nazhiribelik konferenciasy materialdarynyn zhinagy. – Almaty: Sh.Sh. Ualihanov atyndagy Tarih zhane etnologia instituty, 2018. – 304 p.

3 Bekkulova S. Zdravstvui, plemy dostoinyh / S. Bekkulova // Kazakhstanskay pravda. – 1997. - №22.

4 Tazhmuratov M. Shangerey. Zhasampazdyk omiri. – Almaty: «Olke», 1998. – 336 p.

5AmandzholovaSh. Sudba bratev Bukeikhanovyh/ Sh. Amandzholova, A. Aubekerova // Kazakhstanskay pravda. – 1995. - №87.

6 Atash B.M., AlzhanK.U. GumarKarash. – Almaty, 2014. – 375 p.

7ProtokolyRevoluicuonnogokomitetapoupravleniuikazakhskimkraem (1919-1920 gg.). Sbornikdokumentov. Almaty: Gulym, 1993. – 277 p.

8ZimanovS. Kazakhskirevoluicuonnogokomitet. Alma-Ata: «nauka», 1981. – 196 p.

9Koishybaev B. Gabdolhakim Bukeikhanov / B. Koishybaev // Kazak adebieti. – 1994. №16.

10Levickay I. Zhivie dragocennosti. – Alma-Ata: «Zhalyn», 1976. – 232 p.

11Zhataevich A. 1000 pesen kirgizskogo naroda. Orenburg, 1925. – 404 p.

12Ashimbaev D.R.Kto est kto v Kazakhstane. – Almaty: ID «Credo», 2003. – 612 p.

13 Aktaev S. Bul kai Bukeikhanov? / S. Aktaev // Akikat. – 2005. №1. – 96 p.

14PritulaI. Svoimivospominaniyamidelyatsypotomkizhertvpoliticheskihrepressi/ I. Pritula // Ahiska. – 2013. №23. 7July's

ӘОЖ 94(574).084.5/.6

ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Уразмагамбетов Н.Н.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 2-курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың 1930-шы жылдары Қазақстандағы ашаршылық мәселесінің шетел ғалымдарының еңбектерінде көрініс табуы туралы баяндалады. XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап бұл мәселе тарихшылардың назары арта түсті, егер кеңестік тарихнамада бір жақты ғана бағамдау беріліп келсе, тәуелсіздік жылдарынан бастап отандық тарихшылар және шетелдік зерттеушілер Қазақстанда орын алған ашаршылық мәселесіне жаңа көзқарастар мен зерделеу жүргізе бастады. Бұл мәселеге алғашқы болып жаңа теориялық-тұжырымдамалық бағытта жазылған, қалам тартқан отандық зерттеушілер М. Қозыбаев, Қ. Алдажұманов, Т. Омарбеков, сондай-ақ шетелдік зерттеушілер қатарында Р.Киндлер, С. Камерон және т.б. атап өтуімізге болады. Мақалада сараптамалық-салыстырмалық талдау жасалынған.
Түйін сөздер: геноцид, тарихнама, шетел, отандық, нәубет, ашаршылық

ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В ТРУДАХ ЗАРУБЕЖНЫХ УЧЕНЫХ

Уразмагамбетов Н.Н.

магистрант 2-курса Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
г. Алматы, Казахстан.

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы голода в Казахстане 1930-х гг. XX века, отраженные в трудах зарубежных ученых. С 90-х годов XX века эта проблема поднималась историками, до этого времени в советской историографии вышеуказанные вопросы оценивалась односторонне, только в годы независимости отечественные историки и зарубежные исследователи начали изучать новые подходы к проблеме голода в Казахстане. Впервые с новых теоретико-концептуальных позиций эти вопросы поднимались в трудах отечественных исследователей, таких как как М. Козыбаев, К. Алдажуманов, Т. Омарбеков, а также зарубежных ученых - Р. Киндлер, С. Камерон и т.д. В данной статье проведен сравнительный анализ зарубежных исследований по проблематике.
Ключевые слова: голод, бедствие, отечественный, зарубежный, историография, геноцид.

STUDYING THE KAZAKHSTAN’s FAMINE ISSUE IN THE WRITINGS OF FOREIGN SCHOLARS

Urazmagambetov N.N.

2-nd Year Master’s Student Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

Abstract. The article deals with the issueof faminein Kazakhstan in the 1930s, as reflected in the writings of foreign scholars. Since the 1990s, this issue has been raised by historians, this issue was evaluated

unilaterally in Soviet historiography, and only after gaining the independence, domestic historians and foreign researchers began to study new approaches to the issue of famine in Kazakhstan.For the first time, new theoretical conceptual trends were raised in the writings of domestic researchers, such as M. Kozybaev, K. Aldazhumanov, T. Omarbekov, as well as foreign scholars R. Kindler, S. Cameron, etc. This article provides a comparative analysis of foreign research on the above-mentioned issue.
Keywords: famine, disaster, homeland, foreign, historiography, genocide.

Кіріспе

XX ғ.-дың 20-40 жж. Қазақстан тарихының ақтандаққа толы кезеңі. XX ғ.-дың бас кезеңінде қазақ елі алуан түрлі, жан түршігерлік жағдайларды басынан кешірді. Сол кездегі саяси үрдістерді, соғыстарды, көтерілістерді, табиғат есібінен болды деген тұжырымға ие болған аштық кездерінен бөлек, 1930 жж. орын алған ашаршылық кезеңі өз құпиялылығымен ерекшеленеді. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін бұл мәселе туралы ашып жазуға тыйым салынған болатын.Тек 1990 жылдың алғашқы жылдарында Қазақстан тарихының 1930 жылдарда орын алған "ақтандақтардың" орнын толықтыру мақсатында ғылыми зерттеулер жарыққа шыға бастады. 1930 жылдары КСРО-да болған нәубет кезеңі әлемдік ғалымдардың назарын аудартты, соның ішінде 1931-1933 жылдары Қазақстанда болған аштық мәселесін зерттеген шетел зерттеушілерінің еңбектері соңғы уақытта көптеп шығуда. Бұл мақалаларда ашаршылық мәселесі ашық және жанамалай зерттелуде.

Материалдар мен әдістер

Мақалада XX ғасырдың 1930 жылдан басталған шетел ғалымдарының еңбектері, естеліктері, кеңестік тарихнамадағы еңбектер және тәуелсіздік алғаннан кейінгі отандық тарихшылардың еңбектері мен шетел ғалымдарының еңбектеріне талдау жасаған жұмыстары қолданылды. Мақала жазу барысында негізінен тарих ғылымында басшылыққа алынатын тарихилық, талдау, салыстырмалық талдау секілді әдістер басшылыққа алынды.

Талқылау

Қарастырылып отырған мәселе негізінен отандық тарихшылар М. Қозыбаев, Қ. Алдажұманов, Т. Омарбеков, М. Тәтімов секілді ғалымдардың ұзақ жылдардағы зерттеулерінде [1] жан-жақты қарастырылып келеді. Біздің басты мақсатымыз тарихнамалық талдау болғандықтан және назарға ұсынылып отырған мақаланың тақырыбына сай шетелдік ғалымдардың кейбір еңбектерін тарихнамалық тұрғыдан талдауға алып отырмыз. Олардың еңбектеріндегі Қазақстандағы ашаршылық мәселесіне берілген қорытындылар мен пайымдаулар салыстырмалы түрде қарастырылды.

Нәтижесі

Қазақ тарихындағы ең қасіретті кезеңдерінің бірі – 1931-1933 жылдардағы ашаршылық. Осы нәубет жылдары елімізде екі миллионнан аса қазақтар қырылды, мыңдаған отбасының оты өшті. Бұл зұлмат жылдар туралы ұзақ жылдар бойы зерттелмеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана, яғни 1990 жылдың басында ғана қолға алынып, ғылыми зерттеулер жүргізіліп, еңбектер жазыла бастады [1].

Негізінде 30-шы жылдары ашаршылық КСРО-ның құрамындағы бірнеше республикаларды қамтыды. Оған Қазақстанмен бірге Украина, Солтүстік Кавказ, Еділ бойындағы аудандар және т.б. аумақтар іліккен болатын. Бұл аталған елдердің ішінде Украинаның әлемдік дәрежеде ашаршылық статусын алғаның білеміз [2, 92-б.].

Кеңестер Одағында 1931-33 жылдары болған ашаршылық тарихы шетел ғалымдарының да

назарын аударды. 1933 жылы желтоқсан айында ағылшын журналисі Малькольм Магаридж Украинаға іссапармен келіп, мұндағы аштықты өз көзімен көріп, «Manchester Guardian» газетіне жариялаған мақаласында осы сұмдықты жайып салды. Ол аштық құрсауында қарапайым шаруалар қалып, өлгендер қатарының күннен күнге көбейіп бара жатқандығын ашық келтірді. Оның бұл мақаласына жауап ретінде «Нью-Йорк Таймстың» корреспонденті Уолтер Дюранти: «Орыстар ашығып жатыр, бірақта олар аштықтан өліп жатқан жоқ», – деп жауап қайтарып, оның жазғанын жоққа шығаруға тырысқан болатын [3]. Алайда американдық зерттеушілері Кеңестер Одағындағы ашаршылық мәселесін мерзімділік басылымдарда көтеріп, жарыса жаза бастағаннан кейін ғана ол өз көзқарасынан бас тартты. У. Дюранти Сталиннен сұхбат алған алғашқы шетел журналисі және өзінің еңбегі үшін «Пулицир сыйлығымен» марапатталғанын айта кеткен жөн.

1935 ж. У. Дюрантидің 12 жыл бойы Ресейде болған кезі жайында «Пишу как нравиться» атты мемуары шығады. Еңбек көптеген шетел ғалымдардың наразылығын тудырса да, сол жылдың өзінде батыс елдерде бестселлер атағына ие болады [4, 203-б.].

XX ғасырдың екінші жартысында КСРО-да орын алған жағдайлар, соның ішінде аштық жылдары туралы мәселесіне әлемдік қауымдастықтар ерекше назар аудара бастады. 1980 жылдардың соңына таман, 30-шы жылдары Украинада болған ашаршылық мәселесі бойынша арнайы комиссия құрылады [5].

Бұл комиссия 1990 жылы Торонто қаласында болған жиында есеп беріп, КСРО бойынша аштық құрбандарының саны 7,5 млн адам болды деген шешім шығарды. Оның ішінде: 1,5 млн адам –Украинада, 3 млн адам – басқа аумақтарда, ал Қазақстан мен Солтүстік Кавказда – 1 млн астам адам аштық құрбандары болғандығын көрсеткен. Алайда комиссия мүшелерінің басымы «аштық қолдан жасалған» деген пікірге қарсы шықты [6, 63-б.].

Жалпы, батыс зерттеушілерінің КСРО-дағы ашаршылық мәселесіне деген қызғушылық Марта Брилл Олкотт 1981 жылы «The Collectivization Drive in Kazakhstan» атты мақаласын жариялағаннан кейін арта бастады. Марта Олкотт Қазақстанда болған аштыққа ұжымдастыру саясатының тікелей әсер еткенін баса айтқан болатын. Осы еңбектің артын ала 1986 жылы Роберт Конквест 1931-33 жылдары Украинада орын алған ашаршылық туралы «The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror Famine» (Нью-Йорк, 1986) атты еңбегін жариялады. Оның бір тарауын Қазақстан жерінде болған ашаршылыққа арнады [7, 130-б.].

Кеңестік идеология өршіп тұрған кезде ғалымдарға 30 жылдардағы ашаршылықты зерттеуге, ашып жазуға рұқсат берілмеді. Дегенмен, нақты болмаса да 1986 жылы «История Советского крестьянства» атты 5 томдық еңбектің 2-ші томында ашаршылық мәселесіне шолу ретінде тоқталды [8, 256-265-бб.].

1988 жылы ғалым В.А. Даниловтың 30 жылдардағы ашаршылықтың батыс баспасөзінде көтерілу мәселесіне тоқталған мақаласы жарық көрді. Ол батыс зерттеушілері КСРО аумағында орын алған аштықтың шығу себебі мен салдары жайында зерттеулер жүргізіп жатқандығын ерекше атап бағалады [9].

2003 жылы Италияның Виченца қаласында 1932-33 жылдары КСРО аумағында болған нәубетке қатысты халықаралық конференция болып, оның жұмысына Италия, Украина, Россия, АҚШ, Канада және т.б. елдердің ғалымдары қатысты. Пікірталас барысында 1931-33 жылдардағы ашаршылық тек Украинада ғана емес, сонымен қатар КСРО аумағының көп бөлігін, соның ішінде Қазақстанға да жайылғаны айтылып, осыған орай қарар қабылданды [10, 18-б.].

Тарихшы-демограф В.Б. Жиромская 1930 жылдары КСРО-да аштықтан 7 млн-нан астам адам ашықты деген тұжырым жасады. Алайда, бұл жылдары қаза тапқан адамдардың нақты санын анықтау мүмкін еместігін, ашыққандар жайында дұрыс мәлімет берілмегендігін, аштыққа ұшыраған аудандардан ауа көшкен босқындар жайында нақты мәлімет жоқтығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, В. Жиромская ашаршылыққа орай тарихнамада келтірілетін сандық

көрсеткіштерді саралай келе, ашыққан адамдар саның аумақ бойынша былайша бөліп көрсетеді: Украинада – 3-3,5 млн., Қазақстанда – 2 млн., басқа аумақтарда – 2-2,5 млн. адам [11, 78-б.].

Итальяндық зерттеуші Н. Пиончолла Қазақстанда аштық құрбандарының саны 2 млн. деген пікірге келіскен. Ол Қазақстандағы ашаршылық КСРО-ның басқа елді мекендеріне қарағанда бір жыл бұрын басталып, халық аштық пен жұқпалы аурулардан қырылғандығын, адам жеу фатктілері болғаның растады [12, 93-б.]. Н. Пианчола 2018 жылы жарық көрген «Сталинская «иерархия потребления» и великий голод 1931-1933 гг. в Казахстане» атты мақаласында Қазақстанда болған нәубеттің шығу себебіне, қазақ халқының 1/3 бөлігі аштық құрбаны болып, 1 млн-нан астам адам басқа елдерге босып кеткеніне баса назар аударды.

XX ғасырдағы Оңтүстік Азия елдеріндегі геноцид мәселесі бойынша білікті маман Норман Неймарк 30 жылдардағы ашаршылық жағдайын Сталиндік биліктің КСРО аумағында өмір сүретін халықтарға әдейі бағытталған «геноцидтік» саясаты деп бағалады [13].

Ғалымдар С. Уиткрофт және Р. Дэвис КСРО-да орын алған ашаршылықтың орын алу себебіне тоқталып, оған «ең бірінші астық дайындаудағы дағдарыс, сонымен қоса, Кеңес үкіметі тарапынан жүргізілген индустрияландыру және ұжымдастыру шаралары қарапайым ауыл халықтарына зияны тиіп, нәтижесінде жаппай нәубетке әкелді» деген тұжырым жасайды [14, 15-б.].

Негізінде Украиндық зерттеушілердің басымы және Батыс зерттеушілердің кейбірі 30 жылдары болған зұлматты Украина халқына жасалған «геноцид» деп бағалады. Ал отандық тарихнамада 1931-33 жылдардағы ашаршылық кезеңіне «этноцидтік» сипат берді. Алайда бұл пікірлерге көп зерттеушілер қарсы шыққандығын да атап кеткен жөн. Мәселен, Әлеуметтік тарихты зерттеу халықаралық институтының қызметкері Хайс Кесслер Украинада, Қазақстанда және басқада аумақтарда орын алған аштық кезеңін, қолдан жасалмағандығын және бұл белгілі бір халықтарға қарсы бағытталған «геноцидтік» саясат екеніне қарсылығын білдірген [15]. Ал А.В. Грозин «Голод 1932-1933 годов и политике памяти в Республике Казахстан» атты еңбегінде қазақ жерінде орын алған нәубетті тарихнамалық тұрғыда зерттеп, осы мәселені зерттеп жүрген тарихшы-демографтардың тұжырымдарына келіспейтіндігін п жазып, «ғалымдардың көп бөлігі мәселеге саяси тұрғыдан қарайды» деген пікір айтады [16].

Ашаршылық мәселесін зерттеген С.А. Нефедов нәубеттің шығу себебіне шаруалардың егістікті дұрыс қарамай, нәтижесі тышқандардың пайда болып, астықты жеп қоюуына әкелді деген пікірді ұстанды [17].

Соңғы жылдары XX ғасырдың 30 жылдарында орын алған ашаршылық кезеңіне арналған құжаттар жинақтары жарық көруде. Бұл құжаттар жинағы басқа ғылыми еңбектерге қарағанда құнды екені сөзсіз. Әсіресе «Голод в СССР. 1929-1934» деген атпен шыққан 3 томдық құжаттар жинағында топтастырылған құжаттар ашаршылық мәселесін зерттеуде құндылығы ерекше [18].

Қазақстандағы ашаршылық мәселесін салыстырмалы түрде зерттеуде В.В. Кондрашиннің «Современная росиийско-украинская историография голода 1932-1933 гг. в СССР» атты еңбегін атауға болады [19].

2012 жылы «Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы» атты халықаралық ғылыми коференция өтіп, оның жұмысына М. Олкотт, И. Огайон, С. Уиткрофт, С. Камерон, Р. Киндлер және т.б. шетел ғалымдары Қазақтандағы 1930 жылдары орын алған аштық жылдары бойынша ойларымен бөлісіп, баяндама жасап, аштықтың шығу себептеріне қатысты түрлі фактілер келтірген еді [7]. Олардың тұжырымдарына, пікірлеріне қазақстандық ғалымдар да өз пікірлерін айтып, бірі олардың ойларымен келіссе, біріне қарсы көзқараста болып, баға берген. 1931-33 жылдардағы ашаршылық мәселесін зерттеген шетел ғалымдарына баға берген отандық тарихшы Т. Омарбеков шетел ғалымдарының аштыққа қатысты жазылған зерттеулеріне ризашылығын білдіре отырып, дегенмен отандық тарихшылардың архивтен жинастырған

көптеген құжаттарының олардың қолында жоқтығын және жергілікті материалдарды олардың толық игермегендігін алға тартады [20, 38-б.].

Қазақстан тарихының шетелдік ғалымдар еңбегінде көрініс табуын тарихнамалық тұрғыда талдаған ғалымдар арасынан К.Л. Есмағамбетовтің еңбектері аса құнды. Ғалымның еңбектері мен диссертациялық жұмысындаXX ғасырдағы Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық мәселелеріне көңіл бөлген Дж. Демко, Р. Конквест, Дж. Уиллер секілді т.б. батыс зерттеушілерінің еңбектеріне тарихнамалық талдаулар жасалып, ғылыми баға берген [21].

Соңғы жылдары Қазақстандағы 1931-33 жылдардағы ашаршылық мәселесі бойынша Р. Киндлердің «Stalin`s Nomads: Power and Famine in Kazakhstan» және С. Камеронның «The Hungry Steppe: Violence, and the Making of soviet Kazakhstan» атты ғылыми еңбектері жарық көріп отыр [22]. Бұл еңбектер еліміздегі аштық қасіретін саралауға, бағалауға маңызын тигізері сөзсіз.

Қорытынды

Қазақстан жерінде орын алған нәубет кезеңі қазақ халқының басында болған ең ауыр зардаптарының бірі болып келеді. Міне, көріп отырғанымыздай, қазақ жеріндегі XX ғасырдың 30-шы жылдардағы аштық проблемасы тек отандық ғалымдарды ғана емес, шетелдік ғалымдарды да алаңдатты. Қазіргі таңда ашаршылық жылдары әлі толығымен зерттеліп болған жоқ және әлі де зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі.

Әдебиеттер

1 Омарбеков Т. Халық қаһары. – Жұлдыз, 1991, № 9,10,12; Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. - Алма-ата, 1992; Әбілхожин Ж.Б., Алдажұманов Қ.С. Этноцид // Егемен Қазақстан. – 1992, 30 мамыр.

2 Жиромская В. Голод 1932-1933 голод в России и современные международные отношения // Вестник РГГУ. – 2009. – (№14/09). – 322 с.

3 Дюранти У. Кремль и народ (фрагмент) // Политическая лингвистика. – 2015. – №3 (53). – С. 268-273.

4 Тихий К.Т. Уолтер Дюранти о Советском союзе: мифы и реальность // Новая и новейшая история. – 2008. – №5. – 479с.

5 Маггеридж М. Хроника загубленного времени // Отечественные записки. – 2013. – №6. – С. 273-292.

6 Исупов В.А. Демографические катастрофы и кризисы в России в первой половине XX века: Историко-демографические очерки. – Новосибирск: «Сибирский хронограф», 2000. – 244 с.

7 Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории: Сборник материалов Международной научной конференции (31 мая -1 июня 2012 г.). – Астана, 2012. – 392 с.

8 История советского крестьянства: в 5 т. Т. 2: Советское крестьянство в период социалистической реконструкции народного хозяйства. Конец 1927-1937. – М.: Наука, 1986. – 448 с.

9 Данилов В.П. Дискуссия в западной прессе о голоде 1932-1933 гг. и «демографической катастрофе» 30-40-х годов в СССР // Вопросы истории. 1988. – № 3. – С. 116-121.

10 Северинова Е.А. История изучения голода 1932-33 гг. В СССР В Европейской историографии // Вестник современных исследовании. – 2017. – № 5-1(8). – 302 с.

11 Жиромская В.Б. Основные тенденции демографического развития России в XX веке. – М.: Кучково поле; Союз семей военнослужащих России, 2012. – 320 с.

12 Казахстан и Россия: общество и государство. – М.: 2004. – 522 с.

13 Naimark N.M. Stalin`s Genocides. – Princetion Univ. Press, 2010. – 163 p.

14 Дэвис Р., Уиткрофт С. Годы голода: сельское хозяйство СССР, 1932-1933. - М.: РОССПЭН, 2011. – 543 с.

15 Kessler G. The 1932-1933 Crisis and Itsftermath beyond the Epicenters of Famine: The Urals Region // Hunger by design: the great Ukrainian famine and its Soviet context. Cambridge, 2008. – 118-129 p.

16 Грозин А.В. Голод 1932-1933 годов и политика памяти в Республике Казахстан / Институт востоковедения РАН. – М.: ИВ РАН, 2014. – 178 с.

17 Нефедов С. А. Биологические причины голода 1933 года // Общественные науки и современность. – 2013. – № 1. С. 135-140.

18 Голод в СССР. 1929 – 1934: Т. 1.: 1929 – июль 1932 в 2-х книгах. – М.: МФД, 2011; Голод в СССР. 1929 – 1934: Т. 2.: июль 1922 – июль 1933. – М.: МФД, 2012; Голод в СССР. 1929 – 1934: Т. 3.: лето 1933-1934. – М.: МФД, 2013.

19 Кондрашин В.В. Современная российско-украинская историография голода 1932-1933 гг. в СССР. – М.: РОССПЭН, Фонд «Президентский центр Б. Н. Ельцина», 2011. – 471 с.

20 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: «Санат», 1997. – 320 б.

21 Есмагамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе. - Алма-Ата: «Қазақ университеті»,1992. – 152 с.; Есмагамбетов К.Л. Зарубежная историография истории Казахстана (с древних времен до начала 90-х гг. XXв.): дисс. ... док. ист. н. – Алматы, 1999. – 294 с.

22 Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане. – М.: РОССПЭН, 2018. – 282 с.; Cameron S.The Hungry Steppe: Violence, and the Making of soviet Kazakhstan. – 2018. 294 p.

References

1 Omarbekov T. Halyq qahary. – ZHuldyz, 1991, № 9,10,12; Kozybaev M.K., Abylhozhin ZH.B., Aldazhumanov K.S. Kollektivizaciya v Kazahstane: tragediya krest'yanstva. - Alma-ata, 1992; Abilhozhin ZH.B., Aldazhumanov Q.S. Etnocid // Egemen Qazaqstan. – 1992, 30 mamyr.

2 ZHiromskaya V. Golod 1932-1933 golod v Rossii i sovremennye mezhdunarodnye otnosheniya // Vestnik RGGU. – 2009. – (№14/09). – 322 s.

3 Dyuranti U. Kreml' i narod (fragment) // Politicheskaya lingvistika. – 2015. – №3 (53). – S. 268-273.

4 Tihij K.T. Uolter Dyuranti o Sovetskom soyuze: mify i real'nost' // Novaya i novejshaya istoriya. – 2008. – №5. – 479s.

5 Maggeridzh M. Hronika zagublennogo vremeni // Otechestvennye zapiski. – 2013. – №6. – S. 273-292.

6 Isupov V.A. Demograficheskie katastrofy i krizisy v Rossii v pervoj polovine XX veka: Istoriko-demograficheskie ocherki. – Novosibirsk: «Sibirskij hronograf», 2000. – 244 s.

7 Golod v Kazahstane: tragediya naroda i uroki istorii: Sbornik materialov Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii (31 maya -1 iyunya 2012 g.). – Astana, 2012. – 392 c.

8 Istoriya sovetskogo krest'yanstva: v 5 t. T. 2: Sovetskoe krest'yanstvo v period socialisticheskoj rekonstrukcii narodnogo hozyajstva. Konec 1927-1937. – M.: Nauka, 1986. – 448 s.

9 Danilov V.P. Diskussiya v zapadnoj presse o golode 1932-1933 gg. i «demograficheskoj katastrofe» 30-40-h godov v SSSR // Voprosy istorii. 1988. – № 3. – S. 116-121.

10 Severinova E.A. Istoriya izucheniya goloda 1932-33 gg. V SSSR V Evropejskoj istoriagrafii // Vestnik sovremennyh issledovanii. – 2017. – № 5-1(8). – 302 s.

11 ZHiromskaya V.B. Osnovnye tendencii demograficheskogo razvitiya Rossii v XX veke. – M.: Kuchkovo pole; Soyuz semej voennosluzhashchih Rossii, 2012. – 320 s.

12 Kazahstan i Rossiya: obshchestvo i gosudarstvo. – M.: 2004. – 522 s.

13 Naimark N.M. Stalin`s Genocides. – Princetion Univ. Press, 2010. – 163 p.

14 Devis R., Uitkroft S. Gody goloda: sel'skoe hozyajstvo SSSR, 1932-1933. - M.: ROSSPEN, 2011. – 543 s.

15 Kessler G. The 1932-1933 Crisis and Itsftermath beyond the Epicenters of Famine: The Urals Region // Hunger by design: the great Ukrainian famine and its Soviet context. Cambridge, 2008. – 118-129 r.

16 Grozin A.V. Golod 1932-1933 godov i politika pamyati v Respublike Kazahstan / Institut vostokovedeniya RAN. – M.: IV RAN, 2014. – 178 s.

17 Nefedov S. A. Biologicheskie prichiny goloda 1933 goda // Obshchestvennye nauki i sovremennost'. – 2013. – № 1. S. 135-140.

18 Golod v SSSR. 1929 – 1934: T. 1.: 1929 – iyul' 1932 v 2-h knigah. – M.: MFD, 2011; Golod v SSSR. 1929 – 1934: T. 2.: iyul' 1922 – iyul' 1933. – M.: MFD, 2012; Golod v SSSR. 1929 – 1934: T. 3.: leto 1933-1934. – M.: MFD, 2013.

19 Kondrashin V.V. Sovremennaya rossijsko-ukrainskaya istoriografiya goloda 1932-1933 gg. v SSSR. – M.: ROSSPEN, Fond «Prezidentskij centr B. N. El'cina», 2011. – 471 s.

20 Omarbekov T. 20-30 zhyldardagy QazaQstan qasireti. – Almaty: «Sanat», 1997. – 320 b.

21 Esmagambetov K.L. CHto pisali o nas na Zapade. - Alma-Ata: «Қазақ universiteti»,1992. – 152 s.; Esmagambetov K.L. Zarubezhnaya istoriografiya istorii Kazahstana (s drevnih vremen do nachala 90-h gg. XXv.): diss. ... dok. ist. n. – Almaty, 1999. – 294 s.

22 Kindler R. Stalinskie kochevniki: vlast' i golod v Kazahstane. – M.: ROSSPEN, 2018. – 282 s.; Cameron S.The Hungry Steppe: Violence, and the Making of soviet Kazakhstan. – 2018. 294 r.

ҒТАМР 03.81.37

ТАРИХ-И РАШИДИ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ МОҒОЛСТАНҒА ҚАТЫСТЫ ЖЕР-СУ АТТАРЫ

Хакім А.Е.

гуманитарлық ғылымдарының магистрі

Аңдатпа. Мәуераннахрдағы Шағатай әулеті құрған мемлекет XIV ғасырдың ортасында біржола екіге бөлініп, Моғолстан деген атпен белгілі болған. Шағатайдың жерлері бөліске салынғанда, одан бөлінген халық Моғолстан мемлекетін Қазақстанның шығыс аймақтарында құрып, билік етеді. Моғолстан жерлері туралы көптеген парсы тілді авторлар өз шығармаларында жазған. Алайда, Шағатайлық дереккөздердің ішіндегі ең танымалы «Тарих-и Рашиди» шығармасы болып табылады. XIV ғасырда жазылған Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи-и Рашиди» шығармасы Моғолстанның тарихы туралы өте құнды мәлімет береді. «Тарих-и Рашиди» шығармасында жазылған Моғолстанға қатысты қала, ауыл, өзен-көл, тау-тастар атаулары және олардың маңыздылығы жайлы басқа дереккөздерде кездеспейтін деректер айтылады. Шығармадан екі қаланың ара қашықтығы, өзен-суларының ерекше қасиеттері, табиғатының көркемдігі, бекіністерінің қорғанысы, халықтарының тұрмыс тіршілігі жайлы маңызды мәлімет аламыз.
Түйін сөздер: қамал, тау, өзен-көл, қала, дереккөз, «Тарих-и Рашиди», Шағатай әулеті, Моғолстан

ТОПОНИМЫ МОГУЛИСТАНА В «ТАРИХ-И РАШИДИ»

Хаким А.Е.

магистр гуманитарных наук, г.Алматы, Казахстан

Аннотация. Государство, созданное династией Чагатая в Мавераннахре было окончательно разделено на две части в середине XIV века, и было известно как Могулистан. При разделении земель Чагатая часть образовалось государство Могулистан в восточных регионах Казахстана. Многие персидские авторы писали о землях Могулистана в своих произведениях. Однако самым популярным из Чагатайских источников является произведение «Тарих-и Рашиди». Сочинение Мухаммеда Хайдара Дулати «Тарих-и Рашиди» написанный в XIV веке дает очень ценные сведения об истории Могулистана. В этом источнике приводится важная информация о некоторых городах, селах, озерах, реках, горах и их значении в Могулистане, которая не указывается в других источниках. Из источниках мы получаем важную информацию о расстоянии между двумя городами, уникальных свойствах речной воды, красоте природы, укреплениях крепости и жизни людей того региона.
Ключевые слова: Могулистан, Чагатайский улус, «Тарих-и Рашиди», источник, город, река и озера, гора, замок.

TOPONYMS OF MOGHULISTAN IN «TARIKH-I RASHIDI»

Khakim A.

Magistr of Humanity Scientist, Almaty, Republic of Kazakhstan

Abstract. The state established by the Chagatai dynasty in Transoxiana was finally divided into two parts in the middle of the XIV century and was known as Moghulistan. During division of the land Chagatai part of the population forms and rules the state Moghulistan in the Eastern regions of Kazakhstan. Many Persian authors wrote about the lands of Moghulistan in their works. However, the most popular of Chagatai sources is the work «Tarikh-iRashidi». The author of «Tarikh-iRashidi» is Mohammed HaidarDughlat, he wrote his book in the XIV century and it has very valuable information on the history of Moghulistan. This source provides important information about some cities, villages, lakes and rivers, mountains and their importance in Moghulistan, which we can`t find in other sources. From the source we get important information about the distance between two cities, the unique properties of river and lake, beauty of nature, fortress and the live of this region'speople.
Keywords: Moghulistan, Chagatai Khanate, «Tarikh-iRashidi», source, city, river and lake, mountain, castle.

Кіріспе

Моғолстан XV ғасырдың орта шені – XVI ғасырдың бас кезінде Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Қырғызстан территориясында өмір сүрген феодалдық мемлекет (Қазақ совет энциклопедиясы, 1982: 311). Моғолстан XIV ғасырдың ортасында Шағатай мемлекеті ыдырағаннан кейін ерікті мемлекет болып бөлініп шықты. Шағатай мемлекетінің бір бөлігі – Мауараннахрдың батыс бөлігінде Әмір Темір мемлекеті ал шығыс бөлігінде Моғолстан пайда болды. Мұндағы түркі және түркіленген моңғол ақсүйектері (Әмір Бұлатшы бастаған дулаттардың феодалдық жоғарғы тобы) 1348 жылы Шағатай әулетінен шыққан Тоғылық Темірді хан сайлады. Моғолстанның орта бөлігіне Жетісу мен қазіргі Қырғызстан аймағы кірді. Дулаттарға тәуелді иелік ретінде Манғылай-Сүбе аймағы (Шығыс Түркістанның бір бөлігі) ауық-ауық Моғолстанның құрамына кірді (Қазақ совет энциклопедиясы, 1976: 79).XIII ғасырда Хорезмшах Түркістан жақтың патшасы болса, Күшлік гурхан қазіргі Қазақстанның шығыс аймағы мен Қытайдың батыс бөлігінде әмір болған. Ол кезде екі патша да Шыңғыс хан келмес бұрын қорғанысы мықты патшалар болатын. Сонымен қатар екі елдің де қалалары гүлдеп тұрған. Осы кезде де бұл жерлер Мәуереннахр және Моғолстан деп бөлінбесе де, Шағатай ұлысына кірмей тұрып, екі жаққа бөлген болатын. Шағатай осы аймақтарды алған соң, Қазақстанның Жетісу аймақтарынан Мәуереннахрға дейін билік жүргізіп, екі аймақты қосқан болатын. Кейін бұл екі жерде қайта бөлінеді.Сол Шыңғысханның ұрпағы Шағатай ұлысы шығыс және батыс болып бөлінеді. Батыс бөлігі Мәуереннахр жері болса, шығыс бөлігі Моғолстан болып аталды. Мәуереннахр аймағында Әмір Темірдің көшпелі Өзбек ұлысы билік жүргіссе, Моғолстан жерін Шағатайдан тараған ұрпақ басқарады. Ал осы Темірлер заманында билік еткен хандар және оның мұрагерлерінің ерліктері мен иеліктері жайлы «Тарих-и Рашиди», «Зафарнаме-ий Шади», «Зафарнаме-ий Йазди», «Муизз ал-ансаб», «Улус арба ат Чангизи–Шажарат ул-атрак» атты еңбектерде жазылған. Бұл шығармалардың авторлары әр түрлі болса да, негізгі жазатын тақырыптары Темірлердің биліктері жайлы тарих болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Темірлер дәуірінде жазылған тарихи шығармалардың ішіндегі әлемге кең таралып, бірнеше тілдерге аударылып, ғылыми айналымға енгізілгені, әрі Қазақ хандығының құрылу тарихы жайлы алғаш рет жазған, Моғолстан жеріндегі халықтардың мәдениеті, жер-су атаулары және т.б. туралы құнды мәлімет беретін дереккөз Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасы болып табылады. Мұхаммед Хайдар Дулати 905/1499-1500 жж. әкесі қайтыс болғаннан кейін, Шашта (Ташкент) туылған (АбусеитоваМ.Х., 2008: 79). М.Дулатидің әкесі Мұхаммед Хусейн Гуркан Шағатай моғолдарынан таралған Дулат тайпасынан шыққан, ата-

бабалары Шағатай моғолдардың билігінде уәзір не әмір қызметінде болған. Мұхаммед Хайдар Орталық Азиядағы талантты тарихшы, әскербасы және ақын ретінде танымал. Ол Моғолстан жерінде лауазымды мемлекет қызметкері болған.Мырза Хайдар түрік болған, өмірінің көп бөлігін түркі-моңғол халықтары мекендеген Қашқарда, он жылын Кашмирде өткізген. Алайда «Тарих-и Рашиди» шығармасын парсы тілінде жазып шыққан.«Тарих-и Рашиди» шығармасының авторы Мұхаммед Хайдар Дулати шығарманы екі кітап (дәптер) етіп жазады. Бірінші кітабында «Зафарнама» еңбегінен үзінділерін алып жазған. Сол себепті «Зафарнаме» шығармасында кездесетін кейбір жер-су аттары «Тарих-и Рашиди» шығармасында да кездеседі. Автордың айтуынша, кітапты үш себепке арнап жазған: біріншісі, Тоғылық Темір хан мулана Аршад ад-динге исламды қабылдатқаны үшін, екіншісі, Моғол ұлысы, Тоғылық Темір Рашиди билігі кезінде тоқтағаны үшін, үшіншісі, Моғолдардың соңғы билеушісі Абдрашид-ханның құрметіне арнаған. «Тарих-и Рашиди» шығармасында Хорасан, Мәуереннахр, Шығыс және Батыс Түркістан, Зонгария (Қытайдың бір уәлаяты), Тибет, Ладакх (Үндістан), Гилгит пен Читрал (Пәкістан), Бадахшан, Ауғанстан, Кашмир және Солтүстік Үндістан жерлеріндегі халықтарының тарихы жайлы айтылады. Сонымен қатар, Шах Исмаил мен Өзбек ханның қарым-қатынасы, Шибак хан мен Бабур хандығының тарихы жазылады. Бұл шығарманың ерекшелігі басқа дереккөздерде кездеспейтін Шыңғыс ханның патшалығы, яғни Шағатай ханның ұрпақтары туралы құнды мәлімет береді (Haydar DughlatM.M., 1383). «Тарих-и Рашиди»Орталық Азиядағы моғолдарға арналса да, ерте орта ғасырдағы Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Түркістан елдері мен халықтарының тарихы жайлы маңызды дереккөз болып табылады (АбусеитоваМ.Х., 2008: 79)

Талқылау

«Тарих-и Рашиди» шығармасын зерттеумен отандық, кеңестік дәуірдегі және батыстық көптеген ғалымдар айналысқан. Бұл туындыны ағылшын тіліне Д. Росс (Denison Ross`) пен Н. Илайес (N. Elias) (EliasN., 1895), қытай тіліне 1985 жылы СУАА қоғамдық-ғылым Академиясындағы халықтарды зерттеу Институтының қызметкерлері (АбусеитоваМ.Х., 2001: 98), орыс тіліне бірнеше ғалымдар, атап айтқанда В.В. Вельяминов-Зернов, А. Урунбаев, Р.П. Жалилова, Л.М. Епифановалар, парсы тілінен қазақ тіліне алғаш рет 2003 жылы Ислам Жеменей, 2015 жылы ф.ғ.д. Әбсаттар Нұралиевтің аударды. Ал парсы тіліндегі мәтінінің текстологиялық басылымы Иранда 2003 жылы алғаш рет жарық көреді (Фазаллах ибн Рузбихан). «Тарих-и Рашиди» шығармасының қолжазбасы Ұлыбритания, Өзбекстан, Үндістан, Пәкістан, Тәжікстан, Ресей елдеріндегі мұражайлар мен сирек қор орталықтарында сақталған. Қазіргі күнде Хамадан Университетінің профессоры Али Мохаммади бес елдің қолжазбаларымен текстологиялық жұмыс атқаруда.

«Тарих-и Рашиди» шығармасын өз еңбектерінде Н.Н. Туманович пен Т.Т. Машрапов, С.Ж. Асфендиаров пен П.А. Кунте, В.П. Юдин, Н.Н. Мингулов пен К.А. Пищулина және т.б. ғалымдар пайдаланған. Қазақ шығыстанушыларына, тарихшыларына қазақ елінің тарихын зерттеуге парсытілді дереккөздерді зерттеген кеңес ғалымдарының еңбектері зор көмегін тигізіп келеді. Шығыс дереккөздерінен қазақ халқының тарихын XIX ғасырдан бастап зерттеген орыс ғалымы В.В. Вельяминов-Зернов (1830-1904 жж.) болатын. Ең алғаш «Тарих-и Рашидидің» қазақ хандары туралы мәліметтерін 1864 жылы В.В. Вельяминов-Зернов «Исследование о Касымовских царях и царевичах» атты еңбегінің екінші бөлімінде жариялаған (Атығаев Н.Ә.). В.В. Вельяминов-Зернов парсы дереккөздерінің көбісін аударып, қазақ халқының тарихын зерттеуге бүкіл өмірін арнаған бірегей ғалымдардың қатарына жатады.

ҚазКСР-дың тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау Ұйымы 1981-1987 жылдары В.П. Юдиннің бастауымен шығыстанушылық археографиялық экспедиция жасалып, әр түрлі қолжазбалар қорына барып, мәліметтер жинастырылған. Осы экспедиция тек шығыстанушы

ғалымға емес қазақ халқының бұрыңғы тарихы үшін маңызды болатын. Осы жиналған қолжазбаларды зерттеп, библиографиялық көрсеткіштерді жасап, нәтижесінде үлкен еңбектің жазылуына мүмкіндік берді. Сонымен В.П. Юдин басшылығымен, С.К. Ибрагимовтың жасаған еңбектерін пайдалана отырып, К.А. Пищулина, Н.Н. Мингуловтарды тынымсыз атқарған жұмыстарымен қатар, ресейлік әріптестері О.Ф. Акимушкин мен М.А. Салахетдиновалармен бірігіп 1969 жылы Алматыда «Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков: (извлечения из персидских и тюркских сочинений)» атты библиографиялық кітап жарыққа шығады. Бұл кітапта қазақ халқының тарихы мен Қазақстанға қатысты 17 түрік және парсы дереккөздерінің үзінділері мен 4 вакуфты құжаттар енген. Соның ішінде «Тарих-и Рашиди» дереккөзінің бірінші дәптерінен 15 үзінді және екінші дәптерінен 7 үзінді аударылған (Ибрагимов С.К., 1969).

Кеңес дәуіріндегі алғашқы қазақстандық шығыстанушы В.П. Юдин моғолдар туралы мынадай мәлімет келтіреді. Моғолдар XIV-XVII ғасырлардағы Орталық Азия халық тарихында маңызды рөл ойнаған. Моғолстан тарихи аренадан шығып, өз мемлекеттігінен айырылып, этникалық коллектив ретінде жоғалған. Моғолдар туралы жазылған негізгі дереккөздер: Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди», Шах Махмұд бен Мырза Фазил Чорастың «Тарих» және авторы белгісіз «Тарих-и Қашқари» шығармалары болып саналады. Бұлардан басқа, бірін-бір қайталайтын Хафиз Абру, Шараф ад-дин Али Йазди, Низам ад-дин Шами, Абд ар-Раззак Самарқанди, Мирхонд және Хондемир секілді парсытілді авторлардың шығармаларында да мәлімет беріледі (Юдин В.П., 2001: 72-73). Моғолстан жайлы парсы дереккөздері нақты дерек келтіреді. Сонымен қатар моғол мен моңғол екеуі екі түрлі мағына білдіретіні жайлы бірнеше дереккөздерде жазылған. Моғолстан жерінде қала, ауыл, өзен-көл, тау-тастарда жиі ұшырасады. Моғолстан шығысында қазіргі Ұйғыр автономиясынан басталып, Түркістан аймағына дейін созылып жатқан жер. Парсы дереккөздерінде кездесетін Моғолстанға қатысты жер-су аттары қазіргі күнде кейбір елді-мекендер сол орындарында қалған.

بوده است در تاریخ جهانگشای چنین می‌آورد که تاتار را مواضع اقامت و منشأ و مولد: بِوادٍ غَيْرِ ذِي زَرْعٍ عِنْدَ بَيْتِكَ الْمُحَرَّمِ تا طول و عرض دور آن از هفت هشت ماهه راه است. طرف شرقی با ولایت خطای دارد و غربی و شمالی با قراقز و سالنگای و جنوبی با جانب تنگوت.

Аудармасы: «Тарих-и жахангушай» шығармасында: «татардың тұратын, туылған жері туралы [Тәңірім! Ұрпағымның бір бөлігін Исмаил мен оның анасы Ажарды сенің қасиетті Үйіннің төңірегіндегі егін салынбаған бір алқапқа орналастырдым] былай жазылады: оның ұзындығы мен көлемі жеті-сегіз айлық жол. Шығысында Қытай елімен, батысы мен солтүстігінде Қарақыз бен Селеңгімен, оңтүстігінде Таңғұттармен шектеседі» - деп Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Жувейнидің еңбегінен үзінді келтіреді. Бұл шығармадан Моғолстан жерінің аумағы кең болғанын байқаймыз. Бұл жерде Шағатай патшаның ұрпақтары билік еткен. Негізінде Шағатай ұлысына Мәуереннахр жері де кіретін, бірақ саяси жағдайларға байланысты Мәуереннахр бөлініп кетеді. Сол үшін Моғолстан патшалары ата-бабаларының жерін қайтару мақсатында жорықтарының көбісі Моғолстан жерінен Мәуереннахр жеріне бағытталады. Ал осы оқиғаларды жазған парсы авторлары дереккөздерде Моғолстан жеріндегі жер-су аттары жайлы құнды деректер береді.

Нәтижесі

«Тарих-и Рашиди» шығармасында Моғолстан қырғыздардың елі деп бірнеше жерде көрсетіледі. Шығармада қырғыздарды Моғолстанның «жабайы арыстандары» деп атаған (АбусеитоваМ.Х., 2008: 81). Сұлтан Махмұд-ханның Мәуереннахрға жорығын естіген Мансұр-хан Моғолстандағы қырғыздар мен моғолдардың жартысымен біріккен оның бауырларына қарсы шығады. Соғыс Чарун Чулак деген жерде болған. Мансұр-хан жеңіске жетіп, Сұлтан Махмұх-

ханның бауырлары өз елдеріне қашып кетеді. Мансұр-хан Моғолстандағы Шалыш пен Тұрфан жерінен көрген қырғыздар мен барлық моғол тайпаларын қуып жібереді. Қырғыздар Моғолстанның барлық көтерілістерін ұйымдастырушылары болғандықтан, Мансұр-хан олардың жартысын өлтіреді. Ал қалған қырғыздар Моғолстанда жасырынып қалады (АбусеитоваМ.Х., 2008: 80). Бұл жерде Моғолстанның негізгі тұрғындары қырғыздар мен моғолдар болса, негізгі қалалары ретінде Шалыш пен Тұрфанды атайды. Сонымен қатар, Моғолстанның тағы бір қаласы Чарун Чулак деген бар екенін білеміз.

Мұхаммед Хайдар Дулати Моғолстан жеріне барғандағы сезімін былай сипаттайды: «Моғолстанның басқа жерлері туралы тарихи және көне кітаптарда ешқандай мәлімет жоқ, бүгінде олардың атауларын да ешкім білмейді. Ал қазір Моғолстан деп аталатын аумақтың ұзындығы мен ені жеті-сегіз айлық жол болады. Шығысында Барыскөл, Еміл және Ертістегі қалмақпен, солтүстігінде Көкше теңіз, Бум Лиш, Қараталмен, ал батысында Түркістан және Ташкентпен, оңтүстігінде Ферғана уәлаяты, Қашқар, Ақсу, Шалыш, Тұрфанмен шектеседі. Оңтүстік аймақтағы Ташкенттен Әндіжанға дейін он күндік жол. Әндіжаннан Қашқарға дейін жиырма күн, ал сол жерден Ақсуға дейін он бес күндік жол болады. Барлық оңтүстік шекарасы аттың орташа жүрісімен үш айлық жол. Жол бойында тоқсан бекет бар. Ол өңірдің көбісі тау мен сайын дала болып келеді. Ол жер өте көркем, сұлулығын сипаттау мүмкін емес. Ауа-рауы қоңыр салқын. Кейбір жерлері қыста суық болады (Haydar DughlatM.M., 1383: 525). Моғолстанда жылқы мен мал өте көп болатын, ал киім-кешек өте тапшы еді (Haydar DughlatM.M., 1383: 525)». Сонымен Моғолстанда Барскөл, Еміл, Ертіс, Көкше теңіз секілді өзен-көлдер мен Бум Лиш, Қаратал, Түркістан, Ташкент, Ферғана, Қашқар, Шалыш, Тұрфан (تورفان), Әндіжан,Ақсу, Хотан, Күлтөбе (كول توبه), Шу, Алаку бекінісі, Жетікент, Ақси сияқты елді-мекендер бар. Бұл жерлерде ортағасырда бірнеше тайпалар, патшалар, сұлтандар мекендеп билік құрған.

Моғолстанның қалалары үшін де бірнеше әскери соқтығыстар болған. Солардың бірі Әмір Сайид Қажы Мұхаммед Шаисқа қарсы күресте, артқа шегінген әскердің артынан қуып Қашқар қаласына келеді. Ол Қашқардың сыртын ойрандап, оның мықты бекіністерінің бірі Алаку деп аталатын қорғанын қоршап, соғыспен алды да барлық мүлкін талап, еліне қайтты (Haydar DughlatM.M., 1383: 104). Ортағасырлық үлкен қалалардың қорғанысы ретінде саналатын қабырғалары биік қамалдары болатын. Түркістандағы Арқұқ қамалы секілді, Қашқарда да Алаку қамалы болған. Алайда қазіргі күнде бұл қамал сақталмаған.

Моғолстанның кейбір ғимараттары қалмаса да, басқалары әлі күнге дейін сол орнында тұр. Сол уақытта әмір Кәрімберді деген дулат Моғолстанның Әндіжан мен Ферғана жағындағы шекарасындағы Алабұға деп аталатын жердегі төбенің үстінде қорған салады. Ол қорғанның ізі күні бүгінге дейін көрініп жатыр (Haydar DughlatM.M., 1383: 107). Бұл қорған қазіргі күнде де көрінсе де ол қирауға шақ тұр.

Моғолстанның жерлерін өз иелігіне қарату үшін бірнеше рет шабуыл жасаған хандардың бірі Жүніс хан. Жүніс хан Әндіжанға жақын Жетікент деген жерде мекендеп, кейін Дос Мұхаммед ханның ұлы Кебек сұлтанды Тұрфан мен Шалыш бағытына алып кеткенін естіп, Жүніс хан Ақсуға келіп, ел-жұрттың бәрін түгел өзіне бағындырды (Haydar DughlatM.M., 1383: 117). Ақсу жардың жағасында орналасқан әрі екі қорғаны бар еді (Haydar DughlatM.M., 1383:139) және бұл қала Моғолстанның астанасы болған. Сол себепті Жүніс хан Моғолстанның басты қаласын алу арқылы, осы елге билік жүргізуге мүмкіндік алады. Жүніс хан Моғолстанның үлкен шаһарлары Әндіжанда билік ете жүріп, сол елдің мықты бекінісі Ахси мекенін сыйлыққа алады. Ахси Ферғана өлкесінің анасы деп те есептелген (Haydar DughlatM.M., 1383: 125).

Жүніс хан Моғолстанның Жаркент қаласына тоқсан мың атты әскерді бастап Мұхаммед Хайдар мырзамен барады. Жаркентте Мырза Әбубәкір қамалға бекінеді. Оның бес мыңға жуық атты және жаяу әскері болатын. Қарсы беттегі ханның әскері Жаркент қамалын айнала қоршай

орналасты, ал ханның өзі болса Жаркенттің солтүстік жағындағы Қалдуғаж Бари (Иари) деген мекенге тоқтайды (Haydar DughlatM.M., 1383: 134). Жаркент ортағасырдағы көлемі жағынан Моғолстандағы екінші орындағы қала болған. Сол себепті Жүніс хан Жаркент қаласына жүз мыңға жуық әскермен келеді. Жаркент бекінісі мықты болғандықтан екі жақта біраз уақыт күреседі.

Жоғарыда айтқанымыздай, Шағатайдың жерлері бөліске салынғанда, одан бөлінген халық Моғолстан мемлекетін Қазақстанның Шығыс аймақтарында құрып, билік етеді. Солардың ішінде Ақсудан (آقسو) шыққан Әмір Болажидың (امیر بولاجی) атасы Ортөбеге (اورتوبو) күн батыстағы Меңглай Суиені (منگگلای سویه), шығысында Кусан (کوسان) мен Тар бугурды (تار بوگور), батысында Самаз (سام عز) бен Ферғана (فرغانا) уәлаятының шеті саналатын Жағшәманды (جاقشمان), солтүстігінде Ыстықкөл (ایسیغ گول) мен оңтүстігінде Жаржан (جرجان) мен Сариғ Үйғырмен (ساریغ ایغور) шектесетін жерді береді (Haydar DughlatM.M., 1383: 16-17). Бұл жерде Моғолстан жерінің басты қалаларының бірі Ақсу қаласы болған. Бұл қаламен қоса, Кусан, Тар бугур, Самаз, Ферғана, Жағшәман, Ыстықкөл, Жаржан, Сариғ Үйғыр деген жер-су аттары аталады. Сонымен қатар, «Тарих-и Рашиди» дереккөзінде Шығыс Түркістанда тағы да мынадай қалалар бар деп көрсетеді: Қашқар (کاشغر), Хотан (ختن), Үзкенд (ازکند), Касан (کاسان), Ахсикет (اخسیکت), Әндіжан (اندجان), Ақсу (آقسو), Атбаши (آت باشی),(Haydar DughlatM.M., 1383: 17) және деТұрфан (طرفان) мен Хотан (ختن) аралығында Луб Катак қаласы(لوب کتک) (Haydar DughlatM.M., 1383: 18). Бүгінгі күнде бұл қалалардың кейбіреуі сол қала ретінде қалса, кейбіреуі әр түрлі қақтығыстарға байланысты жоғалып кеткен. Ал Ақсу қаласы Әмір Болджидың ордасы болғандықтан, XIV ғасырда қамалы берік, сауда орталығы дамыған қала болуы мүмкін. Қазірде Ақсу тек жүздеген ауылы бар бір аудан орталығы.

Моғолстанның басты қаларының Ақсу болса, сол секілді осы мекеннің ең атақты жері Алмату болған. Алмату туралы «Тарих-и Рашиди» шығармасында мынадай деректер келтіріледі: Әмір Қамараддин билікке қол жеткізгеннен кейін оған әмірлердің арасынан қарсылық көрсеткендер бар екені жайлы Әмір Темір естіп,әмір жалайыр Баһрам (امیر بهرام جلایر), Хетай баһадүр (خطای بهادر) және Шейх Әлі баһадүрлерді (شیخ علی بهادر) жіберді. Олар Алмату (آلماتو) маңына жетіп, Айша хатун өзенінің (آب عایشه خاتون) жағалауында керейіт (کرایت) тайпасының адамдарымен соғысқаннан кейін, ақырында олармен бітім жасасып, кері қайтады (Haydar DughlatM.M., 1383: 57). Осы жазылып отырған Алмату қаласы қазіргі өзі аттас қаланың орнында болған. Оған «Тарих-и Рашиди» шығармасынан мынадай дерек келтіруге болады.

این محل در کنار یکی از سرچشمه‌های جنوبی رودخانه ایلی واقع است. با وجودی که معمولا این نام به صورت آلماتی نوشته شده، اما در روسیه معاصر قلعه و شهر ویرنی را به این اسم می‌خوانند. این شهر در 1854 در ساحل رودخانه کوچکی به نام قرغیز آلماتو ساخته شده است. آقای شویل می‌گوید که وجه تسمیه این محل به جهت فراوانی سیب (به ترکی، آلما) است که در مجاورت آنجا به عمل می‌آید.

Аудармасы: «Бұл мекен Іле өзенінің (رودخانه ایلی) батыс арнасында орналасқан. Әдетте оның аты Алматы деп жазылады. Қазірде орыстар осы қамал мен қаланы тура осылай Алматы (آلماتی) деп атайды. Бұл қала 1854 жылы Қырғыз (رودخانه قرغیز) деген кішкентай өзеннің жағалауында салынған. Шавиел мырзаның айтуынша, бұл мекенде көп алма өсетіндіктен атауы түрікше «алма» дегенді білдіреді (Haydar DughlatM.M., 1383: 718).

Алмату (Алматы) қаласында тағы да мынадай оқиға болған: «Моғолстанның әйгілі мекендерінің бірі Алматуда Мансұр хан бастап, Сұлтан Саид хан және Сұлтан Халел бауырларына қарсы шабуылға шығады. Шайбани ханның ағасы Саид хан талқандалып Алматудан қашып жанында елу шақты адам мен қажетіне жарайтын малмен керуенге орташа жүріспен он бес күндік жол болатын жердегі Дуланға (دولان) келіп байыз табады» (Haydar DughlatM.M., 1383: 278-279). Осы парсы дереккөзінде Алматы қаласының Моғолстан мемлекетінде үлкен рөл ойнағандығы, әрі басшылардың бас қосып, кеңес құратын жерлері

екендігін айта келе, жанында өзен-судың болғандығын көрсетеді. Сонымен қатар ортағасырдың өзінде осы жерде алма жемісінің көптігі де айтылып отыр. Алайда қазіргі күнде бұл алма ағаштары Алматы қаласында азайып қалған.

Алмату қаласы туралы Темірлер дәуірінде жазылған басқа дереккөздерде кездеспейді. Сондықтан «Тарих-и Рашиди» шығармасы жазылмағанда, біз қазақ хандығының қашан құрылғандығынан, өз жерімізде осындай әсем елді-мекендердің болғанынан хабарсыз болатын едік.

XIII ғасырда жазылған дереккөздерде кездескен Сайрам қаласы Темірлер дәуіріндегі дереккөздерде де айтылады. Шығармаларда жазылғандай, әскерлер Сайрам қаласы арқылы Моғолстан жеріне баратын болған. Соған қарағанда Сайрам қаласы Моғолстан мен Дешті Қыпшақты байланыстырып тұрған көпір секілді. Осыған орай мынадай деректер кездеседі: «Хазірет Сахибқыранның, яғни Әмір Темірдің әскері керейіт тайпасымен соғысқа разы болмай қайта жолға аттанғанда, Сайрам (سیرام) мен Йангиден (ینگی) өтіп, шабуыл жасап, қалың қолмен Сангер Йағаж (سنگریغاج) деген жерге келеді (Haydar DughlatM.M., 1383: 57).

Бұл жерде Сайрам қаласымен қатар Йанги қаласының да аты аталады.

ینگی نام دیگر طراز است و نویسندگان دیگر نیز همین عقیده را دارند به نظر من بهتر است فرض کنیم که آوردن ینگی در اینجا، صرفا یك اشتباه نظری- حذف اشتباهی یك الف- است

Аудармасы: «Йанги Тараздың басқа атауы. Басқа жазушылар да осы пікірде. Менің ойымша бұл жерде біздің Йанги деп аламыз, тек а әріпінің түсіп қалғаны ғана бір қате» (Haydar DughlatM.M., 1383: 215). Йанги Тараз қаласының ортағасырлық атауы, Оны моңғолша Мелкат ата (ملکت اتا) деп айтады (Haydar DughlatM.M., 1383: 90). Сонымен қатар еңбекте Отырар қаласын да Йанги деп айтылған деп жазады (Haydar DughlatM.M., 1383: 219).

«Тарих-и Рашиди» шығармасында Моғолстанның қалаларының атауының бірнеше аталуын береді. Мысалы, Фенакет қаласын Шаһрухия, Тараз қаласын Йанги, Баласағұн қаласын қытайша Ханбалық, моғолша Қаралық, Ташкент қаласын Шаш, Құндыз жерін Қандағар, Шу аймағын Жуд, Балқаш көлін Көкше теңіз деген атауларын жазады. Осы шығармада бұл жерлерден басқа, ортағасырда моғол билеушілері үшін бірнеше маңызды қалалар болған. Моғолстанның маңызды қалаларының бірі Қашқар солтүстігінде де, батысында да елдің тауларымен шектеседі. Солтүстік жақтағы таулар батыстан шығысқа қарай созылып жатыр, сол таудан басталған өзен оңтүстікке қарай ағады. Сол таулар тарамданып бір шеті Шашқа барып тіреледі. Оның екінші тарамы Тұрфанды қиып, қалмақ жеріне өтеді. Шаштан Тұрфанға дейін үш айлық жол (Haydar DughlatM.M., 1383: 426). Қашқардан Шашқа дейін созылып жатқан Тянь-Шань тауы, тек бұл таудың атауы шығармада келтірілмеген. Осы таудан Шаш қаласының маңынан Шалыш деген өзен ағып жатыр. Бұл өзен атауы «Тарих-и Рашиди» дереккөзінде бірнеше жерде кездеседі. Сонымен қатар бұл өзеннен басқа дереккөзде Моғолстан жерінде ағып жатқан Іле, Еміл, Ертіс, Шолақ, Нарын, Шу, Ыстық көл, Барскөл және т.б. өзен-көлдер болған. Іле, Шолақ, Шу өзендері мен Ыстықкөл бастауын Алатаулардан, Еміл, Нарын өзендері Тарбағатай тауынан, Ертіс өзені мен Барскөл Алтай тауларынан алады. Осы шығармада Ыстықкөл туралы қызық мәлімет береді. Ыстықкөлдің айналасы жиырма күндік жол. Одан ешқандай су ағып шықпайды, бірақ оған тұщы сулар келіп құяды. Судың айналасын таулар қоршап жатыр. Көлдің суы ащы болып кетеді, сондықтан одан тіпті дәрет алуға болмайды. Алайда оның суы мөлдірдей тап-таза. Көлдің жаны райхан гүлдер мен миуалы ағаштарға толы, Оның тау мен даласында киік пен құстар өте көп (Haydar DughlatM.M., 1383: 526). Суы мөлдір, табиғаты тамаша Ыстықкөл бүгінгі күнде жыл сайын адамдар суына емделу үшін келетін курорттық орын ретінде маңызды болып есептеледі. Моғолстандағы аймақтың бірі Шу (Жуд) мекенінің ұзындығы бір айлық жол болған екен (Haydar DughlatM.M., 1383: 524).

Еділ өзенінің атауы «Тарих-и Рашиди» шығармасында жазылады. Еділ өзенімен қатар қазақ жерінде бірнеше өзен-сулардың да атауын көрсетеді.

درمغولستانرودخانه‌هاکلانکهمثلجیحونوقریبهآنباشدبسیاراست،مثلایله،وایمیلوایرتیشجوبلکونارین.
اینآبهاکهمذکورشدازجیحونوسیحونهیچکمندارداوینآب‌هااکثرباگوگچهتنگیزگولیافتادهاست،فاصلهمیانمغولستانواوزبکستاناست.
طولاوهشتماههراهاستوعرضاودربعضموضعقیاسا،سفرسخباشد.
اوزبکچونزمستانشوداینگوگچهتنگیزیخبنددواز رویخمی‌گذردوبهمغولستانمی‌آید.
دردوشبوروزبهسرعتدررویخمی‌رانندتابتوانندبرآمدوهمچنینوقتبرگشتننیزاواخرزمستانبههمینسرعتمی‌روند.
امادراواخرزمستانمخاطرهاست.
بسیارباشدکهیخفروشکندصدودویستخانه‌وارگاهبیشوکمتردرتهیخروندوآبآنشیریناستوآنمقدارآبکهدرمی‌آید،بیروننمی‌آید،آنچهبرمی‌آیدمقدا
ریکباز اینآب‌هاباشدکهدرمی‌آیدبهازبکستانمی‌رودالتلناموبهقلزممی‌ریزد.

Аудармасы: Моғолстанда Жейхун секілді көп өзендер бар. Олар Іле, Еміл, Ертіс, Жублак және Нарын өзендері. Олар көлемі жағынан Жейхун мен Сейхуннан еш кем емес және бұл өзендердің көбісі Моғолстан мен Өзбекстан арасын бөліп жатқан Көкчеге (Көкше) барып құяды. Оның ұзындығы сегіз айлық жол және кейбіреуінің көлемі отыз фарсах болады. Қыста Көкшеде мұз қатқанда өзбек Моғолстанға екі-үш күнде тез мұздың үстімен жүріп баратын. Қайтқан кезде қыстың аяғында осылай тез қайтады. Бірақ қыстың аяғында қауіпті болады. Көбінесе мұз жарылғанда шамамен жүз-екі жүз отбасы суға батып кетеді. Оның суы тұщы және оған өзен құйылады, бірақ одан тармақ бөлінбейді. Оған Өзбекстаннан келіп құятын сулардың бірі Етіл (Еділ) деп аталады және ол Құлзамға құяды(Haydar DughlatM.M., 1383: 525-526).Еділ өзені тек Каспий теңізіне ғана емес, сонымен қатар Көкше көліне де құятына куә боламыз. Сонымен қатар Моғолстан оңтүстік аумағында бірнеше үлкен өзендердің аттары аталады. Мұндағы Көкше теңіз қазіргі Балқаш көлінің ортағасырлық атауы.

Моғолстан патшалары қыс мезгілінде әскерін дайындап, азықтарын толықтырып, демалу үшін Ақсу (Haydar DughlatM.M., 1383: 139), Ош жерлерін тандаған. Мысалы, Жүніс хан қыста Ақсу қаласында болып, көктем шыққанда Мұхаммед Хайдармен Қашқарға қарай бет алады. Осыдан бір жыл бұрын, яғни 885/1480-81 жылы Хан қашып Қашқарға келді. Ханның көптеген әскерлері оған келіп қосылмай, біржолата Моғолстанға қашып кетеді. Сол себепті Мұхаммед Хайдар мырза бес мың шаңырақпен көшіп, ханмен бірге Ақсуға келді. Қашқар елінің көпшілігі Әндіжанға ауып кетті, сөйтіп Қашқар бос қалады (Haydar DughlatM.M., 1383: 136)» Осылайша бос қалған қалаға қайта шабуылға дайындалады.

Моғолстанның оңтүстігінде Әндіжан қаласында да бірнеше әскери соғыстар болып тұрған. Әндіжанға жақын қала Ош қаласы болатын. Ош Ферғанадағы үлкен үшінші қала (Бартольд В.В., 1967: 212) Ферғана Қашқар мен Әндіжанның аралығында жатқан уәлаят. Ферғананың шығысында таулар жатыр (Haydar DughlatM.M., 1383: 255). Ферғананың Оштан басқа, Үзгенд деген қаласы бар. Үзгенд көлемі жағынан Оштың үштен-екі бөлігімен бірдей болған. Мақдиси жазғандай: Ферғанадағы басқа қалалардан өзгешеленіп тұрды. Қалада төрт қақпа болды, оның барлық жағынан су жүргізілген. Қаланың қақпаларынан ағып тұрған суларынан көпір болмағандықтан кешіп өтуге тура келетін. Үзгендте сауда-саттық болатын, бұл жерге дейін Жетісудан Атбаштағы Ысы шатқалы арқылы жол жүрген. XII ғасырда Үзгенд Ферғананың астанасы болған. Ош пен Үзгендтің арасы 7 фарсах. Үзгенд жанында басқа қала жоқ (Бартольд В.В., 1967:213). Ош пен Үзгенд қалалары XIV ғасырда да үлкен қала ретінде танылды. Бұл қалаларда болған тарихи оқиғалар туралы «Тарих-и Рашиди» дереккөзінде мәліметтер кездеседі. Мысалы, Хан Әндіжанға келісімен Омар Шейх мырза оны қарсы алып, үлкен сый-құрмет көрсетіп, оған Ош уәлаятын тарту етеді. Хан сол қысты Ошта өткізді. Моғолдардың қалғандарын Сұлтан Махмұд ханға тапсырып, Моғолстанға жіберді де өзі Ошта қыстап қалды. Хан Ош уәлаятын Мұхаммед Хайдар мырзаға берді. Сұлтан Ахмет мырза ханның келгенін есітіп,

жорығын тоқтатты. Сонымен Омар Шейх мырза ағасының шабуылынан аман қалды. Хан Моғолстанға кетті де Мұхаммед Хайдар мырза Ошта қалды (Haydar DughlatM.M., 1383: 143).

Мұхаммед Хайдар Дулати Моғолстандағы Қабартекин(Қаратегін) таулы аймағында қыста болған соғысы туралы мынадай әңгімені жазады (Haydar DughlatM.M., 1383: 254): «Қаратегіндіктер Хұсрау шаһтың әскерінің келе жатқанын естіп шамасы келгендері тез жиналып, бес жүздей адам қосылып жолды бөгейді. Қар қалың болғандықтан, адам жалғыз аяқ жолдан шыға алмайтын. Екі жақ та соғыса бастады. Ұрыс таңнан түнге дейін болды. Атылған жебе қарға сіңіп кеткендіктен, ататын жебелері таусылып жатты. Жау жақ көп болғандықтан менің әкем де барлығынмен артқа шегініп, қашады. Сұлтандар мен әмірлердің әрбір игі жақсылары, сонан соң Әбілқайыр ханның Дешті Қыпшақ шөлейтінде абдырап, сергелдеңге түсіп, сабылып жүрген елі оның қай жерге келіп жетсе де оған сол жерге келіп қосылып жатты» (Haydar DughlatM.M., 1383: 257). Моғолстанның кейбір аймағында ауа райы қатты ыстық болса, кейбір жердің қыс суық болады.

Темірлер билігі тұсындағы маңызды қаланың бірі Шаш қаласы болды. Шаш қаласын парсы авторларының кейбірі Ташкенд, Ташкент, Чач деген атауларын да береді. «Тарих-и Рашиди» шығармасында Шаш және Ташкент атауы да жазылады. Осы шығармада Ташкент қаласына қатысты мынадай дерек келтіріледі: «Сұлтан Ахмет мырза – Самарқандқа, Омар Шейх мырза – Ферғанаға, Сұлтан Махмұд хан Ташкентке бет алды. Жүніс хан да Ташкентке келді (Haydar DughlatM.M., 1383: 146). Қысқасы Сұлтан Ахмет бір жүз елу мың әскер жиып, Ташкентке келді. Хан Ташкент маңында оларға қарсы шығып, жау әскерінің қарсы алдына келіп тоқтады. Бұлардың аралығынан Чир өзені ағып жатты, жардан өту мүмкін болмады. Олар сол жерде үш күн аялдап тұрып қалды. Моғол әскері келесі күнгі ұрысқа дайындалады. Моғолдың жаяу әскері Чирден өтіп, атты әскерлері де ат басын Чирге бұрды. Қарсы жақтан да әскер ұрысқа дайындалады. Моғол әскері әмір Әбдуәли жағына қарай тықсыра күш салды. Осы кезде Шаһибек үш жүз әскерімен тым-тырақай қаша бастады. Сұлтан Ахметтің де әскері қашып Ташкенттегі Чир өзеніне батып кетеді (Haydar DughlatM.M., 1383: 149). Негізінде осы Чир өзенің Шыршық өзені деп атайды. Шыршық өзені Сырдарияның бір саласы. Осындай өзендер туралы «Тарих-и Рашиди» шығармасында өте құнды мәлімет бергенін байқадық.

Особым периодом в сложении национальной идентичности казахов является время создания Казахского ханства и распространения этнонима «казах». На наш взгляд, идентичность народа, имеющего к этому времени многовековой опыт культуры и государственности, укрепился в политическом смысле: сформировалось отдельное государство, подданные которого использовали для своего обозначения этноним «казах». Как мы знаем, в последующем казахские ханы (Касым-хан, Хакназар и др.) сделали большой вклад в расширение политических границ и укрепление казахского ханства. Правление Тауке-хана считается «золотым веком» Казахского ханства. В этот период в управлении государством принимали участие казахские бии Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би.

По мнению психологов, для формирования идентичности необходимо наличие внешних факторов в виде «чужих» или даже «врагов». Для того, чтобы определить «Кто мы?», мы отделяем себя от других. В этом случае, «чужие» или «враги» только способствуют укреплению понятия идентичности. Например, нашествие джунгар, с одной стороны, приводит к ослаблению Казахского ханства, с другой стороны – оно стало причиной для объединения всех казахских жузов в национально-освободительной борьбе против них. Факт единения всего казахского народа в борьбе с внешним врагом также указывает на развитие и рост национальной идентичности.

Показателем роста национального самосознания в имперский период является ряд национально-освободительных движений в Казахстане. Начиная практически с начального этапа колонизации Казахстана со стороны Российской империи, не прекращалась борьба казахов против колонистов. Освещение и осознание обществом характера и масштабов национальной борьбы казахского народа против Российской империи представляло большую угрозу для советского режима. В связи с этим, первый историк, охарактеризовавший национальное движение Кенесары Касымова - Ермухан Бекмаханов, подвергся жестоким гонениям и репрессиям. Можно отметить, что издание подобного рода патриотического труда имеет большое влияние на рост национального самосознания.

Согласно специалистам, особая роль в развитии национальной идентичности принадлежит национальной элите. Доказательством этому является жизнь и деятельность казахской интеллигенции в начале XX века. Целью движения Алаш было создание независимого государства. Показатель национальной идентичности алаш-ординцев был настолько высок, что идея независимости отстаивалась самой большой ценностью – их человеческими жизнями.

Жертвы казахского народа на пути к независимости не прекращаются вплоть до распада Советского Союза. Новый всплеск национального сознания в Казахстане приводит к цепочке политических событий приведших к распаду этой огромной державы, просуществовавшей с 1917 по 1991 годы. В декабре 1986 года студенты столичных вузов города Алматы проводят митинг-протест против назначения первым секретарем Компартии Казахстана Г. Колбина – лица не казахской национальности. Один из ярких лидеров протеста, сложивший голову в этой неравной борьбе с политическим режимом, Қайрат Рысқұлбеков, обращается с речью к судьям со словами, ставшими крылатым символом борьбы за независимость:

«Қайрат деген атым бар
Қазақ деген затым бар
Еркек тоқты құрбандық
Атам десең атыңдар!»

Движение Алаш 1917 года и Декабрьские события 1986 года показывают, что казахская интеллигенция в течение этого исторического времени обладала высоким уровнем национальной идентичности.

Выводы

Таким образом, составляющими элементами национальной идентичности являются языка, история, религия, традиции и обряды, территория проживания. В ходе многовековой истории казахского народа сложился особый тип национального мышления и самосознания. Национальная идентичность казахов наиболее ярко проявляется в ходе национально-освободительных движений, охватывающих огромный период в истории Казахстана, начиная с середины XVIII в. по 1917 год, и далее вплоть до обретения независимости в 1991 году В декабре 2015 года была принята Концепция укрепления и развития казахстанской идентичности и единства. Согласно данному документу «Вся работа по укреплению и развитию казахстанской идентичности и единства будет выстраиваться … по следующим векторам: 1) Идентичность на принципе гражданства; 2) Продвижение общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел»… 3) Триединство языков; 4) Генерация поколения «Мәңгілік Ел». Основным органом, разработавшим и реализующим данную программу, является Ассамблея народа Казахстана (АНК).

Независимость нашей республики – результат многовековой борьбы казахского народа. Уважение к национальной культуре, истории и языку укрепит суверенитет и независимость нашего государства. Как отмечено в статье президента Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее:

модернизация общественного сознания» в разделе «О национальном сознании в XXI веке», первым условием модернизации является «сохранение своей культуры, собственного национального кода» [1]. Национальная идентичность и ее дальнейшее укрепление являются неотьемлимыми условиями развития общества и государства.

Список использованной литературы

1. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // http://www.akorda.kz/ru/events/ akorda news/press_ conferences/statya- glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya(дата обращения 20.01.2019)

2. Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи //http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi(дата обращения 20.01.2019)

3. «Концепция укрепления и развития казахстанской идентичности и единства» (https://www.zakon.kz/4766316-nazarbaev-utverdil-koncepciju.html) (Дата обращения 20.02.2017)

4. Шайкемелев М. (2013) Казахская идентичность. Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК. Алматы. http://iph.kz/doc/ru/450.pdf (дата обращения 20.01.2019)

5. Кадыржанов Р. (2014) Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана. Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК. Алматы.http://iph.kz/doc/ru/482.pdf (дата обращения 20.01.2019)

6. Кузнецов К., Щелин П. (2014) Национальная идентичность и устойчивая государственность. (http://mgimo.ru/files2/z08_2014/Kirill_Kuznetsov_Pavel_Tschelin_National_Identity_and_the_Sustainability_of_State.pdf)(Дата обращения 1.02.2017)

7. Психологический словарь http://psychology.academic.ru (Дата обращения 1.02.2017)

8. Межевич Н. Идентичность: теоретические аспекты и пространственное содержание в условиях пограничных межэтнических разломов: на приемере региона «Ивангород-Нарва» //

(http://www.dartmouth.edu/~crn/groups/geographies_ group_papers/Finalpapers/Mezhevich02.pdf) Дата обращения 30.01.2017

References

1. Nazarbaev N.A. Vzgljad v budushhee: modernizacija obshhestvennogo soznanija» http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya (data obrashhenija 20.01.2019)

2. Nazarbaev N.A. «Sem' granej Velikoj stepi» http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi (data obrashhenija 20.01.2019)

3. «Koncepcija ukreplenija i razvitija kazahstanskoj identichnosti i edinstva» (https://www.zakon.kz/4766316-nazarbaev-utverdil-koncepciju.html) (Data obrashhenija 20.02.2017)

4. Shajkemelev, M. (2013) Kazahskaja identichnost'. Institut filosofii, politoligii i religiovedenija KN MON RK. Almaty. http://iph.kz/doc/ru/450.pdf (data obrashhenija 20.01.2019)

5. Kadyrzhanov, R. (2014) Jetnokul'turnyj simvolizm i nacional'naja identichnost' Kazahstana. Institut filosofii, politoligii i religiovedenija KN MON RK. Almaty. http://iph.kz/doc/ru/482.pdf (data obrashhenija 20.01.2019)

6. Kuznecov, K., Shhelin, P. (2014) Nacional'naja identichnost' i ustojchivaja gosudarstvennost'. (http://mgimo.ru/files2/z08_2014/Kirill_Kuznetsov_Pavel_Tschelin_National_Identity_and_the_Sustainability_of_State.pdf) (Data obrashhenija 1.02.2017)

7. Psihologicheskij slovar' http://psychology.academic.ru (Data obrashhenija 1.02.2017)

8. Mezhevich, N. Identichnost': teoreticheskie aspekty i prostranstvennoe soderzhanie v uslovijah pogranichnyh mezhjetnicheskih razlomov: na priemere regiona «Ivangorod-Narva».

(http://www.dartmouth.edu/~crn/groups/geographies_group_papers/Finalpapers/Mezhevich02.pdf) Data obrashhenija 30.01.2017

303.83

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

Шарапова Қ.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің тарих мамандығының 2-курс магистранты

Аңдатпа. Мақаланың негізгі қозғалатын тақырыбына көшпес бұрын, біз жазғалы отырған тұлғаның Қазақстан тәуелсіздігі жолындағы күресінде алар рөлі қандай соған тоқтала кетсек. Еліміз тәуелсіздік алғанына қанша жылдар өтсе де, әлі де болса осы тәуелсіздік жолында күрескен тұлғаларымыз туралы толыққанды зерттеулер енді қарқын алып келе жатыр. Әлі де болса зерттеуді қажет ететін тұлғаларымыздың ішінде Мұстафа Шоқайда бар. Қазақ зиялылары ақын-жыраулары, ойы озық, ақылы кең даналары осы саяси қиын-қыстау жағдайынан шығу жолын іздестіріп бірі оны таппай қиналса, енді бірі күреске, бостандыққа шақырды. Сол күрескерлердің ішінен ерекше атын атап өтуге болатын тұлға Мұстафа Шоқай. Бұл тұлғаны зерттеу бағытында жүргізілген ғылыми жұмыстар көп болса да, тұлға туралы екі жақты пікір көп. Қазіргі таңда М.Шоқайдың философиялық ойларын, құқық саласындағы еңбектері туралы зерттеп жүрген ғалымдар бар. Енді аты аталып отырған тұлғаның еліміздің тәуелсіздігі үшін жалғыз қазақ халқы емес, күллі түркі әлемінің бостандығы үшін күрес жолында жасаған еңбектеріне тоқтала кетейік.
Түйін сөздер: Перовск, Түркістан, Ресей империясы, Сырдария

ИДЕЯ НЕЗАВИСИМОСТИ В ТРУДАХ МУСТАФЫ ШОКАЯ

Шарапова К.

Кызылординской государственной университет имени Коркыт Ата магистрант 2 курса по специалности истории. Казахстан, г. Кызылорда.

Аннотация. Перед тем как перейти на основную затрагиваемую тему статьи, в чем заключается роль человека, который мы планируем написать, в борьбе за независимость Казахстана. Как бы то ни было, все годы независимости нашей страны, все еще более динамичны исследования о наших личностях, которые боролись за эту независимость. Среди тех, кто еще нуждается в исследовании, занимает особенное место имя-Мустафа Шокая. Несмотря на большое количество научных работ, проведенных в направлении изучения этой личности, существует много двусторонних отзывов о личности. В настоящее время есть ученые, которые изучают философские мысли Чокая, труды в области права. Имя лица единственного казахского народа за независимость страны, и теперь новый, но и всего тюркского мира, о его труде, совершенные в строке расскажем о борьбе за свободу.
Ключевые слова: Сырдария, Перовск,Түркистан, Российская империя.

THE IDEA OF INDEPENDENCE IN THE WRITINGS OF MUSTAFA SHOKAY

Sharapova K.

Kyzylorda State University named after Korkyt Ata, 2-course master's in history. Kazakhstan, Kyzylorda

Abstract. Before turning to the main topic of the article, what is the role of the person we are planning to write in the struggle for the independence of Kazakhstan. Be that as it may, all the years of independence of our country are still more dynamic research about our personalities who fought for this independence. Among those who still need to study, occupies a special place name Mustafa Chokay. Despite the large number of scientific works carried out in the direction of studying this person, there are many bilateral comments about the person. Currently, there are scholars who study Chokkaya's philosophical thoughts, works in the field of law. The name of the person of the only Kazakh people for the independence of the country, and now a new one, but also of the entire Turkic world, about his work, will be told in a row about the struggle for freedom.
Key words: Syrdariya, Perovsk, Turkistan, Russian Empire.

Кіріспе

Мұстафаның тегі–Қыпшақ-Торы (Торайғыр) батыр-Шашты (Кенжеғұл) - Бошай-Жанай аталығы. Марқұм жазушы С.Ибрашұлы: «....Мұстафаның руы қыпшақ. Сыр өңірін мекендеген қыпшақтар беске бөлінеді. Олар - Бұлтын, Торы, Көлденең, Ұзын, Қарабалық. Оның ішінде Торыдан Шашты, Шаштыдан Бошай, Бошайдан Арыс, Арыстан Қалдау, Қалдаудан Кілт, Кілттен Жанай, Жанайдан Темір, Темірден Қуатбай, Қуатбайдан Торғай, Торғайдан Шоқай, Шоқайдан Мұстафа дүниеге келеді.

Мұстафа Шоқайдың атасы Торғай Қуатбайұлы (1782–1851) – би, Сырдария өзені бойындағы қыпшақ тайпасының бошай руын билеген. Қоқан хандығының билігі тұсында Сыр өңіріндегі қазақтар арасында беделді қайраткер болғаны жайлы жергілікті ақындардың өлеңдерінде мәліметтер көп (Ахметбек, 2016:64-70). Торғай Сыр қазақтары Ресей патшалығының қол астына кірмей тұрғанда Хиуа ханының датқасы (уалаят басшысы) болған. М.Шоқайға қатысты зерттеулер жүргізіліп, көптеген ғылыми еңбектер, мақалалар жарық көрді. Олар: К.Есмағамбетовтің қолдауымен жарық көрген 12 томдық «Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы», 3 томдық М.Шоқай «Таңдамалы шығармалар»,Әбдіуақап Қараның «Мұстафа Шоқай», «Түркістан легионының ақиқаты - свастика мен қызыл жұлдыз арасындағы жанталас» т.б. Бұл аталған ғылыми еңбектерден бөлек тұлғаға қатысты шетелдік ғалымдардың да еңбектері жарық көрген.

Аса көрнекті саясаткер Мұстафаның ұстанған жолы – халыққа тәуелсіздікті қантөгіс арқылы емес, керісінше, дүние жүзіндегі демократиялық күштерді араластыру арқылы бейбіт жолмен алу болды. Ол үшін халықтың ұлттық сана – сезімін ояту қажет еді. Жаяудың шаңы, жалғыздың үні шықпайтынын жете түсінген Мұстафа Кеңес үкіметінің қол астындағы мұсылмандар қауымының да жеке-дара күресі арқылы тәуелсіздік алмайтынын анық болжай білді. Ұлы күрескер бүкіл түркі тектес иесі мұсылман қауымын түгел көтеруді мұрат тұтты. Оның өмір жолы ортақ Отан – Түркістан үшін от кешкен айтулы азаматтың жолы болып табылады.

М. Шоқай өмірінің соңғы күніне дейін кеңестік идеологияға қарсы қоғамдық-саяси күрес жүргізумен болды. Оның осы күрес жолына түсуіне әсер еткен факторларға тоқталсақ. М. Шоқай білім алып жүрген шағында «Жерлестік» Мәскеудегі және империяның басқа қалаларындағы да студенттік ұйымдармен байланыс жасап тұрады. Бұл жағдай М. Шоқайға көп кешікпей елдің саяси сахнасына шыққалы тұрған сан алуан ұлттардың қайраткерлерімен студенттік жылдары-ақ танысып-білісуін қамтамасыз етеді. Елдің түкпір-түкпіріндегі оқиғалар, саяси партиялар мен ағымдар жайлы мағлұматтар алуына, ой өрісінің кеңеюіне әкеледі.М. Шоқай «Ресейдегі түрік шәкірттерінің өмірінен» деген мақаласында орыс мектептері мен студенттері прогресшіл еді, оқушылары жастайынан саясатқа араласатын, мен 1910–1914 жылдары Петербургте оқып жүргенімде университет полиция бақылауында болатын деп еске алады. «Түркістан студенттері жерлестігінің» мандаты М.Шоқайдың осы полицейлік бақылаудан сытылып шығуына, түрлі

саяси ағымдар мен үйірмелердің жиындарына қатысуына жол ашады.

Саяси жұмыстағы алғашқы қадамдарында Мұстафа әлеуметтік мәселелерге бүйрегі бұруынан уақытша жұмысшылар қозғалысының ықпалына түскенге ұқсайды. 1912 жылы «Түркістан жерлестігіне» көмек сұрауына байланысты толтырған анкетаның сұрағына Мұстафа «Ташкент теміржолының Сұлутөбе бекетіндегі «Түркістан қоғамының мүшесімін» деп жауап береді. Мұстафа кейін Перовск депосының теміржолшыларымен кездесіп, оларды өз жағына тартуға тырысады. Алайда оның социал-демократтар мен эсерлердің ықпалындағы жұмысшылар қозғалысымен қарым-қатынасы мардымды өрбіді деуге негіз жоқ. Олардың әлеуметтік мәселені жалпы ұлттық мүддеден жоғары қоюы Мұстафа көзқарасына қайшы келеді.

Әдістеме. М. Шоқайдың саяси ұстанымының, көзқарасының түп қазығы, негізі - тәуелсіздік. Оның түсінігінде Түркістан деген сөз «Түркі елі» дегенді білдіреді. Әлемде шашырап, ұсақ-ұсақ мемлекеттерге айналып кеткен түркі тілді халықтарды бір мемлекет етуді арман еткен, сол үшін бар өмірін сарп еткен, осы идея үшін өмірін қиған. Демек, қазіргі тәуелсіздігіміздің бастауы М.Шоқай идеясында жатыр. Ол тек Орта Азиядағы алты республиканы ғана емес, Шығыс Түркістан, Цзинь-Цзянь, Әзірбайжан, Татарстан, Башқұрстан, Қырым татары, Терістік Кавказ-территорияларын қамтитын үлкен Түркістан империясын құруды жобалады.

М. Шоқай ұлттық мәселені қоғам дамуында басым фактор деп тани бастайды. Оның әуелі Ә. Бөкейхановпен бірге кадеттерге, кейін өзі эсерлерге қарай ойысуы оларды патша өкіметіне оппозиялық күш деп танудан ғана туындаған секілді.Жалпы алғанда осы кезеңнен бастап М. Шоқайдың қоғамдық өмірге, өз халқының тағдыр-талайына көзқарасы тұтастық сипат алып, патша өкіметінің жергілікті тұрғындарды өз атамекендерінен ығыстырып, олардың орындарына славян қоныстанушыларын әкеліп орналастыру, ислам дінін қуғындау және білім саласындағы саясатына қарсы бағытта дамиды (Шоқай, 2014: 42-43).

М. Шоқай атымен тығыз байланысты тұтас Түркістан идеясы 1917 жылғы төңкерістер тұсында жүзеге аса бастады.

1918 жылы қаңтарда Түркістан автономиясының алғашқы үкімет басшысы М.Тынышбаев өз еркімен жұмыстан босағанда, М.Шоқай осы қызметке сайланады. Большевиктер бұл автономияны ақпанда қанды қырғынмен таратты. Туған жері үшін қойған мақсаттарына жету үшін М. Шоқай бүкіл әлемді айналып өтеді. 1918 жылы қыркүйекте қайраткер Самарада бас қосқан Ресейдің азаттық жолындағы күрескерлерінің Құрушы мәжілісіне (Комуч) қатысады (Шоқай, 2007: 10-20).

1919 жылы ақпанда Түркістан мемлекеті бағдарын одан әрі қозғау үшін Бұхар әмірлігі мен Закаспийдегі ағылшын корпусы басшылығымен келіссөзге Ашхабадқа келеді. Сол жылы Баку мен Тбилисиде сәл аялдап, Ыстамбұлға аттанады. Кеңестік Ресей үкіметі М. Шоқайдың бар еңбегін жоққа шығаруға тырысты, оны сырттай халық жауы деп айыптап туған жерінен, халқынан бездірді. М.Шоқайдың тәуелсіздік идеясы отандастарына, ісіне, кіндік қаны тамған жеріне деген сүйіспеншілігін еш өзгерте алған жоқ. М.Шоқай Түркия арқылы алғаш Германияға, сонан соң Францияға барып орнығады. Басқа елде эмиграцияда жүрсе де «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» журналдарын шығарып, Кеңестік Ресейдің озбыр саясаты туралы зерттеулер, мақалалар жазып, сынап отырды.

М. Шоқайдың күрес жолы. М. Шоқай өз мақалаларында Патшалық отарлау саясаты дәл Түркістандағыдай басқа еш жерде қатыгез болмағандығын жазған. Сол себепті шетелде жүрген М. Шоқай газет-журналдар шығарып, мақала жазу арқылы қазақ жеріндегі өзекті мәселелерді әлем қауымдастығына мойындатуды қалады, көрші мемлекеттерден қолдау іздеді (Тұрсынов, 2008:35).

М.Шоқай жалғыз қазақтың ғана емес, күллі түркі халқының бірлестігі үшін еңбек етті. Ол өзінің мақаласында: «Түркістанның ұлт-азаттық туын көтерген адам үшін арғын, қыпшақты

былай қойып, тіпті өзбек, қазақ, түрікмен болып бөлінудің өзі Түркістан түріктерін бөлшектеп, өлімге бастайтын жол екенін жақсы білетін едім»,-дейді. Ол өзінің «Революцияның жиырма жылдығы (1917-1937 жж)» атты мақаласында орыс төңкерісінің 20 жылдығы туралы сөз қозғайды. Қазан айының 15-16 күндері Ресейде болған төңкерісті бүкіл жұртшылық ел қуана қарсы алғанын, Ресейде патшаны тақтан тайдырған соң, көне режимнен құтылған халықтың қуанышы ұзаққа созылмай басқа төңкерістің болатынын ескермегендігіміз туралы айтады. Осы сәтте «халықтар түрмесінің» есігі ашылған сәтте Латвия, Балтық елдері тиімді пайдаланып, тәуелсіздікке қол жеткізіп алды. Ал, біз сол мүмкіндікті пайдалана алмадық, себебі біз қарапайым халықтар оған дайын еместігіміз белгілі болды. Біз ол кезде ішкі күрестеріміздің айыға алмай, халықтың ойы шашырыңқы күйде болды (Шоқай, 2007: 35).Біздің түсінгеніміз бойынша М.Шоқай бостандық үшін күресте алдыменен халықтың бірлігі, арман-мақсаттарының ортақтығы маңызды екендігін көрсетіп отыр.

Мұстафа Шоқай барлық түрік халқының азаттығы мен тәуелсіздігі күресініңидеологыболды. Оның түркі халықтарының бірлігі туралы идеясы қазіргі уақытта да өзекті болып табылады.

XX ғасыр басындағы Қазақстандағы мұсылмандық қозғалыс және мемлекеттілік мәселесі. «Советская власть и киргизы» атты мақаласында қырғыз халықтарының ресейлік революцияның кезінде қандай қиянат көргенін сөзбен айтып жеткізу мүмкін еместігін және қырғыз халықтарының күткен еркін өмірдің орнына халық аштан көз жұмған жүз мыңдаған бейіттердің ортасында қалғандығын көрсетеді. Тату бауырластықтың орнына халық большевиктердің жүргізген саясатының нәтижесінде халықтар арасындағы қарама-қайшылықта қалды. Интеллигенция өкілдері орысша білім алғанымен, дер кезінде қарапайым халыққа жасалып жатырған әділетсіздікті көріп, халық жағына шыға білді. Әрине большевиктер жағында болғандары да кездесті, олар қара халық пен большевиктер арасында аудармашылық жұмыс атқарып жүргенде, жасалып жатырған саясаттыңқарапайым халықтың мұң-мұқтажын ойламайтығын түсінгенді (Шоқай, 2014: 154-167; Шоқай, 2007: 350).

«Орыс тепкісіндегі Түркістанның Ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» атты еңбегінде бізге өтірік жаны ашыған сынай танытқан большевиктердің көптеген былықтарын әшкерелеп жазады. Халыққа жалған ақпарат таратып, жаңа билікті өзіміз сияқты қандас, замандас халықтарды отаршылдықтан құтқардық деп жарияға жар салғанменен бұның бәрі жалған екенін түсінген халықтың ойын өзгерте алмандығын көрсетеді. Халық билік жүргізушілердің құлдығынан құтылу үшін жүргізген күрестерін жеңіліс тапсада жүргізе беретіндігін, қажет болса көптеген құрбандар беруге дайын екендігі туралы айтады.

XX ғасырдың басында күрделі тарихи оқиғаларға белсене қатысқан М. Шоқай сияқты тұлғаның қайраткерлігіне және еңбегіне әділетті баға беру ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, бүкіл түркі халықтарының тарихы үшін қажет (Есмағамбетов, 2009). Сондықтан, М. Шоқайдың қасіретті де, қасиетті де қиын тағдыры әділ баға беруді талап етеді. М. Шоқай жас кезінде таңдап алған туған халқының тәуелсіздігі үшін күресі бір сәт толастамады. Өйткені оның бүкіл ұстанымының мәні мен мағынасы, арманы мен мұраты өз ұлтының, саяси егемендігі, рухани бостандығы болды.

Мұстафа Шоқай - өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын өз өмірінде, күрес үстінде сан рет дәлелдеген аяулы тұлға. Ол тар шеңбердегі ұлтжандылыққа еш уақытта бой алдырмаған, «руға, ұлыстарға,бөліп», халықтың ішіне іріткі салатын психологиядан өзін әркез алшақ ұстаған. Ел ішіндегі бірлігіміз бен ынтымағымызды арттыра түсу бүгінгі Қазақстан жағдайында да айрықша мәнді болып отыр. М. Шоқайдың мол мұрасын әлі де жинақтап, жүйелі зерттей отырып, оны ұлт игілігіне айналдыру, жаңа қоғам құрып жатқан белсенді іс-әрекетімізде ұтымды пайдалану білу – біздің парызымыз әрі қарызымыз. Өйткені

Мұстафа Шоқайдың есімі қоғамымыз демократиялық ұстанымда ілгері жылжыған сайын шамшырақтай жарқырап, халқына қызмет етіп, оның жер бетінде қазақ барда мәңгі өлмейтін саяси идеялары мен ой-пікірлері бүгінімізді байытып, келешегімізді кемелдендіре түсері сөзсіз.

Қорытынды

Бүкіл түркі әлемінің ұлы перзенті М. Шоқайдың еліміздің бүгінгі болашағына сіңірген теңдесіз жан қиярлық еңбегі, жалынды публицист, дарынды тарихшы, заңгер-ғалым, халықаралық саяси күрескер ретінде қаламынан туған асыл мұралары әлі де арнайы зерттеле түсетініне, олар жөнінде әлі талай еңбектер жазылатынына сенім мол. Тарих қойнауына кеткен әлі талай сырлар ашылар.

Әдебиеттер

1. Ахметбек Б.М. Сыр бойының билер әулеті: Торғай датқа - Шоқай би (Шоқмухамет) Мұстафа Шоқай // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «І-ші Мұстафа Шоқай оқулары» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның жинағы. - Қызылорда, 2016. - 64-70-бб.

2. Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. 12 томдық. - Алматы: «Дайк Пресс», 2014. - 1 т. - 42-43-бб.

3. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. – Алматы: Қайнар баспасы, 2007. - 1- т. – 352 б.

4. Тұрсынов Е. Мұстафа Шоқай. Кинороман. — Алматы, 2008.

5. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 12 томдық. - Алматы: «Дайк Пресс», 2014. - 9 т. - 379-384-бб.

6. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 12 томдық. - 2 т. - Алматы: «Дайк Пресс», 2014. - 154-167-бб.

7. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. – Алматы: Қайнар баспасы, 2007. - 1- т. – 352 б.

8. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. - Алматы: «Дайк-Пресс», 2009.

References

1. Ahmetbek B.M. Syir boyyinyin biler auleti: Torgay datqa - SHoqay bi (SHoqmuhamet) Mustafa SHoqay // Qazaqstan Respublikasyi tauelsizdiginin 25 jyildyigyina arnalgan «I-shi Mustafa SHoqay oqularyi» attyi gyilyimi-tajiribelik konferentsiyanyin jinagyi. - Qyizyilorda, 2016. - 64-70-bb.

2. Mustafa SHoqay. SHyigarmalaryinyin tolyiq jinagyi. 12 tomdyiq. - Almatyi: «Dayk Press», 2014. - 1 t. - 42-43-bb.

3. SHoqay M. Tandamalyi shyigarmalar: Ysh tomdyiq. – Almatyi: Qaynar baspasyi, 2007. - 1- t. – 352 b.

4. Tursyinov E. Mustafa SHoqay. Kinoroman. — Almatyi, 2008.

5. Mustafa SHoqay shyigarmalaryinyin tolyiq jinagyi. 12 tomdyiq. - Almatyi: «Dayk Press», 2014. - 9 t. - 379-384-bb.

6. Mustafa SHoqay shyigarmalaryinyin tolyiq jinagyi. 12 tomdyiq. - 2 t. - Almatyi: «Dayk Press», 2014. - 154-167-bb.

7. SHoqay M. Tandamalyi shyiqarmalar: Ysh tomdyiq. – Almatyi: Qaynar baspasyi, 2007. - 1- t. – 352 b.

8. Esmagambetov K.L. Alem tanyigan tulga. - Almatyi: «Dayk-Press», 2009.

327.8

ҚАЗАҚ-ҮНДІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕРІ (САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТЫ)

Шоинжанова М.Т.[1], Уалтаева А.С.[2]

[1]2 курс PhD докторанты, Р.Б. Сүлейменов ат. Шығыстану институты.,
[2]ВНС Института истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова, к.и.н, ас. Профессор

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ-үнді әдебиетіндегі ұлттық ерекшелік сипатталады. Характер терминінің шығу тарихымен қатар, отандық және шет ел ғалымдарының ұлттық характерге берген тұжырымдамалары беріледі. Әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық характерін оның ерекшеленген мінез-бітімі, ойлауы, сөйлеуі арқылы белгілі бір халықтың өкілі екендігін тануға болады. Ұлы жазушы М. Әуезов «Абай жолы» романында әйелдердің образын сомдау арқылы қазақ халқының әйелдеріне тән ұлттық характерін тамаша шеберлікпен жеткізгендігі айтылады. Сонымен қатар, мақалада дүниежүзілік әдебиет қазынасының бір бөлшегі болған көне үнді эпосы «Махабхарата» жырында да әйел образы ерекше жоғары қойылып, адалдық пен пәктік символы ретінде қарастырылғандығы жайлы айтылады. Үнді жазушысы Деваприя Рой өз шығармаларында үнді әйелінің характерін көрсетеді. Ұлттық мінез этностың, ұлттың, халықтың өмір тіршілігі мен әлеуметтік жағдайының тұтастығы арқылы танылады. Әрбір ұлттың өзіндік мінез-құлықтарының ерекшеліктері болады.

Түйін сөздер: ұлттық сипат, қарым-қатынас, ұлттық мәдениет, өзара байланыс, мінез-құлық, ұлттық характер

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ХАРАКТЕР В КАЗАХСКО-ИНДИЙСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ (СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ)

Шоинжанова М.Т.[1], Уалтаева А.С.[2]

[1]PhD докторант 2-го года обучения, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова.
Казахстан, г. Алматы.
[2]ВНС Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, к.и.н, ас. профессор, г. Алматы.

Аннотация. В этой статье описывается национальный характер в казахско-индийской литературе. Наряду с историей возникновения термина характер, так же даются формулировки о национальном характере отечественных и зарубежных ученых. Национальный характер персонажа в литературном произведении познается через его обособленное поведение, мышление, речь и которые характеризуют его как представителя определенной нации. В статье говорится, что в романе «Путь Абая» великий писатель М. Ауезов изображая образ женщин смог мастерский передать национальный характер женщин казахского народа. Так же в статье отмечается, что в древнеиндийском эпосе «Махабхарата», который стал частью сокровищницы мировой литературы, образ женщины особенно высоко ценился и рассматривался как символ верности и целомудрия. Индийския писательница Деваприя Рой в своих произведениях изображает характер индийской женщины. Национальный характер отражается через целостность быта и социального условия этноса, нации, народа. У каждой нации есть свои особенности свойстенные национальному характеру.

Ключевые слова: национальный характер, национальная черта, взаимоотношение, поведение, взаимосвязь, национальная культура.

NATIONAL CHARACTER IN KAZAKH AND INDIAN LITERATURE (COMPARATIVE ANALYSIS)

Shoinzhanova M.T.[1], Ualtayeva A.S.[2]

[1]2-nd year PhD student, 1R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies. Kazakhstan, Almaty.
[2]Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, al-Farabi Kazakh National University, Candidate of Historical Sciences. Almaty, Kazakhstan.

Abstract. The article reveals the national character in Kazakh-Indian literature. Along with the history of the term character, there are given the definitions of the national character given by the native and foreign scientists. The national character of a character in a literary work is known through his specific behavior, thinking, speech that characterize him as a representative of a certain nation.The article also reveals that the great writer M. Auezov in the novel «The Path of Abay» by portraying the image of women was able to convey the national character of the women of Kazakh people.In addition, the article state that in the ancient Indian epic «Mahabharata», which had become a part of the treasury of the world literature, the image of a woman was highly valued and considered as a symbol of faithfulness and chastity. Indian writer Devapriya Roy in her literary works portrays the character of Indian women.National character is reflected through the integrity of life and social conditions of the ethnic group, nation, people. Each nation has its own characteristics peculiar to the national character.
Keywords: nationalcharacter, national feature, relationship, behavior, interrelation, national culture.

Кіріспе

«Характер» терминінің шығу тарихына көз жүгіртетін болсақ, алғаш рет «характер» термині Ежелгі Грекияда қолданыс тапқан. Аристотельдің шәкірті Феофрастың «Характерлер» кітабында бұл сөз адамдарды әлдебір түрге енудің өкілі ретінде басым жағдайда жаман жағынан анықталған болатын. «Сараңдық – шығын шығып кетушіліктен қорқу, сараңданады мынандай жан…», – деп, өзінің «30-шы жазбасын» осындай сөздермен бастап, ары қарай адамдардың жүріс-тұрысы мен қандай қимыл-әрекет жасайтыны жайында суреттейді. Осы терминді Лессинг, Гегель, Маркс, Энгельс, И. Тэн бастаған әдебиеттанудағы мәдени-тарихи мектептің өкілдері, сондай-ақ, XIX ғ. көптеген жазушы мен суретшілері кеңінен қолданды. О. Роден: «Суреткердің салиқалы назары түскен әр тіршілік иесінде, әр затта характер ашылып, яғни ішкі шындық сыртқы форма арқылы сәулеленеді», – деп жазды. Характер ұғымы адам тіршілігінің әлеуметтік-тарихи нақтылығы (конкретика) ретінде марксистік әдебиеттанудың өзегіне айналды.

Материалдар мен әдістер

Ал бүгінгі қолданыстағы қазақ тіліндегі арнаулы лексиканы құрайтын жекелеген сөздердің терминдік түрде жұмсала бастауын Абайдың қара сөздерінен, XIX-ғасырдың екінші жартысында шыққан газет-кітаптардан, журнал мен ғылыми еңбектерден кездестіруге болады. Нақты ғылым салалары бойынша терминологияның қалыптасуы алғашқы ғылыми еңбектер, оқулықтар, терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен, олардың өзге тілдерден аударылуы¬мен тығыз байланысты. Яғни, қазіргі қазақтың ғылыми терминологиясының тұтас жүйе ретінде қалыптаса бастауы да XIX-ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұл істің басында қазақ тілінде алғашқы оқулықтар, оқу құралдары мен түрлі деңгейдегі ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер жазған А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ж.Күдерин, С.Қожанұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Н.Төреқұлұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ғ.Қараш, К.Жәленов, Т.Шонанұлы сияқты қазақ зиялыларының есімдері аталуға тиіс.

Талқылау

Қазіргі уақытта орыс әдебиеттану ғылымында да бұл мәселеге ерекше назар аударылып, көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, өзінің диссертациялық жұмысында ғалым Владимир Тучков бұл мәселені өткір қойып, жақсы нәтижелерге жеткен. Тұшымды деген, мына бір пікіріне назар аударайық: «Один из традиционных подходов к изучению национального характера связан с анализом его через культурную продукцию: литературу, искусство. В таком контексте культура и национальный характер рассматриваются в неразрывном единстве, поскольку в культурных феноменах выражается ментальность нации, национальный гений. Согласно этой позиции, для того, чтобы понять народ, необходимо усвоить мировоззрение элиты, поскольку оно отражает национальный менталитет в наиболее ясной форме. Основываясь на этой традиции, многие публицисты, философы описывали русскую душу, опираясь на романы Ф.М. Достоевского, Л.Н. Толстого, А.И. Гончарова».

Көркем әдебиеттегі ұлттық мәселе міндетті түрде ұлттық характермен (мінезбен) тікелей байланысты екені айқын.

Ұлттық характер әдебиеттану ғылымында аса маңызды әрі зерттеліп жатқан мәселе. А. Лаушкина деген орыс ғалымы бұл мәселенің өзекті екенін осыдан қырық жыл бұрын айтып кеткен: «Проблема национального характера – вопрос важный, и малоизученный в современном литературоведении».

Нәтижесі. Академик Зәки Ахметовтың басшылығымен жарық көрген «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде»: «Ұлттық характер – шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі» деп анықтама береді [Бекниязов, 2016:398].

Қазақ халқы да өзге халықтар сияқты ерекшеленіп тұратын өзіне ғана тән сипаты мен қасиеттері бар халық. Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин өзінің еңбектерінде халқының мінез-құлқына тән бірнеше қасиеттерді атап көрсеткен. Мысалы, қазақ халқына қарапайымдылық пен кішіпейілділік, ашық-жарқын көңіл мен кеңпейілділік, өзге нәсілді адамдарға деген достық және сыйластық көзқарас, қонақжайлылық пен пайымшылдық сияқты қасиеттер тән. Сонымен қатар, қазақтардың өз жері мен Отанына, туған еліне деген шексіз сүйіспеншілігі, мал шаруашылығымен айналасуға икемділігі, меймандостығы мен балажандығы, өмірдің қиыншылықтары мен әділетсіз істерге төзімділігі, сөз өнерін ардақтауы, шешендік қабілеті, еңбексүйгіштігі мен шыдамдылығы олардың жалпы және негізгі ұлттық қасиеттері болып табылады. Бұған мысал ретінде Қаз дауысты Қазыбек бидің мына сөздерін келтіруге болады:

Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз,
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Достықты сақтай білген елміз,
Дәм-тұзды ақтай білген елміз. [Radhakrishnan, 1988].

Әр халыққа ұлттық характер жасау үшін оның дүние танымын, психологиясын, әдет-ғұрпы сияқты қасиеттерін білу керек. Бұл жөнінде Н.В. Гоголь: «Ақын өмірге өз халқының көзқарасымен қарап, әр нәрсені ұлттық психологияға сәйкес құбылыстай сезініп, толғанғанда ғана ұлттық сипатты бейнелеп беруі мүмкін», – деген ой айтады. Мысалы орыстардың «Игорь полкы туралы жыры», Үнді халқының «Махабхаратасы», немістердің «Нибелунга туралы жыры»,

қырғыздардың «Манасы», қазақтардың дүниетанымын, мінез-болмысын айқындайтын батырлар жыры, ғашықтар жыры, тарихи романдар мен түрлі поэзиялық, прозалық шығармалар бар.

Мысалы, М.Әуезов «Абай жолы» романында «Абай бойында енді туып келе жатқан жаңашылдықтың қалыптасуын көрсету арқылы мен үлкен қоғамдық шындықты – ескі мен жаңаның диалектикасын, қарама-қарсылығын, күрес нәтижесінде ескіні жаңаның жеңуін ашуға тиіс болдым» дейді. Бұл роман-эпопеяда қоғамның тіршілігін, көшпенді халықтың өмірін, әке мен ананың балаға берген тәрбиесін ерекше суреттейді.

«Абай жолы» романында автор ұлттық мінездің үлгісін кеңінен көрсете білді. Ондағы кейіпкерлердің іс-қимылы, харакеті осыны байқатады. Романдағы Абайдың анасының сөзіне, іс-әрекетіне назар аударайық: «Көптен елін жерін сағынып келе жатқан бала Абай көп ішінен шешесін көріп жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр. Сәлем бер! - деді.

Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды.» [Әуезов, 1961: 59]

Ұзақ уақыт ұлын көрмей, сағынса да, сағынышын сездірместен салмақтық танытқан ана бір ауыз сөзбен әкенің орнын жоғары қою арқылы баланың бойына әкеге деген ілтипат пен сыйластықты сіңдіре білген ананың тәрбиесін бере білген қазақ әйелінің образы сомдалып тұр. Романға зер салсақ көз алдымыздан біріне-бірі ұқсамайтын әр қайсысы өз қалпымен, кескін-кейпімен, ерекше ішкі сырымен соны, тың туынды болып көрінетін, көптеген әйелдер бейнесін көрміз. Жазушы әйел образдары арқылы қазақ халқының ұлттық асыл қасиеттерін тамаша шеберлікпен жеткізеді.

Әдебиеттің халық ауыз әдебиетінен, яғни фольклордан өсіп жетілетіні заңдылық. Сондықтан халықтар арасындағы әдеби байланыс та бұл саланы айналып өте алмайды. Көне заманда мемлекет пен елдер арасындағы мәдени ауысулар сонау ескі дәуірден бастау алады. Қазақ фольклорында Үнді елінің дүниежүзіне белгілі ескі дәуірде дүниеге келген бірқатар шығармаларының сюжеттерін кездестіруге болады. Мысалға, атақты үнді «Калила мен Димна» шығармасының сюжеті негізінде құрылған біраз ертегілер бар. Ертегілердің көбі «Панчатантра», «Хитопедаша», «Шукасаптати» сияқты үнді жинақтарына негізделген. Жоғарыда аталған «Калила мен Димна» шығармасының қазақ халық ауыз әдебиетімен байланысы туралы, оның қазақ әдебиетінде көрініс беруі туралы А.Сейтқұлова өзінің «Калила мен Димна және оның қазақ халық ауыз әдебиетімен байланысы» атты мақаласында сөз етеді. Зерттеуші «Калила мен Димна» сюжеттері Д.Бабатайұлының, Майлықожаның, Мәделі Жүсіпқожаұлының, Шөженің мысал өлеңдерінде көптеп кездесетіндігі туралы сөз қозғайды [Сейітқұлова, 2004].

Тәуелсіз Үндістан өз елінің мәдениетінің демократиялық жағдайларда дамуы Сахитья Академиясы (Үндістан Республикасының әдеби академиясы) таныған бходжпур, догр, конкан, майтхил, манипур, раджастхан тілдеріндегі әдебиеттердің қайта өркендеуіне септігін тигізді. Санскрит әдебиеті – Үнді халықтарының біріккен әдеби тәжірибесінің нәтижесі, ортақ жетістігі. Ағылшын тілді әдебиет Үнді халықтарының көпғасырлық бай әдеби тәжірибесі мен Батыс әдебиеті жетістіктерінің синтезі іспеттес. Қазіргі көптілді Үндістан халықтарының күрделі ұлттық интеграция үрдісін бастан кешіруінде, халықтардың рухани өміріндегі жалпыға тән белгілерді күшейтуінде жалпы үнді әдеби үрдісінің рөлі ерекше.

Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов «Индия очерктері» атты еңбегі қазақ-үнді байланыстарының дамуына зор үлес қосқаны белгілі. Автор шығармасында Үндістан бейнесін былай сипаттайды: «Индия халқы ерекше зер салып, өз дінін ақындық күйлерге көп ауыстырған. «Махабхарата», «Рамаяна» тәрізді анық көркем, өзгеше мол, мұхиттай мол эпостық шығармалары болса, солары әрі дін, дұғалық мінажаттың, қысқасы құдайылық сыйпаты мол ескерткіштер.

Олардың берген тақырыптары, жырлаған оқыйғалары мүсін өнерінде, суретте, музыкада, сәулет өнерінде, Индия театрында шексіз мол тақырыптар тудырып, бәрінен де басым орын алған.» [Әуезов, 1958: 131]

Дүниежүзілік әдебиет қазынасының бір бөлшегі болған көне үнді эпостары «Махабхарата» және «Рамаяна» бұдан мөлшері екі мың жыл бұрын санскрит тілінде жазылған. «Махабхаратаны» қасиетті білім көзі ретінде де қабылдап, «индуизм энциклопедиясы» деп те атайды. «Махабхарата», «Рамаяна» үнді халқының мәдениетіне игі ықпал етті және қазіргі уақытта да ықпал етуде. Эпостар сан ұрпақтардың әдеби жұмысына таусылмайтын қайнар көз болды. Оның кейіпкерлері мен сюжеттері көптеген жазушыларға өлең, пьеса, әңгімелер жазуға әсер етті. Аталған эпостар әлемнің ең атақты шығармаларының қатарынан орын алады. Бұл жәдігерліктер тарихи аңыздарға жүгінеді және олардың мазмұнында ерте заманда болған шын оқиғалар туралы мәліметтер сақталған.

Белгілі бір шешім қабылдауда, белгілі бір адамды мақтауда немесе даттауда үнділер «Махабхаратаға» жүгінеді. Мысалға, адал әйел эпостағы Савитри немесе Драупадимен салыстырылса, мықты ер адам Арджуна мен Бхимасенаға, ал биліктегі дана адам Юдхиштхираға теңеледі. [Махабхарата, 2005: 544].

Ересектер үшін эпос адамшылыққа баулитын қасиетті шығарма болса, балалар үшін бұл батырлар мен сұлулар туралы әңгімелер жинағы болып табылады.

Ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған поэма уақыт өте келе түрлі материалмен толығып отырды. Эпикалық шығармалармен қатар, оған мифологиялық, ертегілік, діни-философиялық, тарихи мазмұндағы шығармалар еніп отырды. Сондықтан болар, «Махабхарата» жәй эпикалық поэма ғана емес, бұл тұтас әдебиет, көне үнділер өмірінің энциклопедиясы.

«Ригведаның» қазақша аудармасының алғысөзін жазған Қазақстанда Үнді елшісі болған Видья Сагар Верма былай дейді: «Адамзат кітапханасының ең көне кітабы болып табылатын «Ригведа» қазақ тіліне аударылып, қазақ халқының да игілігіне айналғанына терең сезіммен ризашылық білдіремін. «Ригведа» кітабында: «Бүкіл ғаламды мұхиттай шексіз киелі сөз өзінің құдіретті ықпалымен шұғыла шашып, нұрландырып тұрады» деп айтылған. Осынау құдіретті сөздің киелі де қасиетті ұшқыны Веда мантраларынан таңдалып алынған осы кітапта молынан көрініс табады. Мен осы кітап шын мәнінде оқырманның жаны мен ойын нұрландырып, оның өмір жолына шұғыла шашып, іс-әрекетіне игілікті әсер ететініне сенемін.» [Chatterjee, 1943: 52]№

Үнді халқының әдебиетінде осы уақытқа дейін теңсіздік құрбаны болып жүрген әйел қауымының әйелдік бейнесі, ұлттық характері туралы шығармалар көптеп кездесіп жатады. Соның ішінде үнді жазушысы Деваприя Рой «Heat and Dust Project» және оның Прия Куриянмен бірігіп жазған «Индира» атты шығармаларында үнді халқының нәзік те жасқаншақ әйел қауымын суреттейді. Оны жасқандыратын сол дәуір, қатал ескілік заңы. Автор Үндістандағы әйел қауымы қанша талапты, пысық болғанмен, тілегіне жете алмайтындығын айтады. Өйткені олардың талабына кедергі, бөгет болып отырған әділетсіз күш бар. Сондықтан осы әділетсіз күш құлауы керек және оны құлату қажеттігі туралы айтады. Үнді әйелдерінің бойында ұяңдық кездескенмен, жаңашылдықты аңсайтындары туралы сөз етіледі [Dalmia, 2003: 81]. Қараңғы халықтың тағдырын байлап отырған ескілік салт-дәстүрге қарсы үн көтереді. Сол қараңғылық пен надандықты әйелдердің теңсіздіктегі ауыр хал-жайы арқылы көрсеткен.

Қорыта келгенде, ұлттық характер категориясы өз бетімен дамитын эстетикалық құндылық емес, халықтың қоғамдағы тұрмыс-тіршілігімен бірлікте дамиды. М. Әуезовтың «Абай жолы» романындағы әйел, аналардың характерін немесе үнді жазушысы Деваприя Ройдың «Heat and Dust Project», «Индира» атты шығармаларында үнді әйелінің характерін авторлар басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасы арқылы көрсетеді.

Шығармада ұлттық характер ұлттық әдебиеттің ерекшелігін айқындайтын фактор ретінде

қарастырылады.

Белгілі бір ұлттың өмірді тануы, оны қабылдауы өзі тұратын ортаға, қоғамдық жағдайға, климат пен табиғатқа байланысты туып, қалыптасатыны сияқты оның образы да сол орта мен қоғамды сипаттаумен туындайды.

Қазақ-үнді әдеби байланыстар кеңес одағы кезеңінен қайта жандана бастап, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тұсында да өз дамуын тоқтатқан жоқ. Тәуелсіз Қазақстан Үндістан елімен барлық салада қарым-қатынас орнап, мәдениет саласында, оның ішінде әдебиет саласында да байланыстар даму үстінде. Бұған екі елдің ақын-жазушыларының өзара қарым-қатынасы мен бір-бірін аударған шығармаларынан байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бекниязов Т. Ұлттық характер // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. / Құраст.:. З.Ахметов./ – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006. - 398 б.
2. Қаз дауысты Қазыбек би. Энциклопедия. - Астана: Фолиант, 2013. 632 б.
3. Әуезов М. Абай жолы. - Алматы, 1961. 1-т. - 59 б.
4. Сейітқұлова А. «Калила мен Димна» және оның қазақ халық ауыз әдебиетімен байланысы // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы, 2004жыл, № 1 (26).
5. Әуезов М. Индия очерктері (көріністері). – Алматы: Көркем әдебиет, 1958 жыл, – 131 б.
6. Махабхарата. Рамаяна. – Астана: Аударма, 2005. – 544 б.
7. «Ригведа». – Алматы: «Өлке», 2004. – 200 б.
8. Нілібаев Ә. Қос қағида // Жұлдыз. 2009, 4 сәуір. – 192-200-бб.
9. Веда ілімі: Ежелгі үнді мифологиясынан (ведалар) мәтінінен қазақша аударма // Әлемдік философиялық мұра: 20 томдық. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т. 1: Ежелгі Шығыс философиясы. – 80-116-бб.
10. Зубов В.П. Аристотель,. - М.,1963.
11. Radhakrishnan S. Reader. An Anthology. - Bombay, 1988.
12. Нілібаев Ә. Асыл адам: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 120 б.
13. Веда ілімі: Ертедегі үнді мифологиясынан (ведалар) мәтінінен қазақша аударма // Әлемдік философиялық-қоғамдық мұра: 20 томдық. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.1: Ежелгі Шығыс философиясы. – 80-116-бб.
14. Индра Нат Чаудхури. Индийская литература // Очерки по мировой литературе рубежа XX –XXI столетия. – Алматы, 2006.
15. Нілібаев Ә. «Махабхаратаны» 20 жыл аудардым // Айқын. – 2009. – 8 желтоқсан.
16. Ибн аль-Мукаффа Калила и Димна / перевод с арабского Б. Шидфар. - М.: «Художественная литература», 1986
17. Образ Индии в русской литературе. - Петрозаводск, 2011.
18. http://cheloveknauka.com/obraz-indii-v-russkoy-literature#ixzz5iAYNysJ1
19. Chatterjee, A.C. British contributions to Indian studies Text. / Atul Chandra Chatterjee. London, 1943. - 52 p.
20. Dalmia, V. Orienting India Text.: Europian knowledge formation in the Eightinth and Nineteenth centuries / VasudhaDalmia. Delhi, 2003. - 81 p.
21. Sardar, Z. Orientalism Text.: Concepts in the Social Sciences / ZiauddinSardar; [series editor: F. Parklin]. - New Delhi, 2005. - 136 p.

References

1. Bekniazov T. Ulttyk haracter. // Adebiettanu. Terminder sozdigi./кurasturgan Z.Ahmetov. - Semey-Novosibirsk: «Taler-Press», 2006. - 398 b.
2. Qaz dauisty Qazbek bi. Inziklopedia. - Astana: Foliant, 2013. - 632 b.
3. Ayezov M. Abay joli. - Almaty, 1961. 1- tom. - 59 b.
4. Seitkulova A. «Kalila men Dimna» jane onin qazaq halik auiz adebietimen baylanisi // Qaz UU habarshisi. Shigistanu seriasy. - 2004. - № 1 (26).
5. Ayezov M. India ocherictery (korinisteri). – Almaty: Korkem adebiet, 1958. – 131 b.
6. Mahabharata. Ramayana. - Astana: Audarma, 2005. – 544 b.
7. «Rigveda». - Almaty: «Olke», 2004. – 200 b.
8. Nilibaev A. Qos qagida // Juldiz. - 2009. - 4 sayir. –192-200-b.
9. Beda ilimi: iejelgi undi mifologiasinan (vedalar) matininen qazaqcha audarma// Alemdik filosofia mura: 20 tomdik.- Almaty: Jazushi, 2005.- 1 t.: Iejelgi Shigis filisofiasy,11-55-b.
10. Zubov B. Aristotel. - M., 1963.
11. Radhakrishnan S. Reader. An Anthology. - Bombay, 1988.
12. Nilibaeb A. Asyl adam: olender, poiemalar. - Almaty: Jazushi, 1989. - 120 b.
13. Beda ilimi: iejelgi undi mifologiasinan (vedalar) matininen qazaqcha audarma // Alemdik filosofia mura: 20 tomdik. - Almaty: Jazushi, 2005.- 1 t.: Iejelgi Shigis filisofiasy, 60-80-b.
14. Indira Hat Shaudhuri. Indiskaya literature// osherki po miroboi literature rubeja XX –XXI stoletia. – Almaty, 2006.
15. Nilibaev A. «Mahabharatani» 20 jil audardim // Aiqyn. - 2009. - 8 jeltoqsan.
16. Ibn al-Muqaffa Kalila I Dimna herevod s arabskogo B.Shidfar. - M.; «Hudojestvennaya literatura», 1986.
17. ObrazIndii v russkoi literature, Nauchnayarabota 2011, Petrozavodsk.
18. http://cheloveknauka.com/obraz-indii-v-russkoy-literature#ixzz5iAYNysJ1
19. Chatterjee A.C. British contributions to Indian studies Text. / Atul Chandra Chatterjee. - London, 1943. - 52 p.
20. Dalmia V. Orienting India Text.: Europian knowledge formation in the Eightinth and Nineteenth centuries / Vasudha Dalmia. - Delhi, 2003. - 81 p.
21. Sardar Z. Orientalism Text.: Concepts in the Social Sciences / Ziauddin Sardar; [series editor: F. Parklin]. - New Delhi, 2005. - 136 p.

341.1

POTENTIALS OF THE ORGANIZATION OF THE ISLAMIC COOPERATION (OIC) TO CONFLICT RESOLUTION

Ereyli A.B.[1], Makasheva K.[2], Shalkeyeva Z.[3]

[1]Dr., Prof., Hacettepe University, Turkey, Ankara.
E-mail : ahmetburcin@gmail.com
[2]Dr., Prof. of Department of International Relations.
E-mail: klara.makasheva55@gmail.com
[3]PhD student, Al-Farabi KazNU.
E-mail: zada.shalkeyeva@gmail.com

